



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН  
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2012

«МӨДЕНИ МҮРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

---

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек  
Атабаев Қамбарбек  
Аяған Бүркітбай  
Әбжанов Хангелді  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Байпақов Карл  
Байтанаев Бауыржан  
Балықбаев Тахир  
Дүйсембаев Еркін  
Есім Ғарифолла  
Жақып Бауыржан  
Жұмағалиев Асқар  
Жұмағұлов Бақытжан  
Қасқабасов Сейіт  
Қозыбаев Ілияс  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Құрманбайұлы Шерубай  
Мұхаммадиұлы Арыстанбек  
Мыңбай Дархан  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғараұлы Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Шаймерденов Ербол  
Шеңгелбаев Бақытжан

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Тарихи аңыздар  
(XIX ғасыр)*

A large, intricate green floral ornament with a central circular medallion. The medallion contains the text '88 ТОМ'. The ornament features symmetrical scrollwork and leaf-like patterns.

88 ТОМ

УДК 398  
ББК 82.3  
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік  
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Өлбеков Т.,  
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**

Өлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қалижанов У., Қасқабасов С.А.,  
Қирабаев С.С., Тойшан А.

**Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:**

Өлбеков Т., Мурсалимова Н.М. (*жауапты шығарушы*),  
Салтақова Ж.Т.

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2012.  
Т. 88: Тарихи аңыздар. — 2012. — 432 бет.

ISBN 978-601-292-604-0

«Бабалар сөзі» сериясының 88-томына қазақ фольклорының прозалық жанрына жататын тарихи аңыздар (XIX ғ.) енді.

УДК 398  
ББК 82.3

ISBN 978-601-292-604-0 (т. 88)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2012  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2012

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады. Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған сексен жеті томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға, қара өлең, ертегілер, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер т.б. шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — үш томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Шежірелік аңыздардың» — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

Оқырман назарына ұсынылып отырған 88-том тағы да көне замандардан бері қаймағы бұзылмай келе жатқан халық шығармашылығының аса көлемді жанрының бірі «Тарихи аңыздарға» арналады. Құрастырушылар халық прозасының бұл саласының бүгінгі күнге дейін толық жарияланып, ғылы-

ми айналымға енбеуінің себеп-салдарлары алдыңғы томдарда арнайы аталып өткендіктен, бұл ретте де қайталауды жөн санамады. Алайда құрастырушылар оқырмандарды «Тарихи аңыздарға» арналған алдыңғы томдардың құрылымы мен қысқаша мазмұнымен таныстыра кетуді мақсат етеді.

Алғашқы томға (85-томға) VI-XVI ғасырлар аралығындағы Бәйдібек би, Домалақ ана, Қорқыт, Әбунасыр әл-Фараби, Ибин Сина, Алаша хан, Майқы би, Аяз би, Қожа Ахмет Ясауи, Хакім ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Өзбек хан, Шыңғыс хан, Жошы хан, Ақсақ Темір, Байшегір баба, Әз-Жәнібек, Асанқайғы, Жиренше шешен, Қарашаш сұлу, Еңсегей бойлы ер Есім, Тоқтамыс хан, Ер Едіге, Ер Тарғын, Абат, Шора батырлар т.б. тарихи тұлғаларға қатысты аңыздар енгізілді.

Екінші томға (86-томға) Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Қазақ Ордасының мемлекеттілігін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуда ерекше рөл атқарған Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты ел тұтқасы болған кемеңгер билердің ел тұтастығын, руаралық ынтымақ-бірлікті сақтаудағы ерен еңбектерін, дау шешудегі әділдігін, қайраткерлік тұлғаларын сомдайтын, Абылай сынды айбынды ханның көзсіз ерлігін, қолбасшылық, ұйымдастырушылық қабілетін, ел басқарудағы өзіндік қырларын, дипломатиялық іс-тәжірибелерін ашып көрсететін, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Сүйіндік Олжабай, Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай секілді даңқты батыр-қолбасшылардың жорық жолдарын баяндайтын аңыздар топтастырылды.

Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі ержүрек батырларға, білікті сардарларға, хан-сұлтандарға қатысты аңыздар үшінші томда да (87-томға) қамтылып, Керей Жәнібек, Райымбек, Бердіқожа, Жанайдар, Жидебай, Байқозы секілді батырлар мен Бекболат, Тіленші, Досбол, Айту, Санақ билер т.б. тарихи тұлғаларға байланысты халық туындылары жинақталды.

Оқырмандарға жол тартып отырған 88-томға XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы қазақ қоғамын, тарихи оқиғаларды, әлі де болса ел тәуелсіздігін сақтап қалғысы келген хан-сұлтандардың, елбасыларының, батырлардың сыртқы жау-

лармен өткізген күрестерін, олардың ұлт-азаттық сипаттағы көтерілістері мен қозғалыстарын суреттейтін аңыздар ұсынылды.

Томның құрылымы «Сырым батыр туралы аңыздар», «Жәңгір хан, Исатай-Махамбет және олардың маңындағы батырларға қатысты аңыздар», «Кенесары-Наурызбай мен көтерілісші батырлар жөніндегі аңыздар», «XIX ғасырдағы өзге де тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар» атты бөлімдер аясында жүйеленіп, аталған қайраткерлерден сырт Нұралы, Бөкей хандардың, Есім, Баймағамбет, Саржан, Есенкелді, Ахмет, Сыздық сұлтандардың, Мөңке, Бөкен, Шомбал, Үкі, Белтірік, Құнанбай, Сарыбай сынды би-шешендердің, Жанқожа, Ағыбай, Бұғыбай, Бұқарбай, Науша, Қойсары, Қонақбай, Байсейіт, Саурық, Иман сияқты ондаған батырлар мен Шернияз, Жанақ, Сүйінбай, Ақан сері секілді ақындардың бейнесін сомдаған аңыздар қамтылды.

Томда қамтылған мәтіндердің негізгі бөлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорларында сақталған Т.Бекхожина, Б.Адамбаев, М.Тілеужанов, Қ.Саттаров т.б. ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинап, хатқа түсірген материалдарынан, сондай-ақ М.Ж.Көпеевтің, Д.Әлімбаевтің, М.Сарымсақовтың, Қ.Айнабековтың, Ғ.Көшербайұлының, Е.Бержановтың, Т.Күнтуғановтың, С.Ғайнединұлының, Е.Нығметовтың, Б.Құрманбаевтың, Т.Титақұлының, Е.Құлпейісовтың қолжазба мұраларынан алынды. Сонымен бірге томды баспаға дайындау барысында Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» (1996) зерттеуі, «Ақжолтай Ағыбай батыр» (2002), «Ел аузынан» (1992), «Қожбанбет руы» (2007), «Өлген қазан» (1985) сияқты кітаптардағы мәтіндер пайдаланылды. Осы көрсетілген жинақтарда жарияланған аңыздардың сирек қорларда қолжазба нұсқалары сақталған жағдайда, мәтіндер өзара салыстырылып, түпнұсқасы басылымға жіберілді.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес, беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген

мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен күйшілер туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,0 б.т.





МƏТИНДЕР





# Сырым батыр туралы аңыздар

## 1. Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры?

Дат әкесі Шолан бір көршілестері Бұқара, Хиуа, Самарқанд барып тауар алып, сауда істеуге сапарлап шыққан екі адамға еріп о да шығады. Бірнеше күн жүргесін бір елсіз далаға түнеп, демалу үшін тамақ пісіруге қостарының алдынан жерошақ қазғанда, көп алтын шығыпты. Алтынды бөлісіп алып, түнгі ұйықтауға жатқасын екі жолдасы Шоланды өлтіріп, алтынды өздері алуға ұйғарып, ұйықтап жатқан жерінде аяқ-қолын байлап Шоланды өлтіруге кіріскен. Өзін өлтіретініне көзі жеткесін: «Сендер мені өлтіресіңдер ғой, менің сендерден жалғыз ғана тілегім — сендер елге барғасын менің әйелім жүкті еді. Босанар, егерде ұл туса, атын Дат деп қойыңдар». Шоланды өлтіріп, базарын базарлап, көп алтынмен байып, екі жолдасы елге келген. Бір күні Шоланның әйелі босанып, ұл бала туыпты. Баяғы екеуі: «Шолан марқұм қатты ауырып жатса да, өлер алдында бізге аманат етіп: «Дүниеге ұл бала келсе, атын «Дат» деп қоюды өтініп жан тәсілім болып еді», — деп, балаға Дат деп ат қойыпты.

## 2. [Сырымға анасының айтқаны] (*І нұсқа*)

— Балам, саған жерік болып тамақ талғап жүргенімде, ел Сауран айналып алысқа көшті. Көшкен елдің көптігінен малға, адамға су жетпей, ел төбелесіп, қырылысуға айналды. Сол

кезде көптің арасынан астында күрең жорға аты бар, үстінде таза жақсы киімі бар бір ақсақал шығып, көпті айғайлап тоқтатып: «Мен сіздерге билік айтам», — депті. Құдықтың суын ең әуелі адам баласы ішсін, таласпаңдар, содан кейін мінген ат, жүк артқан көлік ішсін. Содан соң жарлы адамның сауын малы суғарылсын. Одан кейін орта үйдің малы суғарылсын, малы суғарылған адам артына қарамай, ілгері көше берсін, қалған суды байлардың малы ішсін! — дейді. Оған ел разы болып: «Рахмет ақылыңызға!» — деп тоқтады. Сол адамға қарап тұрып: «Япыр-ай, мынау неткен ақылды адам еді, осындай байы болған немесе баласы болған ананың арманы бар ма екен? — деп іштей тілеп едім, Құдай тілегімді беріп, сен тудың, — депті.

### 3. Сырымға анасының айтқаны

*(II нұсқа)*

Сырым бір күні анасына:

— Ана, басқа балаларыңнан менің өзгешелігім бар, құлқым өзгеше, анығын айтшы, мен кімнен тудым? — дейді. Сонда анасы:

— Балам, сені мен басқа адамнан туғаным жоқ, осы өкеңнен болған адамсың. Тәңірімнің бергені. Бірақ өзгеріс мынау: саған жерік болып тамақ талғап жүргенімде, ел Сауран айналып алысқа көшті. Көшкен елдің көптігінен малға, адамға ішермен су жетпей, ел төбелесіп, қырылысуға айналды. Сол кезде көптің арасынан астында күрең жорға аты бар, үстінде әдемі, жақсы киімі бар бір адам шығып, көпті айғайлап тоқтатып билік айтты.

«Мен сіздерге билік айтам» деп жар етіп жұртты тоқтатты да, былай дейді: «Құдықтың суын ең әуелі адам баласы ішсін, таласпаңдар, содан кейін мінген ат, жүк артқан көлік суғарылсын. Сонан соң жарлы адамның сауын малы суғарылсын. Содан кейін орта үйдің малы суғарылсын, мал суғарған адам екінші қарамай, ілгері көше берсін, қалған суды байлардың малы ішсін!» — деді. Соған қарап ел разы болды. «Рахмет ақылыңызға, көнеміз», — деп тоқтады. Сол адамға қарап тұрып: «Япыр-ай, мынау неткен ақылды адам еді, осындай байы болған, не баласы болған адамның арманы бар ма екен? — деп іштей арман етіп едім, Құдай тілегімді беріп, сен тудың», — депті.

#### 4. Сырымның анасының неге жерік болғаны жөнінде (III нұсқа)

Сол Сырым батыр бір күндерде тумаларына ренжіп, не себеп болса да мамасына (анасына) айтқан көрінеді:

— Әй, анам, сен мені кімнен тудың? Былайғы балаларыңнан байқаса, құлқым өзге көрінеді. Қалайда менде бір шүбә бар деп ойлауға болады. Дұрысыңды айт, жасырма! — депті. Сонда анасы:

— Шырағым, Сырым, әуелі дәрет алып келейін, соңынан айтайын, — деп, түрегеліп құман алып, дәретін алып болып:

— Ал, балам, сен тыңда, мен айтайын, сені басқа адамнан туғаным жоқ, осы әкеңнен болған адамсың. Бірақ өзгеріс мынадай: саған жерік болып талғап жүргенімде, ел Сауран айналып алысқа көшті. Елдің көптігінен кездескен құдықтың суы жетпей, халық таласып, дағдарып малға да, адамға да болмай, ақырында боқтасып төбелесер болды. Сонда астында күрең жорға аты бар, лайықты киімі бар бір орта жастағы адам келіп айқайлап: «Халқым, тыңдаңыз, сіздерден бір ауыз сөз тілегім бар», — деген, халық тоқтап: «Ал айт», — дегендегі сөзі мынау. Халықтың ортасына кіріп, төбелесті тоқтатып, мынадай жолбасшылық ақыл айтқан: «Құдықтың суын ең әуелі адам баласына ішуге алынсын, таласпай кезектесіп, сонан соң мінген ат, жеккен көлік суғарылсын, неге десең, басқа тамағы жоқ болар, олардың көші тоқтамасын, жүріп кетсін. Алдағы құдықтан тағы барып суғарып, бұларға босатар, сонан соң орта шаруаның малы ішіп болар да көшсін, қалғанын өндіріп байлар малын суғарсын!» деген. «Ал солай етсеңдер суға мұқтаж болмассыз, шөлдемессіз» деген. Бұл сөзге халық разы болып, ұрыс-талас қойылып, «рахмет айтқан ақылыңнан!» деп халық көніп солай еткен, суға қанық болған. Сондағы манағы адамның ақылына, халықты тоқтатқанына, суға қандырғанын көріп: «Әй, жаратқан Құдайым-ай, осындай күйеуі бар әйелдің арманы барма екен, болмаса осындай бала туған қатынның арманы бар ма екен?» деп налып едім. Шырағым, сол налығаным Тәңірім сені сол адамнан артық етіп берді, халқың аузыңа қарайды. Досың көрген көңілін ашты, дұшпаның хабарыңнан қашты. Сол тілекке сені солай етіп берді, — депті.

## 5. [Сырым батыр]

Сырым би болып қана қоймай, батыр да болған екен. Қазіргі Индер тауы мен Аюлы деген жердің ортасында «Шибұлақ» деген бұлақ бар. Сол жерде әуелде Нұралы хан мекендеген екен. Ол жер қазір «Ханшапқан» аталады. Сол жерде Нұралы ханды Сырым шапқан екен. Себебі Сырымға ханның тілі тисе керек және хан Байұлының біреуін өлтірсе керек. Сырымның құлағына хабар жеткен соң, ханның басын кесейін деп ордасына барады. Калмиков ол кезде — князь, Антон — патшаның сардары. Кінәлі деген адамдарды сонда апарып қамайтын болса керек. Сол уақытта Сырымның ханды шаба келе жатқанын ханға хабарламақ болып сол елдің Есім атты кісісі патшаға жүгіреді. Құлатөлген деген көлдің тұсына келгенде астындағы аты өліп, жетегіндегі атқа мініп бара жатқанда, Сырым Есімді қуып жетіп, өлтіріп, сол жерге көмген. Міне, сол уақыттан соң сол жердің аты «Ескіесім» аталып кеткен. Қазірде солай аталады. Сол жердегі мола — Ханшапқан моласы. Сырым би болып қоймай, батыр болып Нұралы ханның басын да шапқан екен. Сол Ескіесім солай аталады және сол жерде Ханшапқанның моласы бар. Ескіесім қазір Тайпақ ауданының орталығы Калмиков селосымен Тайпақ совхозының ортасында орналасқан. Тайпақ совхозының бөлімшесі.

## 6. Сырым батыр

Сырым бастаған бір топ аттылы адамдар тікелей шауып келіп Нұралы хан отырған киіз үйге келіп, аттарын тоқтата салып, жанындағы қылышын қынабынан суырыпты да, ашулы екпінмен Нұралы жатқан үйге Сырым жетіп келгенде, оның алдынан Нұралының көп қатынының бірі болған Сырымның туған қарындасы Ақлима шыға келіп, ағасына мынадай тоқтау айтыпты:

— Сабыр, сабыр, көкешім,  
Ашуды ақыл билейтін.  
Ашуды ақыл билесе,  
Батыр мыңды жеңетін.

Қастерін тіккен қалың жау  
Ақылсыз екен демесін.  
Ханның басын қарындасыңа  
Саудаға беріп кетерсің.  
Көре алмаған қай дұшпан  
Бере алмай кетті демесін.  
Бекарыстың баласы —  
Қайратың мұхит ер елсің.  
Дегеніңе жүрмесе,  
Айтқаныңа көнбесе,  
Қолыңа қызыл ту алып,  
Қол алдына желерсің.  
Мен де Даттан басқа боп,  
Туған жоқпын десем, не дерсің?!

Сырым Ақлиманың сөзіне тоқтап: «Әй, шырағым-ай, иттің басын сұрап не қылғаның?» — депті де, қолындағы қылышын қынабына салып, атына мініп жүріп кетіпті деседі.

## 7. Тапқыр бала (I нұсқа)

Өткен күндердің бірінде Орал өзенінің екі бетінде екі бай сұлтан тұрыпты. Оң жақ бетіндегісінің аты — Бегалы, сол жақ бетіндегісінің аты Топай екен. Бұлар ылғи бір-бірімен айтысып, барымталасып, шабысып, бақ таластырып келіпті. Бір күні Топай отырып:

«Менің асыл тұқымды арғымақ биелерім өзеннің арғы бетіндегі Бегалының жабы, жаман айғырларының кісінеген даусынан шошып, құлын тастапты. Бегалы асыл тұқымды құлындарымның бағасын төлесін, оған көнбесе, шабысуға даяр екенін айтсын», — деп Топай Бегалыға елші жібереді.

Бегалы бұл сөзді есіткеннен кейін, билерін шақырып алып, ішіндегі ең сөз тапқыш деген екі ақсақалын Топайға аттандырыпты.

«Барып билігін айтыңыздар, сөзден жығылсаңдар, өлген құлындарыңның бағасын төлеп қайтасыңдар», — деп тапсырады билеріне.

Екі шал Орал өзенінен өтіп, Топайдың аулына қарай жүріп келе жатып, кешқұрым мал қайтарып жүрген он сегіз-он тоғыз жасар балаға жолығады. Онан «Алдымызда жақын жерде қонатын ел бар ма?» — деп сұрайды. Күн қауысарға таянып қалған кез екен. Бала тұрып екі биге жөн сілтеп былай дейді:

— Алдыңызда, оңаша қашық емес жерде ақшамның үйі бар, онан өткесін өттегенай бар, ал қонам десеңіздер анау тұрған біздің ауыл, барып қоныңыздар, — деп жолдан шеткерілеу тұрған ауылдарды көрсетеді. Екі би тұрып:

— Шырағым, сіздің ауыл бізге қисық тұр екен, сондықтан ақшамның үйіне барып қоналық, — деп жүріп кетіседі. Күн батып, кешкі ақшам мезгілі болады, бірақ ел жоқ. Сонда біріне-бірі қарап ақсақалдар:

«Өттеген-ай, манағы баланың ауылына барып қонбағанымыз қате болған екен, әлде де болса сол баланың үйін тауып алып қоналық», — десіп аттарының бастарын бұрып алып, қайта жүріседі. Бала қариялардан бұрын келіп үйіне жеткен екен. Үйіне келе жатқан адамдарды танып, алдарынан шығады. «Қош келдіңіздер!» — деп екі қарияны аттан түсіріп қарсы алады. Түнде қонып отырған кезде бала бұл екі қарияның Топайға не үшін бара жатқанын сұрайды. Қариялар не себепті Топайға баратындарын жасырмастан айтысады. Бала тұрып:

— Топайдың өтірік дауына не деп жауап қайтарасыздар? — деп сұрайды. Сонда екі қария тұрып:

— Біздің айтарлық еш дәлеліміз жоқ, өлген құлынның бағасын төлейміз де, — деседі. Сонда бала тұрып:

— Сіздер осы дауларыңызды маған тапсырыңыздар, Топайға жауабын мен берейін, менің малымды келгенше сіздер баға тұрыңыздар, — дейді. Екі ақсақал өзара кеңесіп, балаға ризалық білдіреді. Ертең тұрған соң бала алдымен түйеден бір үлкен қара бураны, қойдан бір үлкен ақ серкені алып қалады. Қара бураның бір жағына кебеже теңдеп, оның ішіне ақ серкені салып, екінші жағына топырақ салған қап теңдеп түйеге артады, өзі үстіне мінеді, қолына саржа /оқ жақ/ алады. Сөйтіп, Топайдың аулына аяңдап жүріп кетеді. Топайдың ауылы Көлтабанда отырады екен. Сәскетүс кезінде бала Топай аулының маңайына жақындап келеді. Бір шақырымдай жерден түйеге мініп келе жатқан адамды көріп, Топайдың аулының он-он бес қабаған иттері баланы қарсылап алады. Иттердің бірі түйенің артқы



аяғыннан тістеп, бірі алдын кес-кестеп, барлығы қамалап алып түйені жүргізбей қояды. Сол кезде бала ызаланып саржамен бірекі итті атады. Саржаның оғы қадалған иттер қыңсылап ауылға қарай қашады. Қалғандары да ыдырай бастайды. Қыңсылаған, атылған иттерді көрген Топай ауылының тентектері атқа мінеміне салып балаға қарсы шауып, қамшы ойнатады.

— Бұл ауылға келген адам итті атпақ түгіл, қамшымен соқпайтын, сен қайдан шыққан адамсың, иттерге неге тиісесің, атаңа нәлет! — деп балағаттап, баланы сабамақ болады. Сонда бала тұрып:

— Ағатайлар, мені сабамаңдар, сөкпеңдер, ауылдарыңның сұлтаны Топайға алып барыңыздар, жауабын соған берейін. Мен Орал өзенінің арғы бетінен келе жатқан елшімін, — дейді. Баланың мінген түйесін жетелеп келіп, баланы үйдің жанына қойып, ауылының жігіттері болған оқиғаны Топайға барып хабарлайды. Сонда Топай үйінде өздерінің билерімен бірігіп қымыз ішіп отыр екен.

— Біздің ауылдың итін атып жүрген кім, неткен көргенсіз? Өзін бері алып келші маған! — деп бұйрық беріп жатыр екен. Сол кезде бала түйесін шөгеріп, жүгін түсіріп серкені кебежеден шығарады. Түйені де, серкені де халықтың көз алдына көрсетіп жүкке байлайды. Сонан кейін Топайдың үйіне келіп кіреді.

— Өзің кімсің, қайдан келдің? — деп ақырады.

— Мен арғы беттегі Бегалының елшісімін, — дейді. Сіздің Бегалыдан талап ететін құлыныңыз бар екен, соның жауабын беруге мені жіберді, — дейді.

— Е, еліңнің үлкені құрыды ма, ақсақалы құрыды ма? Сендей ақымақ баланы шақырып па едім мен, неге келдің, сен не билік айтасың? — деп Топай қаһарланады, сонда бала айтады:

— Егер үлкен керек болса, анау байлаулы тұрған қара бура — менікі, сонан сұраңыз, ақсақал керек болса, сақалының ұзындығы жарты кез анау тұрған ақ серке — менікі, сонан сұраңыз. Ал билік керек болса, менен сұраңыз, жауабын берейін, — депті. Сұлтан сасып сөз таба алмай қалып:

— Е, жүгірмек, ендеше менің иттерімде не атаңның құны бар еді, неге атасың? — деп айғайлапты.

— Сіздің иттерде менің көптен ала алмай жүрген өшім бар еді. Өткен жылы Орал өзенінің арғы бетінде күндіз осы қара бурамды мініп қой бағып тұрғанымда, бес алты қасқыр келіп

қойға шапты. Сол кезде айтақтап ертеден кешке дейін айқайлағанда, осы иттеріңнің бірі маған көмекке келмеген, бүгін ауылға елші болып келгенде, менің түйемді жеп қоя жаздады, сонсоң аттым, — дейді бала.

— Өзің қып-қызыл жынды екенсің, сенің өзеннің арғы бетіндегі айқайлаған дауысыңды бұл жердегі менің иттерім қайдан естисін, осындай да сөз бола ма екен? — деп Топай тағы ежірейеді.

— Айтқан сөзіңізге ие болыңыз, адамның дауысы айуанның дауысынан қаттырақ шығатынына сіздің таласыңыз болмас. Олай болса, Бегалының жабы айғырының өзеннің арғы бетінде жүріп кісінеген даусын сіздің асыл тұқымды биеніз қалай есітеді? Қайсымыз жынды болдық? — дейді бала.

— Жұрт-ау, мына жынды жүгірмектің мені сөзбен жеңіп, жермен жексен жасағанын көріп отырсыңдар ғой! Енді менің Бегалыдан ешқандай талабым жоқ. Мынау жүгірмек келмей жатып менің екі жақсы итімді өлтірді, ұзақ аялдаса, біреумізге зақым жасар, тезірек еліне қайтарып құтылыңдар! — деп Топай би жігіттеріне бұйрық береді.

— Мені жынды дедің, жүгірмек дедің, бала дедің, бірталай сөзбен қорладыңыз. Ал менің сізге айтарым:

— Ақылдың жастан шығатынын, асылдың тастан шығатынын, күнәсіз адамды жәбірлеу мастан шығатынын бұдан былай есіңізден шығармаңыз, би! — деп, бала үйден шығып кетеді. Осы сөзді айтқан бала Сырым екен.

## 8. Бұл—Мезгілбайдың ауылы

(II нұсқа)

Бөкей хан билеріне пышақ беріп: «Біреуі — байдікі, біреуі кедейдікі, соны табыңдар», — дейді. Екі арғымақ беріп: «Біреуі — анасы, біреуі — баласы, соны табыңдар», — дейді. «Жайық жақтан кісінген жылқылардың даусынан Нарындағы биелерім құлын тастап жатыр. Соны қойдырыңдар!» — деп бұйырады. Билер бұған не жауап берерін таба алмай, сасып, қарттардан ақыл сұрап ел жағалап келе жатса, ауыл сыртында бір тоғыз-он жасар бала қозы жайып келе жатыр екен.

— Бұл кімнің ауылы? — дейді жолаушылар.

— Бұл — Мезгілбайдың ауылы, — дейді бала.

— Бұл ауылдан әрі ауыл бар ма?

— Мұның ар жағында «қайда-қайданың» ауылы бар, онан әрі «кейін қайталықтың» ауылы бар, — дейді бала. Жолаушылар жүре береді. Біраз жүрген соң «қайда-қайдалап» ел таба алмай, адасып «кейін қайталық» деседі. Қайтып Даттың үйіне келіп түседі. Даттың үйінен манағы қозышы баланы көріп билер:

— Шырақ, алдарыңызда ел бар деп бізді алдап жібергенің не? — дейді. Сонда бала тұрып:

— Тұу, хан, уәзірге керім білгіш адамдарды қоя ма десем, кез келген адамды қояды екен ғой. Мен сіздерге айтпадым ба, біздің ауылдың ар жағында «қайда-қайданың» ауылы бар, одан әрі «кейін қайталықтың» ауылы бар, — деп. — Сол айтқаным келген жоқ па? — дейді. Билер ешнәрсе айта алмай, отырып қалады. Ханның жұмбағын біреу шешсе осы бала шешер деп билер ханның жұмбағын балаға айтады. Бала екі пышақты кезек-кезек отқа қыздырады. Сонда бір пышақтан шып-шып май шығады да, екінші пышақтан су шығады. Сонда бала: «Май тамған пышақ — байдікі, су тамған пышақ — кедейдікі», — деп, бірінші жұмбақты шешеді.

Одан кейін астауға бір шелек сүт құйдырады да, екі арғымақтың алдына қояды. Біреуі астаудағы сүтке еңкейе бергенде, екіншісі оның басынан асыла барып ішеді. Бала: «Тамағыңның астынан ішкен — баласы, асыла барып ішкен — енесі», — деп, екінші жұмбақты шешеді.

— Үшінші жұмбақты ханның өз алдына барып шешемін, — деп, билермен бірге жүреді және мылтық ала жүреді. Бөкей хан ауылының төбеттері абалап алдынан шыққан-ды. Бала иттерді атып тастай береді. Бала билерден бұрын үйге кіріп келгенде, хан қаһарланып:

— Төбеттердің саған қандай жазығы бар еді, иттерімді неге атасың? — деп, дүрсе қоя береді. Сонда бала Сырым:

— Мен бір күні мал бағып жүргенімде малыма қасқыр шапты. Мен қанша айқайласам да, сенің төбеттерің көмекке келмеді. Сондықтан аттым, — дейді.

— Біздің хандықтарымыздың арасы қашық жер ғой, сенің даусыңды менің төбеттерім қайдан естиді? — дейді хан.

— Ендеше сіздің құлын тастап жатқан биелеріңіз біздің жылқыларымыздың кісінеген даусын қалай естиді? — дейді Сырым.

## 9. Сырымның Түркімен ханына барғаны (III нұсқа)

Ертеде қазақтар Жайықтың ішкі бетін жайлаған. Олар: тана, табын т.б. рулар.

Бір жылдары Түркі ханы қазақтарға /Түбек еліне/ бір шарт қойған. Бұл шарты ол қазақтарды өзіне қосып алғысы келіп, Түбек елін сөзден жығуы үшін қолданған шартында: «Түбек елінің жабағысының кісінеген дауысын естіп, арғымақ биелеріміз құлын тастап жатыр. Осыған Түбек елі өзінің ақын-жазушыларын, батыр-шораларын, ақсақал-билерін алып келіп жауап берсін!» деген.

Ал Түбек елінің ақсақал-билері ақылдасып: «Онда бұл Түркімен ханы бізге жаулық іздеп отыр. Біз бұған қарсыласа алмаймыз. Бізді өзіне қосып алуына көнеміз дағы», — дейді. Осы кеңесте жас бала Сырым да қатысып отырады. Ол ақсақалдар жаңағыдай ұйғарымға келген соң, орнынан тұрып былай дейді:

— Ақсақалдар, сіздер осылай ұйғардыңдар ғой. Мен осы Түркімен ханына барып жауап бергім келіп еді. Ол үшін менің сұрағым бар, — дейді. Ақсақалдар мұны баласынады. Бірақ сұрағын сұрайды. Сонда Сырым:

— Маған бір бақырауық қара нар, бір шолақ қара мылтық, сосын тоғыз-онға келген серке беріңдер, — дейді.

Жұрт бұл тілегін орындап береді. Сырым осылайша қасына бір қосшы бала ертіп, Түркімен ханына жүріп кетеді. Бір кездерде Түркімен ханының қамалына жетеді. Шаһардың керемет тазылары бірінен соң бірі Сырымдарға үріп шауып шығады. Бұларды Сырым бірінен соң бірін қара мылтықпен атып тастай береді. Тазылардың иесі Сырымды сабарманға әкеледі. Сонда Сырым:

— Менен төрелік алғыларың келсе, ханның алдына жүріңдер, — дейді. Сөйтіп, Сырым қақпаға келіп хабарласып, ханға кіреді. Ханмен сөйлесіп отырғанда, хан:

— Мына тазыларды неге аттың, мұның не? — дейді. Сырым:

— Хан, мен Түбек елінен келдім. Сіздің қойған шартыңызға жауап бергелі келдім, — дейді.

— Жоқ, жауап беруге сені шақырғаным жоқ. Ақсақал-билерін шақырдым. Сен әуелі сұраққа жауап бер, — дейді.

— Тақсыр, хан, әнші-жыршы десең, қара түйелерім бар үзбей бақыратын, ақсақал-би десең, сақалы жерге тиген серкем бар, батыр десең, қара мылтығым бар, би десең, өзім бар, — дейді.

— Ал тазыларды неге өлтірдің?

— Тақсыр, Түбек елінің қойын қасқыр қырып жатқанда біреуі бармайды, құлағының шашағы салбырап үреді де қояды, соған ренжіп аттым, — дейді. Сонда хан:

— Шырағым-ау, Түбек елінің қойын қырып жатқанын тазылар қайдан білсін? — дейді.

— Тақсыр, сөзіңізді ұмытпаңыз, Түбек елінің жабағысының даусын сіздің арғымақтарыңыз қайдан естиді? — дейді.

Сөйтп, хан сөзден жеңіліп, шартынан қайтады. Сырымды қонақ қылып, ат-шапан жауып шығарып салады. Бұл Сырымның шешендік құрудағы алғашқы қадамы еді.

## 10. [Сырымның айтқаны]

Өзбек, қалмақ, түрікпен үшеуі Ресейге қосылу жөнінде патша өкіметіне адам жіберсе, олар: «Амударияны сат», — дейді. Олар не айтарын білмей, ойласа келе, Кіші жүзде Дат баласы Сырымға адам жібереді. Сырым: «Суды сатамыз, егер алатын болса, қалаған жерінен таразысын құрсын да, пұтын жарты тиыннан алсын» деген екен.

## 11. Сырымның жерге айтқан сыны

Қазақтың Кіші жүз нәсілінен шыққан руы байбақты Сырым батыр Дат баласы Нұралы ханның орнына хан болғаннан кейін, Еділ-Жайықтың ішкі бетіндегі босып көшіп кеткен торғауыттың көп қалмағынан босап қалған ну қалыңдық жерге ел өткізуге ауаланып, осы жаққа келіп жер аралап көріп, Еділ бойынан Нарыннан Гәм қырғы өрден бірнеше орыннан құдық қаздырып, қайта көмдіріпті. Еділ бойынан қаздырып қайта көмген топырақ қазған орнының бетімен бірдей болыпты. Нарыннан қаздырып көмген топырақ орнына симапты, өрден өзен бойынан алған топыраққа қазған орны толмай қалыпты. Сонда Сырым былай сынаған екен:

«Мынау Еділді қоныс етіп жайлаған кісінің шаруасы бір қалыптан кемімес, мынау Нарынды жайлап қоныс еткен кісінің шаруасы жылдам өркендеп өсіп кететін жер екен, ал мынау өрде, яғни қатқылды жайлап қоныс еткен кісінің шаруасын өсіруге көп күш керек екен», — депті.

## 12. Байбақты Датұлы Сырым жайлы (*І нұсқа*)

Сырымның қарт атасы — Шолан батыр. Шоланды Қабылан төре өлтіреді. Дат іште қалып, дүниеге келгесін, қара қазақ жиналып төрелерменен арадағы зіл ұмтылмас үшін жас баланың атын Дат қояды. Дат өсіп, атасының кегін алмайтын төмен, тентек адам болады. Дат халықтан мынадай сөкеті сөз есітіп жүреді: «Ей, Дат, сенің атың заманыңда қойған Дат еді-ау, өсіміңе келісің лайық ат емес, тек бір қойылған ат болды-ау!» — деп қазақтың қарттары бетіне соғып жүреді.

Дат өсіп бір тәуір әйелге үйленеді, Сырым туады. Сырым өсіп, ат арқасына мініп, ағайын аралап жүргенде, Байбақтының Сасай атасының ауылына келеді. Келсе, ағайын қаумалап ортаға алып жылап қоя береді:

«Мына атаңа нәлет Нұралының баласы Есім сұлтан біздің бір ағайынның Ақмоншақ деген жүйрік атын лауға мінгізіп, ұстатып алдырып, бөйгеге қосып, Есімнің Ақмоншағы атанып, атағын шығарып тасып жүр. Міне, биыл екі жыл толады. Талай рет кісі жіберіп сұрадық, берер емес. Бүгінде құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ ал деуді шығарды.

Ақмоншақты бір жесірге балайтын едік, бүкіл Байбақтының атағын шығарған Ақмоншақ еді, шырағым, сол атқа сен бар, саған берер», — дейді.

Сырым айтады: «Ей, ағайын, сіздер мені жұмсамаңдар, ол ит маған да бермес, берсе құп жақсы, егер бермесе мен онан тегін қайтпаспын, бір зат та туып кетер», — деп өтінеді. Ағайын қаумалап болмайды, ақырында баратын болады. Барып Нұралы ханның өз үйіне түседі. Нұралы біраздан кейін:

— Сырым, жай жүрмісің, жұмысың не? — дейді. Сырым:

— Сіздің Есім сұлтаныңыз менің бір ағайынымның атын ұстап лауға мінген екен, жыл толыпты. Мауқы басылса, сол аттың сүйегі болса да алып кетейін деп келіп едім, — дейді.

— Жарайды, олай болса Есімді шақыртып айтайын, — дейді.  
Нұралы:

— Есім, шырағым, мына Сырым Аққосты сұрай келіпті, бірталай міндік қой, енді берсейші, — дейді. Есім:

— Қара қазақтан қалған бір ат міне алмасам, менің нем сұлтан, мен атты қайтып беремін деп алғаным жоқ. Сырымға ат керек болса, құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ алсын да, кетсін, — дейді. Сырым:

— Менің де естиін дегенім осы сөз еді, — деп, дүпірін табалдырыққа сырт еткізіп үйден шығып, атына мініп кетеді.

Нұралы артынан Есімді қайта шақыртып алып:

— Шырағым, Есім, сен түсін, мына Сырым бір тайдың құнына келіп жүрген жоқ, бұл соғысқа келіп жүр, сен білмейсің, бұның атасы Шолан біздің бабаларымыздың қолынан жазымдалған. Бұл арам соны әлі ұмытпай жүр екен, беру жөн болар, — дейді.

Есім артынан кісі шаптырып: «Келіп қонақ болып, атын алып кетсін», — дейді.

Сырым: «Атаңа нәлет Есімнің бір тай үшін есігіне екі барып еңкейсем-ау! Бар ханыңа сөлем айт, келіп қонақ болатын күнімді өзім айтармын», — деп, қайтарылмай кете береді. Ағайындарына келіп: «Атты енді сұратпаңыз, өзі берсе, алыңыз», — деп Сарыарқаға сауын айтуға жүріп кеткен дейді.

Сырым ауылына келіп атын тастап, Есімнің ызасынан Желмаяға мініп, Сарыарқаның қазағынан көмек сұрап, сауын айтып жүреді. Сөйтіп жүргенде, елдің ақсақалдары кеңесіп, Сырымды Бақай сыншының алдынан өткізбекші болады. Сөйтіп, екеуі кездескендегі Бақайдың Сырымның қолынан ұстап тұрып айтқан сөзі:

— Иә, Сырым бала, жоқтан бар болды, айырдан нар болды, көнеден дәурен озды, күнідей қамқа тозды, атадан ұл озды, анадан қыз озды, боздан бурыл озды, шырағым! Соған тұтамай жауап берші, — дейді. Сырым:

— Иә, Бақай ата, жоқтан бар болса, Құдайдың құдіреті болар. Айырдан нар болса, атасы үлек болған болар. Көнеден дәурен озса, күтімі кем болған болар. Күнідей қамқа тозса, киюі салақ болған болар. Атадан ұл озса, еркіндігі болған болар, анадан қыз озса, шіркіндігі болар. Боздан бурыл озса, жүректіге бұлыған болар, Бақай ата! — депті. Бақай:

— Ей, Сырым, әкең сенің Дат төмен, тентек, шылғауын асына малып ішетін еді. Шешең қара торы, қайратты, күндіз келген жиырма кісі, түнде келген жиырма кісіні қонақ қылып аттандыратын еді. Сен шешеңе тартып туған екенсің, балам, — дейді. Сырым:

— Иә, Бақай ата, әкемнен тентек болсам, бұлыған болар, шешем күндіз келген жиырма адамды, түнде келген жиырма адамды қонақ етіп аттандырса, қырықтың бірі қыдыр деген, онда мен қыдырдан болармын. Өзін-өзі езген ит, өзі болған жігіттің түп атасын сұраған ит деп еді, Бақай ата! — депті Сырым. Бақай сөзден жеңіліп, батырын апарып қонақ етіп, ат мінгізіп, шапан жауып, батасын беріп жіберіпті дейді.

### 13. [Сырым батыр мен Нұралы хан]

(II нұсқа)

Сырымның әкесі Дат төуір әйелге үйленеді. Одан Сырым туады. Елдің ақсақалдары: «Сенің атың бір қоя салған ат еді-ау, есіміңе несібең сай емес», — деп, Датты келеке етіп жүреді. Сырым жиырма екі жасқа толғанда, Байбақты деген елді аралайды. Сонда ағайындары қаумалап Нұралы ханның Есім атты баласы Ақмоншақ деген атын лауға деп алғанын, екі жылдан бері қайтармағанын айтады. Сұрай барса:

— Құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ ал да, бітіс, — дейді. Сырымға ел-жұрты: «Сол Ақмоншақты сұрап Нұралы ханға бар. Ақмоншақ күллі Байбақтының атын шығарған ат еді», — дейді.

«Ол ит берсе — жақсы, бермесе, тегін қайтпаспын», — деп, Сырым аттанып, Нұралы ханның үйіне түседі. Хан жөн сұрайды.

— Сіздің балаңыз Есім менің ағайындарымның Ақмоншақ деген атын алған екен. Сол аттың сүйегі болса да алып кайтайын деп келіп едім, — дейді. Нұралы хан Есімді шақыртып алады:

— Мына Сырым атын сұрай келіпті, қайтар!

— Сырымға ат керек болса, құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ алсын да, бітсін.

Сырым ұшып түрегеліп:

— Менің де еститінім осы ма еді! — деп, Есімге тұра ұмтылады, Нұралы хан ара түсіп, баласына:



— Ей, Есім, сен түсін. Бұл Сырымның үлкен әкесі Шолан батырды біздің төрелер қылыштап өлтірген. Бұл соғысқалы келіп жүр екен. Атын бер! — дейді. Есім келіспейді.

Сырым аттанып кетеді. Нұралы хан оның артынан қуғыншы жіберіп:

— Келіп үйге қонақ болсын, атын алсын, — дейді.

— Атаңа нәлет хан, бір тай үшін есігіңе барып екі еңкейсем-ау! — деп, Сырым қаһарланады.

— Айтып бар, қонақ болар күнімді өзім хабарлаймын!

Сырым ағайындарына келіп: «Атты әкеліп берсе, алыңдар, әкеліп бермесе, енді атты сұрамаңдар», — депті.

Осы оқиғадан кейін Сырым желмаяға мініп, Нұралы ханды шабамын деп Сарыарқаның қазағынан көмек сұрай шығады. Сөйтіп жүргенде, қариялар: «Осының қолынан бірдеме келе ме, келмей ме? Бақай сыншының алдына апарып, сынынан өткізейік», — дейді ақылдасып. Бақай сыншымен Сырым екеуі кездеседі. Бақай сыншы:

— Ей, Сырым, жоқтан бар болдың,  
Айырдан нар болдың.  
Қамқа тон тозды,  
Атадан ұл озды.  
Анадан қыз озды,  
Боздан бурыл озды.  
Сен осыған жауап берші? — дейді.

— Ей, Бақай ата!  
Жоқтан бар болсам, Құдайдың құдіреті шығар.  
Айырдан нар болсам, атам үлек болған шығар,  
Қамқа тон тозса, киюі салақ болған шығар.  
Анадан қыз озса, шіркіндігі болар,  
Атадан ұл озса, еркіндігі болар, —

дейді. Бақай сыншы:

— Ей, Сырым, өкең Дат ожар еді. Шешең қайратты да қараторы, — дейді. — Күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні қонақ қылып аттандырушы еді.

— Ей, Бақай ата, әкем Дат тентек болса, болған шығар. Шешем күндіз жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні қонақ

қылып аттандырса, қырықтың бірі қыдыр деген, онда мен қыдырдан жаралған болармын.

— Өзін-өзі езген ит,  
Өзен бойын кезген ит.  
Өзі болған жігіттің  
Түп атасын қазған — ит, —

дейді Сырым. Бақай сыншы сөзден жеңіліп, Сырымға ат мінгізіп, шапан кигізіп, қонақ етіп аттандырған екен.

#### 14. [Сырым мен Нұралы хан] (III нұсқа)

Сырым жасында астында тұлпардан туған торы төбел аты бар жалғыз келе жатса, сәске түсте Жайықтың арғы тұсында Нұралы хан құсбегілері, билері, аңшыларымен сейілде аң аулап жүр екен. Сырым бұларды көрген соң: «Бұл жүргендер Нұралы ханның аңшылары болар, тілдесейін», — деп бұрылып келіп Нұралы ханға сәлем береді. Сол күнде Сырым батыр он сегіз жасында екен.

— Сен қай тұқымсың? — депті Нұралы. Сонда Сырым:

— Қыдырқожаның баласы — Сұлтан Сиық, онан туған — Байбақты, Байбақтыдан Шолан, Шоланның баласы — Дат, Даттың баласымын, атым — Сырым, — дейді. Сонда Нұралы тұрып:

— Е, Құдиярдың көп тентегінің тұқымы екенсің ғой, — депті. Сырым:

— Сақбар суының бойындағы әңгі төренің тұқымы едің-ау! Сенің де тұқымға күлгенің бе? — деп, атының басын бұрып алып жөніне жүре беріпті. Содан Нұралы хан бір төбенің басына шығып, билерін, аңшыларын шақыртыпты. Билер, аңшылар қасына келгенде, Нұралы:

— Билер, сіздерді мезгілсіз шақырып тұрмын. Шақырғанымның мәнісі — анау кетіп бара жатқан қазақтың бір бозбаласы келіп, сөйлесіп тұрғанда байқасам, көзінің бір тамыры үш тарау болып бөлінген екен, мұнан не шығар екен деп сөзбен шабына түртіп қойып ем, ойымда «кейін шегінер ме екен» деген едім, шегінбеді, қайта өзіме қарсы ұмтылды. Найзамның

ұшын бұрап кетті. Билер, сол бала кім болды? — деп, қасақана қайта сұрапты. Сонда билер өз руындағы пысық жігіттерді атап, пәленше болар, түгенше болар деп бәрі де жігіттерін айта бастапты. Сонда алаша Алтай деген кісі тұрып:

— Тақсыр, бөркіңді алшысынан кигізіп кетті ме? Ол әлі күніне жетпей келе жатыр, күніне жетсе, бөркіңді қырынан да кигізер, қырқып та кигізер... оның аты Сырым болар... — депті.

## 15. Ақмоншақ ат (IV нұсқа)

Сырымның қарт атасы — Шолан батыр. Шоланды төрелер қылыштап өлтіреді. Шоланнан Дат іште қалып, дүниеге келгесін қара қазақ жиналып, төрелерменен арадағы зіл ұмытылмас үшін жас баланың атын Дат қояды. Дат атасының кегін ала алмайтын төмен, өзі тентек болып өседі.

«Ей, Дат сенің атың заманында қойған еді-ау, өсіміңе келісің лайықты емес, тек бір қоя салған ат еді-ай!» — деп, қазақтың қарттары Датты бетіне соғып жүреді.

Дат өсіп бір тәуір әйелге үйленеді, одан Сырым туады. Сырым өсіп ат арқасына мініп, ағайын аралап жүріп Байбақтының Сасай дейтін атасының аулына келеді. Келсе, ағайындары қаумалап ортаға алып, жылап қоя береді.

— Мына атаңа нәлет Нұралының баласы Есім сұлтан біздің бір ағайының Ақмоншақ деген жүйрік атын лауға мінемін деп ұстатып алып еді, енді бәйгеге қосып Есімнің Ақмоншағы атанып, атағын шығарып тасып жүр. Міне, биыл екі жыл болады, талай рет кісі жіберіп сұрадық, берер емес. Бүгінде құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ ал дейтінді шығарды, — дейді.

Ақмоншақты бір жесірге балайтын едік, бүтін Байбақтының атағын шығарған ат еді. Шырағым, сол атқа сен бар, саған берер, — дейді ағайындары.

— Ей, ағайын, сіздер мені Нұралыға жұмсамаңдар, ол ит маған да бермес. Берсе құп жақсы, егер бермесе, мен онан тегін қайтпаспын, бір жанжал туып кетер, — дейді Сырым. Ағайындары қаумалап болмайды, ақырында Сырым баратын болады, барып Нұралы ханның өз үйіне түседі.

— Сырым, жай жүрмісің, жұмысың не? — дейді Нұралы.

— Сіздің Есім сұлтаныңыз менің бір ағайынымның атын ұстап лауға мінген екен, оған екі жыл толыпты. Мауқы басылса, сол аттың сүйегі болса да алып кетейін деп келіп едім, — дейді Сырым.

— Жарайды, олай болса Есімді шақыртып айтайын, — дейді хан.

— Есім, шырағым, мына Сырым Аққұсты сұрай келіпті, бірталай міндің ғой, енді берсейші, — дейді Нұралы баласына.

— Ағайыннан бір ат міне алмасам, мен несіне сұлтан болып жүрмін? Мен атты беремін деп алғаным жоқ, Сырымға ат керек болса, құлаққа-құлақ, тұяққа тұяқ алсын да кетсін, — дейді Есім.

— Менің де есітейін дегенім осы сөз еді, — деп, Сырым табалдырықтан сыр еткізіп, үйден шыға жөнеледі.

Нұралы хан Сырым кеткен соң, Есімді қайта шақыртып алып:

— Шырағым, Есім, сен түсін, мына Сырым бір тайдың құнына келіп жүрген жоқ, бұл соғысқалы келіп жүр. Сен білмейсің, бұның атасы Шолан біздің бабаларымыздың қолынан жазымдалған, бұл арам соны әлі ұмытпай жүр екен, атын беру жөн болар, — дейді.

Есім Сырымның артынан кісі шаптырып: «Келіп қонақ болып, атын алып кетсін», — дейді.

— Атаңа нәлет Есімнің есігіне бір тай үшін екі барып ең кейсем-ау! Ханыңа сәлем айт, келіп қонақ болатын күнімді өзім айтармын, — деп Сырым қайырылмай кете барады. Ағайындарына келіп атты әкеліп берсе аларсыңдар, өздері әкеліп бермесе, енді сұрамаңдар деп жүріп кетеді.

Сырым аулына келіп атын тастап, Есімнің ызасынан Желмаяға мініп ханды шабуға Сарыарқаның қазағынан көмек сұрай елге сауын айтады. Сөйтіп жүргенде, елдің ақсақалдары кеңесіп, Сырымды Бақай сыншының алдынан өткізбекші болады. Сонда, екеуі кездескенде, Бақайдың Сырымның қолын ұстап тұрып айтқаны:

— Иә, Сырым бала,  
Жоқтан бар болды,  
Айырдан нар болды.  
Көнеден дәурен озды,

Көңдей қамқа тозды.  
Атадан ұл озды,  
Анадан қыз озды,  
Боздан бурыл озды.  
Осыған тоқталмай  
Жауап берші, шырағым, —

дейді. Сонда Сырым батыр:

— Иә, Бақай ата! Жоқтан бар болса,  
Құдайдың құдіреті болар.  
Айырдан нар болса, атасы үлек болар.  
Көнеден дәурен озса, күтімі кем болар,  
Көңдей қамқа тозса, киюі салақ болар.  
Атадан ұл озса, еркіндігі болар,  
Анадан қыз озса, шіркіндігі болар.  
Боздан бурыл озса, жүйріктігі болар, —

депті.

— Ей, Сырым, әкең Дат төмен, тентек, шылғауын асына малып ішетін еді. Шешең Қараторы қайратты, күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні қонақ қылып аттандыратын еді. Сен шешеңе тартып туған екенсің-ау, балам! — дейді Бақай сыншы.

— Иә, Бақай ата, әкем Дат тентек болса болған болар, шешем күндіз келген жиырма адамды, түнде келген жиырма адамды қонақ етіп аттандырса, «қырықтың бірі қыдыр» деген онда мен қыдырдан жаралған болармын.

Өзін өзі езген ит,  
Өзен бойын кезген ит,  
Өзі болған жігіттің  
Түп атасын қазған ит, — деп еді, —

депті Сырым. Сонда Бақай сыншы сөзден жеңіліп, батырды үйіне қонақ қып, астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып, батасын беріп аттандырыпты.

## 16. Бақай қарт пен Сырым

Сырым батыр он төрт жаста Нұралы ханды шапқан себепті өкімет тарапынан жер аударылып, онан да аман-есен келген соң халқы үлкен той жасап, Сырымды хан қоймақ болады. Сонда тоқсан бір жасында көзі көрмей, нардай шөгіп жатқан Бақай дейтін сыншы қарт:

— Ау, жаным халық-ау, бір жас баланы хан сайлаймыз деп жатырсыңдар, сол баланы маған бір көрсетіңдерші, әруағы қандай, жасы қандай екен, байқап көрейін — деді. Қарт қың-қылдап қоймаған соң, халықтың тапсыруымен Сырым келіп сәлем береді.

— Сырым дейтін сен боласыз ба? — дейді Бақай.

— Иә, ата, болсақ болармыз, — дейді Сырым.

— Сырым сен болсаң,  
Жоқтан бар болдың,  
Айырдан нар болдың.  
Көлденең ұрып озады,  
Көнді қамқа тозады.  
Атадан ұл озады,  
Анадан қыз озады, —

депті қарт. Сонда Сырым:

— Жоқтан бар болмас,  
Құдай берген болар.  
Айырдан нар болсам,  
Атам үлек болар.  
Көнеден дәурен озса,  
Асырауы кемірек болар.  
Көнді қамқа тозса,  
Киісі салақ болар.  
Атадан ұл озса,  
Еркіндігі болар.  
Анадан қыз озса,  
Шіркіндігі болар, —

деген екен. Бақай би разы болып:

— Жарайды, Сырым, өмір жасың ұзақ болсын! — деп бата беріпті.

## 17. Бұрын туғаннан ақыл сұра

Сырым батыр бала күнінде он төрт жасында-ақ жорыққа аттанатын болыпты. Сонан он сегіз жасқа келеді. Он сегіз жасында жолдасты көбейтіп, манғұлдан таңдап-таңдап алпыс сегіз атты айдап қайтады. Астында тұлпардан туған торы төбел аты бар. Жолдастарының соңынан өзі жалғыз келеді. Жылқының түстеніп кеткен жеріне өзі кешке қонуға келеді. Бір күні жылқының түстеніп кеткен жеріне қонып шығып, жалғыз өзі жүріп келе жатса, сәске түсте Жайықтың арғы тұсында Тайсойған бүйректігінде аң аулайтын сала бар екен. Сол саланың барлығында, арғы бетінде Нұралы хан құсбегілері, билері, аңшыларымен сөйілдікте аң аулап жүр екен. Белгілі ғой аң аулап жүрген адамдардың әрбір жерлерде бытырап, жайылып жүретіндігі. Сырым осыларды көрген соң өзінің ақылымен ойлап: «Дәуде болса, бұл жүргендер Нұралы ханның аңшылары болар», — деп шамалап, «Нұралыны көрейінші, реті келсе тілдесейінші деп (бұрын танымайды екен) жолдан бұрылыңқырап келіп, Нұралыны осы болар-ау деп келсе, дұрысында сол шамалап келген адамы Нұралы болып шығады. Нұралыны ойымен танып, сәлем береді. Сол күнде Сырым батыр он сегіз жасында екен. Тәкаппар хан қазақтың бір бозбала-сының сәлемін оңдылықпен ала қойсын ба?

— Сен қай тұқымсың? — депті Нұралы Сырымға. Сонда Сырым:

— Қыдырқожаның баласы — Сұлтансиық, онан туған — Байбақты, Байбақтыдан туған — Шолым, Шолымның баласы — Дат, Даттың баласымын, атым — Сырым, — депті. Сонда Нұралы тұрып:

— Е, Қыдырдың көп тентегінің бірі екенсің ғой, — депті. Сонда Сырым:

— Сақбардың суының бойында оғым озар ма екен, боғым озар ма екен деп, оғы мен боғын жарыстырған Тоғым төренің тұқымы едің, — депті.

## 18. [Нұралы мен Сырым]

Нұралы хан мен Сырым екідай болады. Еңбеші халық жағы Сырымды жақтап, ал байлар мен төрелер жағы Нұралы жа-

ғына шығып, ел екіге бөлінеді. Билер мен ақсақалдар Сырым мен Нұралыны табыстыру үшін Нұралының баласы Құлтайға Сырымның Қансылу деген қызын беретін болып, Нұралы мен Сырымды құда қылады. Нұралымен құда болғаннан кейін де Нұралының билігіне, берген төресіне Сырым қарсы келе береді.

«Бұл құда болғанмен, дұшпандығын қоймайды екен», — деп Нұралы Сырымды тұтқынға алмақ болып, Оралдың губернаторына шақыртады. Сырым Оралға кеткенде, Нұралының баласы Сырымның қызына қалыңдық ойнай барады, қыздың жеңгелері қазақ әдетін жасамақ болады. Бірақ қыз: «Мен ханның баласына бармаймын, аулына қайта берсін», — дейді.

Нұралының баласы: «Қыздың менде не кінәсі бар екен, өзі келіп менімен сөйлессін», — дейді. Қыз келеді, сонда Құлтай:

— Менде сіздің қандай кінәңіз бар, менсінбейсіз бе? — дейді. Сонда қыз:

— Мен сізбен, сірә, жолдас бола алмаспын. Қасқыр мен қойдың жолдас болғанын қайдан көріп едіңіз? Сіздің әкеңіз менің әкемді Оралдың түрмесіне жабамын деп жүргенде, мен сізге қалай пенде болмақпын? — дейді. Ханның баласы Құлтай сөзден ұтылып, аулына келіп жай-мәністі шешесіне баяндайды. Нұралының әйелі Оралға кісі жіберіп Сырымды босатуды сұрайды. Нұралы Сырымды босатып алады.

## 19. Сырым батыр мен Нұралы хан

Дат Байбақты — Шоланның баласы. Шолан деген кісі саудагер болған. Сол кезде зат сатып жүргенде, екі ұры көріп, Шоланның затын алып, өзін өлтіреді. Сонда Шолан Орынбордан келе жатқан кезі екен. Шоланның Орынборда қалған әйелі екіқабат жүкті екен, күні жақын екен. Шолан өлерінің алдында ұрыларға: «Әйелім ұл тапса, баланың атын Дат қойсын, қыз туса өздері білсін», — депті де, өліп кетіпті. Бұл бір мың үш жүз қырық екінші жылдар шамаларында болса керек. Екі ұры Шоланның тілегін барып әйеліне түнде терезеден айтыпты.

Сонан әйел босанып ұл тауыпты. Әлігі ұрының айтқан сөзін әйел «түсінде солай деп еді» деп баланың атын Дат қойыпты. Бала өте төптек, елге, үй ішіне тиыштық бермепті. Алдар деген



сыншыға көрсеткенде, Алдар сыншы: «Балаңның белінде алтын бар екен, балаңды үйлендір!» — деген. Сонан Датты шешесі он екі жасында үйлендіріпті. Дат он төрт жасында әйелі Сырымды туған екен.

Сырым төрт-бес жасында оқуға барған. Алты-жеті жасында күндіз оқып, түнде әр жерлердегі би, төрелердің жиналған жеріне барып әңгіме тыңдап жүріп Сырым Даттың «Қазық аяқ баласы» атана бастайды.

Бір бай Орынборға базарға келе жатып, бір топ ойнап жатқан балаға келеді. Бай балаларға жақындап келе жатып айқайлайды: «Жолдан кетіңіз», — деп. Сол кезде бай балаларға жақын келіп қалғанда, бір бала тоңқаңдап жүгіріп кетсе, байдың астындағы ат үркіп секіреді. Сонан байдың бөркі ұшып түсіп, онан аты қатты тулап, бай аттан құлап өледі. Сонан байдың елі байдың құнын қуып барады. Байдың құнын жүз жылқы деп шығарады, оны жаңағы атты үркіткен бала төлейтін болады. Бірақ баланың оған малы жетпейді. Сол төлеуді билер бітіре алмайды. Сүйтіп жүрген кезде ойнап жүрген Сырым: «осының келісімін мен оңай бітірер едім» дегенді айтады. Біреулер есітіп, билер Сырымды шақырып алады. Сырым келгеннен кейін мынадай төрелік шығарған: «Бірінші, асау ат мініп базарға жол шыққан әуелгі бай тентек, жиырма бес жылқыны бай өзі тартсын, екінші, ат үріккенде ұшып түскен бөрік тентек, жиырма бес атты бөрік тартсын; үшінші, бөріктен қорыққан ат тентек, жиырма бес атты асау ат төлесін; төртінші, қалғанын атты үркітіп тентек болған бала төлесін!» — деп үкім шығарыпты. Сол кезде Сырым тоғыз жаста деп әңгімелейді.

Сонан кейін Сырым он жеті жастар шамасында хан-төрелер тұқымынан бір адам өлтіріпті. Сол өлген кісі жағынан келген Сырымды қуып хан-төрелердің адамы келсе, Сырымның елі Сырымның өзін қару-жарағымен шығарып берген. Сонда артынан келген көп кісінің бастығы Үкі би деген кісі екен. Үкінің руы — ысық. Келген көп кісі Сырымды елі шығарып бергенсін өлтірмек болып ұмтылғанда, Үкі жолдастарын тоқтатып, Сырымға өзі оңаша жолығады. Сонда Үкі би Сырымнан екі сөз сұрапты:

— Сен аш бүйеннің боғымысың, аш күзеннің тоғымысың? — депті. Сонда Сырым:

— Ақсақал, менен қазір сөз сұрамаңыз, менің жаным өлім алдында қыдырып тұр, сөзді мен сізден сұрайын, — депті. Бір қарт қартайғанда «қазыша» дейді, бір қарт қартайғанда «қазы» деп еді, сіз өзіңіз осының қайсысы боласыз? — депті. Сонда:

— Мен біреуі болармын, — деп, жауап беріпті.

— Күндерден күн озды,  
Шаңқақтап боз озды.  
Атадан ұл озды,  
Анадан қыз озды, — депті.

Сонда бұл сөздің шешуін Сырым айтыпты:

— Күндерден күн озса,  
Үлкейгейсің дағы.  
Көлдей қамқа тозса,  
Қартайғаның дағы.  
Шаңқаннан боз озса,  
Басыңнан кетіп билігің тарағаны дағы.  
Анадан қыз озса,  
Бишаралығы дағы.  
Атадан ұл озса, еркіндігі дағы.  
Онда жұрттың несі бар? —

депті. Сонда Үкі Сырымды өлтіруден босатып, келген жолдастарын кері алып қайтыпты және Сырымды өлімнің құнынан босатыпты.

Сонан кейін Сырым атқа міне бастаған. Осы кезде Нұралы хан мен Сырым қарсы болады. Себебі Нұралы елге соның ішінде қара қазақтарға зорлық жасап, жас әйелдер мен қыздарға қысымшылық көрсетеді. Сонда Сырым елдің қамын ойлап Нұралыға қарсы тұру үшін ақыл сұрауға Алдар биге барады. Сырым Алдардан мынаны сұрапты:

— Нұралы елге көп зорлық жасап жүр, осы Нұралыны өлтірсем нағылады, құны қанша тұрады? — деп сұрапты. Сонда Алдар:

— Ханның құны көп, оған малың жете ме, ауыр айтса, ханның құны жүз жылқы, алпыс атан, орта шығарса, мың ақ қарабас қой, — депті. Сонда Сырым:

— Менде құндай төлейтін мал жоқ, — депті. Сонан кейін Алдар би тағы былай депті:

— «Ханның құны жоқ, жібектің күлі жоқ» деген де сөз бар, енді осы мінген атыңнан түспе, — депті. Бұдан кейін Сырымның өзіне қарсылық жасап жүргенін сезіп, қорқып, Нұралы өзінің билерін жинап ақыл сұрапты. Сонда былай депті:

— Сырыммен құда болсам, Сырымның ашуы таралмас па екен? — депті. Сонда билері: «құда болың» депті. Нұралының баласы Бөкей:

— Сырымға құда болма, құда болсаң, әуелі сүйегінді бұзасың, қала берсе, Сырым болса сіздің дегеніңізге көнбес, — депті. Сонан кейін Нұралы ақыл сұрауға манағы Алдар биге келеді. Нұралы Алдар биге келген жұмысын айтады.

— Сырымды мен де көрдім, Сырымның ақылы өте терең, бір ұшы көкте, бір ұшы жерде. Сырымға құда болмақ түгіл, қойныңдағы әйелінді берсең де, Сырым қара қазақтың арын жібермес, — депті Алдар. Сонымен Нұралы хан басқа ақыл сұрай алмай, жолдастарымен еліне қайтыпты. Келгеннен кейін ақылшыларына қарамастан, Сырымның қызын айттырып, құда болып, дос болысып жүріпті. Бұл мың жеті жүз алпыс бесінші жылдар шамасында екен. Сол кезде Нұралы Қаракөл деген жерде тұрады екен. Байбақты Темірболат деген аңшы сол Қаракөлдің бір шетіне қонады. Сөйтіп, кейін мылтық дауысынан ханның малы үркіп көл суына келмейді. Хан Нұралы Темірболатты шақырып алып былай депті:

— Сенің қонған жағың жау келетін жақ еді. Сіз мына жаққа көшіңіз, — депті. Сонда бұны естіген Темірболат:

— Сіздің ел жағыңызға шығып аман алып қалған жанның әнәсін пәлен етейін, — деп шығып жүре беріпті. Нұралы хан ашуланып Орынбордан жасырып әскер шығарып, Темірболатты шауып жоқ етіп жіберіпті. Сонан кейін Темірболатты Нұралы ханның жойып жібергенін сезіп, Сырым Нұралының жиын-қоныстығына келмейтін болады. Сонан Нұралы хан бір жиында Сырымды сұрапты. Сонда баласы Бөкей:

— Сырыммен құда болма, — деді. — Сырым сенің Темірболатты жойғаныңды естіген. Соны сенен болды деп, яғни Темірболаттың өлгенін сенен көріп, келмей жүр, — дейді. Содан соң Нұралы Орынбор қаласына арыз беріп, Сырымды ұстатқан.

Сол күнде Нұралының баласы Сырымның қызына қалыңдық ойын ойнап жүреді екен. Бір күні қалыңдығына келіп жатқанда, Сырымның бір інісі Нұралының баласы-

на: «Сен Сырымды түрмеге салып қойып, қалыңдық ойнайсың, өлтіремін!» — деген, бірақ Нұралының баласы қашып құтылған. Содан Нұралының баласы қашып құтылып шешесіне келіп: «Сырымның інісі мені қуып өлтіруге қалды, мен тек атымның жүйріктігінен құтылдым», — деген көрінеді. Бұл хабарды естіген Нұралының әйелі келіп Нұралыға: «Сен, құдаңды түрмеде ұстап не істеп жүрсің?» — деген соң, Нұралы барып Сырымды шығарып алыпты. Қайтып келе жатқан Сырым Нұралының үйінің үстінен жүрген екен. Сонда Нұралы Сырымға: «Құда, түсіп үйге қонақ бол!» — деген. Бірақ Сырым оған қарамай кетейін деп тұрғанда, Нұралының әйелі келіп Сырымға «түсіңіз» дейді. Сырым оған да қарамайды. Сонда Сырымның құдағиы Сырымның атының жалынан ұстап тұр екен. Сол жерде Сырым атының жалын кесіп жіберіп: «Мына қысқа кескен жал ұзын жолға қашан теңеледі, үйіңді сонда көрермін», — деп қарамай кетіп қалған екен дейді. Ашуараздықтың күшейген жері осыдан екен дейді. Содан кейін екеуін татуластырамын деп, екі құданы — Нұралы мен Сырымды Шеркеш, Тұрмамбет би деген екеуінің билігін алып Қарақол (су) деген жерге жиналатын болып шақырған екен. Сонда Нұралы он екі биі, отыз екі сұлтаны, отыз ұлы және адамдарымен үш жүз-төрт жүз кісі болып барған екен. Сонымен қатар көлденең де басқа би адамдар болған екен. Жиынға Сырым қасында бір жолдасымен соңынан келіпті. Келген бойда сөз бастап, «Нұралының қолын ал» деп ешкім айтпаған. Сонда Тұрмамбет биден Сырым: «Үш ауыз сөз сұрайын, соған бата бересің бе?» — дегенде, Тұрмағамбет би «берейін» деген көрінеді. Сонда Сырымның сұрағаны:

— Мына ұшып жүрген құс көлге қона ма, әлде көл құсқа қона ма? — депті. Сонда Тұрмағамбет би:

— Құс көлге қонады, — депті. Екінші сұрағы:

— Жалғыз атты жолаушы елге қона ма, әлде ел жолаушыға қона ма? — депті. Сонда Тұрмағамбет би:

— Жолаушы елге қонады, — депті. Үшінші сұрағы:

— Әйел келіп ерін алып кете ме, әлде ері келіп әйелін алып кете ме? — депті. Сонда Тұрмағамбет тұрып:

— Әй, Сырым, әкең жігіт болып, анаң қыз болып өскен жоқ па? Жігіт келіп қызды алып кетеді, — депті. Сонда Нұралы хан отырып:

— Әй, Сырым, тор төбелдің басын тарт! — деген дейді. Сонда Сырым тұрып:

— Тартсаң тарт, торысы менде, төбе төбелі сен! — деген көрінеді, содан соң Нұралы басқа сөзге келмейді. «Жек атты!» дейді де, жиналған қолмен аттанып кетіпті, сонда отырып Тұрмағамбет би:

— Кеше билігін беріп, бүгін кетіп қалғаны несі? — деп, қалған билер әңгіме еткен көрінеді. Сонда Сырым айтты дейді:

— Нұралының кетуі — жол, сендер Нұралыны маған жығып бердіңдер, сол себептен Нұралы кетіп отыр. Мен сендерден сұрағанда, Нұралының қолын алайын ба дегенім еді. «Ұшып жүрген құс көлге қона ма, әлде көл құсқа келіп қона ма?» дегенім, «мен Нұралының қолын алайын ба?» дегенім еді. Тұрмағамбет тұрып «құс көлге қонады» дегені, «Нұралы келіп менің қолымды алуы керек» дегені еді. Оны сендер түсінбедіңдер, Нұралы түсініп кетіп қалды, дұрыс, — деді.

Содан отырған көп қалың тарады, жұрт тараған соң, Тұрмағамбет жаңғыз кетіпті, сонда Нұралы кетіп баратып, Тұрмағамбетке келіп:

— Түреке, шақшаңды бер, — деп, насыбай сұрап атып, мынадай сұрау беріпті:

— Түреке, мен біреудің ...<sup>1</sup> сиям депті.

— Ой, Нұралым, айтып отырғаны отыз ұлың ғой, егерде қырық ұлдыға тап болсаң қайтесің? Болмаса бір тап болсаң, қайтесің? — депті Тұрмағамбет. Сонда Нұралы:

— Түреке, Есбикедей ескектей қалған екенсің, — депті. Соңда Тұрмағамбет:

— Есбике деген — әйел аты. Сен әйелден де жаман болдың, өз еліңмен өзің шабысайын деп тұрсың, — депті. Содан Нұралы өзінің келе жатқан жолдастарына қарай жүре беріпті. Сол кеткеннен екеуінің араздығы күшейіп, содан Алдар биден ақыл сұрай келіпті.

— Мен мына Нұралыны шабайын деп едім, бірақ та ел Нұралының халқынан аз болып тұр, оның да көбі байлардың балалары, соны қалай аламын? — деп сұрапты. Соңда Алдар би:

— Нұралының тұрған жерінің бергі жағында Қарасу дейтін су бар, сол судың бер жағына өз әскерлерінің алдын апарып

---

<sup>1</sup> Қолжазбада сөздер өшіріліп қалған

қойған шығар, халқыңның алды барып түскенше, олар еліне барып: «Сырымның адамына есеп жетпес, қолы қара суға келіп түсіп жатыр, әліміз келмес», — деп хабарлар да, хан қашып, сол кезде артынан қуып айламен аларсың, үйтпесе әскерің аз, ала алмайсың, — депті.

Алдардың айтуындай, Сырым батыр Нұралы хан отырған жердің қасындағы Қарасудың бойына аз ғана қолын әкеліп, саймен қайырып, көпке дейін демала беріпті. Сырымның қара құрымдай қалың қолын көрген Нұралы хан қашып, хан қашқан соң қалған адамдары кешке қарай әр сайды тасалап, босып кетіпті. Сүйтіп Сырым Нұралы ханның ауылын өз адамымен осындай айламен шауып алыпты.

## 20. Сырым батыр мен Нұралы

Сырым батыр бала күнінде он төрт жасында-ақ жорыққа аттанатын болыпты. Қалмақтан мал айдап алады. Онан он сегіз жасқа келеді. Он сегіз жасында жолдасты көбейтіп, моңғолдан таңдап-таңдап алпыс сегіз атты айдап қайтады. Астында тұлпардан туған Торытөбел аты бар, жолдастарының соңында өзі жалғыз келеді. Жылқының түстеніп кеткен жеріне өзі кешке қонуға келеді. Бір күні жылқының түстеніп кеткен жеріне қонып шығып, жалғыз өзі жүріп келе жатса, сәске түсте Жайықтың арғы тұсында Тайсойған, Бүйректіге құятын сала бар екен. Сол саланың сарлығында арғы бетінде Нұралы хан құсбегілері, билері, аңшыларымен сейілдікте аң аулап жүреді екен. Белгілі ғой аң аулап жүрген адамдардың әр бір жерлерде пытырап, жайылып жүретіндігі. Сырым осыларды көрген соң өзінің ақылымен ойлап: «Дәуде болса, бұл жүргендер Нұралы ханның аңшылары болар» — деп шамалап, «Нұралыны көрейінші, реті болса, тілдесейін», — деп (бұрын танымайды екен), жолдан бұрылыңқырап келіп: «Нұралы осы болар-ау!» — деп келсе, дұрысында сол шамалап келген адамы Нұралы болып шығады. Нұралыны ойымен танып, сәлем береді. Сол күнде Сырым батыр он сегіз жасында екен. Тасыған хан қазақтың бозбаласының сәлемін оңайлықпен ала қойсын ба?

— Сен қай тұқымсың? — депті Нұралы Сырымға. Сонда Сырым:

— Қыдырқожаның баласы — Сұлтансиық, онан туған — Байбақ, Байбақтыдан туған — Шолым, Шолымның баласы — Дат, Даттың баласымын, менің атым — Сырым, — депті. Сонда Нұралы тұрып:

— Е, Құдуардың көп тентегінің тұқымы екенсің ғой — депті. Сонда Сырым:

— Сақпардың суының бойында оғым озар ма екен, боғым озар ма екен, — деп, — оғы мен боғын жарыстырған Тоғым сарттың тұқымы едің-ау, сенің де тұқымға күлгенің бе? — депті. Нұралы атының басын бұрып жүре беріпті.

Содан Нұралы хан бір төбенің басына шығып, билерін, аңшыларын шақырыпты. Шақырған соң билер, аңшылар да келеді. Сонда Нұралы хан айтады:

— Билер, мен сендерді мезгілсіз шақырып тұрмын, шақырғанымның мәнісі мынау: анау бір кетіп бара жатқан қазақтың бозбаласы келіп сөйлесіп тұрғанда байқап қарасам, көзінің бір тамыры үш тарау болып бөлінген екен, мұнан не шығар екен деп, найзамен шабына түрткіреп қойып едім, ойымда «кейін шегінер ме екен» деген едім, ол шегінбеді, қайта өзіме қарай ұмтылды, найзамның ұшын бұрап кетті, билер сол бала кім болады?» — депті. Сонда билері әрқайсысы өз руындағы пысықша жігіттерді атап, «пәленше болар», «түгенше болар» — деп бәрі өз жігіттерін айта бастапты. Сонда алашаның Алтай деген биі тұрып:

— Е, тақсыр, бөркіңді алшысынан кигізіп кетті ме? — депті. Хан:

— Ие, солай етті — дегенде, Алтай би:

— Е, ол әлі күніне жетпей келе жатыр, күніне жетсе, бөркіңді алшысынан да кигізер, қырынан да кигізер, қырқып та кигізер, — депті. Сонда Нұралы көзін бағжытып, қатуланып:

— Сен оны қайдан білесің? — депті. Сонда Алтай:

— Тыңдаңыз, тақсыр, мен білетінімді айтайын, Байбақты Шолым деген байдың жалғыз Дат деген баласы болған. Дат қойдан қоңыр, адамның момын бір жігіті болған еді. Сол күндердің күнінде бір есерсоқ ауруға ұшырады. Бай еліндегі бақсы-балгерлерді жиып бақтырса, еш те бір ем қонбады. Сөйтіп, баласынан қорқып бай сасып жүргенде, «екі күндік жерде бір көріпкел керемет балгер бар, оның алдына барған ауру жазылмай қайтпайды, өлетін адамды болжап бірден

байқайды», — деп, дақпырт тиген соң, Шолым қуанып: «Қос атпен балгерді үйге алып келіп бақтырамын», — деп бай өзі аттаныпты. Сұрастырып барып, тауып, үйіне кіргенде, бақсы үйінің ішінде күтіп тұр екен. Шолым кіріп көрісіп, сәлемдескен соң: «Е, қонақ, сізден бұрын сіздің келген жұмысыңызды өз болжауыммен айтайын, сіздің жалғыз балаңыздың есерсоқ дертке ұшырағанына бірталай мезгіл болды ғой, сол балаңның ауруынан қорқып, артыңыз қипылдап бізге келіп тұрсыз, жинаған балгерлеріңіздің бірінен де пайда көре алмадыңыз, енді менің сізге айтатыным мынау: «Ол балаң бұл ауруынан тіпті өлмейді, оның қайта дәрежесі өседі, осы күнде балаң есер, балаңның күші бұрын қандай еді, осы күнде қандай? Балаңның бір кісілік күші болса, осы күнде он кісілік күші бар. Осыдан бір жыл өтіп, екінші жылға айналғанда, балаңның беліне бір бала бітеді. Сол бітетін балаңның буы балаңды есер етіп тұрған, онан қорықпа! Сол бала бес ай өтіп, алты айға жеткенде (анасының құрсағына түскен соң), балаң жазылып, бұрынғы қалпына келіп жазылады. Қызметің осы болса, балаң жайы осылай, егер қонақ болатын болсаң, жайғасып отыр, хош ала қонақ етемін», — депті. Бай қуанғанынан риза болып, қалтасындағы барын балгерге беріп, қонақ болмастан еліне қарай шаба жөнеліпті. Еліне келгенсін, балгердің баяғы айтулы күнінде «келін жерік» деген әйелдер арасынан әңгіме шыға бастаған. Күні біткен соң бір ер бала туып, атын Сырым қойды, сізге жолыққан сол. Бала күніне толмай келе жатыр дегенім сол, тақсыр!» — депті.

Нұралы өзінің арам ойымен: «Тоқта, мен онымен жақын болып, құда болып жүріп, оны ертерек құдыққа құлатармын, — деп ойлап, — ханы, билер, сол баланың қызы жоқ па? Мен Есімге айттырар едім», — депті. Соңынан сөз салып қараса, Сырымның қырқынан жаңа шыққан қызы бар екен. Сырым менен Нұралы құда болыпты, екі-үш жыл өткен соң, Нұралы ішіндегі арам жауыздығын өршіте келіп, қалай да Сырымменен дұшпандасуға айналыпты. Байтақтың ханы ғой, Сырымды жамандап, үстінен арыз беріп, Сырымды ұстатып, Еркотицкий деген қалаға айдатып жіберіпті. Бірақ Сырым Еркотицкий барған соң жауап алғанда, бір сөзбен ақталып елге қайтатын болыпты. Хан: «Енді ол келмеске кетті ғой» деп ойлап жүрсе, «Сырым қайтып елге келе жатыр» де-



ген аңыз елге дүңк ете түсіпті. Хан мұны естіп, енді Сырымнан қорқып: «мұнымен енді татуласып, кешірім сұрайын» деген оймен Сырымның келе жатқан жолын қарсылап, күн сайын сегіз-тоғыз әйелдермен өзінің ханымын шығарып қойыпты: «Құдағиына алданар, келсе, шылбырына оралып, үйге қонақ етуге алып келерсіз», — деп. Бір күні Сырымның келе жатқанын көріп, күтініп тұрған құдағилары көрінім жерден алдынан шығып, құдағи ханым төжім етіп сәлем беріп, Сырымның атының шылбырын суырып алып, ордаға қарай жетектей бергенде:

— Құдағи, кішкене сабырлаңыз, сіз ана басыңыздағы тақияңызды алыңызшы», — депті. Құдағи басынан тақиясын алған соң:

— Мына бұрымыңыздың бір талын жұлыңызшы», — депті. Құдағи да бұрымының бір талын жұлып алыпты, Сырым да атының жалынан бір талын жұлып алыпты да, айтыпты:

— Ал, құдағи, сіз де шашыңызды жалғыз талдап жұла беріңіз, мен де атымның жалын бір талдап жұла берейін, қашан сіздің басыңыздағы шаш пен менің атымның жалы таусылады, сонда ғана мен сіздікіне барып қонақ боламын», — депті. Ханым шылбырды қоя берді, Сырым да жөніне жүріп кетті.

Осылайша, араздықтары басылмай, дұрдараз болып жүре беріседі. Бір жыл өтеді, екі жыл өтеді. Хан мен Сырымды татуластыру үшін ешкімнің де жүрегі дауаламайды, батылы да бармайды.

Билер олай-бұлай ойланады, ретін таба алмайды. Сырымға «еңкей» дейін десе, хан Сырымды айдаптып жіберді, ханға «еңкей» деуге ханнан қорқады. Сөйтіп жүргенде, шеркеш Тұрмамбет би: «Екеуіңді татуластырам», — деп, ханды да, Сырымды да бір төбенің басына белгі етіп шақырады. Сырым жолдастарымен, хан жолдастарымен белгілі мезгілде төбенің басына келіп екі бөлек отырысады. Сонда Тұрмамбет би қолында таяғы бар, екі топтың арасынан олай бір, бұлай бір қайталап, төмен қарап қалай сөз бастаудың ретін таппай жүрсе керек. Сенделіп жүріпті де қойыпты. Тамағын кекеп, Сырымның қасына келіп би тоқтай бергенде, Сырым тұрып:

— Ей, Түреке би, мүмкін болса, сізден сұрайтын үш ауыз сөзім бар, — депті. Тұрмамбет:

— Е, Сырым батыр, сұраңыз, — депті. Сонда Сырым:

— Бірінші, жалғыз атты жолаушы елге қона ма, жоқ болмаса, ел жалғыз атты жолаушыға қона ма? — деп сұрапты. Тұрмамбет:

— Жалғыз атты жолаушы елге қонады ғой, — депті. Сырым сонда:

— Төреңе бас! — депті. Сонан соң Сырым:

— Екінші сұрауым, ұшқан құс көлге қона ма, жоқ болмаса, көл ұшқан құсқа қона ма? — депті. Сонда би:

— Е, Сырым батыр, ұшқан құс көлге қонады ғой, — депті. Сырым тағы да:

— Төреңе бас! — депті.

— Үшінші сұрауым, еркек әйелге бара ма, әйел еркекке бара ма? — депті. Сонда би:

— Е, Сырым батыр, еркек әйелге барады ғой, — депті. Сырым тағы да:

— Төреңе бас! — дегенде, Нұралы жарылып кетейін деп шақ шыдап отыр екен. Жолдастарына қарап:

— Тарт, торы төбелдің айылын! — депті. Сонда Сырым:

— Тартсаң тарт, торысы біз болармыз, төбелі сіз боларсыз, — депті. Нұралы хан тоқтай алмады, бес-алты жолдасымен кетті де қалды. Бүтін халық, Сырым да барлығы отырып орындарында қалды. Біраз отырысып, халық та тарасып, аттарына мінісіп жүреді. Тұрмамбет би де бір-екі жолдастарымен кетіп бара жатыр еді, күн ыстық еді. Көлденең бір шаң көрінеді, жақын келсе, шауып келе жатқан Нұралылар екен, үзеңгіні тірей тұра қалысыпты. Нұралы тұрып:

— Түреке би, менің бір сұрайын деп келген сөзім бар, осы қу балақ Сырым маған неге жігітси береді? Мен Нұралы хан болып тұрғанымда сол қу балақтың тақымына сифандаймын ба? Симағандаймын ба? — дегенде, сөзі орындалмай ашуланып келе жатқан Тұрмамбет би:

— Ей, Нұралы, сен осы сөзді неге таянып сөйлеп тұрсың, таянып тұрған сенің отыз ұлың ба? (ханның өз балалары он сегіз екен, малшысы, еншілестерімен қосып санағанда отыз дейді). Сен қайдан білдің? Бөлкі сен қырық ұлдыға жолығарсың, болмаса бір қылдыға жолығарсың, — деді. Сонан соң Нұралы ештеңеке айтпастан, атының басын бұрып алып, тағы да шаба жөнеліпті. Елдеріне барып біраз күн өткен соң, Сырым: «Нұралыны шабам», — деп халықты ханға қарсы әзірлепті. Нөкері толған

соң ханды шабу туралы ақылдасуға Жайық беріш Алдар биге барып, Сырым мәслихат сұрапты. Алдар сұрапты:

— Сен халықты дұрыс, әр рудан да батырлар жинадың ба? — дейді. Сырым:

— Түгел жинадым, — дейді. Сонда Алдар:

— Ал, енді халықты дұрыс жинаған болсаң, осы жерден тоқтамай бар да шап, егер бүгіннен қалсаң, өзің шабыласың, — депті. Сонымен Сырым Нұралыны шапты, Нұралы жеңіліп Уфаға қашып кетті. Балалары қашып тарап кетті. «Есімді алып кетеміз» деп, Нұралының екі-үш баласы қайтып келсе, ағаларына Есім айтыпты: «Ат басындай алтын тапсаңыз маған бермеңіз, зиян тапсаңыз, менен көрмеңіз, мен қашпай қаламын», — депті. Сонан Сырым үш жыл қатарынан хан болып ел билепті. Сол мезгілде Есім ақыл сұраймын деп ноғай Күзей биге барды. Күзей далада кездесіп, сұрасып біледі де: «Құл-қотан жиылып құда болған бұл заман, ата тұрып ұл сөйлеген бұл заман, ана тұрып қыз сөйлеген сұм заман», — депті. Күзей Есімге ауылын көрсетіп жіберіп: «Өзім малға барамын, кешірек үйге барамын», — депті. Барып қонақ болып жатады. Екі-үш күн жатады. Бірақ Күзей би әлі Есімге жүз көрсеткен жоқ. Есім рұқсат қайту бағытын білдіргенде, Күзей: «Әлі де жата тұрсын», — депті. Үш күн жатқан соң, Есімді Күзей өз үйіне шақырыпты. Бір қойды сойып, етін беріп отырып, Күзей:

— Хош келдіңіз, ал қызметіңізді айтыңыз? — дейді.

— Қызметім жоқ, «бұрын туғаннан ақыл сұра, бұрын қонғаннан қоныс сұра» деген бар еді ғой, сізге не ақылын айтар екен деп келіп едім, — депті. Күзей би:

— Менің сізге бөтен сыйлығым жоқ, сізге айтатын үш сөзім бар: көзсіз соқыр бол, құлақсыз саңырау бол, тілсіз сақау бол! — деп аттандырыпты. Сырым үш жыл хан болды. Ел де Сырым соңына түсе бастады. «Бізге хан баласы жақсы еді, Сырым бізді құртатын болды», — деп, бір уақытта халық Сырымды түсіріп, Есімді хан көтереді. Есім үш жыл хан болған соң, Есім түсіп, ханның баласы Ералы хан болды, хан жағы өте күшейді. Хан балалары ауыз біріктіріп, Сырымды ұстап өлтіргісі келді.

Бір күні ханның төрт баласы далада жүргенде, Сырымды ұстап Ералы ханға алып келіпті. Сыртта екеуі ұстап тұрып, екеуі кіріп ханға:

— Ал, Сырымды алып келдік, тез өлтір! — депті. Сонда Ералы айтыпты:

— Тентектің ісі тезде деп еді ғой, ұстаған жерде өлтірулерің керек еді, енді маған әкелгесін жауапсыз өлтіруге болмас. Мен онан бір үш ауыз сөз сұрайын, жауап берсе, құтылар, бере алмаса, тұтылар, — деді. Сырым хан алдына кірген соң:

— Жол анасы неден? Су анасы неден? Сөз анасы неден? — депті. Сырым:

— Жол анасы — тұяқтан, су анасы — бұлақтан, сөз анасы — құлақтан, — депті. Сонан соң Ералы хан:

— Қубас кім? Қубастан қуырым ет алған кім? — депті. Сырым:

— Қубас мынау болар, — деп өз басын көрсетіпті, қубастан қуырым ет алған, менен сөз сұрап тұрған сен боларсың, — депті. Ералы Сырымды босатып:

— Әй, балалар-ай, сіздікі қателік, әлі де мұны құрметтеп, қонақ етіп, қой сойып, мұның ақылын ала беру керек қой! — депті. Ақырында хан балаларының еткен қысымына шыдай алмай, Сырым Өзбекстанға қашып, сонда өлді деген хабар бар.

## 21. Нұралы хан мен Сырым батыр

Өткен күнде Нұралы хан Сырым батырға құда болам деп бір кісі жіберген. Сонда келген адамның айтқаны Сырымға Нұралы хан сөзі деп: «Досқа сәлем айт, достығымды асырайын деп ойладым, маслихат болса», — деген. Сонда Сырымның айтқаны дейді: «Тотықпас асыл болатқа алтыннан нақыш жүрмейтін, атасының салтынан қараға хан ермейтін, дариядан шыққанмен жауһар тас алтынға басын бермейтін», — деген екен. Бұл сөзді жіберген кісі ханға айтып келген соң, хан тағы да бір кісі жіберіпті сөз білетін.

Ол кісі келіп мына сөзді айтқан Сырымға хан айтты деп: «Асыл берен алмастың балдағы алтын болатын, екі жақсы бас қосса, дос болып көңілі толатын, боямалы асыл емеспіз ғой, күнге тисе, оңатын», — депті Нұралы. Сонда Сырым қасындағы отырған бір би адамға:

— Бұған не айтамыз? — депті. Сонда ол адамның айтқаны дейді:

— Жоғарыға қолын созбаған жаманның ісі, еңсеге келген жақсының қадірін білмеген наданның ісі, дұрыс айтқанды

дұрыс деген түсінетін маманның ісі деген және де айтқан сөзін қайтып алса, хан баласына өкпе арт, салған жүкті тартбай тастаса, нар баласына өкпе арт деген, — дейді. Сонда Сырым айтқаны:

— Олай болса, бек қош, хан дегені болсын, орта көңіл толсын, екі жақсы бас қосып, бір орынға бір тілекпен қонсын, — дейді.

Ал енді сонан соң құдай десіп, құда болысып кетіпті, бұл құдалыққа үш жыл өтіпті. Бір күндерде ханның өзінен басқа адам келіп, қонып жайламайтын хан көлі дегенге Сырым мың жылқы, қырық үймен келіп, рұхсатсыз қонып алған. Хан естіп бір кісі жіберіпті. «Көк орай ғой, бұ қалай? Бидің есінде болсын», — дейді, жіберген кісіге сонда Сырым айтқаны:

— Асыл, асыл,  
Асыл болсаң, шыда,  
Аяққа басыл.  
Құдай дескен дос болсаң,  
Жақсылығын асыр,  
Жамандығын жасыр.  
Екі жақсы бас қосса,  
Ағынды дариядай тасыр.  
Екі жақсы адасса,  
Балықтай басынан сасыр.  
Өзінен өзгені көрмесе,  
Халқына пайда бермесе,  
Ханды да қайғы басар.  
Ханнан келді бір сәлем,  
Алды-арты жоқ құр сәлем,  
Бұған не деп айтсақ, жарасар.  
Көк орайға шыққан көк шөп,  
Ол шөптің иесі көп,  
Сол көк орай шөпті тауысты.  
Достының малын жеп,  
Құдай дескен құдасына жіберіпті  
Хан «сәлем» деп.  
Түсінгенге бұл бір ғибрат,  
Білмейтінге салған бұл бір еп.  
Шын асыл болса, азбасын,  
Боямалы асыл болмаса,  
Айта бер ханға солай деп», —

деген. Хан жіберген хабаршы Сырым сөзін ханға айтып барғанда, хан шалқасынан түсіпті. «Құда болмайым, енді болмаспын» деп шамданып, араздықтың басы сол болған дейді. Ал енді бұлардың арасына жүріп, ешкім келістіре алмайды. Бірнеше ай, жылдар өткен соң, Алтеке Үкі бидің дуасы болып, соған қырық үй тігіп, ең жақсысы қадірлі бір үй-ді, ал енді әр рудың басты қадірлі адамдарынан ғана үш-төрт адамнан кіргізіп, басшы адамдардың басын қосармыз депті. Солай еткен. Сол үйге жақсы адамдар, басшы адамдар кірген, ішінде Сырым да болған көрінеді.

Ал енді осы жиналыста «Хан мен Сырымды басын қосып келістірем, егерде бұл екеуін келістіре алмасам, адам болып атқа мінгенім құрысын», — деп, Кердері Құнас деген отыз бір жасында тор жорға атына мініп, көп жиналған дуаға келіп, манағы жақсыларға тіккен үйдің сыртына келіп тұрғанда, ат ұстаушы жастарға айтқан: «Осы үйдегі жақсылардан, бастылардан тілейтін тілегім бар, сол тілегімді берсе түсемін, егерде тілегім берілмесе, қайтып барып үйіме түсермін. Игі жақсылардан арнайы келіп, осындай жиналыста сұраған тілекті алмасам өлген кісі болғаным», — деген. Сол сөзді жігіттер үйдегі басты адамдарға айтқан. Құнас солай деп айтады деп. Сонда үйдегі жақсылар хош болады. «Келсін, тілегін береміз», — депті. Құнас түсіпті, ал енді ақсақалдарға сәлем беріп кіріп болған соң, Құнастың айтқаны:

«Сардар бек, сары азамат толып отыр,  
Өте үлкен құрма кеңес болып отыр.  
Мынау Сырекем ханмен бірге болмаған соң,  
Құнасың соған рұхсат сұрап келіп отыр.

Жүремін екі достың арасына,  
Сөзімнің айып шаласына.  
Арада кек болғандай ешнәрсе жоқ,  
Қателік айтылған сөз арасына.

Хан ұлы қашаннан да алда жүрген,  
Қарамай қара халықтың баласына.  
Жақсылар рұхсат берсең, тілегім сол,  
Қайсылар келді-ау ханның шамасына?!» —

дегенде, жақсылар: «Рұхсат, шырағым, Тәңірім жүрген жолыңды ашсын, шайтанның уәсуасы бассын!» — деген. Халық қолын көтеріп дұға қылғанда, қараса, Сырым қол көтермейді. Сонда Құнас Сырымға қарап: «Мынау Сырым асыл туған зерек еді, ойланса, ақыл-пікірі терең еді, Сырымның шыққан тауы биік болсын, иілтіп ханды мұнда әкелуі керек еді», — дегенде, Сырым: «Олай болса, әкелсең — әкел», — дейді. «Ханды маған әкелу мақсат болса», — деген. «Жарайды!» деп халық қол көтерген тағы. Сонда Құнас ханға барып айтқаны:

— Ассалаумағалайкум!  
Алдияр, тақсыр, ханымыз,  
Ай мен күнге парымыз,  
Ортадағы жанған шамымыз,  
Бақытты ұзын ғұмыр беріп,  
Қайырлы болсын алтын тағыңыз!  
Жақсы мен жаманды тең көрдің,  
Бай мен жарлыны теңгердің.  
Екі дүние дегенде ашық болған бағыңыз,  
Қалың топты қақ жарған жылқыдағы сарымыз,  
Керуенді бастаған түйедегі нарымыз.  
Бұл уақытқа келгенше,  
Бір-екі ауыз сөздің мағынасын таба алмай,  
Кетулі беттен арымыз.  
Рұқсат берсең, хан ием,  
Сол сөзімнің мағынасын сұраймын,  
Бұған құлақ салыңыз, —

деген екен. Және де айтқан:

— Бәйгіде жабы оза ма,  
Тағы оза ма?  
Аққудың тепкініне көл тоза ма,  
Аспандағы ұшқан қуға  
Көтеріліп көл қона ма?  
Болмаса көлге келіп аққу қона ма?  
Қара халық байтақ жатқан көл еді,  
Халқын аяғына басқан хан оңа ма?  
Тақсыр-ау, құрмасы Үкі бидің болып жатыр,

Жан-жақтан нендей жақсы толып жатыр.  
 Ортада ай мен күндей сіз көрінбей,  
 Дұшпан күліп, достың көңілі солып жатыр.  
 Ортасына қара халқының сізді апаруға  
 Құнасың сол жайында келіп жатыр.  
 Келгенге осы жайдан жауап күтем,  
 Ауыздан шығар деп сөз балдай татыр, —

деген екен. Сонда хан айтқаны:

— Ау, ханым, бұл жиынға бармай болмас,  
 Тілегін Құнас мырзаның бермей болмас.  
 Ердің құны бір ауыз сөзден бітеді,  
 Шын сөзге түсінбеген адам оңбас.  
 Баралық, қара халықтың жүзін көрелік,  
 Опасыз жалған дүние болмас жолдас, —

деп, ханымды ертіп жиналысқа келіпті. Хан кірген соң есікті ашып «алдияр, тақсыр» деп халық тұрып қол алысқанда, Сырым тұрмай, қол алмай отыра берген. Хан Сырымға қарап ишаралап көріскісі келген, бірақ Сырым тұрмаған.

Сонан соң хан: «Қара халық мені бұл жиынға, бұл мәжіліске қорлауға шақырған ба?» деген ойға қалып, тым-тырыс үндеспей отырып қалған. Сонда қараман Малайсары деген сөз бастапты. Сонда айтқаны:

— Әй, жігіттер, жарандар,  
 Мен әңгіме айтайын  
 Келісіне қарандар.  
 Азғырған нәпсіге ермеңдер,  
 Шайтанға көңіл бермеңдер.  
 Нәпсі мен шайтан ел емес,  
 Өңкей жақсы жиналып  
 Ақ жүздерін көрген соң,  
 Үндеспей қалу жол емес.  
 Екі жақсы адасса,  
 Жамандар қылар келемеж.  
 Шауып қалған боз едім,  
 Орны келсе, шаппай қалатын мен емес.



Ай мен күндей жарқыраған  
Ортадағы шам еді-ау,  
Хандікі болсын бұл кеңес, —

деген екен. Сонда хан сөйлепті:

— Халқым-ау, көнеден дәурен озды,  
Көндей қалың қамқа тозды,  
Боздан шұбар озды,  
Ханнан қара озды,  
Анадан қыз озды,  
Бұл қалай? —

дегенде, Сырым айтқан көрінеді:

— Көнеден дәурен озса,  
Кәріліктің жеткені,  
Қолынан қайратының кеткені.  
Боздан шұбар озса,  
Асыл жүйрік шұбар еді,  
Сол бозбен бір жарысуға құмар еді.  
Күндердің күні болғанда,  
Шұбарың шауып озып,  
Аяғың әруағы қозып кеткені.  
Ханнан қара озса,  
Ұятсыз шіркін болғаны, —

депті Сырым. Сонан соң Қараман би дегеннің сөз бастап айтқаны:

— Ит жаманы түз қориды,  
Жігіт жаманы қыз қориды,  
Әйел жаманы ерін қориды,  
Ер жаманы жерін қориды, —

деген. — Не керек өткен сөз өтсін, кеткен сөз кетсін, ханы мен қара. халқы жарқырып күліп, жайлап сөйлей мұратына жетсін, — деп, тұрып келіп ханның қолын алып, сол ретпен халық қайтадан қолдасып, сонда Сырым да ханмен қолдасып көріскен дейді.

## 22. Нұралы ханның Сырымды қонаққа шақыруы (I нұсқа)

Нұралы хан Сырымды қонаққа шақыру үшін өзінің екі уәзірін жібереді. Шақыра келген уәзірлерге Сырым екі сұрақ қойыпты:

— Көл құсқа бара ма, құс көлге бара ма? Қонақ ордаға бара ма, орда қонаққа бара ма?

Уәзірлер:

— Құс көлге барады, қонақ ордаға барады, — деп бір ауыздан жауап береді.

— Олай болса барыңыз, — деп қайырып жіберіпті.

Бірнеше күн өткеннен соң хан өзі келіпті наразылық білдіріпті келмегеніне және уәзірлеріне сұрақ қойғанына. Сонда Сырым:

— Сіз — құссыз, халық — көл,  
Құссыз да халық күн көреді.  
Халық — орда, сіз — қонақсыз,  
Халық қонақсыз да күн көреді, —

депті. Нұралы тыңдап тұрып:

— Зордан да зор шыға алса, — депті. Сырым:

— Зордан да зор шығар және содан сенің көзің шығар, — депті. Осы ең ақырғы айтыстары екен.

## 23. [Сырым мен Тұрмамбет би] (II нұсқа)

Бір күні Сырымның келе жатқанын көріп, күтініп тұрған құдағилары көз көрім жерден алдынан шығады, құдағи ханым төжім етіп сәлем беріп, Сырымның атының шылбырынан ұстап, ордаға қарай жетектей бергенде, Сырым:

— Құдағи! Кішкене сабыр етіңіз, сіз, ана басыңыздағы тақияңызды алыңызшы, — депті. Құдағи басынан тақиясын алған соң, мына бұрымыңыздың бір талын жұлыңызшы, — депті. Құдағи бас киімін алып бұрымынан бір тал шашын жұлып алыпты, сонда Сырым айтыпты:

— Ал, құдағи, сіз де шашыңызды жалғыз талдап жұла беріңіз, мен де атымның жалын бір талдап жұла берейін. Қашан сіздің басыңыздағы шаш пен менің атымның жалы таусылады, сонда ғана мен сіздікіне барып қонақ боламын, — депті. Ханым шылбырды қоя береді. Сырым да жөніне жүре береді. Осылайша, хан мен Сырымның араздықтары басылмай, дұрдараз болып жүреді. Бір жыл өтеді, екі жыл өтеді, хан мен Сырымды татуластыруға ешкімнің де жүрегі дауламайды, батылы бармайды.

Билер әрі-бері ойланып, ақылын таба алмайды. Сырымға еңкей дейін десе, хан Сырымды айдатып жібереді. Ханға еңкей дейін десе, қорқады. Сөйтіп жүргенде, шеркеш Тұрмамбет би екеуіңді татуластырамын деп ханды да, Сырымды да бір төбенің басына шақырады. Сырым да, хан да өз жолдастарымен белгілі мерзімде төбенің басына келіп, екі бөлек отырысады. Сонда Тұрмамбет қолында таяғы бар топтың арасынан олай бір, бұлай бір қайталап төмен қарап, қалай сөз бастаудың ретін таппай, сенделіп жүріпті де қойыпты. Тамағын кенеп Сырымның қасына келіп би тоқтай бергенде, Сырым тұрып:

— Ей, Түреке, мүмкін боса, сізден сұрайтын екі ауыз сөзім бар, — депті. Тұрмамбет:

— Е, Сырым батыр, сұраңыз, — дейді. Сонда Сырым:

— Бірінші, жалғыз атты жолаушы елге қона ма? Жоқ болмаса, көл ұшқан құсқа қона ма? Жоқ болмаса, жалғыз атты жолаушыға ел қона ма? — деп сұрапты. Тұрмамбет:

— Жалғыз атты жолаушы елге қонады, — депті. Сырым сонда «төреге бас» депті. Сонан соң Сырым:

— Екінші сұрауым, ұшқан құс көлге қона ма? Жоқ болмаса, көл ұшқан құсқа қона ма? — депті. Сонда би:

— Сырым батыр, ұшқан құс көлге қонады ғой! — депті. Сырым тағы «төреге бас» дегенде, онсыз да ызаланып жарылғалы отырған Нұралы хан бір топ нөкерлерімен жиыннан тұра жөнелді. Бүкіл халық Сырымның қасында қалады. Біраз ақылдасып, халық та тарасып, аттарына мінеді. Тұрмамбет бір-екі жолдастарымен кетіп бара жатады. Күн ыстық екен, көлденең бір шаң көрінеді. Байқаса, шауып келе жатқан Нұралылар екен. Үзеңгі тірей тұра қалысыпты. Нұралы тұрып:

— Ей, Нұралы, сен осы сөзді неге таянып сөйлеп тұрсың, таянып тұрғаның сенің отыз ұлың ба? Ханның өз балалары

он сегіз екен, малшы-еншілестерімен отыз болса керек. Сен қайдан білдің, бәлки, сен қырық ұлдыға жолығарсың, болмаса бір қылдыға жолығарсың, — дейді. Нұралы ештеңе айтпастан, атының басын бұрып тағы да шаба жөнеліпті.

## 24. Нұралы мен Сырымның құдалығы

...Ханның баласы Құлтай сөзден ұтылып, ауылына келіп жай мәністі шешесіне баяндайды. Нұралының әйелі Оралға кісі жіберіп Сырымды босатуды сұрайды. Нұралы Сырымды босатып алады. Енді Сырым дәлелі болмай қызын Нұралының баласына бермек болып жүргенде, ханға қарсы тағы көтеріліс басталады. Сонда Сырым:

«Нұралыны өлтірсендер де баласы Құлтайды өлтірмендер, бата бұза алмаймын», — деп, тапсырады жолдастарына.

Сырымның жинаған қолы Нұралыны шапқанда, Құлтай төрелердің әскерімен бірге қашады. Сөйтіп жүргенде, Сұлтан-сиықтың алаша руынан шыққан аталықтың балалары Құлтайды өлтіреді. Сырымның қолына қосылмай, төрелердің әскеріне барып босқа өліп қалғандықтан, «Құлтайдың сорындай» деген сөз халық аузында мақал болып қалған.

Содан кейін Сырым қызын адай Мәмбетәлі деген батырдың баласына береді. Сырымның ондағы ойы адайды өзіне қаратып, көтеріліске жақтастарын көбейту болған.

## 25. Ақмола

(*І нұсқа*)

Есенғұл беріш Сырлыбай деген кісі қазақтың пішен шаппай, көшіп-қонып, мал отарлап жүрген кезінде Кіші жүз Тайсойған деген қонысында отырып, Бүгелі деген баласын құланға қысырақ мата деп жібереді. Ондағы мақсаты құлан суыққа шыдамды, тапыл-жал, қаба құйрық, боранға ықпайтұғын асыл тұқымды жануар болғандықтан тұқым алу болады.

Бүгелі қасына үш-төрт жылқышы жігіт алып, қос артып, он екі қысырақ байталды жетелеп, құлан іздеп Кіші жүз, Орта жүз жерінің бәрін аралайды. Ақыры бір жерден үйірлі құлан

табады. Құланның өрісіне, орманның шетіне он екі байталды шідерлеп тастайды да, сыртынан бақылап өздері алысқа қосын тігіп жата береді. Құланың бірте-бірте жылқыға үйір болып құланның бір айғыры он екі байталдың қасында қалып қояды. Байталдар түгелдей айғырдан шығады. Бұны анық біліп алған Бүгелі айғырдың өзін де ұстап алады. Қайтып келе жатқанда, жазым болып Бүгеліні құланың теуіп өлтіреді. Жолдастары ақ жауып арулап, бір биік төбенің басына қойып кетеді.

Атасы Сырлыбай келер жылында жылқының ту құйрығын және ешкінің қылын артып келіп Бүгеліге төрт құлақты биік мола салып, сыртын бормен сылайды. Мола ағарып алыстан көрінеді. Содан былай қарай әлгі жер Ақмола атанып кетеді.

Байбақты Сырымның әкесі Дат бір заман ағайыншылап Орта жүз ішіне жол жүреді. Қыс аяғы, жазғы салым болу керек, аты жүрмей болдырып әлгі Ақмолаға қонып, елсіз далада жалғыз жатып қалады. Түнде ұялы қасқырлар тап болып, Датты атыменен жеп қояды. Қалдығын қар басып қалады. Из-тұзы білінбей кетеді. Даттың қайтар уақыты асып кетеді, артынан Сырым әкесін іздетіп жібереді. Бірақ іздеген кісі таппай қайтады. Мал қараған біреу Ақмолаға кез болып, құрап жатқан адамның сүйегі мен жылқының сүйегіне тап болады. Ақыры халық арасына хабар тарап, байбақтылар Сырымға кісі жібереді. Сырым келсе, дұрысында әкесінің сүйегі екен, жинап сол арада Ақмоланың жанына көміп кетеді.

Сырым келер жылы ел жинап, қамданып жылқының қылын, қойдың жүнін артып келіп әкесіне мола салады. Бұрынғы тұрған беріш Бүгелінің моласынан да екі есе биік қып салады. Сонан кейін «Дат моласы» деген атақ жайылады. Баяғы Бүгелінің Ақмоласы деген атақ қала бастайды. Сонда себен беріш Саржала батыр бұл атақты Орта жүз ішінде болған аста отырып есітіп, әбден қанып алады. Сол садақадан ел тарасымен Даттың моласын тас-талқан етіп бұзып кетеді. Бұл істі Сырым батыр есітіп, Саржаламен араз болады және әкемнің моласын қайта тұрғызып бер деп Саржаладан талап етеді.

«Егер әкеңе мола керек болса, өзің салып ал, бірақ биік етпе, биік етсең, тағы да құлатамын», — деп күштілік айтады. Арада наразылық көп болады. Бірақ шабыншылық болмайды. Ақыры келісе алмай бұлар хан алдына барып жүгінісуге мәжбүр болады. Жүгіністе Сырымға дуан тимей қалады, себебі

Нұралы хан: «Сырым, сен әкеңді Бүгелінің моласының алдына қойыпсың, екіншіден бұрынғы тұрған моладан екі есе биік салыпсың. Мұндай шарифатты сен қайдан алдың? Бұл өлім шақыру деген сөз, қазақтың шарифатында мұндай нәрсе істеген адамға молдалар лағнет дұғасын оқиды. Саржала әкесінің моласын қазып, Даттың сүйегін далаға лақтырып тастаса да, саған дуан тимейді», — дейді. Сөйтіп, Сырым жығылып қайтады. Ақмола қаласының жанында Бүгелі мен Даттың моласы күні бүгінге дейін бар дейді.

## 26. [Сырым мен Саржала би]

*(II нұсқа)*

Ханды шабардың алдында Алдар би Сырымға: «Саржала биге барып кет!» — депті. Саржала бимен Сырым әуелден араз екен, Саржаланың көлінің қасына Сырым әкесінің моласын салады. Мола биік және үлкен болады. Бара-бара кісілер «Саржала көлі» демей, «Дат моласы» деп атап кетіпті. Оған Саржала ашуланып, қызметшілерін әкеліп бұздырып тастапты. Алдар Сырымға: «Сіздердің араңыздағы шатақты білемін. Бірақ та Саржала ханға қарсы соғысуға адам берер», — депті. Сырым Саржалаға барып жағдайын айтыпты. Сондағы Саржаланың жауабы: «Тайың құнан шықсын, құнаның дөнен шықсын!» — депті. Сырым түсіне кетіпті. «Екі жылдан соң кел» дегені екен дейді. Екі жыл өткесін келсе, құрал-сайман, кісі беріпті дейді.

## 27. [Сырым мен Алдар]

*(III нұсқа)*

Сырым тағы да Жайық беріші Алдармен кездеседі.

«Нұралы ханды шабамын дегенің дұрыс. Ол халықтың қас дұшпаны екені рас. Оны шабуың үшін тайың құнан шықсын, құнаның дөнен шықсын», — депті Алдар. Онысы күреске бір-екі жыл әзірлеу керек дегені екен. «Күш жинап ханды шабу үшін рубасы адамдардың аттарын атайды. Солар арқылы қол, қару-жарақ жинап аттанғайсың», — дейді қарт. Аталған рубасылардың ішінде беріштің Жанбай себен Саржала бар екен.

Оны атағанда Сырым Саржаламен көңілдері қоңырқай болып жүргенін айтыпты. Оның мәнісі былай болса керек. Сырым батыр әкесі Дат қайтыс болған соң, оның сүйегін беріштің бір атақты қорымына қояды. Басына биік етіп белгі соғады. Даттың белгісі алыстан көрінеді, қорым Даттың атымен атала бастайды. Мұны естіген беріштің биі Саржала қырық адаммен барып, Даттың моласын құлатып, тасын ұсатып айнала шашады да, Беріштің моласын сылап-сипап қалпына келтіріп қайтады. Сырым батыр Саржаланың бұл ісіне наразы болып жүреді екен. Соны айтқанда, Алдар: «Саржала екеуіңнің араларыңда болған көңілдің қоңырқайлығы халықтың қас дұшпаны Нұралыны шабуға кесірі жоқ. Өйткені мақсат — жауыз ханды құрту ғой. Ал оны құрту үшін күш біріктіру керек, Саржалаға барып қайту керек. Ол елден қол жинасып көмектеседі», — дейді. «Ақырында қартайып отыр деп ханға қарсы аттанарда, шалыңды ұмытып кетпе, мен де күресіңе өз үлесімді қосамын», — дейді Алдар.

Елден қол жинап болып, Сырым батыр Алдар биге келсе, қару-жарағымен, ат-азығымен жүз жігіт өзірлеп қойыпты. Жинаған қалың қолмен барып Сырым батыр Нұралы ханды шабады. Ұлын Рұмға, қызын Қырымға жібереді. Ханның қатын-баласының ішінен тек бір ханымды ел Сырымнан сұрап алып қалады. Оның аты ел «Жұмсақ ханым» дейтін Орын бөйбіше (ханым шешей) болса керек. Ал Нұралы хан қашып, Жайық бойындағы казак-орыс байларына барып паналайды.

## 28. Сырым батыр мен Байсал би

Сырым батыр шеркеш Байсал бимен құда болысады. Сырым батыр Байсалдың баласына қыз бермек болып бес жиырма мал алады, балалар ержетіп аларына келісіп, күйеу бала малын әкеліп беріп есік ашып, ұрын келіп жүреді. Сөйтіп жүріп екі жастың ынтымағы жараспай қалады. Байсалдың баласы:

— Әке, мен Сырымның қызын алмайтын болып келдім, енді Сырымның босағасын аттамаймын, малыңды қайтып ал, — дейді.

— Шырағым, балам, Сырым бізге мал қайырмайды, тентек болма, айырылыспалық, — дейді Байсал баласына.

— Жоқ, әкем, айтқан анттым бар, айтқаным айтқан. Мал солай кетсе де, алмаймын дедім, алмаймын, — дейді баласы. Шара жоқ, Байсал Сырымға адам жібереді.

— Құдаңыз сәлем айтты, өз көңілімде еш нәрсе жоқ, балалардың дәм-тұзы жараспай қалыпты, малымды беріп жіберсін деді құдаңыз, — дейді Сырымға барған адам.

— Өй, атаңа нәлет! Мен Байсалдың малын бағып беруге алып па екем? — Беріп жіберсін деп мал беретін бе едім Байсалға, бар айт, — деп, адамдарын Сырым қуып жібереді.

Біреп аптадан кейін Байсал құданың өзі келеді. Сырым баяғыша қонақ қылады.

— Ал, Байсал, сенің жұмысың маған белгілі ғой, ал бұл туралы ханға барып жүгінелік, диуан саған тисе, малыңды қайырармын, — дейді. Байсал:

— Жарайды, — деп екеуі жолдастасып жүріп отырады.

Сырым хан ауылына жақындап қалғанда:

— Ей, Байсал, екеуіміз балалар жаста құда болып, су мен сүттей араластық. Енді хан аулына барып айтысып жатсақ, ұят болмай ма? Ордада келімді-кетімді кісі де көп болар. Онанда басқа біреуге жүгінейік, — дейді. Бұны Байсал да мақұл көреді. Екеуі жолдан бұрылып, адай Атақозы биге жүгініске келеді.

— Сендердің араларыңда алғы-бергі сөз көп болар, оның бәрі маған керек емес, сендер бес ауыздан тақпақ сөзбен маған арыздарыңды айта қойындар. Байсал, сен талап иесі ең ғой. Сөз алдымен саған беріледі, әуелі сен айт, — дейді Атақозы. Сонда Байсал:

— Сырымға құда болдым даңқымменен,  
Араласып сыйласуға халқыменен.  
Бес жиырма мал бердім  
Бұрынғы ата-бабаның салтыменен.  
Қара нарға қалы кілем жауып бердім,  
Арғымақ жылқының асылын тауып бердім.  
Күндердің күнінде  
Алтын дегенім мыс болды,  
Сондықтан малымды іздеп келген талапкермін, —

дейді.

— Байсалдың құда болғаны рас даңқыменен,  
Араласып сыйласқаны да рас халқыменен.  
Бес, жиырма мал алғаным да рас  
Бұрынғы ата-баба салтыменен.  
Бұның баласы үш жылдай қалыңдық ойнады,



Құлындай байлап, тайдай жайлады.  
Өз мақсаты біткен соң  
Алмайын дегенді енді ойлады.  
Мен онысына көнбедім,  
Төре биді іздедім.  
«Төресін әділ берер» деп,  
Алдыңызға келгенім, —

дейді Сырым.

— Ал, шырағым, Байсал, балаң үш жылдай қалыңдық ойнаған болса, малың қайтқан екен, енді саған мал тимейді. Алсаң, жесіріңді аласың, алмасаң, үйіңе барасың, — дейді Атақозы.

## 29. Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр

Баймағамбет сұлтан: «Өзім теңді кіммен құда болам?» — деп, кердері Намаз биден ақыл сұрапты. Намаз би: «Сырыммен құда бол», — депті. Сұлтан айтқандай Сырыммен құда болып, біраз жылдан кейін Сырымның қызын алып келуге балаларын жіберіпті. Екі баласы ел аралап кетіп, құдалыққа артынан кешігіп барыпты. Жолдастары: «Неге кешіктіңдер?» дегенде, «Қазақтар біз үшін жаралған ғой, елден сый-сыбаға жеп қырық отаудың керегесін бояймыз деп кешігіп қалдық», — депті. Мұны Сырым есітіп: «Бұлардың не қазаққа, не бізге достығы жоқ адамдар екен», — деп, қызын бермей қайтарып жіберіпті.

Сұлтан Намаз биге: «Бізді қайткенде татулыққа келтір», — депті. Намаз: «Сол ағат сөйлеген балаларыңды алдына апарып, аяғына жық, батыр өлтірмес, ашуын басар», — депті. Сұлтан оны істемепті, соның артынша Сырым сұлтанды шауыпты. Сонда Баймағамбет сұлтан:

— А, кердері Намаз-ай,  
Ақылы көп сабаз-ай,  
Ақылыңды алмаған екем,  
Бекер өткен заман-ай! —

деп бармағын шайнапты.

### 30. Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? (I нұсқа)

Кіші жүздің атынан Россия патшасына қарауға қол қойып және патшамен көңілдес болғандығы үшін Нұралы ханға Сырым наразы болыпты. «Қалың жұртқа ақылдаспай, одан биліксіз іс қылдың» деп өкпелепті. Нұралы Сырым батырға қарындасын алған күйеу екен. Бір күні Сырым қонаққа келіп, әңгімелесіп отырып Нұралыдан:

— Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? — деп сұрапты. Оған Нұралы жауап бере алмапты.

Бұл сұраудың мәнісі: «торысы» дегені — жылқының бар денесіндегі түгін қазақ еліне салыстырғаны. Төбелін сол қалың қазақ елінің ішіндегі үркердей хан-төре тұқымына салыстырғаны. «Ат төбеліндей азғана төре аттың түгіндей тұтас көпке ақылдаспай іс қылдың, қазақ елін көтеріп шабайын ба?» — дегені екен.

Содан Сырым ел аралап елдің басты адамдарынан ақыл сұрапты. Ақыл сұраған кісілерінің бірі беріш Алдар биі екен. Бұл туралы ел аузындағы жыр былай басталады:

— Хандардың ең ақыры Нұралы еді,  
Төренің «Арқар» деген ұраны еді.  
Хан ұлын батыр Сырым шабарында,  
Ақылды Алдар биден сұрап еді...

Алдар би: «Нұралыны кідірмей шап, жылдам шаппасаң, хан елге отряд шығарып берекемізді алады», — депті.

Содан Сырым Нұралының ауылын шауып алады. Нұралы қашып Орал қазақтарының қолтығына кіріп тығылады.

Сырым содан кейін Есім ханды өлтіреді. Есім ханды өлтіруі былай болған: Есім хан жылма-жыл елден алым-салық алатын әдетінде қырық үйді қаз-қатар тіктіреді екен. Нөкерлерімен, алымшы кісілерімен сол үйлерде жатады екен. Сүйтіп хан төменгі Томпақ қаласының тұсында отырғанда, Сырым жансыз (тыңшы) салып хабар алып тұрады. Хан қаз-қатар киіз үйлердің бірінен соң біріне жатады екен. Тыңшы арқылы қай үйде жатқанын алдын ала білген Сырым таң ата Есімді төсекте өлтіріп, мал-мүлкін шауып алыпты.

### 31. [Сырымның Нұралы ханды шабуы]

(II нұсқа)

Сонымен Сырым Нұралыны шапты, Нұралы жеңіліп, Уфаға қашып кетті. Балалары қашып тарап кетті. Есімді алып кетеміз деп Нұралының екі-үш баласы қайтып келсе, ағаларына Есім айтыпты:

«Ат басындай алтын тапсаңыз, маған бермеңіз, зиян тапсаңыз, менен көрмеңіз, мен қашпаймын», — депті. Сонан Сырым үш жыл қатарынан ел билепті. Сол мезгілдерде Есім ақыл сұраймын деп ноғай-қазақ Күзей биге барады. Күзей далада кездесіп, жөн сұрасады:

— Құл-құтан жиылып құда болған бұл заман, ата тұрып ұл сөйлеген қу заман, ана тұрып қыз сөйлеген сұм заман», — депті. Күзей Есімге ауылын көрсетіп:

— Өзім малға кетіп барамын, үйге кешірек барамын, — депті. Есімді екі-үш күн жатқан соң Күзей өз үйіне шақыртып, қой сойып қонақ етіп отырып:

— Қош келдіңіз, ал қызметіңізді айтыңыз, — дейді.

— Қызметім жоқ, бұрын туғаннан ақыл сұра, бұрын қонғаннан қоныс сұра деген бар еді, сізге не ақыл айтар екен деп келдім, — дейді Есім. Сонда Күзей:

— Менің сізге бөтен сыйлығым жоқ, сізге айтатын үш сөзім бар — көзсіз соқыр бол, құлақсыз саңырау бол, тілсіз сақау бол, — деп аттандырыпты. Екі-үш жылдан кейін сұлтандар Сырымның соңына түсе бастайды. Ақыры Сырымды түсіріп, Есімді хан көтереді. Есім үш жыл хан болған соң, орнынан түсіп ханның інісі Ералы хан болады. Хан жағы күшейеді. Хан балалары ауыз біріктіріп, Сырымды өлтіргісі келеді. Бір күні ханның төрт баласы далада жүрген Сырымды ұстап алып Ералы ханға алып келеді. Сыртта екеуі ұстап тұрып, екеуі ішке кіріп, ханға:

— Ал Сырымды алып келдік, тез өлтір, — депті. Сонда Ералы:

— Тентектің ісі тез басында деп еді ғой, ұстаған жерде өлтірулерің керек еді. Енді маған әкелген соң себепсіз өлтіруге болмас, — деп, Сырымды босатып:

— Ай, балалар, сіздердікі қателік, әлі де мұны құрметпен, қонақ етіп ақылын ала беру керек қой, — депті-мыс.

### 32. Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны (III нұсқа)

Сырым жас өспірім бала күнінде-ақ қой бағуды қойыпты. Жігіттік дәуіріне жетісімен хан, билердің кеңесінде болып, билікке кірісіп сөз айтпағанмен, сөзін тыңдап отыруға құмар болыпты.

Бір күні ханның ордасында бір жұмыспен жиналып отырған қазақтардың біреулері ханның ілулі тұрған ішігін көріп:

«Жарықтық, бұл нендей аңның терісі екен?!» — деп таңырқасады. Сонда хан отырғандарға жекіріп: «Атаңа нәлет қазақ деген неткен көргенсіз халықсыңдар, бір тышқанның терісіне сонша неге естерің кетті?» — дейді. Сырым сол жерде ханның сөзіне шыдай алмай ұшып тұра келіп:

— Япырм-ай, мына сарттың тасуын қара, қазақты аяғына басуын қара! Құдай тағала 6666 аяғы, 114 басы бар бір мақұлық жаратты, сен соны білемісің? Үш күннің ішінде осы сөздің мағынасын тап, егер таппасаң, басыңды аламын, — депті де, дойырын табалдырықтан шұбатып, үйден шыға жөнеліпті.

Сырым әр жақтағы Таубай дейтін биден ақыл сұрапты: «Нұралы хан солай деді, мен былай дедім» деп. Сонда Таубай: «Хан тасқан екен, оны шаппақ керек» деп ақыл айтыпты. Сонан соң Нұралы ханның ұлын Ұрымға, қызын Қырымға жіберіп, Сырым батыр шауып алыпты. Нұралы қашып Уфаға тығылып, ақырында сонда өліпті. Сырым батыр отыз төрт жас шамасында Нұралы ханды шапқан себепті үкімет тарапынан жер аударылып, онан аман-есен келген соң, ханға қарсы күресті бұрынғыдан да күшейте түсіпті.

### 33. Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы (IV нұсқа)

Нұралы ханның бір қатынынан Сығалы Қисық деген баласы болып, бір күні бір жақтан келе жатып, бір қыз-келінге бара қонып, кемпір менен шалын үйден қуып шығып, түнде ықтиярсыз қыз-келіншекті де қастарына алып жатыпты. Сонан қарт Сырымға барып айтыпты. Сырым: «Нұралыға айт», — депті. Нұралы ханға айтса, Нұралы: «Әй, жастардың ойнаған

ойнын да айтасыңдар-ау!» — деп тыңдамапты. Сонан Сырымға барып тыңдамады деп айтқан соң, Сырым Үргеніштің ханына барып, қасындағы қазысынан сұрапты:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған ханды өлтірсе, оның құны не болады? — дегенде, қазы айтыпты:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған ханды өлтірсе, оның құны: мың кісі, мың ақ қарабас түйе, мың ақ қарабас жылқы, мың ақ қарабас сиыр, мың ақ қарабас қой, — депті. Сонда Сырым айтыпты:

— Қырық шаһ жеті шартпенен қойған хан сертінен жаңылса, не қылады? — депті.

— Ол қырық шаһ жеті шартпенен қойған хан сертінен жаңылса, оны өлтірген кісіге құн жоқ, — депті.

Сонан Сырымның Нұралыны шаппақ болып қайтып ел жинағанды естіп, Нұралы Үрімге кетіпті. Артынан Нұралының орнына Сырым хан болыпты. Бір күндерде тана Айтуған бидің Дат балалары Сырымның тумаларында талас болып, теңдік бермей жүріп, Айтуған Сырымға айттырса да тумаларына тілін алдыра алмай жүрген кезінде, бір күні Сырымның үйіне бір пақыр келіпті. Ол үйде Айтар қожа һәм айтылмыш Айтуған би де бар екен. Біреу тұрып айтыпты: «Пақырды жарылқап жібере көріңдер», — дегенде, Айтар қожа айтыпты: «Бұл пақырды халық билеген хан жарылқар болмас, қыдыр қонған бай жарылқар болмас, ханның оң тізесіндегі Айтуған секілді би жарылқар», — дегенде, Айтуған би айтыпты: «Мен несіне би болып жарылқайын, Даттың алты тентегін ханға айтып, ханнан теңдігімді ала алмай жүрмін», — депті. Сонда Сырым үйден тұра жөнеліпті, үйдегі кісінің бәрі де шығыпты. Айтуған би үйінде жалғыз қалып «есікке үш барып, үш келдім» депті.

Сонан Сырым атына мініп алып есік алдына келіп: «Айтуған, бері шық!» — деп, шығарып алып айтыпты: «Күндегенің мен болсам, көпсінгенің халық болса, мен мынау елден кеттім, қалған халық сендерге хан болсын!» — деп сарып ұрып жөнеліпті. Сонан Үргенішке барып тұрып, сол Үргеніш шаһарында дүниеден қайтыпты дейміш. Сол Сырым би айтады екен: «Үйде, өрісте, қырда қазақты аузыма қаратсам да, Даттың алты тентегіне әлім жетпеді!» — депті.

### 34. Сырым батырдың ханды шабуы (V нұсқа)

Нұралы атасы Әбілқайыр хан дүниеден қайтқан соң, оның орнына Жайықтың шығыс бетіндегі Кіші жүз нәсілдері — әлімұлы, байұлы, жетіруға хан болып тұрады. Нұралы Россия патшасына қадірлі хан болып, сырт билікті Россия патшасына беріп, елді шеңберінен қысып, мықтап ұстайды. Өзі даңқты, әрі білімді бай һәм саясатқа жетік болады. Көп әйел алып отыз ұлды, қырық қызды Нұралы хан атанады. Әр қатынның баласы басқа-басқа тәрбиеде өседі. Балалары ержетіп өз тізгінін өздері ұстаған соң, олардың жақсылары да, жамандары да байқала бастайды. Мысалы, бір қатынның баласы Бөкей кіші жүздің бір тармағын билеген. Енді бір қатынның баласы Қаратай, Есім, Орман — «бес бөрі» атанған сотқар болған. Енді бір қатынның баласы Сығалы, Қисық дегендер өте тентек, ел бүлдіргіш болған, тағы сол сияқтылар. Сығалы, Қисық «хан баласымын» деп елге азар береді, еріксіз мал сойғызып, қыз-келіншегі бар үйге ықтиярсыз қонады. Біреудің төуір малы болса, берсе қолынан, бермесе жолынан қолдап алады, ондай малдарын халық ханға айтуға қорқып, Кіші жүз Байұлы байбақты руынан шыққан Дат баласы Сырымға айтады. Сырым мен хан құда екен. Сырым Есімхан деген Нұралының баласына қыз берулі. Сырым Нұралыға балаларының елге берген жәбірін айтып, тыйым салуын талап етсе, Нұралы «балалардың ойын-күлкісін айтып не керек» деп Сырымның сөзін аяқсыз қалдырады. Екінші, ханның өзі де елдің жарамды атын қоймайды һәм үй басына алым-салық салады. Үшіншіден, Нұралының бел баласы Сырымның күйеу баласы Есімхан Сырымның аулына келіп қонақ болып жатып, түнде Сырымның қызының бір тұлымын кесіп әкетеді. «Есімханды ұстап берсін» деп Сырым Нұралыға кісі жібереді. Бірақ оны Нұралы хан тыңдамайды. Сөйтіп, батыр мен хан араз болып ел арасында жік шығады, ел қозғала бастайды. Ақырында Сырым Хиуаның ханына барып, ханның қазысынан:

— Әділ болуға шартпен тұрған ханды өлтірсе, құны не болады? — деп сұрайды. Сонда ханның қазысы айтады:

— Әділ болуға шартпен тұрған ханды өлтірсе, оның құнын төлеуге дүние жетпейді, — дейді. Сонда Сырым айтады:

— Егерде сол шартпен тұрған хан шартынан айнып екі заңға бірдей қарсылық етсе, оның құны не болады? — дейді. Сонда қазы айтты:

— Екі заңға бірдей қарсы болып, шартын бұзған ханды өлтірсе, оның құны жоқ, — депті.

Сонан кейін Сырым елге келіп жігіттерге жел беріп, көп халықты ұйымдастырып, артына ертіп, Нұралыны шаппақ болып аттанады. Бұл хабарды есітіп, Сырыммен қарсыласуға төтеп бере алмай һәм үкіметтен жәрдем ала алмай Нұралы хан қашады. Сол қашудан қайта орнын көре алмай Уфа шәһәріне барып, башқұрттармен бірге болып, ақырында сол башқұрттардың арасында дүниеден қайтады. Сырым Нұралының ауылын шауып, Есімхан деген баласын өлтіріп, Нұралының орнына 1785 жылдан кейін хан болады. Сырым қазақ халқына жағымды жақсы хан бола тұрса да, Россия патшасына бағынбай, үкіметпен қарсы болып, ақырында жауласып, өкіметтен жеңіліп, Хиуаға ығысып кетеді. Хиуаның ханымен дұрыс тұра алмай, әртүрлі амал-құлықтарына қарсы болып, амал көрсеткен себепті ақырында зынданға, яғни түрмеге алынып, сол түрменің ішінде өз қолымен у ішіп дүниеден қайтқан екен, қабыры сол Хиуа шәһәрінде.

### **35. Бөкен қарттың Сырымға берген батасы**

Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасын алайын және ақыл сұрайын деп ат, шапан алып барады. Барып қонақ болғаннан кейін Бөкен би Сырымнан келген жұмысын сұрайдды. Сонда Сырым:

— Менің сізге келген жұмыстарым — біріншіден, сіздің батаңызды алайын деп келдім, екіншіден, әртүрлі ақыл сұрайын деп келдім, — дейді.

Сонда Бөкен «саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болғандай бала екенсің» — деп, бата береді:

Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын,  
Мінезің қара жерден ауыр болсын,  
Өкпең жоқ бауыр болсын.  
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,  
Жасың алпысқа жетпесін, —

дейді. Батасын бергеннен кейін:

— Мен не десем бәрінің де мағынасы бар, қалай түсіндің, өзіме айырып бер, — дейді Бөкен қарт. Сонда Сырым:

— «Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын» дегенің — «халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе тарта біл!» дегенің. «Мінезің қара жерден ауыр болсын» дегенің — «беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма!» дегенің. «Өкпең жоқ бауыр болсын» дегенің — «не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп өкпешіл болма!» дегенің. «Құлағыңнан сыбыр кетпесін» дегенің — ел арасында дау-жанжал көп кездеседі, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс төресін бере біл!» дегенің. «Жасың алпысқа жетпесін» деген батаңызға түсіне алмадым, — депті.

Сонда Бөкен қарт Сырымға:

— Мен сенен Құдайдың берген жасын қызғанам ба, жүз алпысқа кел! Менің жасым сексен төртке келді. Жасым алпысқа келгелі алты бөлеге тап болдым. Мен сені сол алты бөледен аулақ болсын деп едім. Олар мыналар: үлкен үйге кіре алмадым, кіші үйге сыя алмадым. Қара сақалды әкем болды, қара шашты шешем болды. Ауру келді, көрілік жеңді, міне, алты бөле деген — осы, — дейді.

Сонда Сырым батыр:

— «Үлкен үйге кіре алмадым» дегеніңіз — «адамның қатары кетеді, баратын үйі таусылады, «кіші үйге сыя алмадым» дегеніңіз — өзінен жасы кіші адамдардың үйіне жасы үлкен адам шақырусыз бара алмайды. «Қара сақалды әкем» дегеніңіз — өзіңнен туған ақылсыз бала, есейген соң өкенең тілін алмайды, әкесін дұрыс баға білмейді.

### **36. Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі**

Кіші жүздің елі он екі атадан тұрады. Оны он екі ата Байұлы деп атайды. Он екі ата рулы елдің бірі Есентемір руынан құралған ел. Есентемір руының ішінде атақты Бөкен би болыпты. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Бөкен би XVIII ғасырда қазіргі Гурьев облысының жерінде өмір сүрген адам. Оның шаруасы шағын адам болу керек. Шаруасының шағындығынан ба, әлде көңілінің жаратқаны ма, өмір бойы астына мінгені



өгіз болыпты. Астыңызға ат неге мінбейсіз дегендерге, атқа мінсем, көңілім өсіп тақаппар болып кетемін деп сылтау айтатын секілді. Көк өгізді мініп бүкіл байұлын аралайды, билік айтады. Кіші жүздің елінде оның алдына шыққан, сөзіне шек келтірген ешкім болмайды.

Бөкен би жаз айының ішінде өгіз мініп, ел аралап жүргенде, бір ауылдың шетінде ойнап жүрген бір топ балаға кездеседі. Ол Даттың ауылы болады. Балалар жолаушы Бөкен биге сәлем бермейді. Сонда Бөкен би тұрып, балаларға сын тағып былай дейді:

— Балалар, аман ба? Неге сәлем бермейсіңдер, үлкен кісіге сәлем беру жол емес пе? — десе, топ баланың ішінен бір бала тұрып:

— Ата, біздердің бәріміздің жасымызды қосса, біз сізден үлкенбіз, сіз неге сәлем бермедіңіз? — депті. Ол бала Сырым екен. Бөкен би сөзден қалады. Өзін жеңілдім деп есептейді. Үндемей, жайымен өгізінен түсіп, дәрет етеді. Бөкен би дәрет етіп отырғанда, өгізі шыбындап, мүйізін шайқап жүріп кетіпті. Сол кезде Бөкен би отырып: «Балалар, ана өгіз шыбындап жүріп кетті ғой, ұстандаршы?!» — деп сұрайды. Бір бала өгізді ұстайын деп ұмтылса, бала Сырым оны кідіртіп жібермейді, өгіз шыбындап ұзап кетеді.

Бөкен би тұрып келіп, тағы да сын тағып:

— Балалар! Ана өгізді неге ұстамадыңдар, ұзап кетті ғой, — десе, Сырым тұрып:

— Ата! Бүкіл он екі ата Байұлына тіліңізді алдырғанда, астыңыздағы мініп жүрген жалғыз өгізіңізге тіл алдыра алмағаныңызға арланып ұстамадық, — депті. Бөкен би сөзден жеңілгенін сезіп үндемеді. Сырым бала күнінен сөзге шебер, ұтып сөйлейді екен деседі. Ол ауыл Даттың ауылы екен.

### 37. [Сырым мен Мөңке би]

Сырым сексен жасқа келіп, қартайып жатқан Мөңке биге барып бата алып кетейік деп барған. Барса, Мөңке би киізге оранып жатыр екен. Сырым жөнін айтқан соң, Мөңке: «Құлағыңнан сыбыр кетпесін, үй сыртынан дүбір кетпесін, жасың қырық-елуден аспасын!» — деген екен.

Сырым бұл айтқанына риза болмай қалған. Сонда Мөңке би: «А, сонда менің дәуірімді іздеймісің?» — депті. Артынан Сырым қартайған соң қадірің болмайды екен деп түсінген.

### 38. Жақынды жаралама, алысты қаралама

Кіші жүздегі он екі ата Байұлының байбақты деген руына басшы болған Бұлан деген кісі қартайған кезінде бір жиында жұртқа: «Мен қартайып жасым жетті, мына алдымдағы піскен қойдың басын біреуің келіп ұстап, байбақтыға бас болыңдар!» — депті. Сонда жұрт қаңтарылып ешкім ортаға шыға қоймаған соң аяқ жақтан Сырым шығып:

— Бәлі, аға, бас та, бастаушы да болам, — деп Бұланның алдына келіп отырыпты.

Сонда Сырым жиырмадағы жас жігіт екен. Бұлан қарт батасын беріп, содан бастап Сырым байбақтыға би болыпты.

Сырым содан кейін елдің қарияларынан ақыл алу үшін атқа мініпті. Қараман тана Малайсары биден ақыл, бата алуға жолға шығыпты.

Малайсарының аулы төменгі топайлы қаласының аузында екен. Малайсарының шаруасы шағын болса керек. Аулына келгенде, қарт азғантай қойының алдында жүр екен. Сырым сөлем беріп:

— Аға кім болдыңыз? — деп сұрапты.

Малайсары:

— Шырағым, кім болайық, осы жердегі аз үй танамыз дағы, — депті. Сонда Сырым:

— Тананың қайсысы? Жеті үй — Жиенбекпісің? Бес үй — Бессарымысың? Тышқан құлақ — Асанбысың? Төлеуден алған Құнанбысың? — дегенде, Малайсары:

— Шырағым, тананың пәленімін деп неғылайын. Танысаң — танырсың! Мен де сені танып тұрмын. Даттың аузына шайтан түкірген, бір қу аяқ баласы желігіп атқа мінді деп естіп едім. Сен сол бала боларсың! — депті. Сонда Сырым:

— Бәлі, аға, сол бала боламын. Ауылдан шыққанда сізді сөзден ұтсам, тананың алжыған шалы деп күлкі қылайын, сөзден ұтылсам, ат мінгізіп, шапан жауып батаңызды алайын деп аттанып ем, ұтылдым, батаңызды беріңіз, атыңыз — мына

астымдағы атым, шапаным мынау! — деп, үстіндегі шапанын шешіп беріпті. Малайсары екеуін де алмай, былай депті:

— Шырағым, үш сөз бар, соны ұмытпай жүрсең, халқын соңыңнан қалмас. Ұмытсаң, артыңа ермес. Ол үш сөз: ұят, борыш, обал! Одан кейінгі бір ақылым — жақыңды жаралама, алысты қаралама!..

### 39. Тұлпардың дыбысы шығады

*(I нұсқа)*

Көкі тама Есет батыр бір күні жолаушы келе жатып Даттың үйіне қонады. Сырым сонда бесікте жатқан бала екен. Есет кетерінде:

— Құдағи келін, мынау бесіктегі сәбиді таза асырап, жақсы баға гөр, жылатпа, — деп тапсырады.

— Осы баладан өзімнің де зор үмітім бар, жылағанда өксігі басылмай мамасын ембейді, көзі қызарып, жүрегі дүрсілдей береді, — депті анасы.

Сол Сырым он бес жасына келген соң даладан бір түйені әкеп сойып, қадірлі жылы-жұмсағын алып жол жүріп, Көкі тама Есет батырға барады.

Тоқсан жаста қартайып отырған Есет батыр келініне бір күні:

— Балам, тұлпардың дыбысы шығады, көздеші, — дейді. Келіні далаға шығып, атын байлап, түсіп жатқан адамды айтып келеді. Есет алдынан шығып амандасып, Сырымды қарсы алады, сыйлап бірнеше күн қонақ қылып ақыл айтады:

— Балам, Сырым, жеті атаңа дейін даңқың үзілмесін, құлағыңнан сыбыр, сыртыңнан дүбір кетпесін, жорытқанда жолың болсын! — деп батасын беріп аттандырыпты.

### 40. Ескі әңгіме

*(II нұсқа)*

Тама Есет батыр бір күндерде жолаушы жүріп келе жатып Даттың үйіне келіп түсіп, түстеніп жатқан көрінеді. Сырым бала бесікте екен. Түстеніп кетерінде құдағайға келіп:

— Шырағым, мынау бесіктегі жатқан сәбиді жақсылап бақ, таза асырап өсіргейсің, аманат деп кетем, үлкен болғанда жақсы адамның біреуі болар», — деп кетіпті. Мамасы айтқан:

— Жарайды, атай, бағып қараймын. Қалайда былайғы балалардан құлқы басқа. Білмеймін, ашуланып, көпке дейін мамасын ембейді, екі көзі қызарып, өкпесі дүрсілдеп», — деген.

Сол Сырым ес кіріп, он бес жасқа келгесін, бір күндерде сөзден сөз шығып, мамасы: «Шырағым, сен бесікте жатқанда, тама Есет батыр деген қарт келіп түстеніп кеткен. Кетерінде сені маған аманаттаған. Жақсылап бақ, жылатпа, ес кіріп адам болса, жаман болмас, адам болар деп еді», — деген. Соны естіп Сырым жылқыдан бір семіз биені әкеліп сойдырып, егін пісіртіп, жая-жал, қазы-қартасын пісіріп алып бір атқа артып, Есет батырдың үйін іздеп тапқан көрінеді. Батасын алам деп үйге жақын келгенде, Сырым астындағы шұбар ат кісінейді. Есет тоқсан жасқа келіп жатыр екен. «Келін, шырағым, шығып қарашы, алыстан келе жатқан жолаушы-ау, бір тұлпардың дауысы құлағыма келеді», — дейді. Келін шығып қараса, ат жетегі бар. «Шұбар атқа мінген бір жас адам келіп тосып жатыр», — дейді. Есет таяғын алып қонақтың алдынан шығыпты. Келген бала «ассалаумағалайкум» деп қолын алғанда, қолын ұстап тұрып:

— Сен Сырым деген баламсың ба? — дейді.

— Атай, мен Сырым боламын, — деген. Үйіне келіп түскен соң, атайға әкелген сыбағасын беріпті. Жеп болып:

— Шырағым, Сырым, менен не сұрайсың? — депті.

— Әй, атай, қалған батаңды үміт етіп келдім, — деген.

— Жарайды, қалғаны болса, Тәңірім қабыл етсе, сенен аямас деп, жай қолыңды дегендегі берген батасы дейді:

— Я, балам, Сырым, жеті атаға дейін даңқың үзілмесін, қызметің түсіп жат адамға көзің сүзілмесін, құлағыңнан сыбыр кетпесін, үй сыртынан дүбір кетпесін, дұшпанның қолы жетпесін, досыңның тілегі босқа кетпесін! Аллаһу әкпәр жолың болсын! — деген екен.

#### **41. Сырым батырдың тама руы Есет батырға бата алуға барғанынан** (III нұсқа)

Есет батырдың қартайған кезі екен. Сырым батыр «бата аламын» деп барса, жас әйелі үйінің қасынан қарсы алыпты. Сырым батыр амандасып, әйелден:

— Есет батыр үйде ме? — деп сұраса, жас әйел:

— Жатыр ғой алжығаның, Есетті іздеп жүрген сен де бір есің кеткен неме екенсің», — деп жауап беріпті. Бұл сөзге Сырым батыр қатты ашуланып, қылышын қынабынан суырып, әйелді шаппақшы болыпты. Осы сәтте Есет батыр сырттағы дауыстарды естіп шығыпты. Қылышын ұстап тұрған Сырым батырды тоқтатыпты. Сәлден соң: «Алысқа келген адамға алпыс пәле жабысады. Сол алпыс пәленің бірі жас әйел екен. Жұмысың менде шығар, маған кел», — деп Есет өзіне шақырыпты. Сырым көтерген қылышын көлеңкеде жатқан итке сілтеп, шауып тастап үйге кіріпті. Аман-сау алысып, жөн сұрасып: «Даттың баласымын», — депті Сырым.

— Маған қандай келдің? — депті Есет.

— Жұмысым сізден бата алу еді, — деген Сырым батыр. Батамды кез-келген адамға бермеймін. Сұрағыма жауап берсең беремін, — депті Есет. Бірінші сұрағым:

— Досың көп пе, дұшпаның көп пе? Сырым:

— Досым көп деп жүрмін, — деген.

— Досың кім? — деп сұраған Есет. Сырым:

— Досым Алаштың азаматы. Дұшпаным жаман туған туысқаным. Екінші сұрағым:

— Жігіттің неше жұрты бар? Сырым:

— Жеті жұрты бар, — деп жауап берген. Есет:

— Нағыз жұрты нешеу? Сырым:

— Үшеу, — деген. Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Өз жұрты күншіл болады, нағашы жұрты тілекші болады, қайын жұрты сықақшыл болады. Абзалы: нағыз жұрты — нағашы жұрты, — депті Сырым. Сырымның осы берген жауабына риза болған Есет:

— Отындық ағаштан оқтық мүсін шығады, — деген тентек шіркіннен де бір бала туған екен. Жай қолыңды, — деп батасын беріпті. Сырым атына мініп, Есетке: «Ауылыңнан дүбір кетпесін, құлағыңнан сыбыр кетпесін», — деп, бір-екі ауыз сөз айтып, ризашылығын білдіріп өз жөніне кетіпті.

## 42. [Сырым мен губернатор]

(I нұсқа)

Сырым батыр Ресей мен қазақ шекарасына, қазақ жеріне қала салуға қарсы болады, қалың қол жинап: «Елек суының

ар жағына Елек қаласын салдырмаймын», — деп, салынған үйлерді өртеп жібереді. Сондықтан Елек қаласын қазақ «Күйік қала» деп атап кеткен. «Текенің аузына Мұнайлы (қазіргі Подстепный) салдырмаймын», — деп, Сырым шауып алыпты.

Осындай істерінен кейін Орынбордың губернаторы Сырымды шақыртып, Сырым батыр бармайды.

Сырым шақырғанға бармаған соң, патша өкіметі Сырымға заттай сыйлық беріп жіберіп те көрген. Сырымға Ғұбайдулла, Фатхулин және Әбілпейіз Мансұров деген молдалар жіберіледі. Бұларға әйел патшадан келген сыйлықтар мен генерал-губернатор Пеутлингтің хатын Сырымға апарып беру тапсырылады. Сырымның аулына келгеннен кейін молдалар оған сыйлықтарды және хатты тапсырады.

Сырым батыр сыйлық келгенде, әр рудан адам шақыртып алып: «Патшадан маған сыйлық келді, олжа алыңдар», — деген. Бірақ жұрт: «Бұл сізге келген сыйлық қой, сондықтан өзіңіз алыңыз», — дейді.

#### 43. Менің губернаторда жұмысым жоқ (II нұсқа)

Сырым батыр Руссия мен қазақ шекарасына, қазақ жеріне қала салуына қарсы болады, қалың қол жинап: «Елек суының жағасына Елек қаласын салдырмаймын», — деп, салынған үйлерді өртеп жібереді. Сондықтан Елек қаласын қазақтар «Күйік қала» деп, атап кеткен.

Текенің аузынан Мұнайлы /Қазіргі Подстепной/ салдырмаймын деп шауып алыпты. Осындай істерінен кейін Орынбордың губернаторы Сырымды шақырыпты. Сырым батыр:

— Менің губернаторда жұмысым жоқ, оның жұмысы болса, өзі келсін, — деп, жауап қайырыпты.

Губернатор Сырымға:

— Менің сізде жұмысым жоқ, сізді патша шақырады, сізді көремін, — депті. Сырым:

— Мен бара алмаймын. Лауға мініп көргенім жоқ, орысша тіл білмеймін. Керек болса өзіме тең кісі жіберейін, — деп Малайсарыны жіберіпті.

Патша Малайсарыға сый-құрмет көрсетіпті. Жақсы, кең сарайларын, салтанаттарын аралатып жүріп, бір бөлмедегі бір

суретті көрсетіп «мынау не» дегенде, Малайсары кідіріп қалады. Басқа бөлмедегілердің бәрін мүдірмей таныған екен. Малайсары мүдіріп қалғанда, патша: «Сырым кім баласы?» — депті. Малайсары: «Дат баласы», — депті. Сонда патша езу тартып «Адамнан туса, адам баласы болса болар» деген екен. Малайсары тани алмай қалған суреті құмырсқаның үлкейтіп салған суреті екен. Патшаның «Сырым кім баласы?» деген себебі — оны орыстардың бірқатары адамның баласы емес, Құдайдың баласы дейді екен. «Адамның баласы болса, болар» дегені, «Құдайдың баласы болмаса, оны бірдеме етерміз, түбіне жетерміз» дегені екен патшаның.

#### 44. [Сырым мен Перовский]

Сырым батыр заманында Текенің екі басты ұлықтарыменен қатты дос болған екен. Оның біреуі — губернатор Перовский, екіншісі домуправления деген екен. Осы екеуінің бірі бір күндері Сырымды шақырып алып:

— Ау, Сырым батыр, сені тұтқынға ал деген патшадан бұйрық келді, сен енді менің рағиямнан тай! Тайсаң, мен сені іздеймін, таймасаң, тұтқындамасқа шарам жоқ, патшадан қорқамын, — депті.

— Жарайды, шын достығың болса, таяйын. Тек менің сізге мынандай тапсыратын жұмысым бар, орындаймысыз? — дейді Сырым батыр.

— Орындайын, — дейді губернатор.

— Орындайтын болсаңыз менің артым саған аманат: әуелі халқым, екінші қатын-балам, соның ішінде айырықша Қазы балам, алдыға келсе, талабын қайырмағайсың, — дейді Сырым.

Қазының Текеге өктем баратыны осыдан екен, Сырым батыр баласына айтып кетсе керек. Өйткені Сырымның арты тыныш болды, халық онша жәбір-жапа көрген жоқ, қатын-баласына да көз алартқан ешкім болған жоқ. «Ал Исатайлардың артында жәбір-жапа шеккен адам көп болды», — деп айтып отырар еді бөкейлік қарттар.

## 45. Сырымның Мөңкені жеңуі

(I нұсқа)

Сырымға бір жолаушы шекті елінің бір малшысы сізге «бере сал» деп еді деп екі жапырақ ескі шүберек береді. Сырым шүберекті тана Қоске би мен Бөкен биге көрсетеді. Сонда Бөкен би былай дейді:

— Мынаны шаршылап кесіпті-ау! Шаршының шеті екен. Басым байлаулы, аяғым тұсаулы дейді ғой шамасы. Мынаны үшкілдеп кесіпті, көйлектің шеті-ау, сірә, адамның төніне көйлектен жақын не бар? Сенің төнің, сенің сүйегіңмін дейді ғой!

— Бұл біздің елдің шектіде қорлық-кемдікте жүрген бір әйел адамы болар. Сырым, сен барып алып қайт. Көзіңе шарапшын ки, қарт-жас екенінді білдірме, айтыса қалса, Мөңкенің алдына бар, — дейді Қоске қарт отырып.

Сырым шекті еліне барып: «Осы елге бір қарындасым еріксіз кеткенекен, алып қайтайын деп келдім» деген соң, шектінің билері: «Адамыңның ата-тегін, аты-жөнін айт», — дейді. Сырым атай алмайды. «Ендеше, саған ел аралатпаймыз, адам бермейміз», — дейді. Сырым айтысып Мөңкенің алдына барады. Мөңке:

— Сырым, қуып келгенің қара дау екен, қараңғы билік беремін, — депті.

— Разымын, — дейді Сырым.

— Сырымға киіміндей киім кигізіп, атындай ат мінгізіп, қырық жігіт қосыңдар. Сырымның қарындасының қасына бір түсті киіндіріп қырық қыз-келіншек қойыңдар. Аулына барғанда, қарындасы ағасын танып атын ұстаса, қарындасын қайырыңдар, жаңылса, жазығы өзіне, адам бермендер, — деп, билік қылады. Сырым қырық кісімен аулына жетіп барғанда:

— Батыр ағам, аман келдің бе? — деп, қарындасы Сырымның шылауына орала кетеді.

Бұл — Байұлынан шектінің құрылары барымтаға әкеткен Дәуіт қызы Нұрғаным еді.

Мөңке би Нұрғанымнан:

— Сен осынша көптің ішінен ағанды қалай таныдың? — дегенде:

— Басқа жігіттер аударысып ойнап келеді екен; менің ағам төмен қарап мұңайып келеді екен, — депті.

— Қырық қыз-келіншектің ішінен қарындасыңды сен қалай таныдың дегенде:



— Мен қыз-келіншектердің киіміне емес, өңіне қарадым. Қарындасымның өңі сынық, назары пәс екен, — депті Сырым.

Сырым көзінің шарапшынын шешкенде:

— Бала, қара дауға жастай үйір екенсің, ұзақ жасамас-сың, — деп, Мөңке жас адамнан жеңілгенін ауырлап жантая кеткен екен.

## 46. Сырымның үш қасиеті

*(II нұсқа)*

Бір топ жолаушы Сырымды іздеп келе жатса, алдарынан бір әйел шығады. Жөн сұрасып, әйел жолаушылардың Сырымға бара жатқанын біліп, беріп жіберетін аманаты бар екенін айттып, оны Сырымға жеткізуді өтінеді.

— Ол не аманат, жеңіл ме, ауыр ма? — деп сұрайды жолаушылар.

— Қадірін білсеңіз, жеңіл де емес, алып жүруге ауыр да емес, — дейді де әйел басындағы орамалын көтеріп бір тал шашты желкесінен, бір тал шашты төбесінен, енді бір тал шашты маңдайынан жұлып алып жолаушыларға береді. Содан кейін оң жақ қолтығынан бір жапырақ шүберек жыртып береді. Тезек теріп жүрген қабының бір жұлымын жыртып алып, оны да Сырымға жеткізіңіз деп береді. Жолаушылар «мұны кім берді деп айтамыз» дегенде, әйел «Сырымның өзі біледі» деп жауап қайтарады. Жолаушылар Сырым ауылына келіп, болған мәнжайды айтып, аманатын тапсырады.

— Сендер мұны не деп шештіңдер? — дейді Сырым. Жолаушылар шеше алмағандарын айтады.

— Бұл әйел байбақты көрінеді, елден ерте кеткен екен. Желкеден шаш алғаны — туған жерім, туысқан елім артымда қалды дегені. Төбеден шаш алғаны — содан бері мына бастан бірталай уақыт өтті дегені. Маңдайынан шаш алғаны — әлі жаспын, алдағы өмірден үмітім бар дегені. Көйлектің оң жақ қолтығынан шүберек жыртып бергені — қолтықта бауыр бар. Мен сенің бауырыңмын дегені. Байбақтының баласы екенін осыдан білдім. Қаптың жұлымын бергені — үйге тезекпен кіріп, күлмен шығып күң болып жүрмін дегені, — дейді Сырым сонда.

Біраз күн өткен соң Сырым іздеп әйелдің аулына келеді. Мұндағылар Сырымды қонақ етіп біраз жатқан соң ауылдың бір үлкен ақсақалы:

— Не жұмыспен келдің? — деп сұрайды. Сонда Сырым:

— Саған арзан, маған қымбат, сенің қолыңда менің бір сүйегім-қарындасым жүр екен. Пұлын алып бересің бе, құнын алып бересің бе? — дейді.

— Бұрын сен ол қарындасыңды көріп пе едің? — дейді ақсақал.

— Жоқ, көргенім жоқ! — дейді Сырым.

— Ендеше, — дейді ақсақал, — бір түсті киінген қырық әйел, қырық еркек қарама-қарсы жүріп, сол уақытта бір-біріңді танысаңдар бірге ауылдарыңа қайтыңдар, танымасаңдар, осында қалады. Сөйтіп, қырық еркек пен қырық әйел қарама-қарсы жүргенде, көп әйелдің ортасында келе жатқан байбақтының қызы қасында келе жатқан әйелдің құлағына:

— Анау қырық адамды бастап қырық бірінші болып келе жатқан менің ағам Сырым, — деп сыбырлайды. Сырым да Байбақтының қызын тани кетеді. Сонда ақсақал:

— Бір-біріңді қалай таныдыңдар? — деп сұрағанда, Сырым:

— Қырық әйелдің ішіндегі отыз тоғызы өтіп бара жатқан еркектің бөрінің бегіне қарап санап шықты, ал мына әйел қатарымнан асып кеткенше менен көзін аудармады. Содан таптым, — дейді.

Ақсақал әйелден:

— Сырымды қалай таныдың? — деп сұрағанда, әйел:

— Мен Сырымда ерекше үш қасиет бар: бірінші — батырға біткен тұлғасы, екінші — өжет мінезі, үшінші — асқан даналығы бар деп еститін едім. Қырық жігіттің ішінде Сырым маған қыран топшылы, толық денелі, кең кеуделі, жалпақ төсті, жолбарыс бетті болып көрінді. Басы да елден ерек, торсық шекелі екен. Мен Сырым ағамды осыдан білдім, — депті.

Сөйтіп, Сырым байбақтының қызын күндіктен құтқарып ауылына алып қайтқан.

## 47. Сырымның әйелге қамқорлығы

(III нұсқа)

Осы алшынның екі адамы сол арғын жаққа барып ауылға қайтып келе жатқанда, жолда қой бағып жүрген бір әйелге тап болып, жөн сұрайды. Сонда әйел «Сіздер Сырым дегенді

білесіздер ме?» — деп сұрайды. Бұлар біліп шығады. Сондай әйел басындағы шаршы орамалының ұшынан, үстіндегі көйлегінің қолтығынан екі жапырақ шүберек жыртып беріп: «Осыны Сырымға тапсырыңдар», — деп өтінеді. Бұлар ауылға келгеннен кейін жаңағы әйелдің екі жапырақ шүберегін Сырымға әкеліп береді. Сырым оны өздігінен шеше алмай, баяғы есентемір Бөкен би мен тана Қоскен билерге әкеліп беріп, мән-жайды айтады. Сонда Бөкен би: «Мен жастауымын ғой мына Қоскеңе бер», — дейді. Сонда Қоске:

— Басындағы орамалынан бергені — басым байлауда жүр, мені осы тұтқыннан құтқар дегені. Ал көйлегінің қолтығынан жыртып бергені — денеге көйлек жақын ғой, мен сенің жақыныңмын дегені — деп шешеді.

Бөкен мен Қоске:

— Шырағым, сен бала болғанмен бастай едің, дауға шебер едің, қасыңа жолдас ертіп сол әйелге барып алып қайт, «бермейміз» деп айтыса қалса, сол елдің Мөңке деген биі бар, соның алдына барарсың, — дейді.

Сырым жолдастарымен арғынның Мөңке биіне барып:

— Сіздің қарауыңызда менің жақын қарындасым қой бағып құлдықта жүрген көрінеді. Сол қарындасымды босатып ауылға алып қайту үшін келдім, — дейді. Сонда Мөңке Сырымға былай дейді:

— Өзіңмен қырық жігітті бір түстен киіндірем, біреуі сен боларсың. Ал ол жақтан қырық қызды бір түстен киіндіріп қарсы шығарам, біреуі сенің қарындасың болады. Қарсы келгенде, екеуің біріңді-бірің тани табанда көріссеңдер, қарындас сенікі, болмаса бере алмаймыз, — дейді.

Сол қалпымен қырық жігіт, қырық қыз қарсы келгенде, әлгі тұтқын әйел:

— Арыстаным, аман келдің бе? — деп, Сырымның қолын алады. Сонда Сырым:

— Асылым, аман жүрмісің? — деп, қолын береді.

Екеуі танысқаннан кейін қайтадан Мөңке биге келеді. Сонда Мөңке әйелге:

— Сіз, көп адамның ішінен Сырымды қайдан таныдыңыз? — дейді. Сонда әйел тұрып:

— Келе жатқан жігіттердің біреулері жан-жағына қарайды, ал біреулері күліп-ойнап келеді. Мына менің ағам Сырым бір

қалыпта тұнжырап келеді екен. Жоқ жоғалтқандай, дұшпанда кеткен кегі кеткендей, түсі тұнжырап келе жатқан алшынның арыстаны осы болар деп көрістім, — дейді. Сырымға Сіз қайдан таныдыңыз! — дейді. Сонда Сырым:

— Қайғысыз адамның бетінде жарығы бар, қайғылы адамның бетінде салығы бар, мен содан таныдым, — депті.

Мөңке би әйелді Сырымға береді. Сырым ауылға алып келгеннен кейін төркіндері:

— Сіз өзіңіз осы қызды жаттан алып келдіңіз, енді өзіңіз өкіл аға болып өз қолыңыздан ұзатыңыз, — дейді.

Сырым өз қолынан қызды ұзатып, өз теңіне әлім Дербісәлі дегеннің баласына қосады.

#### 48. [Сырымның әйелге қамқорлығы]

(IV нұсқа)

Кіші жүздің Орта жүзге берген бір қызы бар екен. Орта жүзге барған Кіші жүздің жігіттерінен бір күні қыз көйлегінің үшкілін беріп жіберіпті. «Өздері білер», — деп. Бірақ та Кіші жүздің көп кісілері шеше алмай Алдар биге барыпты. Алдар би көйлектің үшкілін көріп:

— Біздің Орта жүзде бір қыз бар екен, бейнет көріп жүрмін, алып кетіңіз дегені болар, — депті. Танымайтын қызды алып келуге Сырымды жібереді. Сырым келіп сол елдің Мөңке би дегеннің үйіне келеді. Қыздың аты-жөнін білмегесін Мөңке би Сырымның қасына бәрі бірдей киінген қырық жігіт, қырық бірінші Сырым қылып ертіп жіберіпті және сол ауылдан қырық бірінші қыз киініпті, сосын барлығын кездестіріпті.

Сырым қыздың біреуімен құшақтасып жылай кетеді. Сол қыз іздеп келген қызы болып шығады. Мөңке би Сырымға:

— Қалай таныдың? — депті.

— Қырық қыз тойдан қайтқан кісілерше күліп-ойнап келе жатыр екен, менің қарындасымның өңі оларға тартпаған, сынық екен, — депті. Сонда Мөңке би Сырымға: Жасыңнан қара дауға әуес болған екенсің, сірә жаның ұзақ болмас екен, — депті.

## 49. Сырым батыр мен Ақсуат би

Байұлының әлім елінде жүріп бір кісісі өлген екен. Соның құнын алуға Байұлынан байбура Сырым, есентемір Бөкен, қылыш Кестен, шеркеш Арыстанбай, амандық Қаракемпір, шеркеш Асау мен Тұрлан, беріштен Айтуар бас болып, небәрі он екі кісі болып жүріпті. Құн алатын ауыл Бұйырғын деген жайлауда отырады. Оның Ақсуат деген биі бар екен. Ақсуатқа ел тек құн мәселесімен барады екен. Би аулынан екі-үш шақырым жерге жолаушы ат байлайтын ағаш белдемесін жасатып аулына аттылы кісі келтірмейді екен. Байұлының адамдары белдеме ағашқа келгенде, Сырым батыр:

— Бұл ағашқа атты байламайық, екі-үш шақырым жерден жаяу-жалпылап баратын біз әлімге келінбіз бе? Неде болса аулына атпен барып түсейік, — дейді. Ауылға келген соң, Ақсуат би алдарынан шығып:

— Елмісіңдер, жаумысыңдар! Алдарыңда құрулы ағашты көрмей, ауыл үстін тал түсте шаңдатып жүрген не қылған көргенсіз елсіңдер! — деп ақырыпты.

Сонда Сырым батыр ат үстінде тұрып:

— Ел десең, елміз, жау десең, жаумыз. Айдаладағы ағашқа атын байлап аулына жаяулап келетін бізді ұры деп тұрсың ба, не әлімнің келіні деп тұрсың ба? Би, бізбенен дұрыстап сөйлес, — депті.

— Өздерің нешеусіңдер? — депті Ақсуат даусын бөсеңдетіп.

— Он екі ағайындымыз, — депті Бөкен Сырыммен қатарласа беріп. Ақсуат би сонда ауыл жігіттеріне:

— Түсіріңдер, он екі ата Байұлы атқа мінген екен, — депті. Аттан түсіп жайғасқаннан кейін де би сөз қата қоймаған соң, Сырым:

— Би, жөн сұраса отырайық! — дейді.

— Менің не жөнімді сұрайсың? Өз атым — Ақсуат, жерімнің аты — Бұйырғын, әлімнің қаққан қазығымын, маған тірелмей іс кетпейді, — депті.

Сонда Сырым:

— Би, жөн білсең, суатпын деп мақтанба! Су жаманы — суат, қасынан соқпақ кетпейді. Қазықпын деп мақтанба, мүлік жаманы — қазық, басынан тоқпақ кетпейді. Жерім Бұйырғын деп мақтанба! Бұйырғын деген шөп болады, жеген жылқы тоқ бо-

лады. Тоқ жылқыны сойылдап аларман айдаса, жоқ болады, — депті.

— Ал, жігіттер, жайларыңа түсіндім, енді жұмыстарыңды айта отырыңдар, — депті сонда Ақсуат би. Сырым тақпақтап:

— Тірі малдың өзі қайтсын,

Өлі адамның құны қайтсын.

Өткен өрелі болсын,

Қалған салауат болсын! — депті. Сонда Ақсуат:

— Айтуыңыз рас, Байұлының бір кісісі бізден өлуі рас, Ердің құны мың қой, үлеске келсе, үй басына бір қой, не қысырақ. Адамыңның құны қырық қысырақ, айыбы қалы кілем жапқан қара нар болсын, — депті. Байұлы осыған келісіп, бітісіп қайтыпты.

## 50. Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы

*(І нұсқа)*

Сырым қалың қолмен Нұралыны шауып алысымен, ханға патшадан көмекке көптеген салдат келеді. Сырымды әскерлер жеңіп, Сырымның бірнеше жолдастарын тұтқынға алады. Сөйтіп, Сырым бастаған көтеріліс басылады. Қалған жолдастарымен Сырым бұл жақтан кетіп Түрікпен, Бесқала, Хорезм қалаларына барып көмек сұрайды. Ханды қайта шаппақ болады. Бірақ ол жақтың хандары мен бектерінің көпшілігі төрелер екен. «Еңбектен қашса — дөңбекке» дегендей ол жақтағы төрелермен жауласып, бұл жақтан көмек алам десем, бұл жақта да төрелер екен ғой», — дейді Сырым батыр. Ол елдің де төрелерімен, хандарымен үйлесе алмайды. Нашар адамдарға зорлық жасағанына шыдай алмай, хандарға қарсы шығады. Артына ерген ел адамдары жорықтан қажып елге қайта бастайды.

Хорезм хандары Сырымды озса — құтылу, қалса, өлтіру әрекеттеріне кіріседі. Бір күні Хорезм хандары мен бектері мешітке намаз оқиды. Намаз артынан қол жайып батиқа жасағанда, Сырым бұшпақ ішігінің жеңімен бетін сипайды. Сонда хандар:

— Әй, қазақ, сен батаны жеңіңмен жасағаның қалай? — дейді.

— Менің жеңімнен бата өтпей қалса, сендердің оқыған намаздарың мешіттен өтпей қалады ғой, — дейді Сырым.

Күндерде бір күні хан Сырымды сөзден тоқтату мақсатымен:

— Әй, қазақ ағайын, сіздің елдің тілдері қалай? Жалғамас сөздер көп болады екен. Мысалы, «жігіт-мігіт», «ас-мас», «қыстау-мыстау» дейді. Ол не сөз? — дейді.

Ханның сұрауларына Сырым былай деп жауап берген екен:

— Қазақ балуанға түскенде жықса, ел үшін еңбек етсе, елін жауға алдырмаса, соны «жігіт» дейді. Жоғарыдағы айтылғандар қолынан келмесе, оны «мігіт» дейді.

## 51. Хиуа ханы мен Сырым

*(II нұсқа)*

Сырым батырдың келе жатқанын естіген хан алдынан үй тіккізіп, құрмет көрсетіп, алдап қолға түсіруді ойлайды. Ең болмаса елге күлкі ғып, абыройын түсіріп жібергісі келеді.

Сырым хан ордасының табалдырығын аттай бергенде, хан:

— Батыр, аяғыңызда нәжіс бар ғой! — дейді.

— Тақсыр, ордаңыз дін ашылған жер екен десем, боқ басылған жер ме еді, — деп аяғын кілемнің шетіне сүртіп өрлеп келіп отырады.

Хан амандасқаннан кейін:

— Батыр, әртүрлі қызық тамашамыз бар. Сізді соның ішінде болсын деп шақыртып едім. Балуанға түсетін жігітіңіз, бөйгеге шабатын жүйрігіңіз, айтысатын шешеніңіз бар ма? — дейді.

— Хан, хабарсызбыз, қамданып келгеніміз жоқ. Сөйтсе де ат астымызда, жігіт қасымызда, сөз аузымызда, ақылдасып көрерміз, — дейді Сырым.

Хан ертеңіне жүйрік аттарын, палуан жігіттерін, шешен билерін жинай бастайды.

Сырым жолдасына ақылдасқанда, Таумұрат былай дейді:

— Кісі белін ұстап көрген пенде емеспін, бірақ шөлдегенде жыңғылдың бұтағын бұрап, суын сығып сусыңдай беретін едім. Атым да бұрын, бөйгеге қосылған емес, бірақ күніне қырық киік соққанда да шабысынан танып көрген емес. Күрес десең, күресем, шап десең, шабамын. Жалғыз-ақ күресетін кісінің белбеуі мықты болсын, ат айдайтын жер алыс болсын.

Тақырбас деген палуанмен күресіп, қабырғасын сындырады. Таумұраттың Жирені үш күншілік жерден күн жарым бұрын келеді. Ат бөйгесі мен палуан күресінен жеңілген хан ең болмаса сөзден сүріндірейін деп Сырымға үш сұрау береді:

— Жігіт-мігіт деген не сөз?

Ат-мат деген не сөз?

Ас-мас деген не сөз?

— Жыққан — жігіт, жығылған — мігіт,

Озған — ат, қалған — мат.

Жал-жая — ас, шөп-шөлең — мас, — дейді Сырым.

Сырым палуан күрестен де, ат жарыстан да, ақыры айтыстан да жеңіп, бас бөйге алып еліне аброймен қайтады. Жат жерде жалғыз жүрмей, алдымен иесі ауыз тимеген асты ішпей аман-есен келе жатқанда, ханның жансызы бір мыстан кемпір: «Қош, балам!» — деп, қу шыбықтың үшімен батырдың үзеңгісін түртеді. Ауылдан шыға бере батыр атқа отыра алмай: «Уландым, Таумұрат, елге хабарла!» — дейді.

Бөкен би: «Аяғынан уланған екен, маңдайынан жақ!» — деп, шапқыншыға нар күміс деген дәрі береді. Бірақ дәрі алып Таумұрат жеткенше, Сырым батыр қайтыс болады.

## 52. [Сырымның Хиуа ханына баруы]

(III нұсқа)

Бірде Сырымды Хиуа ханы шақырыпты. Ол Сырымның хандарға, байларға қас екенін біледі. Хан реті келсе, Сырымды өлтірмек болады. Хан Сырым келместен бұрын оның алдынан бір сыншы адамды дайындап қояды. Аттан түсіп жатқан Сырымның алдынан шыққан сыншы оған қарап, басын шұқиды. Сонда оған Сырым аузын ашып, тілін көрсетеді, содан соң Сырым аяғына малдың тезегін жағып алады. Сәлем беріп ақ ордаға кіріп келген Сырымға хан: «Аяғыңа қарашы?» — дейді. Сырым аяғына қарайды да, «Хан ордасы әділеттің ашылған жері ма десем, аяққа тезектің басылған жері екен ғой», — деп, шығып жүре беріпті. Абдырап қалған хан сыншыны шақырып алып: «Сынадың ба?» — деп сұрайды. Сонда сыншы: «Оны сөзбен емес, қимылмен сынадым. Басымды шұқығаным — басқа пәле неден дегенім еді. Оның тілін көрсеткені — басқа пәле тілден дегені ғой». Хан өзінің жеңілгенін түсінеді.



Хиуаның ханы Сырымды тойға шақырады. Оған бару-бармау жөнінде ақылдасу үшін Сырым Тайсойған деген жердегі Алдарға барады. Ол ақылды кісі екен. Алдар Сырымға:

— Барма, барсаң, жүйрік ат, жығылмайтын балуан жігіт ал. Олардың берген тамағын жеме. Өзіңе қазы-қарта, жал-жаяларыңды арнайы ала кет! — дейді.

Бұл айтқандарды орындаған Сырым жолға шығады. Сырым жолда серіктерінен адасып қалады. Адасып жүріп бір жалғыз атты жігітке тап болады. Оған Сырым жөнін айтады. Өзін де бірге ала кетуін өтінген жігіттен қандай өнері бар екенін сұрайды. Жігіт атының қырық күн шілдеде қырық құлан ұстайтынын, өзінің балуан екенін айтады. Жігіттің күші қолында болады. Ол қатып қалған тобылғыдан қысып су шығарады екен. Сырым жігітті ертіп ханға келеді. Хан тағы да Сырымды мүдіртпек ойда болады. Оған сұраулар береді.

«Ат» деген не «мат» деген не? «жігіт» деген не, «мігіт» деген не? «ас» деген не, «мас» деген не? деген сұраулар қояды. Сырым жауабын той тарқаған соң бермек болады.

Ат жарыс басталады, оған Сырым жігіттің атын қосады. Бөйгеден Сырымдардың аты озып келеді. Күрес басталады, ханның балуаны Сырымның балуанымен күреспек болады. Сырым жігітке:

— Мен бір дегенде сен, ханның балуанының белбеуін қолыңа орап бір қыс, екі дегенде, екі қыс, үш дегенде, үш қыс, — дейді. Жігіт Сырымның айтқанын орындайды. Ол екінші рет қысқанда, ханның балуаны аузы-мұрнынан қан кетіп өледі. Сол кезде Сырымның адасып қалған жолдастары келеді. Тойдан кейін ханға Сырым жауабын береді.

«Озып келген «ат» менікі, бөйгеде атың қалды, «мат» — сенікі. Күресте жеңген «жігіт» менікі, өлген «мігіт» — сенікі. Қазы-қарта, жал-жая деген баға жетпес ас менде, шөп-шалам жеген мас сенде», — депті.

Хан әбден масқара болады. Той тарқаған соң Сырымның екі-үш күн қонақ болуын сұрайды. Сырым ризалығын береді. Бұл кезде хан астыртын Сырымды өлтіруге жарлық береді. Бұған бір залым әйел келісімін береді. Әйел ханнан у сұрап алады. Ол у тиген жеріне жылдам жайылып, адамды өлтіретін болады. Екі-үш күннен соң Сырымдар аттанбақ болады. Сол кезде әлгі әйел шашын жайып, жылап-еңіреп Сырымға келеді.

«Хиуаға Датұлы Сырым келді деп естідім. Мен сол елденмін. Жаугершілік кезінде қолға түстім. Мені елге ала кетіңдер?!» —

деп зарлайды. Бауырмал Сырым оған келісім береді. Әйел заттарын алып келу үшін кетіп қалады. Күтіп-күтіп жалыққан Сырымдар өзенге түсіп салқындай бастайды. Аттарын күзетіп бір жігіт қалады. Бұл кезде манағы әйел де келеді. Сырымның өзенге шомылуға кеткенін естіген соң, оның атын сұрайды. Күзетші жігіт оған атын көрсетеді. Әйел Сырымның атының қасына барып, үзеңгісіне уды жағады да күзетшіге «қазір келемін» деп қайта кетіп қалады. Қайтып келген Сырымдар әйелді тағы күтеді. Әйел келмейді. Біраздан соң келмес деп ойлаған Сырымдар елге жүріп кетеді. Үзеңгідегі у Сырымның бойына жайылады. Удың әсерінен Сырым Хожелі деген жерге келгенде дүние салыпты.

### 53. Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі (IV нұсқа)

Сырым Хиуа ханына барып:

— Сізде үш қызметім бар, — депті. Бірінші қызметім: қарақалпақ, сарт, өзбек, қазақ, түрікмен, естек — осы алтауымыз бірігіп Россия патшасына қарсы шығайық. Менен асса, сені қоймайды. Осы бастан бетін қайырайық. Сен маған қол, ат, азық бер. Екінші жұмысым, патшадан жеңілсем бері көшем, қоныс бер. Жалпы қазақтың үш баласы: Ақарыс — Ұлы жүз, Бекарыс — Кіші жүз, Жанарыс — Орта жүз, осы үш жүздің баласы бұл жерден жылқы бағып Көкшетауға шығып кеткенде, осы жерде қонысым қалды, сол қонысымды бер. Үшінші, Созақ баласы Қарақалпақта еншім қалды. Бұл әуелде үлкен үй еді. Қалған еншім — үй-мүлік пен қоралы мал. Сол еншімді Қарақалпақтан алып бер! — депті-мыс.

### 54. Қайғысыз хан семіз (I нұсқа)

Сырым жаңа атқа мінген жастау кезінде Нұралы ханды көргелі ханның ордасына барады, «кімсің» деген ханға «Сырыммын» деп жауап береді. Сонда хан:

— Сырым-Сырым деген атың жер жарады. Өзің кішкентай ғана арық бала екенсің ғой, — дейді. Сонда Сырым:

— Иә, мен арықпын. Себебі, патша мен сияқты қазақты қонысынан айырып, құмға иірді, жақсы судың бойын казак-орыстарға әперді. Қазақтың қонысын қалай қайтарып аламын деп бір түнде тоғыз ойланып, тоқсан толғанып арып болдым. Бұрынғының айтқаны бар емес пе:

«Өлеңді жерде өгіз семіз,  
Өлімді жерде молда семіз.  
Қаралысында қатын семіз,  
Қайғысызында хан семіз», — деп.  
— Сен — қайғысыз хансың,  
Мен — жаралы аңмын,  
Мен арық болмай кім арық болады? —

депті Сырым батыр.

## 55. Руы адай Атақозының бір әңгімесі

(II нұсқа)

Баймағамбет хан қасында Сырымның баласы Қазиди бар, тағы да ерткен бірнеше нөкерлері бар үгітпен патшаның үкіміне көндіремін деп жүріп, Адайдың елін аралайды. Адайдың елін аралап жүрсе, алдынан алты-жеті салт атты көрінеді. Қазиди Баймағамбет ханға: «Адайдың Атақозысы келе жатыр», — дейді. Сонымен қарсы келіп, аман-сау сұрасып, «мына кісінің тым арығын-ай!» — депті Баймағамбет хан Атақозыға. Атақозы:

— Оның дұрыс тақсыр хан,  
Өлеңді жерде өгіз семіреді,  
Өлімді жерде молда семіреді.  
Қаралысында қатын семіреді,  
Қайғысыз хан семіреді деген — рас сөз.  
Енді маған келсек:  
Бұлт түр малыңды аламын деп,  
Әзірейіл түр жаныңды аламын деп,  
Кәпір түр дініңді аламын деп.

Бір түнде тоғыз оянамын, тоқсан ойлаймын, осы күйде қалай семіремін, — депті де, жөніне жүріп кетіпті. Ұялған Баймағамбет хан Қазиди биге:

— Атақозының бұлай екенін неге аңғартпадың», — депті.

— Егер де мұндай сөзді айта алмаса, адайдың Атақозысы келе жатыр, — деп едім деген екен Қазы би Баймағамбет ханға.

## 56. Сырым мен ишан

Сырым батыр бір жолы Бұхарға барады. Сол күні молдалар мешітте жұма намаз оқып жатыр екен. Сырым мешіт жанынан өтіп бара жатса бір молда жанына келіп:

— Ей, қазақ, намазға жүр! — деп, Сырымды ертіп апарып, ишанның артына тұрғызып қояды. Батыр неден бастарын білмей аузына түскенін айта береді. «Көндірмеске көндірген Құдай, көрінгеннің артына төндірген Құдай!..» — дей бергенде, артта тұрған молда естіп, Сырымды желкеден нұқып қалады. Сырым да алдындағы ишанды желкеден бір түртіп қояды. Ишан намазын бұзбай оқи береді. Намаз оқылып болған соң ишан:

— Мені ұрған кім? — дейді.

— Мен, — дейді Сырым.

— Ә, неге ұрдың? — дейді.

— Мен сахарада еркін өскен қазақ едім. Мына кісі мені әкеліп намазға тұрғызып қойды. Не дерімді білмей аузымды күбірлетіп тұр едім, артымнан түртіп қалды. Намаз кезінде алдыңғысын артындағы кісі түртіп тұратын әдеті екен ғой деп, мен де сізді бір түйіп қалдым, — дейді Сырым.

— Сахара қазағын әкеліп намазға тұрғызған ақымақ, — деп, ишан молдаға дүре салғызыпты.

## 57. Сырымның аманаты

Байбақты Әшім деген адам Текенің байының баласымен қорық жерге таласып, бай баласының басын жарады. Бай Әшімді ұстатып Текеге айдатып жібереді. Іс губернатордың қолына түседі. Әшімнің әкесі дүниесін шашып, бірнеше адам жалдап, Текеге жібереді. Бірақ ешнәрсе бітіре алмайды. Енді не істерін білмей тарығып отырғанда, он жеті жасар Қазы деген бала келеді. Әшімнің әкесі:

— Бала, кім баласысың? — дейді. Бала:

— Сырым баласымын, — дейді.

— Неге келдің? — дегенде, Қазы:

— Ата, маған көлікке бір түйе менен азыққа бір қойдың етін берші, — Әшім ағам үшін Текеге барып қайтайын деп едім, — дейді.

— Ей, шырағым-ай, ақымақ екенсің ғой, сенің әкеңдей Байнаққоңыр да барып дүниемді шашып төлкек етті, енді сен де төлкек еткің келді ме? — деп қуып жібереді. Қазы бала бес-алты күннен кейін тағы келеді.

— Ағай, маған азық бермей-ақ қой, тек бір түйе берші астыма мінетін, өзімде көлік реті болмай тұр, — деп өтінеді.

Әшімнің әкесі әуелі ақсақалдарын шақырып алып:

— Ау, ағайын, мына бір Сырымның баласы осылай дейді, ағайы үшін Текеге барам дейді. Анау күні бір келгенде қуып жіберіп едім, тағы келді, жібереміз бе, қайтеміз, мағына шығарма екен? — дейді. Ағайын ақсақалдары, басқалар:

— Малыңды шашқанда өлген жоқсың ғой, бір атыңның майынан өлмесің, бәлкім, қайдан білесің Сырекемнің баласы ғой, жіберелік, — деп ұйғарады.

Әшімнің әкесі бір атанды шанаға жегіп, бір қойдың еті менен азықты шанаға салып, қасына бір адам қосып:

— Ал, балам, жолың болсын, бақытың ашылсын! — деп батасын беріп жөнелтеді.

Қазы бала Текеге барып бір пәтерге түсіп, ертеңіне домуправления дегенге барып кіреді.

— Осы Текенің губернаторының құзырында менің бір ағам жатыр, сол ағамды сұрай келдім, сіз барып айтыңызшы, — дейді бір әкімге.

— Ай, шырағым, оны ала алмассың, үкім алдақашан шығып, тұжырымды болып қалды ғой, — дейді әкім.

— Олай болса өзім барамын, — деп, рұқсат алып, губернаторға өзі кіреді.

— Қайдан жүрсің, кім баласысың? — дейді губернатор.

— Сырым баласымын, атым Қазы болады, — дейді бала.

— Жай жүрсің бе, жұмысыңды айтшы! — дейді губернатор.

— Тақсыр, осында сіздің құзырыңызда бір ағам отыр, сол ағамды босатып беріңіз деп өтінемін, — дейді Қазы.

— Ақылы жоқ, тентек мәжнүн адамды сұрап не қыласың, Әшім ақтық тұжырым шығып жарты шашы алынып, «жарты бас» есебінде айдалуға тұр, енді босатуға болмайды, — деп жауап қайтарады.

— Бас тақсыр, дұрысын айтасыз! Мен де ақылы көп, өзіне өзі жететін, қара басын дұрысын алып жүретін және өз тізгінін өзі дұрыс басқаратын адамды сұрап тұрғаным жоқ, ондай адамды сұраудың да қажеті жоқ қой, менің сұрап тұрғаным соның бәрінен қақасын адам еді, — дейді.

— Иә, балам, жас басыңнан қақылдап жүр екенсің, өкең Сырым болғың келе ме, бола алмассың. Сырым да алты алаштың қамын соғам деп ақырында жер ауып кетіп еді, — дейді губернатор.

— Бас тақсыр, менің өкем Сырым алты алаштың қамын соққаны рас болса, сіз маған ат төбеліндей бір бейбақты қимайсыз ба? — дейді Қазы бала.

Губернатор көзінің аласымен бір қарап қойып, әрлі-берлі қыдыра береді. Басын шайқап, біраз жүріп келіп Қазының жауырынан қағады да:

— Балам, сен мені ұттың, қазір қол тимейді, пәтеріңе барып жат. Бір жұмадан кейін ағанды алып қайтарсың, — дейді. Сөйтіп, Қазы бір жұмадан кейін ағасын босатып алып қайтады.

Қазы баланың халық аузында би атақ алып кету себебі, міне, осыдан былай қарай екен.

## 58. [Сырымның қыз іздеуі]

Сырым әйелді өзі іздеп, сүйгенін алғысы келіп, ел аралап шығып кетеді. Бір күні келе жатып бір кедей кісінің үйіне қонады. Кедейдің бойжеткен бір қызы бар екен. Сырым екенін білдірмей, түн ортасы болғанда, Сырым қызға келіп: «Мен бір жолаушы едім, жол сұрауға келдім», — депті. «Жол сұрасаңыз, үйдің артында Сырым деген азамат бар. Содан сұраңыз», — депті қыз. Ақыры сол қызды Сырым әйелдікке алыпты дейді.

## 59. [Жаман жолдас жауға алдырар]

*(I нұсқа)*

Хорезм хандары Сырымды өлтіру үшін жолына ағаш үй тіктіріп қояды, Сырым келсе, қонақ етіп, асқа у салып беруді жансыздарына қатаң тапсырады. Үйде он шақты қыз-келіншек ойын ойнап жата береді.

Бір күні Сырым қасындағы жолдастарымен манағы тігілулі тұрған жол бойындағы ағаш үйге келеді. Келген бойда қыз-келіншектер: «Ағалар, түсіңіздер, қонақ болыңыздар», — деп қарсы алады, асты-үстіне түсіп алдайды. Нан пісіріп алдарына қояды. «Бұл жерде бұрын ел жоқ еді. Елсіз жерге үй тігіп, қыз-келіншектер келіп сонша құрметтеуі қалай?!» — деп Сырым ішінен сезіктенеді. Сырымның қасына еріп жүрген бір жақсы иті болады. Алдына келген итіне: «Сенде азық жоқ, менде жазық жоқ», — деп, нанның бір бөлегін Сырым тастай береді. Ит жеп, табанда өліп қалады. Нанның ішінде у бар екенін анықтап, Сырым жендеттердің бір қатарын өлтіріп, қалғандарын «Бұл уды сендерге кім салып бер деді?» — деп қыстайды. «Шыныңды айтпасаң, өлтірем» деген соң, қорыққаннан «бізге у салып беруге бұйырған хан еді», — дейді жендеттер. «Онда ханыңмен кездестір, сендерді содан кейін босатамын», — деп, Сырым ханға қарай жаңағы адамдарды жаяу айдайды. Бұл уақиғаны біреулер алдын ала ханға хабарлап қояды.

Сырымның өлмегенін, енді жағдайдың жаманға айналғанын хан біліп, амал ойлайды. «Сырым маған келіп, сол адамдармен ордаға кірер, сонда кімде-кім себебін тауып оны өлтірсе, соған сыйлық беремін», — дейді. Сол кезде бір кемпір: «Мен у жағып өлтіріп берейін», — дейді. Хан кемпірмен келісіп, қолына күшті у дайындап беріп: «Сырым маған кіргенде, сен тыста жұмысыңды орында», — деп, шығарып жібереді.

Алдында бірнеше айдаған адамдары бар Сырым қасындағы жолдастарымен ордаға кіреді. Үйге кірерде Сырым жолдастарына: «Ер-тоқымның бір жеріне у жағып кетпесін, сақ болыңдар», — деп тапсырады.

Ханға кіріп Сырым:

— Сізге, ер емес екенсіз, «ер қадірін ел білер, ел қадірін ер білер» деген бар еді. Жазықсыз ондаған адамды өлтіру мақсатымен әйел-қыздарды жолға қойып, неге асқа у салып беруді тапсырдыңыз? — дейді. Хан:

— Мен білмеймін, — деп мойындамайды. Манағы алып келген қыз-келіншектер ханның мойнына салудан қорқады, танып шығады.

Ордада айғай-шу, ұрыс-жанжал басталады. Сырымның жолдастары үйдегі жанжалмен алаң болып жүргенде, манағы кемпір Сырымның ер-тоқымына у жағып қояды. Жолдастары оны байқамайды. «Сен сияқты талай хандардың басын жойғанмын, енді ісім сенімен түссін», — деп Сырым ашула-

нып, ордадан шығып, атына мініп, жолдастарымен кете барды. Көз көрінім жерге барысымен-ақ Сырымның оң жақ аяғы қақсап, ісі бастайды. Сонда Сырым жолдастарына қарап:

«Мені ұқсатқан екен, жаман жолдас жауға алдырар деген осы ғой», — деп жүруге жарамайды, бір ауылға түсіп, кешке жұлдыз шыға қайтыс болады.

## 60. Сырым батырдың қайтыс болуы (II нұсқа)

Сырым батыр Малайсары биге бата сұрап барыпты. Малайсары батасын былай деп беріпті:

— Менің батам жеті атаңа жететін болсын, үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін. Одан соң мына үш сиыққа зияның тимесін, бұл үш сиықта үш қасиетті адам бар, соларға жолай көрме! Олар: бірінші — тана Қоске би, екінші — әлім Көсеу би, үшінші — есентемір Бөкен би.

Сырым өзіне өзі жетіп болған соң: «Малайсары маған осыларға барма деді, басқадан бұлардың несін бөліп алды, неде болса барайын», — деп ойлайды. Сөйтіп, Қоске биге келеді. Сонда Қоске би айтады:

— Ай, Сырым, атаң сенің Дат еді,  
Дат деген бір қоя салған ат еді.  
Саған жолбасшылық еткен бір бата еді,  
Бата беруде бір қате еді.

Әлім Көсеу биге барады. Көсеудің ұлы жоқ, екі қызы бар екен. Қыздары батырды әбден сыйлайды. Жатарда далаға төсек салып:

— Қонақтар, тысқа жатыңдар. Сырым үйге жатсын, — дейді. Сырым үйге келсе, қыздар кереуетке төсек салып қойыпты. Қыздар:

— Мұнда жатыңыз, — дейді. Сырым барып жатқан соң, қыздар жанына барып, бірге жатып:

— Ақылы бар адал кісі тек жатады,  
Ақылы жоқ арам кісі бір нәрсе деп жатады,  
Деп жатқанда таң атады.  
Соның, мырза, қайсысын аласың? —

депті.



Сырым ұялып тек жатуды алады. Сырым ішінен: «Көсеудің қызы мұндай, өзі қандай білгір екен?» — деп аттаныпты.

Сырым Бөкен биге барыпты.

— Үш сиықтың баласы көше ауғанда, Хиуада ақтылы жылқы, аяқты малы көп қалып еді, соған барайын деп шықтым, — дейді Сырым. Оған Бөкен риза болмапты.

— Хиуа хандығы қастандық қылар, барма, — дейді Бөкен.

— Жоқ, бет алып қалдым, барып қайтамын, — деп, Сырым жүріп кетеді.

Есқара батырды жолдастыққа алады. Барған соң Хиуаның ханы Сырымды алдырып:

— Оның дұрыс, бір жылға мұрсана бер, еліммен сөйлесейін, келер жылы кел, — деп қайырып, аттанарды үзеңгісіне у жағып жібереді. Шыға бере улап Сырымның аяғы іседі.

— Есқара, аяғымды кес! — дейді Сырым батыр.

— Жоқ, аяғыңды кеспеймін. Бөкеннің тілін алмадың, — дейді Есқара. Ақыры Сырым содан қайтыс болыпты.

## 61. [Сырымның қаза болуы]

(III нұсқа)

Сырым ат жарысқа өзінің Ақмоншақ атты атын қосады. Аты бөйгеден алда келеді. Бұған ашуланған хан Сырымды өлтірудің қамына кіріседі. Хан Сырымға: «Күресуге адамыңды шығар, шығара алмасаң, жеңілгенің», — дейді. Сырым өзімен бірге келген Зілқара батырға барып: «Күресуге қалайсың?» — деген. Зілқара батыр: «Жолда келе жатып шөлдегенімде, жол бойында өсіп тұрған бір топ тобылғыны сығып, су шығарып іштім, ал күресу одан жеңіл. Мен өзірмін», — деп жауап қайтарған.

Екі жақтың батырларының күресінде Зілқара батыр жеңіске жетеді. Хан Сырымды өлтіруге мыстан кемпірді жібереді. Бір қапылыста мыстан кемпір Сырым мінген аттың үзеңгісіне мүшеаяқ уын жағып қояды. Алаңсыз Сырым еліне қайтпақшы болып, атының үзеңгісіне аяғын сала бергенде, кенет бір алып күш аяғын сырқырата жөнеледі. Бір бөленің болғанын, оның ханнан келгенін өзі де, жолдастары да сезеді. Жолдастары біраз жерге шейін көтеріп алып жүреді. Сырымға «Аяғыңды кесейік пе?» деп жолдастары сұрағанда, Сырым: «Жоқ,

аяғымды кестіріп, шолақ аяқ атанғаннан өлгенім артық, менің ырысымның жеткен жері осы болар, тастап кетіңдер», — деп өтініпті.

Сөйтіп, өткірлігімен де тапқырлығымен ерте көзге түсіп, халықтың сүйікті ұлы болған Сырым батыр Ойыл-Қиыл деген жердің бойында қайтыс болған.

## 62. [Сырымның қазасы]

(IV нұсқа)

Сырым ханның ауылынан кетерінде хан айтады: «Келер жылы саратан айында /июнь/ үлкен тойым бар, соған кел», — деп, Сырымды шақырады. Келер жылы сол уақытта қараман Малайсарыға барып ақылдасады. Малайсары Сырымға: «Тілімді алсаң, барма, күншіл халық сені тірі жібермейді», — дейді. Бірақ Сырым болмай жүріп кетеді. Ауылдан үш күншілік жер шыққан соң, қасындағы қосшы бала Есқараға:

— Ой, Есқара! Жанай барған соң Сырым бәйгеге қосатын атыңды, күресетін жігітіңді шығар, — дейді. Ауылдан ат пен жігіт алмаппыз ғой, — дейді. Есқара «тәуекел, баралық» депті. Сонда Сырым:

— Күресуге қуатың қалай? — депті.

— Қол қайратым жаман емес, бірде жоқ іздеп елсізге шығып кетіп, шөлдеп бір топ сексеуілді қолмен бұрап, толық тостағандай су алып ішіп едім. Қол қайратымды осыдан біл, — дейді Есқара.

— Атыңның халі қалай? Бір жорықта кешкі шабысы таңертеңгі шабысынан өнімді-ау деп есептеп едім, алысыраққа жіберерсіз, — дейді. Сонымен екеуі Хиуаның ханына келеді. Хиуаның ханы оларды қарсы алады. Сырымға Хиуаның ханы бірнеше сұрақ қояды. Сұрақтары: сіздің халық «ат-мат», «жігіт-мігіт», «ас-мас» дейді. Сонда аттарың ат, ал маттарың не? Жігітің жігіт, ал қосымша мігітің не? Үйің үй, мүйің не? Асың ас, ал масың не? дегенде, Сырым: «Жауабын той артынан беремін», — дейді.

Аттар бәйгеге шауып кетеді. Сырымға хан: «Енді палуаныңды шығар», — дейді. Сырым: «Өлсе, палуанымның құны сұраусыз. Өлсе, сенің палуаныңның да құны сұраусыз болсын», —

дейді Хиуа ханға. Ұстаса кеткенде Есқара қарсыласының белбеуден бұрап үш қабырғасының басын шығарып жібереді. Және шалқасынан итере салады. Хан палуанын алып кетеді. Осы кезде бәйгеге қосылған аттар да келеді. Сырым қосқан Есқараның аты жалғыз озып келеді. Палуан бәйгесін, ат бәйгесін алып, Сырым ханға келіп:

— Кешегі сұрағыңызға жауап берейін, — дейді.

«Мына жыққан Есқаражанды «жігіт» дейміз, ал жығылған сенің палуаныңды «мігіт» дейміз. Бәйгеден келген мына қара атты «ат» дейміз, қалып қойған сендердің аттарыңды «мат» дейміз. Ханның кіріп отырған үйін «үй» дейміз, ал біздің кіріп отырған үйіміз «мүй» дейміз. Ханның ішкенін «ас» дейміз, ханның бізге берген асын «мас» дейміз. Бізде бұдан бөтен қоспа сөз жоқ», — деп Сырым жауап береді. Сол сапарда хан бір жауыз әйелді үй тігіп, Сырымның жолына қояды. Әйел келе жатқан Сырымның алдынан шығып: «Дәм татып кетіңіз», — деп шылбырына оралады. Сырым келіп сол үйге кіреді, ас ішеді. Әйел берген асына у салған екен. Қолын асқа салғанда у қолына шауып, Сырым сол арада қаза табады.

### 63. [Сырымның қазасын естірту]

Сырым Хиуада жүріп қайтыс болады, бала-шағасына естіртуге елдің адамы жиналып ешбір қисынын таба алмай жүреді. Елдің шетінен Ұрышта деген биді алдырады. «Сырымның өлімін қатын-баласына естірту керек болып сізді алдырдық, соған баралық, барып естіртелік, сіз соны айтыңыз», — дейді халық. Барады, бір-екі күн қонақ болғасын, қызмет айтылады.

— Шырағым, Қазыжан,  
Қарт атаң сенің Дат еді-ау,  
Есіміне ісі лайық емес,  
Тек бір қойған ат еді-ау!  
Өзіңнің атың Қазы еді-ау,  
Қысың да сенің жаз еді-ау!  
Өкең сенің Сырым-ды,  
Кебеже қарын, кең құрсақ,  
Іші толған білім-ді.

Тек қазақ жұрты емес,  
Билегендей ер еді-ау  
Қытай менен Қырымды.  
Әкең Сырым аман келсе,  
Сүйіншіге берер ме едің,  
Олжатай мен Сүгірді?  
Сол секілді Сырекемнің  
Арғымақ аты сүрінді, —

дейді Ұрышта қарт. Бұны естіп Қазы би қонақтарын таратпай, алғашқы садақасын беріп қайырған дейді.

#### 64. [Мұхтар мен Қайырлы би]

Сырым батырдың ұрпағы Мұхтар Орта жүзде ме, әлде Кіші жүздің бір шетінде әкім болып тұрады. Өзі өте төкашпар, елге сүйкімсіз дегенді есітіп Қайырлы деген би іздеп барыпты. Түс мезгілі екен, үйіне кіріп барса, Мұхтар төрде мамық жастықта жатып әйеліне аяғын сипатып, Қайырлымен басын көтеріп амандаспағанда, әйелі Қайырлы ер бері отырғасын ақ құйып береді. Қайырлы ақтан ауыз тиіп, аяғын жерге қойып бата беруге қолын жайып:

— Арғы атаң сенің Дат еді, о да бір қойылған ат еді, одан туған Сырым еді, жауына қарсы тұрып еді. Одан туған Қазы еді, біреуге қыс, біреуге жаз еді. Одан туған Омар-ды, аударылмас томар-ды, одан туған Мұхтарсың кісіменен ісі жоқ па, жатасың да, ұйықтайсың, сенен әкім болып ел билеу шықпас. Одан да елге қайт, биссімелла алаакпар! — деп бетін сипап тұрып жүре бергенде, әйелі:

— Тәйір-ай, сен тұрсайшы, мынау тегін адам емес қой, — деген. Сонда Мұхтар ұшып тұрып:

— Жіберме, шақыр қонақ болсын, — деп, Қайырлыны үйге қайта кіргізген. Қайырлы бірнеше күн жатып Мұхтарға ақыл айтып, содан кейін Мұхтар түзеліп, дұрыс ел билеген әкім болыпты.

# Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларға қатысты аңыздар

## 65. Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы

Нарынға Бөкей хан бастап өтіпті. Ол дүниеден қайтқан соң, орнына баласы Жаһангер (Жәңгір) хан болыпты. Ол уақытта мынау һәр орында, яғни қазақ жерінде жақын жерлерде уақтылы жәрмеңкелер жоқ екен. Хан ойлапты: «Халық шаруасына пайдалы болғандай жәрмеңкені сұрасам, патшаһтан ала алар ма екем? Болмаса, жолсыздан сайлап ұят болып қалар ма екен?» — деп пікірлеп жүріп, ақылдасатын кісі таба алмай, Аштырахандағы аға Дәуіт деген дана кісіге барып ақыл сұрапты:

— Атам еліне хан болып едім, халықтың жақын орыннан малын сатып, жабағы, тері-терсектерін сатып пайдаланғандай жәрмеңке сұрасам, патша ағзам хазреті жәрмеңке берер ме екен? — деп. Сонда аға Дәуіт айтыпты:

— Шырағым, хан Жиһангер, менің жасым тоқсанға келді, дүнияны көп көрдім, ішінде мынадай ғыбыратларды көрдім, мен алты ай тасыған Еділдің алты күнде қайтып болғанын көрдім, алпыс жыл болған хандықтың алты сағатта жоқ болғанын көрдім, Құдай беріп тұрғанда қалайы-мыстың алтын-күміс орнына жүргенін көрдім. Бастан бақыт тайған күні алтын-күмістің қалайы-мыстың орнына жүрмегенін көрдім, бақытың жүріп тұрған жас ұғлан хан едің, осында бір студент дос орысым бар, соған жаздырып, екеуміз білген пікірімізді қосып жазып, күз екі уақыт жәрмеңке сұралық, бір уақыт емес, екі уақыт берер, артыңа көп жылға дейін «Хан жәрмеңкесі» деген мирас болып қалар, — депті. Сол аға Дәуіт өнеріменен хан сұрап екі уақыт жәрмеңке алған дейді.

## 66. Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы

Өткен Бөкей хан марқұм болған соң, Жәңгір хандық дәрежесін алуға патша ағзам хазіретіне барған уақыттағы жолдастары қайбалы Шөке, қара қазақтан байбақты ұрығының алтыке Таныс, шеркешті Жәмиш баласы екен. Хан бір арба да, Шеркеш би өз алдына бір арба да, төрелер ат үстінде екен. Төрелер ат үстінен жалығып мәслихат етеді, «Ендігі түскен жерде Шеркештінің арбасын біздер мінелік, ол — қара қазақ, біздер — төреміз, арба біздерге лайық қой», — деп. Мұны біліп Шеркешті би үйге кірмей, сырттағы арбасының үстінде жатыпты. Хан шақыртып алып: «Шеркешті, арбада нағып жатырсың?» — дегенде, айтыпты: «Айырылатын арбаға амандасып жатырмын», — деп. Хан айтыпты: «Бұл пікірлеріңізді қойыңыз, әркім өзінің көлігімен жүрсін», — деп.

Сонан патша хазіретіне жүз көріске кіргенде, хан жүрексініп Шөкеге: «Алдынан жүр!» — депті-ау. Сонда Шеркеш айтыпты: «Бұл есікті көрмеймін деп келіп пе ең, көрем деп келдің ғой, кірмеймін деп келіп пе ең, кірем деп келдің ғой, өзің жүр», — депті. Кімде болса, әуелгі кірген кісі хан болмақ екен. Шеркеш соны ойлап айтқан екен. Сонан күнде патша тарапынан билерге өз алдына түрлі нығыметләр беріледі екен. Бір күні төрелер айтады: «Патша бүгін біздерді жібереді екен», — деп. Шеркеш айтыпты: «Бұл орынға тамақ үшін келгеніміз жоқ қой», — деп. Бұл сөздерін тыңдап, біліп тұрған адамдар ханға жеткізіпті һәм Шеркеш ханға айтыпты: «Патшадан намаз оқитын орын сұрасақ қалай болар?» — деп. Хан сол сөзіменен патшадан сұрапты: «Мұхаммедиский закон бойынша, бізлерге намаз оқитын орын болар ма?» — деп. «Болар», — деп патша хазірет бір есік ашып, іші мешіт, жаюлы жайнамаз, ораулы шалма, тәсбих сықылды түрлі жақсы заттар. Сол орынға кеткенше намаз оқып тұрғанлар айтады: «Патшаның мұсылманға намаз оқуға салдырған мешіті екен, ең әуелі есігін ашқан — Жәңгір», — деп.

Сонан хан хандық дәрежесін, билерге шен берілгенде, Шеркеш биге иықта жүретін ең үлкен шен беріліпті. Хан жолдастарыменен қайтып келе жатып Уфадағы Нұралы ханның басына зиярат етіп болған соң, хан айтыпты: «А, бабам! Сенің осы жерде жатқаның қара қазақтан болды-ау, қазақтың ішінде

Сырымнан болды-ау!» — депті. Сол сөзді айтқанда, Шеркеш би: «Ішім мұздап кетті-ау!» — депті. Ар жақта Нұралы ханды Сырым шауып, сонан қашып барып Уфаны тапқан екен.

## 67. Жәңгір тойында

Жәңгір хан бір заман сүндет той жасайтын болып, Ыбырай бұрын өзінің қоян қолтық адамдарына повестьке таратады «палуанын, атын жаратсын» деп. «Алдымыздағы июльдің басында келіңіз», — дейді. Той басқарушы үш адам сайлайды. Біріншісі — Бекбенбет би, екіншісі — Балқы би, үшіншісі — Шомбал би. Екіге бөліп, үй тігеді. Көпшеленген арнаулы шақырған адамдарына, азшалаған шақырусыз келушілерге арасы алшақ тігіледі. Байлар атын күні бұрын жарата бастайды.

Бір шеркеш Бейімбет ата нәсілінен Тәжі деген кедей адам төрелер ауылында күпшек тігетін өнерменен кәсіп етіп, қатын-баласын напқаландырып жүреді. Бұның да астында аяқ артар жүйрік аты бар екен. Соны Тәжі бәйгеге қоспақ болады. Сөйтіп, атын жарата береді, той болады, қызық тамаша бір-екі күнге созылады. Үш күн үйден жүрісіп, тойды басқарушылар бәйгі аттарды қатар тұрғызып байқайды. Баяғы бөлек тігілген үйге бармапты. Олар да ат болар деп те ойламапты.

Тәжі бір жанынан көп атқа барысып қосыла кетеді, жазуға кіргізу дегенді білмейді. Бір-екі адам бас болып Сайқынға жақындап барып, аттарын қатар қойып қосып жібереді.

Жәңгір де өзінің Көкмойнағын қосады. Қарақшыға баяғы Тәжінің қара қасқа аты келеді, артынан жалғаса қашығырақ ханның Көкмойнағы келеді. Тәжі атын қыдыртып айналып қалады. Тәжінің анық танитыны Бекменбет би.

— Ақкөке атымның бәйгесі қайда, кім береді? — дейді.

Бекменбет:

— Өй-өй, шырағым-ай, саған бәйгі тимей қалды, тізімде жоқсын, сені көтермеші болар деп, комиссиялар бәйгіні ханға беріп жіберді. «Бәйгіні хан алып ата ұлына үлестіріп жібереді, — дейді. Тәжі:

— Енді қайттім? — деп жылап жібереді.

Бекмембет:

— Анау шетте тұрған Исатай, Махамбет соларға бар да, жылап қоя бер, алса, солар алады, енді менің қолымнан келмейді, — деп, жұмсап жібереді.

Тәжі Исатай мен Махамбетке барып жылап қоя береді.

— Я, кімсің? — деп сұрайды Исатай.

— Шеркеш, атым — Тәжі, атымның бәйгесін ала алмай сізге келдім. Жаңағы озып келген менің атым еді, тойбасшылар мені көтермешіге санап, ат бәйгесін ханға беріп, хан бәйгені үлестіріп жіберіпті, соған сізге келдім, бір мархабат жасай ма, — деп. «Иә сені маған жұмсаған қақбасың-ау, қайда?» — деп бөле қылады.

Исатай: «Анау қос күрең ат жегіп үйіне қарай кетіп баратқан Жәңгір, шауып бар да, алдына тұра қал, мен де сөзім аяқтап барармын», — дейді. Исатай Махамбетке: «Сен айдаушыны тап және той басқарушыларды жиыстыр», — деп жұмсап жіберіп, өзі жортып ханға келіп ақырып қоя береді.

— Жәңгір, көзің көрді ғой, атың бір шақырым қалық келді, өз тойыңның бәйгесін өзің алып, соныменен атағыңды шығарғың келе ме? Неге бермейсің мына пақырдың атының бәйгесін? — деп ашу айтады. Жәңгір:

— Апыр-ай, Исатай, сен не болса соған кірісе бересің-ау! Мен қайдан білейін, комиссиялар ұйғарғасын алдым, алып үлестіріп жібердім. Мақсатың бәйге алу болса, ана желіде алпыс нар тайлақ бар, соның ішінен он тайлақты айдап алшы, — дейді. Исатай:

— Атасына нәлет, ол тайлағыңның! Аталған бәйгені аламын. Атыңның басын бұр, жүр ортаға! — дейді. Шара жоқ, ортаға барып тексеріп, тарап кеткен бәйге қайта жиылады. Тәжі бәрін қолына алады. Баяғы бәйгені бөлісіп алған билер, байлар қайтадан сауғалап Исатайға келеді.

Исатай ақырады:

— Осы пақырдың өмірінде бір алған бәйгесіне қарап тұр ма сендердің шаруаларың! — деп, Исатай Тәжіге ақырады:

— Әкет қатын-балаңа! — дейді. Тәжі жөнеледі. Сарқыт сұраушылар аузын ашып қалады.

Бұл оқиға да Жәңгірдің қатерінде қала береді. Сөйтіп, жыртыққа жамау болады.



## 68. [Жәңгір ханның тойы]

Бөкей хан дүниеден қайтқан соң, орнына оның баласы Жәңгір хан болып сайланады. Соған байланысты үлкен той жасайды. Ол тойға бүтін ішкі Орданың басты адамдарымен қатар, Жайықтың шығыс бетіндегі байұлы мен әлімұлынан да адамдар шақырылады. Тойға барарда Сұлтансиық баласынан тана Қонай би, қоңырбөрік алаша Байқонақ билер балуан іздейді. Алтеке Назарымбет Жабу балаларына келеді. Оларға айтқаны: «Жәңгір хан той жасайын деп жатқан көрінеді. Ол тойға арғы бет пен бергі беттен көп адамдар бармақ. Сіздер ертеден келе жатқан ескі күшті сой едіңдер, ауылдарыңда күресетін жігіт бар ма?» — дейді. Бұл сұрауға алтекелер: «Біздер қартайдық, қазір он сегіз жасында Қодыр Ермембет баласы деген бар. Сіздерге жараса, алдарыңда болсын», — дейді. Қонай би Қодырды көзбен сынайды да, ертіп алып кетеді. Белгіленген күнге шақырылған адамдар келіп жиналады, той болады. Той қызығына күрес басталады. Жолдың арғы беттері ағайындарға беріледі. Олар «Түйе балуан» деген аса зор ірі адамды күреске шығарады. Ол жараған бурадай болып ортаға отырады. Хан тұрып:

— Жолдасов, бұл жақтан да бір балуан шығарыңыз, — дейді. Жиналған билер тұрып жолдыққа таласады. Сонда беріш Балқы би тұрып:

— Он екі ата байұлы болғанда мен жолдық аламын, ата баласымын, — дейді. Шеркеш Бекмағамбет би:

— Табаным жалпақ, таңбам ұзын ағаның баласымын, жолдық — менікі, — дейді. Ноғай қазақ Шомбал би:

— Шеттен келген қонақпын, ханға сыбаймын, жолдық — менікі, — дейді. Төлеңгіт Шөкі би:

— Хан таңбалы төлеңгітпін, жолдық менікі, — дейді.

Сонда Сұлтансиық байбақты тұқымынан Қонажан би тұрып:

— Беріш Балқы, сен шеттен келген бір әйелдің ішінде келген бала едің. Әкең сенің құл ма, құтан ба? шешең күң бе? Саған тиетін жолдық жоқ. Бекмағамбет, сен табаның жалпақ болса, бұлғарыны бүлдіресің, таңбаң ұзын болса, жылқының санын күйдіресің. Басқа жолың болса, аларсың, болмаса, қаларсың! — дейді.

— Шомбал, сен Оралдан ұрлық етіп қашып келген он ауылсың. Сонымен құр ауылсың. Саған жолдық тимейді, — дейді.

— Шөкі, сен ұлтанды ел емессің. Өлде қайдан қашып келген төлеңгітсің, ұлтанды елге келемежсің. Қазаныңды ас, етіңді пісір, төреңді күт. Саған тиетін ненің жолдығы, — дейді. Ал, мен Қыдырқожа байдың бел баласы болмасам да, менен қарқаралы адамдар шықты.

Бірінші, Сырым қарадан хан болып, үш атаға үкімі жүрді. Екінші, Тоқсаба Қазыбек орыстармен таласып өгіз тауға шығып, жұлдыз көрсетіп күн амалын бұрын жүргізді. Үшінші, Дауқара батыр айқайлап жауға шауып, Қыдыр ата Ильяс жәрдем беріп Байбақтыға ұран болды. Төртінші, Наушадай орыс қиратқан, оқ өтпеген әруағы аспандағы батырым болды. Сендердің осындай тапқан ұлдарың, елден озған ерлерің болса, таласым жоқ. Болмаса бір белде немеремін, елімді табанға салдырмаймын, — дейді. Сұлтансиықтың басқа билері бұл сөзді қуаттайды. Сол кезде хан Жәңгір той басқарып жүрген Шыман төреге қарап:

— Бұл билерді айырып жіберіңізші, — депті. Сонда Шыман:

— «Қой асығы демеңіз, қолға жақса сақадай, жасы кіші демеңіз, ақылы жетсе атадай» деген, жолдық Қонажанға берілісін, — дейді.

Сол тойдан Қодырды бас балуан етіп күресуге шығарады. Онымен күресуге шыққан Түйе балуан атанша орғып келіп, Қодырды көтеріп алып жерге түйеді. Қодыр жығылмай қалады, «бірақ табаным айырылып кеткендей болды» дейді. Қайтадан көтеріп алып түйемін дегенде, Қодыр қос аяқты салып, Түйе балуанды төңкеріп тастайды. Сол күнде Қодыр Түйе балуанның үстінде дуадақтың үстіндегі қаршығадай болып көрінеді. Екі жігіт келіп қырмызы шапанды Қодырға бүркеп алып бара жатқанда, Бекмағамбеттің Найзабай балуаны Құлсүйіндіктің Жанбас балуанымен ұстасып жүр екен. Қодыр өте беріп: «Қорқып жүрмісің, көтер!» — деп ақырады. Оның айтуы-ақ мұң екен Найзабайды Жанбас балуан үйіріп көтеріп, құлаған ұзын теректей етіп тастайды. Бас балуан Қодырға қара нар, қалы кілем беріледі. Содан кейін ат бәйгесі басталады. Бәйгіде жүз жиырма ат шабылады. Олардың ішінде Бекмағамбеттің шаппай бәйгі алып жүрген қос тізгін Кераты, Байбақты Құдайназар Жанбайдың ұшқан құсқа жетер-ау дейтін Сарыала аты болады. Бәйгі аттарын ара күндік жерден тіке жібереді. Ат келер-ау деген мезгілде алыстан аспанға көтерілген шаң көрінеді. «Бұл Бекмағамбеттің кер атының шаңы болар», — деп алыстан халық

жорамал жасайды. Сөйтіп шулап тұрғанда, ол шаңы көрінген Жанбайдың Сарыала аты болып шығады. Оған жалғаса Керат келеді. Сарыала аттың бәйгесіне тоғыз қысырақ, жүз қой беріледі. Аттың желіне еріп Байбақтының баласы аяғын қайдан басқанын білмей, елеуреп тойдан тарқап еліне қайтты.

## 69. Қызылғұрт Жантөре би мен Шомбал би

Жәңгір ханның Шомбал деген биі болады, Әбілқайыр хан заманында қазақтан салдат алынбайтын кездерде Хиуа-Бұқарадан қашып, Ойыл-Қиыл Жем, Сағызды өтіп, қазақ ішіне келіп, Әбілқайыр ханға паналап, күн көріп өсіп-өнеді. Он шақты үй ноғай берекелі Жәңгір ханның заманында ноғай, қазақ атасынан Шомбал деген пайда болады. Өзі епті адам болады және өте төкаппар болады. Дұрысында бұған санаттық тимейді, бұлар аз және он екі байұлының санына кірмейді, ептелегенсін ханға қоян қолтық болып кіріп, жағынып он екі санатының бәріне өтеді. Бұған есентемір руын, таз руын бағындырады және Батырбек руына шарша советчик етіп сайлайды. Сондықтан бұған аға сұлтан атағын береді. Шомбал бір күні жолдас-жораларымен өзі де қырық шақырым ит жүгіртіп, құс салып, саяхатта жүріп Көшек төренің үйіне келіп қонақ болып жатады.

Тап сол күні Шомбалдың үстіне қызылғұрт Жантөре би келеді, Көшек төре ұшып түре келіп сәлем беріп, қол алысып, астына төсек, артына жастық қойып, аман-сау алысады. Баяғы Шомбал би мұрны сертиіп, Жантөреден көсілген ағайынды жимайды. Орнында жантайып жата береді. Біраз аман-сау алысып болғаннан кейін Жантөре би қолын шошайтып:

— Ау, Көшек, және мынау жатқан қонағың кім еді? — дейді. Көшек:

— Ау, Жәке, бұл ноғай қазақ, Шомбал би ғой, ханның аға сұлтаны ғой, — дейді. Жантөре:

— Иә, иә, Шомбал би деген осы ма,  
Шомбал би болса білемін,  
Атасы бұның — орауыл,  
Орауылдан кен он ауыл.  
Арбасының ізі жосылған,

Жем, Сағыздың бойында,  
 Бай аулына келіп қосылған.  
 Атасын мұның білемін,  
 Қойды баққан құл еді.  
 Анасын мұның білемін,  
 Тезек терген күң еді.  
 Солардан туған Шомбалды,  
 Жақсы би болды деп еді, —

дейді. Шомбал ертеңге шейін тығылып, бір ауыз әңгімеге кірісе алмайды. Жантөре аттанарда ертеңіне амандасқанда былай дейді:

— Шомбалжан, көріскенше күн жақсы, өтірік-шын жақса, екше ауызымнан бір-екі ауыз қалай-ай сөз шығып кетсе, айырмассың, — дейді. Шомбал:

— Жәке, сөз осы арада қалсын, ендігәрі айта көрмеңіз, — деп, орнынан тұрып көк мауыт шекпенін жауып жіберіпті дейді.

## 70. Шомбал биді жеңген Жұмат

Жәңгір ханның билерінің біреуі ноғай қазақ беріш Шомбал би болыпты. Шомбал бидің қорытып қойған көлінен ағайындары ұрлап тұз сатып, пайда етіп жүреді. Сол күнде бидің ауылдасы кірме кедей Жұмат деген жігіт ұрлап тұз сатыпты дегенді естіп, Шомбал Жұматтың жалғыз атын ұрлатып алдырыпты. Жұмат атының қолды болғанын, бидің ұрлатып алдырып отырғанын сезіп, биге келіп көптің алдында мына сөзді айтыпты:

— Осы би деп жүр едім ақылды би,  
 Қорғар деп жақын түгіл, жатыңды би.  
 Хәл қылып, ауқат шегіп отырғанда,  
 Алдырдың не себептен атымды, би?!

Осы би деп жүр едім білімді би,  
 Халық түгіл, хан қайырмас тіліңді, би.  
 Ажалым бір кісіден бола кетсе,  
 Жүр едім сіз сұрар деп құнымды, би.

Сақсынып сауысқандай жүрсем дағы,  
 Аяғым бір нәрсеге ілінді, би.  
 Тұзыңнан он екі арба алып едім,  
 Сұрасаң, енді айтайын шынымды, би.

Тәттібай, Бұзай алса, үндемейсің,  
 Осы жерден бөтендігім білінді, би.  
 Шиттей бала-шаға, жалғыз сиыр,  
 Бермесін біреуге де күнімді, би.  
 Тұзыңа екіншілей жуымаспын,  
 Салсам да быламыққа қолымды, би! —

депті. Шомбал:

— Жә, енді баршы, атың ешқайда кетпес, — депті. Соңынан атын да тауып беріпті. Сөз жүйесін тапқанда, мал иесін тауыпты.

## 71. Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі

Жәңгірдің заманында билер бәрі ерігіп әңгімелесіп отырғанда, біреу тұрып айтады:

— Япыр-ай, жылқышы табында бір қыз бар дейді, оны өлеңмен де, қара сөзбен де адам жеңе алмайды, — дегенде, хан:

— Сол сөйлесіп, жеңіп келуге кім барады, — дегенде, біреу «мен барамын» деп айта алмаған соң, хан Балқы биге:

— Сен бар, — деді. Балқы:

— Жоқ, сенің Шомбалың бар ғой, соны жібер, — депті. Хан:

— Онда Шомбалды басшы қылып төрт жігіт жіберейін, сен сөйлеме, тек солардың не сөйлегенін, қыздың оларға берген жауабын естіп, қайсысы мүдірді соны айтып келерсің, — депті. Балқы мен тағы Шомбалды басшы қылып алты кісі жіберіпті. Бұлар барып бір күндерде қызды іздеп тауыпты. Қыз далада өрмек тоқып отыр екен, келіп ат үстінен аман-саулық сұрасқан соң, Шомбал тұрып қызға айтыпты:

— Біз жолаушы едік, осы бір араға келгенде мінетін атымыз мертігіп өлді. Жақсы мал еді, соның басын асып тасталық деп, сізден бір қазан сұрай келіп отырмыз, — деді. Сонда қыз айтыпты:

— Шешемнің бір қазаны бар күнде пісіп, аузы ашық, түбі тесік, жеңгемнің бір қазаны бар күнде пісіп, түнде түсіп тұрады,

өзімнің бір қазаным бар атыңның басы түгіл, атаңның басын асам десең де, бере алмаймын, — депті. Ана қалған төрт жігіт те әзілдеп, бір-бір сөз айтса да, қыздан бәрі де керекті сыбағаларын ала беріпті. Қалған бір жігіт:

— Құдаша, мен бұл жігіттерден басқамын, мен бір жоқ жоғалтқан адаммын, бір ақ қолтық қара қашарым жоқ, көзіңізге түспеді ме? — депті. Сонда қыз:

— Мен өзім отырушы едім ісімді істеп,  
Кісіге сөйлес деген үйге түс деп.  
Мана мен сол қашарды көріп едім,  
Түр еді алты бұқа артын иіскеп, —

депті. Бұлар сөйтіп жеңіліп ханға қайтып келгесін, хан:

— Кім жеңді? — деп сұрапты. Сонда Балқы:

— Жіберген адамдарың қыздан бәрі де сыйлықтарын жеткізіп алды, тіпті, үндемеген менің де сыбағамды берді, — депті.

## 72. Үкі би

Жәңгір ханның қоластында байбақты Үкі би болыпты. Өзі өте кішпейіл адам екен. Кішпейілділіктен үлкен-кіші демей, бай-жарлы демей, ерте де-кеш те шақырса да, шақырмаса да, бара береді екен. Өзі жақсы адам, би бола тұрып, ерте демей, кеш демей орынды-орынсыз жүре берген соң, ел арасында күңкіл өсек жүре бастайды. Сондықтан Үкі би ойланып: «Апыр-ау, бұл елге қандай кішілік етсем де, болмайды екен, ар жаққа шығып Сырым батырдың немерелері Омар, Мұхтарға барып қосылайын», — деп, үйін бөкейлікке тастап, өзі атпен бергі бетіне шығыпты. Сол заманда ауырып аты өліп, өзі жаяу қалса да, бет алған бағытынан қайтпай жүріп келіп, күн батуға таянғанда Омар, Мұхтар ауылының қарсысына келіп, ауыл шетінде бір қарт адамға жолығып, Омардың үйін сұрапты. Сонда қарт:

— Оны нағыласың? — депті. Үкі:

— Қонайын деп едім.

— Уа, жолаушым! Омар сен түгілі, үш ат жеккен пәуеске мінгенді де таңдап қондырады, бекер барасың ғой, онан да бізге қонып кетсең қайтеді? — дейді. Сонда Үкі:

— Сөйлессе, қонармын, сөйлеспесе, кетермін, үйін көрсет? — деді.

— Ендеше, үйі анау, — деп қарт көрсетіп жіберді. Үкі би күнмен таласып, Омардың үйіне сәлем беріп жетіп келді. Омар басында жастық, астында көрпе, төрінде қисайып жатыр екен, сәлем алмастан «жолың болсын!» — дейді. Үкі би:

— Қонайын деп едім.

— Қонсаң, анау үйге бар, саған тамақ бергізермін, — деді. Сонда Үкі былай деді:

— Арғы атаң Дат еді,  
Ол жаман кісінің аты еді.  
Одан туған Сырым еді,  
Қырмызы тонға жырым еді.  
Бұдан туған Қазы еді,  
Айналасы жаз еді.  
Содан туған Омар едің,  
Сөйлесуге құмар едім.  
Бұ да құрмет, мырзалық па?  
Қараша үйге қолың сілтеп,  
Артыңнан тамақ берер дедің.  
Сені бұлай демеп едім,  
Білсем саған неге келдім? —

деп үйден шығып жүре беріпті. Онан кейін күн бата Мұхтардың үйіне келеді. Сәлем беріп, кіріп барыпты. Мұхтар төрінде отырып: «кімсің?» деп жөн сұрапты. «Қонамын» деп бұған да айтыпты. Бұ да Омар ұқсап, қараша үйді көрсетіпті. Сонда Үкі би:

— Уәй, арғы атаң Дат еді,  
Дәулетке көңіл шат еді.  
Одан туған Сырым еді,  
Мінезі шалкес қырын еді.  
Бұдан туған Қазы еді,  
Жігітте ондай аз еді.  
Содан туған Мұхтар еді,  
Сөйлессең, тоқтар едің.  
Танымағаныңды еттің-ау,  
Танысаң, жоқтар едің? —

деп үйден шыға бергенде, Мұхтар жүгіре шығып, қолын алып, тай сойып, қонақ етіп, ай жатқызып, үйін көшіртіп алыпты.

### 73. Байғана мен Төлеген би

Марқұм хан Жәңгір бала күнінде Орынборға оқып жатқанда Есенберді Байғана деген Жәңгірге жолығып: «Басқа беретін датым жоқ, шырағым, мынау боз айғырды сатып, қаржы етерсің», — деп, бір жақсы айғырын беріп кеткен екен. Сосын Жәңгір хан болған соң: «Байғана старшин болсын!» — деп жарлық беріпті, сонан Исатайдың да әуесі болғанды, Исатайға ермей хандық болыпты. Исатай Байғананы көп жәбірлепті. Жеті құдыққа салып, үстіне кереге жауып, үстінен қой шұбыртыпты. Сонда да ермепті. Ақырында Исатай ар жақта өлген соң хан елге ағламаннаме таратыпты: «Исатайға ергендерге жаза беремін, маған ергендерге тілегін беремін, келсін!» — депті. Сонда баяғы Байғана һәм Жайық беріш Төлеген деген би екеуі ханға барыпты. Қонақ етіп болған соң, қызметтерін сұрапты. Сонда билер: «Хан жақты кісілер келсін, тілегін берем деген сөзіңіз болған соң, тілек ала келдік», — депті.

Хан:

— Сұра! — дегенде, Байғана айтыпты:

— Сіздің үшін Исатайдан көрген қорлығым естен кететін емес, Исатайдың алған анау іште жеті аралы бар, соны алып бер? — депті. Хан:

— Жақсы, ал! — депті. Төлеген би айтыпты:

— Менің тілегім бар, бірақ біреу емес, үшеу, — депті. Оған да хан:

— Сұра! — дегенде, Төлеген айтыпты:

— Әуелі өзіме һәм өзіме ерген кісіге жеткендей кең қоныс бер? — депті. Екінші, Исатайдың әуесі тақырыпты бөлініп қалған елміз ғой, сол алған жеріме келген халықтан үш жылға шейін расхот шығын алма, үшінші, бір тентегім бар, соның күнәсін ғапу ет? — депті. Хан:

— Жақсы, тілегінді бердім, — депті. Олар тілегін алып қайтқан соң, хан қасындағы он екі билері, отыз екі сұлтандарын сынаған Байғана би емес екен, торсық аяқ Тоқтаның жуан тұғыры екен. Ол өз басына өзі бәлені тілеп алды, өзінің ұрпағы мен Исатайдың ұрпағы арасындағы жер дағуалары өздерінен төменгі ұлдың ұлына, қыздың қызына кетер депті.

Төлеген би екен, әуелі өзіне һәм өзіне ерген кісіге кең қоныс алды. Екінші, ол қонысқа көшіп келген елден расхот шығын ал-



дырмай, өзіне дос-жаранын көбейтті. Үшінші, тілегіне келгенде о да жаңылды. Оның тентегі үй тентек болар, жақсы, қайратты тентек болса, ол Исатайға еріп, Исатаймен бірге өлер еді. Болмаса, Исатай өлген соң салып ханға келер еді, «өзіңе келдім, кессең, басым мынау, ғапу етсең, өзің білесің? — деп жолар еді, оның бірі де жоқ. Ол бір үй тентегі ғой, үй тентегінің тентектігі үзілмей жеті атаға кетеді» — депті. Ол тентек Жайық басы Қара деген кісі екен. Оның балалары Сұлтан, Жіті, Дүйсенбілер енді Исатайдың «Жеті аралы» хақында Байғана балалары менен Исатай балалары сол күннен осы күнге шейін айтыстартыста. Байғана баласы Құрманбай, оның баласы Қайырлы, Исатай баласы Дінбаян онан Оттығали. Ханның балалары менен сұлтандардың сынауы дұрыс болып шығыпты дейді.

#### 74. Махамбеттің әкесі Өтеміс би

Махамбет батырдың әкесі Өтеміс сөзге шебер би болған, жақсы орта дәулетті, өзі инабатты адам болған екен. 1801-1802 жылдары Кіші жүздің кейбір рулары Бөкейді хан көтеріп ресми түрде ішкі бетке өтуге рұқсат алып, көшіп, көлденең жатқан Жайық өзенінен өтуге бет алған. Жайық бойын мекен еткен күзетші есебінде қызмет атқарып тұрған қазақ-орыс әскері елді Жайықтан өткізбей: «Суды ылай жасайсыздар, балығын үркітесіздер», — деп кідіртіп көп ел Жайық жағасында иіріліп қалыпты.

Сол кезде елдің уәкілі есебінде Өтеміс қазақ-орыс басшыларымен сөйлесіп, келісіп, шаңырақ басы бір еркек қой беретін болып, елді өткізе бастапты. Елді жапа-тармағай жібермей, бір орыннан ғана жіберіп және Өтеміс өзі басында тұрып бұрын келгенді бұрын, соңғы келгендерді соңынан өткізіп тұрыпты.

Бұл кезде хан-төре ақсүйек тұқымдары да өтпек болған. Олар мынадай кезекпен өтуді ар көріп, Өтеміске риза болмай, әрі көре алмай «Өтеміс сен неге тайраңдайсың, қаншама талдасаң да, атаң Мәлі күл емес пе?» — депті. Сонда Өтеміс тұрып қысылмай-саспай төрелерге:

— Өзен, өзен, өзен су,

Өзен суға қанған ит.

Күнінде өзі болған жігіттің

Түп атасын сұраған ит.  
 Алдыңғы кісі соғым жейтін,  
 Артқы кісі боғын жейтін.  
 Төре болсаң, жөніңе төресің,  
 Бірақ кезегің келгенде өтесің, —

деген екен.

## 75. Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан Жәңгірден жер сұрауы

Өтеміс ханның ордасына барып отырғаннан кейін, хан Өтеміске әңгімелеріңді айта отыр депті, сонда Өтеміс ханға былай деп айтқан көрінеді:

— Аспаннан Құдай жаңбыр бермейді,  
 Жерден Жәңгір бермейді.  
 Қатқылды қойыс бермейді,  
 Жайықты орыс бермейді.  
 Ірге құмды тана бермейді,  
 Қаратоғай және бермейді.

Сонда Жәңгір тұрып:

— Жер сұрай келіп пе едің, қай жерді алғың келеді? — депті. Өтеміс өзінің сұрауы бойынша Шолан тауын алыпты.

## 76. [Махамбет пен Жәңгір хан]

Жәңгір хан баласының туған күндерінің біріне арнап той жасапты. Тойда Махамбет атпен табақ тартып жүрген екен. Жәңгір хан Махамбеттің ру намысына тию үшін, тойда садақа сұрап жүрген Махамбетпен рулас адамды шақырып: «Махамбетке бар, сол сені тойындырар», — депті. Садақа сұраушы Махамбетке барып:

— Айналайын, Махамбет-ай, мен ашығып жүрмін, мені бір тойындыршы», — дегенде, Махамбет аттан секіріп түсіп:

— Сақпардан келген ноғайдың баласы да хан болып отыр, күңнен туғандар да би болып отыр, біз де осындай болармыз, —

депті де, садақа сұраушыны төрге ханның оң тізесін ала отырғызып, табақты хан екеуіне бірге тартыпты, хан табаққа қолын сала алмапты, садақа сұраушы тойып шығыпты дейді.

## 77. [Исатай—Махамбет]

Жеңіліске ұшыраған Исатай, Махамбет қолының аз ғана тобы Жайықтан өтіп, Тайсойған құлаған екен. Тайсойғанда Сәмбет дегеннің ауылына бірер күн қонақ болып, тағы ілгері аттанады. Әріректе әлім руынан шыққан Құдайберген деген бай адам тұрады екен. Әйелі байұлының қызы екен. Беріш руынан шыққан Исатай бір жағынан жамағат тұтып, сол Құдайберген ауылына барыпты дейді. Құдайберген: «Қыстай қонақ болып жатыңдар», — дейді. Исатайлар сол ауылдан қар кетіп аттанады. Құдайбергеннің тағы бір жұма бола тұрыңдар дегеніне қарамастан, Исатайлар аттанып кетеді. Құдайберген ере шығыпты. Қар жаңа ери бастаған уақыт болғандықтан, ерте таситын Сағыз өзенінің суы көтеріліп кеткен екен. Исатай тобы жіпсіз байланып, кейін қайтуға тағы болмайды, бір жұма Барлыбай бекетін паналаған екен. Азық та таусылады. Су кішкене төмен түскен кезде Исатай тобы судан өтеді. Олар әлім руына қарай бет алады. Ол кезде адай мен әлім руы бір-бірімен жауласып отырса керек. Исатай тобы жақындаған кезде «Адайлар келіп қалды» деп әлім руының адамдары атқа қоныпты. Сонда Құдайберген топты тоқтатқан екен. Осы сапарда Исатай мен Махамбет адай мен әлім руының беделді билерін кездестіріп, екі ел арасын татуластырған екен. Бұл да бір халық үшін қан кешкен, азаттық пен теңдікті көкसेген асыл азаматтардың адамгершілігінің куәсі болса керек.

## 78. Исатай батыр

Ел аузында айтылып жүрген сөздерге қарағанда, Исатай батыр Тайман баласы ер көңілді, ат ауызды, орақ тілді өткір адам болған. Анау-мынау адамға ашаламайтын хан Жәңгірдің есігі Исатайға қашан келсе де ашық болған. Күн демей, түн демей сұраусыз келіп кіре береді екен. Ханның үйіне кіргенде қамай

отырған билерін баса-жанша сөйлей кіріп мынадай сөздермен алдымен қырларын сындырып алады екен:

— Хан елімен кісі,  
Қатын ерімен кісі,  
Билермен бар кімнің ісі,  
Тұрыңдар, әкелеріңнің салған үйі емес,  
Халықтың салған үйі, —

деп ханның шаршы төріне шығады екен.

Сонда Жәңгір ханда «Батыр, қош келдің, төрге шық!» дегеннен басқа сөз болмайды екен.

Жәңгір хан оқтын-оқтын қасына он екі биі мен отыз екі сұлтанын алып, ел ішіне ит жүгіртіп, құс салуға шығады екен. Осындай жүрістерінде түскен үйлерінің тәуір қыз-келіншектерін айналдыратын әдеті болған.

Ханның қасындағылар да қарап жүрмей ел ішін бұзып-жарып, қиратып кете жаздайды екен. Бұндай сорақы істерді ел біле тұрса да, қолынан келері болмаған соң ашып айта алмай, іштерінен тынып жүре берген. Сонда да ар-намысқа төзе алмай, ел ішіндегі қайратты адамдар өзара сөйлесіп «қалай етеміз, осындай қорлыққа көне береміз бе» деген сөздерді айтып, көтеріліп басылатын болған. Патшаға арыз берейін десе, оның жөнін табалмай елдің басы қатады. Кейбіреулер «өзі хан қойып алып, зекет жинатып отырған патша біздің сөзімізді тыңдар деймісің» десе, тағы да тоқталып қалысады.

Сонда да ел ханның да, қасына ергендердің де қорлығына шыдай алмайды. Тағы да өзара келісіп, оны балта жастанған ер еді ғой, Исатайға барып жолығайық деп ұйғарысады да, бір күні хан қасындағы нөкерлерімен ит-құс жүгіртуге ел ішіне шығайын деп жатқанда, үстіне Исатай келе қалады.

Хан:

— Батыр, қош келдің, елге шығайық деп жатыр едік, үйге түсесің бе, жоқ бізбен бірге шығып қызық көресің бе? — дейді. Исатай:

— Ордаңда көрмей жүрген нәрсең жоқ қой, бірге шығып, қызықтарыңды-ақ көрейін, — деп еріп шығады. Ел аралағанда батыр Исатай түс деген жерінен түсіріп, қон деген жеріне қондырып, өзі бастап ханды билеп алады. Мұның қалай деп қар-

сы айтушылар болмайды. Жаңағы толып жатқан нөкерлері хан мен билердің тәуір көретін үйлеріне түсіріп, шығындандырады. Осылай бірнеше күн жүреді. Исатай түсірген үйлерде қатын-қыз айналдыратын бейбастықтар болмайды. Ақырында билер Исатайға сөз айта алмай, артында келе жатып күңкілдейді.

«Тақсыр, мынау Исатайды батыр-батыр деп бөркін қара қазандай қылып жібердің, біздің сөзімізді алмайды, өз еркімен түсіреді, өз еркімен қондырады. Оның сөзін сізде қайырмайсыз, бұлай болғанда ел билемек түгіл, қара басымыздан билігіміз кетер», — дейді. Хан билердің бұл сөзіне түсініп, жалғыз өзі оқшау бара жатқан Исатайды дауыстап тоқтатады. Исатай қайырылып тұра қалады. Хан билерімен артынан жетіп:

— Әй, Исатай! Қарғылы қара тазыдай ылғи алдымызды бермей жүргенше, қатар жүрсең болмай ма? — дейді. Сонда Исатай тұрып: «Шақырғаның осы ма? Алдыңда қарғылы қара тазыдай сылаңдап мен жүрсем, артында шұбырып он екі төбетің (билер) жүрсе, сені көкте Құдай, жерде құмай алар дейсің бе? — дегенде, хан да, билер де ашуланып қалыпты. Сонда атының басын бұрып алып Исатай:

— Он екі би мен Шұнақ хан,  
Күндегенің мен екен,  
Шабатының ел екен.  
Қандарыңды судай төгермін,  
Қабырғанды қойдай сөгермін,  
Қалың елге кірермін.  
Хан ұлына қас болу,  
Қара ұлына бас болу  
Мендей ерге жол екен, —

деп атын бауырға бір салып, жортып жүре берген екен. Артынан хан мен билер «батыр, ашуланба?!» деп шақырса да, қайырылмапты.

Сол кеткеннен Исатай кете берген. Қайтадан хан ордасын көрмеген. Жолшыбай елді аралай келе жатып, ханға қарсы болып шыққанын сөйлеген. Содан кейін бұрыннан Исатайға барамыз, мұңымызды шағамыз деп отырған ел көтеріле Исатайға ерген.

Сөйтп, Исатайдың қара бұқараға басшылық етіп, Жәңгір ханға қарсы көтеріліс жасауы осыдан басталған екен дейді қариялар.

## 79. Исатай сөздерінен...

Исатай Тайманұлы XIX ғасырдың отызыншы жылдары Еділ мен Жайық өзендері арасын мекендеген қазақ шаруаларының ханға қарсы күресін бастаған батыры болған. Ол кездегі қазақтардың ханы Жәңгір (Жиһангер) орысша да, қазақша да оқып орта білім алған сауатты адам болады. Ол орыс патшасына еліктеп екі өзен аралығындағы ең шұрайлы жерлерді хан, сұлтан, қожа байларға бөліп беріп, жәй шаруаларды құмдық тақыр жерлерге иіріп, олардың шаруашылығына үлкен қысым жасаған. Оның үстіне хан өз байлығын күшейтіп алу үшін елден алым-салықты көбірек алған, тіпті «хан сыбағасы» деп шаруалардың соғым етінің ең шұрайлысына дейін қағып алатын болған. Хан айналасындағы билерімен ел қыдырып жүріп, қазақтың ажарлы әйел-қыздарына да көз салып, бозбалалықты күшейтіп, шаруалардың намысына тиген. Жер дауы мен жесір дауы ол кездегі қазақтардың ең басты мәселесі болып есептелген. «Қазы қиянат жасаса кімге барып арыз айтарсың» дегендей, ханнан жәбір көрген шаруалар шағымдарын Исатайға барып айтатын болған. Исатай бір рулы елді басқарған старшина ғана болғанымен, ол батыл, өр мінезді, ойына келген сөзді ірікпей, жасқанбай хан-билерге айтатын тілді адам болған деседі. Оның атасы Ағатай бүкіл беріш руының ұраны болғандықтан да оған үлкен сенген. Ханнан жәбір көрушілер көбейіп бара жатқасын, бір күні Исатай жолдасымен хан ордасына келіпті.

Исатай ханның жанындағы билерімен тілдеспестен баса-көктеп хан сарайына кіреді де, тікелей ханның кабинетіне рұқсатсыз кіріп барады. Исатай ханмен амандасып жанына отырғанда, билер өзара сөйлескен болып, Исатайды сынап-мінейді:

— Исатай билерді көзге де ілгісі келмейтінін көрдің бе? — депті. Бұл сөзді ханға да, Исатайға да естіртіп айтыпты.

— Әй, билер!  
Хан елімен кісі,  
Қатын ерімен кісі.  
Билермен бар еді  
Кімнің ісі? —

деп Исатай билерді сөзбен тойтарып тастайды.

Хан билерімен аңға шығуға даярланып жатыр екен. Исатайға «бізбен бірге аңға жүр» деп хан ұсыныс жасағасын оны мақұлдапты. Бұлар атпен жүргенде ханды ортаға алып, билері екі жарылып қоршап жүреді екен. Бұндай тәртіпке көнгісі келмеген Исатай топтың алдына шығып арқан бойы хандардан озып жүреді. Билер тағы да Исатайды мұқатқысы келіп, ханға айтыпты:

— Исатай біздермен қатар жүргісі келмей, алдымызды кесе беретінін көрдіңіз бе? — депті. Хан Исатайды айқайлап шақырып алыпты да айтыпты:

— Әй, Исатай! Сен менің қарғылы қара тазыма ұқсап неге алдымды орай бересің? Бізбен қатар неге жүрмейсің? — депті. Исатай:

— Ә, ханеке! Қарғылы қара тазыдай алдыңда бұлаңдап Исатай жүрсе, қой баққан төбеттер сияқты он екі биің сені айнала қоршай жүрсе, ханды көктен Құдай, жерден құмай ала ма? — дегенде, хан да, билер де әрі сөзден ұтылып, әрі намыстарына тиіп ашуланып қалыпты. Хан мен билердің ашуларын көріп, Исатай айтыпты:

— Он екі би мен Шұнақ хан,  
Күндегенің мен екен,  
Шабатының ел екен.  
Қандарыңды судай төгермін,  
Қабырғанды қойдай сөгермін,  
Қалың елге кірермін.  
Хан ұлына қас болу,  
Қара ұлына бас болу  
Мендей ерге жол екен! —

депті де, атын бауырына қамшымен бір салып жіберіп хандардан бөлініп еліне тартқан екен. Артынан хан шақырса да, Исатай қайырылмапты. Осы ыза-ашудың түбі шаруалар көтерілісіне ұштасыпты.

## 80. Тайман мен Бөкей

Мың сегіз жүз бірінші жылдары Нұралы ханның баласы Бөкей хандық лауазым алып, «Нарынға өтемін, ел аламын» деп патшаға барады. Қасында Бабажанұлы Қарауылқожа болады.

Патша: «Еліңді мың үйге толтыр, сонда ғана хан болып өтуіңе болады», — депті. Ол үшін Бөкей құл алып, бала сатып алып, бір баланы бір үйге санап, мың үйге толтырған болыпты. Әр рудан бір старшина сайлап, олардың әрқайсысын да жүз үйден болу шарт болып, сонша үйге толтырыпты. 1801 жылы Бөкей мен Тайман түйе қамдап, Жайықтан бері өтіпті. Сонда екеуінің балалары Исатай мен Жәңгір он бесте екен. Тайман мен Бөкей қазіргі Новобогат, Чапаев селоларының Нарын құмы жағындағы Жалтыр көлінің жағасына келіп қоныстаныпты. Бөкей сол жерден орда салдырғысы келіпті. Бірақ ақылшылары: «Бұл жер теңіз жағасы, түпкілікті қоныс болмайды», — деп ыңғай бермепті. Сол жерде Бөкейдің шешесі қайтыс болады. Өлгі жерде Бөкей шешесі деген мола әлі бар. Оған тастарды Орынбордан алдырады. Кейіннен Тайман мен Бөкей Новобогат ауданындағы Заборунье селосының әр жағасындағы қазіргі Тайман моласы тұрған жерге көшеді. Бөкей әрі қарай көшуі керек болады да, Тайманға: «Екі баланы шақырып алайық, сенің балаң көкдолы ғой, оларға ақылымызды айтайық», — дейді. Мал сойып кеңесіп отырып, егер шапқыншылық бола қалса, бір-біріне қылыш жұмсамасқа уәде етіп, «қол — Алланың мөрі» деп қол алысады. Бөкей әрі көшіп, Қызылобаға барып, қазіргі Орал облысының жерінен орда салдырады. Кейіннен Орданы шаба барғанда, Исатайдың Махамбетке: «Алланың мөрі де деп қол алысып еді, аталарыңды шаппайық», — деуі содан деседі.

## 81. Исатай батырдың араша түсуі

XIX ғасырдың 30 жылдарында Бөкей ордасының билеушісі Жәңгір өзінің хандық құрған салтанатына арнап үлкен той жасайды. Тойдың болатын мезгілін бір жыл бұрын хабарлайды. Дайындық жұмысы жан-жақты жүргізіледі. Бәйгіге қосылатын өрен жүйрік аттар жаратылады. Мергендер, палуандар алқа топ ортасында күш сынасуға әзірленеді. Бас бәйгі, орта бәйгі, соңғы бәйгілердің мөлшері белгіленеді. Сұлтандар, старшиналар, рубасшылары мен байлар Жәңгір ханға жағынып, тойдың шашуына ат-шапан, қалы кілем, қызыл нар дайындайды. Бірақ бұл тойдың дақыртына Исатай батыр мен Махамбет онша еліге қоймайды.



Той дүрмегі жазда жайлауда өтеді. Оны Бекбенбет би басқарады, көмекшісі ноғайлар тайпасының ұлығы Шомбал би болады. Той салтанаты ат шабысынан басталады. Бәйгі жарысының қашықтығы жетпіс шақырым болып, билердің көптен жарытып баптаған сәйгүліктерімен бірге жалғыз атты кедейлердің кейбір саңлақкерлері де қосылады. Мәренің ұзақ болуына байланысты көптеген аттар жолда зорығып қалады. Ал жарысқа түскен аттардың ішінен Тәжі деген кедейдің «Қарақасқа» деп аталатын жүйрігі бірінші, Жәңгір ханның «Шыбық қарақасқа» аты екінші болып озып келеді.

Ханға жағынып қаламыз дейтіндер не істемейді. Олар жеке дара озып келген қара сирақ кедейдің сәйгүлігіне бірінші бәйгені бермеу үшін «Тәжінің аты жолдан қосылды» деп жанжал шығарады. Бірақ бәйгі аттарын жүргізген шабандоздар Тәжінің атының жолдан қосылмағандығын, жарыстың басынан бастап аяғына дейін оза шауып келгендігін дәлелдейді. Алайда, олардың сөздері ілтипатқа алынбайды. Бірінші бәйгіні ханның атына бергісі келген той басшылары — Бекбенбет пен Шомбал билер: «Тәжінің аты бәйгі аттарының тізімінде жоқ», — деп, оған сыйлық беруден бас тартады.

Сөйтп, бәйгі сыйлығын алудан үміт үзген кедей Тәжі:

— Тілің жүйрік шешен едің, сөз жүйесін тауып, есемді алып бер, — деп Қадірбай ақынға шағым айтады. Қадірбай ақын:

— Бәйгі сыйлығын алып беруге менің шамам келмейді, хан алдында тілім қысқа. Мұны Исатай батырға төрелет, ол саған бәйгіңді «хан берсе қолынан, бермесе жолынан» дегенге басып алып береді, — деп ақыл қосады.

Тәжі Исатайды танымайды екен. Қадірбай ақын оған:

— Анау шетте тұрған ақ табан қара атты, боз шекпенді, мұртты кісі, — деп көрсетеді. Тәжі Исатайға келіп:

— Уа, батыр, мына той басшылары Бекбенбет пен Шомбал жарыста озып келген атымның бәйгісін зорлық жасап бермей тұр. Мұны ханға айтып, бәйгімді алып беруге жәрдем етіңіз? — деп өтінеді.

Исатай арыз айтқан Тәжіге ілтипатпен қарап:

— Ана атын жетелеп бара жатқан Жәңгір ханға барып өтінішіңді айт. Сенің артыңнан мен де жетемін, — дейді. Тәжі ханның алдына келіп, атынан домалап түсіп, екі тізесін бүгіп отыра қалып:

— Уа, алдияр хан, төрелігіңізге бас идік. Менің атымның бөйгіден бірінші болып келгенін бүкіл халық растап тұр. Бірақ той басшылары бөйгімді бермейді, — деп шағымын айта бастайды. Осы кезде Исатай да ханның алдын кес-кестеп, Ақтабан атын ойнақтатып келіп:

— Хан Жәңгір, «орамал тон емес, жол» деген халық сөзі қайда? Мына пақырдың алақанын жайдырмай, озып келген атының бөйгісін бергіз, — дейді.

Сонда хан:

— Исатай, орынды жерде де, орынсыз жерде де маған тиісе бересің-ау. Анау төбенің бауырында екі жүз нар тайлақ байлаулы жатыр. Солардан шағым иесінің бөйгісіне тиесілін шешіп бер, — дейді қыжырта сөйлеп. Исатай ханның қағытқан сөзіне іле жауап қатып:

— Жәңгір хан, маған сенің екі жүз нар тайлағыңның есебінің қажеті жоқ. Халық алдындағы сенің әділеттілігің қажет, — дейді.

Хан не айтарын білмей тосылып қалады. Сөйтіп, Исатай батыр халық алдында әділеттілікке Жәңгір ханның басын идірген екен.

## 82. [Батырдың сауыт-сайманы]

Саржала — XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген, атағы елге кең тараған, игілік-шарапаты жарлы-жақыбайға мол дарыған, әйгілі халық батырларының бірі.

Саржала батыр мал жинап, дәулет асырып, байлықты мақсат етпеген. «Байлық — мұрат емес, жоқтық — ұят емес» деген қағиданы ұстанып, өмірін, қайрат-қабілетін қара халықтың дұшпандарымен күрес жолына жұмсаған адам.

Саржала батырдың үш баласы болған, бірақ бұлардың ішінде асқан қайрат иесі, ақыл-парасаты кең, халық ұлы атанардай, әкесінің жолын қуардай ешкім болмаған.

Саржала батыр сексеннен асып, тоқсанға жақындағанда: «Апырм-ай, Тәңірім өзіме теңдес бір ұл бермеді-ау, өмір бойы ұстаған мақсат-мүддемді кім жалғастырар екен! Мына сауыт-сайманым шіріп далада қалар ма екен?» — деп қалың ойға батып жүреді.

Бір күні жолдас-жораларымен ат үстінде келе жатып, шағылда қаперсіз ойнап жүрген көп баланың үстінен шығады. Қару-жарақтарын асынып суыт жүрген, сатырлап қыр астынан қапелімде шыға келген батырлар балалардың зәресін ұшырып, қатты қорқытады. Қорыққан балалар тым-тырақай қаша жөнеледі. Тек бір бала ғана тұрған орнынан қозғалмай, бұқа болып өкіріп, топ алдында келе жатқан Саржала батырдың атының басына топырақ шаша бастайды. Бұндайды бұрынсоңды көрмеген батырдың арғымағы да, басқа аттылар да бұрылып кетеді.

Анадай жерге барып атының басын тежеп Саржала батыр: «Апырм-ай, мына баладан ерен бір қасиет байқағандай болдым-ау. Осы баланың үйін сұраңдаршы, солай қарай ат басын бұрайық», — дейді серіктеріне.

Баладан үйін сұрап батырлар сонда барып түседі. Бұл үй Тайман ақсақалдың шаңырағы болып шығады. Жаңағы батырлардың атын үркіткен Тайманның төрт баласының бірі Исатай екен. Тайман ақсақал келген батырларды жібермей, ас-суын беріп, барынша қонақ етеді, әңгіме-дүкен құрады. Сонда Саржала батыр Тайманға:

— Ас-суыңызға Алла риза болсын, сіздің үйге қонақ болайық деп келген жоқпыз, мына балаңыз үшін келдім, — деп манадан бері қонақтардан көзін алмай отырған шалдың Исатай дейтін баласын нұсқап көрсетеді. Сосын үстіндегі сауыт-сайманын шешіп, керегенің басына іліп:

— «Тура биде туған жоқ» деген бар. Өз балаларым ренжи қоймас. Менің сауыт-сайманым өскенде осы бала — Исатайжан ие болар, — деп, қолын жайып батасын беріп, Саржала батыр жүріп кеткен екен.

### **83. Исатай, Жәңгірдің жер таласы жайлы біраз сөз**

...Күзде хан жәрмеңкесі ашылады, он-он бес күндік жәрмеңке созылады, халық көп жиналады. Бұл жәрмеңкеге Исатай, Махамбет те болады, бірнеше күн базарлап елге қайтады. Жол-жөнекей ағайыншылап Азғырдың сыртында Ешпе деген жерде отырған қалың Себек ауылына келді, бұл ауыл беріштің бір атасынан туыстары болып саналады.

Исатай, Махамбет сол ауылда екі-үш күн қонақтап, аттанады. Екеуі екі жолға түсіп өз бағыттарына айырылыс жасайды. Исатай жанында Тұлып деген бір туысы, қосшысы болады. Исатайдың артынан бір күннен кейін сол ауылға қасына бесалты көк найза асынған салдаттары Қарауылқожа келеді.

Шыман деген түрік: «Сол Ешпені өмірлік менің пайдама шығарып бер, мен Ешпеге бау-бақша салып орман егіп құрық қылып, үй салып саяхат ететін өзімізге орын әзірлейін», — деп арыз беріп сұрайды екен. Сол арыз жәрмеңке уағында қаралып, санаттар отырысыменен қаулы алынып, жер Шыманның пайдасына берілуге, ішінде отырған елді қырыққа жедел көшіруге, Сүйіндік деген шағылға қоныстандыруға қаулы алынады. Бір жетінің ішінде хан тәртібін орындауға Қарауылқожаға міндеттеуге болады деп бұйырады. Бұны Исатай сезбей қалады. Қарауылқожаның келу себебі осылай екен.

Қарауылқожа ауылға келіп, елді жинап, қолындағы әмірін жариялайды. Халық сасып не айтарын білмейді. Кіндік кесіп, кір жуған ата көлін тастап кету халыққа өте қиын келеді. Халық: «Жарайды, бір-екі күн жатып қонақ болыңыз, ақылдасып жауап берелік», — дейді. Түнде үйге түсіріп, Исатайдың артынан қуғыншы жібереді.

Исатай таң намазына таһарат алуға далаға шығып тұрғанда, бір-екі атты келе жатады. Исатай:

— Қай баласың? — дейді.

— Ешпедегі Себек ауылының баласымын, — дейді бала.

— Иә, жай жүрмісің?

— Жай, кеше сіздің соңыңыздан ауылға Қарауылқожа келіп қырып-жойып «көшіңдер» деп жатыр. Ақсақалдар сасып қалып сізге жіберді, «қайтеміз» деп. Соған сізді шақыра келдім.

— Атаңа нәлет, қарашы істеп жүргенін. Анау менің атымды әкеліп ерттей ғой, мен намаз оқып шығайын деп үйге кіріп кетеді.

Исатай атына мініп тұрып: «Ал, балалар, сендер маған ілесе алмасаңдар, жайлап келерсіздер, мен ол төренің шайына жетермін», — деп ақтабанменен жөнеле береді.

Қарауылқожа жаңа тұрып, тал түсте шайға отыра бергенде, Исатайды көріп, жетіп барады. Аман-сау айтысып болғасын:

— Иә, төре, елмісің, жаумысың, көк найзаң не? — дейді Исатай.

— Жау емеспін, елмін, хан бұйрығы бойынша жайшылықпенен елді түсіндіріп басқа жерге қоныстандырмақпын, мынау Ешпеге Шыман көк ала жай салып, орман тал орнатуға алатын болған екен, сол жайға жүрмін, — дейді Қарауылқожа. Исатай:

— Әй, атаңа нәлет, жау емеспін, елмін деп, бұл арада қандай елдік бар, қырық-елу үйдің ата көлдік жерін тартып алып, құрдай шұбыртпақшысың! Жан өзіңе керек болатын болса, шайыңды іште, қазір кет, ханыңа сәлем айт, менің көзім тірі тұрғанда ешкімге көзін алартпасын.

Қарауылқожа қорқып қайтып кетеді. Исатай Махамбеттің артынан кісі жіберіп шақыртып алады да, сол ауылды Махамбетке бақтырып кетеді.

«Хан тәртібі екі болмайды, Қарауылқожаны тағы жібереді салдат қосып. Егер келе қалса, басқылап Қарауылқожаның өзін өлтіріңіз, ақырын енді Құдайдан көреміз», — дейді.

Қарауылқожа қашып ордаға барады, барып айта бастайды: «Исатай оңайлықпенен бізге жер берер емес, ел де қызу тұр, бұл қалай болады, хан?» — дейді. «Жәңгір хан тәртібі екі болмайды. Қалайда орында, адамың аз болса тағы да он салдаттан беремін», — дейді.

Шара жоқ Қарауылқожа қайта кірді. Бастығы Махамбет ел адамы болып Қожаны сабап екі адамын өлтіреді. Бұл істің ақыры осыменен тынады. Ештеме ала алмайтын болғасын, Шыман төре Жаңа қала жағынан бір тәуір жерді босатып алады да, ағаш үй салып, бау-бақша, ағаш егіп, ол «Шыман қорығы» деп аталады.

Жәңгір онымен қарап жатпайды. Исатай, Махамбеттің үстінен Астрахань, Орынбор, Урельский үш губернаторға арыз береді.

«Мынау Исатай, Махамбет ел тентектерін ертіп алып, менің үкімімнің ел ішінде орындалуына үлкен кеселдік береді және елге шыққан сұлтандарымды ұрып-соғып, адамымды өлтіреді. Бұлай болғанда ел басқару қиынға соғады. Сондықтан Исатай мен Махамбетті тұтқындап, елдің қобалжуын басуларыңызды өтінемін», — дейді.

Үш губернатордан үш кісі тіркеуші комиссиялар келіп, ханның үйіне түсіп, қонақтап, Исатай мен Махамбеттерге бұйрық жазады: «Хан ордасына келіп жауап бер, біздер хан мен

қара халықтың арасындағы қайшылық ғамалдарыңды тексеруге келдік», — дейді.

«Егер халық пенен ханның арасындағы наразылықты тексеретін болсаңыз, халықтың ортасына келіңіз, ханның үйінде ақ бауыр ет пен қызыл шай ішіп, жайланып жатқан әкімге барып жауап бермеймін!» — деп Исатай жауап қайырады. Ақтығында бармай қалады.

Комиссиялар халық арасына барайын десе, Жәңгір жібермейді. Өтірік «сендерді өлтіреді» дейді. Ондағы саясаты комиссия халық арасына барса, Жәңгірдің беделі түседі, өйткені ханды жамандап халықтың шулап қоя беретіні оған анық.

Исатайды екі рет арнаулы кісі жіберіп те шақыртады, комиссиялар Махамбетке өзі барады, екіншісінде Ақбай дегенді жібереді. Комиссиялар халық ортасына барса, ханның беделінің түсетіні анық екенін сезеді.

Комиссиялар ордада жатып жайлап сұрап ханның да қиянатын біліп алады да, губернаторға хат жазады. «Қалай етеміз, халық ортасына барсақ, ханның беделі түсейін деп тұр, шақырсақ, Исатай мен Махамбет келмейді», — дейді.

Губернаторлар: «Олай болса, хан беделін түсіртпеңдер, ажырандар!» — деп бұйрық алып, ажырасып кетеді. Жинаған істерін хан ордасына тастап кетеді. Соңынан Жәңгір менен Шыманның әм ұйғарысқан билердің мақсаты орындалмайды.

## 84. Исатай мен Жәңгір ханның қарсы болуы

Беріштің басты адамдары Исатайды ертіп ханға барады. Хан олардың жұмысын сұрайды. Барған басшы адамдар Балқы бидің орнына Исатайды би етіп тағайындауын сұрайды. Хан Исатайға қарап тұрып сынайды. Содан кейін барған беріштің басшыларына:

— Жігіттерің сырты қысқа, бауыры жазық, жүргіш болғандай екен», — дегенде, Исатай тұрып:

— Жүргіш болсам, қызметің жылдам бітер, ашулы болсам, көңілім келсе, күлдіремін, көңілім келмесе, бүлдіремін, — депті.

Сонда хан тұрып:

— Әр ханның тұсында бір сұрқылтай болады дейтін еді, менің заманымдағы сұрқылтай осы болмағай еді, — деп айтады

да, — халық басшылары алып келген соң, мұнда болсын!» — деп алып қалады. Содан кейін Исатай жұмысқа араласып жүреді. Бір күндерде хан бесін намазын оқиын деп мешітке жүргенде, Исатай үстіне қара құлын терісінен тіккен жарғағы бар, басына қара бұйра бөркі бар орамның екінші бетімен ханнан озып мешітке қарай жүре беріпті. Хан Исатайдың мұнысын көтере алмай:

— Мына Исатайдың қара тазыға ұқсап сылақтап жүрісін-ай! — дейді. Сонда Исатай тұрып:

— Хан! Алдыңды сылақтаған қара тазың болса, артыңда он екі төбетің болса, саған қасқыр шаппас, — депті. Исатайдың бұл сөзіндегі «он екі төбетің» дегені ханның қасындағы он екі биді айтқаны.

Хан үнемі қарсы келе берген соң Исатайды жұмыстан қалдырып, босатып жібереді. Түрлі жерде айтқан қарсы сөздері үшін тоқсан атан айып тарттырады. Сонан кейін аралары ашылып, ауа көтеріліп кетеді.

## 85. [Исатай мен Жәңгір хан]

Ханым Жәңгірге: «Он екі биді ұстап неғыласың, жалғыз Исатайды ұста! Күндердің күні болғанда бас қорғар болар», — депті.

Хан Жәңгір Исатайды өзіне тарту мақсатымен дос болу ниетінде Исатайды ертіп, төрт биімен аң аулауға шығыпты. Исатай ханға оның қасына ерген төрт биіне қосылмастан, алдынан озады да отырады. Ханның төрт биі тұрып ханға: «Шыққанымызға біраз уақыт болды, Исатай неге бірге жүрмейді? Бізді менсінбей ме, әлде сізді менсінбей ме? Қоян қаққан қара тазыдай сылақтап алдымызда озады да отырады», — депті. Хан Исатайды шақырып алып:

— Сен кімді менсінбейсің, қоян қаққан қара тазыдай сылақтап алдымызда озасың да отырасың? — депті. Исатай тұрып:

— Аспаннан Құдай түссе де, жерден Шынай (жағымсыз ораз болса керек) шықса да, алды-артымнан өңшең қаратөбет халық дәулетіне тойып алып, ырсылдап үріп тұрғанда, бірге жүре алмаймын, — деп сарт ұрып кейін бұрылып жөніне кетіпті.

## 86. Исатайдың Жәңгір ханға қарсылық себебі

Байұлы беріш руынан шыққан Исатай Тайманұлы Ағатай батыр нәсілінен Жәңгір ханға қарсылық себебінің көбі қайын атасы Қарауылқожаның елге берген жәбірінен туған. Жәңгір хан Қарауылқожаны теңіз еліне басшы қойған. Сол уақытта орда Қарауылқожа елге ықтиярсыз өкім етіп, ақысыз, пұлсыз қызметін еттіріп, пішенін шаптырып әм халықтың шапқан пішендерін ықтиярсыз арттырып алады. Екінші, үй басына салық салып екі сомнан ақша алады, старшыналардан алты сомнан алады. Үшінші, елден семіз жылқы сойған кісіден қазы, жал-жаясын жинатып алады. Оған халық еш нәрсе демейді. Жәңгір ханның қайын атасы болғандықтан қорқады. Соның ішінде Исатай Тайманұлы Қарауылқожаның бұл ісіне риза болмай, қарсы болады. Ханға: «Мына Қарауылқожаны бізден ал, әм мына алым-салықтарды алудан тоқтат!» деп неше рет арыз берсе де, хан тыңдамайды. Сонан Исатайға ақырында кісі жібереді де: «Ашуынды бас, қолыңдағы халықты тарат, сонан кейін өзің мұнда кел, тілегіңнің орындалуы көтерсін», — дейді. Оған Исатай әм басқа ерген старшыналар нанбайды, әм бармайды.

Қарауылқожаның салық әм жал-қазы жинайтын старшыналарын елден ұстап алып, Исатай қасына ерген адамдарымен сабап-сабап елден қайырады, еш нәрсе алдырмайды. Қарауылқожа ханға ат құрғатпай жамандап, қарсылығын айтып хабар беріп тұрады, ханнан Исатайға тез шара қолдануды талап етеді. Хан Жәңгір Исатайдың бұл көтерілісін орыс өкіметіне білдірмей, қай жолмен болса да өзі бітірмекші болады. Себебі, «орыс өкіметіне білдірсем, ордалық елдерді басқара алмағандығым білінеді, екінші жағынан, орыс отряды келсе, халықты бүлдіреді, халықтан қорыққаны болды».

Сонан хан Исатайды неше мәрте шақырса да, бармайды. Сөйтіп жүргенде, Исатай жігіттері «союға қой аламыз» деп Күшік Жапаров дегенмен шатасып, абайсыз өлтіріп алады. Оны Қарауылқожа ханға білдіреді де, мұнымен Исатайды айыпты етіп, орыспен ұстауға амал қолданып, Орынборға хабар береді, тергеуге кісі сұрайды. Орынбор губернаторы Ускавай старшина келді. Оған хан өзінің немере інісі Медет Шөкеновты қосады. Олар келгенше, Исатай он жеті кісімен Қандыағаштағы Жәңгір ханға жолығып, жүзбе-жүз арыздарды беріп, ативт алуға



жүреді. Ханның аулына барғанша жолшыбай жұрт еріп, жүз кісі болады. Мұны хан Жәңгір біліп сасып, қорқып, алдынан Балпаң төре, Алаша Алтай Досмұхамбетовтерді жібереді: «еліне қайтсын, қолын таратсын, сонан соң мақсұтын алсын!» деп. Оған нанып Исатай кейін қайтады. Дегенмен қолын таратпайды. Сонан соң тергеуші келіп Күшік Жапаровтың ісін, оған қоса Исатайдың жүз кісімен ханның ауылына барғанын қылмысқа сайып, Исатайды шақырады. Оған Исатай бармайды. Барған жолдастары дұрыс жауап бермейді, сонымен олардан күдер үзген соң, өздеріне қас болған адамдардан өш алғысы келіп, елді жинай бастайды, халықты үгіттейді.

Исатай, Махамбет қол жинай береді, қастерін тіккен кісілерден өш алу мақсұтымен. Исатайдың жігіттері беріш Балқы бидің айғырын айдап алды. Енді Исатай отыз бес жігітімен Қарауылқожаның үш жүз қойын тартып айдап алды. Онан кейін «Қарауылқожаны жақтайсың» деп, беріш руының старшынасы Төлегеннің жүз алпыс жылқысын айдап алды. Екі жүз жетпіс кісімен Нарынның Теректі құмындағы Балқы бидің ауылын шауып, үй-мүлкін жиырма түйеге артып алды. Сол жылы Қарауылқожаны қайта шауып, бес жүздей ірі-қарасын әм елу кісісін ұстап алды. Әйтеуір Жәңгір ханды жақтаған билерді, байларды шабумен болды.

Ел ішіндегі халықты теспей сорған ірі саудагерлерді шауып, дүниасын алып, үйлерін өртеп жіберді. Өздері ордаға барып тығылды. Көтеріліс бірден-бірге ұлғайды. Орынбордан Бероске губернатордың бұйрығымен жүз елу казак-орыспен полковник Бокатловты жіберді. Оның артынан подполковник Геккені жіберді «қалай болса да Исатайды ұстап, қолын таратуға» деп.

Гекке Жайық бойындағы қалалардан бес жүздей казак-орыс салдаттарын жинап әм үш зеңбірек алып, үш орынға бөліп жасырын қойды. Жайықтың арғы бетіндегі Баймағамбет хан Айшуақ баласына бұйрық берді, Жайық бойынан Исатайды өткізбес үшін. Өзі отыз кісімен ордаға барды.

Қаланың қысылып тұрған уақыты еді. Исатай сол уақытта он бес күндей орданы босқа қамап жатты. Арадағы билердің, төрелердің «ханнан мақсұтыңды алып береміз» деген сөзіне нанып, «осы қамаумен де ханды қорқытып, мақсұтымызды аламыз» деп жатады. Махамбет неше рет Исатайға: «Ой баурым! салып ханды шабалық» — десе де, Исатай қасарып тыңдамайды.

Ордаға келген Гекке де Исатайды шақырады, оған бармайды. Сөйтіп тұрғанда, Астарханнан үш жүз казак-орыс, бір зеңбірек келеді. Подполковиник Гекке Ақ қаладағы үш жүз казак-орысқа Теректі құмындағы Исатайдың ауылын шабуға бұйырады. Олар Ақ қаладан шығып, жылдам жүріп, білінбей келіп Исатайдың ауылын шабады. Мал-жанын, қатын-баласын қолға алады. Ордада жатқан Исатайға хабар болып, қалың түнде көтеріліп келіп, ауылын шапқан Мерковливтің әскерін қамап алып, мал-мүлкін, кісілерін қайырып алған. Орыс әскері соғысуға қорыққан. Сол хабарды Гекке естіп бес жүздей әскермен Исатай ауылына Мерковливтің отрядына қосылуға жүрді. Бұлардың көбі ханның жігіттері еді. Оған Орманов Шыман төрені бас етіп жіберді әм Ақ қаладан шыққан отрядқа келіп қосылып, барлық әскерге Гекке бас болды. Оралдан шыққан екі зеңбірек пен көп отряд та келіп жетті. Бәрі жиналып Теректі құмдағы Исатайдың аулына қарап жүрді. Бұлардың жолындағы Жаманқұм Бекетайдағы қалың пішенді Исатай жігіттері өртеді. Қарттар айтады: «Ол Исатайдың халықты шақырған ұраны еді» деп.

Геккенің әскері түнімен жүріп, таң ата Бекетай құмының басында Ағаш үйдің тұсында Тасоба деген жерге келіп түсе қалғанда, Исатай жігіттері де көрінеді.

Исатай әскері мен Геккенің отряд әскері қарсы келіп жеткен жерде орыс зеңбірек атты, бұған қарамай Исатай жігіттері соғысқа араласты. Исатай жігіттері оқты қардай боратып айқайлап шауып араласқанда, Геккенің әскері бір қанаты жапырылып қашады. Сонда Гекке зеңбіректі алға шығарып, шашыранды оқты картешті жаудырған. Бұл Исатай қолының ойламаған жерден шыққан уақиғасы болып, Исатай қолына бәрәкатсіздік туғызды. Қол шыдамай бытырай бастады. Маңдайы тойтарылды, жеңілді, қаша бастады, жеті шақырым жерге шейін қуды.

Бұл соғыста Исатай қолынан он кісі, Исатайдың үлкен бәйбішесі және Жақия деген жиырма жасындағы үлкен баласы өлді. Сол соғысқан орында азық артқан түйе, ет, құрт-май көп қалды, орыс қолы алды. Бұл жеңілу Бөкейлік жеріндегі көтерілістің бетін қайырды. Жұрт бет-бетіне бытырап кетті. Тек Исатай қасында үш жүздей кісі қалды.

Исатайдың жеңілу себебі — әуелі орданы қамағанда, ордан адамды шетке шығармау керек еді. Ол болмады, ханның

хабары жер-жерге тарап әскер төгілді. Екінші, сол әскерді біріне-бірін қоспау ойына келмеді. Үшінші, әскерді реттеп, соғысу ғылымын білмеді, жаппай бір орыннан соғысты, бұрынғы соғыс ғылымын білетін орыс патшасының әскеріне әлі келмеді әм қазақ халқында құрал жоқтан болды. Исатай қолының қарулы құралды орыс әскеріне тарпа бас салып, бұрын ұмтылып соғысып қайрат көрсеткеніне подполковник Гекке таң қалды.

Тасобадағы соғыстан соң Исатайдың қай жаққа кеткенін біле алмады. Гекке отрядын үшке бөлді. Үш жүз қазақ-орыспен Тастөбенің солтүстік жағындағы Жаман шолақ, Шағырақ, Қыли деген жерлерге полковник Мерковливті бас етіп жіберді. Ханның жүз жиырма бес жігітіне Стуменді бас қылып, екінші бөлігін Мыңтөбеге жіберді. Мыңтөбе Тасобаның Жайық бетінде. Ондағы мақсат Исатай Мерковливтің отрядынан қаша қалса, Жайықтан өткізбей жолын кесу еді. Жайықтың бойында Стуменнің отрядынан Исатай, Махамбет көз алдында құтылып кетіп, Гекке ай жарым Бөкейлікте елді шабумен болды. Исатайдың жанашыр жолдасы деп Махамбеттің ағасы Исмайылды ұстаған ораз ысық руынан Қалдыбайдың Қабыланбай, Измайыл деген екі баласын ұстаған, алашадан Қадырдың Ешбайын, қызылғұрттан Шұнайдың Алдиярын, Сәрсенбайдың Долбайын, Байтанаттың Ескенін, Темірбектің Мұстафасын, Сәрсенбінің Бура және Дауыл деген екі баласын ұстаған. Басқа кісі көп, бұларды кісендеп Оралға айдап жазаға тартқан. Алдына мың шыбық соғып Сібірге әм салдатқа айдаған. Ұсталғандардың малдары жеті жүз түйе, мың жарым сиыр, мың жарым қой, үш жүз жылқы ханның төрелері мен билеріне үлестірген. Исатайдың Бөкейліктегі көтерілісін басқаны үшін Гекке полковник шенін алды.

Исатай, Махамбет Жайық бойындағы күресте казак-орыстармен соғысып, отыз сегіз кісі Жайықтың арғы бетіне өтті, оны беріштің Құрақ деген бір қарты бастап өткізді дейді.

Исатай Жайықтан өтіп, Қаракөл, Қарабау, Тайсойғанға бет қойған. Бұлардың Жайықтан өткенін Баймағамбет Айшуақ баласы естіп, артына түседі. Мұны Исатай, Махамбет біліп, көшін ілгері жіберіп, өздері кейін қалады. Сол күндерде Исатайдың көшіне Баймағамбет отряды тап болып, Исатайдың әйелі Несіпәліні, балалары — Досмағамбет әм Дінбаянды барлық он екі кісісін ұстап алып кетеді.

Исатай, Махамбет басқа жолдастарымен Қарабау, Қаракөл шекті кетеді. Исатай сол жүруден Арал теңізінің бер жағындағы Борсық құм жайлайтын назар шектіге барады. Құлан баласы Жүсіп батырды табады. Шекті ол уақытта орыс өкіметіне бағынбай жүрген уақыты. Қашқан-пысқан сонда баратын. Осы көтерілісті пайдаланып, қазақ баласына хан болам деп Қасымұлы Кенесары төре Көкшетаудан көшіп келіп, әуелімен Торғай суының бойына қонады. Бұған кіші жүзден Тіленшінің Жоламаны бастаған Елек бойындағы табын руы көшіп барып қосылған.

Жем бойын Маңғыстау түбегін аралап, ол жердегі адай, шекті руларына қосылып, ол елде патша мен хандарға қарсы болғаны бұларға жағдай туғызды. Орынбордың генерал Беровский: «Исатай, Махамбет қайта Бөкейлікке өтіп кетер» деп, жар құлағы жастыққа тимей, бұрынғы күзет шенінің төрт бөлік атты қазақты, екі зеңбіректі Ақ қала мен князға тағы жіберді. Исатайды ұстауға Баймағамбет хан шектінің Құлан баласы Жүсіп старшинасына, байбақтының қазы биі Сырым баласына, көп адамдарға хат жазып, әмір таратса да, Исатайды ұстауға бірде-бірі қамданбады әм ұстамады. Баймағамбет хан Исатайды ұстап тірі алып келгенге екі мың сом, өлтіріп басын кесіп әкелгенге бес жүз сом жариялады. Оған да ешкім шықпады.

Исатай, Махамбет хандарды шабуға қол жинады. Ел-елге үгіт сөздер жүргізді.

Исатай, Махамбеттің үгітімен Жем, Сағыз, Үстірт, Елек, Қобда жайлаған адай, шекті, табын, кете және алаша рулары орыс патшасына және оның Баймағамбет ханына қарсы тегіс көтерілді. Ханның дұрыс қарашы болған адамдары да Жем, Сағызға көше бастады, Баймағамбетке бағынудан бас тартты. Сол күнде ел ішінде молда болып жүрген Орынбордың тыңшысы Батырқан Шаһмарданұлы: «Темір бойына қару-жарақпен Исатайдың қолы жиналды», — деп хабар береді.

Мұнымен қатар Орта жүздің көтерілісін бастаған сұлтан Кенесары Қасымұлынан да хабар алады. Исатаймен екеуі қосылып кетуден үлкен қауіп етіп қорықты. Сондықтан Исатайға қарсы тағы да подполковник Геккені бас етіп Орынбордан, Електен, Көбік қаладан және Оралдан зеңбірек, бес жүз атты казак-орыс отрядын шығарды және «жер біледі, жөн біледі» деп, Жолшыбай отряды мен Баймағамбет отрядын алуға бұйрық берді.

Исатай «ханды шабамын» деп, орданы екі жұма босқа қамап жатып, дұшпандарын күшейтіп алған. Бұл жолы олай етпей аңсыз жатқан Баймағамбет ханды тез шабуға Қиылдың бойымен бес жүз жігітпен аттанды. Қапылыста ауылын басып қалуға ойлады, бірақ ол ойлары да болмады. Елекке құятын судың бойында подполковник Гекке мен Баймағамбет табысты. Отрядтың алдына көп жігіт пен күзетте жүрген Аспандияр төре Сүйінғалиұлын жаралап, екі жігітін ұстап алып, басқалары қашып құтылып Геккеге хабар береді. Отряд тұрып болғанша, Исатайдың қолы қырдан төгілді. Исатай батыр екінші рет Геккемен беттесті. Қазақ халқы соғыс өнерін білмеуі, екінші, құралының кемдігі, бұрын-соң зеңбірек даусын естімеуі, түскен жерін қопаруы қазақ халқының жеңілуіне үлкен дәлел болады. Зеңбіректі орыс әскері ең әуелі Исатай жағына атқанда, екі кісі өледі, бірнеше кісі жаралы болады, оған қарамай Исатай жігіттері қалың қолға шабады. Гекке әскерінің жартысын сайдың астымен Исатай әскерінің бір қанатына көрсетпей жібереді. Исатай қолы араласа беріп, орыс қолының көптігін көріп, кейін шегінеді. Артынан Баймағамбет хан құмақшы болып келе жатқанда, Исатай жалт қарап көріп, қарсы шабады. Төренің отряды Исатайдан қорқып, орыс отрядына қайта шабады. Оларды қызумен Исатай көп жерге қуады. Сол кезде саймен жіберген Геккенің көп отряды артынан Исатайды орап алады. Ойламаған жерден көп отряд шыққан соң, Исатайдың жігіттері бытырауға айналды. Исатай соғысып найзамен шәншіп, жолатпай келе жатқанда, біреуі тұра қалып атын атты, ат тұрып қалды. Исатай аттан түсіп жаяу да көп соғысты. Ақырында біреу найза шәншіп қансырап барып жығылды, біреу келіп уентопкемен жүрегінен атып өлтірді.

Бұл соғыста Исатай жағынан көп кісі өлді. Халық тарады. Сөйтіп, жарақты патшаның әскеріне төтеп бере алмай жеңілді.

## 87. [Махамбет пен Баймағамбет]

Махамбет Өтемісұлы Исатайдан айырылып жалғыз қалып жүрген кезде, Баймағамбет хан «Исатай жүр» деген жүрушілерін жіберіп, Махамбетті шақыртады. Сұрау, аман-сау алып отырғаннан кейін Баймағамбет айтады:

— Ай, Исатайдың жауға алынарын, өзіңнің қаңғырып қаларыңды білмедің бе, ханыңмен қалайша араз болдың? Кәне, баян етші, — дейді. Жауап:

— Ей, Баймағамбет, Тәңір ғалам болса, елге білім береді, Тәңір жауыз болса, елге бүлік түседі, атаңа нәлет өздеріңдей жауыз хандардың қарны жуан билердің елімізге бүлік түсіргенін, Исатайдың жауға алынғаны, менің қаңғып қалғаным сол еді. Сұрау:

— Ей, Махамбет, өз еліңе сыймадың, Маңғыстауға сыймадың, енді аспанға қыстаймысың, жер бетінде саған енді орын жоқ, — дейді. Жауап:

— Ей, Баймағамбет, аспанда жаңбыр бар дейді, Еділде қалмақ бар дейді, Жайықта казак-орыс бар дейді. Нарыннан хан төре қонысы бар ма еді, кел Жәңгірді шауып өлтірелік деп едім, Исатай ерік бермеді, өздеріңдей жауыз хандардың көзі, сірә, көрмеді, — дейді. Сұрау:

— Ей, Махамбет, тағы не айтасың, сені жырау дейді, біраз жырлашы, — дейді. Жауап:

— Иә, Баймағамбет, менің тілім екі айыр, біз біреуін көріп жатсақ, ханмын деп қайтесің, мен қаңғырмын деп қарап отырмаспын, сенің басыңды кесем дермін, сен сықылды қаңғыр өлсе, ештеңе етпес. Өздеріңдей жауыз хан өлсе, дүние бітпес. Мен — аспандағы жұлдыз, Баймағамбет қолың жетпес, атаңа нәлет хандардың жауыз құрбылардың айтқан сөзі естен, сірә, кетпес, — дейді. Сонан кейін мұнар-мұнат күн де бастап кетеді.

## 88. [Махамбет пен Жәңгір хан]

Жәңгірдің алғашқы Исатай-Махамбет төремен тату кездерінде Махамбет пенен Бекмағамбетті сөзден жыға алмай жүреді, ханның қай билері болмасын бұлардың алдында қайбыртып сөйлей алмайтын болады.

Бір күні Жәңгірдің үйіне қайын атасы Қарауылқожа келеді.

— Шырағым, Жәңгіржан! Сен мына екі итті құтырттың ғой, не ойлап отырсың, қандай іс қаралса да, Махамбет пен Бекмағамбеттің сөзін қаулы-қараға аласың, басқамыз сөйлеп-сөйлеп босқа қаламыз, сонан бері тақ құтырды ғой, — дейді Қарауылқожа.

— Ойбай, ата! Ол екеуін сөзден жығамын деп жүргенде, олардан өзім жығылып қаламын. Олардың сөзін қаулыға алатыным рас, олар айтса, заңға сиыстырып айтады, — дейді Жәңгір.

— Жоқ, шырағым, «ханда қырық кісінің ақылы болады» деген, қалай да бір сөз табарсың, — дейді Қарауылқожа.

— Жақсы олай болса, кеше осында бір ала қоржын арқалаған қызылбас қомық жүр еді, соны тауып келтіріңіз, — дейді.

Келген соң қомыққа айтады:

— Ертең осы үйде жиылыс болады. Соңғы жағынан бір-екі адам келеді. Соның ішінде ақ қалпақ, қызыл мақбал ішік киген адам кіріп келгенде, ұшып тұрып мойнынан құшақтап: «Қайран бауырым-ай, сіз де осы үйге келеді деп күтіп отыр едім де». Мә саған, соның үшін! — деп бес сом қаржы береді хан.

Жиылыс болады, Бекмағамбет төрге барып, отырып қалады. Махамбет аяқ киімін шешіп кідіріп қалады. Уәде бойынша қомық ұшып тұра келіп, Махамбеттің мойынынан құшақтай алады: «Қайран бауырым, сіздердің осы үйге келетініңізді күтіп отыр едім!» — дейді.

— Иә, бұл Ордаға қаңғып кімдер келмеген? Қалмақ та, сарт та, ноғай қазақ та келген, келіп күнін көрген. Соның бірі болып сен де күніңді көрерсің, жіберіп-жібер, — дейді Махамбет.

Орнына барып отырып:

— Иә, шырағым-ай, жоқ болса кім жақсы, жүдеп қалған екенсің, кешегі бір күндерде сенде бір сарт пенен ноғай, қазақтардың ортасына отыруға жарайтын бала едің-ау! Шақыршы менің қойшымды, апаршы біздің үйге мына пақырды. Бәйбішеге айт мынаны киіндірсін жақсы етіп, содан соң маған жіберсін. Мен бұл пақырды баяғыдай сарт пенен қалмақтың арасына отырғызып төбесін көкке жеткізейін, — дейді Махамбет.

Жәңгір, Қарауылқожа, Шомбал би — бәрі жер шұқып отырып қалады.

## 89. Исатайдың түсі жайлы

Беріштің ұраны — «Ағатай!». Ағатай атамыз жасында Қайдауыл деген батырының қызына үйленеді. Онан Бұқай деген бір бала туады. Бұқай жиырмаға жеткесін-ақ Ағатайға

ілесіп жорыққа жүреді. Ағатай да Бұқайым өзімнің туымды ұстар-ау деп ойлап жүреді.

Қайдауыл жасы жетіп қартайып, өлім төсегінде отырып артына өсиет айтады. «Менің сауыт-сайманымды, қару-жарағымды өз балаларымнан ие болатын балам жоқ. Менің сауыт-жарағымға жиенім Бұқайжан ие бола алады. Менің көзім жұмылғасын Бұқайжанға беріңдер», — деп айтып дүниеден өтеді.

Бұқайға хабар жіберіледі. Келіп нағашысының сауытын алып кетсін дейді. Бұқай кәдесін беріп, қалыңдық ойнап жүрген кез екен, баруға жиналады.

Ағатай: «Шырағым, Бұқайжан, тілімді алсаң, барған жолы қашық, түрікпенде Қайдауылдың сайманына көз алартып жүрген өр қарақшы көп болар, бір белгісіз адамынан керуеншілерге қосып беріп жіберіп алдырталық», — дейді. Бұқай тұрып қалады, бармайтын болады.

Ағатай бір заман өзі сапар шығып кетеді, сол мезгілде Бұқай атам келгенше барып қайтайын деп кетіп қалады. Барып біраз жатып сауыт-сайманды алып қайтады. Жол бойы бір жайлы жерге түсіп қалады, атын ұзын шылбырменен аяғына байлап, қоржынды басының астына салып ұйықтап қалады. Түнде ұры-қарақшы басын шауып өлтіріп кетеді. Дүниесін олжалап, өзін жалаңаш тастап кетеді. Артынан керуеншілер келіп, Бұқайдың жүзін жасырып «қарға-құзғын жемесін» деп уақытша аманат есебінде көміп кетеді. Сөйтіп, Ағатай батырға хабар етеді. Ағатай барып Бұқайдың сүйегін алып келіп, жуып арулап көмеді де, сөйтіп баяғы ай күнінде мұң болып отырған келінге рұқсат беріп, малын қайырып алады. Келін ұзатылып, барған жерінде үш-төрт айдан соң бір ұл бала туады. Ағатайдың бөйбішесі: «Бала біздің Бұқайжанның баласы, баланы алып кел, өзіміз асыраймыз», — дейді. Ағатай барып баланы құттықтап, алып келіп асырайды. Атын Бегалы қояды, Бегалыдан Тайман туады, Тайманнан Исатай туады.

Исатай өсіп әр жерде жолдыққа таласып, жол бермей жүргенде, Исатайға қазақтың ақсақал билері жолдыққа таласқанда: «Исатай-ай, саған жолдық тимейді, сен некесіз тұғансың, Бұқай өліп, шешең басқа кісіге некеленгесін, атаңа белгілі басқа кісінің некесінде туды», — деп бетіне басады. Шора кеп:



— Е, Ғылман ақын Исатай, Махамбеттің тарихын бастағанда бас жағында мындай күмілжіген сөзді естіртіп кетеді.

Ағатайдың Бұқайын түрікпеннен бұ да өлгенге дейін қалыңдық ойнап жүргенде, Бегалыдай батырдың некеден бұрын болды деп жабылған жұрттың жаласы, — дейді.

## 90. [Исатай мен Шығай ]

Исатайдың жас кезі екен. Бөкейхан Жасқұстан (Орда қаласының жанындағы жердің аты) үй салдырыпты. Бөкейдің інісі Шығай (кейбір деректерде Сығай) ханның салдырған үйіне қайырлы болсын айтуға келіпті. Осы кезде Бөкейдің баласы Жәңгір Астрахань қаласынан оқудан келіп жатқан кезі екен. Шығай: «Бері келші», — деп Жәңгірді шақырып алып:

— Балам, маңдайың жазық екен. Кірпігің қайқы екен, хан тағына отырып халыққа аға болады екенсің, — депті.

Сонда Исатай тұрып:

— Сенің балаң хан болғанда, басқа кісінің баласы не болмақшы? — депті. Шығай Исатайға қарап отырып:

— Сен, шырақ, әр қарашы, бұрылып бері қарашы», — депті. — Сенің алдың тұман, артың бұрқыраған шаң болар, — депті. Артынан қарағанда желкесінің шұңқырында айдары бар екен, алдынан қарағанда Исатайдың көзі Шығайдың кеудесін тесіп шығып бара жатыр екен дейді.

## 91. Исатайдың тапқырлық сөздері

Исатайдың әкесі Тайман, Жабал екі ағайынды. Жабал Бөкей ханның заманында беріш руына старшина болған. Бөкей хан өлгесін, орнына Сығай жас бала Исатайды ұнатып Жабалдан өз рұқсаты бойынша он бес жастағы Исатайға старшиналықты алып берген (Ол кезде Жабал ұлғайып қалған адам екен).

Астрахань губернаторының қолында аманатта жүрген Жәңгір әскери білім алып, орыс елінің әкімшілік салтына түсініп, жас жігіт әкесінің орнына отырып хан болмақ болып елге келген. Бірақ бес-алты жыл хан болып мансапқорланып алған Сығай Жәңгірге хандықты бермеу ниетіне кіріскен.

Бөтен елден жаңа келген жас Жәңгір әкесінің тағына қалай міну амалын көздеп аласұрған. Шын жәрдемші жалғыз ғана анасы Ботан ханым болып көрінген. Дәл сол кезде Сығайдың ішкі-сыртқы саясатына, әлсіздігіне разы болмай өкпелеп жүрген Исатайды Ботан ханым баласы Жәңгірмен достастырып, болашақ тартысқа әзірлеген.

Тартыс ашық болып көрінбей Орда айналасымен-ақ, әсіресе қызылғұрт Дос бидің Сығайдан бет бұруымен байланысты тез шешіліп Жәңгір хан болған. Исатай батыр Жайық старшинасы ғана емес, ханның сырласы, замандасы, ақылшысы батыл сөйлесетін жеделдесі секілді болған.

Бірақ хан халқын түгел билеп, әкімшілігін күшейтіп, буынын күшейтіп, арқа сүйеу патша әскеріне араласқан сайын Исатайдан бойын аулақ салып, ондай-мұндай айтқан ақылдарын ауырлатып болған. Ханның осындай пікірлерін, халықтан өзін артық санайтынын, қара басын керемет иесі етіп көрсеткісі келгенін сезген Исатай екі сөздің бірінде ханды шаншып, түйреп, кейбір жерінде жасаған қателіктерін бетіне басатын болған. Ол сонымен қатар кейбір ханды жақтаушы болмаса, жағымпаз билерді де мықтап ұялтып отыратын болған.

Бір күні Жәңгір хан ордасындағы билерін, мырзаларын жинап алып әртүрлі әңгімелер айтқызып: «Қай руларда қандай кісі таңданарлық нәрсе бар, соларды айтыңдар», — деп ұсыныс жасапты. Сонда адай руының биі Сауғабай деген кісі: «Марқұм біздің өкеміз аяқтының жүйрігі еді, ойдан қашқан қоянды қыратқа шыққанша я ұстап алатын еді де, ең болмағанда сауырынан бір уыс жүнін жұлып алып қалатын еді», — дейді.

Хан да, билер де таңданып, «шын жүйрік екен» деседі. Бірақ үндемей отырған Исатай ханға қарап:

— Ай, тақсыр, хан-ай! Ішкі ордадағы қазақтың жүйрік аты мен тазы итін, алғыр деген құсын қоймай жинағанша, жұртты жүйрігінен айырып ренжіткенше осы Сауғабайдың әкесін алып қолға ұстасаң, пайдалансаң, қандай жақсы болған болар еді, — депті. Хан да Сауғабай да тіпті кейбір билер де қызарып біріне-бірі қарап қойыпты.

Ішкі ордаға руларын тегіс шақырып Жәңгір хан бір той жасапты. Той тарқамас бұрын тойбастар айтуға тура келіп қазақ әдеті бойынша тойды жолы үлкен руға бермек болыпты. Хан тұрып:

— Ал енді жолдық кімге тиеді, тойбастар айтсын, — депті. Аталықты әрі атақты шеркеш руының биі Шолтыр ат үстінде тұрып:

— Байұлының ағасы таңбам ұзын, табаным жалпақ, шеркешпін, жолдық бізге тиісті, тойды біз бастаймыз, — депті. Өзге жұрт, басқа рулардың адамдары еш нәрсе айтпағанда, Исатай ат үстінен омыраулатып Шолтыр биге:

— Таңбаң ұзын болса, жылқының қарының соры, табаның жалпақ болса, былғарының соры, ішкі орда қазақтарының көптігі беріш руы, көп қорқытады, терең батырады. Мен көпін, жолдық көптікі. Тойды, міне, біз бастаймыз, — деп ханнан рұқсат алып, беріш руының ақындары той бастапты дейді.

## 92. Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны

Исатай ханды шаппақ болып елден қол жинап, жеті мың нөкермен Жасқұс құмында жатады. Сол мезгілде ханмен табыстырмақ болып араға Шыман төре, тағы басқа адамдар түседі. Бірақ шын мәнісінде бұл уақыттан ұту әрекеті болып шығады. Сол арада Оралдан бес жүз салдат келіп қалады. Қарулы салдаттар зеңбірек пен мылтықтың оғын жаудырады.

Қарусыз ерген Исатайдың нөкерлері жауға қатты тойтарыс бере алмайды. Қорыққан қарусыз адамдардың арасында қобалжу пайда болады. Кейбіреулер өз бетімен қашып кетеді. Нарынның «Қуаныш қорығы» деген жерде қуып жетеді. Сол жерде Исатайдың Ақбоз аты оққа ұшып өледі. Осы шайқаста Рысалы, Қалдыбай деген Исатайдың екі батыры да қаза табады. Содан кейін оның қолы бытырайды. Исатай мен Махамбет қасында қалған аз ғана қосшыларымен Жайықтың арғы бетіне өтеді. Ол беттегі Сұлтансиықтың батырларынан көмек сұрайды. Оның ішінде Көтібар, Жұмыр, Сасық, Сарбөпе, Сатай дегендер болыпты. Олар отыз батыр, екі мың кісі қол даярлап береді. Көтібар батыр Исатайды шығарып салып тұрып:

— Мынау күрең ат — жүйрік, қуса, жетеді, қашса, құтылады, тек сапары жолсыз. Мынау күрең ат тосаңдай шабады, бірақ сапары жолды, біреуін мініп кет, — дейді. Сонда Исатай:

— Жылқы иттің жолы, жолсызына қараған сапар бар ма? Жүйрігін мінімін, — дейді. Көтібар:

— Анау тау басындағы биік там — атаң Ағатайдың тамы. «Өлі жібермей, тірі байымайды» деген, басына барып зиарат етіп кет, — дейді. Исатай тұрып:

— Ай, батыр-ай, сол мінезің бар болсын-ау. Әлдеқашан қурап қалған сүйекте не бар? — дейді. Исатайдың бұл сөзіне Көтібар ішінен ренжіп, сол жерде қоштасып қалады. Исатай отыз батыр, екі мың кісімен екі күншілік шөлейттен өтіп, суға жетеміз деп жүреді. Ішінде хан жақты жансыздар әлде қашан хабар беріп, Орынбордан шыққан салдаттар ол суға бұлардан бұрын барып, күтіп жатады. Исатай түс кезінде отыз батырымен суға келіп құлайды. Әскер кейіндеу қалған екен. Орыс салдаттары түс-тұстан дүрсе қоя береді. Қарулы әскерден Исатайлар қашып, кейін әскерге қарай шегінеді. Салдаттар жетер болған соң, Жолсыз жүйрік күреңмен садақтап оқ атып, әскерді бөгейді. Өзі сол мезгілде жалғыз қалады. Әскер әлі кейінде, қасындағы батырлары кейін шегіне береді. Сол уақытта бір атты адам шауып келіп, атынан түсіп атқанда, Жолсыз күреңнің өкпесінен оқ өтіп, жығылады. Атынан түсіп атқан орыс салдаттарының мергені болады. Сол бойда Исатайды қоршап алады. Оны көріп тұрған Махамбет пен Исатайдың үлкен баласы Оспан қоршап тұрған қолды қақ жарып қайта келсе, Исатай құбылаға қарсы қарап отыр екен. Ақтабан атты жетелеп келіп:

— Мін мына атқа! — дегенде, Исатай:

— Жәңгірді жеті мың кісімен шабамын деп едім, сақырға келіп отыз батыр екі мың кісімен қарсыласқан дұшпанға қайрат көрсетем деп еді. «Қысаңшылық келгенде бір тайға міңгесіп қашты» деп досым да, дұшпаным да айтар. Маған келген уақыт болар, жолдарыңнан қалмандар, шырақтарым! — дейді. Сонда Махамбет ренжіп:

— Бұл бойлай осылай етеді ғой, қош бол! — деп қоршап тұрған әскерді қақ жарып шығып кетіпті. Содан кейін әскерлер Исатайдың басын кесіп, найзаға шаншып жоғары көтереді. Орынбордан шыққан әскер ісін бітіріп кері қайтады. Исатайдың әскері тарайды. Махамбеттің сол жақта жүріп хан адамдарының өлтіргені белгілі. Ал Исатайдың баласы Оспан Үргенішке барып, оның ханына жолдас бола жүріп, сол жақтан әйел алып, екі балалы болған соң ауырып, өз жастығынан қайтыс болыпты дейді.

Исатайдың Дүйін-Баян деген баласы елде орнында қалады. Онан Өтепқали туады. Өтепқали 1916 жылғы патшаға жі-

гіт бермей халықтың қобалжуына қатысқаны үшін ұсталып, Астраханьның түрмесінде жатқан адамның бірі.

### 93. Шыманның кек алуы

Исатай екі мың адаммен Жәңгірді шабуға барып жатқанда, Жәңгір сасып қашуға таянып отырғанда, Шыман төреге қағаз жазып, шапқыншы жібереді. Қағазына: «Исатай келіп ордамды қамап жатыр, сасып тұрмын, қамсыз қалыпшын, қашайын ба, кел, ақылдасалық, не айтасың, мына қатын бала-шағаны жиып ал», — дейді.

Шыман сол қағаздың екінші бетіне былай деп жауап жазды: «Ей, Жәңгір, атаң Нұралыдан қашып қайтып ордаға келе алмаған, егер тайсаң, сен де қайтып ордаға ене алмайсың, сен менің тілімді алсаң, Исатайдың мақсатын жаса, екі қолыңды төбеңе қойып, орданың шетіне шық, Исатайдан бір қасық қаныңды сұрап алуға сонда ғана барамын», — дейді.

Шыман шабарманға айтады: «Сен Исатайға жанай жүр, жүрушілер сені ұстап Исатайға апарар, қорықпа, саған тиіспейді. Қайдан келесің деп сұраса, Шыманға қағаз апарып, қағаз әкеле жатырмын де. Сұраса бер, оқып өзіңе берер, беріп жібер», — дейді.

Айтқанындай болады. Исатай оқып қарап: «Атаңа нәлет Жәңгір қорыққан екен. Балам деп мақсатымды жасаса, өттең бір қасық қанынан ортақ болып, атамның тұз-дәмінен жаңылып неғыламын», — деп ойлап қалады. Шаппай алуға Шыманның осы қағазы себеп болады.

Шыман сөйтіп баяғы ештеме бермегенін еске алып, Исатайды алдаушылықпенен тоқтатады. Махамбет үй бауырын кеседі, тілін алмайды, мақсат болатын болды деп тарай бастайды. Исатай, Махамбет қалып үлкен күйзеліске ұшырайды.

### 94. Науша батыр туралы

Кіші жүз Он екі ата Байұлының Байбақты ауылында Өлтеке тайпасының Назарымбет атасынан Наушаны Кіші жүз түгелдей, Ұлы жүздің батыс бөлігі түгел біледі. Оның өмірі XVIII ғасыр

ішінде өткен. Науша сәби күнінде-ақ ата-анасынан жетім қалып, ел қаңғырып тентіреп жүріп әлімнің Шекті атасындағы бір асқан байға тап болып, оның қозысын бағып, он бес-он алты жасқа жетеді. Байдың бірнеше жүздеген жылқысы болады, сол заманның ағым-салты бойынша жылқыға жиі-жиі ұры-қарақшы тиіп, жылқышыларын ұрып жығып, жылқыны шетінен бөліп әкете береді. Бір күні Науша байға: «Ата, рұқсат етсеңіз, мен жалғыз өзім-ақ жылқы бағуға шығайын деп едім», — дейді. Бай: «Балам, жылқыға күнде ұры тиіп, әкетіп тұр, жылқышыларды ұрып жығып тұрған ұрылар саған әл бере ме? Сен баласың, — дейді. Қайта-қайта сұрана берген соң бай рұқсат етеді. Сол кезде Науша байға көрсетпей өрімшіге он екі таспадан алты топшы шығартып, сегіз тұтам дойыр өргізіп алады, кузнецге айбалта соқтырып алады. Бала бір жақсы атты мініп балғаны дорбамен ерінің қасына іліп, қамшыны қолға ұстап, жылқышыларды түгел қалдырып, түнгі күзетке шығады. Айтқандай-ақ, түнде үш ұры келіп жылқыға тиіп шетінен бөліп айдай береді. Бала да арттарынан қалмайды. «Ағалар, жылқыны тастаңыз, мені баласынбаңдар», — деп ере береді. Ұрылар: «Бала қал, қорлық көресің», — деседі. Науша алдына қатар келе жатқан екі ұрыны қамшысымен екі ұрып аттарынан құлатып түсіргенде, алда келе жатқан ұры қашады. Бала оны да қуып жетіп атынан домалатады да, аттарын жылқысына қосып айдап кері кете береді. Үш ұры қып-қызыл қан болып Наушаның артынан келген соң, Науша үшеуінің де қол-аяқтарын буып бір шұңқырға тастап, күндегісінен ертерек үш ұрымен қосып ауылға айдап келіп, байға, бүкіл суат басындағы бар елге көрсетеді. Бар ел адамдары болып байға: «Сен, бұл балаға қозы баққызба, енді мұны отау тігіп, қыз әперіп қолбала қыл да, жылқыға шығар», — деген соң бай солай қылады. Мұнан кейін байдан да, айнала елден де бір тағалы тай ұрланбастан тыныш болады. Наушаның әлім іші мен байұлы ішіне отырғанда Науша деген атағы жайыла береді. Науша бір-екі жыл тұрған соң байдан рұқсат алып, еліне барып әріптес, тумаларын тауып, танысып біліседі. Тумалары «өзімізге көшіп кел» деп тілек қылған соң, Науша қимастан уәде беріп қайтады. Ауылына келіп байға айтса, бай рұқсат бермейді. Тағы бір жыл жүреді. Ел жиналып байға: «Сен рұқсат ет, бірақ та қарақұладан қақ жарып бұған енші бер, бізге де алдағы уақытта көзін сала жүрсін», — дейді. Бай баладан бұйым сұрайды. Бала:

— Бірде бұйым жоқ, маған отауымды артатын екі нар, екі бұзаулы сиыр, көшіріп апаратын екі жігіт бер, — дейді. Бай бір айғыр үйір жылқы, жүз қой беріп:

— Тағыда қалағаның болса ал, қолыңнан қақпаймын, — дейді. Науша:

— Ата, жылқыңда қалайтын бір атым бар еді, берсеңіз, — деген соң, бай: «ал» деп рұқсат қылады. Науша байды ертiп түнгi күзетке шығысады.

— Ата, мен ерiмдi алып жылқының ортасына жатамын, менi қай жылқы келiп иiскесе, менiң қалағаным сол. Сiз аттан түспестен сол иiскеген жылқыны байқап қалыңыз, — деп ер-тұрманың сыпырып, жылқының ортасына жата бередi. Бай аттан түспей, айнала күзетiп жүре бередi. Наушаны үстiнде жабығы жүнi түспеген тайдан, құнажын шығар, бiр арық көк байтал келiп иiскейдi де, таң атқанша кетпестен Наушаның айналасында оттайды да жүредi. Таң атқан соң байдан сұраса, бай көрмей қалыпты, Науша:

— Менi осы көкбайтал иiскедi, менiң алатын қалағаным осы, — дептi. Бай:

— Шырағым, бұл тым қораш қой, бiр жақсырағын ал тағы, — дейдi. Науша:

— Ата, бұл көкбайталға құлын күннен назарым түсiп жүретiн, осы маған ат болады, — дептi. Ертеңiне бай бiр айғыр үйiр жылқысымен жүз қой, екi бұзаулы сиыр, екi нар, апарып салатын екi жiгiтi бәрiн даярлап елдiң көп адамдары болып Жайыққа дейiн Наушаны апарып салады. Бай Наушаны қимай жылап-еңiреп, Наушаға разылық батасын берiп айырылысады.

Науша елiне келген соң, елден елу жiгiт аттұрман, қару-жарағымен түгелдеп ел шетiнде жата бередi.

## 95. [Науша мен айдаһар]

Шектiнiң батыс жақ байұлымен шекарасында Шаңдықұл-Тамдықұл деген бiр орында ел жайлайтын екi суат көлi болады. Бiр жылы екi көлдiң оңтүстiк бетi, бiр биiктеу орынға бiр буаз айдаһар түсiп жатып алады. Суатқа келген мал мен адамға айбат шегiп, жаман дауыспен ысқырған соң, үркiп маңынан көшедi. Жаз айында суаттан қысылған халық қос атпен аржақтағы

Науша батырды шақырады. Науша келеді. Ел адамдарын жинап жатқан жерін көрмек болып, көп адам айдаһардың үстіне барып қалғанда, айдаһар басын көтеріп ысқырып ғайбат шеккенде, аттары дауысынан қорқып, сілейіп-сілейіп жата қалады. Адамдар кейін қашып шығып алыстан барып тоқтаған соң, Науша қолына қылыш алып, айдаһарға жаяу кетеді. Қалған көпшілік тілек тілеп, биіктеуден қарап тұрысады. Науша барды-ау дегенше, Наушаның айдаһарға қарай дедендеп жүгіргенін, Наушаның қылышын сермегенін, сол мезетте айдаһардың құйрық сермегенін көріп тұрысады. «Апыр-ай, тартып жұтты-ау!» — десіп бір қатары шулап, жыласады. Бірталай уақыт Науша да, айдаһар да көрінбей қалады. Біраздан кейін Наушаның айдаһар жанынан тұрып, жүгіріп келе жатқанын көреді. Ел шулап, қуанысады. Наушаның түсі-өңі қашып келеді. Көпшілік батырдан шулай сұрасады. Науша: «Дұшпанның басын қақтым, бірақ қаққаным құрсын, құйрықпен ұрып талдырып тастады, есімді жиып, көзімді ашсам, айдаһардың құйрығы үстімде жатыр екен. Сонан жиреніп тұра қаштым, баруда қорықпай барып едім, жақындаған соң өзіне дедендетіп тартты, аузына түспес бұрын басын қағып үлгердім, бірақ та құйрығымен ұрып жықты», — дейді.

Науша көпшілікті ертіп апарып көрсеткен. Басы анадай жерде жатыр, бірақ кеудесі, құйрығы тірі, басы сап-сары алтындай, бауырында бірнеше аяғы бар деседі.

## 96. Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен

Өзі садақты атқыш мерген болады. Науша батыр кедей, бірақ қару-жараққа бай болған.

Бірде Науша батыр ел аралап, бір топ жолдастарымен Айтқожа деген ханға барады. Айтқожа елінде болмай шығады. Науша батыр жолдастарымен Айтқожа барған жерге келеді. Келсе Айтқожа ханның барған жерінде той болып жатыр екен. Той болып жатқан ауылдың адамдары Наушаның келгенін естіп: «Түбегейлінің Науша деген батыры келіпті» деп шуласады. «Оған бөлек үй тігеміз бе?» — деп ақылдасады. Сөйтіп, халықтың ақылы бойынша Науша батыр Айтқожа хан отырған ордаға кіреді.



Науша батыр алдымен әдеп сақтап, қару-жарағын оң жаққа қойып, жолдастарын сыртқа қалдырып, өзі Айтқожа ханға қазақтың салты бойынша сәлем береді. Айтқожа Наушаны менсінбеген сыңай танытып, сәлемін қабылдамайды. Бірақ Наушаның жауына бетін қаратпайтын өжет батыр екенін ол білмейді.

## 97. Исатай батыры Науша туралы

Жәңгір хан уәзірлерімен өзінің найзагер бір батыры Сыйлыбайдікінде отырғанда, Исатай, Махамбет және Науша үшеуі сонда келеді. Сыйлыбайдікіне кіріп келіп, үшеуі де ханның жанына барып отырады. Сонда Сыйлыбай Науша батырды кемсітіп былай деген:

— Науша мұнша бойсыз, сойсыз және көріксіз болып қайда қалдың? — депті. Сонда Науша айтқан:

— Мен бақыт базарында қалдым, — депті. Сонда Сыйлыбай айтқан:

— Келесі жылы сентябрьдің бас кезінде еліңді шаба барам екі адаммен. Сен де екі кісімен мені тос, сол уақытта сынасармыз, — депті. Сол жерде екеуі қол алысып, жолығысуға уәделесіп кеткен екен. Келесі жылы сол айтылған уақытта екеуі кездеседі. Сыйлыбайдың найзасы ұзын болғанда, Наушаның найзасы қысқа болған. Бірақ ол шылбырға байлап лақтырады екен. Сол кездескен жерде екеуі найзаласқанда, Науша Сыйлыбайдың найзасын қағып жіберіп, иегінің астынан найза түйреп өлтірген екен.

Келесі күзде ханды жақтаушы Сыйлыбайдың ауылын шаппақшы болып Махамбет, Исатай және Науша үшеуі жолға шығады. Бұлардың келіп шауып алатынын білген Сыйлыбай ауылы тау-тауға қашып босып кетеді. Бұлар бірнеше күн елді таба алмай келе жатса, алдарынан үш қос көрінеді. Қосқа келіп сұрастырса, адамдарына жара шығып ауырғандықтан көшке ілесе алмай қалып қойған екен. Бұлар ауырып жатқандардан сескеніп, онда қонбай, даладағы молаға барып қонады. Сол қонып жатқан түні Наушаға жара шығады. Исатай Наушаны таң атқанша алдына алып отырады. Осы шыққан жарадан Науша сол жерде өледі. Науша өлген соң, Исатай, Махамбет екеуі кейін ауылдарына қайтып кетеді.

## 98. Науша батырдың елге оралуы

Науша кішкентайынан бірге ойнап, тай-құлындай тебіскен құрдасы, әрі аталасы Шеркеш би екеуі Бөкейлікті тастап, Жайықтың шығыс бетіндегі ата қоныстарына көшеді. Бұл шамамен XIX ғасырдың жиырма жеті, отызыншы жылдары болса керек. Оған себеп Шеркеш би Жәңгірмен патшаға барып, қайтып келе жатқанда Уфада қалған атасы Нұралының басына зиярат етеді. Сол кезде хан күрсініп: «Е, бабам-ай, сенің елден жырақ, естектер елінде жападан жалғыз жатқаның қарғдай шулаған қара қазақ, оның содыр-сойқаны Сырымнан ғой. Шіркін, соның кегі қайткенде қайтар?!» — деген екен.

Мұны естіп тұрған Шеркеш би тыныш отыра алмай:

— Хан ием, елде ала алмаған кегіңіз айдалада қаңғырып аштан өлген атаңыздың басына келгенде есіңізге түсіп отырма, бұл не дегеніңіз? — деп қалады. Хан да қарап қалмай жауап қайтарады. Ақыры арада кереғар сөз, кикілжің көңіл пайда болады. Аталған әңгіме елге жетеді, Науша естиді. Сол кезде ол:

— Жоқ, бұл хан айтатын сөз емес. Асылы есіміз барда ел тауып, іргемізді аулақ салайық, — дейді де, жүз шамалы отбасын көшке қондырады.

Ескі қала тұсынан өтіп бара жатқанда, арттарынан беріштің Сәдібек пен Бекмағамбет бастаған хан әскері қуып жетеді. Мақсат — көшті кейін қайтарып, жылы орынды суытпау. Бұл Жәңгір берген тапсырма екен.

Хан әскерінің қарасы көрінгенде Науша батыр алдынан жалғыз шығып:

— Әй, Сәдібек, ел болсаң, елдігінді айт, жаумын десең, өзің біл, жауласам. Бірақ шиттей қатын-балаларды қорқытып, ақымақтан ба, ақылға сал, тоқта! — дейді. Сонда Сәдібек:

— Қайтсаң — елмін, қарайламасаң — жаумын, — дейді де, көшке қарай ат қойып, шаба жөнеледі. Науша батыр өзін батыр ғана емес, адам құрлы көрмеген қарсыласына қатты ашуланған күйі:

— Сәдібек, мына шолақ найзаның ұшы әлі күнге мұсылман атаулыға қадалып көрген жоқ еді. Асылы ақылға кеп, кейін қайтқаның жөн болар, — деп екі-үш рет ескертеді. Бірақ құлақ асқан Сәдібек жоқ, қайта бұрынғыдан бетер екіленіп, шабысын үдете түседі. Қарсы атылған Науша батыр Сәдібекті әйдемге апармай, қара құстай қалбаңдатып, саптан шығарады.

Келесі жекпе-жекте Бекмағамбет жер құшады. Сөйтіп, сүт пісірімде хан әскерін бастап келген қаһарлы қос найзагердің сүйегі сол Қазтөбе деп аталатын жерде қалады. Бастаушыларынан айырылған басқаларда не амал, аз-мәз шайқастан соң, екі жақ жарылып, жөндеріне кетеді. Науша адамдарын түгендесе, үш кісі жоқ, сөйтсе, хан әскері ұстап алып кетіпті.

— Қарыс ақылдан сүйем қайрат артық, тез арада хан әскерін қайта шауып, адамдарымызды қайтарайық, — десе, Шеркеш:

— Біздің ісіміз әділ, соңынан бәрін заң жолымен даулап, қуып аламыз. Керек болса, олардың жазасын қоса алады, — деп ерік бермейді.

Ертесіне Науша артынан патша әскері қайта қуып жетіп, шайқас басталады. Бұл жолы да ол жау жағының он адамын шейіт қылады. Бәрі бір батыр бетін қайтара алмайтынын анық сезген қарсыластар қылыштарын қынабына сап, кейін қайтады. Арада біраз күн өткенде, Науша бастаған ұлы көшті Жайық аузында тағы бір топ қарсы алады. Бұл Жәңгір ханның өтінішімен Орынбор шекара әскері басшылығы жіберген Жайық бойындағы қазақтар екен. Алыстан көз салып қараған батыр жаңа топтың бұрынғыларға қарағанда қимылы мен қаруының бөлектігін көріп, өзім деген аз ғана жігіттерімен ұрысты бастап кетеді. Борап тұрған оқ астында арлы-берлі ойқастап жүрген батырға еш қиянат келмейді. Есесіне мұның шолақ найзасынан жер қауып жатқан жау көп. Ақыры империялық орыс патшасының әскерлері бас алып қашады. Кейіннен олардан біреулер: «Бәрің жүріп бір Наушаға әлдерің келмегені нелерің?» — дегенде әлгі әумесерлер: «Бізге бір Науша жүз Науша боп жанымызды қоймай жусатты емес пе? Тіпті қайсысын өлтірерімізді білмей қиналдық» деген екен.

Сөйтіп, үш бірдей қалың қолдан аман өткен Науша көші Жайықты да есен-сау кешіп шығып, туған жерлеріне табан тірепті, ескі жұртпен қауышыпты.

## 99. Науша мен Сыйлыбай

Науша Жайық өтіп, туғандарына қосылған соң, күндердің күнінде әлімнің бір тойында Сыйлыбай батырға кезігеді. Сонда ол Наушаға қарап, менсінбеген күйде:

— Мынауың кім? — дейді. Жиналғандар ішінен біреу тұрып:

— Бұл батыр Науша — дейді.

— Байұлы азған ел ғой, тоқты қошқардың еніндей мықырайған біреуі де, батыр дегеніне болайын, — деп теріс айналады.

Сүйектен өткен бұл сөзге қарумен жауап берейін десе, той әлімдікі, қайтармайын десе қылығы ана. Амалсыздан орнынан көтерілген Науша пісіп жатқан етке қарамай, жүріп кетеді.

Бірақ ол бұрыннан Сыйлыбайды байұлына тісі батып, қорлығы өткен жан екенін біледі екен. Жаз болса Ойылды жайлап, күзде қыстауына қайтатын Сыйлыбай ауылы өздерімен бірге жолайғы түлік атаулының бәрін қоса айдап, қуып кетеді. Артынан жеткен қуғыншы болса, «жаныңнан үмітің болса, кері қайт, мен Сыйлыбай батырмын, білдің бе?», — деп қоқан-лоққы көрсететін көрінеді. «Батыр» деген атынан қаймыққан байұлылықтар бұдан әрі төжікелесіп жатпай-ақ «бастан құлақ садаға» деген күйі қайтып кете береді екен. Осынысын білетін Науша ағайындарына: «Егер Сыйлыбай өткен жылдарды биыл да қайталайтын болса, тез арада маған хабарласыңдар, әр жағын өзім сөйлесем», — деп ескертеді.

Науша бар деп қылығын қояр Сыйлыбай ма, жылдағы әдетіне басып, қара күзде қозғалып кеткен көш артынан байұлының қалың жылқысын қуып ала жөнеледі. Бұл хабар Наушаға да жетеді. Көк бедеуін ауыздыққа сүйеп, тақымына тарақты балтасы мен шолақ найзасын қыстырып барымташының артынан ат қояды.

Қуғыншы жеткенін сезген Сыйлыбай қолындағы екі құлаш шашақты найзаны көлденең тосып, дала бүркітіндей қанатын жайған күйі:

— Байұлы жаныңнан үмітің болса, кері қайт! әйтпесе, Сыйлыбай батыр сүйегіңді қалдырып, етіңді құзғынға тастайды, — деп қос құлаш шұбарын арлы-берлі ойқастатады. Науша да қарап қалмай:

— Сен Сыйлыбай болсаң, мен — Наушамын. Өзіңмен осындай оңашада тап келтірген Құдайыма ризамын, — деп дүрсе қоя береді. Сыйлыбай да буырқанып, ұзын сапты найзасын толғап береді. Байұлының батыры жер-көкке симайтын шашақты найзаны өзінің шолағымен бір қағып, аспанға ұшырады. Кезек нағыз шолақтың өзіне кеп, арлы-берлі ырғасқанда, Сыйлыбай үш рет ат саурына түсіп, еріне қайта отырады. Бірақ бұлайша

ырғасқан текетірестің жеңіске жеткізбейтінін жақсы сезген Науша оңтайлы сәтте Сыйлыбайдың қарақұсына тарақты балтасымен бір қояды да, ауып түскен батырдың шұбарын жетектеп, мал соңынан қуып береді.

## 100. [Науша батыр мен Сыйлыбай]

Өлімнің шекті руында аты шыққан Сыйлыбай деген бір батыр болады. Сырттай Наушаның атағын естіп, оның бақытын күндеп өлтіргісі келеді. Бұл сырды Науша да есіте жүреді. Сыйлыбай мен Наушаның араларына шағыстыру сөздер де көбейеді. Шектінің адамғаралары болып: «Бұл екі батыр кездесіп бір-біріне жазым қылар, бұларды халық болып үй тігіп әдейі шақырып таныстырып, достастырып жіберейік», — деп ұйғарысып той есебінде үлкен жиын жасап, екі батырды шақырады. Сыйлыбай өзіне ерген жолдастарымен арнаулы үйге түседі. Науша соңырақ келеді. Наушаны да ел қарсылап алып түсіріп Сыйлыбай үстіне алып келе жатқанда: «Сыйлеке, Науша інің сізге сәлем берем деп келеді, басыңызды көтеріңіз», — деседі. Сол мезетте Науша Сыйлыбайдың аяқ жағында тікесін тұрып қалғанын көреді. Сыйлыбай аяғын жимастан, басын көтере беріп Наушаға қарап айтқаны:

— Қазақ не болса соны батыр деп мақтай береді-ау, адам сүдіні жоқ қошқардың сыңар домалағындай бірдеме ғой. Мен мұндай адамға қол бермеймін, — деп жата береді. Науша Сыйлыбайға қарап:

— Ә, Сыйлыбай! Тым асқынып кеткен екенсің, асқанға тосқан. Алдағы көктемде нәсіп болса етіңді елсіздегі қарғақұзғынға жем қылармын, — деп үйден шығып елі, жігітімен тойға тоқтамастан аттанып қайта береді.

Сыйлыбай келесі көктемде әскерімен Жайық өтіп байұлынан көптеген мал, төрт-бес қыз шауып алып қайтады. Науша ол уақытта елдің басқа жағында күзетте екен. Бірақта елге тапсырып қойған екен:

— Сыйлыбай Жайықтан бермен өтті дегенше дереу маған хабар беріңдер, — деп. Ел Сыйлыбайдың жорығын Наушаға дереу хабарлайды. Науша елу жігітімен қуып Жайықтың аржағында қарасын көреді. Сыйлыбай астында бозарғымақ, басында ақ

қалпақ, үстінде ақ киім, қолында сабы сырықтай найза, ұшында ақ жалау, жол тосып кедергіде тұр екен.

Науша жігіттеріне:

— Сыйлыбаймен кездескен жерімде, егер Сыйлыбай аттан мені түсірсе, сендер басамандап қашыңдар, әйтпесе Сыйлыбай бәріңді қалдырмастан қырады, жоқ атынан Сыйлыбайды мен түсірсем, сендер жау әскерін қуа беріңдер, — деп тапсырыс қылады.

Науша мұнарадай болып тосып тұрған Сыйлыбайға қағылмастан жанынан шауып өте бергенде, Сыйлыбай да қабырғадан қуа қосылады. Науша екі-үш арқан бойындай оза беріп Сыйлыбайға жаяу бұрылып, қарсы алдынан тік шауып Сыйлыбаймен айқаса түскен.

Сыйлыбай найзасын сермегенше, Науша оның найзасының сабын сындырып Сыйлыбайды сол жақ шықшыт астынан түйреп түсіре алмаған соң, айбалтасымен маңайдан шапқанда, оның сол жақ бас құйқасын құлағымен аударып түсіріп, Сыйлыбайды атынан құлатып, ілгері кетіп бара жатқан жау артынан шаба берген Науша жаудан малын, жесірін қайырып қайта келгенше, кейінде қалған Наушаның жеті жігіті Сыйлыбайдың құлақ-мұрны мен ернін кесіп тастаған. Науша жігіттеріне:

— Ерді мұнша неге қорладыңдар, — деп ренжіп жатса, Сыйлыбай Наушаға:

— Мен бұл жарадан өлмеймін, сенімен өлі де болса жекпе-жек бір кездесермін, — дейді. Науша жігіттеріне шаптыртып тастайды. «Сыйлыбайдың өлімтігін өздері алмай, өзгеге де алдырмай, елсізге тастатып, ит-құсқа жем қылды» деседі. Наушаға елі «сөзіне жетті» деп риза болыпты.

## 101. Науша мен Әубәкір

Арғы бетке өтіп кеткен Науша Бөкейліктегі ағайындарын аралап жүріп, Әубәкір Ақбайұлыныкіне келеді. Бұл кезде Әубәкір жай старшина да, Науша сексенге келіп қалған шал шағы екен. Бұлар киіз үй көлеңкесінде отырса, үстерінен әйгілі Досай тентек Ыдырысұлы кеп, ат үстінен қарт батырды көтеріп алған күйі: «Бұл байұлының Науша батыры ма-ай?», — деп

үйіріп-үйіріп жерге қойыпты да жүре беріпті. Қызулы жас жігіттің артынан қарап тұрған Әубәкір:

— Батыр аға, мына жігітті танымадыңыз ба? — деп сұрады.

— Таныдым, бірақ тарқақтау екен. Шамасы атағына сай шаптағы мол біреу де, жасы келген кейуананы келеке етті ғой, — дейді.

Әубәкір жерге кірердей боп ұялып, қайта-қайта кешірім сұрайды. Артынан ауылдың бар игі-жақсыларын жинап Науша батырға қонақасы береді. Бәрі де батыр әңгімесін тыңдағысы кеп, үй иесін қолқалайды. Бірақ қонағының қай жағынан шығып кетем деген Әубәкір біраз уақыт үнсіз отырады да ақыры:

— Науша аға! Тумысымыз бір болса да, тағдырымыз түрлі еді. Сіздің батыр атағыңыз Жайықтың екі бетіндегі қандастарыңызға түгел мәлім. Соған сай өзіңізге деген құрмет те жоғары. Мына жиналған қауым сізден көргендік сөз, абыздық ақыл тыңдағысы келеді. Айып болмаса, қалай батыр атандыңыз? Соны айтсаңыз етті, — дейді.

Алқалаған әлеумет алдында тап осындай бір сұрақтың қойыларын айтпай сезетін Науша көп кідірместен:

— Оның несін сұрайсындар, біздің заманымыз өтті. Ал бір кезде менің атым шықты деп кеуде соғу тыңдап отырған сендерге де сиымсыз, айтам деген маған да сәнсіз. Сырым атам осы батырлық туралы «қазақ бір-бірін өлтіреді де, мен батырмын деп мақтанады. Мен болсам сондай дарақылықтан, дарақыдан қорқам. Шамаң келсе, өзгенің батырын өлтіріп мақтан. Қазақ қандай ұрыста да жанын аямаған адамды батыр дейді. Соған сай біреулер батыр десе, менің де соған татыр ісім болғаны ғой» — дейді екен.

Ай, Әуешжан-ай, жастық жалының лапылдап жанған оттай, лықсыған селдей лақылдап, алып, жұлып тұрасың-ау! Ол дұрыс. Өйткені сен сөйтпеймін десең де, уақытың мен кезеңің қоймайды. Тасты бұзасың, тауды жарасың. Мен де сенің осы шағыңда алаулап жанғанмын, атылып, тасығанмын. Соның бір жөйін айтып берейін.

Бір жылдары ел ортасындағы көлде айдаһар пайда болып, тұрғындар тым-тырақай ауа көшті. Біразы маған кеп «бауырым, батырсың ғой, көмек бер. Қарап отырып қара жыланға жем боламыз ба?» дегені.

Менің де бұрын-соңды жылан өлтіріп атым шықпаған кез. Оның үстіне қолқалап тұрған соң ауылдастардың абыройы үшін іштей қорқа тұрсам да, сыртымнан қоқиланып: «кәне, сол пәлелерің қайда жатыр? Көрсетіңдерші?» деуім мұң екен, қасыма ержүректілеу біреуін қосып берді де «әне, ана жақ, жолдарың болсын!» деп жөн сілтеп қала берді.

Бірақ қасыма ерткен жүректісі тым алысқа ұзамай, әлгі айтқан көл жағасына жетті де: «осы көлдің ортасына таман жақындағанда өзі көрінеді. Атыңызды маған тастап, жүре беріңіз» дегені. Мен не дейін, айтқанын істеп, қолымдағы тарақ балтамды жарқылдатқан күйі ілгері жүре бердім.

Көп кешікпей алдымнан күнге шағылысып, жарқылдаған жылан жоны көрінді. Аздан соң әлгіміз басын көтеріп, шегір көзін қадады. Мен оған қарадым. Жанары суық. Жүзі қорқынышты екен. Бірақ алған беттен қайтпай, қаруымды оңтайлады. Жақындаған сәтте айдаһардың адам қорқар ысылы саябырсып, манағы оттай жанған шегір көзі солғын тартты, тіпті жылан бойында өз-мөз қозғалыста бар сияқты боп көрінеді. Осы сәтте аяғымды тез-тез ап, бір-екі аттаған күйі айдаһар басы осы түс деп тарақты балтамды сілтеп кеп қалғаным.

Бас үзіліп түсті. Бірақ, аса бір шапшаңдықпен аунап түскен ол құйрығын ерекше өрнектетіп айдын төсін қақ айыра ұрды. Әдетте айтқыштар жылан күші құйрығында деуші еді. Абырой болғанда онысы маған дарымады. Бұдан ары тұрыстың еш мәні жоқ. Талайдан бергі тұрғындарды тыныштықтан айырған айдаһардың ажалы жетті. Менің де межем сол. Оның үстіне алдымда қызыл қан боп жайрап жатқан жыланның қасында тұрудың өзі қорқынышты еді. Тезірек теріс айналып, жағада қалған жолдасыма қарай жүрдім. Ол қос ат шылбырын ұстаған күйі болған іске сенер-сенбесін білмей, оң мен түстей солтиып тұр.

— Ауылыңды айлар бойы әлекке сап, бір қауға суға зар қылған аждаһаң өлді, барып көресің бе? — деймін. Азар да-безер болған ол:

— Көрмегенім жылан болсын, атамаңыз, — деп қарғанады.

— Ендеше, еліңе сәлем айт! — деп атыма тақым артам. Ол болса: «Ең ақыры ауылға жүріп, ақсақалдардың алғысын алсаңызшы?» — дейді. Мен ризашылығымды білдірем.

Кейін рас-өтірігін қайдам, әлгі ауылдың адамдары «сол айдаһардың тілінің астында алтын бар екен, оны сол маңдағы



казак-орыстар қағып алыпты» деп айтып жүрді. Ал маған әу бастан алтын емес, алғыс керек еді.

Солай, бауырым, бұл біреулерге өтірік, ал маған шын. Мүмкін туған халқым менің осы сияқты оқыс істерімді естіп, батыр дейтін шығар. Бірақ қамал бұзып, қалмақ қырмағаным анық, соны білсеңдер болды, — деп әңгімесін аяқтапты.

Сайып келгенде Науша шағын болса да жауырындары төртбақ, тіке қарағанда көзі өткір, аз сөйлеп, көп тыңдайтын, қызбалақ пен мақтаншақтыққа жоқ, қару дегенде қолына жарты құлаш шолақ найзасы мен тарақ найзасын алып, басына қыл арқанын ораған күйі көк бедеуін сипай қамшылап жүреді екен. Сол Науша туған ауылына оралып келе жатып, жолай жерлеп жатқан өліктің үстінен шығады. Қарап тұрмай қабіршілерден: «Мына адам неден өлді, кім еді?» — деп сұрайды. Сонда олар: «Бұл бөленшекеңнің зайыбы, қазасы шешектен», — деп жауап береді. Батыр селк ете түседі де, аттың басын тез бұрып, жүріп кетеді. Жолай шошынған көңілін сәл басып, өз-өзінен: «апырау түтеген жаудан түгі қисаймай тура шапқан бұл жүрек шиқан құрлы қауқары жоқ қу шешектен неге қорықты, асылы ажалым осыдан болмаса нетті?» — деп ойланған екен. Айтқанындай-ақ ауылына кеп аз ауырып, қайтыс бопты.

## 102. Жалбыр батыр

*(I нұсқа)*

Жалбыр — Бөрібай батырдың кенже баласы. Жалбыр туғанда өте кішкентай болып туылыпты. Бөрібай баланың орасан нәзік кішкентай боп туғанына көңілі толмай, өзінің қарттығын есепке алып: (Бөрібайдың жасы 82-де екен) «Әй, тірі болса, бұл да бір адам болып шығады да» деп, атын Байсал қойыпты. Жалбыр туғаннан күн санап өсіп, бес жасында жиырма жастағы жігіттей алып денелі болады. Ол кезде қазақ елі «жеңген алды» жаугершілік заман. Ел шетіне жау тиіп, «аттан!» деген қорқынышты ұран шықса, халықтың іске жарайтын ер-әйелдері тегіс аттанып, жауға қарсы соғысқа шығады екен. Жалбыр он жасында-ақ көптен қалмай, қолына түскен тай-тулақты ұстап, жайдақ мініп жауға қарсы шаба беріпті.

Баланың алып денелі, айбарлы талабына риза болған әкесі Бөрібай батыр Жалбырды он екі жасында арнаулы атқа мінгізіп, тал жібектен тығыздап тоқыған, асыл темірден оймақта-тып жеңіл сауыт кигізіпті. Шешесі жылқыдан Ақбоз ат алдырып мінгізіп, үш құлаш қыл шылбыр есіп байлапты.

«Балам жаудан жаралы қайтса, аққан қызыл жарастық, балам аттан құласа, ұзын шылбырдың бір шетін беліне байласа, сүйегі жауда қалмас» деп. Жалбыр қару-жарақ ұстауға ұқыпсыз. «Аттан!» деген дауыс шыққанда, орнынан тұрып атқа қонып жүре береді екен. «Батыр, қолыңа қаруыңды алсайшы!» деушілерге: «Сол шіркіннің өздері де құр қол келмес», — деп жаудың өз қаруын өзіне жұмсармын деген оймен кете береді екен. Айтқанындай, соғысқа кіргенде, қарсыласқан жаудың найзасын тартып алып, қайыра жаудың өзіне жұмсайды екен. Бір қатты соғыста Жалбыр ауыр жаралы болып келгенде, әкесі қарт Бөрібай:

— Жалбырдың жарақаты алдынан болса ауылға алып кел, артынан болса әкелмеңдер, далаға тастаңдар, ол жаудан тайып, қашқан қорқақ неме тумай кетсін! — депті. Хабаршы жігіт:

— Батыр, ата, омырауында үш найза ұңғысынан сынып, қадалып тұр, — депті. Бөрібай батыр:

— Жарайды, оңаша үйге кіргізіп жатқызыңдар, өзім барып көремін, — депті.

Жалбырды әкеліп жатқызған соң, сексен алты жастағы қарт Бөрібай барып қадалған найзалардың ұңғысын, қыл шылбырды мықтап байлап, қол күшімен біртіндеп суырып тастағанда, Жалбыр қабағын шытпапты.

### 103. Жалбыр батыр

(II нұсқа)

Жалбырдың шын аты — Байсал, жастай жалпылдап жауға шауып, топтан қалмаған соң «Жалбыр» атанып кетіпті. Жас кезімде көп көрдік, қолына су құйдық, қолынан ет асадық, орасан ірі кісі еді, саусағының саласы біздің бір қарысымыздай, құлағы бір қарыс, басы кішігірім қазандай, даусы орасан күшті, жай сөйлегенінің өзінде төрт-бес шақырым жерге баратын. Менің әкем айтатын еді «Бір жылы Бөрібайдың жылқысы

қырға жайлауға кетті, арадан бір жетідей өткенде, Бөрібайдың қасиетті Шұбар айғыры сауырсында сау жері жоқ, найза тиген жарақат, даладай қан, ауыл тұсынан дариядан жүзіп өтіп, жайлаудағы ауылымыздың қотанын айнала шауып, кісінеп жүрді. Ауылдың көп кісілері Мәмбет батырды (Бөрібайдың Қоянбай деген баласының баласы Жалбырға немере іні) қалада уезд әкім шақырып соған кетіп еді, Жалбыр ауылда еді. Шұбар айғырдың жағдайын көрген Жалбыр бұрынғы бойынша шұбарды ұстатып, жүгендеп, беліне тоқым тастап жайдақ мініп, қару-жарақ алмастан жылқының соңынан жалғыз кетті. Жылқыға тиген Шу бойындағы тама деген елдің батырлары екен, бес-алты кісі жылқыға дақ салмай, жылқыны қуа жөнелгенде, Шұбар айғыр жылқыны қайыра берген соң, жау Шұбарды найзамен сауыр шаншып, найза батқан Шұбар сырға келіп көрініс беріпті. Жылқышылар жаумен сөзге келіп: «Сендер ұры болсаңдар, жылқыны алып жүре берің, батыр болсаңдар, бұл жылқы Кіші жүз жаппас Бөрібай батырдың жылқысы, Бөрібайдың Мәмбет, Жалбыр деген батыр балалары бар, кешегі Шұбар айғыр сырға кетті, сол батырларды алып келеді, күтіндер», — десіпті.

Өздеріне сенген таманың батырлары: «Мұның батырын көріп кетелік», — деп шатырларын көк майсаға тігіп, тай сойып жеп, күтіп жатыпты.

Сол дегенше Шұбарға жайдақ мінген Жалбыр да келіп жетіп, сөзге келместен «әкей» деп жауға жалғыз тиеді.

Таманың қару-жарағы сай қырық батыры жайдақ аттағы Жалбырды айнала найзалап, аттан түсіреді. Жалбыр қартқа басқан семіз кісі еді, қарнының көкетін найза жырып, шарбы майы ақтарылып отырып қалады. Таманың батырлары соншалық ауыр жарақатты елестірмей, ақтарылған шарбысын екі қолымен кезек-кезек басып отырған батырдың түр сипатына таңдана қарасып: «Анық бүтін туған жан екен, бұлай тастап кетпейік», — десіп, аттарынан түсіп, қақ жыңғылдан ине жасап, жібек белбеудің суыртбағынан жіп жасап, Жалбырды тігуге кіріскенде, Жалбырдың шарбы майы қайтадан орнына сыймапты. Тамалар: «О, батыр қарныңның көкетін тігейік деп еді, шарбы майың сыймай жатыр, мұны қайтеміз?» — депті.

Жалбыр: «Сыртыма сыймаған май, ішіме сыяды, қылышпен кесіп беріңдер, жұтып қоям», — депті.

Тамалар сыймаған майын өзіне жұтқызып, Жалбырдың қарнын тігіп, киіз күйдіріп басып, қанын тыйып, былғары

тоқым салып, белін мықтап байлап: «Ал, батыр біз жүреміз», — десіпті.

Жалбыр тамаларға: «Сендер жүрмендер, менің Мәмбет деген немере інім бар еді, ол қалада жүріп хабарсыз қалды, мен соны шақырайын, оны да көріп кетіңдер», — депті. Таманың батырлары «мақұл» десті. Жалбыр жайлап биік құмның басына шығып, екі қолымен қарнын басып тұрып, Сырға қарап: «Ә-й, Мәмбет!» деп үш рет айғайлайды, Жалбырдың даусынан жер сілкінгендей болып, жаудың аттары үркіп, дала жаңғырады.

Бұл дауысты Ақмешіт қаласының көшесінде жүрген Мәмбет естіп (екі арасы 50-60 шақырым) тездетіп жігіттерімен ауылға келсе, Жалбырдың кеткеніне екі күн болған екен. Мәмбет қару-жарақтанып, жүз қаралы жігітпен Жалбырға жетеді. Таманың батырлары көптен қорықпай соғысып, жеңіліс тауып, аттарынан түседі.

Екі жақ сол құба жонда бітісіп, Жалбырдың жаралы болған жерінен құдық қазып, сексеуілмен шегендеп, Жалбырдың шығып дауыстап Сырдағы Мәмбетті дауыстап шақырған биік құмының басынан сексеуіл мен шымнан байланыстырып, биік мұнара жасап, белгі орнатып тарқайды.

## 104. Жалбыр батыр (III нұсқа)

Ол бір жаугершілік заман еді. Қатар отырған ел сәл нәрсеге таласып бірін-бірі барымталап, бірін-бірі шауып алып отыратын. Соғысқа шыныққан елден батыр көп шыға ма? Қалай? Сонда да Бөрібай батырдан өрбіген жан бөрі батыр болды. Тоқым тыққан Қыстаубай батыр, Қоянбай батыр, оның баласы Мәмбет батыр — бөрі Бөрібайдан өрбіген жандар. Жалбыр Бөрібайдың кенже баласы. Бұл кісі алып денелі, ақкөкірек, аңқау, кемкетікке мейірімді, бала мінезді, кішіпейіл адам еді. Даусы өте зор, айқайлағанда күнше күңіренетін.

Ақмешіт қаласының маңындағы жаппас елі мен қыпшақ елі қонысқа таласып бір-бірімен соғыса беріпті. Біздің бала кезіміз. Қыпшақтың басты адамдары Қоқан қаласындағы Құдияр ханға кісі жіберіп, Құдияр хан ауыр қолды әскермен келіп, жерімізді алып, халықты билеп-төстеп, қыпшақтың

басты адамдарын «датқа» деген мансап беріп, дар құрып, адам өлтіруге ерікті етіп, жаппастарды қысымға алыпты. Салықтың санын көбейтіп, «зекет, үшір, пітір т.с.с.» ең аяғы «ойма тазға он теңге, қырма тазға қырық теңге, сол құйрығыңды керсеңге сыйса да бер бес теңге, сыйласа да бес теңге» деп семіз бен тазға да салып, жаппасты қындай қырып, көнбегендерін дарға асып өлтіріп, ауыр күйге ұшыратты.

Сол кездегі Сырдағы егіншілердің мәтелі: «зекетшінің астында жорғасы бар, алты еннен тіккен дорбасы бар. Алғулам деп бір алады, ат жемім деп бір алады, сонда бізге не қалады?» дейді екен.

Бұл азарға шыдамаған жаппас елі көктемде көшіп бара жатқанда «Қалмақ қырылған» өзенінің бойында елді иіріп көшірмей зекеттеп жатқанда, Жалбыр бастаған жаппастың бір топ жігіттері жүз кісісімен Қоқан ханының зекетшісін қырып салып, көшпелі жаппастар тегіс көшіп қашып, Қостанай қолтығындағы жайлауларына келіп, Қостанай қаласындағы орыс әскерімен тілдесіп, келісіп, сол жылдың күзінде Ақсүйір жаппас Сәтбайды бажақ етіп, губернатор Перовскийді он мың әскерін әкеліп, қоқанның үстінен түсіреді. Сонымен жаппастар тегісімен орыс әскерінің көмегін көріп, Қоқан хандығына қарсы соғысқа белсене қатысып, көп ұзатпай хан дәуірін жойып, орыс үкіметін орнатады.

Бұдан былай жаппастарға дәс тиіп, соғыста көзге көріне күш көрсеткен батырларға атақ беріп, шен-шекпен кигізеді. Жалбырдың атағы, шен-шекпені бар еді. Губернатор Перовский Жалбыр, Мәмбетті артықша бағалайды, өйткені Жалбыр Мәмбеттің ағасы, тоқым тыққан Қыстаубай батыр Кенесары, Наурызбайдың үш жүз кісісін өлтіріп, Кенесарыны қуып, жаппас елін ханның қысымынан құтқарғаны. Жалбыр, Мәмбеттің Қоқанның жүз кісісін қырып, орыс елімен достасып, Қоқан хандығын жойғанын еске алды.

## 105. Үбі батыр туралы

Руы — масқар Халба дейтін адам алдымен Исатай, Махамбет көтерілісшілері жағында болады. Соңынан ханға сатылып, Махамбетті өлтірушілердің бірі болыпты.

Исатай Махамбеттің жан серігі беріш руынан. Үбі батыр, қасында ысық руынан Оразымбет дейтін жолдасы бар, Жайық өзенінің сол жағында жайлауда отырған тана руынан Шымыр деген ишанның үйіне түсіп отырады. Шай ішіліп, қой сойылып жатады. Сол кезде ишанның қойшы баласы жылап келеді:

— Жаңа бір қойымды екі атты кісі итаршып алып кетті, — дейді. Сонда ишан:

— Аһ! Кеше осы маңда Халба жүр деп еді, сол болмағай, — депті.

Сол-ақ екен, Үбі асын қайырып:

— Бұйырса қайтып келіп жерміз, асты пісіре беріңдер! — деп тұра атқа қоныпты. Оразымбет бірге кетіпті.

Қойдың етін пісіріп отырған Халба жақындағанда, Үбіні танып қалып қаша жөнелген. Астында тоқпақ жалды торы аты бар Үбі де іле қуады. Көп ұзамай-ақ құтыла алмайтынын білген Халба бір ауылға қашыпты. Ауылға келіп аттан түсе қалғанда, Үбі де аттан түсіп, найзалап өлтіріпті.

Соңынан Оразымбет айтыпты:

«Халбаны шалқасынан түсіріп, нақ жүректің тұсынан шаншыпты. Жүректен атып шыққан қаннан қос алақанын толтырып алып екі-үш рет ұрттап жұтып жібереді. Оны көріп тұрған мен құсып жібере жаздап қалдым. Қайта келіп Шымыр ишанның үйінен тоя ет жейді. Менің жүрегім әлі айнып, еттен шақ ауыз тидім», — депті.

Бұл Исатай, Махамбет көтерілісінен кейін Халба халықтан қашып, Үбі хан, губернатордан қашып жүрген кезі екен.

# Кенесары=Наурызбай мен көтерілісші батырлар туралы аңыздар

## 106. [Саржан төренің құда түсуге баруы]

Бұрынғы заманның байларының құдалығы келін түсірген не әкесінің асын бергендігі, дүниенің басы қандай, аяғы қандай, ешкімге опасының жоқтығын танытады.

Қуандық алтай-қарпықтың қарпығының үш баласы — Ті-нәлі, Мәмбет, Күзей. Күзейден туған — Тоқа. «Тоқаның жылқысын берсін» деп батаға қосылған Тоқа — осы. Бұл — Тоқадан шыққан бай Сағақ. Қоқасағақ, Құрысбай тағы екеуі бар, бес ағайынды болған. Байлықта бірінен-бірі өтеді. Өкелерінің аты — Тәңірберген. Сол Сағақ үш жүзден бай таңдады құда болуға. Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын өзіне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары — Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсе барды.

Сонда Байсақал құдаларының ортасына бір сәукеле жіберді. «Қызымның қараған басы, мінген аты, артқан түйесі, тігілген отау, қылған жасау бәрі сатусыз тегін, бір сәукеленің құнын берсе болады», — деп.

Басы Саржан төре отырған құдалар сәукелені малға шамалап, өздері пішіп, өздері кесіп, бес жүз байталға тұрады екен десіп: «Мұның қызының қалың малы бес жүз жылқы болсын», — депті. Үш жүз жылқы қара малы, жүз жылқы үйге енгізери, жүз жылқы — сүт ақы, той малы.

Байсақал барған құдаларға: «Өздерің жүз болып келмей, елу болып келгенсіңдер, жүз болып келсең, жүз-жүзден қылар едім, менен көрме, өздеріңнен көр!» — деп, ер басына елуге санын жеткізіп, киіт қылды. Түйеден елу, аттан елу, тайтұяқ жамбыдан елу, қойтұяқ жамбыдан елу не болса, ол болсын елу түрлі

қылды. Сиырдан елу, қойдан елу, ешкіден елу, аң терілерінен елу. Сағақ та бес жүз жылқыны бірақ айдатты. Мұнан бұрын қазақта «қырық жетіден» басқа қалың мал ауызға алынып аталмаған.

Байсақалдың қызы Сағақтың ордасына келін болып түскенде, бес отау, бір алтын шатыр, жеті жетіммен түсіпті. Сонда қыздың өзіне арналған отаудың уығын атпен жүріп байлаған екен. Керегенің басын тұтам күміс, аяғын да тұтам күміс, уық қанша болса, уықтың бау өткізер жерінде тұтам күміс, қаламында тұтам күміс, шаңырағының аузында, күлдіреуішінде тұтам күміс, түйе ауғанда, түйе басына екі бұрау, ұзындығы оқтаудай ағаш, оның екі басында да тұтам күмістен, дүниелігін атпен жүріп, уығын шанышқан, үйдің ортасына ап келіп үйе бергенде, күлдіреу ішіне тиді десе, боларлық болды. Сонда Сағақтың бәйбішесі көзі, көңілі тойғандықтан, «дүние шіркін жияйын десе, жинала береді екен-ау!» — депті. Онда Байсақалдың бәйбішесі: «Шіркін деп айтқызбаспын деп», осынша бұттап едім, бекер-ақ бұттаған екенмін, жақсыға да бір шіркін, жаманға да бір шіркін, бәрі бір бас-ақ екен», — депті.

Байсақалдың қызының түйесінің жабуы бұйдас деген жібек екен. Қаракесек қаз дауысты Қазыбек ұрпағынан шыққан Алшынбай тұңғышы Ыбырай деген баласына Сағақтың қызын айттырып, сонда Ыбырай қыс ішінде ұзатып алып қайтқан екен де, Байсақалдың қызының түйесінің жабуымен күйеудің жолдастарына тымақ тыстап берген екен. Бұйдас деген жібектен жасалған бұйымды жұрт көзімен көрген екен. Баласының отауын түсірген соң «байлығымды үш жүзге көрсетемін» — деп Сағақ әкесі Тәңірбергенге ас бермек болды. «Ат жаратсын, асқа қамдансын!» — деп, жұртқа сауын айтып, шақырушы аттандырғанда, жылқыдан он жеті мың біткен.

Алтай Алдажұман байға Сағақ сәлем айтыпты: «Алтай Тоқаның байымын деп тоқа да мен айтушы едім, Алтайда алтай тоқаның байымын деп Жұман мақтанушы еді, міне, мен байлығымды үш жүзге көрсеткелі әкеме ас берейін деп жатырмын, Жұман менен байлық асырамын десе, осы асқа екі ат мініп келсін, бір атты жалғыз атты кедей де мініп келеді», — деген екен.

Сонда Сағақ асқа Жұманның келуін аңдып тұрыпты. Жұман келгенде, алдынан шыққан даяшылардан сұрайды:



— Жұман қандай ат мініп келген екен? — деп. Сонда алдынан шыққан даяшылар бірі:

— Қояндай боз ат мініп келді, — десе, бірі:

— Былшылдама, көмірдей қара ат мініп келді, — деп күжілдесіп, раһласып қалыпты. Себебі, Жұманның мініп келген атының бір жағы қояндай боз екен де, бір жағы көмірдей қара екен. Боз жағынан көрген боз ат — деп, қара жағынан көрген қара ат — деп, ойлайды екен. Сағақтың екі ат мініп келсін дегені осыны ойлап айтқан екен. Сонда Сағақ айтыпты:

— Жылқысынан мұндай мал туғандығы Жұман менен бай екендігін дәлелдепті, қанша тұяқ дегенмен менің жылқымнан мұндай мал туып көрген жоқ», — депті.

Жұманның Тәңірберген асына мініп барған осы атын Сармантай Алшағырұлы Бижан заманасындағы ақ патшаның көрінісіне мініп барған екен. Осы екі жындыны да сол замандағы жұрттың көзі түгел көрген екен.

Өзге былшыл не керек? Басқы аттың бөйгесіне Байсақалдың бес асаудың бірден соңғысын тікті дейді. Киіз орнына шұға жапқан, ол шұғасының бір кезі бір атқа алынған екен. Ол отаудың ішіне сірестіріп, текшелеп жасауды жиып, екі босағадан екі қанат керегегенің бойы бос құры тұрды. Ал, шымылдықты құрып, алаша төсекті белден салып, жеті жетімнің ең басы ұрғашы жетім екен, ай десе, аузы, күн дейін десе, көзі бар бір қасық сумен жұтып жібергендей, жасы дәл он бесте сұлу қыз екен. Сонда үш жүзден атақты, даңқты неше түрлі жүйрік келді. Санын Құдай біледі, жұрттың көзі «ат қашан келеді?», «Қандай жандардың маңдайы жарылып тұр екен?» — деп аузында сол сөз болып отырғанда, өзге ат жоқ, бір бес қылаң, бесеуі де ақ-көк құйрық тістесіп, бірінен-бірі тіркеп қойған малдай шұбап қарақшыдан өте шықты дейді.

Сөйтсе, қыпшақ қарабалық Алданазарханның ағайынды екеуінің аттары екен. Сонда ең алдында келген ат ағайынды екеуі енші алысқан күнде інісінің сыбағасына тиген екен де, ағасының қойшысы мініп қой бағып жүрген қолау көк құнан екен. Өзін қойға мініп, өзі қолау, ақсақ болған соң, елеусіз болғандықтан керек қылып сұрап, інісі алмай: «Мынау сенің сыбағаң», — деп еді, — деп ағасы қоса қоймай, осы бөйгеге ағасы жаратып алып келіп қосқан екен. Сол жерде інісі шап ете түсті дейді. «Енші үлескенде өз аузыңнан маған беріп едің, біздің

қойшының астындағы қолау көк сенікі деп едің, жалғыз соған қарап қалмағандықтан, мен алып жылқыма қоспап едім де, сондықтан сенің малыңда жүріп кетіп еді. Енді атымның басын бер не бәйгесін бер? Бірін қимасаң, мен саған бауыр-туысқан болмаймын», — деп, ағайынды бір туысқан араз болғанда, елден бұрын араздықты бастаған осы екеуі болған. Екеуі де бірін-бірі көріспей кеткен екен.

Сол көріспеген бойымен жүріп, ажалы жеткені өліп, ажалсызы тірі қалған күнде, тірі қалғаны арман қылып Шоң биге шағып сөйлеген екен: «Шөп кіндікті малға бола, адам кіндікті бауырымды көре алмай кеттім-ау, обалым заманымдағы атқа мініп, ауызға ілінген жақсылар, сендердің мойныңа!» — деген екен дейді.

## 107. Наурызбай туралы

Наурызбай бір қол бастап келе жатқанда, өзінің батыр жолдастары сұрайды: «Ер қаруы — бес қару, соны түгел жұмсайсың ба?» — деп сұрапты.

— Е, біреуі артық болып жұмсай алмасам, неге алып жүремін. Соны айтты да, Боз атына міне салып дөңге қарай шығып, садағымен бір боз торғайды атып тигізеді, қайта жерге түсіп келе жатқанында найзаменен бір шаншып, қылышпенен бір шауып, қамшымен бір салып өткен екен. Мұны айтқан Наурызбайдың қолында болған Дөрмен деген адам, онан Бахтыбай есіткен, оның айтқанын Дөрменнің айтуы бойынша, бір күні жорыққа жүріп келе жатқанда, Наурызбай айтады: «Ағалар, сендерге бір ойын көрсетейін, ол үшін екі жарылып жүре беріңдер», — дейді. Сонда Наурызбай Боз атпен ағызып келе жатып жолдастарының денесіне тигізбей найзамен жағадан түйреп екі жақтағы адамды бірінен соң бірін түйреп лақтырып түсіріп отырады.

Наурызбай бос уағында ағасының үйіне адамдар жиналып кеңес құрып отырғанда, ол жай ғана отырып ешқайсының сөзіне араласпай, қынынан тар екі қарыс сар пышағын алып, ұшынан ұстап жоғары қарамай секіртіп жіберіп, төмен қарап отырып, түсер кезде ұшынан ұстап алады екен.

Орыс патшалығы Құсмұрын дуанын салған, дуанбасы Қапыр Шодыр. Наурызбай бұлардың бекінісіне талай шабуыл жа-

сап, үлкен қимыл көрсеткен. Сол кездегі салған бекініс Тайыс әулиелердің орны бар, айнала қазған ат бойы терең орлар бар, орыс әскерлері Наурызбайдан қорқып сол бекініс үйдің ішінен мылтық ататын тесік жасап, сонан ататын болған. Ақырында Қапыр Шодырды өлтіріп, қорғанын бұзып алған, сонан орыс әскерлері бұл жерден бір жола қашып кеткен, күні бүгінге шейін сол жерде «Шодыр сайы» деген жер бар. Қазір сол жерде Киров колхозы бар.

## 108. Кенесары

Абылайдан кейін оның балалары Уәли, Есім мен Қасым хандық құруға әрекеттенеді. Бұлар Абылай көздеген ізгі бағытпен жүре алмады. Елді біріктіру орнына ру наразылығын тудырып, бейбітшілік тұрмысқа нұқсан келтірді. Соның салдарынан ел бытырап, хандық үстемдігі күйреуге айналды.

Содан кейін ел билеу ісін Қасым төренің балалары Есенкелді мен Саржан, Уәли ханның әйелі Айғаным, баласы Шыңғыс қолға алып, хандық үстемдікті одан әрі жүргізбек болды. Бірақ, олардың қай-қайсысы болса да, нәтиже шығара алмады.

Осы кезде төре тұқымынан Қасымның аса ширақ жауынгер ұлы Кенесары басқару ісіне сыбана кірісіп, «Абылай!» ұранын көтереді. Оған қазақтың, оның ішінде Орта жүздің ақыл иесі, билері мен ержүрек батырлары қосылды. Осы күшке сеніп, оған арқа сүйеген Кенесары елді ақылмен біріктіріп билеу орнына жұрт түршігерлік қатыгездік жасады: білектің күшімен, найзаның ұшымен әрекет етті.

Күшпен болса да Орта жүзді өзіне бағындырып алған Кенесары бүкіл қазақты біріктіріп, дербес хандық құруды көздеді. Сол мақсатпен бұдан жүз жылға жуық бұрын орыс патшалығына бағынған Кіші жүзді өзіне қаратып алмақ болды. Ол үшін Кіші жүзді орыс патшалығынан бөлуге әрекеттенді. Бірақ бұл ойы іске аспады, орыс әскерінің тегеуіріне төтеп бере алмай, Кенесары тобы ылажысыздан Жетісуға ауысты.

Ұлы жүздің негізгі бөлегі Үйсін елін өзіне қаратып алып, Кенесары Жетісу өңірінде Ұлы жүз бен Орта жүз хандығын құрды. Бірақ мұны місе тұтпады. Көршілес қырғыз елін қоса билемек болды. Кенесарының бұл өктемдігіне қырғыз басшы-

лары көнбеді, екі елдің арасында жан түршігерлік ұрыстар болды. Күші басым Кенесары тобы қырғыздардың адамдарын қырды, дүниесін талан-таражға ұшыратты.

Бұл басқыншылық әрекетке қазақтың билері мен батырлары наразылық білдіре бастады. Қырғыз еліне бұл тағылық шабуыл тоқтатылмаса, қаруларын тастап, Кенесарымен біржола қоштасуға бел байлағандықтары байқалды. Осы кезде қазақ билері қырғызбен келіссөз жүргізу жөнінде ұсыныс жасады. Кенесары ылажысыздан бұл ұсынысты қабылдады. Қазақтардың ұнатуы бойынша хан өкілі етіп қырғызға тоқсан жастағы Қалды Қарауыл Бөгенбай би бастаған өкілдер тобы жіберілді.

Ол кезде қырғыздың Шәбден, Жекебатыр, Отаншы, Қарабатыр сияқты тапқыр ойдың иелері, ержүрек батырлары жоқ, келіссөзге Жантай хан бастаған билер мен батырлар қатысты. Әңгіме бірнеше күнге созылды. Сәтті аяқталды.

— Қазақ, қырғыз елі — ата-тегі бір туысқан ел. Бұлардың арасында наразылық тудырарлықтай ешқандай көңілсіз жағдай болып көрген жоқ, болуға да тиіс емес. Олар бұдан былай да бірлесіп, тату-тәтті өмір сүруге тиіс. Енді бұрынғыдай дербес екі хандық болмасын, бір ғана қазақ-қырғыз хандығы болсын, оны Абылай жұрағаттары басқарсын! Екі жақ бірдей шын ризалық көңілмен осындай келісімге келеді.

Қырғыз ханының ордасында ғасырға жуық жасаған Бөгенбай қарт пен Жантай хан бастаған игі жақсылар тобы ақсарбасқа бата қылып, екі жақты келісімді берік сақтауға, оның бұзылуына жол бермеуге серт етті.

Сапары оңғарылып, үлкен қуанышпен еліне қайтып оралған қарт Бөкең хан ордасына келді, сәтті келісім жайын Кенесарыға баяндады. Екі елдің қосылып, бір ғана хандық құруына, әсіресе Абылай жұрағаттарына сенім білдіргеніне риза болса да, өз ойлағаны болмаса басқаның дегеніне көнбейтін бірбеткей, қыңыр Кенесары қырғыздардың ақырғы тілегі — «хан ордасы біздің ортамызда, Алатау қойнауында болсын!» деген тілегіне наразы болды. Бөкеңе суық түспен ежірейе қарап:

— Бөке-ай, алжиын дегенсіз бе?! — дейді.

— Мүмкін, жас болса келіп қалды ғой, — деп қаңқу сөзге налыған қарт ата етегін қағып, орнынан тұра бастады. — Қазақ-

қырғыз атынан ақсарбасқа бата қылғандағы сертіме берік-пін! — деді.

Ордадан қатты налып шыққан Бөкең атына қонды да, Арқаның сары беліне беттей жол тартты. Қазақтың игі жақсылары: билері мен батырлары ду көтеріліп, құрметті қарт ағасына ере жөнелді. Орда маңында не үлкен, не кіші бірде-бір қазақ қалмады.

Кенесарыға бұрыннан наразы Дулат елі бұл жайды дереу қырғыздарға хабарлады. Бүкіл қазақ-қырғыз елі сенген батағөй ата Бөгенбай қартты қорлаған, екі елдің келісімін бұзған Кенесары ордасына олар тікелей шабуыл жасады. Кенесары мен оның інісі Наурызбайды тұтқындап, қамап қойды. Табанда жазаламай, қамауда ұстауына себеп — «оларды іздеушілер болар ма екен?» деп күтті. Қазақтан басқа да көршілес елдерден оларды жоқтаушы болмады. «Әлем алдында кінәлі емеспіз» деді де, қырғыздар екі төрені қолекі өздері жазалады.

«Кенесары Абылай принципін сақтай алмады. Дандайсыған аңғал төре, опасыз бастық ор қазды, терең қазды, оған өзі түсті. Халық жауына сол лайық!» — десті осы оқиғаны баяндаған қарттар.

## 109. [Кенесары]

Андас — дулат ботпай руынан. Моласы Мерке мен Алатаудың арасында. Бұрын қырғыз жері екен. Бұл күнде Арысты күш-қуат қылып, арқа тұтып дулат болып кеткен төрт шөмекей, бес жаббастың бір үй досты бар. Мұнан шыққан Алтыбайды Кенесары «маған қарамайсың» деп тірі ұстап алып, отқа өртеп жіберген екен. Мұны немере інісі Төлегенұлы Жанғабыл соқыр Наурызбайды жүз жігітпен зекетші боп барғанда, өзге жолдасын қырғанын қырып, тірі қалғанын Қоқанға ұстап беріп, тоғыз жігітпен Наурызбай қашып құтылған екен.

Кенесары заманында Қоқанға бағынған жаббастардың датқасы Алтыбай екен. Ол күнде Ақмешітте Қоқанның сардары тұрады екен. Самса Тоқпақтың тұсында ол Алатаудың атышулы бір өзені «Қызылсомса» деп аталады.

## 110. Кенесары туралы

Кенесары сол кездегі Орал губернасының күншығыс шетіне келген сияқты (қазіргі Қаратөбе ауданының шеті).

Сол кезде қожа руынан Жұмырқожа дейтін кісі Жайық өзенінің оң жағындағы небір уезде, не бір болыста писарь екен. Ол «Кенесарыға қарсы тұру, мүмкін болса оны ұстау» туралы губернатордың жарлығын таратып жүргенде, Жайық өзенінің сол жағасынан үш шолғыншы ұстап алыпты. Алып барғанда:

— Сен қожаның қойын-қонышың толған қағаз болар. Оның маған керегі жоқ, — дейді де жігіттеріне: — Ат мінгізіп, шапан кигізіп ұстаған жерлеріңе апарып қоя беріңдер! — депті.

Содан бастап қожа жарлық таратпай, руы байбақты Омар деген (Сырымның немересі) күшті адамның қасында қалып, Жайық өзенінің сол жақ бетінде қоныс теуіпті.

## 111. Кенесары туралы

Қоңырбай — Нысанның үлкен баласы. Тіленнен Нысан туған. Қоңырбайды өлтіруші — Ержан. Сол жолы Тіленнің жылқысын шауып әкетеді. Екінші рет Ержан, Саржандар Қорғалжын жағындағы Тінәлі, Темешті шауып алып қайтып келе жатады. Олардан кек алу үшін Нысан, Сарыбай, Қошанбай, Арыстамбайлар шабуылға шығып, олардан малдарын айырып қалады. Ержан, Саржанды жаяу айдайды. Содан кейін келіп Нысанды өлтіреді. Сол жолы Сарыбай жайдақ қуып, кек ала алмай қайтады.

Мінгені төрелердің қара алаяқ,  
Бақ берген құдайым оған аямай-ақ.  
Соңынан батыр Нысан қуып жетіп,  
Ержаны сонда болған тобын аяқ.

Жылқы алып Толағайдан көнек келдің,  
Жылқының ат-айғырын бөлектедің.  
Соңынан батыр Нысан қуып жетіп....\*

\* Қолжазбада өлең жолы өшіп қалған.

## 112. [Кенесары]

Кенесарыға сүйіндік елі «еремін» деп, ермегенсін, Кенесарыға біреу айтыпты: «сенімен бірге аууды Поштай ұнатпайды» дегенсін, Кенесары Поштайға айтыпты:

— Елді арт басты қылып, «көшпе» деп Кенесарыға еріп, сені тоқтады дейді, кейінгі «қара қазан, сары баланың қамы үшін» орыстан іргені аулақ салып, жайлы қонысқа қарай көшуге басшылық етушінің бірі болады десе, тоқтатуыңның мәнісі не? — депті.

Поштай айтқан:

— «Алқакөл сұлама, ақ табан шұбырындының» жұтында, барлық сүйіндік қырық ауыл екенбіз. Сыр бойынан Сарыарқаға шұбырып көшкенде, барлық сауын деген мал көлік, Бейбітте қырық құлынды бие болып, қырық ауыл қырық биенің сүтін көжесіне қатық қылып, арып-ашып, осы отырған қонысқа келіп, қонысымыз ырымды болып, бас, мал бірдей өсіп, алдымызға он бес мың жылқы, бие иіріп, іргесі құтты қоныс болғандықтан айтсам, айтқан шығармын, алдағы жұмыс болжаусыз болғаннан соң, — депті.

Сол кезде Қаржас Азынабек баласы Тайжан, Сейтенде он бес мың жылқы бар екен. Тайжан, Сейтен «орысқа қарамаймын» деп ауып, өз жері Баянауладан көшіп келіп қайтқан жері — Іле өзені. Ілені жылқысы жерсінбей, жаз күнінде тай-жабағысы көтерем болып, жылқысы кейін қарай қашып маза бермей, қайта көшіп Нұра өзеніне барған бетінен орыстың қуғыншы бес жүз салдаты Тайжан, Сейтенді ұстап Ақмолаға апарып, Тайжанды қара ағашқа байлап, он екі салдат қатар атып өлтірген. Сейтенді он сегіз жыл катрге айдауға өкім еткен, «Кенесарыға ерді» деп.

## 113. Кенесарының қалмақтан жаралғаны

Абылай қалмақтың ханы Уса-Зерең дегенді шабады, Абылайдың қолы ханның екі қызын алып кетеді. Сонда қыздардың шешесі артынан қуып жетіп Абылайға былай дейді: «Сіздің қолыңыздың ішінде екі қызым кетіп барады, сол екі қызымды тапсырайын деп едім», — дейді. «Бұл екі қызымның

бірінен батыр туушы еді, бірінен өулие туушы еді. Біреуін өзің ал, біреуін өзің қатар жақсы досыңа бер», — депті. Сол қыздың біреуінен Қасым туады. Екіншісі біреуін Абылай Герей-Қурман батырға береді, онан кейін Кенесарының қозғалысына қатысқан Марал туады.

Наурызбай Жаппастың елін шауып, түнде сол елдің бірінде жатқанда, Жаппастың батыры Жанғабыл Төлегенұлы келіп түнде жатқан адамдардың қаруын алып, ұйықтап жатқан адамдардың тоқсан адамын өлтіреді. Соның ішінде Наурызбайдың дос батыры Байтабынды жалаңаш қарусыз жатқанда, сорға қамап өлтіреді. Қазір сол жерді «Байтабын соры» деп атайды. Кенесары қалған қолмен аман шығады. Сол жолы алдын орап қуған жаудың Наурызбай жетеуін найзалап өлтіріп кеткен, соның біреуі Көкір деген батыр, Әлмембет бидің баласы (әкесі бес Жаппасты билеген).

## 114. Кенесары—Наурызбай

Әбілпейіз деген Бұхарада хандық құрып тұрған. Оның Мәрәйім деген бас уәзірі болады. Әбілпейіз ханға білдірмей, Мәрәйім соңына ханға қарсы адамдарды ертіп, ханды өлтіру жолын қарастырады. Күндердің бір күнінде Мәрәйім Әбілпейізді мейманға шақырып, шарап ішіп мас болған ханды өлтіріп, ертеңіне өзін хан деп жариялайды. Әбілпейіздің үй-мүлкін «хан таланды» деп талатып, үйін құртып жібереді. Әбілпейіздің әйелі бес жасар Абылай деген баласымен қашып, өзі қолға түсерден бұрын «ханның баласы деп тірі жанға айтпай асыра» деп, Ораз деген мүсәпір шалға береді. Бес жасар баланы Мәрәйім іздеткеннен кейін-ақ Ораз қария баланы алып қашып, Түркістан шаһарына келеді. Түркістанда біраз жыл тұрып, ең ауыр қалде өмір сүреді. Жалданып күндерін көреді. Ақыры күн көре алмай «Сарыарқа, Көкшетау деген жақ жақсы, барған адам өмірі көрмеген тойыншылыққа кездеседі» деген хабар есітіп, Ораз қария Арқадан келген көп түйе керуенге ілесіп Сарыарқа деген жерге келеді. Арып-ашып келе жатқан Ораз жас баласын ертіп сусын ішуге Арқалық деген бір бай аулына келеді. Бай шалды баласымен жалшы етіп алады. Жас Абылай көп ұзамай жылқышы болады. Не жақсы аттарды мініп, ат құлағында ой-



найтын шабандоз, қатарының арасында беделі асып, абыройлы бола бастайды. Оны сезген Аталық және өзінің баласының жоқтығынан Абылайды өкіл бала етеді. Оған баланың келбеті де себеп болады. Өйткені Абылайға біткен сүйек сұлулығы мен іренділік ешкімге бітпеген. Ораз шалға бір жесір кемпірді қосып, өз алдына үй етіп қояды.

Күндердің бір күнінде хан Жәнібек жар салып ел жинап, екі рет қазақ аулын шауып алған қалмақтың Қалдан ханына барып кегін алу үшін көп сарбаз жинайды. Ол көп қолға қосылмақ болып, Абылай өкіл әкесінен рұқсат сұрайды. Аталық рұқсат етпейді. Талапты Абылай түн ішінде қашып келіп, хан Жәнібектің қосынына қосылады.

Қалдан ханның еліне жеткенде, дайындалып тұрған көп ләшкер қолымен хан Жәнібектің алдынан қарсы шығады. Екі жақтың сарбазы бетпе-бет келіп, Қалдан ханның атақты батыры Шырыш жеке соғысқа шығады. Шырыш батырдың түрін көрген қазақтарға қорқыныш кіріп, ешбір жан мен барам деп тілемейді. Қатты қысылған хан Жәнібек «Кім талапкер?» — деп айқай салады. Шарт түйінген науша жігіт келіп ханнан рұқсат сұрайды. Қысылып тұрған хан кім екенін сұрамай-ақ рұқсат етеді.

Үлкен майдан алабында Абылай мен Шырыш батыр ұрыс жасап, Абылай Шырышты өлтіреді. Өлген батырмен қалған батырға қарай екі жақтың көп қолы айқайлап ат қойып, ұрыс басталады. Батырынан айырылған қалмақ ханы жеңіліп қашады. Екі хан бітісіп, Абылайға Қалдан хан қызын береді. Қайтып келген соң хан Жәнібек орнына Абылайды хан сайлап, Абылайдың хандық дәуірі сол заманнан басталған.

Абылайдың қалмақтан алған әйелінен Қасым хан туған, бір әйелінен Уәли хан туған.

Абылай Бөген бойының Боралдаймен ұштасқан жерінде ауырып жатып, Көкшетаудағы баласы Уәли ханды шақырады. Уәли хан Көкшетаудан ауырып жатқан әкесіне он алты күн салт атпен жүріп жетеді. Абылай ауырып жатып елдің билерін жиып алып, баласы Уәли ханды орнына хан сайлағанын айтады.

Абылай өлісімен оның балаларының арасынан араздық туып күшейе бастайды. Қасым ханды «қалмақсың, хан емессің» деп шеттете бастайды. Оған шыдамаған Қасым хан бөліне көшеді. Екі арасынан жанжал шығып, ол бала-шағаға шейін араздасуға алып келеді. Бұл араздық Кенесары мен Шыңғыс арасын-

да шығады. Қасым ханның бір әйелінен: Есенкелді, Сарыжан, Ағадай, Кенесары, Бопы, Көшек. Бір әйелінен — Наурызбай. Бір әйелінен Үсен туған.

Уәли ханның баласы Шыңғыс және басқалары Петерградқа оқып, «ұлы» шенге ие болып, қазақ даласын патша әскерінің басып алуына жәрдемдескен.

Уәли хан ауылына патша салдаты келеді-міс, Қызылжар, Ақмешітке патша салдат тұратын кірепіс салады деген хабарды естісімен Кенесары ауылы Көкшетауды тастап, Түркістанға қарай қаша көшеді. Кенесары қашып көшіп келе жатып, Түркістан барып «Қазақ дуанын» шақыратынын хабарлайды. Кенесары Наурызбайдың бірнеше ауылмен қашып бара жатқанын және «Қазақ дуанын» шақыратынын Уәли хан ауылы есітіп, қасына салдат алып, көп адаммен артынан қуады. Қуғыншыдан хабар алған Кенесары ауыл еркегімен бірге жасырынып кетеді.

Ауыл шабуылға дайындалып еру болып отырып қалады. Көкшетаудан келген көп қуғыншы Кенесары ауылын шауып, оның бар жарар мүлкін, малын алып, қатын-балаға шейін таяққа жығып, Кенесары, Наурызбайды қолға түсіре алмай, Кенесарының Күнімжан деген әйелін біраз адаммен ұстап алып кетеді. Кенесары Күнімжанын жанынан жақсы көреді. Сондықтан іздеп келмей тұрмайды, сонда өзін ұстаймыз деп план жасайды. Бұл оқиғадан соң Кенесары көп қол жинап, қолға түсіп Ақмешітке кеткен Күнімжанға барады. Кенесары астыртын жаушы жіберіп, Ақмешіт қаласында бекініп жатқан үш жүз салдаттың барын біледі. Ескі шапанға май құйып, патша әскері жатқан ағаш дуалға от қоймақ болады. Қалмақ Қараберкін деген майлаған шөп арқылы дуал түбіне от қойысымен дайындалып тұрған Кенесарының атшы жігіттері, найзаның басына түйреп тұрған бір-бір бума қу ақ шөпті шауып барып жанған отқа тастайды.

Өрт күшейіп, салдаттар сөндіре алмай, ағаш қорғаннан қашып шығысымен аңдып тұрған Кенесары үш жүз салдатты түн ішінде жеңіп, ондағы қару-жарағын қолға түсіріп, тұңғыш рет Кенесары қаруланады.

Тұтқыннан Күнімжанды таба алмай, Ақмешіт қаласындағы барлық ұлықтардың қатын-қызын айдап, қайтып ауылына келеді.

Ақмешітті патша салдатынан тазартумен қатар, өзіне көп сарбаз жиып алады. Қатын-баласынан айырылғандардың ізденуімен Күнімжан барлық ауыл дүниесімен қайтарылып, қолға түскен әйелдерін қайтып алады. Ағыбай, Бұғыбай, Беркін, Жұман т.б. өзіне серік көп батырлар жиналады. Міне, Кенесары, Наурызбайдың патшаға қарсылығы осылай басталады.

«Қазақ дуанын» шақырып, оған көп ел қатысады. Қатар жатқан қырғыз, өзбек халқына дуан атынан сарбаз көмек сұрап он екі адам жібереді.

Патшаның сыбайласы Уәли хан ауылына қарсы күресуге шақырады. Станбулға әскер оқуына бала жібермек болып, халықты патшаға қарсы күреске шақырады. Бастығы Нысанбай етіп, Піспек, Тоқбаққа кісі жібереді.

Ташкенге адам жібереді. Өзбек халқы оны мақұлдап, патшаға қарсы күреске күш жинап, Ақмешітпен Түркістан арасындағы әскерімен қазақтардың ұрысына қосылады.

Ол сарбаздарды Кенесарының Сыздық деген баласы басқарып жүреді. Ол кезде Кенесары ауылы Әулиеатаға қарай көшіп келе жатады. Қырғыздардан көп жігіт алып, патша салдатына қарсы бармақ болады. Алдынан Піспек барған адамдары шығып, қырғыздардың «игі жақсылары» сарбаз бермей, қайта өзімізді мазақтап, көп әуреледі дейді.

Сол қарсаңда Кенесарының өзі мініп жүретін Тортөбел аты ұрланады. Оны қырғыздың ұры жұмсайтын «игі жақсысы» ұрлатып алып барады.

Екі жақты бірдей қорлық көрген Кене хан өжеттікке салып, ауылын шауып, қорқытып, сарбаз алмақ болады.

Кенесары, Наурызбай қырғыздармен сол ұрыста 1849-50 жылдары өлген. Сонда Кенесары қырық алты жасында, Наурызбай жиырма төрт-жиырма бес жасында екен.

Наурызбай өлген соң оның әйелін Кенесарының Тайшық деген баласына қосқан. Онан бір жылға жетпей Жүніс деген бала туған. Ол бала Наурызбайдан қалды деп белгіленген. Жүніс сексен екі-сексен үш жасында өлген. Кенесары, Наурызбай өлген соң ауылы кейін үрке көшіп, Түркістан үстіне келген. Кенесарыұлы Сыздық бастаған қазақ, қалмақ, өзбектер Түркістанда жеңіліп, Ташкен барған. Ташкенде қырық екі күн ұрысып, ашыққан халық қақпаның бір жағын ашып қашқан. Бұхар мен Хиуа хандықтары Сыздыққа бағынбай, патша әскерінің алды-

нан сырнайлатып шыққан. Оған патша «жеңілдік» беріп, Хиуа, Бұхар хандығы көп жылдар өмір сүрген. Одан күдер үзген Сыздық Үргеніш, Қашқар барады. Ол кезде Кенесарының бір баласы Жаппар жүрген бір топ Ерназар, Бекет батырлар қолға түсіп кеткен. Жаппар сол салдат ұстағаннан кейін он төрт жылдан соң босап келіп, ауылында өлген.

Сыздық Үргеніш, Қашқарда ақырғы рет жеңіліп, қолына оқ тиіп Индияға жүріп, Қытай қызын алып, Сөвей содан туылған. Қытай әйел Сыздық өлгеннен кейін ашуланса, басқа бір тілмен (шүлдірлеп дейді) сөйлеп жан адам түсінбейді екен. Оны қариялардың көбі көрген. Патша үкіметі қазақ елін қырғыз, өзбектерді тегіс жаулап, отарлап алып болған соң, Сыздық өз еліне келіп өлген. Патша Сыздыққа: «тұқымыңнан салық, салдат алмаймыз» деп жарлықта жазған деседі. Оған Сыздық көнбеген.

Сыздық батыр жеті жерде жол тосып, патша әскерімен ұрысқан. Ең алғаш Қазалыда, Ақмешітте (Ақмешітте жеңілген соң, Кенехан сарбаз жинауға кеткен). Бірақ көп адам қарумен қаша ұрыс қылып, Сыздық қалған.

## 115. Соңғы ханның құпиясы

Абылайдың көп ұлдарының ішінде қалмақ қызынан туған Қасым басқа балаларына қарағанда қаһарлы, уытты, көкжал туса керек. Халық оны «қан шеңгелдеп туған Қасым» деп атаған. Абылай қайтыс болып орнына үлкен ұлы Уәли хан болды. Арқа-басы кең, қазақшылығы мол Уәлидің тұсында Орта жүз қазақтарының жеріне орыстар қоныс тебе бастады. Мұны ұнатпаған Қасым ағасы Уәлиге әкесі Абылайдың жолын берік ұстауды ескертеді. Қасым: «Әкеміз Абылай елін, мекендеген жерін орыс, қытай, қалмақтан қорғауда басын қатерге тігіп, бар өмірін сарп етіп еді. Ұшы-қиыры жоқ ұлан-байтақ кең далада қос тепкен көшпелі қазақтардың басын қосып, ынтымақ бірлігі зор, жауына намысын жібермейтін іргелі ел етіп, сыртқы шетелге танытып еді. Пышақты бос ұстаған қолын кестіретін болмасын», — дейді.

Уәли інісінің сабақты сөзіне құлақ аспады. Жансыздары арқылы Қасымның қарсы ниетін білген Ресей патшалығы от-

рядтарын жіберіп, Қасым ауылын шауып, тыныштық бермейді. Сондықтан Қасым Көкшетаудан қоныс аударып, көшуге бел байлайды.

Иә, ол кезде Абылай қайтыс болса да, отыз ұлдың еншісі бөлінбеген еді. Қасым төрт түлік малдың тең жартысын жігіттеріне айдатады. Отыз ұлдың бірі қайтыс болып, әйелі Ажар сұлу жесір қалады. Оны Уәли өменгер ретінде баурына басады. Сол Ажар Қасымға ілесіп бірге көшеді. Қасым балаларымен бір түнде ағасы Уәлидің үйіне келеді. Ай жарық, киіз үй түрулі, керегенің көгенінен кеудесі жарқырап жатыр екен. Қасымның ойы: «мал-жанды рұқсатсыз алып барамын, бір ауыз ескертейін, жандығын салып үстемдік көрсетсе, көңілін қалдырып, өз көңілімді суытып кетейін» деп. Ол:

— Уәли аға, малдың жарымын айдап Қаратауға көшіп барамын, Ажар «көптің бірі болып шаңырақ түйеге мінгенімше, ортақтан оңаша бұзауым артық» деп, ол да бізбен ілесіп кетіп барады, бұған не дейсіз? — дейді. Қасымның бір беткей мінезін жақсы білетін Уәли:

— Әй, Қасымжан-ай! Алсаң өз малыңды алыпсың, алсаң өз жесіріңді алыпсың, соның несін маған айтып тұрсың? — депті. Ол ағасының аталы сөзіне әбден риза болып, ілгері жүріп кетеді.

Қасым болса Орта жүздің арғын, керей, уақтың бірнеше мың үйін соңына ертіп, Қаратаудың теріскей өңіріндегі Шу, Созақ бойына қоныс тебеді. Сол кезде бұл жердегі қазақтарды қоқандықтар сүліктей сорып, билеп тұр еді. Абылайдың қайтыс болып, қазақ үш жүзге бөлініп, «бөлінгенді бөрі жейді» болып тұрғанда олар Қасымның келуінен қатты қауіптенді. Өйткені Абылайдың көзі ханның өзі келді деп, енді қазақтардың ұжымдасып, бас көтеретіне көздері анық жетті.

Қасымды қоқандықтар Түркістанда құрметті қонақ ретінде жылы ниетпен шақырып, жылы ниетпен қабылдап, артынша опасыздықпен өлтірді. Батырдың екі баласы Есенкелді, Саржанды қоқан ханы Мәдем: «Орысқа қарсы бас көтеріміз, ақыл-кеңеске келіңдер?» — деп, Тәшкентке алдап шақырады. «Түбі бөрінің тұқымы бөрілігін істемей қоймайды» деп, бір топ қолмен қолға түсіреді. Мұндай жауыздықты сезіп қалған Ағыбай Саржанның баласы Ержанды алып қашып құтылады.

Қасымның естияр қызы Бопай мен інісі Кенесары билікті қолға алады. Қоқандықтар салықтың түрін көбейтіп, бас

көтерері жоқ қазақтарды қысымға ала берді. Қоқанның қазақ арасындағы сенімді әрі сыйлы адамы қоңыраттан шыққан Құрымбай датқа деген болатын. Сол кезде олар алым-салық жинауды осы датқа арқылы жүргізетін-ді.

Бірде Бопай інісі Кенесары екеуі Құрымбай датқамен кеңесіп, ақылдасады. Өйткені кейінгі кездері қоқан бектері салық жинауды бірі-бір, екісі-екі келіп жиілетіп жіберді. Сондықтан қазақ рубасыларын жинап, қоқан бектерімен жүзбе-жүз кездесіп кеңессек. Әрқайсысы бір келіп қоқаңдай бермей, алым-салықты тек ру басылары алатындай етейік. Сіз қоқан бектерін шақырып келуге барасыз. Қазақ ру басыларының кеңесі болмақ. Мені сіздерді арнайы шақыруға жіберді деңіз.

Бұлар Құрымбай датқаны қарашаның хан жолына қарай тарту-таралғысын беріп, жолға шығарып салады. Сөйтіп, Бопай інісі Кенесары екеуі Шудың бойында өзіне қарасты ауылын қондырады. Бектер түсетін бес-алты үйді әкеліп, бір-біріне құрастырып жалғап, төрінен есік шығарып, оған матамен перде іледі. Түпкі үйді әдейі жарға асылта тігеді. Қоқан бектерінің қорғаушы, күзетшілері түсетін үйлерге ішіне жасырын қару асынған жігіттерін күтуші етіп дайындайды. Бұл құпия сырды апасы Бопай мен інісі Кенесары екеуінен басқа оның ең сенімді жігіттері ғана біледі.

Құрымбай датқаға сенімі мол қоқан жағы шақыруды құп алады. Сөйтіп, бектер іле-шала күзетші нөкерлерімен бері қарай сапар шегеді. Астыртын хабарлап отырған Кенесары бектер түсетін түпкі үйге қарулы адамдарды даяшылыққа қояды. Бопай, ру басылары қоқан қонақтарының алдынан шығып қарсы алады. Ауыл күзетшілері құпия тірліктен еш хабары жоқ, абыр-сабыр қазан көтеріп, ас дайындатып жатады. Қоқандықтар қазақтардың ығы-жығы дайындық ықыластарын көріп, көңілдері көтеріліп, аттарынан түсіп, үйге кіре бастайды. Бектерді бір-біріне қоспай әңгімеге салып, үйді-үйге кіргізіп, түпкі үйге жеткенінің үнін шығармай қойдай бауыздап, жасыра береді. Олар жайбарақат отырған күзетшілерді де жайғап салады. Сол кезде Құрымбай датқа:

— Бопай ханыша, бұларды мұнда алдап алып келген мен кінәлі болдым, мені де өлтір, — деп отыра кетеді. Сонда Бопай ханым:

— Датқам, бұларды сізге айтсам, сіз бармас едіңіз, — дейді оған. — Сіз бармасаңыз, қоқан бектері өздері мұнда келмес еді.

Сондықтан сіздің жағдайыңызды да ойладым, амал жоқ, әкем мен әкемнің жанындағылардың кегін алу сіздің бір басыңыздың борышы болды. Датқам, бізбен бірге Арқаға көшіп жүріңіз.

Ал Құрымбай болса, жан сауғалап, ел жұртын, ата қонысын тастап көшуді намыс санады. Қазақ «мал жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» демей ме! Құрымбай күйіктен үйінде жатып, көп ұзамай дүние салды.

## 116. [Кенесары мен Омар]

Байбақты руынан Омар дейтін кісі Кенесарыны қуған топтың ішіне болады. Қайтып келе жатып түс көріп, оны Қазыға (Сырымның баласы) жорытыпты. Сонда Қазы:

— Түсіңде қаршыға ұстасаң, ер балалы боларсың, бауы көп түйіншекті болса, жасы ұзақ болар, тұғыры қатты болса, балаң ер болар, Кенесары сапарынан келесің ғой, айтқаным келсе, атын Кенесары қой, — депті.

Қазының айтқаны келіп баласының атын Кенесары қойыпты. Сол Кенесарыдан Жұрмағамбет, одан Сәрсен т.б. туыпты.

## 117. Кенесарының дулатқа келуі

Кенесары, Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды. «Қазақты орысқа бермеймін» деп Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, салдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер-дүниені алып қаптаған патша әскері азаймады, күн сайын көбейе берді. Зеңбірегін сүйретіп Кенесары, Наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы сияқты жақсы жерлерін тартып алды. Елді қойға тиген қасқырдай талады. Кенесары, Наурызбай сол таланған елді қорғаймын деп қасына мың сан батыр қол еріп жүрді. Бірақ Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді, ол етекпен алған «иттерден» жеңілді ғой. Қазақтың алауыздығы оңған ба, Кенесарының тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне ірткі салды. Олар патшадан шеншекпен алды, аға сұлтан болды, заседатель болды. Сүйтіп, ел

іші өзара бірлігі кетіп, ынтымағы жойылған кезде патшаның салдаттары Кенесары, Наурызбайды Сарыарқаға тұрғызбай, мазасын ала берді: аулын шапты, мал-мүлкін талады, қатын-балаларын тұтқындады. Ақырында Кенесары Ұлы жүзге — Алатауға қарай бет алып көшті. Әуелі Балқашта, Іленің қамауында, жалайырдың шетінде жатты. Бұл жер жұрттан шалғай еді. Орыс әскерімен белдесуге күш жию үшін: «Қамауда жатып хал болмас, Қасыңа қалың ел қонбас», — деп Кенесары соңынан ерген елімен, батырларымен Ілені кесіп өтіп, Шу бойын өрлей көшпеді ме. Сонан Қордайда шапырашты Тойшыбек батырдың ауылына тоқтады ғой. Атағы жер жарған Кенесары, Наурызбай келді деген соң, Ұлы жүз дулат бірі қалмай жиналды, күні-түні Кененің ауылын босатпады. Дулаттың батыры Сыпатай да, шапыраштының ерлері: Саурық, Сұраншы да, қоңыраттан шыққан Байзақ та, төре Рүстем де қалмай келді. Кенесары екі күн ұдайы ешбір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап ауыр ойланып төмен қарап отырып алды. Рүстем төре де, Сыпатай батыр да Кенесары отырған ақбоз үйдің алдынан анадай жерден түсіп, «алдиярлап!» қолын қусырып ұрықсат сұраудан басқа бір ауыз тіл қатуға бата алмаған. Келгендердің бәрімен Наурызбай ғана сөйлескен. Сонда он тоғыз жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің маңдайшасын көтеріп, былай депті:

— Хан бетін басып, бетін тұқырып неге төмен қарай береді? Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар аулымызда жеткілікті, біз ел бастаған, жау жасқанған батырды көргелі келдік, — депті. Сонда Кенесары басын жұлып алып:

— Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп жоғары шық! — депті.

Сұраншыға оң тізесінен орын беріпті. Сонан кейін барып Сыпатай, Рүстемдер де «алдиярлап!» үйге кірген екен. Бірақ Кенесары олардың бірде-біреуімен жылы сөйлеспей, өзінің үйіне баса көктеп кірген ер жігіттермен ашылып сөйлесіпті. Он жеті жасар Бәйсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп, Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының алдына тоқтапты. Әкесі Тойшыбек:

— Бұл не бейбастықтық, сен ханды басынамысың? — деп шыға келіп ұрысқан екен, Бәйсейіт кимелеп:

— Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім, батырдан батыр қорықпайды, — деп үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да



оң тізесінен орын берген. Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір қалың қайратты қол құралды.

### 118. Хан Кене дулат елінде

Ермекбайдың төртінші атасы Тұрғынбай ат баптайтын саяткер болған кісі екен. Бүкіл дулат елінде белгілі, қандай бөйге болмасын, бөйгенің алдын бермейтін Үлкенторы, Кішіторы дейтін екі жүйрік аты болады. Сол жолғы бөйгеге Тұрғынбай Кішіторыны қосады. Оған өзінің он екі жасар кенжесі Атымтайды мінгізіпті. Кенесары бөйгеге екі ат қосады. Біреуі — Қаракөк, біреуі — Қарақасқа. Тұрғынбай бабамыздың атқа шабатын атшы балаға жасайтын бір ерекшелігі оны қалай болса, солай жібермей, бала ат үстінде жинақы болып, болбыр ұстамауы үшін кеудесінен ең төменгі жамбасына дейін қол шылбырмен көйлегінің сыртына дейін саусақтың саласындай етіп орап тастайды екен. Бұл жолы да Атымтайға осы әдетін істеп, шылбыр сауытпен бөйге атына мінгізіпті дейді Ермекбай.

Бөйге Хан тауының солтүстік сыртында, Балқаштың көлі жағында Жабайы кезең деген жерде болады. Хан тауының бұл жағында Кенесарыға байланысты ма, жоқ болмаса Керей мен Жәнібекке байланысты ма, әйтеуір «Хан» атты жерлер көп. Бірі «Хан қорасы» деп аталса, бірі «Хан жайлауы» аталады. Енді бірі «Хан сауыты» деп аталады. Хан қорасының тастан қалаған орны әлі күнге дейін сақталған. Бұл далада Атымтай Үлкенторымен де, Кішіторымен де талай-талай бөйгеге шапқан. Қай жолында қандай сай бар бәрін бес саусағындай біледі. Әсіресе, Жошы хан қаздырыпты-мыс деген ор ерекше. Ұзын, терең. Ені есік пен төрдей. Қолда өскен қарабайыр жылқы тұрмақ, иен далада еркін өскен құланның өзі қарғып өте алуы екіталай. Бірақ Үлкенторы мен Кішіторы оны бұйым құрлы көрмейді. Қоянша қарғып өте береді.

Дулат елінің ол кездегі болысы әділдігімен, мейірбандылығымен аты шыққан Дәуітәлі деген кісі еді. Ханның ордасына келіп-кетіп жүріп, бірде Кенесары ханның жылқышыларының жылқысын ұрламақ болған Арқа жақтан келген екі ұрыны ұстап алғанын көреді. Артынша бұл екеуінің дулат ішінде

тамыр-таныс, жамағайындары бар болып шығады. Дәуітәліге сөзі өтетін екі-үш кісі салып:

«Болыс ханға айтсын, ана екі сорлыны босатсын, оларды біз ақтамаймыз. Ұрлықтың аты — ұрлық. Бірақ олар бұл ұрлықтарына еріккенінен барып жүрген жоқ. Күндері үшін, шиттей бала-шағаны асыраудың басқа амалы қалмаған соң барып жүр. Дәукең жарлы-жақпайға жаны ашитын әділ адам еді ғой, тағы да мейірімін төгіп, мына екі бейбаққа тағы да шарапатын тигізсін», — деп өтінеді.

«Жарайды, айтып көрейін», — деп уәдесін береді. Бірақ Кенесары Дәуітәлінің айтқанына көнбейді. Осы екі арада жаңағы бәйге болады. Бәйгеге шапқан қырық-елу аттың бесеуіне бәйге берілетін болады. Бас бәйге кілем жабылған түйе бастатқан тоғыз. Барлық бәйгені Кенесарының өзі беретін болады.

Жол ортасына дейін Кішіторы үшінші болып келеді. Алда Кенесарының екі аты — Қаракөк бірінші, Қарақасқа екінші. Жол ортасынан асқанда, Кішіторы екінші болады. Қаракөктің шабысы ерен. Бұрын-соңды бәйгеге шауып жүрген Атымтай мұндай ерен жүйрікті көрген емес. Атымтайдың ендігі бар үміті алдағы Жошы ханның орнында. Егер Қаракөк, Кішіторы сияқты ордан қоянша қарғып өтсе, онда амал жоқ, басқа аттар сияқты жалт беріп, орды айланып өтсе, онда Құдайдың жарылқағаны. Әне-міні дегенше көз ұшынан ордың жиегі көрінді. Атымтайдың ойын тақым қысқанынан-ақ білетін Кішіторы барын салып келеді. Бірақ маңайлататын Қаракөк жоқ. Кенет Атымтайдың аузынан «иә, аруақ!» деген сөз шығып кетеді. Оған себеп болған Қаракөктің жалт бергені. Орға жақындай бергенде, ол үстіндегі баланың қанша басқанына қарамай солға қарай жалт бұрылады. Көзді ашып-жұмғанша болмады. Кішіторы ордан қоянша қарғып өтті. Сөйтіп, сөреге бірінші боп жетті. Қаракөк екінші боп келді.

Кене хан аттың бәйгелерін бермекші болып, Кішіторының иесін шығартады. Дәуітәлі нөкерлерімен сонда екен. Хан:

— Әй, дулат ауылының болысы Дәуітәлі, аттарың озып мерейің үстем боп отыр. Кішіторының шабысына мен де риза болып отырмын. Түйе бастаған тоғызға тағы не қалайсың? Қалағаныңды беремін, — дейді. Оған Дәуітәлі:

— Қалағанымды берсеңіз, қалағаным қолымдағы ана екі тұтқынның бас бостандығы, — депті. Кенесары қасындағыларға: «босатыңдар!» деп әмір беріпті. Сол кезде Тұрғынбай бабамыз:

«Алмақтың да салмағы бар» деген. Хан ием мейірімділік жасап, сұрағанымызды берді. Бәйге сыйлығын алдық. Хан ауылымызға күнде келе бермейді, құтты қонағым болды. «Сыйға — сый, сыраға — бал», — деп Кішіторыны хан алдына көлденең тартыпты.

Ермекбайдың айтуына қарағанда, ол екеуінің бірінің аты — Қапар, екіншісінің аты Өден екен. Екеуі Дәуітәліге жүрек жарды ризалығын айтып, бастарын иіп: «Бұдан былай ұрлыққа бармаймыз», — деп уәдесін береді. Тұрғынбай бабамызға:

«Бұл жақсылықтарыңды еле-өлгенше ұмытпаспыз. Бұл жақсылықтарыңды баламыздың баласына өсиет етіп қалдыратын боламыз», — дейді екеуі. Сөйтіп, екеуі еркіндік алып, еліне аттанып кетіпті.

### 119. Дулаттың Кенені тастап кетуі

Арқадан дулатқа Кене келіп, қырғызды шаппақ болып, ел жинайды. Сонда төрт дулаттың (шымыр, сыйқым, ботбай, жаныс) үшеуінен жігіт қосылады.

Екінші жорық болғанда,  
Естіген дулат қалмады.  
Дөндесін деп Кене хан,  
Дулаттың аузын майлады.  
Олжадан өзі алмады...

Екінші жорықтан кейін Кенеге жігіт бермеген ботбай көсемі Сыпатай батыр келіп сәлем береді. Кене оның сәлемін алмайды. Сыпатай үндемей шығып кетіп, төрт дулатты шақырып алып: «Мұның пейілі тар екен, ат төбеліндей қырғызды талаумен тынбай, ертең бізді талайды. Бұған ермеңдер. Абырой алмайсыңдар!» — депті. Ел Кенені тастап кетіпті.

### 120. Кенесары мен Отыншы

Біздің жақта «дос болсаң, тама Танашпен дос бол» деген мақал болды. Бұл мақалды қайдан шыққан екен деп тексергенімде, уақиға былай болған екен.

Бір өзбек саудамен қырғызды аралап жүріп, панасыз бір жетім баланы қызметкер қылып ертіп алады. Баланың аты Отыншы екен. Баланың қызметі жылы жаққан соң, оқытып жақсы тәрбиелеп өсіреді. Отыншы өсіп жеткен соң өзбектің басты адамының бірі болып, әрі ақылшысы, әрі қолбасшы батыры болады.

Кенесары Қоқан өзбекпен жауласқан кезінде, Отыншы Кенесарының қолын үш рет мұқатып жеңіп, бірталай батырларын өлімге ұшыратып қайтарады. Отыншы өте тапқыр, шешен, өте мықты батыр болып, қазақтардың өлгендерінің көбі Отыншының қолынан қаза табады.

Қазақтың басты батырларын Отыншы түгел таниды. Отыншы қазақтардың соғысқа араласқандарын тегіс таниды. Сол кезде Наурызбай жас, төре тұқымының көрнекті батыры Ержан екен. Кенесары: «Отыншыны өзіме кісі қылып алар ма едім», — деп іштей солай ойлайды екен. Басқа қазақтар Кененің ойын танып: «Ол бізбен біріксе, ханды билеп кетіп, біздер елеусіз қаламыз», — деп күндеп және ыза ішкендіктен өшігіп, «қалай болғанда өлтірсек екен», — деп зығырданы қайнап жүреді екен.

Кенесары төртінші рет әбден сайланып: «Қайткенде Отыншыны ұстау керек, бірақ өлтіріп алмаңдар, оған тірі қорлық көрсетейік, кімде-кім тірі ұстаған жанға бөйге берем», — деп серттесіп, сөзді пісіріп алады.

«Шаһарға келіп, өзбекке бастап тиіндер де, қайта қашыңдар да, сусыз шөлге ұзап шыққан соң, қайта оралып ұрысыңдар. Қаланың аты да, адамы да Арқаның қарабайырындай шөлге шыдамды болмайды, Отыншыны сонда ғана ұстаймыз», — деп жоба жасайды.

Айтқанындай, қалаға тиіп, қайта қашып, шаршы түстің кезінде қайта тоқтап соғысқанда, өзбектердің аттары шөлге ұшып, ұрысқанда шабысқа жарамай, жеңіліп қайта қашады. Қазақтар қуып келе жатса, аты нашарлап Отыншы да қашып келеді екен. Алдымен Ержан төре жетіп, найза салуға оқталған кезде, Отыншы: «Әй, сен, келсең келші!», — деп бетіне ажырайған кезде, Ержанның дәті шыдамай, ілгері қашқандарды қуып өтіп кетеді. Онан кейінгі батырлардың да бірсыпырасы бата алмай өтіп кетеді. Бір мезгілде өлгендері өліп, өлмегені қашып құтылғаннан кейін оралса, Отыншы да қолға түсіп, аяқ-қолына кісен салынып қалыпты. Бұл хабар Кенесарыға жеткенде, Кенесары:

— Түсірген кім, Ержан ба екен? — деп сұрапты.

— Жоқ, басқа, — дегенде:

— Енді кім, көне қайсысың түсірдің? — десе:

— Жоқ, ол емес, мен түсірдім, — деген адам бірнешеу болып көбейіп кетіпті.

Бір мол судың басына қонып, жұрт жайланып тамақ ішкеннен кейін, Кенесары Отыншыны алдырып:

— Сен өзің түстің бе, кісі түсірді ме? — деп сұрағанда, Отыншы:

— Кісі түсірмей түсетін болсам, атқа мініп үйден шықпаған болар едім, — депті.

Кенесары «түсірдім» деген батырларды жинап алып:

— Мыналардың бәрі ме, түсірген бірі ме? Бірі болса, қайсысы? — деп сұрапты. Отыншы:

— Мұның бәрі де емес, бірі де емес, бұрын мен көрмеген жас бала, атын білмеймін, әгар түрін көрсем танымын, — депті. Кенесары басқаларды келтіріп:

— Көне, қайсысы? — дегенде, Отыншы қолмен көрсетіп:

— Анау тұрған сары пұшық бала, — депті.

— Аты кім? — дегенде, Баубек болып шығады. Кенесары қарап:

— Ұй, ана бала Баубек пе? — деген екен. Сонан кейін әлгі бала Баубек болып атанып кетеді (оның руы — қарауыл, мекені Атбасар түбінде). Кенесары:

— Қалай түсірді, — деп сұрағанда, Отыншы:

— Мен не боса да өлетін болсам, жастығымды алып өлуге ойлап келе жатыр едім, артымнан келген адамдар төніп келіп, найзам жетпейтін жерден өте берді. Өзім ұмтылып барып тиісуге атым жарамады. Бір мезгілде артыма қарасам, осы бала аты еркін жете алмай, жеткізіп «а, Құдай!» дегендей көзі жайнап, жалақтап келе жатыр екен. Көзі сыртымнан тесіп өткендей болды. Көзіне көзім түскенде, есімнен айырылып қалған сияқты болдым. Енді бұрылып алдыма қарасам, осы сияқты сары пұшық бала мың ба, жүз бе? Саны белгісіз, найзасы тиер-тимес жан-жағымнан қаптап кетті. Өлген жерім осы екен ғой, — деп аттан қарғып түсіп, отыра кеттім. Басқа бала жоқ, осы бала қасыма келіп, найзасын жерге тіреп тұра қалды. Артынан біреу келіп түсе қалып, қолымды байлады, біреулер келіп кісен салды. Сөйтті де «мен түсірдім, мен түсірдім», — деп мені бір көкбар қылып осы араға әкеп салып отыр, — дейді. Кенесары:

— Сен қырғыз едің, мен қазақ едім, сарт болып кеткенің қалай? — депті. Отыншы:

— Татқан тұз, жеген нанымды ақтағаным ғой. Кенесары:

— Сарттан жегенің артығымен ақталды ғой. Қырғыз бен қазақтан нан, тұз табылса, татпас па едің? — дегенде, Отыншы отырып-отырып:

— Бәлки тәтті болар еді, — дейді. Кенесары:

— Олай болса, өзіңді осы топтан кепілге кім алады? — дейді.

Отыншы:

— Анау отырған Жеке батыр алады, — депті. (Жеке батыр түбі қырғыз, ханның белгілі батырының бірі) Жеке батыр ұшып түрегеліп:

— Алдияр, тақсыр мына пәлені менен аулақ ете көріңіз, мен алмаймын, — дейді. Отыншы Жеке батырға қарап:

— Ау, тақсырмен күнің өткен алашапан сорлы екенсің ғой, — деді. Кенесары:

— Енді кім алады? Отыншы:

— Енді сен ал, — деп өзімді ешкімге кіріптар ете алмаймын, — деді. Кенесары үндемей төмен қарап біраз отырғанда, түбі — тама Танаш деген батыр түрегеліп:

— Тақсыр, берсеңіз, мен алайын, — депті. Кенесары:

— Жарайды, алсаң бердім, — деп өзіне оңаша байқа, әгар, бір жылға дейін бөтен сыр шықпаса, өзімізге кісі қылып алармыз, — деп беріп жібереді. Танаш үйіне әкелген соң, кісеніңді босатсам, мені ханға жаманатты қылмайсың ба? — дегенде, Отыншы:

— Еркек адамды ел ер дейтінін естімеп пе едің, ары бар, әйел адамның қашқанын көрдің бе? — депті. Танаш содан кейін босатып, оңаша үй беріп, бір жігітті күтуші етіп беріп қояды.

Отыншының жас келіншек әйелі бар екен. «Танаштың қолында Отыншы тірі кепілде» дегенді естіп, Танашқа тарту-таралғы алып, Отыншыға киімдерін әкеп, бір жақсы жарғақ тонды кестелеп тігіп әкеледі.

Отыншының әйелі сол тұсындағы қырғыз, қазақ, өзбектің сұлуларының бәрінен сұлу екен. Қазақтардың бірсыпырасы: «Әгар, Отыншы өлсе, біріміз алармыз-ау» деген үмітпен бұрынғыдан гөрі Отыншы өліміне тілеуқор болады. Тек ханнан аса алмайды. Әсіресе, Танаш: «Кепілге мен алдым, өзі де менің қолымда, сүйегі де менің қолымнан шықса, мына әйел менің мүлкім болмағанда, кімдікі болады?» — деп, Отыншыны

өлтіруге ойлап, ханға жамандап, астыртын шағыстырады. Хан жауап айтпайды.

Танаш ақыры үш рет жамандап: «Мен міндетімнен құтылдым, Отыншыдан қастық көрсеңіз, менен көрмеңіз, бұдан былай Отыншы өзіңізді өлтіруге келе жатса, көріп тұрсам да, мен сізге келіп айтады екен деп ойламаңыз», — депті. Хан жауап бермей қалады да, ертең елді жиып алып: «Отыншының сыртынан өсек бар, шын деп нануға бола ма? Өтірік деп қоюға бола ма? Бұл туралы қандай ойларыңыз бар?» — деп сұрапты. Сұлу әйелден үміт етушілер: «Тақсыр, бір қарлығаш жыланның жұмыртқасын шайқап шығарса, ішінен жылан туып, өсе келе өзін жұтып қойған екен, сол сияқты Отыншы бізге ел бола ма? Баяғыда өлтіріп тастау керек еді» — депті. Хан біраз отырып, басқа дыбыс шықпаған соң: «Бар, ендеше, Кенже», — депті. Кенже деген баятар тұқымы, өзі рақымсыз, кісі өлтіргіш жендеті екен. Жұрт тосып отырады, Кенже кетеді. Кенже кетіп бара жатқанда, Кенесары: «Отыншы өлерінде атам Абылайды боқтаса да, жасырмай айтып кел» депті. Кенже Отыншыға келіп: «Жүр сені хан шақырады дегенде, «білдім» деп орнынан түрегеліп, өзін күткен жігітке: «Еңбегің көп сіңіп еді-ау! Шіркін, дүние-ай! Аяқтай алмадым-ау! өзің киіп тоздыршы», — деп кестелі тонын жігітке өз қолынан арқасына жауып, «қош» деп Кенжемен еріп үйден шығып кетеді.

Ол уақытта өлетін адамның жараулы нәрсесінің билігі табалдырық аттағанша өзінде болады екен. Табалдырық аттап шыққан соң, өлтіруші адамның өлтірген ақысы болады екен. Кенже: «Менің өлтіретінімді біліп, тонды менен қызғанып анаған беріп кетті ғой», — деп, бұрын рақымсыз кісі оның үстіне Отыншыға өшігіп шығады. Бір оңаша судың басына келгенде, Отыншы:

— Басқа адам шақырса, мен бармайды емеспін, сен шақырған соң не болатынымды білемін, мен қаруласады деп қауіп етпе, мына судан дәрет алып екі ракат намаз оқуға лұқсат ет, — депті. Кенже:

— Үйдегі ызаң өтіп еді, оны өзім білермін, намазыңды оқы, — депті.

Отыншы дәрет алып, намазын оқып болып:

— Уа, Кенже! Еркексің ғой, ханыңа айтатын бір ауыз сөлемім бар, соны айтып бару атаң Баятардың аруағына аманат! — дейді. Кенже:

— Ендеше айт! — дегенде,

— Айтсам, ханың хан екен десем, шіркін-ай қам екен ғой! Аманатым осы, ал болдым, — деп екі көзін тарс жұмып, күнбатысқа қарап қайтып тілге келмей жүгініп отырып алады. Кенже біраз айналып жүріп басын тура шаппай, тонды қалдырғаны үшін оң иығын шауып түсіреді. Онан біраздан соң жаны қиналсын деп, сол иығын шабады. Денесі құлауға ауып бара жатқанда, үшіншіде мойнын шауып түсіреді. Отыншы ешбір дыбыс шығармай өліп кетеді. Кенже ханның ордасына келеді. Кенже келген соң өкімнің орындалғаны белгілі. Кенжені тосып ордада жиналып отырған жұрт, Кенесары:

— Жасырмай айтшы, не деді? — дегенде, Кенже:

— Ханыңды хан екен деп ем, шіркін-ай, қам екен ғой деді. Одан басқа ешнәрсе деген жоқ дегенде, Кенесары өз бармағын ауызына салып, ыңқылдап тістегенде, тіс бармағына кіріп кетіп қан ағып тұрады. Біреулер қолын ұстап: «Тақсыр, қолыңыз қанады, босатыңыз» — дегенде, қолын босатады. Қолының қанын біреулер байлап жатқанда, Танашқа ажырая қарап: «Анау отырған — Танаш батыр. Жігіттер, дос болсаң, тама Танашпен дос бол», — деп көзін алмай тұрып үш қайтарып айтады. Сонан кейін ел алдында Танаштың беделі түсіп қалып, елге мақал болады.

Ешкім «әйелді маған қос» деп батып айта алмайды. Келер жылы Кенесары әйелді шақыртып алып:

— Қосағыңнан айырылып сен арманда болсаң, қостасымнан айырылып мен де армандамын! Өлген адам тірілмейді, ер таңдасаң, еркінше құрық бердім, менен не қаласаң да, таңдаған қалауыңды ал, жарқыным! — депті. Әйел ұшып түрегеліп:

— Алдияр, тақсыр! Хан жарлығы қайтпайды, жарлықты екі айтпайды. Айтсаңыз, қалайтыным да бар, берсеңіз, алатыным да бар, әмір сіздікі, — деп екі қолымен жағасын ұстап, басын иіп тұрады. Хан:

— Айтқаным айтқан, ал дегенде, тақсыр, аман-сау орныма апартып салсаңыз, өзімнің қолқам да, ерімнің құны да толық, — депті. Кенесары аман-сау еліне апартып салады.



## 121. Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі

Кенесарының рақымсыздығы да өлшеусіз, кекшілдігі де өлшеусіз дейді. Мысалы, рақымсыздығы мынау: қытай, орыстың шекарасында Кенесары жатқанда, бір күні Кенесары бес-алты кісімен сейілге шығып, бір жас өспірім бала жігітке кездесіп, өлгі жігіт «жау ғой» деп «тоқта» дегенге тоқтамай, қаша жөнеліпті. Кенесары жолдастарымен қуып, жігітті ұстап алып, сол кезде басын қылышпен шапқызып, өлтіртіп жіберіпті.

Ол жігіт бір байдың жалғыз баласы екен, бір үйір қысырағы жоқ болып қарап жүрген. Жазығы «жау ғой» деп қорыққанынан шақырғанына қайырылмай қаша жөнелгені.

Кеңшілігі мынадай: Кенесары жолаушы кеткенде, әйелінен бір жігітті ұстап алып, Кене келгенше ұстап, байлап қойыпты. Кене келгенсін шештіріп қоя беріп, екі-үш күннен кейін өлгі жігітті шақырып, жоғары шығарып, қымыз беріп тойғанынша, жігіт тойған соң: «ішер жерім жоқ» деген екен, Кене айтыпты: «Тойып ішер жерің жоқ болса, енді бұдан былай тою керек, тойғасын қою керек», — деп басқа еш нәрсе демей қоя беріпті.

## 122. Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен

Кенесарының бір әйелі орыс патшасының қолына түсіп кетіпті. Сонан кейін Кенесары Атбасар қаласын шауып, екі жүз орысты ұстап алып, қаланың алғашқы салған орнын жоқ қылып, өртеп жіберіпті. Кенесары орыстан тұтқын ұстағанда қасқарая көшіп, шолпан туа елді қондырып, солай екі-үш көшкен соң, тұтқынды бос қоя беріп, отын тасытқызып, от жаққызып, жұмыс қылдырады екен. Бұрын көрмеген жерлері болған соң, қайдан келіп, қайдан тұрғанын біле алмай, басы айналып қаша алмайды екен.

Сол тұтқын орыстардың өздеріне жаздырып патшаға: «Менің әйелімді қайтарып берсең, мен қолымдағы тұтқындарды амансау түгел босатамын, өзім саған шарт қойып бағынамын, бір жылға шейін әйелімді қайтармасаң, түгел қолымдағы бар орыстарды бірін қалдырмай қырамын». Осы жазуды патшаға жеткіз деп хатты беріп, бір орысты Атбасарға апарып тастайды.

Ол хатты поштамен патшаның қолына тигізеді, патша Кенесарының әйелін өзінің қатын-қыздарымен қосып қоя берген екен. Патша хатты алған соң мақұлдап, әйелді көп сыймен қайтарып қоя береді. Әйел елге келгенде, жұрт ханның ордасына жиналып, ханыммен амандасып, біреулер «Орыс халқы қандай ел екен?», — деп сұрағанда, ханым: «Орыс деген өнерлі ел болады екен», — дегенде, Кенесары әйелді көзімен атып жібере жаздапты. Әйел басқа сөз айта алмай, патшаның жіберген қымбатты сыйларын шығарып, сала бастайды. Ел берген сыйларға разы болып, көріп отырғанда, ханым сыртына көз тұрмай құлпырып тұрған бір көк шыбар сандықты алдына қойып, қалтасынан кілтін алып: «Осы сандықты патша өз қолынан беріп, кілтін ашқанда хан өз қолымен ашсын деп, тапсырып беріп еді», — деп кілтті ханға бергенде, Кенесары ашуға ыңғайлана бастағанда, оң жағында отырған Ахметжан Кенесарыны кілт ұстаған қолын ұстай алып: «Тақсыр, осы патша бізбен басында қас еді ғой, абайлап ашсақ қайтеді?» — дегенде, Кенесары тоқтай қалып, түрулі тұрған есіктің дәл алдынан, анадай жерде көрініп тұрған төмпейдің үстіне сандықты қойғызып, өзі үйдің төрінде отырып, садақпен көздеп тұрып, өз қолымен садақты тартып қалғанда, сандық тарс етіп атылып кетіп, төмпейді көтеріп тастап, өзі қайда кеткені белгісіз жоқ болып кетіпті.

### 123. [Кене әскерінің Ақмолаға ойысуы]

Қызылжардың жерін біржола өлшеп алуға келген инженер және Аргерей генаралдың келгенін көрген Кене хан біраз сарбаздармен барып, оларды түріп айдап шықты. Олар Николайға: «Кене бастаған қазақ батырлары бізге қарсы шықты», — деп арыз етті. Николай көп салдат жіберді.

Николай салдаттарын Кене бастаған қол бері өткізбейміз деп, қанша қолмен қарсы тұрды. Николайдың салдаты қаптап келіп қалды. Тарақты Байғозы батыр мен арғыннан Ағыбай, төртуылдан Жанайдар және тама Танаш батырлар бастаған екі жүз елу қол Николайдың салдатымен ұрыс салды.

Қызылжар басында жеті күн, жеті түн керемет ұрыс болды. Екі жақтан да адамдар көп қырылды. Батырлар оңынан да

кірді, солынан да кірді. Бірсыпырасын Кене әскері қырды, әбден қызыл қанға батып өшікті. Ақырында жауыз Николайдың салдаттары әбден жеңіле бастаған соң, зеңбірек атқылады. Кененің нөкерлері зеңбіректен қорқып саспады, алға қарай ұмтыла түсіп, бекіністерді алды. Көп салдаттарын қолға түсірді. Николайдан екі жүз елуден астам салдат қырылды. Кененің бес жүз нөкері өлді. Жарым жартысы қолда қалды.

Сонда Ағыбай батырдың Кенекеңе айтқан сөзі:

«Қазақтың мақалы бар еді ғой «орыс көп пе, орман көп пе?» дейтін. Мұның ар жағынан келе беретін ләшкері көп, санаулы ләшкеріміз болмаса, елдегі дұшпандарымыз да аз емес еді ғой, халықтың мақалы бар еді ғой «ер жігіт қос табар» деген. Қызылжарды тастайық, Көкшетауды алайық», — деді. Төре: «Мақұл», — деп Көкшетау келді. Батырлардың бәрі аман, жалғыз-ақ бес жүздей адам соғыста қаза болды. Бұлар Бурабайдан қоныс алды.

Ат жақсысы мінілді,  
Сауыт жақсысы киілді.  
Ғаламға соғыс салғаны білінді,  
Достар бұл іске сүйінді.  
Николай жауыздың сөзін сөйлеген  
Дұшпандар күйінді.

Осы арада Кененің әскері екі айдай аттарын тынықтырып, жабдықтарын сайлап, ел ортасында, Арқада жатқан әскерлерін шақыртты.

Қайраты қара бастан қайтпаған алып ер — тамадан Жолдыаяқ батыр, Өмірзақ Доғалақ батыр, Шушақ Бәйтелі батыр, Тарақты Құлжан батырлар бастаған он мың әскер мен Кененің Көкшетаудағы бекініс қамалына қосылды. Әскері көбейіп, күші артып, енді Николайға ойран салуға ойлады.

Керей советник Тұрлыбек жауыз Николайдың сөзін сөйлеген сұмырай екен. «Кене ханның көп мыңдаған әскері келіп, менің Көкшетаудағы жерімді басып-жаншып, қоныс салып, алып қойды», — деп Николайға жансыз хабар берді. Кенеге өшіккен Николай патша он мың салдат жіберді. «Кененің әскерін қыр, Кенені ұстап әкел!» — деді. Николайдың қару-жарақты салдаттары бекіністе жатқан Кененің әскеріне шабуыл жасады.

Қарулы Кененің қалың әскері жаудан беттері қайтпай зор майданға шықты.

Майлықөбек бастаған мың қол әскер Николайдың жеті жүз салдатын қырды. Тама Танаш батыр, Жолдыаяқ батырлар мен Ағыбайлар соғыста айналысымен асып, Николайдың салдаттарын жұсатып салды. Таудың тастары аспанға атылды, тас қанға боялды, керейлердің байтақ даласы өлген адамның денесі са-сыды. Соғыста Кененің нелер батырлары оққа ұшты.

Тұрлыбек Николайдың салдаттарына ат та, кісі де, ас та беріп көмектесті. Кененің Ағыбай бастаған әскері патшаға көмек көрсеткен Тұрлыбектердің жылқысын айдап алды. Патшаға көмектескен адамдарды қолға түсірді. Керей ішіндегі Тұрлыбектің сілтеуімен Николайға көмектескен байларды әлсіретіп, Николайдың жіберген он мың әскерінің жеті мың үш жүз дейін қырып салды.

Қалған салдаттары тым-тырақай жоси жөнелді. Кененің әскері Көкшетауға Бурабайға орнықты. Көкшетаудің Оқжетпес биігіне Кенекең шықты. Көкшетауда «арпа жолы — Ағыбай жолы» атанды. Кененің қалың әскері бұл жерде қоныс алып, ит жүгіртіп, құс салды. Кененің әскерлерінен басқа жан баласы Көкшенің биік шыңына оқ атып, оғын жеткізгені болмаған. Со-нан оны «Оқжетпес» қойған. «Арпа жолы» деп атауы — Кененің әскеріне азық тасыған жолды «Арпа жолы» деп атаған. Кенесары Бурабай тауында ит жүгіртіп, құс салып аң аулап жүргенінде бір биік жартастың үңгіріне түнеп жүреді екен. Соған ол үңгір «Кенесары үңгірі» аталып кетті. Ол үңгірдің ішіне Кенесары киіктің етін асып жеген. От жаққан орны әлі сол күйінде тұр.

Кененің әскері Бурабай, Көкшетау бойында бір жаз, бір қыс мекен етті. бұлар демдерін алып, ат-тұрмандарын сайланып алысты. Азықтарын сайлады. Ел ішінде кімнің жау, кімнің қас екенін білді. Николай патша Кененің әскерін қыру мақсатымен тағы да он бес мың салдат жіберді. Бұл жерде он үш күн күні-түні қан майдан соғыс болды. Ағыбай әскері Бурабай биігіндегі салдаттарды таудан тасша домалатты. Сармантай, Алшағыр, Тоғанас батыр, Наурызбай, Жанайдар батырлар асқан қайратымен әрі айналысымен Николай әскерін есепсіз қырды. Бірақ құмырсқадай жержүзін басқан әскерді қырып бітіре алмады. Қару-жарақты, зеңбіректі Николай салдаттары күшін жинап, соғысқа өлген-тірілгеніне қарамай кірісті.

Кененің мың жарымдай әскері оққа ұшты. Кененің неше түрлі мерген, алуан алып, қайраты күшті, айлашы әскерлері Николай салдаттарының оғынан қаза тапты. Беті қайтқан Кене әскері Ақмолаға қарай ойысты.

## 124. Кенесарының қырғызға ақырғы аттанғаны

Маған айтушылар Шыңбай Мыңбайұлы әм Бектемір молла анық білмейді, иә Атбасар, иә Ақмола, Адыр қаласы салып жатқанда, — салғызбаймыз! — деп Кенесары үш рет шауып, үйлерін бұзып, ақырғы ретінде зеңбірегін, басқа мылтық қару-жарақтарын алды. Бір үйдің ішінен бір үлкен темір сандық шықты. Соны сындырып бұзғанда, ішінен алтын-күміс теңгелерін алып, басқа толып жатқан көк ала, сары ала, сұр ала алақанның үлкендігіндей онан кіші қағаздар шықты. Сол қағаздарды Шыңбай алып желге ұшырып жатқанда, қуандықтан келген бір адам: «Мұны маған бер? — деп жиып алды, — үйге барғанда балдар ойнасын», — деп.

Кенесары қолдарымен қайтқанда әлгі адам қағаздарды жиып алған көрінбей кетті. Кенесары зеңбіректі, мылтықты болған соң үйде жата алмай, қолға хабар салды: «Бір ай бұрын қолдар қамдансын, қырғызға аттанамыз!» — деп. Айтқан күні болған соң әскер шеру тартып жүрді.

Шудан өтіп, Алатаудың баурына келгенде, Есқожа әм Қанай дегендерге салғызған сүбі қорған бейіттерін бұзып, бұза бастады. Мұны Ағыбай көріп, «бұзбаңдар?» деген сөзіне қарамай, тыңдамай тағы бұза бастағанда, Ағыбай ашуланып: «Қырғыздан бұрын мен сендермен соғысамын!», — деген соң, Кенесары естіп, тоқтатты. Ағыбай Кенесарыға айтты:

— Біздің жолымыз болмайды, қайтайық, Есқожа, Қанай зайырлы кісілер деуші еді, бұлардың бейітін бұзғаны дұрыс емес, — деп.

Бұл бейіттің құйған кірпіштерін ешкінің майына қайнатқан деседі айтушылар. Ағыбайдың бұл сөзіне Кенесары бала биі Досболға қарады. Досбол — үйсіннен қолға түскен жас адам, өзі тілді, сөзшең, Кенесарының ақылдасар адамы. Досбол не айтса, сонысын орындайды. Сондықтан жас болған соң «бала би», шын аты — Досбол. Досбол:

— Ей, Ағыке, жоқ сөзді айтасың, баланың ойынындай бейітте не түр дейсің? — деп жақтырмады. Ағыбай:

— Иә, Кене! Бұл Досбол түбінде сенің қан жыныңды төгеді, осы сапар-ақ төгер, Досболдың ішінен кегі кетпейді, елін шауып жесір-жетім қылғаның, — деп өз бетімен жүре берді.

Наурызбай, Ағыбай екеуі Досболдың ақылына көнбей, бөлек өз беттерімен жүруші еді. Қол Алатаудың Кекілік кезеңінің қасына келіп, үш күн жатып, соғысқа дайындалып, жиналып дайын тұрды.

Кенесары Кекілік кезеңінің үстіне зеңбіректі құрып, күрсілдетіп ата бастады. Қатын-балалардың, малдардың қаны судай ақты. Бірнеше күннен соң күндіз-түні бірдей атқаннан зеңбірек орта белінен үзіліп, сынып қалды. Қолдардың күші азая бастады. Кекілік кезеңінен қайтып құлады.

Бұл соғыс уағында өзіне қараған адамдарын жібермей әм өзі кірмей кейін қалып, бала би — Досболдың не қылып жүргенін байқады. Досболдың қырғызға жіберген кісісін ұстап алып, қатты қысып, «өлтіремін», — деп қанжарын сурып алып алқымына таяп қойып сұрады: «Неге жіберді?» — деп, сонда айтты:

— Үйсінге қараған адамдар Кекілік кезеңінің күн батыс жағында болады, өзгелер Шуға қараған жақта, бүгін бе, ертең бе қол қашады, қашатын күні осы кісіні жіберем, үйсін қырғыздың баласымыз, жиналып Кекілік кезеңінен құлап дайын тұрсын, суды жібермей бүріп алсын, — деп.

Ағыбай таңертең Кенесарыға айтты:

— Иә, Кенеке! Қырғыз Кекіліктен асып құлады, қаның төгілді, Досбол кегін алды, Наурызбай мен мен бес жүз иәки елу кісімен Кекілік кезеңінің екі жағында тұрып, қырғызға бөгеуіл салып, қолды Шуға қарай жөнелтейік, біздің орнымызға қатындар буаз шығар, — деп. Мұны Досбол естіп:

— Ей, Ағыбай! Жеті қабат Алатауды айналған қырғызға мың кісі не қылады? Қол ертең кешке қашсын, Кене ағаң екеуіміз ұйғардық, — деді. Ағыбай:

— Иә, Кенесары хан! Дәміңнің таусылған жері, осы жерде өлдің, қош, қош-қош! — деп атына мініп, өз қосынындағы Наурызбайға келіп айтты:

— Ей, Науанжан! Әлі де болса Кене ағаң менің тілімді алсын, тілімді алса, өлімнен аман қалады, қазірден бастап Кене ағаңды көп қолмен Шуға қарай жөнелтемін. Науан Кенесарыға айтқан.

Кене ағаң: «Бала би — Досболдың айтқаны болады» — деген соң, Науан қайтып келіп Ағыбайға айтты. Кенесары қырық төрт жасында, Наурызбай жиырма үш жасында қырғызда қалды.

Ағыбай үндемей атқа мініп, өзіне қараған кісілерін өз қосынын жиып: «Бүгін кешке қол қашады, біз Алатаудың бауырымен күншығысқа қарай қашамыз, көйлектеріңді сырттарыңнан киіп, аттарыңды ерттеп, қостарыңды артып, дайындалып отырыңдар?». Өзі Наурызбайға келіп:

— Иә, Науан! Бізбен бірге қашсаң, өлімнен амансың, қаның төгілмейді, не айтасың? Бұрынғыдай Кене ағаңның атын жетектеп, біреулер айдап, жан-жағынан нөкерлеп қоршап алып қашпайды, әркім бет-бетімен қашады, «тұрымтай тұсына, балапан басына» деген. Науан:

— Ей, Ағыке! — деп жылап тұрып айтты: бұрынғының сөзі бар ғой «екі қатынның баласы — екі рулы ел» деген, мен Кене ағаммен бірге өлейін, елдің өсегінен қашып, — деп Ағыбайға рұқсат қылды. Кеш болған соң Досбол Кенесарының қосынынан шығып, өзі «қол қаштылап» айғай салды. Қолдар бет-бетімен қашты.

Ағыбай өзіне қараған алпыс екі кісісімен Алатаудың етегімен күншығысқа қарай кетті. Шыңбай екеуі қылыш-қанжарларын асынып, ақжелек найзаларын қолына алып, алпыс кісіні алдынан жүргізіп, екеуі артынан шабуылдап қашты. Бір түн, бір күнде Шудың ну қамысының ішіне кіріп, екі күн жатып, Шудан өтіп, өз елінің шетіне келіп, түнде Шыңбайды аулына жіберіп, Талшыбық бөйбішеге: «Шұбыртпалыға қараған елдің сынық аяғына шейін қалмасын, жұрт жаңалаймын, — деп, — біздің жонымызға қарай қонсын, — деп, — ертең кешке біздер барып Арқаға көшеміз, — деп. Талшыбық бөйбіше дайындалып отырғанның үстіне, Ағыбай келіп, Сарыарқаға қарай бет алып, келе жатса, Кенесарының Шұбарының үйірі кез болған соң айдап кетті.

Кенесары қандай шабыншылықта жүріп қысылса да, өз бетімен қашпайды. Біреу атын жетектеп, жан-жағынан батырлар қоршап, біреулер атын айдап қашады екен. Сасқанда: «Көсе қайда?» — деп жан-жағына алақтап, Ағыбай келгенше шыдамайды. Ағыбай найза жететін жерден найза жұмсайды, жетпесе, садақ оғындай найзаны атып жіберіп, тағып қойған шыжым қайысынан тартып алып, екінші найзасын жөндеп алғанша, иә қылыш, иә қанжар жұмсайды екен. Сонша жылдам. Бейсауат

кісі өлтірмеген, өзіне келер зақым болмаса. Қарт Бөгембай, басшы Бұғыбай, Кенесары да жоқ, Абылайдың заманында болған. Кенесарыдан Ағыбай айырылғанда қырық төрт жасында, сексен үш жасында өлді.

## 125. [Кенесарының қырғыздармен соғысуы]

Ел ішіндегі байлардан, зұлымдардан патшаның адамдарынан қорлық көрген адамдар жан-жақтан тағы да ағылып Кененің қолына келіп жатты. Олар Кенеден рұқсат алды. Кене қорлық, зомбылық көрген ержүрек ерлерді есепсіз әскер тобына ала берді. Ақмола, Қарқаралы да, Ақтауда, Баянауыл, Қызылжар, Көкшетауда Кененің сөзін сөйлеп, сойылын соққан айтулы батырлар тобы құрылды. Кененің Ақмолаға келу қарсаңында ел ішіндегі батырлар Кенемен хабарласып, Кененің келетін күнін тосты. Бір жерден ұшырасты.

Кененің әскерінің қаптап келе жатқанын естіген Ақмоладағы Қоңыр төре, қыпшақ дуанбасы Ыбырай, Шорманның Мұсасы, Жамантай төре т.б. қазақ орыс бастаған Николайдың адамдары Кенеге қарсы Ақмоланың күнбатыс жақ (Жөкей қаласы дейді) шенінен қорған соғып, өздері қорғанның ішінде паналамақшы болды. Қорған соғылды. Кененің әскерлері күнге шағылысқан ақбоз, қылаң аттарымен тамаша жарасымды сәулетпен шеру тартып, жыр жырлап, жер қайыстырып, аспандағы аққуға ән қосқан неше алуан әншілермен келе жатты. Кененің әскері жүріп келе жатқан жол үстіндегі елдер қарсы алады, көп кісімен салтанатпен алдын тосады. Жаужүрек батырлары Кенеден рұқсат алып, әскерге қосыла берді.

Осы салтанатты алапатпен жүріп отырып Кененің әскері Ақмоланың күнбатыс жағынан келіп тиді. Кененің келуін тосып жатқан таяу елдегі Тілен батырдың бес жүз әскері Кенеге қосылды. Сансыз қалың әскер Ақмоладағы жауыз патша Николайдың оң көздері мен қазақ орыс ішіндегі сұмырайларға садақ тартты. Қамал соғып берік бекінген жау мызғымады.

Кененің ақылгөй қолбасшыларының бірі тапқыр, білгіш, айлакер, жолшыл ері шұбыртпалы Ағыбай батыр еді. Ағыбай:

— Осы қаланы мына сарттар мен қазақ орыстың шапандарын киіп алып, май жағып, от тұтатып үйлердің үстіне тастайық, со-



дан қала өртенеді, қаладағы қамалдағылар еріксіз шығады, оларды сонда жосытармыз, — деді. Ағыбайдың сөзін Наурызбай да мақұлдай қалды. Басқа батырлар да мақұл көрді. Сонда Кене хан:

— Бәрлерің де найзаның ұшына сарттың ала шапанын майлап отқа тұтатып, үй үстіне таста! — деді. Кененің аузынан шығуы-ақ мұң екен қалың әскер қалаға лап қойды. Әрқайсысы үйге кіріп, қолына түскен шүберек заттарды отқа тұтатты.

Қала алай-дүлей өрт, айқай-ұйқай, у-шуға толды. Соғыс тынбастан бір жетідей болды. Соғыста Кененің әскері де қойдай жусады, Кененің ең басшы бір батыры — Жармантай, Тоғалақ батыр, қыпшақ Басықара, бөрші Базар батыр азаппен өлді. Николайдың, Қоңыр төренің, қазақ, орыстың итаршы төбеттері де сағат сайын дембе-дем өліп жатты.

Кененің әскерлері ақыры Ақмоланы жеңіп алды. Содан кейін өңшең ат құлағында ойнаған берендер Күйгенжарда тұратын қыпшақ дуанбасы Ыбырайдың тұқымдарымен де шайқасып, Күйгенжардың шегінен өрт салып, дуанбасы Ыбырайдың сөзін мадақтаған, сойылын соққан қандыбалақ қулар Кене ханның әскерлерінің тұзағына түсті. Кененің қалың әскері Күйгенжардың басында шатыр тікті. Бойына күш-қуатын жинап алғаннан кейін Ақмола байлары мен оларға болысқан қазақ, орыстар қару алып, атқа мініп, шошаңдап қайта шықты.

Бір жеті жатып тыныққан Кененің әскерлері сайдақтанып қайтадан сілімтіктерге қарсы жасаққа шықты. Ақмола, Семей, Кереку, Қарқаралы, Ақтау дуандары мен ел ішіндегі қазақ байлары Кененің әскерлерін мүлдем құртпақшы болып тоқтам алды. Дуанбасы Ыбырай, керей Тұрлыбек тағы-тағылар бұған қолқойды. Үдеген соғыс ешкімнің өлген-тірілгеніне қарамайды. Ержүрек Ағыбай батыр бастаған қырық әскер жаудың қаптап жатқан қалың тобырларын топырлата бастады. Батырлар темір құрсау киініп, сауыт-сайман, қару-жарағымен жаудың тобына садақтың оғын бұршақша жаудырды. Садақтың оқтары жаудың шиті мылтықтары мен саты қанжарларынан басым болмаса, кем тиетін емес. Екі жақтан көп адам шығын болды. Наурызбай мен Ағыбай тағы басқалары: «Енді соғысты тоқтатайық», — деді. Кене бұлардың бұл кеңесіне көне қойды. Бірақ әбден көзі қызарып иттей болған Ыбырай мен Тұрлыбектің адамдары соғысты үдете бергісі келді. Кененің қарулы қайратты көп берен сұңқарлары қазақ, орыстар мен қазақ байларының

салдаттарының аттарын алып, жаяу айдады. Осы соғыс Ақмола үстінде ұзаққа созылып, Кене ханның нелер маңғаз, жортуыл ержүрек батырлары қаза тапты. Нелер сайгүлік аттары шөлдеумен зорығып, оқ тиіп аяқ астында қалды. Жанашыр Қарабас, Тәйке, Көбек тағы басқа толып жатқан батырлардың өлімінен кейін Кене соғысқа көп беттемеді. Қазақ орыстармен ауызба-ауыз сөзге келмекші болды.

Бұлар Құланөтпеске келіп, аттарының ерлерін алып, киімдерін бір-ақ шешінді. Жеті дуанбасылары ондағы болыс-билер орыстың жандарал ұлықтары келді. Екі жақ ары сөйлесті, бері сөйлесті, сөйтсе де ешбір бітімге келісе алмады. Үш айдан кейін сөзбен емес, батырдың қайратымен, қазақ халқының көмегімен Николайдың күлін көкке ұшырып, мылтықтың оғы мен зұлбұхардың дүзімен қаратып аламын деді. Кене тоқтамаған соң, Николай салдаттары үш айдан соң «сені таза тақыр етеміз» деп, сілдесі құрып Ақмолаға қайтты.

Кене әскері бұл жерде біраз тынығып алып, Ақтауға барды. Ақтаудағы бекініп алған, қамал салған, қала салған орыстармен ұрыс салып, оны да жеңді. Ақтау қаласының тастан соққан үйлерін құлатты, өртеп жіберді.

Бірақ Сарыарқаға күн сайын қаптап келген салдаттар Кенеге тыныштық бермеді. Кене ешбір жерге түпкілікті қоныс теуіп тұрақтай алмады. Кене Алатауға бет түзеп қоныс аударды. «Қырғыз бен қазақ қаны бір туыс еді. қазақтың басына туған қаралы күн соған да келеді. Қазақ халқын Николайдың талау қысымынан босатуға жәрдем бер», — деді. Бұған патшамен ауызжаласып қойған қырғыздың Орман, Жантай деген манап, бектері көне қоймады.

«Бізге орыс келіп тиген жоқ, қазақтың жер ауып қаңғырып келген төресінің сөзі керегі жоқ», — деп барған елшіні ұстап алып, қинап өлтіреді. Кенесары бұл қорлыққа шыдамай қырғызбен соғыс салды.

## 126. [Кенесарының қырғызға елші жіберуі]

Ел жайлаудан түсіп, Шудың бойында торыған кез екен, бір күні ертең ерте ақ қырқаға толған ақ үй қонып қалыпты. Сүйтсе, ол Кене ханның ауылы екен. Қордайдан түнде асып,

сол жерге келіп қонған екен. Біраздан кейін ауылға жасауылдары келіпті. Менің әкем қасына кісі ертіп, ерулікке сойыс салып алып ханның аулына барыпты. Оларды қонақ үйге түсіріпті. Бір кезде хан шақырады деп екі жігіт келіп, оларды ертіп ханның үйіне алып кіріпті. Сәлемдесіп, жөн сұрап болғасын Кене хан: «Жантай, Ормандармен ұрысайын деген жоқ едім. Ел болайық дегенге көнбеді. Жауға қосылды. Елшімізді байлады. Ұрлығын былай істеп жатыр. Кінә өздерінде, ертең елін шабамын. Дулат баласы іргелі ел едіңдер, көздеріңмен көріп, олжаларыңды алыңдар», — депті. Айтқанындай, ханның қолы ертеңмен Шудың арғы жағына өтіпті. Піспектің қасындағы қара ағаштың бергі түбінде қырғыздың қолы кездесіп, соғыс болып, қырғыздың батыры өліп, қырғыз қолы қашыпты. Қырғыздар бет-бетімен тауға қарай көшіп қашыпты. Түскен олжаны хан елге таратып беріпті де, теріскейге қайта көшіп кетіпті.

Қысты күні Кене хан Жантайға тағы адам жіберіпті. Басшысы Өтеген батырдың немересі Орман деген шешен адам екен. Бұғыбай, Саурық бастатқан батырлар барыпты. Қырғыздар қошеметтеп сыйлапты. Бірақ екі ай жатқызып, жөнді жауап бермей аттандырыпты дейді.

## 127. Кенесарының жеңілу себебі

...Қырғыз бен қазақтың арасында келіссөз жүргізіп, бітім жасап қайтуға Бөгенбай қарт қырғызға барады.

«Қырғыз-қазақ бекер жауласпайық!» — дейді Бөгенбай. Ол келген соң, бата қылу үшін қырғыздар айшық мүйіз көк қошқарды алып келеді. Бөгенбайдың айтқан батасы: «Осы келісімді кімде-кім бұзса, осы көк қошқардай бауыздалсын», — депті.

Қайтып келіп Кенесарыға айтқанда, Бөкеге айтқаны:

— Бөке, қартайған екенсің, менің күткен келісімім бұл емес еді ғой. Бөкең:

— Ә, солай ма? Ә, қартайсам, қартайған шығармын. Төреге ерген ер-тоқымын арқалайды дегендейін, енді қалған арғын-қыпшақты осылай еткің келді ме? — деп, етегін үш қағыпты. Ал, енді маған еретін арғын-қыпшақ, маған еріңдер, төреге ергендерің осы жерде қалыңдар! — деп шығып кетеді.

Сонда Кененің әйелі Күнімжан:

— Әлгі қарт қайнаға етегін үш қақты-ау, байқадыңыз ба, ренжітпесеңіз жақсы болар еді, — дейді. Кене:

— Уай, алжыған қартты қой! — депті.

Осы сөзді есіткен арғын-қыпшақ Бөкеңнің соңына еріп кетті.

Осыдан кейін Кененің ісінің оңбауына, жеңілуіне себеп болған осы дейді.

## 128. Кенесары әм Наурызбай Қасым ұлдары

Қасымның үлкен қатынынан — Есенгелді, Саржан әм Кенесары, тоқалынан — Наурызбай, қарындасы Қарашаш, үйсіннен шабыншылықтан келген әйелінен — Бопи. Ағыбайдың әкесі Олжабай онымен бірге туысқандар — Маңабай, Таңабай, Мыңбай. Кенесарының қолдарының ішінде шұбыртпалы алпыс екі үй.

Таңабай әскердің ішіндегі үлкен, қадірлі өзіне бөліп берген әскерге қолбасшы. Шұбыртпалы қолдының ішінде рулы ел ешкім батпайды, өздері тиіссе де, қарсы келмейді. Ағыбай Олжабайұлы ешбір қолбасшылықта жоқ, Кенесарымен құрдас.

Бір уақытта қол жорыққа аттанып бара жатқанда, бір сары шымшық торғай Ағыбайдың басына келіп қонып, біресе екі иығына, иегіне, мұрнына қонып жүргенін қолдар көріп, Ағыбайдың қасына келіп, торғайды түртіп: «Қонатұғын кісіге қонбай, қонбайтын кісіге қонып», — деп тамаша қылышты. Торғай бір көш жерге шейін қонып, көрінбей кетті.

Ағыбай көселеу, селдір сақалды ұзын бойлы, шүңірек көзді, зор иықты, қолдарының толарсағы қолдарын баурына игенде бөлек бір тұтам шығып тұрады. Тоғыз қазықтан білезіктеп тістеген найза, найзаның түбінде құлаш жарым шыжым қайыс бар, құланның үйегінен (бауыр терісі) таққан. Төсіне екі өкпесіне ұстайтын шарайнасы бар, жанында қылыш әм наркескен қанжары болады.

Кенесары Ағыбайды «Көсе» деп шақырады, «Ағыбай» деп атамайды. Наурызбай әм Қарашаш екеуі Ағыбайдың үйімен бірге. Ағыбайдың әйелі Талшыбық бәрін басқарып, шаруаларына қарап тұратын. Қарашаш әм Наурызбай «әжелеп» ерке-

леп тұрады. Туған шешесіндей, Талшыбық туған балаларындай күтеді.

Қарашаш ұзын бойлы, шашы, қасы-көзі қара, аққұба, қыр-мұрынды, нәзік белді, саусақтары ұзын, жіңішке. Талшыбықтың айтуы:

«Қарашаш арман қылушы еді «Еркек болып, Науанжанмен бірге жүріп қайратымды көрсете алмай кетіп барамын», — деп. Ағыбайдың немере інісі Шыңбай Мыңбайұлы ұзын бойлы, зор иықты, өзі аусар, салғырт батыр. Наурызбай мен Ағыбайдың үйінде жүреді. Ағыбайдың үлкен әйелінен: Аманжол әм Аманбай, кіші әйелі Шөкіжаннан — Сопы әм Дуана.

Кенесарының әскерінің ішінде бірге жүрген Құдайменде деген төре болған. Құдайменде төренің балалары Қарқаралы уезіне қараған Тоқырауын елінде. Есенгелді ержеткен қызын сол Құдаймендеге айттырған Есенгелдінің үйінде болады. Бұл қызға Наурызбай барады. Құдаймендеге қыз риза болмай, Наурызбайды қоймайды. Ақырында, бұл жұмысты Кене ағаң естиді. Не қыларын біле алмай, қапада болып: «Әгарда Науанжанды жазым қылсам, жауға қарсы шабар туысқаным жоқ, жалғыз қаламын және Ағыбай шығарып бере қоймас», — деп ойлап тапқаны: Наурызбайдың қасына еріп барған кісілерді ұстап өлтіре берсе, еруге кісі шықпаса, жалғыз бара алмас еді — деп лайықтады. Жансыздап Құдаймендеге хабар қылды. Бұл сөзді Наурызбай естіп, бұрынғыдан жаман қатайып: «Менің қасымдағы жолдасымды қаңғырып келген Құдайменде өлтіретін болса, басын бірақ кесермін!» — деп, далада баялыш шауып жүрген Шыңбайға қарсы шауып, жанындағы қанжарын суырып алып: «Уа, Шыңбай! Басыңды төсе, шабамын!» — деп дауыстап келе жатқанда, Шыңбай «алдиярлап!» қолын қусырып, басын төсеп тұрды. Наурызбай қасынан шауып өтіп:

— Иә, Шыңбай, қорықтың ба? — деп сұрағанда, Шыңбай айтты:

— Төре екі сөзді бола ма екен, айтқан сөзін орнынан шығару керек емес пе? Наурызбай:

— Жарайды, Шыңбай! Бүгін кешке менің қасыма ер, өлімге апарамын, — дегенде,

— Алдияр жарайды! — дейді Шыңбай.

Түн болғанда Наурызбай Шыңбайды ертіп алып, Есенгелдінің аулына келіп: «Шыңбай атпен арала, кім бар, әбден

байқа?» — деп. Шыңбай аралап: «Ешкім жоқ, көрінбейді», — деген соң, аттан секіріп түсіп: «Шыңбай, мен үш дауыстап, кет десем, кетерсің, әгарда қасыңа келген кісі болса, мә қанжар, осымен шауып өлтіре бер», — деп өзі қыз жатқан үйге кіріп кетті. Сонда Құдайменде бір үйде жолдастарымен жасырынып отыр екен. Құдайменде жүгіріп келіп үйдің есігін басып тұрып, жолдастарына айтты: «Бар, жолдасын ұстап алып келіңдер? Осы есіктің алдында бауыздаймын», — деп. Екі кісі далбандап жүгіріп келіп, Шыңбайды ұстаймыз дегенде, екеуін қанжармен екі шапты. Екеуі Шыңбайды ұстамақ түгіл, өздерімен-өздері әлек болып, ойбайлап қалды. Наурызбай үйде жатып дауыстады: «Уа, қаңғырып келген Құдайменденің жүз жігітіне менің жалғыз Шыңбайым да болады!» — деп үйден жүгіріп шығып, Шыңбайдың қасына келіп сұрады:

— Амансың ба? — деп. Шыңбай:

— Аманмын, — дегенде атына мініп қайтып кетті.

Саржанның Айымжан деген қызына Ағыбайдың әкесімен бірге туысқан Таңабай баратын еді. Таңабай сұлу, көркем адам. Төре екен деп «алдиярлап» қалады. Таңабай қатын алайын десе, қыз алғызбайды. «Өзің ти» десе, «Кене ағаның рұқсатынсыз тие алмаймын ғой» деп. Төрелер қазаққа қыз бермейтін. Ақырында Таңабай үйсіннен әйел алып келіп отырғанда, Айымжан айтты, жаңа түсіп отырған келіншекке: «Сорлы-ау, неге келдің? Таңабайды саған қор қылып қоймаймын!» — деп. Ақырында у беріп өлтіреді.

Бопы әуелі шаруашылық жағын басқарып жүретін адам болды, Есенгелді, Саржан әм Ержанды сарттар өлтірген. Соның ауылдарын, көші-қондарын, шаруаларын басқарып жүруге Кенесары Ағыбайға тапсырды. Ерте-кеш солардың шаруаларын жайғап жүргенде, Есенгелді, Саржанның қатындары: «Ағыке, бүгін қоныңыз?» — деп етегінен ұстаса, «тәй, нан жауғыр!» — деп етегін сілкіп тастап, жүріп кетеді. Осындай жұмыс бірнеше рет болған Ағыбай ешбір уақытта мойын бұрмады. Ханымдар Ағыбайдың мұнысына ашуланып, Кенесарыға шағыстарыды. «Көсе біздерді мазақтап, күлкі қылғысы келеді», — деп біреуден айтқызып. Бұл сөзді Ағыбайға біреу айтады. Кенесары бұл сөзге ашуланып, Ағыбайды шақырта кісі жібереді. «Иә, Ағыке, сизді хан шақырады», — дегенде, «Тайт, ханы кім? Кетәрман!» — деген соң бұл кісі Кенесарыға айтты.

Қолдың әскерінің бәрі «Ағыке» деуші еді. Қуандықтан Басықара деген Кене ағаның батыры бар еді. Қиын жұмысқа жұмсап тұратын. Соны шақырып алып: «Бар Көсеге! Келсе, ертіп кел, келмесе, басын кесіп әкел!» — деп әмір қылды. Басықара — орта бойлы, толық жуан, қара шұбар, күшті. Ағыбаймен дос еді. Бірақ дос болғанда қауіп қылып, күні үшін дос еді. Мұны Ағыбай білсе де, керек қылмай жүруші еді.

Басықара кіріп келіп, өкіріп жылап: «Иә, Ағыке! Жүрсең, сен өлдің, жүрмесең, мен өлдім!». Ағыбай бұл кезде қарыстай қара пышағын қайрап отыр еді. Басықараның сөзін естіген соң ашу кернеп: «Мұнда қаңғырып жүрген Басықара жоқ, жүр! — деп қайрақты сырмақтың астына тығамын деп, пышағын ашу үстінде бірге тығып жібереді. Сөйтті де беліндегі қынын ұстап, Басықарамен бірге Кенесарының үйіне кіріп келіп, шарт жүгініп, Кенесарыға қарсы қарап отырды. Бұрынғы ретті орнына отырмады. Кенесары:

— Иә, Көсе, шақырса, неге келмейсің? — дегенде,

— Келмегенде не қылар едің? — деп сол жүгініп отырған түрімен қалайша Кенесарының алдына келіп қалғанын білмей, жанындағы пышаққа қолын салып қалғанда, пышағы жоқ болды. Кенесары сонда айтты:

— Тарт, Көсені, тарт! — дегенде, Басықара:

— Иә, Ағыке, саған не болды? — деп оның қолынан ұстағанда, қолын сермеп жібергенде, Басықара босағаға барып жығылып барып, сүйеніп қалды. Кенесары тұрып, кейін шегініп барып отырды. Ханда да әм отырған халықта да сөз жоқ отырысты.

Біраздан соң отырған адамдарға: «Иә, халық! Көседен басқаларыңыз шығыңыздар?» — деді. Халық бірі қалмай шығысты. Кенесарының қатын-балалары үрпиісіп қорқып отырысты. Бір мезгілде Кенесары түрегеліп, керегеде ілулі тұрған алтын-күміс оқамен тіккен сарттың бектер бегінен келген жібек шапанды алып: «Иә, Көсе, мынау шапаның», — деп алдына қойды. Жылқышы үлкен топтың басшысын шақырып алып: «Мына Көсеге, қандай лайықты ат бар? Тезінен қазір алып кел!» — деген. Сонда Ағыбай жылқышының бетіне бір қарап қойды. Жылқышы алдырап-сасып, жылқыдан бір көк семіз атты алып келіп: «Алдияр хан! Келді дегенде, Кенесары айтты: «Көсе, мынау шапаның, анау атың». Ағыбай шапанды қолтығына қысып, атты жетектеп үйіне келсе, ағайын-туғандары, алпыс

екі үйдің еркектері ақ желек найзаларын қолдарына алып, ұрғашылары бақан-пышақтарын қолдарына алып дайындалып тұр екен. Наурызбай өзіне қараған әскерлерін дайындап о да тұр. Наурызбайдың қарындасы Қарашаш шашын желкесіне түйіп, найзасын о да қолына алып тұр. Талшыбық бәйбіше көк бестіні ерттеп, найза-қылыш, наркескен саймандарын дайындап тұрды. Ағыбайдың аман екенін көрген соң, тарасып кетті.

Ағыбай үйіне кіріп, сырмақтың астына ашүмен тыққан пышақты алып: «Сен болмадың, сен болмадың!» — деп жерге үш тықты. Сонда Басықара:

— Ағыке, бұл не қылғаның? — дегенде, Ағыбай айтты:

— Қаңғырып жүрген Басықара жоқ, Кенесарыны бауыздап жіберіп, «Қарқабаттап» шығайын деп едім.

Ағыбай бұрынғыдай Есенгелді, Ержан аулына баруды қойды және Кенесары шақырса ғана баратын болды.

Бопының әйелі босанып, еркек бала тапқан. Соған той істеуге ат шапқызуға, екі ай бұрын Кенесары жариялады. Ағыбай айыпқа алған көк ат үйсіннен келген еді. Оны «Сүмсекей» деп атаушы еді. Бұрыннан қызығып, «қалайша қолға түсіріп аламын» деп ойлап жүруші еді. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» тура келіп, Кенесары Көсеге: «Қандай лайықты ат бар?» — дегенде, бас жылқышының бетіне қараған ишараты осы еді. Бұл жылқышыдан маған бер? — деп сұрағанда, Кенесарыдан қорқып бере алмаушы еді. Сүмсекей қолына келген соң ешкімге білдіртпей жаратып жүрді.

Үйсінді шапқанда, бір жас бала қолға түскен. Соны Ағыбай қолынан тәрбиелеп жүрген. Аты — Шобат, руы — сіргелі. Соған мінгізіп, елсіз жерде өзі көк бесті деген атымен жарысып, әбден баптап, тойды айтқан күніне дайындады.

Елсіз далаға шыққанда Шобатқа үйретеді. Әгарда Сүмсекей бәйгеге ілінерлік болса, «Абылайлап!» шаппа, «Қарқабаттап» шап! — деп, күніне үш мезгіл — руың кім? — дейді. Шобат: «Қарқабат!», «Қарқабат!» — деп айтады.

Бұл тойға көп адамдар ат жаратты. Той айтқан күні болды. Ішкен-жеген тоқ болып, бәйгі аттарды айдап шықты. Ағыбай Шобатты мінгізіп, Сүмсекейді қосып қоя берді. Бірақ тапсырды: «Қарқабатты ұмытпа?» — деп. Шобат әбден жаттап алды. Бәйге аттар келгенше, күрес болып жатты. Ағыбай мен Наурызбай екеуі бөлек барып отырды.



Кенесары бір төбенің басына кілем-көрпе салғызып отыр. Маңайында халық ойын-күлкі сауықта жүр. Бәйгі аттардың жолында үш жерден келеші тұрды. Аттарды ұзаққа айдды. Түстен кейін алыстағы келеші қозғалды. Біраздан соң екінші келеші бұл келешіден өтіп, бір жалғыз ат келді. Өзге аттар көрінбейді. Көмбедегі келешінің қасына келгенде, «қарқар» деп шауып келе жатқан баланың даусын Кенесары естіп, халықтан сұрады:

— Басқа жақтан кісі келіп, ат қосқан бар ма? — деп. Сонда Ағыбай түрегеліп: «Ол кешегі арсыз көк, — деді. Бұл сөзге Кенесары сырт қарады. Наурызбай:

— Ей, Ағыке, кісінің көңіліне қарамайсыз-ау?

Шобаттың балдары: Немене, Бөдене, Балапан, Торғай, Ұзақбай, қыздары: Қарлығаш, Қаршыға — шұбыртпалының ішінде.

Ағыбайдың көк бестісі Кенесарының қолы үйсінге шабыншылыққа бара жатқанда, Шу бойында бір көк құлық бие жаңа құлындап жүр екен. Көк құлын артқы екі аяғы маймақ, тірсегінен басып, енесін еме алмай жүр. Қолдың алды көріп, керек қылмай өтіп кетті. Ағыбай көріп, айналдырып қарап, қол тегіс Шуға құлаған соң, күзеулі кер деген атымен құлынды өңгеріп, көк құлықты жетектеп, ара күндік жердегі аулына келіп, Талшыбық бәйбішесін шақырып алып: «Мына бие мен құлынды үйге кіргізіп, мен келгенше күт!» — деп, қолдың артынан қуып жетті. Бір ай өткен соң жолда жүріп, Ағыбай келсе, құлын жүріп ойнақ салып, күндіз үйге кіргізіп қойғанда Ағыбайдың төсегінің үстінде жатады, тай болғанда енесі жайылып жүргенде, ойнақтап жүріп енесінің үстінен мына жағынан секіріп, ана жағына түседі. Ағыбай шұбыртпалы жылқыларын Кенесарынікінен бөлек жаяды. Жылқы аралап жүргенде Ағыбайды көріп, олай бір шауып, былай бір шауып Ағыбайдың үзеңгісін тістелеп, артқы екі аяғымен тұра қалып, басындағы бөркі иә тұмағы болса, алып қашады.

Бір күні Кенесары оңаша отырғанда ханымы айтты:

— Иә, алдияр төре! Қолдың ішіндегі бірнеше адамдарға ат қойдыңыз, мыңбасы, бесжүзбасы Көсеге неге ат қоймайсыз? Сонда Кенесары ханымның бетіне тесіле қарап үндемеді. Екінші айтты, онда да сөз жоқ, үшінші айтқанда, тесіле қарап, түсін бұзып тұрып, қайта отырып:

— Иә, ханым! Мен айтайын, қолдың алды Абылайлап тисе, арты Ағыбайлап тиеді. Менің қойған атым не болады? Құдай өзі берген соң, бірақ, түбінде Көседен сақтанарлық адам, — деп үндемей отырды. Қол «Ағыбайлап» тисе, Ағыбай «иә, Құдайлап» ұрады екен.

## 129. Кенесары, Наурызбай туралы

Кенесары Арқада хан болып тұрған Көкшетау деген жерде қалың Арғын руының қуандық, сүйіндік деген руының ішінде бұл рулар Атбасар Қара-өткел деген жерін мекендеген. Бұл рулардың бәрі Кенесарының шеңгелінде болып зар жылаған. Бұл жерлерді бағындырған Кенесары сол кезде Россиямен соғысып жеңіледі. Қазақ халқының орыс халқымен жақындасуына жол бермейді. Сол кезде Россия патшалығынан шегініп жол бойында елді шауып, талап, бұрынғы Әулиеата деп аталатын (Қазіргі Жамбыл облысы) маңына келіп, халқының ханы деп тануды талап еткен. Сол маңды сол кезде билеп тұрған Байұзақ датқа ішінен қас болып, қастығын Кенесарыға білдірмейді. Бірақ Кенесарыдан қорқып бағынып отырады. Байұзақ елін билеп алған Кенесары қырғыз еліне елші жіберіп, әскер сұрайды, орысқа қарсы шығу үшін. Бірақ қырғыз халқы бұған келісім бермейді. Кенесары содан кейін қырғызға шабуыл жасайды. Бірнеше қырғыз халқының ел-жұртын тонап, қиратып, ауылдарын өртеп, айуандықтар істейді. Бұл шабуылға еріксіз дулат елі деп аталатын Байзақ датқаның елі де Кенесарының жауыз жігіттерінің қарамағында қызмет етіп қатысады. Дүсекеңнің айтуы бойынша, Кенесарының жауыздық шабуылынан қорыққан қырғыз халқының кейбір рубасылары елші жіберіп, өзінің бағынғандығын білдіреді. Бірақ келген қырғыз халқының елшісін Кенесарының бұйрығы бойынша, оның сол кездегі баскесер Наурызбай деген інісі бауыздап өлтіріп, айуандықпен қолының қанымен ет асайды.

Қырғызға шабуылын күшейте түскен Кенесары «Абылай аспас сары бел» деген асудан асып, көптеген қырғыз ауылын шауып алады. Ауылда қалып қойған екіқабат қырғыз әйелдерінің ішін жарып, баласын алып оны тірсегімен керегенің басына іледі.

Қырғыз халқына деген жауыздық шабуылын үдете отырып, Кенесары сол кездің өзінен есептегенде ондаған жылдар бұрын жатқан қырғыз халқының Қанай деген датқасының моласын ашып, ескерткішін қиратып, сүйегін өртейді.

Кенесарының жауыздық істеріне наразы болған Байзақ датқа астыртын қырғыз датқаларымен келісіп, өзіне қарасты әскерлерді қырғызға қарсы соғыспай, Кенесарыдан бөліп әкетеді. Азғана әскерімен қалған Кенесары қырғыздың қолына түсіп қалады. Артынша Кенесарының қырғызда қолға түсіп қалғанын біліп, Наурызбай іздеп барған. Наурызбай да іздеп барған жерінде қолға түседі.

Қолға түсуден құтылу мақсатын көздеп Кенесары, Наурызбай қырғыздан қырғыз халқының өздері білетін бір сол кездегі батырын шығаруды талап етеді. Қырғыз батыры Кенесарыға бармаудың амалын іздеп: «Мен барсам, ол екеуі де құтылып кетеді. Сондықтан мені үйде жоқ деп айтыңдар. Сөйтіп, өлтіріңдер», — деп жауап береді.

Қырғыздар қолға түскен Кенесары мен Наурызбайды Кенесарының «наркескен» деген қылышымен шауып өлтірген екен дейді.

### 130. [Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі]

Кененің әскері Алатаудың асуында бөгеліп қалжырайды, аттары да тұралайды. Тынығу үшін қос тігіп аялдайды. Ағыбай мен Наурызбай Кенеге келіп: «Енді соғысты тоқтатып, қайтайық», — деп өтінеді. Кене бұған рұқсат етеді. Ағыбай:

— Түнде көшпейік, егер түнде қырғыздың адамдары келіп қалса, біздің жеңіліп қаша жөнелгенімізді біліп, бізді мүлде қырып салады. Неде болса, тәуекел, ертең күндіз көшейік, — дейді. Хан:

— Бұл дұрыс-ақ, осы сөзді тез әскерге жеткізі! — деді.

Бағана түнде көшеміз деп әскерге жариялап қойған Ағыбай мен Наурызбай әскерлердің бөлек жерде тігілген шатырларына келе жатып, су таба алмай, сілекейлері сірнедей болған екеуі бір шұқанақтан су көреді. Ағыбай мен Наурызбай шұқанақтан шыққан суға мәз болып, алдымен бұл суды Кененің месіне тол-

тырып алайық, сонан соң бәріміз де алармыз деп, местерге су құйып алып жүргенде, айтылмыс уақыттан асып кетіп, Кененің әскері дүркірей көше жөнеледі. Бұлар көше жөнелгенде, қырғыздың аңдып тұрған әскерлері бас салады. Шаршап, су-саумен зорыққан аттары жүруге жарамады, көп қайырымға келе алмады. Құдық қазып жатқан Ағыбай мен Наурызбай жаяу қалып қойды. Артынан бір жігіт жетектеп қос ат әкеледі. Атқа міне сала соғыстың ну ортасына қарай жүреді.

Ағыбай айтады:

— Енді екеуіміз Ағыбай, Наурызбай екенімізді білдірмейік. Сен «Наурызбайлап!» шаппа, онда біліп қойып алдымен сені өлтіреді, — деді. Оған «жарайды» деп уәдесін берген Наурызбай соғысқа таянғанда:

— Мен — Наурызбай, қу қырғыз, шық былай! — деп айқайды басады.

Соғыс аса қиын болады. Талай жалынды жүрек Кененің батырлары садақтың оғының алдында жан төсілім етіп жатады. Сармантай, Мүсірәлі, Өмірзақ баласы Есенгелді, Тайтақ, Бижен, Жолдыаяқ тағы басқа толып жатқан мыңдаған батырлар қырғызбен қатты соғысты.

Кененің әскерлері Ақсудан салған қырғыздың қорғанын бұзып шығады. Бірақ қырғыздар қоршап босатпайды. Біспек-Тоқпақтарды алып, қырғыз онан да айдап шықты. Қырғыз қамалынан өту қиын болды. «Абылай аспас асудан» өткізбей қойды. Әлі, айласы таусылған Кененің әскері қырыла берді. Соғыста Ағыбай, Танаш, Тоқанас, Жолдыаяқ, Көбек батырлар ерлік көрсетті. Қан селдей ақты. Екі жақтан да қиян-кескі қырылыс болды. Бірақ қырғыз жағы қалың. Кененің адамы аз. Соғыста Ағыбайдың астындағы атына оқ тиіп, жаяу қалды. Өлген адам болып, аттың құлағанымен бірге жантайып жата берді. Наурызбай мен Кене қолға түсті.

Қырғыздар жаяу қалған Кененің иығын өз қылышымен шабады. Кененің иығын қырғыздар шапқанда, Кене ыңқ етпеген екен. Наурызбайдың иығына қылыш шапқанда, ешбір шіміркенбеген. Екеуін қырғыздар ұстап алып кетеді. Ағыбай қырғыздар кетісімен түрегеліп, әскеріне қосылады. Тайтақ, Өскебай Қызыл-жирен Торғасқа атымен Мұрат Жиенәлінің інісі Жортық батыр, Жолдыаяқ батырлар бастаған көп әскерлер қырғыз даласында, жонда өліп, далада қалады.

### 131. Кенесары—Наурызбай хақындағы аңыздар

Ең алғаш қазақ халқы орысқа қарап, дуан аузы ашылғанда, Шоң би аға сұлтан дуанбасы болған. Шоң би өлген соң, Шорман аға сұлтан болып сайланып шығысымен үйіне барып өлген. Шорманның сүйегі Ерейментаудың сыртында көмілген. Ол жер «Шорман тамы» атанып қалған. Кенесары, Наурызбай көтерілісі аға сұлтандардың апалаң-топалаңын салған. Сонан кейін Баянауылда Поштай деген адам аға сұлтан дуанбасы болған. Кенесары Қараөткелге өрт саламын деп қамағанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрып, ұрыс-соғыс қылған. Ақтау, Ортау да Кенесары мен Қоңырқұлжа тағы қарсыласып соғысқан. Қараөткелді қамағанда, Кенесары «күлдірмамай» деген мылтығымен Тайтөбенің басында тұрып, орыстың қарауылшы баласайкасын атып, мұрттай ұшырған екен. Тама Танаш батыр бір шапанды майға бұлғап-бұлғап бір шетін отқа жандырып, найзаның үшімен көтеріп барып атып тұрған оқты керек қылмай, апарып тастай берген екен. Басқа шапқан батырлардан қыпшақ Басықара батырға оқ тиіп, қан майданда қала берген екен. Тама Танаш батыр Басықарамен құшақтасқан дос екен. «Өлсем өлейін, Басықарамен сүйегім бір жерде қалсын», — деп қайта шауып барып Басықараның сүйегін алдына алып өңгеріп келгенде, Кенесары хан айтқан екен: «Дос болсаң, тама Танашпен дос бол!» — деп. Көп заманға дейін бұл сөз жұрт аузында қалды.

Орыс Ақтау, Ортауға қала салып, салдат тұрғызып, қазақ орыс қыстатып, сол жерге соғыс сайманын жинаған. Кенесары мұны да қамап соғысқан. Жүз салдат қатар тұрып мылтық атып маңайына жан жуытпаған. Сонда Кенесары да жүз кісімен келген. Қосшы-қолаңшы салықтарын кейін тастап. Сонда бұл жүз кісі баялыш деген отынды шылбырға буып алып, ер басына бір арқа отынды салып алып домалатып, соның тасасымен еңбектеп, атқан оққа қарсы келе жатады. Бұлардың арасында алдыңғысын паналап келе жатқандар да бар дейді. Алдыңғы отынды шек қылып бетіне ұстағандар аман боп, кейінгілерге асып келген оқ тиіп жатқандар да бар дейді. «Араласуға жақындадық па, қараңдаршы?» — дегенде, түп тегі қуандық екен, бір жігіт отыннан басын оздырып қарай бергенде, кесер кеңірдегінен бір оқ тиіп мұрттай ұшты дейді. «Ал, жабыла түсе

қалыңдар!» — дегенде, түп тегі арғын ішінде өсіп-өнген қырғыз екен, аты Толабай екен, жұрттан бұрын жалғыз қарғып түсті. Ол түскен соң, бөрі жабыла түсе қалып, салдатпен мидай араласып кетісіпті. Қоңырқұлжа бас боп, қазақ-орыстар жаяуға жаяу араласып, «Кенесарының өзін ұстап алайық» деп жасырын бұғып тұр екен. Айқай сүрен салып, лап қоя шауып, қамап алды дейді.

Майлы Жәдігер Сымайыл деген қария: «Сол соғыста Жанайдар батырдың атқосшысы едім, өздері жауға жаяу араласқанда, аттарын жаудан жанын құтқаратын жолдасына балаушы еді. Ат ұстап тұрған біздерде араласып кетіп, тоғысып барып аттарын береміз, Жанайдар атына мініп алып, жаудың олайғысын олай, былайғысын былай жапырып тастап: «Хан, хан қайда?» — десе, хан жаяу салдаттардың ортасында «қашпаймын» деп жалғыз қалған екен. Барып атынан түсе қалып, ханды өз атына көтеріп салып қоя береді де, өзі бір қазақ орыстың атының құлағынан шап беріп ұстай алып, қазақ орыстың атына қарғып мініп алып, қазақ орысты ат үстінен жұлып тастай беріп, ханды алдарына салып, қаша ұрыс салып жөнеле берді», — дейді.

Жаудан аман-есен құтылды. Бұрынғылардың «таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» дегені осы. Кенесары бақсыздықтан еңбегі еш, тұзы сор бола берді де, орыс ілгері басып бағы қайтпай тұрған күйінде талай талпынса да бір ілгері бастырмай бетін қайтара берді. Жұрттан бөлек, шеттен қарғып түскендіктен Толабайға «Жеке батыр» деген ат сол жолы қойылған. Қырғыз соғысында Шәкір мен Жәуке, Толабай дегендегі Толабай осы Жеке батыр атанған Толабай болатын. Шакір — ноғай, Жәуке — арғын, тоқал арғыннан толас деген табынан шыққан.

Кенесары қуандық, сүйіндік, қаракесек, бес мейрамды соңынан ертіп алып Шу, Қаратауға ауамыз деп, Әліке, Байдалы, Сайдалы және төменгі Алтайдың басшысы болған Аққошқар Сайдалының Сүйін Жарқынын ертіп, «Азынабай Сапақ» атанған Азынабайға келеді. Орысқа қарап бағынып қойған Азынабай балалары Тайжан қазы, Сейтен болыс еді. Болыстық қазылықты керек қылған жоқ, Кенесарыға еріп ауды. Алтай, Алда, Жұман байлар түйеге жүк етіп артқан жамбыларын көлге, суға төгіп кеткен. Қаржас та ауды, орманшы да ауды. Баянауылдың дуанбасы аға сұлтаны Поштай салдат алдырып, қазақ, орыс ал-

дырып, айдабол күлікті қойдай қамап иіріп, аудырмай алып қалды. Қоңырқұлжа Қараөткелге аға сұлтан дуанбасы еді. О да орысты арқасүйеу, таяныш қылып, өз тілін алған қазақты алып қалды. Кейіннен Азынабай балалары елге қайтады. Елге барған соң, болыс пен қажылар оларды ұстап алып, Тайжанды ағашқа таңдырып аттырады да, Сейтенді айдаатып жібереді.

Қырғыз Кенесарыға қарсыласып жатқан кезі еді. Патша өкіметі Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нухалов деген жасауылды қосын қылып шығарған. Оған көп жігіт-желең мен Абылайұлы Сөк төре, Абылайдың тұңғышы Әділұлы Әлі төре, Сатыбайұлы Барақ төре, Шаңқайұлы Бөлен төре ерген екен. Өрдегі үйсін, найман тырп ете алмай орысқа бағынып қалған. Сол себепті Кенесары қамауды тастап, Шу бойына ауған. Нухалов Қызылағашты қыстаған. Ол сонда жатып қырғыздың манаптарына хат жазған. Оның хат жазған адамдары — бұғы руының Боман Ниязбекұлы, солты руынан — Жаңқараш Есқожаұлы. Хатында былай деген екен:

«Кенесарыға бағынбандар, көзін жоюға тырысыңдар, Кенесары сендерге де, патша өкіметіне де дұшман. Біздің патша өкіметі сендерге күш көмек береді Кенесарының көзін жоюға. Қолға түсіріңдер, шен-шекпен де беріледі», — депті. Бұл хат қолдарына тиген соң, қырғыздар күшейген. Отыз ұлды Абылайдың тұқымы Кенесары, Наурызбайға қас болған.

Абылай ханның алғашқы бәйбішесі қарауыл қызы, онан туған ұл жоқ, жалғыз қыз болған. Ол қыздан туған Жамантай төре. Қарақалпақтан алған қатынынан туған Уәлі хан, Жәңгір сұлтан, Әділ сұлтан. Осы Әділді шүршітке ақ үйліге берген сұлтан екен. Әділден Нұралы, Нұралыдан Тезек төре болған. Тезек төре Шоқанның қайын атасы болған және Абылай қарауылдан қыз алған. Онан: Шығай, Тоғай, Сөк туған. Сөктен Жошы, Жошыдан Есмұхамбет Абылайханов туған. Қожа қызы қатынынан Қосым, Арық, Тоқ туған. Тоқтан Ыбралы туған. Онан туған Шалғынбай Қарқаралыға аға сұлтан болған.

...Наурызбай төренің мінезі ауыл арасында әншейін жүргенде періштедей екен. Ал жауға шапқанда албастыдай түсі суық көрінеді екен. Наурызбайды «өлді» деп естігенде бір қыздың айтқан өлеңі:

— Елімді жауға айдаған Көшек еді,  
Жабысқан он үш жаста өсек еді.

Жылаймын жатамын да баурым төсеп,  
Бір жатқан Наурызбаймен төсек еді.

Әулиеатадан күншығысқа қарай созылып сұлап жатқан Алатауды «Қырғыз Алатауы» дейді. Қырғыз Алатауының күншығыс жағы Буам деген сай болып саналады. Алатаудың екі беті көп қырғыздың қонысы болады. Алатаудың терістік жағы далалық болады, күндік жағы Талас, Жусамыр, Қошқар деген өзендердің алаптары болады. Алатаудың басынан қысы-жазы қар кетпейді. Алатаудың күнгей бетінен теріскей бетіне белгілі сулармен қатынасуға болады. Алатаудағы мәңгілік қарларынан көп өзендер басталып, екі жағындағы ойларға ағады. Өзендердің аңғары терең-терең сайлар болады. Бір орыннан басталып теріскейге аққан өзендер бір атпен ғана аталады. Әулиеатадан Бодамға дейін мынадай асулар бар: Мерке, Қарабалта, Ақсу, Соққылық, Аларша, Аламедеу, Ыссық, Ата, Кекетей, Самса деген. Осы асулардан басталған асулармен аттас өзендер бар.

Алатаудың теріскей жағындағы қырғыздар Кенесарыдан қашып таудың басына кеткен. Алатаудың күнгей жағына асқан Кенесарыны таудың басына шығармаған. Асуларды алғызбаған, бермеген. Күнкей жаққа өткізбеген. Кенесары мен қырғыздардың соғыстары Алатаудың теріскей бетінде болған. Алатаудың күнбатыс жағында Қосшы, орта жерінде Солты, күншығыс жағында Сарбағыс болған. Кенесары әуелі қазаққа жақын отырған қосшы мен солтыны шапқан. Онан кейін сарбағысты шапқан. 1846 жылдары Бішпектің төңірегінде бір зор соғыс болған. Келе жатқан Кенесарыны тоқтатам деп сарыбағыс Қалпақ батыр көп қолмен Бішпектің түбінде Кенесарыға жолыққан. Көп қырғын болған. Соғыста Қалпақ өлген. Қырғыздар жеңіліп қашқан. Екінші зор соғыста Кенесары көп қолмен келіп, Кекілік тауына ордасын тігіп, Алатаудың теріскей жағындағы қырғыздарды шаба бастаған.

Соғыстың дәкейі Қызылсу-Самсада болған. Ержанның қолға түскен жері — осы Самса суы. Қырғыздың ханы Орман хан Ферғанадағы, Ыстық көлдегі қырғыздарға ат шаптырып көп қосын жинаған. Қырғыздың көп қолы Бодамнан, одан Кекілікке қараған далаға шыққанда, ат құйрығына шөп байлап, қырғыздар жер-дүниені шаңмен толтырған. Сөйтіп, кісі-



нің азы-көбі байқалмаған екен. Осы келгендерінде қырғыздар: «Не тегі жан қалмай қырылалық, не Кенесарыны жоялық!» — деп келген екен.

Алатаумен Кекіліктің арасы зор майдан болған. Қырғыздар дулатпен астыртын сөйлескен: «Бұрынғы талас-тартыс болып жүретін жер бәрі сендердікі болсын, мына Кенесарыны бізге оңаша бер», — деген.

Дулаттың атақты Сыпатай деген биі мен Рустем деген төресі қырғызбен үндес болып, Байұзаққа астыртын қиянат қылуға кірісіп, бір түнде көп дулатты қашырып, қырғызға кіргізіп жіберген. Кенесары қасында бар болғаны бір мыңдай ғана қазақ, жүз мылтық қалған. Ержан алдымен қолға түскен. Ақауыз ат оққа ұшқан. Зеңбірек ортасынан үзілген. Кекіліктің Сеңгір деген жерінде қырғыздар Кенесарыны қамап алған. Таудан аққан бұлақты басын бұрып, қамауда қалған қазақтарды сусыз қалдырған. Ас-сусыз үш күн соғысып аты да, адамы да болдырып, титығы құрып қолға түскен.

## 132. Кенесары—Наурызбай соғысы туралы

Абылайдан отыз бала туған. Соның ішінде ерлігімен асып туған, дұшпанының көңілін басып туған Қасым, Қасымнан Кенесары, Есенгелді, Саржан, Наурызбай атты батыр ұлдар туды. Кенесары ақылға, қайратқа бірдей асқан кемеңгер адам болып ержетті. Бабасы Абылайдың жолын қуып, қазақ елін түгел билеп, баурына тарта бастады. Қазақ елінің қамын ойлаған, алып батырлары Кенекеңнің қол астына жинала бастады.

Арғыннан шұбыртпалы Ағыбай батыр, дулаттан Шәкір, Жәуке, Төлебай батыр, шапырашты Бұғыбай батыр, төртуылдан — Жанайдар, майлыдан — Көбек, қаракерей Тоғанас батыр, сармантай Алшағыр сияқты көптеген қару-жарақты батырлардың әрқайсысы жүз-жүзден қол құраған басшы болған.

Николай патша қазақтың кең байтақ даласындағы шұрайлы жерлерін, жер қайыса қаптай өрген малын алам, қыршын жас сәби балаларын алып өздерінің мойнына крес саламын деді. Николайдың бұл сөзінен күллі қазақ болып қатты шошыды. Қыпшақ Ыбырайды дуанбасы сайлап оған жеті дуанды қаратқан. Керейден советник Тұрлыбек, Ертістен бәсентин

Мөшеке, сүйіндіктен Шорманның Мұсасы, найманда Ерден, Дүзен, қаракесектен Қаздауысты Қазыбектің тұқымынан Шалғынбай, Қарқаралыдан төре Жамантай, тобықтыдан Құнанбайлар шығып Николайдан сыйлық, шен ала бастады. Николай бұларды Омбыға шақырды.

Жаңа низам шақырмақ болды. Қазақты орыс дініне кіргізбек болады. Жоғарғы аталған адамдар Омбыға барды. Бұларға арнап он екі қанат үй тігілді, ағашын сырлап, кигізін оюлап, уығының бауы жібек, керегесінің бас-аяғы алтын мен күміс, жеті дуанбасының қонақ асын, күтушілерін даярлап осы үйге кіргізді.

Патшаның сегіз санат губернаторы келген. Орыстың дінін бастаушы Архирей барған.

Бәрі жиылып кеңескен,  
Кеңескенде не дескен?  
Баршамыз ынтымақ қосамыз,  
Бір дінде боламыз,  
Инжілдің тілін аламыз.

Халқыңа хабар саласың,  
Өздерің крес аласың.  
Балаларыңа да, өздеріңнің  
Мойныңа крес саласың, —

дейді. Болыс, кандидат, би, старшын, елубасы сайлансын, жаңа низам, жаңа закон болады деген. Бәрі бұған уәде байласып, күллісі Омбыдан тарады.

Олар елге келді. Елдегі адамдар, әйелдер, бала-шағалар әңгімелерін сұрайды. Жаңа низам, жаңа закон болғанын айтты. «Баламызды қалай береміз? Қалай кәпір боламыз? Қалай крес саламыз?» — деп күллі жұрт шулады.

Керей советник Тұрлыбек еліне бара сап-ақ болыс, кандидат, би, елубасы, старшын сайлаған. Тұрлыбек елді алдады: «Наград аласың, бұл үлкен дәреже», — деген. Өзгелері көнген, керей Жүкен көнбеген: «Болыс та, орыс та болмаймын!» — деді. Оны атамыз деп өмір қылған, көнбеді деп губернатор шақыртып атпақ болады. «Атсаң ат, көнбеймін!» — деді. Қарала ағаш басына алып шыққан. «Мұны қалай аттырамыз тал түсте», — деп

керейдің бес жүздей кісісі Николайдың салдатына қарсы шабады. Жүкен оларды көріп: «Тоқтаңдар, бәрің өлме, бәрің үшін мен өлейін, атса атсын!» — дейді.

Патша салдаттары Жүкенді құр дәрілеп атқан. Сонда да көнбеді, қайсарып алды. «Оны атпай абақтыға салыңдар, сонда сол бір көнер өзі, сонда шірісін», — деді. Уезнай Жүкенді абақтыға салды. Артында жұрт шулап қалды. Сол кездегі керейдің Момынбай деген бір ақыны Жүкенді былай мақтап өлең айтышты:

— Мінгені ер Жүкеңнің қарала аяқ,  
Кәпір жау алып кетті аямай-ақ.  
Знакты бас кессең де салмаймын деп,  
Соғысты кәпір жаумен аянбай-ақ.

Жүкең ер сөйлеуші еді тамақ кернеп,  
Тұрма батыр ерді кәпір шенеп.  
Елубасы губернай екі ат қойды,  
Қойышты «салаң кер» деп бұтқа теңеп.

Жүкеңнің айналайын ақылынан,  
Қорықпай жауап беретін батылынан.  
Мініп тұр төуекелдің кемесіне,  
Сабырдың біз сұраймыз ақырынан...

Халықтың жылағанын көріп Кенесары шықты:

— Уа, халық! Атамның маған айтқан сөзі бар: «кәпір ел болмайды, күншығыстан шүршіт қаптайды, күнбатыстан кәпір таптайды, арасында сынадай болып қазақ қысылып қалады, малынан, жанынан, баласынан айырылады» деген екен атам Абылай! Сол айтқаны атамның дәл келді.

### 133. [Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы]

Николай патшаның байтақ далада жай жатқан, мал баққан момын елге істеген зорлық қысымы күн сайын күшейе берді. Ел ішіндегі бектер, аға сұлтандар Николайдың айтқанын екі қылмай орындады. Дуанбасы қыпшақ Ыбырай, советник Тұрлыбек,

Шорманның Мұсасы, Ертістен бәсентін Мөшке, Қарқаралыда Бөкей, Шалғынбай, Қоңырқұлжа, найман Ерден — Түзен, тобықтыда Құнанбай, қырғыз Жантай, Жанғанаш сияқты жуан бектерге сыйлық, наград беріп: «Еліңді тез маған қаратып бер!» — деді. Николай мен аға сұлтандар елге күн шығармады, таң атырмады. Малы талауда, ер-азаматы қырғынға ұшыраған қалың ел Кенесарыға келіп мұңын шақты, соңына ерді.

Ел қамын жеген Кене хан патшаға қарсы тұрып, қалың қазақ халқын соңынан ертті. Сол замандағы қазақтың ардагер батырлары Кенекеңнің қолына келіп қосылды.

Ағыбай, Шәкір, Жәуке, Төлебай, Бұғыбай, Көбек, Бөрші, Базар батыр, тама Танаш батыр, Сармантай, Нұрабай, Қарабай батыр және Қарабас сияқты қамалды бұзған кілең батырлар Кененің қол астына жиналды. Кене ханның қоластына қазақтың атақты батырлары бастаған он төрт мың қол жиналды, ат жақсысын мінді, сауыт жақсысын киді. Бұлар өздерінің ордасын Алтай-Қарпықтың ортасы Құланөтпеске тікті. Кененің соңынан ерген нөкерлердің бәрі де қуандық, алтай-қарпық, бөрші, темештіктер болды. Кіші жүз, Ұлы жүзден де қайраты бойына сыймай келген атақты батырлар да Кененің қолына қосылып жатты.

Кенесары Ырғыз бойындағы назар-сүрен руынан Әліге елші жіберіп, кісі салды: «Қазаққа Николай патша қорлық көрсетті. Оған қарсы шығу үшін біз елдің басын қосып, батырларын жинап соғысқа даярланып жатырмыз, сен де бізге қосыл, қаруланып, жарақтанып кел! Қазақ ұранды елдің намысын жақтаған ұраннан сырт қалма!» — деді Кене. Әлі Кененің бұл тілегіне көнбеді, көмек бермеді. Қайта барған ел жігіттерінің бірнешеуін ұстап алды. Бұған ашуланған Кене он төрт мың қол, он төрт түмен Әліге барып, оның еліндегі патшаның сойлын соққандарды жапырып, жаншып, шауып алды. Кене хан: «Әлінің елінен алған барша мал-мүлікті нөкерлерінің өздері алын, хан қазынасына салынбасын», — деді.

Әлінің елінің қуғыншылары елін шауып қайтып бара жатқан Кененің қалың нөкерін қуды. Кене барша мал мен дүние мүкәммалды қалың әскермен ілгері жіберіп, өзі бір топ әскермен артта Әлінің әскерін тосқауылдап қалады. Аттарын қоя беріп, ас пісіріп жайбарақат жатқан Кененің үстінен Әлінің әскері сау етіп түсе қалады. Қалың әскер аз ғана кісімен жатқан

Кенені қамап алады. Бірақ Өлінің әскері Кенені қамап тұрса да, бетпе-бет ұрысуға бата алмады.

Қостан бөлек жатқан Ағыбай мен Жанайдар келеді, екеуі қалың әскерді айдап шығады. Сонда Ағыбай батыр:

— Тақсыр, сыпайыгершілік қылыш үстінде жүрмейді, жүріңіз! — деп атының шылбырын тақымына салып, жетектеп топтан алып шығады. Түн екен, ай қараңғы, астында қара аты бар, еңгезердей қара артынан жетіп келіп, Жанайдарға найза салады. Оның найзасы жанайдардың кеңірдегінен сұғылады. Жанайдар кеңірдекке салған найзаны иығымен қағып қалып омырып жібереді. Найзаның ұңғысы кеңірдекте қалады. Бір жігіт:

— Тақсыр, дұшпанның найзасы Жанайдардың кеңірдегінде қалды, батыр қырылдап келеді? — деді.

— Сүйемелдеп былай шығындар! — деді хан.

Ағыбай батыр Жанайдар батырға найза салған қара қасқа аттыны найзаның ұшына шанышты. Найзагер батыр Ағыбай батырдан қаза тапты. Кененің қолы жаудың бетін қайырып оңаша шықты. Сонда Кене: «Тұра тұрыңдар!» — деді. Бұлар тұра қалды. «Шақпақ шағып, киіз күйдіріп білте қылыңдар, аттың терлігін білте қып күйдіріңдер», — деді. Шақпақ шақты, терлікті отқа салып күйдіріп білте қылды.

— Барындар, Жанайдарды қолтықтап бір-екеуің барып алып келіңдер, — деді. Жіберген кісілері Жанайдарды ханның алдына алып келді.

— Ұзыннан салыңдар! — деді хан. Сөйтсе, найзаның ұшы кеңірдегінде көлденең тұр екен. Хан көрді, оған жаны ашды. «Әй, ерім-ай!» — деді. Кеңірдектегі найзаның ұшына шылбырдың ұшын байлап, бір жігітке хан айтты: «Жағыңа табаныңды тіреп тұрып, кеңірдектегі найзаның ұңғысын тартып ал!» — деді. Бір мықты жігіт келді дағы табанын қойып тартып алды. Кеңірдек пен өңештің арасынан кірген екен. Найзаны сурып алғанда, қан сауылдап, орны қорық ете түсті. Сол найзаның ұңғысы қалған тесігіне күйдірілген құрым білтені тықты. «Қолдың бәрі тоқтасын!» деп алдына шапқыншы жіберді.

Кешке таман хан батырларының бәрі келіп қосылды. Келген соң бәріне жар салды: «Ертең көшпеңдер, он төрт мың қолдан он төрт ту бие сойылсын, Жанайдар мен Ағыбайдың Құдайға айтқан боз қасқасы бар, екеуіне де бата беремін», — деді. Халық: «Құп!» — деді. Таң атты, күн шықты, халық он төрт

қолдан «құдайы» деп он төрт ту бие сойды. Күллі халық ет жеп болған соң: «Батырлар келіңдер, бір мың шақты», — деді. Хан қол көтерді, халықта тегіс қол көтерді: «Ағыбай батыр қамал бұзған ер едің, екеуіңе екі дүниенің байлығын берсін!» — деді. Бұлар өзінің мекені Құланөтпеске келіп, тағы да қол жинады. Кененің қолына Тілеген батыр қолында туы бар мың қаралы жолдаспен келіп қосылды.

Ағыбай мен Наурызбай екеуі ер іздеп ел қыдырады. Бұлар жүріп келе жатса, айдалада тау аясында бір төрт аяғы төрт діңгектей, мойны сала құлаш, жаурыны кез, төрт тұяғы құйған болаттай, танауы шелектей, екі көзі шырақтай, жалы жібектей, құйрығы қынаптан шыққан қылыштай бір жылқы тұр екен. «Ойпырым-ай! Мынау бір тамаша жылқы екен!» — деп Ағыбай мен Наурызбай таң қалды. «Аты мынадай, иесі кім екен?» — деді. «Кім екен білейік?» — деп үйге кіріп келді. Үйге кірсе, бір адам дөңбектей болып шалқасынан түсіп жатыр. Басы бақыр қазандай. Есік алдында бір қатын тайдүзгенге ет асып жатыр екен. Бұлар үйге кірісімен, ол әйел де үйге келді. Үйге кіріп:

— Сіздер кімсіз? — деді.

— Біз жөнімізді айтамыз ғой, мына жатқан кім? — деді батырлар.

— Бұл Жолдыаяқ деген батыр — деді әйел.

— Сөйлесейік, оятыңызшы? — деді.

— Оянбайды, жаңа ғана жатты, — деді әйел.

— Несі бар оянбайтын, — деп Ағыбай барып ырғап-ырғап қозғап еді, тырп етпеді. Ағыбай батыр қатты айғайлап еді, тағы тырп етпеді. Ашуланып Наурызбай батыр шоқпармен маңдайының арасынан салып кеп қалды. Бит шаққан құрлы көрмей, екінші жағынан төңкеріліп жатты. Ол жаңғырды, тасқа тигендей болды, сосын екеуі де шошынды. Кетейін десе, қорыққан кісі құсап кім екенін білмей кетуді де намыс көрді. Бір уақытта қатын келді.

— Бұл сіздің жолдасыңыз ба? — деп сұрады қатыннан.

— Жоқ бұл менің жолдасым емес, бұл бөтен батыр, менің жолдасым басқа жаққа кетіп еді, мұнда бұл кісі кеп анда-санда түстеніп кетуші еді, маған бір құланды әкеп асқызып еді, соны пісіріп отырмын, — деді.

— Тамағыңыз пісті ме?

— Пісті, — деді әйел.

— Мұны қалай оятасыз? — деді Ағыбай. Қатын айтты:

— Оятуы оңай, дәрі беріп еді мұрнына иіскет? — деп. — Қазір сол дәріні иіскетемін, сонсоң оянады. Қатын бір нәрсені алып кірді. Үйдің ішін иіс мұңкітіп жіберді, оны ұйқтап жатқан батырдың мұрнына иіскетіп қалып еді, батыр ұшып түрегелді. Мына отырғандарды кісі құрлы көрген жоқ, амандаспады да, далаға шығып кетті. Тыстан жуынып үйге келді.

— Келін, ас пісті ме? — деді.

— Пісті, — деді әйел.

— Ендеше, етіңді әкел! — деді. Үлкен бір астауға салып, екі басынан екі кісі көтеріп, құланның етін қайқалатып алып келді. Кесек-кесек жұтады, жеп болды. Бір шетінде аз ғана қалды. Бір тегене қылып суытып сорпа әкелді, оны басына бірақ көтерді. Тұрды, киінді, ілулі тұрған бес қаруды алды (Сары қанжар, қылыш, мылтық, найза). Еттің қалғанын аналарға бер дегендей қатынға мегзеді де, өзі үйден шығып, атына мініп жүріп кетті.

Батыр кетісімен Ағыбай мен Наурызбай ашуланып, қайраттанды. Ағыбай айтты:

— Ақауыз атты мінейін де, сол батырдың артынан жүрейін, — деді. Наурызбай оған Ақауыз атты беріп тұрып, былай деді:

— Аға, қайлаң көп еді ғой, сенің күшіңе болмас, қайлаңа сүйен, атамыздың айтқаны бар еді ғой, «айласыздың батыры шошқаға шабады» деп еді ғой, жазым болып қалма, — деді. Ақауызды мініп алып артынан ұшты. Ол салып кетіп барады. Ағыбай артынан келіп жетті. Анау қарамайды, Ағыбай оған бата алмайды. Екеуі сөйлеспейді, жүре берді. Енді бір кезеңге келген кезде, Ағыбай әлгі батырға найзаны салып қап еді, найзасы мойнына опырылып ұшып кетті. Омырылған найзаның мойнын кеңірдегінен жұлып алып лақтырып жіберді. Ағыбайды атынан жұлып алып, тақымына қысып алып жүре берді. Тақымына қысылған Ағыбай сасып, жансауға сұрады.

— Ә, батыр, солай ма! — деп басты жіберіп, мін атыңа, кімсің? — деді.

— Ағыбай батыр деген мен едім.

— Ә, сені естуші едім, ер емес ершіге екенсің, — деді. Өзіңді жолды деуші еді, енді маған ер, өзімде сені іздеп таба алмай жүр едім, былай қатар жүр, — деді. Ағыбай ол батырдың қатарымен жүрді. Сонда бесіннен төменірек уақыт бірталай жерге келіп қалды.

— Алдыңнан не көрінді, қарашы? Күнбатыс жағынан Ағыбай қарап:

— Бір тау көрінеді, — деді.

— Ол таудың алдында не көрінеді?

— Таудың алдында екі үлкен ақ үй көрінеді, — деді.

— Екі ақ үйдің алдында не көрінеді?

— Бір бұлт сықылды қылаң жылқы көрінеді.

— Батыр, енді саған сыр айтайын, анау бұлт сықылды көрінген қылаң жылқы менің «Бұлткөк» деген атым еді. Анау екі үй, біреуі менің қатынымның үйі де, біреуі менің шешемнің үйі. Менің қыздан туған бір жиенім бар, ол жиенімнің күші менен он есе артық. Ол жиенім қатынымды тартып алып, қатын қылды, атымды тартып алып, астына мінді, шешемді тартып алып, күң қылды. Енді сен сонда бар, шешем тыста болса, сөйлес. Шешем: «балам, кімсің?» деп сұраса, «мен бір хабаршымын» дерсің. Қашып жүрген, сасып жүрген балаң бар ма? — деп айт. «Е, шырағым бар дер», «Ә, жиенің қайда?» — дегейсің, сонда үйде ұйықтап жатыр десе, маған қолыңды бұлғап белгі бер, — деді.

Ағыбай шу деп жүріп келді. Ағыбай келіп батырдың шешесіне жолығып, әлгі батырдың айтқанын істеді.

— Жиен қайда?

— Үйде ұйықтап жатыр, — деді.

— Ендеше ана балаң келіп тұр, мен шақырамын, — деді.

— Ей, қарағым-ай, шақыр, — деді. Қол бұлғап шақырды. Жолдыаяқ батыр жетіп келді, атын байлай салып, шешесіне амандасты.

— Ағыбай батыр, кел жүр, менің соңымнан ер! — деді. Үйге кіріп барып ұйықтап жатқан батырдың қарынан қылышпен салып жіберді. Қары сойылып түсті. Шолақ жалғыз қол жиені Жолдыаяқты көтеріп алып, шыр көбелек айналдырды. Жолдыаяқ: «Жолдым!» — деп шақырды Ағыбайды. Ағыбай жетіп келіп, жиен батырдың кеудесінен найза салып, құлатып тастады. Жиен батыр өлді.

— Жолдым, жарайды екенсің, жолды екенсің! — деді. Сонда бір күн жатты. Ертеңінде:

— Әнеугі қасыңдағы кім? — деді.

— Ол Наурызбай батыр, — деді.

— Ә, Кенесары, Наурызбай ма? — деді. — Солай ма иә, сендермен күндердің күнінде жолдас болармын, — деді. Таң атты. Ел тұрып ас ішіп болған соң:



— Жарайсың Ағыбайым, «жолды» деп естуші едім жолды екенсің, мынау тұрған Бүлткөк, мынау тұрған Керат, мынау қарындасым, осы жылқыдан таңдағаныңды және қарындасымды ал, екеуміз дос болайық, күндердің күнінде сендерге барамын, екіталай қысылшаң заман болса, бізге ат саурысын берсеңіз болады, — деді. Ағыбай:

— Біздің дұшпанымыз қауіпті, ел шетіне қорған болар шағымыз жетіп тұр, — деді. Екі батыр дос болып шаттанды.

— Кенекеңе сәлем айт, кешікпей барармын, — деді. Ағыбай сыйлығын алып жүріп кетті. Ағыбай Наурызбайға келді.

— Қалай кешіктің? — деді. Ол:

— Ой, не қыласыз? Ердің ерін таптым, ер керек болған заманда бізге үлкен Алатаудай бел болатын ер екен, сонымен дос болып қайттым, — деді. Наурызбай Ағыбайдың ісіне риза болып шаттанды.

### 134. Наурызбай батыр

Қырғызда «манап» дейтін болады екен. Манап болатын себебі — қырық жігітке қатын алып беріп, мал малдандырып, жан жандандырады екен, сонан соң оны «манап» дейді екен. Сонда қырғызда Жаңғараш, Жантай екеуі де манап екен. Жаманқара да манап екен. Жаңғабыл, Тілеуғабыл екеуі де манап екен. Жаманқараны елшілікке келген кезінде Наурызбай өлтірген. Өздері қашпаймыз деп қолға түскен соң, Жаманқараны бодауына Кенесары ханды Жаңғараш алған екен. Жаңғабыл манапты соғыста тағы Наурызбай өлтірген екен. Соның бодауына деп Наурызбайды Жанғабылдың ағасы Тілеуқабыл алған екен.

Сол уақытта қырғызда Алатаудың күнгей бетінде Орман хан деген хан бар екен. Сонан қырғыздар манаптарын жіберіп ақыл сұраған екен. Сонда Орман хан айтты дейді: «Кенесары, Наурызбайға біздің барып соқтыққан жеріміз жоқ. Өздері келіп қолға түсті. Оны манаптар күшіміз асқандықтан болды демесін. Құдай мен әруаққа төрелердің өздері ұшырады, сонан болды деп білсін. Өздерін өлтірмесін бұрынғының сөзі бар еді: «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды», — депті. Қайта өздері икемге келсе, ынтымаққа көнсе, күллі қырғызға хан көтеремін. Мен хандығымды солар-

ға берейін соның тыйыш тұруы үшін. Болмаса біріміз күнге де, біріміз теріскейде тату-тәтті болып тұра берейік. Егерде икемге келмесе, ынтымаққа көнбесе, күтіп-құрметтеп сақтасын. Өз ажалынан өлмесе, менен ақыл сұрағандары шын болса, өлтірмесін, оның қалған елін барып шаппасын, қатын-баласын олжаламасын, осы өздерінің қолға түсіп пенде болғанына қанағат қылсын да тұрсын», — депті дейді.

Сонан соң қырғыз Орман: «Өз басы аман болған соң, аузына не келсе соны айта береді, — деп, — біздің Жаманқарамыздан артық па?» — деп, Кенені өлтіріп тастаңдар дегенде, қылыш шабамын деп ең алғаш қол көтерген қырғыз қолын көтерген бойымен сіресіп қалды. Оның өзінен әл кетіп, шаба алмай қалғанын сезбей, жанында тұрған бір есерсоқ арсалаң қылышты жұлып алып, Кене ханның мойнына салып жібергенде, Кене ханның басы да жерге түседі, шапқан батырдың өзі де сылқ етіп құлай кетеді. Қараса, табанда жаны шығып кетіпті. Үйіне көтеріп алып барған екен, өлтірушінің үй ішіндегі қатын-баласы жалп ете түсті. Сонан соң қырғыз халқы Кенесары ханды өлтіргеніне көп пұшайман болысты дейді. Сол өлтірушілердің тұқым-тұқымы бұл күнге шейін быт-шыт болып тозып кетті дейді. Жантай өлтірген кеңестің ішінде жоқ екен. Өлтіргендерін де оңды ұнатпаған екен. Бас терісін сойдырып, орыс жұртына жіберген екен. Сол үшін Шабдан Жантаев, Қарабековтер Руссияға құрметті кісі болып сұһрат тапты.

Кенесарының Ахмет дейтін баласы император ағзамның таққа отырыс мәжілісіне барғанда, Шабдан да һәм болған. Сонда Шабдан бір сөз сөйлегенде, Ахмет төре айтыпты: «Бұл мәжілісте қолынан да, тілінен де келетұғын ғаламнан озған алаяқтардың сөйлегені жарасады. Тілі жоқ сақау, қолы жоқ шолақ, аяғы жоқ мешел сықылды қырғыз, қазақтың баласы едік қой, екеуіміздің мінгесіп кісі болып жүргеніміз бір өлген өліктің денесі ғой», — депті. Сонда Шабдан дәнеме дей алмапты дейді.

Тілеуғабыл манап Наурызбайды інісінің бодауы үшін көп қырғыздың ортасынан жеке өзіне меншіктеп алды. Сонда қырғыздарға айтты дейді: «Мұны өлтірсем, неге өлтірдің демендер, өлтірмесем, неге өлтірмей қойдың демендер. Інім үшін маған бердіңдер ғой, ықтиярым өзімде болсын. Үйіне алып барған соң өлер төре, өлер інім өлді, сені өлтіргенмен ол тірілмейді, сені тайдай тал түсте жөнелтсем, тамам қырғыз

соңыма түсіп, өзімді бұл Алатауда тірі қоймайды. Сенімен түнде жіберейін. Менің атымды мін де, киімімді ки де, түнде қаш. Сені ешкім қуып жетіп түсіріп ала алмайды. Мен риза, Құдай риза, маған сенің өлмегенің керек», — дейді. Сонда Наурызбай: «Кенесары, Наурызбай қолға түсіпті де, Кенесары өліп, Наурызбай қашып кетіпті деген сөз өлімнен гөрі, ол маған жаман атақ. Менің бұл атақпен тірі болып үйге барғаннан да, өлгенім артық. Жиырма беске жеткенім жоқ, бірақ жүз жасаған кісінің сүретұғын дәуренін сүрдім. Тіршілікпен бұл жалғанға менің арманым жоқ» депті дейді.

Өлтіруге көзі қимай Тілеуқабыл Наурызбайды үш ай тоқсан күн сақтапты. Қырық жігіттің отыз тоғызын өлтіруге ыңғайлапты да, манаптың өзі басы қатып, бір жігітті сол үшеуі ортасына алып жатып жүріпті. Ақырында Тілеуқабыл өзі бір жаққа кеткенде, жанкүйері өлген қырғыздар Наурызбайды өлтіріп тастапты. Наурызбайды өлтіргенде дәнемеге ұшыраған жоқ деседі.

### 135. Наурызбай туралы

Наурызбай көп қолмен (ішінде Кененің өзі де бар) кешке жақын қалың орманда келе жатса, сондарынан бір зор қабан қалмай еріп отырады.

Наурызбай: «Мына қабанға кім шабады?» — дейді. Жігіттерінің бірі беттеп шыға алмайды. Наурызбай өзі баруға сайланады, бірақ Кенесары Наурызбайға да, басқаларға да билік қойып мынаны айтады: «Ырыссыз елдің ері апанға шабады» деген, бір жерлерің мерт болып, сүйектеріңде таңба қалар», — дейді.

Қабан ымырт жабылғанша, қонатын жеріне тоқтағанша қалмайды. Сонда Наурызбай кейіп, бес қаруын да қолына алып Ақауыз атты қамшымен тартып жіберіп, қабан жаққа қарап шапты дейді. Әлде қайтеді деп соңынан жеті-сегіз жолдасы да ере жөнелген екен. Наурызбай сол бойымен қарсы шапқан қабаннан өтіп кетеді. Ал қабан қарайып көрінген боймен қозғалмай тұрып қалады. Не болды деп келсе, Наурызбай найзамен тұмсықтан шаншып, қылышпен шауып, қанжармен жарып, мылтықпен атып, бес қарудың бесеуін де жұмсап кеткен екен дейді.

### 136. [Наурызбайдың қарындасы]

Наурызбайдың қарындасы Қарашаш далада жатқан жылқының бір құмалағын атпен шауып келе жатып найзамен шаншып іліп алады екен. Серке терісінен тұмар бояуға бояған сары шалбар киеді екен.

### 137. [Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі]

Бір күні бір шал баласымен қамыс қиып жүргенде, шалдың қасындағы баласын жолбарыс жарып тастайды. Шал қашып құтылып Наурызбайға келіп айтады: «Жолбарыстан кегімді алып бер, егер әлің жетпей тырнағында қалып қойсаң, жаныңа бақыл бол», — дейді.

Наурызбай: «Құп, болады» деп қасына сегіз жігіт ертіп, тауға жолбарыстың жатқан жерін мезге», — дейді. Шалдың мезгеуімен жақындау келген кезде сегіз жігітті найзаларын жолбарысқа туралатып қаз-қатар жүргізеді. Егер жолбарыс қарсы шапса, найзаға шаншып көтеріп аласыңдар дейді де, өзі екінші жағымен озыңқырап кетеді. Бір уақытта жолбарыс келе жатқан сегіз көкжалды көріп, оларға қарсы шауып атылады. Жолбарыстың зәріне шыдамай жігіттер аттарының басын кері бұрып найзасын қисайтып жібереді. Бірақ атылған жолбарыс жігіттерге жете алмай, омақаса құлайды. Аздан кейін жігіттер кері айналғанда жолбарыстың екі бөлініп жатқанын көреді. Үйткені сол екі арада Наурызбай Ақауыз атпен ағызып келіп, жолбарысты белден бөліп кеткен екен дейді.

### 138. [Құрманқұлдың Наурызбайдың ерлігіне риза болуы]

Ахмет правитель Кернесары, Наурызбайдан қорғану үшін бір бөлек әскер ұстайды. Ол әскердің бастығы қыпшақ руының Арық тайпасынан шыққан Құрманқұл Тұрдықұл баласы деген батыр болады.

Наурызбай Ахмет правительдің ордасын шауып, бірнеше қолмен жылқысын айдап кетеді.

Ахмет правитель «аулымды қайта оралып шаппасын» деген қауіппен бір топ әскерін қарауылға жібереді. Бастығы — жоғарғы Құрманқұл. Құрманқұл әскерін таудың етегіне түсіріп, әр жерден қарауыл қойып қарап тұрды. Таң сарғайып атқан кезде, таудың басынан етектегі әскерге қарай ағып келе жатқан жалғыз қараны көреді. Өлгі қараның жұлдыздай ағуымен қатар, екпін дүрсілі тауды солқылдатқандай. Бұл кім, бұл не деп әскер үрейленеді. Құрманқұл әскерін бастап тәртіпке салып, тобын жаздырмай қаз-қатар тізіп тұрады.

Ағызып келе жатқан Наурызбай екен. Манағы дүрсіл Ақауыздың жерді тесіп кеткендей желісі болып шығады.

Құрманқұл және оның әскері қорқып тегіс қол қусырып аяғына бас иеді. Содан кейін Наурызбай амандасып, жөн сұрасып тілдеседі. Сонда астындағы Ақауыз шыйыршық атып тұрмай, басқан жерін аяғымен жер ошақ қып қазып, есік пен төрдей жерге атылады. Наурызбай тоқтатпаса, Ақауыз әскерден қарғып кеткендей, шөп қып тастап тастағандай, қамыс құлақтары тастөбесіне, көздері оттай жанған, танаулары шелектей көкке қарғып тұрады.

Наурызбай олармен танысқаннан кейін қош айтысып, Ахмет правительге жеткізуге Құрманқұлға бірнеше сөз тапсырып, кері қайтады. Наурызбай ұзақыраған мезгілде осы қолдың ішінен Шабдар деген мылтық атады. Наурызбай мылтықтың даусын естіп, қылышын суырып Шабдарға келгенде, Шабдар шыдай алмай, қашып, қалың топтың арасына кіріп кетеді. Құрманқұл Наурызбайдың алдына барып: «Мұның өзі қалай болса солай есалаң кісі еді», — деп көпшіліктің Наурызбайға бағынатындығын айтады. «Ә, солай ма еді?!» — деп Наурызбай қылышын қынабына сарт еткізіп салады да, айналып жүре береді. Сонда Құрманқұл: «Наурызбайдың ерлігіне ырза болдым», — депті.

### 139. [Наурызбай]

Наурызбай жігіттерін найзагерлікке үйреткенде тостаған төңкеріп, түбіне жұмыртқа отырғызып, шауып өтіп бара жатып найзамен түйрейді екен. Ал Наурызбай өзі еткенде жұмыртқаны орнынан түсірмей үш түйреп кетеді екен дейді.

### 140. [Наурызбай мен Бұқарбай]

Наурызбай Бұқарбаймен күресіп, кезектесіп сілтесуге кезегін Бұқарбайға береді. Бұқарбай қыл шылбырды беліне қос қабаттан салып тартқанда, Наурызбайдың табанын қозғалта алмаған екен дейді. Кезек Наурызбайға келіп, Ол Бұқарбайды қос шылбырмен тартқанда, шылбыр үзіліп кеткен екен. Сонда Бұқарбай: «Жетті енді, сенің күшіңнің басым екендігі айқын болды», — депті.

### 141. [Наурызбайдың келбеті]

Наурызбай адамның сырттаны екен, түрегеліп тұрғанда екі қолы тізесінен төмен түсіп тұрады екен және білегі жәй адамдардың білегіндей екі айыр сүйек емес, тұтас сом сүйек екен дейді.

### 142. [Науан мен Қойшыбай]

Қалмақ руы, қыпшақ тайпасы Байсеке батырдың баласы Қойшыбай он екі жасында бір байға қойшы болып қой бағып жүргенде, ала құйындатып шауып келе жатқан біреуді көреді. «Әлгі келе жатқан адам еңкейіп екі жағынан да кезек құм уыстап шаша отырып, сол бойымен маған келіп: «Бұл кімнің қойы, ауылың қайда?» — деп сұрады, мен ауылдың жөнін көрсетіп қала бердім, шаба жөнелді. Ол адамның өңі жас та, тұлғасы мен түрі батыр сынды. Артынан қойды айдап келсем, әлгі кісі байдың үйінде (бай ақсақал адам еді) ертеке айтқызып тыңдап отыр екен. «Батыр қуып келіп жауын таба алмай қалыпты» деп бай ақсақал ертектің аяғын тоқтатты. Сонда әлгі жігіт:

— Жауы қайда жан сақтап қалыпты? — деп сұрады.

— Мына секілді кебежеге кіріп кетіпті, — деді ақсақал.

Бұл секілді кебежеге кіріп кетсе, неге шауып жібермеген? — деп жігіт қылышымен шалдың кебежесін екі бөліп тастайды. Артынан сұрастырып қарасам, бұл кісі Наурызбай екен. Сонда Науан он екі жасында менімен түйедей құрдас екен», — деп әңгімесін бітіреді екен Қойшыбай батыр.

### 143. Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен

Бір күні Кенесары ерігіп отырып, кешке жақын балуан күрестірсе, Әжібай батыр күрескендерді жыға береді. Наурызбайдың жас өспірім күні екен. «Менімен күрес», — деп Наурызбай тап-тап береді. Әжібай: «Қой, төре баласымен күреспеймін», — деп екі рет қайтарады. Наурызбай: «Жоқ, күресем», — деп үшінші рет тап бергенде, «Шиаяқ бота сияқтанған төренің баласы, бергелші», — деп Әжібай алып ұрады. Наурызбай сұрланып жүре береді. Сонан кейін Әжібай Наурызбайдан сақтанып жүреді.

Бір күні Кенесары Ақмола қаласын шаппақ болып, салдаттарды бекіністі казармаға қуып тығады. Салдаттардың ішінде Қоңырқұлжа төре болады. Салдаттар бекіністен оқ атып тұрып: «Мыналар қоятын емес, берілсек қайтеді?» — деп ақылдасқанда, Қоңырқұлжа: «Мына менің жез аузыммен адамды дөлдеп атып жықсаң, өнтектен соң жау қашады», — деп өзінің мылтығын бір атқыш салдатқа береді. Салдат ең алдымен таянып келген Басығара батырды атып жығады. Кенесарының қолы Басығараның сүйегін алып кейін қарай қашады. Салдаттар артынан қуып ұзақ жерге барған кезде, Домбырашы ханымды қолға түсіреді, онымен ұрысты тоқтатпай қуа береді. Бір мезгілде Кенесары ханның аты оққа ұшып жығылады. Сол кезде батырлар өлгеніне қарамай атты қойып келіп, Кенесарыны өлген аттың үстінен көтеріп алып кетіп, ер-тоқымын да қалдырмай алып шығып, басқа атқа мінгізіп салдаттардан құтылдырды. Бір жерге келіп адам түгендесе, Домбырашы ханым жоқ. Кенесары:

— Кел, батырлар, жау қолында тірі қалдырып кеткен соң, тірліктің не сәні бар? — дегенде, шұбыртпалы Ағыбай батыр:

— Тақсыр, оққа ерліктің әлі жетпейді, Басығараны көрмедік пе, басқа адам сау болса, бір адам ешнәрсе етпес, ертең осы уақытқа дейін Домбырашы ханымды қайтарып алып келу менің міндетімде болсын, — дегенде,

— Көсе, мақұл, ендеше, — депті.

Ай қараңғы екен. Ағыбай жалғыз өзі түнде келсе, салдаттар мылтықтарының аузын жоғары қаратып, біріне-бірін сүйеп, қос-қостатып тігіп қойып, ортасында жағып қойған от бар, тегіс ұйықтаған екен. Екі жаяу салдат қолында мылтығы бар ұйықтаған салдаттарды кеңінен қарсы айналып өтіп, күзетіп

жүр екен. Атын кейін тастап Ағыбай жаяу келіп, екі салдат қарсы келіп екі жаққа қарай айқасып өткен жерінен ішке кіріп кетіп, іздеп жүрсе, Домбырашы ханым басын көтеріп шошайып отыр екен. Басқа жан тегіс ұйқыда екен. Бір бұлық қапқа салып алып, күзетші тағы айқасып өткенде, арқалап алып шығып кетеді. Ханымды алып келген соң, Кенесары құдайы қылып, жұрт алқа қотан жиналып отырғанда, Кенесары: «Е, жұрт, таршылықта жағаласқан жауды аңду керек еді, біздің батырлар бірін-бірі аңдиды, осымен жүріп ел бола аламыз ба?» — дегенде, Наурызбай тұрып келіп: «Аға, қолыңызды беріңіз», — деп Әжібайдың қолын ұстайды. Мұның себебі, кеше Кенесарыны батырлар жаудан айырып алуға батырлар жанталасып шауып келе жатқанда, Әжібайдың құйрығынан найза сарт ете түседі, артына жалт қараса, Наурызбай бүлдіргелі найзасымен Әжібайды атқан екен, найза төмендеп келіп ердің артқы қасын бөліп түсіп, құйрықтан қадалған сол екен. Әжібай мұны сыр беріп ешкімге айтпапты, басқа жұрт білмейді, жығылған аттың үстінде отырып Кенесарының көзі ғана шалыпты. Әжібай сол уақытта: «Құйрығым сыздап отырғызбай отыр еді, тек білдірмей отыр едім. Сол қол ұстағаннан кейін ғана Наурызбай бар жерде алаңсыз бел шешіп ұйықтайтын болдым», — деген екен.

#### 144. Дос болсаң, тама Танашпен дос бол!

Ең алғаш қазақ орысқа қарап, дуан аузы ашылғанда Шоң би аға сұлтан дуанбасы болған. Шоң би өлген соң Шорман аға сұлтан дуанбасы болып сайланып шығысымен үйіне барып өлген. Ереймен тауының сыртында өліп көмілген. Жері «Шорман тауы» атанып қалған. Кенесары, Наурызбай көтерілісі жұртқа апалаң-топалаң болған. Баянаулада Поштай аға сұлтан дуанбасы, Қараөткелде Қоңырқолжа аға сұлтан дуанбасы. Кенесары Қараөткелге өрт саламын деп қамағанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрып, ұрыс-соғыс қылған.

Ақтау, Ортауда Кенесары мен Қоңырқұлжа тағы қарсыласып соғысқан. Қараөткелді қамағанда, Кенесары «күлдірмамай» деген мылтығымен Тайтөбенің басында тұрып, орыстың қарауылшы баласайкасын атып мұрттай ұшырған екен. Тама Танаш батыр бір шапанды майға бұлғап, бір шетін отқа жандырып, найзаның ұшымен көтеріп барып, атып тұрған оқты ке-



рек қылмай, апарып тастай берген екен. Басқа шапқан батырлардан оққа ұшыраған қыпшақ Басықара батырға оқ тиіп, қан майданда қала берген екен. Тама Танаш батыр Басықарамен құшақтасқан дос екен. «Өлсем, өлейін! Басықарамен сүйегім бір жерде қалсын», — деп қайта шауып барып Басықараның сүйегін алдына алып өңгеріп келгенде, Кенесары хан айтқан екен: «Дос болсаң, тама Танаш батырмен дос бол!» — деп. Көп заманға шейін бұл сөз жұрт аузында қалды. Қараөткелге өрт салған күн бір орыс мінген Қоңырқұлжаның боз арғымағы таңертең Қараөткелден шығып, күн бата Қызылжарға барыпты, екі арасы бес жүз шақырым деседі.

### 145. [Тыналы болыс]

Тыналы болысты Наурызбайдың баласы еді деседі екен. Оны Тіней Бесімбай айтады екен. Сүйін Жарқынның баласы Жүсіп деген төменгі Алтайда, заманындағы қариялар мұны Кенесарының баласы деседі екен. Қазақ ішінде осы сықылды ұсақ сөздер көп болады. Бұрынғылардың «ат биеден, алып анадан туады» деуі бекер емес-ті, қашан да болса жақсы бала жақсы ұрғашыдан туады.

Төменгі Алтай деседі. Әліке, байдалы деген екі рулы ел бар. Сол байдалыдан Аққошқар Сайдалы, Сүйін, Жарқын атанған байлар шыққан. Кеше Кенесарыға төлеңгіт болып, соның «ашса, аясында, жұмса, жұмырында» болған. Сол Сүйін, Жарқынның Жарқыны Кенесары қырғыздан қырғын тапқан жолы, қырғыз қолына тұтқындыққа түскенде: «Сүйін, жарқынның Жарқыны мен едім», — деген соң, мұны өлтірмей, «елін тапса мейлі, мұнда тұрып қалса да мейлі» — десіпті. «Жасымнан жолдас болдым, құтылдым ғой деген кісідей қайдан ел іздейін, тірі де тілеуім бір келген жолдас едік, өлсем молам бірге болса, болады» — деп қалыпты. Қалған өмірін қырғыз ішінде өткізген жан. Бұрынғылар осындай тату болады екен.

### 146. Қойлыбай қырғыны

Бірғыз ауданының солтүстік батысына таман екі жүз километрдей жерде «Жантай, Толыбай» деген өзендер бар. Осы

Жантай өзенінен шығатын бір сала аңғарды «Қойлыбай қырғыны» деп атайды.

Абылайдың немересі Қасым төренің балалары Кенесары мен Наурызбай қазіргі Орынбор, Челябинск орталығындағы Бреда станциясының маңайындағы қазақтардан алым-салық жинап, бірқатар көнбеген қазақтарды күшпен өзіне қосып алып, қарулы жасақ жинайды. Тек қазақтар ғана емес, поселкедегі орыс шаруаларына да зәбір жасай бастайды. Кене мен Наурызбайдан жапа шеккен орыстар қолдарына қару алып, Бредаға бекінеді. Қанша қамаса да, Бреданы басып ала алмайды. Мұнан кейін Кенесары, Наурызбай Бреда поселкесін алудың амалын ойластырады. Қазақ үйлерінен мысық жинайды. Түнде ел ұйқыға жатқанда елу мысықтың құйрығына майға батырған шүберек байлап, оған от тигізіп поселкеге қоя береді. Майға малған шүберек лаулап жанып, жаны ышқынған мысықтар үй-үйдің түкпір-түкпіріне ыршып, тығылып, поселкені өрт алады. Ұйқыдағы халық төсегінен жалаңаш жалпы шыға қашып, поселке азан-қазан болады. Осы кезде күтіп тұрған Кене ханның әскерлері жусатып қырып салады. Бірлі-жарымдай болмаса поселке түгел дерлік жанып кетеді.

Бұл сұмдық хабар тез тарайды. Кенесары, Наурызбайға патшадан құралды әскер шығады. Мұны есіткен Кене хан да дайындалып, жасақтарын соғысқа әзірлей бастайды. Бірақ қару-жарағы сай тегеурінді әскерлерге төтеп бере алмай, шегініп қаша бастайды.

Осы күні сол Кенесары, Наурызбай өртеген Бреда станциясын қазақтар «Күйік» деп атайды.

Кене сол қашқан бетімен жолшыбай бейбіт елді тонап, өзіне еркімен қосылғанды ертіп, қосылғысы келмегендерді күшпен көндіре отырып, Жантай, Толыбай саласына келіп аялдайды. Артынан құған патша салдаттары жағалбайлы руынан Қойлыбай дегенді басшыға алып ізіне түседі. Қойлыбай жасында найза ұстап, талай жортуылға шыққан батыр адам екен. Бірақ бұл кезде жасы жетпістен асып, сексенге жуықтаған кезі екен. Сонымен Қойлыбай бастаған әскер Жантай, Толыбай қос өзендегі жатқан Кене ханның әскеріне шабуыл жасайды. Кененің әскерлері шегіне ұрыс салады. Ақырында бір-бірін ала алмай, екі жағада бекініс жасап жатып алады.

Орыс салдаттары күзет қойып, сай бойына шатырын тігіп, бекініс жасайды.

Кене мен Наурызбай бастаған әскер орыс әскерлерінің елеусіз ту сыртынан келіп тиіседі де, бейқам жатқан орыстар қапелімде сасып қалып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Қойлыбай қоста жалғыз қалады, қашпайды. Биік төбенің басына шығып жалғыз отырады, «менің жасым ұлғайған кісімін, менде не шаруасы бар» деп ойласа керек. Бірақ Наурызбай бастаған топ жалғыз отырған Қойлыбайды жан-жағынан қамалап, найзаға шаншып, тік көтеріп жерге тастап жібереді. Мұның үстіне Кене хан келіп Наурызбайға: «Бала, мұның қате болды, жасы жеткен зиянсыз шал еді», — депті дейді.

Қазір ол жер Қойлыбай төбесі деп аталады. Соғыс болған сай «Қойлыбай қырғыны» деп аталады.

Бұл айтылған жерде өлген адамның сүйегі, басқа да көптеген мүше сүйектері осы кезге дейін көп кездеседі. Кенесары бастаған төленгіттер енді табан тірей алмай жылыса бастайды.

Сол қашқан бетімен жолшыбай кездескен қазақ аулына алым-салық салып, зәбір-жапа көрсетеді. Кіші жүздің байұлы деген руындағы Жаппас тайпасына келіп, отаулап үй тіктіріп, қыз алып жатып, өрескел зорлық жасайды. Ол жаппас руының халық қамқоршы батыры Төлегенұлы Жанғабыл деген кісі екен. Жанғабыл елде жоқ, жолаушы кеткен екен. Астыртын Жанғабылға хабар жібереді. Хабарды естіген Жанғабыл қамданып елге келеді. Жанғабыл келсе, Кенесарының інісі Наурызбай бір топ төленгітімен отаулап, үй тіктіріп, жақсы қыз-келіншектерді алып, оңаша жатыр екен дейді.

Мұны көрген Жанғабылдың зығырданы қайнап, шыдамы таусылады. Жанғабылдың елі: «Асығыстық етпеңіз, шыдау керек. Қазір бірден барып, киліксең, екі жақтан да шығын көп болады. Бірыңғай көзсіз ерліктен еш нәрсе шықпайды, айла-амалмен әрекет еткен дұрыс», — дейді.

Жанғабылдың жігіттері Наурызбайды төленгіттерімен бұрынғыдан да бетер дегенін орындап бәйек болады. Үй-үйге бөлініп түскен Наурызбайдың нөкерлерін түнде бірінен соң бірін шетінен сүйреп шығарып, тұтқындай береді. Сырттағы қарауылында әйел киімін киінген жігіттер мұнан бұрын алдап қолға түсіріп жайғастырады. Төлегенұлы Жанғабыл бастаған топ Наурызбайдың тоқсан жігітін өлтіріп, Наурызбай өзі қашып құтылады.

Міне, сонымен Кіші жүз қазақтарына сия алмай Кенесары, Наурызбай шығысқа қарай оңтүстікке ығыса береді. Сол кет-

кеннен Ұлы жүзге барып қырғыздармен соғысып, сонда қаза табады дейді.

### 147. Батырлыққа сын

Кенесары хан Ұлы жүз үйсіннен қол жинамақшы болады. Жасы ұлғайып қалғанына қарамай, Бөлтірік шешен де жинап берейін деген екен. «Не дейсің, Бөлтірік батыр сауын айтыпты, қол жинап жатыр, Кенесары ханға қосылмақшы екен», — деген хабар шығады. Содан Қаратау, Шу Талас өңіріндегі Ысты ағайындардан ат жалын тартып мінер азаматтар атқа қонады. Қосында мыңбасы болып Бөлтірік батыр өзі бастап барған. Кенесары хан «Бөлтірікті ел батыр дейді, мен мұны сынап көрейін» деген екен. Ел көреміз, жер көреміз деген желеумен Бөлтірік шешенді ертіп, хан Кене үш кісімен жол сапарға шыққанда, жолда молаға жасырынып қалу үшін өзінің жансызын жіберген екен. Күн суытып, қар борап тұрады. Түн қараңғы. Суыт жүріп келе жатқан жолаушылар бір ескі қорымға кез келеді. Біразырақ дамылдан кейін от жағып, жылынып алалық деп ұйғарады.

Бір атқосшы аттарды жайғап, екіншісі ас-су қамына кірісіп, үшіншісі отын жинауға жөнеледі. Қылтасы жоқ қазақтың кең даласында қурай мен сынық шыбық қайдан табылсын. Әлгі жігіт мола ішін аралап кетеді де, қорқып, ізінше қайтып келеді. Екіншісі де баруға жүрексінеді. Сонда намысқа шыдамаған Бөлтірік батыр:

— Әй, туа шөккір! — деп барып ескі қорым ішінен ағаштарды жинай бастайды. Сонда әлгі хан Кененің жансызы:

— Ей, Бөлтірік! Тірлігімде тыныштық бермеп едің, ең болмаса көрде жатқанда тыныштық бермейсің бе? — деп дауыс береді. Сонда Бөлтірік батыр, бүлк етпестен отын жинап жүріп:

— Иманың саламат болғыр. Көріңде тыныш жат! Ағаш болмаса, отын орнына сүйегіңді жағуға тура келеді. Тірінің тірлігі бар, — деген екен.

Бөлтірік отын жинап кеткен соң көрден Кенесарының жансызы шығып келеді. Кейін отқа жылынып, жан шақырған соң, оңаша алып шығып әлгі адамнан Кенесары сұрапты дейді: «Қалай екен?» — деп.

— Мен дыбыс берген кезде бұл етпестен батыл жауап қайырды, — дегенде,

— Жә, болды, бұл шынында да батыр екен, — деген екен хан Кене.

### 148. [Бөлтірік шешеннің батыр атануы]

Бөлтірік өте шешен, тапқыр кісі болған. Бірақ мықты батыр кісі болмаса керек. Оның Бөлтірік батыр атануының себебі мынадан екен. Қырғыз, қазақ бас қосқан бір үлкен ас болады. Осы аста қырғыздың қосшы деген шағындау бір атасының ұлынан шыққан Мәмен деген батыр жігіті найза алып сайысқа шығады. Мәменнің бұрыннан сырын білетін қазақтар оған сайысқа шыға қоймады. Ел бөгеліп қалғасын, Бөлтірік: «Атымды әкел, мен шығамын», — дейді. Ел аң-таң, Бөлтірік ат та таңдап мінбей, өзінің жай мініп барған атымен қолына найза да ұстамай шыққан соң, Мәмен іліп тастармын деп тура сайысуға дайындалды. Бөлтірік ыңғайланған Мәменге таянып келіп: «Қырғыздың жуан манаптары сені қосшысынып, қазақтың жуандары мені ыстысынып, өлсе, осы екеуі өлсін. Бәйгені біз аламыз деп шығарып отырғанын көрдің бе? Таста найзанды, бәйге сенікі болсын. Мен батамды берейін», — депті де, өзі қолындағы найзаны жерге тастайды. Мәмен де найзасын тастап береді деп қолын жайғанда, Бөлтірік жүгіртіп келіп Мәменді талмау өкпеден бір қойып аттан түсіріпті де, бәйгені қазақ әкетіпті. Міне, Бөлтірік осыдан барып батыр атанған.

### 149. Үйсін Бөлтірік батыр

Кең сахарада Алатаудың төсінде кең жайлап жүрген үйсіннен Кенесары жылқы алып кетті. Үйсіндер қуып жеткенше ұзап кетті. Таң ата қуғыншылар таяу келіп, айқын дала жағын алып, Кенесарының қолын ығыстырып, бір үлкен көлге қарай бетін бұрды. Бұл көлдің шетінде ұзақ жері ми былқылдақ, өтуі қиын жер екен. Мұны Кенесарының қолы білмейді.

Қол жылқыларды алдына салып өздері артынан сойыл, үстінен сойыл салып айдады. Тай-құлындар мида қалқып жа-

тыр. Түс ауған мезгілде мидың шетіне Кенесары шықты. Кенесары өз бетімен қашпайды. Алдынан екі кісі, артынан екі кісі, жанынан саргардан батырлар жүреді.

Сол жолы Ағыбайдың бәйбішесі Талшыбықтан туған он бес-он алты жаста Аманжол бірге еріп шыққан. Ағыбай жан-жағына қараса, еріп келе жатқан баласы Аманжол жоқ, ізінше қайта қайтып келе жатса, Аманжолдың астындағы күзеулі кер милап жатыр екен. Аманжол аттан түсіп бір томаршаның басында жылап тұрғанын көріп, қасына келіп: «Кімнің баласысың?» — деп сұрағанда, «Атамның баласымын». Ағыбайдың әкесі Олжабай. Ағыбай «кімнің баласысың?» деп сұрағанда, «сенің балаңмын» деп айтар ма екен деп сұрағаны. «Жарайды, атаңның баласы болсаң», — деп қолынан ұстап, артына мінгестіріп, күзеулі керді «шу, жануар!» дегенде, Ағыбайдың даусын естіп, кісінеп, барлық күшімен бірақ секіріп мидан шықты.

Күзеулі керді жетектеп, Аманжолды мінгестіріп құрғаққа шықты. Сол мезгілде үйсіннің қуғыншылары көз көрім жерге кеп қалған екен. Бұлардан жеке қара біреу ұзап шықты. Сол уақытта Кенесары жан-жағына қарап: «Көсе қайда? Дәуде болса, осы Бөлтірік шығар, ей, Көсе сен бар, ұзын етек үйсінді шолтаңдатпай жайғап кел?!» — деп әмір етті. Ханның жарлығы екі бола ма? Ағыбай ақжелек, тоғыз қазықтан қиған найзаны оң қолына, ұзын қылышты сол қолына алып, Көкбестіні ортекедей секіртіп қарсы шапты. Бөлтірік ұрандап, қамданып, бұ да бетін бұрмай қарсыласуға лайықтап, астындағы тор жорғаға қамшы басып ұмтылды. Найзаны Бөлтірік сала бергенде, Ағыбай қағып жіберіп, өз найзасымен киімнен үш түйреп, жерге жықты. Тор жорға да аяң да, желіс те жоқ, жорғадан басқа шабыс та жоқ. Сонда Бөлтірік батырдың айтқаны:

— Ей, Ағыбай! Үлкенді сыйламағаның қалай? Ағыбай:

— Ей, өз аға! «Жауды аяған жаралы қалады» деген қайда? Қарсыласқан екеумізде өлімдеміз, бұ да менің аяғаным, сіздей өз аға табылмас деп.

— Жарайды, Ағыбай! «Жауың да, дұшпаның да, достың да ер болсын» деген, жарайды, тор жорғаны ұстап бер? — деген соң, әкеп берді.

— Ей, өз аға! «Ер кезегі үшке дейін» деген, қайтыңыз, бұл сапарда жолыңыз болмайды, енді қарсыласпаңыз, — деп өз бетімен қайтып кетті.

Ағыбай келгенде Кенесары сұрады:

— Ұзын етек үйсінді жайғадың ба? — деп. Ағыбай айтты:

— Найзасын қағып сындырып, киімнен үш түйреп жерге құлаттым. Кене оған:

— Неге өлтірмедің? — дегенде, Ағыбай айтты:

— Ей, хан! Жау дұшманыңды мерт қылма, екіншіде байқап жүреді, Бөлтірікті өлтіріп, үйсіннің белін сындырайым ба? Киіз туылдырықты қазақтың арын төгіп, сатайым ба? Өзі де қайтты. Бөлтірік қуғыншыларын алып қайтып кетті.

Бөлтірік екінші жыл үйсінге ұран салып, қол жинап, аттондарын сайлап жатқанын естіп, баршыға Кенесары екі кісі жіберді. «Қоңыратпыз деп аралап, ел шетінен біліп қайтыңдар?» — деп. Бұлар шалғыншылар тезінен қайтып келді: «саптанып, қамданып жатқаны рас екен» деп. Кенесары Ағыбайға айтты: «Былтыр-ақ жайғап тастайтын немені тірі жіберіп, шолтаңдатып қойдың? Қазақтың белі, ары сынады деп, енді қолға хабар салайын, қарсы барайық». Қол шеру тартып үйсінге жөнелді. Бөлтірік о да шеру тартып келе жатқанда, Кенесары қолына ұшырасты. Екі қол шектесіп тұрды. Бөлтірік батыр:

— Ей, үлкен ағалар, кіші інілер! Кенесарының қолы көп, не қылғанмен бізді жеңеді, көбіңді қырғызып қатын-балаларыңды жетім-жесір қылғанша, мен жекеге шығып сайысайын, өлсем мен де бір ұл иә туар, иә тумас, Ағыбайдан басқасы шықса, берді Құдай! Ағыбай болса, кезекті берер ме екен?» — деп ұрандасып жекеге шықты.

Кенесары:

— Ей, Кесе! Аяма, қазақтың намысын жыртпа? Жайғап кел, иә болмаса өл! Хан жарлығы екі болмайды. Ағыбай көк бестіні текіректетіп қарсы шапты. Ағыбай жауынан бұрын қимылдайды екен. Соның найза-қылышын аңдып, саймандарын бағып, өзіне дарытпай не қағып сындырып, не болмаса ыңғайына келсе, тартып алады екен. Әгарда бұл екеуі болмаса, тоғыз қазықтан қиған найзаны мылтықтай атып жібереді, найзаның түбінде құлаш төс жара қайыстан шыжымы болады, найзаны тартып алатын. Бөлтірік батыр оң қолына қос желек найзасын алып, семсерін сол қолының қарына іліп, қаһарланып, ашуланып, түксіп қарсыласа бергенде, Ағыбай тор жорғаның бүйірінен найзаны атып жіберіп құлатты. Бөлтірік атпен бірге құлады. Құлап жатып айтқаны:

— Ей, Ағыбай! Ханың Кенесары жүзге келмес, сен мыңға келмессің, ешкімнен Кенесары күшті емес, «түпсіз Уәли ханның, сарттың баласы» деп әсектеуші еді арғы атасын, абиырын қазақтың баласы сен жауып тұрсың ғой, енді елімді жетім-жесір қылғызба, саған тапсырдым, — деп қолдарын тоқтатып, қайтты.

Ағыбай аман-есен келгенде Кенесары айтты:

— Ұзын етек немені былтыр ғана жайғап тастайтын еді, бұл шолтаңдағанын қоймайды? Ағыбай айтты:

— Арпа ішінде бір бидай өлсе, үйсінде бас көтерер кісі жоқ, ол енді шолтаңдамайды. Шолтаңдаса, біткен жері «ер кезегі үшке дейін». Мен Бөлтірікке уәде беріп келдім, осы сапар еліне тимеске, жесір-жебір, жетім қылмасқа, қайтайық.

Кенесары үш күн жатып не қыларын біле алмай, Ағыбайдан күніне үш мезгіл айтады:

— Шауып қайтсақ, не қылады? Сонда Ағыбай айтады:

— Иә, Кене хан! «ер жігіт екі сөйлесе — өлгені, қара жерге тірідей көмілгені».

— Ұзын аққан Алатаудың төсінде  
Мекен қылған үйсін де.  
Аласы-бересіміз жоқ еді ғой,  
Бөлтірік сықылды батырды өлтіргенде.

Арғы атам бір қазақтың баласымын,  
Бөлтірікті өлтірсем, үйсіннің белін сындырамын.  
«Ерді намыс, қоянды қамыс» дегендейін,  
Қазақтың арын төгіп не қыламын?!

Ағыбайдың сөзін Наурызбай әм қолдың бәрі мақұлдады. Кене ағаң риза болмай қайтты.

## 150. [Ағыбай батыр]

Ағыбай ауырып Шұнақ деген жерде кіші бәйбішесі Шүкіжанның қолында болады. Баласы Сүбі елге хабар қылғызып: «Батыр ауру, кейін айтысам» дейді деп ел жиналып отырғанда, шұбыртпалы Кенесарының түрлі қиын соғысында найза қару-



мен болған Бектемір молла батырдан сұраған: «Я, батыр Ағыке, бізге кейін сөйлеп жүрелік сөз қалдырыңыз, қандай арманмен кетіп барасыз?» — дегенде: «Иә, Бектемір, менде екі арман бар: біреуі бұл сексен үшке келерімді білсем, баса қимылдар едім, екіншісі, тіршілігімізде Көкбестінің басын жіберіп бір шаппадым, құланға енесі шатысып туған еді», — депті.

### 151. Ағыбай батыр

Ағыбай батыр Кенесары, Наурыздың қоластында болған. Кезінде Кенесары қырғыздардың қолына түсіп, Ағыбай қашып кетеді. Кенесары, Наурыздың қолға түсу себебі — олардың алдына үйсіннің Сыпатай батыры ор қазады да, бетін шөптермен жауып қояды. Осының алдында Кенесары өзінің барлаушысын байқап келуге жібереді. Барлаушысы қырғыздар қазған орға түсіп кетеді. Барлаушысының ізімен шыққан Кенесары да сол орға түседі де, Ағыбай қашып құтылады. Еліне келсе, елі қоныстанған жерінен жоқ боп шығады. Біраз күн өткеннен кейін Қызыл Арайдағы «Ақжем» партиясы шақырып, Семей губерниясына Ағыбайды шақыртып алады. Патша оған:

— Менің алдымда тұрып сөйле, — дейді. Сонда Ағыбай:

— Менің тілім сөйлейді, аяғым емес, — деп патшаның алдында беті таймастан отыра береді.

— Сен Кенесары, Наурыздың кісісің, — дейді.

— Мен қол жинаған жоқпын. Мен Кенесары не істе десе, соны орындап жүрген адаммын, — деп жауап қайтарады.

— Сен кім болғың келеді, — дейді патша.

— Мен ел болғым келеді, елім бытыраңқы соны жинағым келеді, — дейді. Маған Есбергөнің Шұнақ деген жерін жайлауға берсеңіз.

Патша рұқсат береді. Шұнақтың Қаратал деген жерінде елімен қыстауда болады.

### 152. Ағыбай Олжабайұлы туралы

Кенесары, Наурызбай, Бала би Досбол, Басықара және басқалары жиналып отырғанда, Ағыбай Кенесарыға айтыпты:

— Біздің қолдың ішінде орнатылмаған бір жоба бар, егер бірін-бірі өлтірсе, соған құн кесу керек, — дейді. Сонда Кенесары айтыпты:

— Ердің құны елу түйе болсын, — деп. Ағыбай:

— Иә, тақсыр, алдияр, хан қараша қазақтың құны кесілді, енді төренің құнын кесу керек. Кенесары Ағыбайдың бетіне тесіле қарап, жаман көзімен үндемеді. Үшінші ретте ашула-ныңқырап суық түрмен қарап еді, «Күсі төренің құны жүз түйе құныкер әрі таңдамалы қыз, қалы кілем, қара нар болсын».

— Иә, төре, жақсы айттыңыз, сіздің ағаңыз Бопының құны да осылай, — деп. Кенесары ашулаңқырап түксиіп отырады.

Бала би Досбол айтыпты:

— Ей, ағаке, төрені өлтіремін деп пе едің?

— Ағыбай ашу келсе, төресі не, қарасы не, ретін білсін, — депті. Қолынан ешнәрсе келмейтін Бопы сықылданған жаман төрені көрсем екен. Ағыбай:

— Ұрғашының құны қандай? Кенесары:

— Қалың мал қандай болса, құны сондай, жиырма жеті бас жақсымен деген, басы жақсы деген байлар қырық жеті қарамалының үстіне бес-он, жиырма төрт, отыз түйе артық төлейді. Бағызыда бір байлар жүз-жүзден мал береді.

### 153. Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі

Сарттарды бірнеше рет Есенкелді, Саржан, Ержан шауып кемшілік келтіре берген соң, сарттар әдейі кісі жібереді. «Біз қаралық, балаларын жіберсін, сөйлесіп екі арамызды жалғастырып тұралық», — деп. Қасым Есенкелді, Саржанды, Ержанды жиырма кісімен жібереді.

Бұлардың ішінде Ағыбай он тоғыз жаста, жүр демесе де, бірге жүреді. Сарттардың шақырған жеріне барғанда, бұларды құрметпен алып сыйлай бастайды. Сарттардың даяшысының бірі қазақ екен, әрдайым келгенде Ағыбайдың екі көзі сонда болады. Жігітке Ағыбай сөйлесейін десе, сарттардың көзінше сөйлесе алмайды. Төртінші күні тамақты кеш бере бастайды. Бір ретін тауып қазақ жігіт ишаратпен «бүгін өлтіреді» депті. Сонда Ағыбай: «Менім атым ана жүрген, оның қасында Қызылауыз, боз екеуін дайында», — дегенде, жігіт басын изеп «жарайды» деп жүре береді. Ағыбай төрелердің қасына

келіп, ишаратпен өлтіретінін сездіреді. Кешкі тамақ келгенде, төрелер жей алмайды, сонда Ағыбай табақтарды алдына алып: «Өлсем — атауым, өлмесем — жол азығым», — деп бәрін жеп қойыпты. Табақтарын жиып алған соң, сарттар төрде отырған төрелерді біртіндеп шығарып алып бауыздай бастайды. Бесінші ретінде, қазақ жігіті Ағыбайдың бетіне қарап «дайын» деген ишарат көрсетеді. Алтыншы ретінде, қазақ жігіті есебін тауып шығарып, Ағыбай өз атына мініп Қызылауыз атты жетектеп қашып, сонан келіп Қасымға хабар берген.

### 154. Кенженің Ағыбай асына баруы

Кенже бірде немересі Топайды ертіп Балқаш жақта болған Ағыбайдың асына барған екен. Бұл ас «Ағыбайдың Тас аралы» деген жерде болған. Оған Ұлы жүз, Кіші жүз, Орта жүзден көптеген беделді кісілер шақырылған екен. Бұл асқа Ақберген би де шақырылып, оның інісі Кенже шақырылмай қалыпты. Кенже асқа шақырылмаса да, ат ерттеп, Ағыбайдың асына бармақшы болыпты. Сөйтіп, Кенже де немересі Топайды ертіп асқа келген екен. Ас болып жатқан жерге бірден бармай, Кенже немересімен ауыл жанындағы төбенің басында отырыпты. Сол кезде Ағыбайдың бәйбішесі төбе басында отырған Кенжені көріп, шақырып келуге адам жібереді. Өлгі кісі төбе басындағы Кенжеге келіп: «Ауылға жүріңіз», — деп ертіп келіпті. Аста ат жарысып, палуан күресі болады. Әдетте мұндай жарыстар төбелессіз тарамайды екен. Кенже аста болған ат жарысының, палуандар күресінің бәйгелерін иелеріне тең бөліп, үлестіріп беріпті. Қайтатын кезде Ағыбайдың бәйбішесі:

— Не аласыз, — десе, Кенжекең:

— Мен бұл астан бір нәрсе алайын деп келген жоқпын, — депті. Кенже Ағыбай батырдың тақиясын ырым ғып немересі Топайға берген екен.

### 155. Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр

Ақмоланың дуанбасы Ыбырай төренің үйінде Сүйіндік елінің басты адамдары түстеніп отырады. Даладан үйге бір бала үрейлене жүгіріп келіп:

— Ата, үсті қып-қызыл жүн, мойнында салпылдаған темірлері, найзасы бар, түйедей бір үлкен кісі түсіп жатыр, — дейді.

Үйдегілер оны диуана болар деп жорамалдағанша, әлгі үлкен адам алшаң басып үйге кіріп келеді. Бұл үстінде тай жағасы бар, сыртына сауыт-сайманның асынған шұбыртпалы Ағыбай батыр екен.

Үйдегілер жабырлай ұшып түре келіп қолын алып, Ағыбайға орын беріседі. Ал дуанбасы Ыбырай оны танымағансып:

— Уа, қонақтар, мына тондың кім еді, сонша абыржыдыңдар? — дейді.

Ағыбай батыр сонда Ыбырайға төне қарап, бір тізерлеп отыра қалыпты. Қанжарын суырып алып:

— Үйге келген тонды ма,  
Тонды кесір болды ма?  
Бұқараны қор тұтқан,  
Өзін-өзі зор тұтқан  
Төре тұқымы оңды ма?!

Осы қылығың үшін сенің қазір бүйіріңді тесіп, бүйрегінді алсам ба екен, басыңды кесіп, табаныма салсам ба екен? — деп тұра ұмтылады. Дуанбасы Ыбырай сасқанынан жылап жібереді. Үйдегілер батырға жалынып, өзер арашалайды.

Ыбырай айыбы үшін осы жолы Ағыбайға тұлпар ат беріп, үстіне қамқа тон жауып, зорға құтылады.

## 156. Ағыбай мен Құнанбай

(*І нұсқа*)

Шұбыртпалы Ағыбай батыр бір жұмыспен Сүйіндік Мұсаны іздеп үйіне барса, Мұса тобықты Құнанбайдікіне кетті депті. Құнанбайдың үйіне барса, Құнанбай мен Мұса сөйлесіп отыр екен. Сәлем беріп үйге кіріп келгенде, Мұса сәлемін алып, Құнанбай елемепті. Ағыбай қамшысын тізесінің астына басып күтіп отырып, Мұсамен сөзін бітіріп болған соң, Құнанбайға:

— Сәлем бердім алдыңа,  
Қабыл көріп алдың ба,  
Көзіңнің қырын салдың ба?

Мынау келген мейман кім деп,  
 Сілкіп көрпе салдың ба?  
 Екі көзің алдыңда,  
 Осындай сопы болдың ба?  
 Есіктен келген тондыға  
 Тонды деп көңілің толды ма?  
 Оп-оңай тонды болды ма?  
 Өзін-өзі зор тұтқан,  
 Пайғамбарды қор тұтқан  
 Ібіліс малғұн оңды ма?! —

деп үйден шығып кетіпті. Құнанбай «бұл кім еді?» деп сұрағанда, «бұл — Ағыбай батыр» депті. Құнанбай артынан тұра жүгіріп шақыртқан екен, атқа мініп қалған Ағыбай батыр артына қайырылмай жүріп кетіпті.

### 157. Ағыбай мен Құнанбай (II нұсқа)

Ағыбайдың бейіті қазіргі Жезқазған облысы, Ақадыр ауданында. 1861 жылғы жазда, Баянауыл ауылында Ақ келін көлінің жағасында отырған Шорманның Мұсасы деген заседательдің үйіне Ағыбай батыр келеді. Ол үйде Құнанбай Өскенбаев деген Қарқаралы дуанының аға сұлтаны екен. Құнанбай Ағыбайды бұрын көрмеген екен, тек атын ғана естіген. Қарапайым киінген Ағыбайды көріп, Мұса Шорманұлына:

— Мына батырың кім? — депті. Сонда Мұса мырза:  
 — Бұл кісі өзіміздің ағай, кім екенін өзі айтар, — дейді.  
 Сонда Ағыбай өткір көзін Құнанбайға қадап:

— Тоқырайып отырып,  
 Түсті ме көзің тотыға?  
 Тонды кісі сорлы ма?  
 Жөнін тауып сөйлесең,  
 Кім көнбейді жолдыға.  
 Тәңірім калап, жаркыным,  
 Басыңа бакыт қонды ма?  
 Басыңа бакыт қонған соң,  
 Төкәппарлық ішіңе толды ма?

Алым еді ғазәзіл, Төкәшпарлық қылам деп, Акыры оның оңды ма? — депті. Мұны естіген Құнанбай орнынан ұшып тұрып, Ағыбай батырға:

— Ассалаумағалейкум, қолыңды бер, ағажан,  
Бір сөзіңіз бір сөзбен асып кетті шамадан.  
Әсер етті сөзіңіз кетпестей қолым жағадан,  
Қолыңды бер, өтініш, лаж жоқ басқа тобадан, —

деп Ағыбайдың қолын алып, кешірім сұраған.

### 158. Ағыбай мен Наурызбай

Бір күні Кенесары ордасында батыр, билер басын қосып, біздің заманымызда асқан батыр кім деген әңгіме болып, «Ағыбайдан асқан ер жоқ», — деп Кенесары өзі бас болып, барлығы да Ағыбайды мақтай беріпті.

Осы әңгімені әлі атқа мініп жорыққа араласпаған он бес жасар Наурызбай босағада түсі бұзылып, сұп-сұр болып тыңдап отырыпты. Сол түні Ағыбай жылқыны қарауылдауға кетіпті. Ай көтеріліп, түн ортасы ауған кезде жарық ай сәулесінің астымен ақбоз атқа мінген біреу ағызып келіп, Ағыбайға тап береді. Ағыбай көп уақыттан соң есін жияды. Аты жанында тұр. Найзасы жоқ. «Жылқыны түгел айдап кетті ғой» деп қауіп қылып түгендесе, бәрі де аман. Өмірі жаудан беті қайтпаған Ағыбай намыстанып, қатты жүдеп үйіне келсе, найзасы өз үйінің алдында шаншулы тұр.

Кенесарыға айтса да, ұят, айтпаса да, ұят. Ордада түсі қашып, еңсесі түсіп отырғанын Кенесары көріп:

— Батырым, немене сырқат емеспісің, өңің келіспейді ғой, — дегенде, Ағыбай өзінің түнде басынан кешенін айтады:

— Жын ба, періме, не екенін білмеймін, бұл жүдетерлік қылық емес пе? — дейді. Сонда Кенесары саспастан, жайыменен отырып:

— Ойнап жүрген біздің Науанжан шығар.

Кенесары хан болып, Ағыбай қол бастап тұрғаннан кейін Кенесарының інісі Наурызбай он алты жасқа келген соң, сегіз канат орда тігіп, отау үй шығады. Кенесары Ағыбайды шақырып: «Науанжанға қырық жігіт бөлдім, басы-қасына сені бердім, сені Құдайға тапсырдым, Науанды саған тапсырдым», — дейді. Сонымен Ағыбай мен Наурызбай қырық жігітпен сейіл

құрып жүре берді. «Наурызбайдың сол жылы бір кереметін көрдім, — дейді екен Ағыбай, — қырық жігіт сейілде жүріп, бір бұлаққа келіп, атты қоя беріп, ойнап-күліп жатыр еді. Ер-тоқым бір жерде, сауыт-сайман бір жерде, түгел шешініп ұйықтап жатқанбыз. Атымыз шідерлеулі. Бір мезгілде қарауылшы: «Жау келіп қалды!» — деді. Жаппай атқа міндік. Жау көп екен, қаша ұрыс салып, дөңнен асқан кезде Наурызбайдың бейқам жатқаны ойыма түсіп, жаңағы жерге қайта шапсам, Наурызбай қалай ат ерттеп, қалай киінгенін білмедім, жаумен сабаласып жүр екен. Найзағайдай жылдам. Наурызбайдың осындай ғажабын көрдім», — дейді.

Осыдан соң Наурызбай бір күні: «Ағыке, Кіші жүздің Алшын елінде жігіт сынайтын қария бар дейді, мені соған апарып сынат», — дейді. Бұл Абыз деген көп жасаған дана адам екен, оны Кенесары батыр да біледі екен. Қасына жолдас алып, Наурызбай мен батыр соған барады. Барса, қария мамық төсекте жатыр екен. Бұлар сәлемдескен соң бүркеніп жатып қалады. Жағын торғынмен таңып қойыпты. Өйтпесе, иегі төмен түсіп кетіп, сөйлей алмайды екен. Бұлар қонып шығады, ертеңінде түске дейін, одан соң бесінге дейін қария тұрмайды. Ағыбай батыр:

— Науанжан, бұл кісі сені сынамайтын болды, қайтайық, — деді. Наурызбай:

— Жоқ, бұл кісі ажалың ертең кешке десе де, сынатпай кетпеймін», — деп отырып алады. Бұл сөзді естіп жатқан қария басын көтеріп:

— Жол болсын, балалар! — дейді. Сонда Ағыбай батыр тұрып:

— Қария, мына бала Қасымның кенжесі, Кене ханның інісі — Наурызбай деген. Сізге көрінемін, — деп келіп еді. Балаға не айтасыз? Мен шұбыртпалы Ағыбай деген боламын, шаруа осы, — дейді. Сол кезде Абыз:

— Я, Ағыбайым, сенің ұраның артында қалады, өз ұраныңды өзің естірсің, бағыңның тобы желкеңде екен. Наурызбай, менің жасым жүз жиырмаға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім. Үш нәрсенің сырттаны бар еді: иттің, қасқырдың, жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің. Бірақ адам баласына мейірімің жоқ екен, бағың маңдайыңда ғана екен, ғұмырың қысқа, жиырма-жиырма бестен аспассың, дүниеден арманда қалма! — дейді. Наурызбайдың көңілі бұл сөзден соң пәс боп қалды дейді. Сонымен бұлар ауылына қайтып келсе, Кене хан ауыл сыртында отыр екен. Наурызбай өзінің майхана ордасына тіке тартыпты. Ағыбай Кенесарыға келіп:

— Алдияр, тақсыр!? — деп сәлем берді.

— Иә, көсе, Абыз Науанжан қалай? — деп сұрайды Кенесары. Сонда Ағыбай батыр:

— Науанжанға жігіттің сырттаны екенсің, сенен артық жігіт көрмедік жүз жиырма жастың ішінде деді, — деп, басқасын айтпайды. Сонда Кенесары отырып:

— Көсе, Абыз білмейді дейсің бе, бірақ айтпаған ғой. Атам — Абылайдың түсі есінде ме? — дейді. Онысы бірде Абылай түс көріпті: астында жалын құйрық жирен аты бар келе жатса, бір жолбарыс қашады, түлкінің ішін жарған екен, бақа-шаян аяғынан басына дейін қаптап кетеді. Осыдан соң: «Менің артым көптің бірі болып кетеді ғой», — деген екен. Осы түсті есіне алған Кенесары: «Менің Сыздығымнан кейін солай боламыз ғой», — дейді.

— Осыған орай мен де бір түс көрдім, — деп Кенесары сөзін жалғайды. Түсімде Көсе, сен екеуміз арқаласпақ ойнадық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен деймін. Әуелі кім арқалайды десем, «Сіз — ел ағасы хансыз, сіз арқалаңыз», — дейсің. Мен сені арқаламай, алдыммен көтерем, кезек саған келгенде, мені сен қаптағы тезекше иіріп арқаңа салып алдың, мен үш жүзге хан болсам да, Орта жүзге хан атым бар ғой, сенің бағың артыңда қалды. Сенде мыңбасы адамсың, алдыммен көтеруім: біздің бағымыз маңдайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ, өзімізбен бірге кетеді, болмаса, сені мен де арқама салып алмас па едім, — деген екен. Кенесарының айтқаны келді, оны Ағыбай өз құлағымен естіп, көзімен көрді.

Бұдан соң Кіші жүзге тоқсан адаммен Наурызбай барған бір жорықта Төлегенұлы Жанғабыл бұларды айламен қырып салады. Жанғабылдың көздегені Наурызбайды өлтіру еді. Түн ішінде жалаңаш-жалпы ұрыс болып, Ағыбай батыр қайрат көрсетіп, Наурызбайды аман алып шығады.

Қырғызбен соғыста Наурызбайдың астындағы Ақауыз атқа оқ тиіп, Наурызбай жаяу қалып, Керттайлақ деген ат шабысқа жарамай, қырғыздар қалай болғанда Наурызбайды қолға түсіруге қамағанда, Меңдібай, Дулат, Ағыбай, Бұқарбай, Қошқарбай, Шәкір, Жәуке, Толыбай, Нысанбай тағы басқа батырлар жаудың қоршауында тұрып кеңес құрады.

Ағыбай, Жәуке мен Толыбай тауға көтеріліп, жаудың салған қамалын, оған қосылған он екі мың дулатты көреді. Арқаның сайдағы шұңқырына дейін білетін Ағыбай батырға Алатау бір жұмбақ болатын. Ағыбай шымыр Байұзақ пен дулат Бай-



сейітке сенуші еді. Жолбасшы Бұғыбайға сенген Кенесары өзі қолға түседі. Орыс пен қырғызға дәрмені болмайтынына көзі жеткен Ағыбай сол жерде Наурызбайға былай деді:

— Айналайын, Науанжан,  
Ақылға дарқан зерегім,  
Салса да тастан қайтпайтын  
Жетесі құрыш беренім!  
Бақытың баста жүргенде,  
Асқар таумен тең едің.  
Неше күндей ізденіп,  
Білмедім Кене ханның дерегін.  
Айналайын, сұлтаным,  
Жолдас болып жасымнан,  
Көзімнің майын жеп едім.  
Хақ ісіне амал жоқ,  
«Қазам жетіп өлгенше,  
Айрылмаспын», деп едім.  
Алатауға барғанда,  
Жер шаршысын көздедім.  
«Көмек қылған көп дулат  
Қайда екен» деп іздедім.  
«Байұзақ барда дулаттың  
Тілегі бөтен болмас», деп,  
Күдерімді үзбедім.  
Дулаттан тағы түңілдім,  
Көрген соң анық көзбенен.  
Қалмастан тегіс кетіпті,  
Байқадым оны ізбенен.  
Қоқиланған қырғыздан  
Дулат қылған қауіпті.  
Айналайын, Науанжан,  
Дулаттың беті ауыпты  
Орыс пенен Қоқанға,  
Құл болып ұран беруге.  
Дулатың жөнін тауыпты.

Сонда Наурызбай қайраттанып:

— Не де болса, қалған үш жүз қолмен қоршауды бұзып, Кене ханды құтқарайық, — деді. Ағыбай батыр:

— Науанжан, жау Кенені өлтірмес, құрылған қақпаннан аулақ болайық, аз ғана күшімізді жиып, қоршаудан шығып, қырғызға елшіні жіберейік. Олай болмаса, жаудың зеңбірегінен қанымыз төгіледі. Әркім бет-бетімен қашады, «тұрымтай тұсына, балапан басына», — дейді. Науан:

— Ей, Ағыке, — деп жылап тұрып айтыпты, — бұрынғының сөзі бар ғой: «Екі қатынның баласы — екі ру ел» деген. Мен Кене ағамды не жаудан арашалап алайын, не бірге өлейін, елдің өсегінен қашып, — деп, Наурызбай есіл ерлермен қоштасып, Кене хан тұтқынға түскен жерге бет алды. Ағыбай бастаған үш жүздей батыр қоршаған қамалды бұзып, көбі мерт болып, сексен батыр зор ерлік көрсетіп: «Абылайлап!» жеті қабат Алатауды айналған жауды жарып өтеді.

### 159. Ағыбай батырдың бір жорығы...

Шұбыртпалы Ағыбай батырды Кенесары «Ақ жолым» дейді екен. Наурызбай ержетіп, әжетке жараған соң, Наурызбайға белді ат керек болыпты. Арқадан таңдап мінген бірнеше аттар мертігіп, не шабысты көтере алмай қала беріпті. Кенесары бір күні Ағыбайды шақырып алып:

— Ақ жолым! Мына Наурызбай ержетті, тілім тасқа болсын, Наурызбайдың өзіне лайықты бір аты жоқ. Мінген аттары шыдамай жатыр. Наурызбайдың өзіне лайықты бір ат тауып бер. Мына түркімен, араб елдерінде «Серке сан»... деген жылқы тұқымы бар. Соның бірін әкеп, Наурызбайға мінгізбесең, менің хандығымнан, сенің ерлігіңнен не пайда? Өзіне серік емес атпен Наурызбайдың ерлігі мен серілік еңбегі еш болмай ма? — депті. Кенесары Ағыбайға лайық екі жолдас, азық-түлік беріп: «Жолың болсын!» — деп батасын беріп жөнелтіпті.

Ағыбай сол бетімен жүріп, бірнеше күн өткен соң, бір қыратқа бір жолдасын қарауылға қойып, бір жолдасына: «Ас даярла», — деп өзі жата кетіпті. Шаршап келе жатқан адам жатысымен көзі ілініп, қор ете түсіпті. Ана күзетте тұрған адам да қалғып кетіпті. Жат екінші бір адам қырдан шыға келіпті де, ұйықтап жатқан Ағыбайға тура жүріп келіп, ас пісіріп отырған жігітке қарапты. Ол жігіт: «Ана күзетші қайда? Ағыбайды оятайын ба?» — деп тұрғанда, ана адам Ағыбайға қарапты да: «Жолым болады екен», — деп, пісіп тұрған асты ішіп, өздігінен бата қылып, жүре беріпті. Ас пісірген жігіт аң-таң болып,

құты қашып тұрғанда, ана жігіт оянып, қосқа шауып, ана адамды сұрапты. Ас пісірген жігіт Ағыбайды оятып, ана адамның келгенін, өздерінің қапалығын айтып, өкініп отырыпты. Келген адамның түсінің суықтығын, мінген атының жат екендігін, қару-жарақты екендігін айтыпты. Ағыбай орнынан тұра келе: «Ай, жолдас жаман болса, жау алар!» деген осы, — деп, кеткен адамның артынан тұра қуыпты. Біраздан кейін қуып жетіп, сәлем беріп: «Ай, кімсің?» — депті. Ана адам: «Мен — жолаушымын», — деп қайрылмай жүре беріпті.

Ағыбай мұнысына қапаланып, сойылын алып ұмтылыпты. Ана адам «Қой, ойнама!» — деп, шоқпарын жұлып алғанда, Ағыбай ұшып кете жаздапты. Ағыбай шамасының келмейтінін біліп: «Жөн сұрасам, айтпайды. Не де болса, бұл қайда барар екен?» — деп, бір көзі артында, бір көзі ана адамда, соңынан еріпті де отырыпты. Бір қырдан асқан соң, бір топ жылқы мен бір қосқа кездесіпті. Жылқы шетінде келе жатқан екі адамды көрген жылқышы қожандап қарсы шыққан екен, ана адам:

— Ай, сенде менің жұмысым жоқ. Ана менің жылқымды алған батырың, менің жауым қайда? — депті. Ана жігіт сасып қалып:

— Қоста демалып жатыр, — депті.

Бұл адам қосқа тура бастапты. Ағыбай ере қосқа келіпті. Сонда ана адам:

— Ай, залым, ата дұшпаным едің, алыстан арбап, жақынға жоламай жүруші едің, желімді қиып, көнегімді іліп, жылқымды қуып кетіп, мәз болып жатырмысың? — деп аттан түсе қалғанда,

— Келдің бе? — деп анау да ұшып тұра келіп, алыса кетіпті де, мына келген адамды алып соғыпты да, үстіне аттай мініп алып:

— Өлер жерің осы шығар! — деп қанжарын ала бастағанда, астында жатып:

— Ай, ала тулы Абылайдың әруағы, ақ жолды Ағыбайдың әруағы қолдай көр! — деп, астында бұлқыныпты. Сонда атын атап, сыйынған соң, Ағыбай:

— Ай, сен, тоқта! Өлген Абылайдың туын ұстаған ақ жолды Ағыбай менмін, — дегенде, ана үстіндегі адам: «А... а», деп қанжары қолында, ұшып тұра келіп:

— Япырм-ай, сіз Ағыбайсыз ба? Кешіріңіз! Сізді білмей, мына дұшпаныма қайрат еттім, кешіріңіз?! — деп анадай жерге барып тұрыпты.

Мана Ағыбайдың асын ішіп, артынан келгенде, жөнін айтпай, шоқпарын қағып жіберген енді мына жігіттің астына түсіп жатқан адам: «Япырм-ай, Ақ жолды Ағыбай сіз бе?» — деп орнынан тұрып, Ағыбайдың қолын алып, кешірім сұрапты.

Ағыбай аң-таң болып тұрып, екеуінің тұрған қалпында жөнін сұрапты. Сонда манағы адам айтыпты:

— Мен — мына Адай деген елмін. Өмірімде мына түркіменмен жауласып келе жатыр едім. Өзім елде жоқта «мына жауым елімді шауып, қосымды жығып, тобымды қуып кетті» деп естіп, мұны қуамын деп, қарт анам бар еді, келіп батасын алғанымда: «Балам жолың болсын! Осы жолыңда, ақ тулы Абылайдың туын ұстаған ақ жолды Ағыбай жолдас болсын!» — деп батасын бергенде, денем тітіркеніп, маңдайымнан терім шықты да, жүріп кеттім.

Анамның осы сөзі жолшыбай есімнен кетпеді. Жолда бір жолаушыларға жолығып, бөгелейін деп едім, бірақ көңіліме олқы келіп, жарымай дәмін ғана ішіп жүре бердім. Жолда қуып келіп маған қайрат етіп едің. Онша қайратты, мықты қол сықылды көрінбеді. Мен де алдымда іздеп келе жатқан жауым болған соң, саған көңілімді бұрмадым. Сөйтіп, мына ата жауыммен алыса кеткенде, аяғым тайып, қапыда астына түскенімде, әруағы есімде келе жатқан «Абылайдың туы мен Ағыбайдың әруағына сыйындым, сонда «Ақ жолды Ағыбай — менмін», — дегенінде мына жауымның үстімнен тұра келіп, мені босатып жібергеніне таңырқап тұрмын, — депті.

Сонда әлгі жылқы айдап дем алған жігіт айтыпты:

— Менің елім — түрікмендік, өзім — түрікменнің батырымын. Қазақ ішінде адай елі түркімен елінің дұшпаны. Елімізді бірнеше шауып, мазасын алып, малын қуып, айдап кетіп жүрген осы мына тұрған қазақ неше айқаста бір кездеспей жүруші еді. Бүгін қолыма түсіп еді. Сіз шын Ағыбай болсаңыз керек, денем тітіреніп, жүрегім лобылып, мына дұшпанымның үстінен қалай тұрғанымды білмей қалдым. Ал, Ағыбай батыр, сіздің алдыңызда «Батыр ағай» деген еліміздің мақалы бар ғой, «ғафу етіңіз» деп төмен иіліп, кішілік етті де: «Осы олжам сіздікі», — деді.

Ағыбай бұларға сыр білдірмеді. Екеуін екі жағына отырғызып, өткендердің өнегелі сөзін айтып: «Екеуің екі елдің батыры екенсіңдер. Бүйгіп жауласа бермей, тату болыңдар», — депті.

Екі батыр қол алысып, құшақтасып, төстерін тақасып: «Дос болдық», — депті.

Сол жерде үш батыр қоштасып, айырылмақшы болыпты. Түрікмен батыры еліне қайтпақшы болған соң, манағы айдаған жылқыны үшке бөліп, бір бөлігін беріпті, түрікмен жігіті Ағыбайға астындағы атын мінгізіпті.

Түрікмен жігітін шығарып салған соң, елге таман беттеп, екі батыр айырылмақшы болыпты. Сонда манағы адай батыры айтыпты:

— Уа, Ағыбай! «Биік таудың қасына барма» деген бар еді. Алашқа атағың шыққан әруағың болмаса, батырлық аңғал мінезің болмаса, күнің жұрт мақтарлық емес екен. Енді түрікмен батырынан ат алдың. Менен мына жылқының бәрін ал. Менің олжам аз емес: бірінші, ажалдан жаным қалды; екінші, ата жауымен қол алысып, дос болдым; үшінші, «өмірімде бір көрсем» деп жүруші едім. Міне, тар жерде кездесіп, шарапатың тиді. Халық аузында «Ақ жолды Ағыбай» деген атақ тауып қойылған екен, әруағыңнан айналайын! — депті.

Ағыбай ол адамға разы болып, оның еліне келіп, көп олжамен еліне қайтыпты.

Атақты Наурызбайдың Ақауыз аты сол түрікмен батырының Ағыбайға берген аты еді дейді.

## 160. Көтібар батырдың асы

Көтібар батыр өлерінде балаларына өсиет айтып: «Менің асыма үш жүзді түгел шақыр, кімнің аты бөйгеден келсе, аттың бас бөйгесін бөлек, менің бөйге Күреңімнің жабуы мен өзімнің қарашолақ наркескенімді сол ат иесіне ерекке бер», — деген екен. Кенесары бастаған арғын елі асқа барып, Ағыбайдың Ақбесті атын бөйгеге қосып, үш жүз аттың алдында жеке келген екен. Атасының өсиеті бойынша бөйге Күрең аттың жабуы мен наркескен қара шолақ қылышты Ағыбай батырға берген екен. Мұны Кенесары естіп: «Көсеге баршы ерегінің бірін берсін», — дейді.

Ағыбай: «Аттың бас бөйгесі айғыр үйірі қысырақ, масаты кілем жапқан тайтұяқ жамбы, мойнында тұмары бар қара бұйра нар, тағы-тағылар. Кенесары хан қолында емес пе, бұл еректі бермеймін» десе, Кене хан және біреуді жіберіп: «Көсе, дүниеқор емес еді ғой, қалай бермеді?» — дегізеді.

Сонда Ағыбай батыр ашуланып: «Бас бөйге қолында, бір желдік пен бір кездік Ағыбайдың қойыны мен қонышына сый-

майды деп отыр ма, бермеймін!» — деген екен. Өйткені: Көтекең: «Осы еректі алған адамды менің әруағым қоса жебейді, өзі де кем кісіге кез болмас!» — депті. Сөйтіп, Ағыбай батырға екі ердің әруағы қонып «Ақжолтай» атанады, үш жүзге аты түгел жайылған ер болады.

## 161. Балта ақынның Ағыбайды жұбатқаны

Ағыбай батырдың кенже ұлы Қашқынбай он шақты жігіттің батпаққа батқан атты шығара алмай жатқанын көріп, қиналған жануарға жаны ашып, белінен батпаққа кіріп жалғыз өзі атты жағаға алып шығады.

Таңқалған елдің арасында баласының ерлігіне сүйсіне қарап отырған Ағыбай ішінен: «Жел жаққа ұстар, жауға салатын ұлым осы екен», — деп мақтаныш тұтады. Сол күні кешке Қашқынбайдың денесі ісіп, белуардан төменгі жағы қарайып кетіп, келесі күні ертеңгісін қайтыс болады.

Он жеті жасар ұлының қазасы жанына батқан, әрі «өзімнің көзім тиді» деп қатты қапаланған Ағыбай күңіреніп, қайғырып төсегінде жатып қалыпты. Сонда игі жақсылары қасында, Ұлытаудан келген Найман Балта ақын батырды құшақтап көрісіп, жұбатқаны:

— Алла ісінде бұзық жоқ,  
 Өлмесін деп өзелде.  
 Жазып қойған сызық жоқ,  
 Ұлы өлмейтін Ұрымда жоқ,  
 Қызы өлмейтін Қырымда жоқ,  
 Қатыны өлмейтін халықта жоқ,  
 Әсте өлмейтін тарихта жоқ,  
 Қойын толы саф алтын  
 Сарқылмаған қайда жоқ.  
 Қабындап келген қайғыдан  
 Тіріге тиер пайда жоқ.  
 Елге пана, Ағыбай,  
 Жерге пана, Ағыбай,  
 Ердің ері емес пе едің,  
 Егеудің сынығы емес пе едің,  
 Көтер бері басыңды,  
 Қайғы жейді жасыңды...

Ежелден келе жатқан досы Балта ақынның осы сөзінен Ағыбай ойланып, тәубаға келіп, біраздан соң басын көтеріпті.

## 162. Ағыбай батырдың айтқаны

Ағыбай батырдың атағы шығып тұрған шағында еліндегі бай, дәулетті адамдар оны күндейді екен. «Ол да кісі, біз де кісі. Осы Ағыбайда не тұр? Біз сияқты мыңдап айдаған малы жоқ» десетін болған. Тар пиғыл мұндай сөздер Ағыбайға да жетеді. Бірақ ол елең қылмай жүре береді.

Күндерде бір күн елге жау шабады. Байлардың жылқысын олжалап, өздерін сойылдап, естерін шығарады. «Ойбай, аттан, Ағыбай! Неге отырсың?..» — деп сойылға жығылып жаудан беті қайтқан байлар батырға келеді.

Ағыбай сонда атқа мініп, жауды бөріктіре қуып, жылқыны аман алып қалады.

Дәулет иелері енді оған рахмет айтады. Сонда Ағыбай оларға:

— Мал да кісі, бай да кісі,  
Соның бәрі жай да кісі.  
Есін білмес ерді күндер,  
Жау келгенде қайда кісі?.. —

деген екен.

## 163. Ағыбай батырдың айтқаны

Жасынан кедей батырдың дәулеті қартая келе тіпті сарқылады. Балалары да көп, оның үстіне біразы өз аузына өз қолы жетпеген жас болса керек. Бір күні үй сыртына алты-жеті салт атты келіп түсуге ыңғайланады. Оларды көрген батырдың қарт бәйбішесі сасқанынан:

— Аталарың үйде жоқ еді десем қайтер еді? — депті. Сонда:

— Уа, бар болғыр, мені тірідей жоқ дегенің сасқаның ба? Өзім түсіріп аламын оларды, — деп далаға шығады да, әлі ат үстінде тұрған меймандарға:

— Уағаләйкүмүссәлем, балаларым,  
Қартайған алдыңда тұр бабаларың.

Көп болды меймандарды көрмегелі,  
 Қуандым көрінгеннен қараларың.  
 Уа, бар болса бір қойды әкеп сояр едім,  
 Басын сап алдарыңа қояр едім.  
 Қосылып сіздерменен рахаттанып,  
 Өзім де, үй-ішіммен тояр едім.  
 Бағым да барлай бермей, тынып қалды,  
 Сағым да самғай бермей, сынып қалды.  
 Келгендей кемеліне кедейлік ит,  
 Желігіп желкеге кеп мініп алды.  
 Жоқтық сұм жомарт ердің қолын байлап,  
 Келді де кеңірдектен іліп қалды.  
 Айызы ақымақтардың қанғандай боп,  
 Күншілдер көре алмаған күліп қалды.  
 Кешегі «Ағаң» дейтін ардақтаулар,  
 Тұғырдан түскеннен соң тұйықталды.  
 Көп болды қысқы дәмнен тазарғанбыз,  
 Тоқтыдан кеше сойған жілік қалды.  
 Сол сойған тоқтымыздан жілік жейсің,  
 Ескі еттің жоқ екенін біліп жейсің.  
 Шеңгелдеп асайтұғын көп етім жоқ,  
 Ақырын қос саусақпен іліп жейсің.  
 Бірде бар да, бірде жоқ таба наным,  
 Бұрын да қонақ күткен бабаларым.  
 Тоймасаң да боларсыз бөрі құрсақ,  
 Ренжімей түсе бер, балаларым, —

деген екен.

### 164. Әлиханның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы

Ағыбай батырдың қартайған шағында «Ақжолтай атаға сәлем береміз, батасын аламыз», — деп Әлихан Бөкейханов серіктерімен батырдың үйіне келіп қонады. Сөз арасында Әлихан:

- Батыр аға, сізден үш сөз сұраймын деп едім, — дейді.
- Сұра, — дейді Ағыбай батыр.
- Ердің әруақтысын көрдіңіз бе?
- Әйелдің сұлуын қайдан көрдіңіз? Осыны білгім келіп еді, — деп сұрайды Әлихан.



— Айтайын, оны неліктен сұрадың? — дейді Ағыбай.

— Оны сұрағаным — нағыз ер жігіт осының үшеуінен шет болмаса керек қой, — дейді Әлихан.

«Арқада, қырықтағы күнім, — деп, Ағыбай сөз бастайды, — астымда Көкбесті деген атым бар. Осы кезде: «менен артық жігіт, Көкбестіден артық ат жоқ», — деп ойлаушы едім. Бір күні ауыл сыртына көп адам келіп: «Сөйлес-ау!» деген соң, өзім шығып сөйлестім. «Саржан батыр — мен», — дегені.

Алпыс каралы адам екен, үй тігіп, түсіріп қонақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болғанымен, көзіме өзі де, аты да қораш көрінді.

Ертеңгісін «Ағыбайжан келсін» деген соң барып едім, «Ағыбайжан, Арқада жолдас болуға жарайтын сен деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, қазақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен алпыс адам, сен қырық жігіт ерт, жүз кісі болып соған барайық», — деді. «Жарайды» — деп, жүз кісі боп аттандық.

Жер шамасына барған соң: «Ағыбайжан, жау тақау, бүгін ат терін алайық», — деді. Сонан соң шабатын аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана Аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттерді сайлап, керме тартып, ат тостық. Мен ойладым: «Аман болса, Көкбесті атым келер», — деп. Өлден уақытта бағанағы тайдай ғана Саржанның Аққасқасы келді. «Апыр-ай! Көкбесті ат жығылды, қалай тірі қалды ма?» — деп мазаландым. Бір мезгілде аман-сау менің атым да келді. Кермеге байлап: «Неліктен болды?», — деп кермеге барсам, тайдай Аққасқа Көкбесті аттан анағұрлым өсіп кетіпті. «Аттың тұлпары екен ғой, бойын жасырып тұратын», — деп бағаладым.

Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып: «Ағыбайжан, қайдасың? Жау келіп қалды ғой. Тез атқа мініңдер. Мына тауды бұрын алмасақ, жау бізді алады. Тауды бұрын алайық!» — деді. Жанталасып Ақбастауға келіп шықсақ, ар жағында дала толған кісі қаптап келеді екен. Саржан: «Шыққыр көзім, шықпасаң, дұрыс болжа, — деп бір шола қарап: «Апырай-ай! Ағыбайжан-ай, алты жүздей кісі екен ғой!» — дегенде: «Қайда жүріп болжап қойды?» — деп қарасам, бағанағы көзіме тым қораш көрінген батыр өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде «Ердің әруақтысы, аттың тұлпары екеуі де Саржан батырда», — деп бағаладым.

Қазақпен көп шабысып, ері — құл, қызы — күң боп, қазақ-өзбек арасы теңдіксіз екен. Найман руына берген қарындасым бір шапқыншылықта өзбекте қолда кетіп, «бұл болмайды екен» деп қырық кісі алып бітімге бардым. Өзбектің Әлімқұл деген ханы бар екен. «Қазақтың Ағыбай батыры бітімге келе жатыр дейді. Оған кім теңкіл береді. Мені сейілге кетті деп қайырып жіберіңдер!» — деп үйінен кетіп қапты.

Мен барған соң шатыр тігіп, «Сонда түсесіз»? — деп еді, «Хан ордасынан басқа жерге түспеймін», — деп Әлімқұлдың ордасына түстім. Үйге кіріп келгенде, есікті ашқан бір аппақ әйел маған жалт қарады. Сол күнде мың сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді, әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайықсып кетті. Бұл Әлімқұлдың Ақ тоқалы екен. Оның да назары маған ауған сияқты. Басқаны қойып, әйел де мені ұнатқан соң, елге Ақ тоқалды алып кетпекші болып қалдым. Сол жерде ойлана келіп: «Қой, басқа жұмысымды тастап, бір әйелді қызығып алып кеткенім болмас», — деп Әлімқұлды шақырттым. Әлімқұл:

— Бұл маңқа қазақ не іздеп жүр сонау Арқадан? — деп үйге кіре берді. Сол сәт:

— Мә, саған маңқа қазақ, Әлімқұлдың басын шапқалы келдім! — деп қылышымды ала ұмтылдым.

Сонда Әлімқұл:

— Ер шекіспей бекіспес, достыққа — төсім! — деп құшағын жая ұмтылды. Сонымен: «Қазақ-өзбек мал шабысса да, адамды тұтқын қып, ұлы — құл, қызы — күң болу бұдан былай тоқтасын!» — деп билік еттік. Содан бері қолға түскен адам болса, өзбек қазаққа, қазақ өзбекке қайтаратын болды. Мына қазақ ішінде өзбектер бұл бітімнен бұрынғылар екен. Әйелдің сұлуын көргенім, міне, осы жолы еді.

## 165. [Ағыбай мен сарышымшық торғай]

Ағыбай ауырмастан үш күн бұрын кешке қойдың шетінде отырса, Шұнақ деген жерде, Есентерегі қасында Дуана деген баласымен. Сарышымшық торғай шырылдып келіп, Ағыбайдың басына, екі иығына, селдір сақалына, мұрнына қонып жүргенде, Дуана ұстаймын деп ұшып-қонып ұстатпайды. Сонда Ағыбай айтты: «Ей, балам, саған не қонсын? Маған қош айтысуға келген шығар, өтіп кеткен жас дәурен қайтып келе ме?

## 166. Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр

Кенесары, Наурызбай заманында шабыншылық жауласу жағдайында Кенесары шұбыртпалы Ағыбайды шақырып алып, қасына қырық жігіт ертіп жауласқан елінен жылқы әкелуді тапсырып, аттандырып жол жүріп келе жатып бір өзен жағасына келіп түстенеді. Тамақ пісіріп отырған кезде өзеннің арғы бетінде бір жақсы ат мінген адам кетіп барады. Ағыбай жігіттерге: «Ана адамның астындағы атын қайсың барып әкелесің?» — дейді. Ер жігіт мен барам деп шыққан екен. Ағыбай бәріне де сенбей өзім барам деп атқа мініп өзеннің өткелдеу жерінен өтіп, әлгі жалғыз атты адамға жетіп барып сойылмен салып өтті. Оны шыбын шыққандай көрмей, аяңдап жүре береді. Ағыбай таң қалып: «япырм-ай, не болды, бір салғаннан адам қалып көрген жоқ еді», — деп орала беріп тағы салып өтті. Оны да елемепті. Ағыбайға ожырая қарап: «Сен енді ешқайда қашып құтылмайсың, сенде қасиет болса, менде де қасиет бар, маған еріп жүр», — деді. Жол үстінде бір киік қашып еді, оны көп ұзатпай соғып алып, бір көл жағасына келіп түсіп, сойып қарнына барлық етін салып Ағыбайға астырып қазаншы етіп қойды. «Ет піскеннен кейін жарты еттен қақ бөліп екі бөлек жейміз» деп серт қойды. Ағыбай жеп тауыса алмапты, Әлібек тиісті сыбағасын түгелдей жеп тауысты. Тамаққа тойып алып аттанып жүріп, көп жылқыға келіп Әлібек екі шұбар ат, екі қара күрең, екі сары ала алты атты ұстатып, қосақтап алып жүріп бір шұқырды тігулі алты үйге жақын келгенде, бір топ қойды бір әйел жайып жүр екен. Қолын көтеріп сілтеп, қыр астына барып аттың бәрін матастырып болған соң, Әлібек айтты: «Ана әйел-жеңгеміз, маған хабаршы болып қой бағып тұр. Сондықтан мен сол алты үйге барам», — деп көйлек штаннан басқа киімін шешіп үйіп, Ағыбайдың найзасын сұрап алып, «Алты үйлердің ортасындағы үйге барам, бесінге дейін күт, ешбір хабар болмаса, мына киімді, жеті атты алып еліңе кете бер. Құдай алдында сұраусыз», — деді. «Егер жолым болса, әйел қол бұлғап шақырар, сонда киімімді, атты жинап алып кел».

Ағыбай қарап тұр. Әлібек ортадағы үлкен үйге кірді, бір кезде үлкен үй екі жағына кезек қисайып құлай жаздады. Соның артынан әйел қол бұлғап шақырды. Киімді алып, ат-

тарды ерттеп қосақтатып алты үйге менде жеттім. Өлгі үйге кірсем, бір масахана құрулы тұр, ішінде бір адам дем ала алмай тұр, зорлық-қорлық көрген әйелі ол да дем ала алмай жылап тұр. Мен төр алдына барып отырдым. Өлден уақытта масахана ішінен әлгі жолдас кісім шыға келді. Екі қолы, ауызы қызыл қан, бір құманды алып жуынып, тазаланып келіп отырған соң, жөн сұрасып таныстық. Бұл кісі — қарт Қожақ баласы Әлібек батыр екен. Мен шұбыртпалы Ағыбай едім.

Әлібек әңгімесі. «Қарт Қожақ әкемізден бір ұл, бір қыз едік. Сол қарындасым күйеуге шыққаннан кейін бір ұл туды. Сол жиенім тоғыз жасқа толғаннан кейін ойнап жүрген ауыл балаларын бір салғаннан кейін жанын қалдырмайтын болды. Бұзық болған соң маған жиен ғой деп ұрысып, ұрайын десем, өзіме қарсы тұрып мені өлтіруге айналды. Жиенім айтты: «Сені өлтіріп, қатыныңды алам», — деп тұра бас салды. Содан шошынып қашып шыққан бетім еді. Үйге әйелге ие болып қалған еді. Жиеннен көрген қорлықта жүргенімде, сен Ағыбай, түсімде аян болған едің. Қасиетің сенің кез болғаныңа сондай қуанып қасыма ертіп алдым. Сенің ұрған таяғың менің денеме ешбір білімбеді. Ол жағдай өзіңе мәлім. Сондықтан жау болған жиеннен құтылып, өзім аман қалғаным үшін сізге екі қара күрең атты сыйлап бергенім. Жылы жүзбен, шырайлы сөзбен дос болайық», — деп жолдас болған Ағыбайды сый-сияпатпен аттандырған екен.

## 167. Қасым Абылайұлы

Сарттарды бірнеше рет Есенгелді, Саржан әм Ержан шауып, кемшілік келтіре берген соң, сарттар алдап Қасымға кісі жібереді. «Біз қарадық, балаларын жіберсін, сөйлесіп екі арамды жалғастырып тұрайық», — деп. Қасым Есенгелді әм Ержанды жиырма кісімен жіберді. Бұлардың ішінде Ағыбай он тоғыз жаста, жүр демесе де, бірге жүрді. Сарттардың шақырған жеріне барғанда бұларды құрмет алып, сыйлай бастады. Сарттардың даяшы болып жүрген кісілерінің ішінде бір қазақ жүр, әрдайым келгенде Ағыбайдың екі көзі сонда, бұл жігітке Ағыбайда сөйлесейін десе, сарттардың көзінше сөйлесе алмайды.

Төртінші күн тамақты кеш бере бастады. Бір ретін тауып қазақ жігіт: «Осының ішінде Ағыбай бар ма?» — дегенде, ишаратпен өзін көрсетті. Жігіт те ишаратпен: «бүгін өлтіреді», — деп айтты. Сонда Ағыбай: «Менің атым ана жүрген, оның қасында Қызылауыз, Боз екеуін дайында?» — дегенде, жігіт басын изеп «жарайды, мен де шұбыртпалымын», — деп жүре берді. Ағыбай төрелердің қасына келіп, ишаратпен өлтіретінін сездіреді. Кешкі тамақ келгенде төрелер жей алмады. Сонда Ағыбай табақтарды алдына алып: «Өлсем — атауым, өлмесем — жол азығым» деп бәрінде жеп қойды. Табақтарын жиып алған соң, сарттар төрде отырған төрелерден біртіндеп шығарып алып, бауыздай бастады. Бесінші ретінде қазақ жігіті Ағыбайдың бетіне қарап, «дайын» дегендей ишаратпен көрсетті. Алтыншы ретінде қазақ жігіті есебін тауып шығарып жіберді. Ағыбай өз атына мініп, Қызылауыз атты жетектеп қашты, мұны сарттар білмей қалды. Неше күн-түн жүріп, Ағыбай түнде Қасымның ауылына келіп, қалайша Қасымға айтудың жөнін біле алмай тұрып, ақырында Қасымның үйіне сүйкенді. Сонда Қасым ояу жатып:

- Кім? — деп сұрағанда,
- Мен — Ағыбаймын, — деді. Қасым:
- Иә, амансыңдар ма? — дегенде,
- Аманбыз!
- Жарайды, бар да жата бер — деді.

Ағыбай не айтарын білмей, үйіне келіп жатты. Екінші сөз сұрамады Қасым. Таң қараңғысынан Ағыбайдың шешесі тұрып: «Түр, Қасымдікі үйін жығып артып қойыпты». Көш жөнеліп Қасым алдында жалғыз жүрді, маңайына ешкімді жолатпай, үдіре көшіп, Шуға үш күнде келіп қонды.

Түн болған соң халықты алып: «далаға көп қылып әр жерлерге баялыш, сексеуіл жағындар, түн болған сайын отты көбейтіндер?» — деп айтты. Ертеңінде сарттар он кісі жіберді. «Бар сүйенгенім Есенгелді, Саржан әм Ержан еді. Оларды өлтірді, енді қалған Кенесары жас, мен сарттарды алдамаймын, мен қарыдым, маған басшы адамдарынан кісі жіберсін, далада көшіп жүрген жалаңаш, арық-аш елімін, көп қылып нәрсе, тамақ жіберсін, өгарда сенбесе, келіп байқасын?» — деп. Бұл хабарға сарттар көп тамақ, нәрселер артып, сауыт-саймандарымен келді жүз елу кісі мөлшеріндей.

Қасым кемпір-шалдар, жас баладар, кем-кетік және аз қолмен келген сарттарды жақсылап күтіп, Қасым айтты:

— Иә, сарттардың балалары, сіздерге қарадым, Есенгелді, Саржан әм Ержаннан айырылдым. Енді менде сендермен қаруласатын кісім жоқ, қолды (әскер) таратамын, мен өзім сендерге қарадым, әгарда бұл қолдар (әскерлер) менімен бірге қараймыз десе, өздері ықтиярлы. Қасым көп әскерін жақын жерге қойып, шамалы қолмен келген еді.

Сарттар қуанысып:

— Иә, үке, сіздерде Қасымменен қараңыздар, сартының балалары сіздерді күтеміз, ешкім тимейді. Сонда Қасым:

— Иә, әскерлер, сіздер де қарасаңыздар қайтеді? Әскерлердің бірсыпырасы көнген болды, қалғандары көнбеген болды. Мұның бәрі Қасымның қайла-қулығы «қалайша сарттарды біраз күнге сендіріп, үш кегімді аламын» деген. Ақырында әскердің бәрі көніп, сарттарды сендіріп, бәрі бірдей араласып жүрді.

Келген сарттардың басшысы бар еді. Сол Беклербегіне сүйінші сұрап, кісі жіберді: «Қасым шын ықыласымен бізге қарады!» — деп. Қасым жасырын өз әскеріне хабар қылып, алғызып қалған сарттарды көгендетіп қойып, өз қолымен бауыздап, сол күні қайта көшіп кетті. Сарттардан осы түрлі кегін алды. Қасым туғанда екі қолымен қан уыстап туған деседі.

## 168. Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы

Кенесары қолға хабар қылды: «Сартқа шабыншылыққа жүреміз, қам қылсын!» — деп. Қол шеру тартып жол жүрді. Сарттар Кенесары қол тартып келе жатқанын естіп, майдан жеріне жиналып тұрды. Бұл жағынан Кенесары келді, екі қол бірін-бірі аңдып тұрғанда, бір күрең арғымаққа мінген қызыл жабуы бар, қолында найзасы, жанында қылышы, қанжары, сол қолында қалқаны бар бір сарт «жеке-жеке!» — деп айғай салып: «өлтірсем — қазымын, өлсем — шәйтпін!» — деп айғайлап тұрды. Күрең арғымақ секіріп астында тұрмайды.

— Бұған қарсы кім шығады? — деп тұрғанда, Шыңбай мінгені Ағыбайдың күзеулі кері жайдақ ер-тоқым жоқ, астына салғаны қостың түндігі, қолында тоқал найзасы, жетіп келіп:

— Ағыке, найзаңды бер? Мен шығамын! — дегенде, Ағыбай айтты:

— Ей, аусар, жаугершілік уақта кісіге асбап береме екен? — дегенде, басында темірі жоқ тоқал найзамен сартқа қарсы шауып бара жатқанда, Ағыбай шақырып алып, найзасын берді. Шыңбай да, сарт та бір-біріне қарсы шабысып найза салысқанда, сарттың найзасын қағып жібергенде, найзасы жерге сынып түсті. Сартқа қылыш, қанжарын алғызбай найзалап, есін шығарғанда, сарт сырт айналып қаша бастады. Өкпеден де, сырттан да найза салғанда, тайып шыға берді. «Ау, мұның шарайнасы бар екен», — деп сарттың көкжелкесінен найза салып, сартты жерге құлатып, астындағы күрең арғымақты іліп алып, қайта өз қолына қарай шапты. Сарт құлаған соң сүйекке сарттар да, Кенесары қолдары да шабысты. Сарт өз сарттарына таяу жығылып қалған екен, бұлар бұрын келіп сүйекті алып кетті. Шыңбай өлген сарттың сүйегінде жұмысы жоқ, күрең арғымақпен әуре болып жүр.

Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сарттарды қашырып, басын қосып тұрғанда Шыңбай күрең арғымақты Ағыбайға жетектеп келіп: «Мынаған мініңіз!» — деп ұсынды. Сонда Ағыбай айтты: «Ханға апарып тарт!» — деп. Шыңбай: «Иә, иә, ханы не? Мен өліп қалсам, Кенесарының несі кетеді?» — дегенде, Кенесары естіп, Ағыбайдан сұрады:

— Бұл кім? — деп.

— Бұл — менің аусар Шыңбай деген інім. Кенесары:

— А, а, жарайды! Балам, өзің мін, ешкімге берме, мұндай ердің алғашқы олжасын өзіне берсең, екінші бата қылмайды, — деп өзіне берді.

## 169. Бала бақсы

Кенесары әм Наурызбай қырғызға қолға түсіп қалған соң Ағыбай Сарыарқаға Қарқаралы уезіне қарай көшті. Мұны Бөлтірік естіп, бес жүздей кісімен құды: «Ағыбайдан кегімді аламын — деп, — жесір-жебір, жетім қыламын», — деп. Мұны Ағыбай білмейді. Ағыбай өзіне белгілі Бетпақ шөліндегі Шумен көшті. Көшіп келсе, қонарлық жердегі суға бір қара нар, бір ат, итарқа қос көрінді. Сол қостан бір жуан, зор еңгезердей біреу шығып:

— Иә, Ағыке! Аман-есенсіз бе? Сізді күтіп жатқанымға екі күн болды. Менің затым — қуандық, жасымнан үйсінге сіңіп кеткен ем, атым — Балабақсы деген, қара қобыз — биыл өле-сің, — деді — әулие болып аспанға ұшпайсың, пенде болып жерге көмілмейсің» деген соң келе жатырмын, қасымда үйсіннен алған қатыным бар. Ағыбай айтты:

— Олай болса қара қобызды тарт, кейін мені қуған адам бар ма екен? — дегенде, Балабақсы қара қобызды тартып отырып:

— Ойшырым-ай, Ағыке! Көп кісі Шудан өтіп қуып келеді, бір бүрлі сақал адам шарт жүгініп отыр, соны «Бөке, Бөке» деп елдің бәрі батпайды, тағызымменен тұрады. Ағыбай «Бөке-Бөке» деген сөзіне түсіне алмай: «Ей, Балабақсы! Анықтап қарастыр, кім екен? Бала бақсы қобызын сарнап-сарнап: «Ой, шіркін-ай! Бөлтірік» деген. Ағыбай көк бестіге, найза-қылыш, наркескенге алды-артына қарап үндемеді. Осы суға қонды. Осы суға екі қос сарттар келіп қонды. Сарттар Ағыбай деген соң қорқып не қыларын біле алмады.

Керуенбасшы сарт «Ағыбайға сәлем беремін» деп, Ағыбайдың қосына келді. Ағыбай сарттарға тигізбеді. «Ешкім сендерге тимейді», — деген соң сарттардың қорқыныштан көңілі басылды. Таң атқан соң сарттардың керуен басшысы бірнеше тоғанақ нәрселерімен тарту-таралғы берді. Керуенбасшыға Ағыбай хат берді: «Мына мені қуып келе жатқан үйсін Бөлтірік батырға бер, бұрын өзіне айтқан уәдем бар еді, «ер кезегі үшке дейін» деп, екі рет ажалдан қалдырып ем, енді қазірден бастап мал-мүлік, қатын-балаларды Сарыарқаға үдіре көшіремін, сендердің көзіне өзім алпыс екі туысқаныммен осы арада үш күн күтемін, шөл Бетбақтың даласында емін-еркін қимылдап, шер құмардан шығайын, дүние екі келмес, Бөлтіріктің иә менің ажалым хатта да әм ауызда айтындар?» — деп тапсырды. Және осы хатты беруші сарттарға «тигізбе, бұрынғы талап алғанымызда жетер», — деп оны да тапсырды.

Сарттар қуана-қуана риза болып жөнелді. Сапталып алпыс екі кісімен сол арада қалды, көштерін үдіре көшіріп жіберіп. Екінші күні Бөлтірік батыр сарттарға кез болды. Бұлардан сұрады: «Көшіп бара жатқан ел көрдіңдер ме?» — деп. Бұлар: «Көрдік, Ағыбай батыр көшіп барады, екінші суда сіздерді күтіп қалды, көштерін үдіре көшіріп жіберіп», — деп хатын



берді. Сарттар айтты: «Иә, үке батыр! Біз көрдік Ағыбайды, өзін адамға ұқсата алмадық, атын бұ дүнианың малы дей алмадық, «шер, құмардан шығайын» деп күтіп жатыр, өгарда тіл алсаңыз, қайтыңыз?» — деп сарттар айтты. Бөлтірік батыр ойланып-ойланып отырып: «Хатта да осы, ауызша да осы мұнысының бәрі рас, Кенесары сықылды ханынан айырылып, Наурызбайдай солқылдағынан айырылып күйінді болып, ашуызамен көзіне қан толып барады, алдымен мені мерт қылады, кел, енді қайтайық», — деп қайтып кетті.

Үш күн жатып, төртінші күні Балабақсы қобызын тартып: «Ей, Ағыке! Бөлтірік қайтып кетті Шудан өтіп. Ағыбай аман-есен көшіне келді. Балабақсыны еліне аман-есен жеткізіп салды, екі құлынды бие, бір сауулы іңген түйе беріп.

Сол жылы қатты жұт болып, Балабақсы өлді. Қоюға ешбір мүмкіншілігі болмағандықтан, сөрелеп қой қораға май айына дейін қойды.

### 170. Күзеулі кер

Қыпшақтан көп жылқы алып, ай қараңғы, бұлтты жаңбыр жауып тұрғанда, алған жылқылардың алдынан бір жылқы бастайды да жүреді. Ағыбай түнде үш мезгіл алдынан шығып ұстап қараса, күзеулі кер құнан. Таң атқан соң күн ашылды, жылқылар дем алсын деп кейін қарауылға кісі қойып, өздері дамылдады. Ағыбай күзеулі кер құнанды Шыңбайға ұстаттырып, жетекке алды, «күзеулі кер» сонан атанды. А, дегенде топалаңдап шаба алмайды, ауыздығын тістеп, құйрығымен өзін-өзі қамшылап, ешбір жылқыға жеткізбейді. Ағыбайдың жырында да бар.

### 171. Көтен балуан

Тобықты Құнанбайдың әкесі Өскембайға ас береміз деп Қарқаралы әм Семей дуандарына қараған елдерге сауын айтты. Ағыбай ел-жұртпен танысам деп о да келді. Кенесарының Ағыбай батыры келді деген соң асқа жиналған халық «көреміз» деп Ағыбайды босатпады.

Ел егер болып аттар шабылмайтын болып, ат ұлдарына жол-жоба бәйгелерін беретін болды. Сонан соң балуан күрестіркек болды. Сол елде Көтен балуан деген бар екен.

Бұл Көтен балуан білектей жуан жас қайыңды екі басынан ұстап иіп қосады екен. Мұның баласы: «Мен әкемнен күштімін» деп айтқанын Көтен естіп, бір жауан қайыңды кесіп әкеп, екі басын иіп баласына: «Мұнаны қозғалтпай ұстай тұр, мен үйден жуан қайыс әкелейін», — деп баласына ұстаттырады. Өзі үйге кіріп, есіктен сығалап «не қылар екен?» деп бас бағып тұрды. Баласының қолын жазып қайың ашылып барады. Баласы әкесіне айғайлады: «тезінен әкел?» — деп. Көтен келгенше қайың балаға көнбей жазылып кетті. Көтен балуанның күші сондай болған адам.

— Күрестіркекке күтемін Ағыбайды? Халық ұйғарды. Ағыбай айтты:

— Ей, әлеумет халық! Мен күресіп ешкіммен көргенім жоқ, ағарда керек қылсаңыздар халықтың сағы сынбасын, ат үстінде тартысып қайратымды көрсетейін? Халық құп көріп ұйғарысты. Ағыбай немере інісі Шыңбайды жылқы аралатып, жуан белді бір ат алғызды. Шыңбай ерттеп жуан қыл шылбырмен ердің үстінен баурынан қатты тартқанда, ат жата қалды.

Қаракесек біріңғай, тобықты біріңғай екі жік болып отырды. Көтен балуанды үкелеп, құрметтеп төрт кісі алып шықты. Ағыбайды қаракесек болып сондай қадірлеп алып шығайын деп еді, Ағыбай: «Ешбір адам ермеңіздер? Алатаудың Кекілік кезеңінен де, үйсін Бөлтіріктен және қалмақтардан да Құдай сақтаған, бас аяғы бір тұтам көтен болмақ түгіл, ішек-қарын болса да, өзім барамын», — деп мінген атты қамшылай басып, жүре берді. Көтенге қарсы оң жақ жеңін сыбанып, тақымын қысып. Көтеннің тақымы ашылып, өңі қашып: «Мен ат үстінде тартысып көргенім жоқ, тартыса алмаймын», — деп аттан түсіп жаяу жүре берді. Бәйгені Ағыбайға берді. Ағыбай олжасын қаракесек ортасына салды.

Ағыбайдың шешесі Ақмола уезіне қараған тарақты деген рудан. Әкесі ер болған, онан туған Қасқымбай, Шөмішбай дегендер — бұлар өз заманында батыр болған. Ағыбайдың шешесінің сипаты: ұзын бойлы, жалпақ иықты, күшті қандай мықты жігіттерді екі қолынан ұстап қозғалтпайды екен, ат үстінен аударып алады.

Байы Олжабай өлгеннен кейін Ағыбай он екі-он үш жаста екеуі қалған. Бір түйе, бір зор күрең аты бар. Басқа мал жоқ. Күрең ат басқа адамдарды маңына жолатпайды. Алдына келсе, аузын ашып тістеймін деп ұмтылады, артына келсе, тебеді. Жалғыз-ақ бәйбішемен Ағыбайға ұстатады. Бәйбіше «берсе — жолынан, бермесе — қолынан» елден алып күн көреді. Қасым Абылай ханұлы мұны естіп, шақыртып алып: «Зорлығыңды қой, әйел басыңмен мұндай жұмысты екінші істеме? Өгарда істесең, менен жақсылық күтпе! Өгарда жоқ болсаң, біздің үйге араласып қазан-аяқ ұста», — деді. Сондағы айтқаны: «Мен сықылды әйел, Ағыбайдай бала, сенің қатын-қыздарыңның дәрет суын дайындап жүреміз бе?». Қасым ашуланып: «Үйден шық!» — деп қуып жіберді.

Бәйбіше зорлығын қоймады. Бір күні Қасым күрең атты екі кісі жіберіп, ұрып жығып, ұстатып арқандатып қойды. Мұны бәйбіше көріп Қасымға келді:

— Ей, тақсыр төре! Жалғыз атымды беріңіз? Ағыбайда ержетер, о да бірдемеге жарар, ең болмаса ат ұстап беруге жарар, елді шауып, шәншіп алған малыңнан бөліп бермесең, жалғыз атымда нең бар? Қасымның бәйбішесі атын қайыртып бергізді. Қасым айтты:

— Арқандаулы тұр, жүгенсіз, ноқтасыз өзің ұстап ал, — деді. Сонда басындағы күндігін алып аттың қасына келіп, арқанды шешіп күндігін мойнына салып, ырғып мініп, желе жортып кетті. Сонда Қасым айтты: «Еркек болса, дұшманнан кек алып берер еді-ау! Әйел басымен елді жылатады, өз беті болмаса көнбейді».

## 172. Сыздық төре туралы

Қасымханның баласы, Кенесарының інісі Сыздық төрені хан сайлайтын болғанда, Кіші жүзден Әлдебек би келмей, соны тосқан екен. Әлдебек келсе, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр күйкі сиықсыз адам екен. Сонда Сыздық төре басын көтермей екі қолы тас төбесінде жатқан бетімен: «Әлдебегің осы ма? Соқыр, ақсақ», — депті. Сонда түрегеп тұрған бетімен ойланбастан шаруадан шыққан Әлдебек бидің Сыздық төреге айтқаны:

— Көздің соқыр болмағы бас қырсығы,  
 Аяқ ақсақ болмағы өз қырсығы,  
 Төренің төкашпар болмағы ел қырсығы.  
 Сөз сөйлесін батпандай,  
 Сүйектен сүңгіп өткендей.  
 Төсекте жатып сөйлесін,  
 Көт сүйегің өскендей.  
 Кірсіз — ай,  
 Мінсіз — Құдай,  
 Сенің түбің сарт еді,  
 Шешең қалмақ еді,  
 Сонан туған сен бір сұмырай.  
 Асыма, төре, асыма,  
 Асығаның осы ма?  
 Асығаның жетер басыңа,  
 Менің сөзім сөз болар  
 Ендігі қалған жасыңа, —

деп таяқты жерге үш ұрып жүріп кетіпті. Сөйтіп, шаруалар Өлдебекті қолдап, Сыздық хан бола алмай қалыпты.

### 173. Сұлтан Сыдық төренің тарихы.

Абылай қазақ ханы тарихта белгілі Абылай, үш жүздің баласының басын қосып, өз алдына ел-жұрт болмақ пікірінде қазақ ар-намысын жыртып, ақтабан шұбырындыда қалмақтар қолына өткен қазақтың өріс қонысын қайтару қамына кіріскен.

Бірінші мақсаты — өріс, қонысты қайтармақ. Екінші — барлық қазақты бытыратпай бас қосып ел-жұрт қылмақ болған. Сол мақсатпен қалмақтың соңына түсіп қазақтың қонысын қайтарып, қазақтың ежелгі дұшпаны болған қалмақты бір-жолата бас көтерместей қылған. Сөйтіп, бірінші мақсатын бітіргендей өзінің де өмірі ада болып, жетпіс жаста 1781 жылы Арыс өзенінің бойында Шымкент қаласынан жиырма бес шақырым «Хан қорғаны» деген жерде дүниеден қайтқан.

Абылай дүниеден қайтқан соң, орыс өкіметі қазақты қыса бастап, Көкшетау сияқты қазақтың орталық бөлік жеріне қала

салған. Сөйтіп, қазақты патша өкіметі құлдыққа айналдыра бастаған соң, Абылайдың Қалмақ қатынының баласы Қасым бұл қорлыққа шыдамай, Абылайдың өмірі жетіп істей алмай кеткен екінші мақсатына кірісіп, Қоқан ханнан жәрдем алмақ болып, Есенгелді, Саржан деген балаларын Әулиеатаға жіберіп, өзі Түркістанға келген. Бұл уақытта Ұлы жүздің бірқатары Қоқанға қол басып тұрған кезі еді, сондықтан қазақтарды бізден ажыратып өкетеді деп Есенгелді мен Саржанды Әулиеатада өлтірген. Қасымның өзіне у беріп қонақта өлтірген. Қасымның оқуда жүрген кіші баласы Кенесарыны ұстап алып зынданға салған. Кенесары Қоқанның зынданынан шығып, ата жолын қуып қазақтың баласын құлдықтан құтқару жолында жүріп, 1847 жылы қырғыздар қолында опат тапқан.

Кенесары өлген соң қалған жас балалары өздеріне қарасты ең жас әйелімен бірнеше жыл Сарысу бойын отан қылғызған. Балалары өсіп, оң-солын танитын болған соң, Сарысуда жинап кеңес қылған. Бұл кеңесте жас төрелер қанша дегенмен мұсылман ғой: «Қоқанның жәрдеміне барайық, екі жақтап қысып жатқан мұсылман елін орыс патшасының құлдығынан құтқару үшін қылыш шабайық», — деп, қасына жүздей жігіт алып, Әулиеатада тұрған Қоқан әскеріне келген. Әскербасы төрелерді хош алып: «Алматыдағы жатқан орыс әскерімен ұрысуға барамыз. Сіздер қазақ ханзадасысыздар, сондықтан барлық қазақ әскерін сендер бастап жүріңдер», — деп бұларды ертіп аттанған. Мерке, Қарабалтадан өтерде төрелерге: «Сіздер қазақ ел жағдайын, жер жағдайын жақсы білесіздер, барлық қазақ датқалары мен әскерін ертіп ілгері барып орыстан хабар алып келіңдер, мен көп әскермен арттарыңнан жүреміз», — деген. Бұған төрелер «жақсы, болады» деп барлық датқаларды қазақ әскерімен ертіп, Алматыға қарай жүре берген. Ұзынағаш деген жерге келгенде, қарт датқаларды көп қосынмен соңына қалдырып, төрелер өздері елден келген жүз шамалы жігіттерін ертіп, Алматыдан бір хабар алып келейік деп ілгері жүрген. Ол уақытта орыстар Алматыны алып, жаңадан орналасып қала салып жатқан кезі еді. Малың жайып қойып, өздері там тас салып, еш нәрседен бейхабар жатқан орысқа келіп тиіп, бірнешесін өлтіріп, бірнешесін тұтқынға алып, қанша малың қуып олжалап, кейінде қалған датқаларға келген. Бұл іске қазақ қуаныш қылып, Қоқан әскербасына тарту қыламыз деп

өлген орыстардың бастарын түйеге артып, тұтқындарды малымен алып кейін қайтқан. Қоқан әскерінен ажыраған жерге келсе, әскер жоқ. Жергілікті елден сұрастырса, төрелерді қазақтармен ілгері жібере салып, Әмірлашкар барлық қосынын алып, кейін қайтып кеткен. «Қарабалта, Меркеде бізді күтіп жатқан шығар» деп, Қарабалта, Меркеге келсе, онда да тоқтамай Әулиеатаға кеткен. Артынан Әулиеатаға келсе, мұнда да тоқтамастан Ташкентке қарай жүріп кеткен. Әмірлашкардың төрелерді қазақтар мен орысқа алдап жұмсап жібергені әйгілі анықталған. Қоқан үкіметінен кеулі қалып, датқалармен қош айтысып, төрелер Сарысуға — еліне қайтқан.

Қоқанның Қасымға, Кенесарыға қылғандары есіне түсіп, өздерін алдағанын көріп, Қоқанның бұларға ел болмастығына көздері жеткен. Ежелгі дұшпаны орыс болса, ол күнде екі жақтап бірі күншығыстан, бірі күн батыстан шығып Түркістанға ат қойған. Ортада аз елмен Кененің жас балалары қалған. Кіші жүздің жақсылары төрелермен орысқа күнбатысқа басшылық еткен. Ұлы жүздің Аққойлы, Құдайберген датқа сияқты понжары орыстың күншығыс әскерінің шылауында болған/майор шен алған/. Аз елімен ортада қалған төрелер «қайтсек елімізді, қатын, баланы аман алып қаламыз?» деген пікірге келіп, елінің қарияларын жинап, кеңес қылып, орысқа елші жібермекші болып, Сыдықтың кіші інісі Жәкей төрені елші қылып, қасына он-он бес жігіт қосып, Ақмешітте тұрған орыс әскербасына жіберген. Жәкей төрені орыстар қарсы алып, күтіп: «Бізге келсеңдер, ел-жұрт, мал бастарыңа аман береміз, өздеріңді қызметке аламыз», — деп астына ат, үстіне тон кигізіп, беліне қылыш байлап қайтарған. Қолына әскербасы мөр басып, сол әскердегі Орта жүз, Кіші жүздің барлық ақсақалдары, төрелері мөрін басып хат берген. Жәкей елшіліктен қайтқан соң, ел басшыларын қайта жинап, тағы маслихат құрған. Орыс өкіметі елге аман барып оған Кіші жүз бен Орта жүздің жақсылары күлкі қылып отырған соң, бастығы Сыздық болып барлық төрелер елімен орысқа бармақты мақұл көреді. Ел жиналып жүруге даярланғанда, Сыдық мынадай пікір қозғайды:

«Ел-жұрт болған жеріңе түгел барыңдар. Мен әлі де болса мұсылманның қылышын шауып көрейін, сендер түгел барсаңдар, бір мені жоқтай қоймас. Мұсылманға Құдай абырой беріп, орысты қайтара қалса, мен сендерді аман алып қалуға жа-

рармын. Егер абыройды орыс алса, жалғыз менімен ел кеміместе, артпас та. «Дұшпанның сыртында болғанша ішінде бол» деген, сендер барындар деп өзі Қоқан қолына қосылып, орысқа қарсы шықпақ болған. Сыдықтың мұсылман жәрдеміне бармақ болып, Сыдық елді жинап қоштасып, Қоқанға жүруге дайындала отырып, алдына бір шара қымыз алып кесеге құйып: «Әркім де менімен бірге баратын болса, қолымнан келіп қымыз ішсін де, далаға шығып ат ерттесін», — деген. Сонда жігерлі батыр жігіттерден қырық жігіт келіп, қолынан қымыз ішіп, баратын болған. Ақырында «Біз де сіз өлген жерде өлеміз», — деп екі қатыны келіп, қымыз ішіп, бұлар да жүрмек болған. Сөйтіп, Сыдық қырық жігіттерін қасына ертіп, Түркістандағы Қоқанның әскеріне қосылған.

## 174. Ысты Бұғыбай

Кенесары 1840 жылдары Ұлытауда патшаның отаршылдығына қарсы жасақ жинағанда, Шу өңіріндегі Ботаборым өзенінің бойын мекендеген ысты руындағы Бөлтірік биге: «Ат, ер-тоқым, қару-жарағы мен жүз жігіт берсін немесе жүз жігітке татитын жол бастайтын бір жігіт берсін», — деп кісі жіберіпті.

Сонда Бөлтірік шешен көп ойланып, өз руы ыстыдан Отырардағы Бұғыбайды шақырып алып: «Кенесары ханға барып жол бастайтын басшы боласың», — деп ақ батасын беріп, күндік жерге дейін шығарып салады. Ал Кенесары жіберген кісіге: «Кенеге сәлем айт, қол бастайтын батыр, жол бастайтын басшы жігіт жібердім, құрметтеп, ардақтай білсін», — депті.

Кенесары бірде Бұғыбайды сынамақ болып, түн ішінде: «Жігітім, ер-тоқым қойған үйдегі қырық жүгеннің ішінен менің жүгенімді тауып әкелші», — дейді. Бұғыбай барып қырық жүгеннің ішінен «тақсыр, сіздің жүгеніңіз мынау» деп дәл тауып әкеліп берсе керек.

Жорықта жүргендерінде жауынды түнде от жағуға тамыздық таппаған соң, Кенесары: «қыр астында ескі бейіттер бар көрінеді топырағы ішіне түскен, біреуінің ағашын суырып әкел», — деп Бұғыбайды жұмсапты. Ал, өзі Бұғыбайдың батырлығын сынау үшін бір жігітті жасырын жіберіп, мола ішіне отырғызып: «ағашты ала бергенде бассалғын» деген көрінеді. Бұғы-

бай айтқан зиратты тауып, мүрденің ағашын ала бергенде, осында отырған жігіт шап беріп білегінен ұстай алыпты. Сонда Бұғыбай: «Дүние-мүлік өлі әруақ пен тірі әруаққа ортақ деген. Бұл мүлікті бүгінге дейін сен иемдендің, енді мен пайдаланамын, сен өлі әруақ, көріңде тыныш жат», — деп ағаштарды арқалап жүріп кеткен көрінеді. Осыдан кейін Кенесары бастаған қалың қол оны: «Бұғыбай батыр, Бұғыбай басшы» деп атап кеткен көрінеді.

### 175. Байсейіт

Жұңғар қалмақтарының қазақ жеріне жасаған жойқын шабуылдарына қарсы үйсін тайпалары құрамында ұзақ жылдар бойы күресіп, төрт ботбайға ұран болған Сәмен батыр өзі жаугершілікке кеткенде, ауылға жастайынан соғыс өнеріне үйренген жиырма шақты бала жігіттерді қалдырып кетеді. Тойшыбек батыр өз ұлы Байсейітке: «Өз қатарыңа бас бол, әр қалай соғыс өнерін үйрендің ғой», — деп табыстайтын. Ауылдың ер-азаматтары жаугершілікке кеткеніне екі-үш айдың жүзі болғанда, қой жайып жүрген бір бала жүз қаралы адамның Ащысайға түсіп, шатырларын тігіп, жайғасып жатқанын көріп «не де болса білейін» деп, маңайларына барып тың-тыңдап көреді.

Олардың сөздерінен, үстеріндегі киімдерінен қырғыздар екенін таниды. Басшыларының ақбоз атқа мініп жүргенін, күні ертең қазақтар ауылдарына шабуыл жасайтындарын біледі.

Кіші Ащысайдағы қойларын тез ауылға айдап келген әлгі бала Байсейітке көргенінің бәрін айтады. Ертең ертеле те бір бәленің болатынын олар іштей біліседі. Ол өз қатарлы бала жігіттерді жинап жіберіп, түн жамылып дайындыққа кіріседі. Ащысайдан шығатын жолдың екі жағынан әр адам кісі бойы шұңқыр қаздырады. Алыстан білінбейтін болсын деп, топырақтарына дейін бәрін жинап, төменге түсіріп тастайды. «Біз қапысыз келе жатқан жауға оқты жаудырамыз, мен Ақбоз атты басшысын атып түсіргенде, сендер жиырма шақты адамды атып түсіріңдер, екінші оқпен тағы жиырма адамды түсіріңдер, үшіншісінде дыбыс шығаратын оқпен атыңдар, оқтың даусынан олар көп екен», — деп қашады.



Таң ата қырғыздар шабуылға шыға бастайды. Байсейіт жағы да соңғы дайындықтарын бітіріп, демдерін ішіне тартып, қырғыздардың жақындай түсуін күтеді. Олар садақ оғы жететін жерге жақындады-ау деген жерге жеткенде, Байсейіт алда келе жатқан ақбоз аттыны бірден түсіреді де, қалғандары да жаудың бір-біреуін түсіреді. Садақ оғы екінші рет атылғанға дейін не болғанын қырғыздар жағы білмей, аң-таң болысады. Олар өздерінен екінші топ адам түскенде барып өздерінің тосқауылға ұрынғанын біледі.

Қырғыздардың зәресі кетеді. Кейбіреулері тағы да оққа ұшып, кейін қарай сайға түсіп, оққа ұшқандарын да алып кетуге мұршалары келмей қаша бастайды. Байсейіттер Кіші Ащысайдағы аттарына мініп қуғандарымен жете алмайды. Олар қолға түскен ат, ер-тұрмандарын олжалап, ауылдарына келді. Ауылы тонаушылардан аман қалады. Байсейіттің атағы елге жайылып, батыр атала бастайды.

Қарақалпақтың жасы ұлғайып қалған батыры Құлшабайдың жалғыз қызы Апақайдың «қазақ, созақ бір туған, мені қоқандықтардың зорлығынан құтқарсын» деген сәлемін алғанда, Байсейіт Оңтүстікті жаудан құтқарып жүрген әскерлердің ішінде екен. Сәлемді жеткізген адамның айтуы бойынша, Қоқан бектерінің менмендіктерінің асқаны сонша, Құлшабайға: «Қызыңды берсең — қолыңнан, бермесең — жолыңнан, еліңді шауып қызыңды күң қылып аламын», — дейді. Амалы таусылған қыз әкесі қоқандықтардан жиырма шақты күн мұрсат сұрап, той қамына кіріскенде, Апақай жігіттен хабар күтіп отыра береді. Бұл екі арада Байсейіттер қам жасап, қасына сайдың тасындай қырық шақты жігіттерді ілестіріп, жолға шығады.

Елдің көзіне түспей, түнделете жүріп, белгіленген жерге жақындайды. Қоқандықтардың орналасқан жерін, қаншалықты адамы бар екенін және қандай жағдайда соғыс жүргізудің жәй-жапсарын біліп алады. Жасырын шолғыншыларын жіберіп, олардың жүздей адамымен бұлақтың басына шатырларын тігіп жатқанына дейін біледі. Уәделескен күні бұлақтың бас жағындағы терең сайдан кернейлетіп, сырнайлатып шықпақ. Байсейіт сарбаздарын екіге бөліп, терең сайдың екі жағына орналасады. Қоқандықтар сайдың шыға берісіне таянғанда, сарбаздар садақ оғын төбелерінен жаудырады. Дәлдеп атқан

оқтан бектерінің, әскерлерінің жартысы аттарынан құлайды. Қалғандары келген ізімен кейін қашады. Байсейіт ауылға хабар бермей аттарды, сауыт-саймандарды жинастырып, сайға жасырынып, қоқандықтар қайта шабуыл жасаса, тағы да қарсы алып, ойранын шығармақ болады.

Ауыл адамдары қоқан бектері белгіленген уақытта келмеген соң, кешке қарай бір қарияны біліп келуге жібереді. Жол бойы өлген бектерді көріп ауылына тез қайтып, көрген-білгенін айтады. Апақай Байсейіт батырдың келгенін біліп, әкесіне болған жайды түсіндіреді. Ертесіне елін жинап, Байсейіт батырдың алдынан шығады. Қоқандықтардың бектеріне жасалатын той енді Байсейіт пен Апақайдың үйлену тойына айналады. Елдің қуаныштарында шек болмайды. Той соңынан Байсейіттер қоқандықтармен соғысып жатқан әскерлерге барып қосылады.

Байсейіт батыр жорықтан қайтып келген соң Апақай қыз босанып, туған қызының атын Әсел қойыпты. Елін жинап үлкен той жасайды.

Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда, Байсейіт пен Апақайдың өмірлері онша ұзақ болмаса керек. Ежелден қазақтардың арасында жер дауы деген еш бітпейді ғой. Оны отаршылар шебер пайдаланып, өздерінің жансыздары арқылы ел арасына іріткі салып, аяғы кісі өлімге дейін барып отырған. Сондай даудың бірі Белбұлақ өзенінің бойындағы жерге байланысты өршіп, дауды шешуге Байсейіт батырды шақырады.

Бұл екі ортада қарама-қарсы жақтар әрекеттер жасап жатады. Жансыздар арқылы бір адамды дайындап, «егер жерді қарсы жаққа берсе, онда Байсейітті садақпен атып өлтіруді» табыстайды. Байсейіт жиналған жұртты тыңдап, әділ билікпен жерді бұрыннан иелік етіп отырғандарға беріп, ағайын арасы тату болса, жер жетеді, бәрін орын-орнымен пайдаланыңдар. «Бәріміз қасиетті Домалақ ананың баласымыз ғой» десіп, асу ішіп, бата берісіп, орнынан тұра бергенде, он екі қанат үйдің жапсарынан атылған садақ оғы Байсейіттің оң қолтығының астына тереңдей кіріп қадалады.

Елдің шулағанына қарамай, көпшіліктің көмегімен атына мініп, Ақсеңгірге бет алады. Қайсарлығымен тән ауырғанына шыдап, жанындағылардың сүйемелдеуімен өз үйіне жетеді. Көпшілік төсегіне апарып жатқызады. Небір білгір балгерлер жиналып: «Егер өз ерінен басқа еркек көрмеген әйел қадалған

оқтың үстінен аттаса, оқ тез түсіп, орны жазылады», — деген болжам айтылады. Байсейіт: «Әйел адамды үстімнен аттатпаймын», — деп Апақайдың қолына жармасқанына қарамас-тан, садақтың оғын суырып алады. Оқтың орнынан аққан қан тоқтамай, ақыры Байсейіт қайтыс болады.

Ел жылап-сықтап жүргенде, Апақай жыламайды. Көргендер таң қалады. Ертесіне ел Байсейіттің сүйегін көтеріп үйден шығарып, жерлеуге алып кеткенде, Апақай өзінің күре тамырын кішкене кездікпен кесіп жібереді. Атқылаған қанды қолымен басып: «Халқым-ау, Байсейіттен басқа жанды көргенім жоқ еді, өзім аттайын деп едім, оған жағдай болмады. Енді онсыз өмірдің керегі жоқ», — деп қолын жібере салады.

Ел Апақайды ерінің жанына жерлейді. Әке-шешеден жастай қалған Әсел әкесінің ағасы Жанқожаның қолында тәрбиеленіп өседі.

## 176. Биназар батыр

Биназар батыр өз тұсында Ағыбай батырмен және Бөлтірік шешенмен үзеңгілес, дос-жар болған. Жас кезінде Сыпатай батырдың ақ батасын алған.

Бірде Биназар мен Бөлтірік жолға шығады. Ойлары ел тыныштығын байқау екен. Содан бір бұлақтың басына келіп ат шалдырады. Алаңсыз жатқан екеуін түнде аңдаусызда жеті адам байлап-матап алады. Олар сәлден соң: «ал, енді, өлең айтыңдар!» деп мазақ етеді. Сонда Бөлтірік шешен: «Сендер жетеусіңдер, біз екеуміз, екі шалды байлап қойып өлең айт дегендеріңе жол болсын. Несіне қорқасыңдар, қолды босатыңдар, өлеңді содан кейін айтайық», — дейді. Шынында неден қорқамыз дегендей әлгілер бұлардың қолын босатады. Сол кезде Биназар батыр:

— Астымдағы мінгенім Айторы еді,  
Екеу ара өлеңді айтар едік.  
Осылардың төртеуін мен ұстасам,  
Ер Бөлтірік үшеуін қайтер еді? —

деп төртеуін қапсыра бас салғанда, Бөлтірік батыр қалған үш жігітті тырп еткізбепті. Екі батыр енді әлгілердің өздерін бай-

лап тастайды. Бірақ, артынан өздерінің аты-жөнін айтпастан босатып жібереді. Олар Ағыбай батырдың ауылынан екен.

Болған жайды естіген Ақжолтай Ағыбай батыр: «Е, сендердің айтып тұрғандарың Биназар мен Бөлтірік болды ғой, мұндай ерлік екеуінен басқа ешкімнің қолынан келе қоймайды», — деген екен.

## 177. Жоламан батыр

Кенесары қырғызды шауып келе жатқанда, Жоламан батырдың жолдан бес биесі қосылып бірге келеді. Тоқсан жастағы Жоламан: «Өзім бармай, биемді Кенесары бермейді», — деп өзі келеді. Үйіне қонады. Бұл не қылған шал деп Кенесары сұрамайды. Ертеңіне:

— Боз ойнақты ерттетіп бер, мен жүремін, Кенжежан, сен менің жөнімді де сұрауға еріндің, мен сенің бабаң Абылайдың тұсында асық атқан бала едім, әкең Қасым ханның тұсында қол бастаған дана едім. Шырағым, сенің тұсында бес биеден айырылған Жоламан деген шал едім, — дегенде, Кенесары ұшып тұра келіп:

— Япыр-ай, анық Жоламан батыр сіз болсаңыз, әкемнің досы екенсіз. Әкем өлерде алтын шақшаны ақ киізге оратып, сізге келсе бер деген өсиеті бар еді, — деп шақшаны берген. Бес биеге жүз жылқы қосып айдатып апарып салған Кенесары.

## 178. Есенгелді

Тана Есенгелді деген өте бай болған адам деседі. Он екі мың жылқысы болған екен деген аңыз бар. Мақалда да біреуді кетете сөйлегенде: «О, оның Есенгелдіден екі тайы кем дейді». Атасына моланы жылқының қылынан салды деп айтады. Бөкеннің тәуір қызы болған екен. Бұл — есентемір Бөкен биі. Есенгелдінің баласы қасында бір жігіті бар Бөкен бидің қызын көрейін деп келіп қоныпты. Ол күні Бөкен би үйде жоқ екен, қызы оларды жақсы құрмет етіп, солардың бір пікірмен келгенін сезіп, төсек салып беріп, көрпені жауып жатып айтты: «Ата жолын қуып келген қонақ болсаң, қозғалмай жата беріңдер, өзім оятып алармын, ит қуып жүрген тентек болсаң,

атамыздың тоны ескі, жыртып кетпеңдер», — деген екен. Сонда жұмбақтап айтқан қыздың сөзіне түсініп, қозғалмай жатып өрген екен. Таңертең қыз аттандырып жатып: «Жұмбағыма түсінгенің үшін сыйлығым», — деп атасының билікке барғанда киіп баратын зерден жасаған телпегі болады екен, сол телпекті кигізіп жіберіпті. Соңынан көп кешікпей Есенгелді Кіші жүздің басын қосып, жиын жасап Бөкенді шақырған екен. Бөкен қызына:

— Шырағым, Есенгелдінің жиынына киіп барайын, алтын телпегім қайда? — десе, қызы:

— Әке, менің басыма бір үлкен пәле келіп еді, сол телпекпен құтылып қалып едім, — депті. Бөкен үндемей жүре беріп, жиынға келсе, Есенгелдінің баласы Бөкеннің телпегін киіп алып, ат пен жиынға ет тартып жүр екен. Бөкен сол жерде: «Е, баламның басыма пәле келіп, құтылдым дегені Есенгелдінің баласы сөз айтып жүр екен ғой», — деп түсініп, ауылына келген соң, арнап кісі жіберіп шақыртып, Есенгелдімен құда болып, сонан соң қызын беріпті.

Есентемір Бөкен заманында құтпа сөз бермеген, алдына адам сөйлетпеген өте тапқыр шешен би болыпты. Есентемір Бөкен би байбақты Сырым бимен замандас және бірге асық ойнап өскен қадірлі құрбысы болыпты.

## 179. Панаш батыр

— Өтекең деген кісінің бейіті құлап жатыр да, ол бой көрсетіп тұрған төбенің басындағы бейіт сол Панаш батырдың зираты.

— Панаш кімдермен соғысып батыр болған?

— Абылай ханның Кенесары бастаған әскер күшінің мыңдықтарының бір мыңбасысы Панаш батыр болған. Және Панаш ақылды, айлакерлігімен көзге түсіп, қарсылас жауы монғолдарға қарсы соққы берген.

Сондықтан ұрпақтары Панаштың ерлігін дәріптеп, Панаш батырдың ұрпағымыз деп мақтаныш тұтады.

Панаш зиратында ол кісінің сүйегі жоқ. Бір жыл аманат етіп осы жерге жерлеп, Мекке, Мәдинеге апарып жерлеген деген сөз бар.

## 180. Саурық баба аңызы

Сәметтің Әйімбет ата ұрпақтарының бірі — Саурық ата күш-қайраты көп, әрі көріпкел әулие болған. Ол 1930 жылы жасы сексеннен асып барып қайтыс болды. Оның қыстауы Хан тауының шығысқа қарай созылған жотасының Далақайнар даласының тұсындағы Көкшоқы түбінде жалғыз үй отырады екен де, жазға қарай жайлауға Еспе өзенінің бойын жайлапты. Жазға салым Көкшоқы өзенін бойлап, жоңышқа егіп, екі рет шауып, қыста малына беріпті.

Жас кезінде ел ішінде болатын той-жиындарда күреске түсіп, қарсыластарын жығып, палуан атанған кездері болыпты. Оның өнері Шу өңірінің жұртшылығына кең жайылғандықтан ұры-қарылар одан сескенетін.

Бірде күзге салым Саурықтың өрісте жайылып жүрген бесалты түйесін төрт атты ұрылар қуып айдап бара жатады. Көріп қалған ол асыққандықтан атының аяғындағы кісенін бұрап сындырып ашып, жайдақ міне сала қуып жетіп, екеуін сойылмен ұрып түсіреді, екеуі ұзап қашып кетіпті. Сұрастыра келе бұлар бұл өңірдің адамдары емес екен де, алыстан Іле өзені бойынан мал ұрлап қайту үшін келген жалайыр елінен болып шығады. Ол екеуін екі күн ұстапты да, бұдан бұлай бұл жаққа аяқтарын баспайтындай етіп, уәдесін алып, босатып жібереді.

Бірде ауылына ел ішіне жаңадан палуан атанып, аты шығып жүрген немере інісі Тоқсанның баласы Рәсілбай келеді. Өз балалары Жанбай мен Жәнеттер де ауылда екен. Балаларының күштерін сынамақ болып, Кеңшоқы өзеніне көпір етіп, өзі әкеп салған ұзындығы биік бойлы адамның бойындай жалпақ тасты көтеріп сынамақшы болады. Ол өз балаларына:

— Менен туған бала болсаңдар, мына тасты көтеріп, жылжытып былай қойыңдаршы, — дейді. Олар қанша әуреленгенімен шамалары келмейді. Сонан соң Рәсілбекке қарап:

— Сен де қосылып, үшеуің көтеріп қойыңдар, — дейді. Алайда олар қанша әрекеттенгенімен тасты орнынан қозғалта алмапты. Сонда Рәсілбек тұрып:

— Аға, бұл тасты көтергеніңіз, сізді әрқашан жебеп, көмектесіп жүретін аруағыңыз бар, соның арқасы ғой, — деп өздерінше ақталыпты.

Рәсілбай палуан зор денелі, ауыр салмақты адам болыпты да, ал той-жиындарда сайысқа түскенде, сиқым елінің Бөрібай дегенінің үлкен мықты қара атын мінеді екен. Ол ат болса ондай сайысқа әбден үйренген, өзі ыңғайлана беретін әдісқой жылқы болыпты.

Бірде Рәсілбай ел болысы Өмірбайдың баласы Жәнібек жасаған тойда ел ішінде атақ-даңқы бұрыннан танымал ысты елінің бір палуанымен жеке сайысқа түсіп, оны ат үстінен аударып түсіріп, жеңіске жетеді. Мақтаулы палуан жеңіліп, ел қыран күлкі болады.

Тойда отырған ауылдың Бекқұлы атты ақыны екі палуанды өлеңге қосып, ысты елінің палуаны туралы былай депті:

— Батыр, батыр дегенің, босқа дәріс екенсің,  
Аса батыр келгенде құры ғаріп екенсің,  
Ер емес екенсің, елшігес екенсің,  
Нағыз батыр келгенде,  
Тақымында күліп жүреді екенсің, —

депті. Сайыста жеңіп, Мерейі үстем болған Рәсілбай жөнінде:

Ежелден саз Еспе ғой біздің қоныс,  
Жәнібек Әйменбеттен болды болыс.  
Сайыста Рәсілбай палуан алып,  
Деп кетті «спасибо қазақ-орыс».

Саурықтың зор қайраттылығымен қатар, әруақ қонған, болашақты болжағыш көріпкелдігі де, әулие тәуіпшілдігі де болған. Ол әр аптаның жұма күндері қоңыр қобызымен зікір тартып, оны жайлап бастап, соңына қарай даусын созып, аңыратып жылағандай үн шығарып, әруақтарының аттарын қосып айтып отыратын әдеті болыпты.

Саурықтың тәуіптік әулиелік қасиетінің шапағаты елінің қажетіне мол тиіпті. Кейде екіқабат әйелдер босана алмай қиналатын мартубасты дерті кездерінде Саурықты көмекке шақырып, жәрдемін алып отырған. Баруға мүмкіндігі болмаған жағдайда шақыра келген адамнан жөн-жобасын айтып, өзінің қамшысын беріп жібереді екен.

Бір жолы көршілес ауылда екіқабат әйелдің толғағы ұзаққа созылып, көп қиналыпты. Үй иелеріне ауылының Естай деген молдасын шақыртып жәрдемін сұрайды. Бірақ оның ешбір көмегі болмады. Амалсыз арақашықтығы біраз жер болса да, жетегіне ат беріп, кісі жұмсайды. Хабарды естісімен Саурық жедел жүріспен келеді де, бірден үйге кіріпті де екі-үш адамның ортасында отырған Естай молданың жотасынан қамшымен екі-үш рет тартып-тартып жібергенде, ол: «Биссимилла, биссимилла! Ой әруағыңнан айналайын, Саукем, Саукем!» — деп ешбір реніш білдірмейті. Толғатып жатқан әйелдің толғағы жеңілденгендей кейіп байқайды. Саурықтың Естай молданы ұрған ісіне таңғалысқан адамдардың біреуінің сұрағына ол былай депті:

«Малтубасты дерт толғатып отырған әйелден шығып, мына молданы баса бастаған екен, оны мен ұрып қуып шықтым, пәле кетті, енді жақсы болады», — депті де, отырған ер адамдармен сыртқа шығыпты. Көп ұзамай әйел аман-есен босанып, ұл туыпты. Үй иесі жүрегі жарыла қуанып, алғысын жаудырып, сыйсыяпат жасап, шығарып салыпты.

## 181. Ботантай батыр

Қоңырқұлжаның ауылы Бұғылыға Кенесары келеді. Қоңыр Кенесарымен қанша қырғиқабақ болса да, сыр білдірмей меймандостық көрсетіп қабылдайды, төрден орын береді. Осыдан екі-үш жыл бұрын Қоңыр ат сұрай келген Кененің бетін қайтарса керек. Кенесары да «берсе — қолынан, бермесе — жолынан» дегендей Қоңырдың біраз малын айдап өкетеді. Онымен қоймай, менің қолыма қосыл деген тілек білдіреді. Орыс патшасының офицері Кенесарының бұл ұсынысына үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Екі төренің арасындағы кикілжің осылай басталса керек.

Бұл жолы Кенесары алдыңғы ісіне кешірім сұрап, енді жүз шақты сойыс малы мен мінер ат алмаққа келген екен. Үлкен әңгіме үстінде отырған екі төренің үстіне Бекалы мен Ботантай кіріп келеді. Ботантай төрде отырған аты аңызға айналған Кенесарыны көріп сәлем беріп, қос қолын ұсынады. Өмірінде мұндай алып жанды көрмеген төре, таңданғанын жасыра алмай



екі қолын өзі де ұсынып, сәлемін ілтипатпен қабыл алады. Он алты-он жетіге жаңа толған балаң жігіттің қолына сұлтанның қолы көміліп кетеді.

— Балам, бойыңды жазшы, жөндеп бір көрейін? Бірнеше батырлар мен сарбаздарым бар, бірақ дәл сендей алыбы болған емес. Нөкерім де сенің қасыңда түйенің тайлағындай ма деймін. Шіркін, екеуің екі жағымда жүрсеңдер, адам түгілі табиғаттың да жел-суынан пана болар едіңдер, — дейді ағынынан жарылып.

— Ау, Кенесары, көлденеңді көк аттыға өңгертіп жіберетін тоқтым жоқ. Бұл жігіт аға-інідей болып кеткен Алтай ақсақалдың баласы Ботантай, менің ұлым Бекалы екеуі құрдас, бір жүреді. Ағасы Тұрсынбай, інісі Алдамжар үшеуі атқа қатар қонса, елімнің дауыл тосар терегі, сүйеніші, — дейді Қоңырқұлжа төре.

— Қоңыреке, олай болса, өзім үшін емес, халқымыздың біраз қалаулы азаматтары үшін маған қосыңыз. Іштегі орыстың қолында біраз жігіттер тұтқында отыр. Арасында жиенім Төрехан, Сәмекен, оның төлеңгіті Сәрсенбай, немерелес інісі Иса, Қошқарбай, осы отырған жұрттың жақындары бар. Соларды қолымдағы тұтқындарға айырбастап алмақпын, — деп Кенесары жұртқа қарап еді, туыстары тұтқында жүрген біраз ағайындары көздері жасаурап Қоңырқұлжаға қарады.

— Сен генерал-майор Генсті білесің, — деді біраз ойланып отырған Қоңыр.

— Білемін. Ол көшпенді қазақтарға ілтипатпен қарайтын офицер емес, бірақ Николай патшаға аты таныс. Лобанов деген офицерді ала барсам көнеді, — деді нық сеніммен.

— Жақсы, қасыңа біраз жігіттерді қосып, балам Бекалыны басшы қылып жіберейін. Тек қолға түсіп қалса, бар кінәні өз мойныңа аласың. Басқаша жағдайда арамызда қырғын болады, менің орыс офицері екенімді білесің, — деді түсін суытып Қоңыр.

Кенесары риза болып қол алысады да, тағы бір істің шетін шығарып:

— Жарайды, мырза, сіз қосқан жігіттерді көріп, сынақтан өткізсем қайтеді? — деп қулана жымыды. Қоңыр тілге келмей орнынан қозғалды. Далаға шыққан соң Кенесары Қараүлекті шақырып алып ымдап түсіндіреді.

Орыс қаласында жұдырықтасу деген сайыс болады, сол сайысқа Ботантай мен Қараүлекті шығарсақ қайтеді? — дейді.

Екі жігіт белуарына дейін шешініп ортаға шығады. Қараүлек те осал емес екен, аюдай алып денесін түк басып кеткен, бұлшық еттері қатпарланып ойнап тұр. Ботантай болса әлі жас. Бұлшық еттері білеуленіп біліне қоймаған. Әйтсе де ол Кенесарыға атан түйедей көрінеді. Көзім тиеді деді ме, кім білсін, ішінен күбірлеп жерге үш түкірінді.

Сарбаздар мен ел екі жігітті алқа қотан айнала қоршап тұр. Ботантай Қараүлек мылқауға жақындай бергені сол еді, анау иектің астын ала соғып жіберді. Соққының қаттылығы сонша — шалқалап барып, созыла құлады. Кенесарының жігіттері айғайлап жатыр. Жас батыр орнынан ұшып тұрып, енді кезек менікі шығар деген оймен алға қарай адымдап келе жатқанын көрген Кенесары таң-тамаша болып қайран қалды. Қараүлектің мұндай соққысына іліккен адам орнынан тұрмаушы еді. Тұрса да бие сауым уақыттан соң есін зорға жиятын. Ал мынау болса, шыбын шыққандай көрмей алаңсыз тұр.

Ендігі кезек менікі шығар деп жақындап, ыңғайлана бергені сол еді, Қараүлектің қолы тағы да маңдайынан сарт етті. Ол тағы да мұрттай ұшты.

— Бота, Бота, неге ұрғызасың, сен де ұр? Бұл төбелесте кезек жоқ, — деп шу ете қалды жиналғандар. Қараүлекті қолдаушылар Ботантай енді тұрмас деді ме үнсіз қалды. Осы сәтте Қарпықұлы Бекназар Ботантайды қолтығынан демеп жатып:

— Қарағым-ау, не болды? Мынау тұрған халыққа алтай-қарпықтың басын төмен игізіп, Тоғызбай атаңның сағын сындырып! Неге жуытасың жұдырығын? Темештің көкдолы бұқасын бір ұрғанда, миын ағызған жұдырығың қайда? — деді қатты күйініп.

Намыстанған Ботантай бар күшін жинап алып, Қараүлектің оң қолын сол қолымен қағып жіберіп, оң қолымен қазық ұрғандай төбеден соққанда, мылқау дәу екі тізесін бүгіп, жас батырдың аяғын құша құлады. Ботантай дәудің басын көтеріп қараса, аузынан қаны ағып жатыр екен. Сол кезде тамашалап қарап тұрған Бекмұрзаның Тоқашы, Бөрішінің Құдыманы, Темештің Алақайы, Рақымжанның Жиенбайы бар біраз ауыл жігіттері Ботантайды тік көтеріп әуақтап алып кетеді.

Жас батырдың күш-қуатына разы болған Кенесары Ботантайдың иығына шапан жауып, Қараүлектің төртбақ Қаракер атын алдына көлденең тартады.

... Кенесары Қасымұлы Бұғылыға келіп, Қоңырқұлжадан мінер ат, біраз адам сұрайды. Қоңыр сұраған жүз атын беріп: «Сарбаздыққа берер адамым жоқ, егер ел ішінде өз еркімен барамын дейтіндер болса, жолын бөгемеймін», — дейді.

Кенесары осынысына да рахмет айтып, жиырма-отыз адамды ертіп кетеді. Еріктілер ішінде Қоңырдың Бекалысы, Ботантай, Арыс, Кенжеғұл, Ержан, Әбілғазы және төрелердің төлеңгіті аталып кеткен Үйсін тайпасының сіргелі руының ұрпақтары Тұрлыбек, Кенжебек Шобанұлдары, Асылбек Атымтайұлы бастаған біраз сарбаздар болды.

Осы жолы Ағыбай батырдың мың жарым сарбазымен Ботантай қыркүйек айында созақты жаудан босатады. Осы сапарда болу керек Жанғожа Жармұхамедов жас Ботантайды сынағаны. Бес-алты іріктелген жігіттерін алдына шығарып:

— Ботантай батыр бар болса, осы жігіттердің екеуін қолаяғын байлап, Жанғожаның алдына алып барсын, — дейді.

Ботантай аттан түсе салып, жігіттерге ұмтылғанда, айбарынан сескенген әлгі мықтылар тарыдай шашылып, шегіне береді. Ботантай қолына түскен екі жігітті күректей алақанымен желкесінен бүре ұстап, екі жаққа атып жібереді. Естерінен тана қалған екеуін аттарына таңа байлап, Жанғожаға алып келеді. Ырза болған Жанғожа астына ат мінгізіп, иығына шапан жауып, беліне Тәшкент ұстасы соққан қынды қылышты сыйға тартады.

Сол кезде жаппас руының бір ауылында Наурызбай батыр тынығып жатса керек. Қасында жүз шақты сарбазы ғана болса керек. Сондағы жансыздар Атығай мен Жанғабыл Наурызбайдың жігіттерін қымыз бен етке тойдырып ұйықтатып, орыс салдаттарын алып келіп қойдай қырғызған екен. Наурызбай бес-алты нөкерімен зорға қашып құтылып, Ағыбай, Ботантай, Саржан, Жанғожа тобына қосылады.

Наурызбай келген бетте Ботантайды көріп қайран қалып:

— Омбыға баратын бурасан батыр сен екенсің ғой, қырғыздар Манасты айтқанда сенбеуші едім, енді көзім жетті, нағыз Манас өзімізде бар екен, — деп қолын ұсынады. Екі батыр осылай табысқан екен.

# XIX ғасырдағы өзге де тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар

## 182. Нар тұлғалы Нарынбай

Хиуалықтардың адайдың атақты батыры Сүйінқара Үргешбайұлының ауылын шапқандығы белгілі. Түрікпендер батырдың өзін Каспий теңізіндегі мұз үстіне қуып тастайды. Содан соң Сүйінқара Жылыойдың атақты батыры Нарынбайдан көмек сұрайды. Нарекең: «Елдің би, батырларымен ақылдасып, бір жыл дайындық жүргіземіз, келесі жылы осы уақытта көмекке барамыз!» — деп жауап береді. Айтылғандайын, келесі жылы Нарынбай бастаған Кіші жүз қолы Хиуаға аттанып, жеңіске жетеді. Қазақтар хиуалықтарға бірнеше шарттар қойып, оларды орындаттырады. Ол бойынша Маңғыстау өңірінен түрікпендер шауып әкеткен барлық мал-мүлік, тұтқынға кеткен адамдардың басым көпшілігі қайтарылады. Хиуа қалаларына қазақтардың еркін келіп, қоныстануына және кедергісіз сауда-саттық жасауына жағдай туғызады.

Нарынбай батыр қазақтардағы әскери істі жетік біліпті. Жиналған қолбасы, сардар және ту ұстаушыны сыйлайды. Жеке топтарды атағы шыққан, ұрыс-шайқастарға әбден шыңдалған баһадүр батырлар басқарады. Әскер «оң қанат» және «сол қанат» болып екіге топтастырылады. Майдан басталмас бұрын ту көтеріліп, дабыл қағылады. Ал шайқас басталғанда, ту ұстаушы батыр Нарынбай дабылшысымен және нағыз ержүрек бір топ батырлармен бірге биік төбеге көтеріледі. Осы жерден ол бүкіл әскер қимылын, дұшпан қолының әрекетін жіті қадағалап тұрады. Осалсып бара жатқан өз тобына қосымша күш жібереді, жаңа соққылардың бағытын белгілейді, қашқандарды рухтандырып, қайтадан шабуылға қосады.

Бір ұрыста Шарға таздың Боқбасар деген өжет жігіті ұрыстың қызуымен алдындағы жаудың әскерін біртіндеп түсіріп келе жатқанда, арқа тұсынан келген дұшпанды байқамай қалыпты. Бар ниеті алдындағы әскерде болған Боқбасардың ту сыртынан — белінен төмен күшті найза соққысы тиеді. Жан-дәрмен ердің басын құшқан жас жігіт ішінен иманын үйіріп, дұшпанының енді өзін жаһаннамға аттаңдырар келесі соққысын күтіпті. Алайда, күткен соққы болмапты. Оның орнына ту сыртынан Нарынбай батырдың: «Жарайсың, Боқбасар батырым!» деген даусын естіпті. Сөйтсе, ұрысты бақылап отырған Нарынбай бұларды тез байқап қалып, дереу көмекке жеткен екен.

### 183. Қызыл жолбарысты Сарыбай би

Сарыбай Айдосұлы — Сұраншының үзеңгілес серігі, аса жақсы көретін інісі, қол бастаған батырларының бірі. Оны бүкіл еліне сөзін өткізер көсем деп, дауға салар шешенім деп ғұмыр бойы қасынан тастамаған. Екеуі тізе қосып, атақты Қарқараның жәрмеңкесіне келгенде, Алатаудың күнгей-теріскейіндегі қырғыз-қазақ, арғы жақтағы қалмақ, қытай, ылдидан дұңған, ұйғырлар бүкіл Жібек жолы бойындағы саудагерлер, қалың жұрт түгел өре түрегеліп, қастерлеп, иіле сәлемдесіп, игі жақсылар қақ төрден орын ұсынады екен.

«Батыр — аңқау, ер — күдік». Сұраншы аңғалдығынан жаудың алдағанына сеніп, байқаусызда қолға түседі. Сонда Сайрам қаласындағы биік қамалдың ішінде қасындағы төрт-бес нөкерімен соғысып жатқан Сұраншы Сарыбайға ақырыпты дейді: «Мыналар бізді құтқармас, елді басқаратын сен аман бол, Қарасай баба әруағы сені қолдасын!» — деп биік қамалдан Сарыбайды көтеріп алып, сыртқа лақтырып жіберіпті. Сонда Сарыкекем жамбасы сынғанына да қарамай, бүкіл қолын жинап келгенше, қоқандықтар Сұраншыны қасындағы сарбаздарымен түгел қырып тастапты.

Сұраншының өліміне Сарыбай қатты қиналады. Бүкіл сарбаздарымен Сайрам-Тәшкенттің қан базарына ат ойнатып, қоқандықтарды быт-шыт қылады. Сұраншының сүйегін еліне, Алатауға алып қайтуға қаралы көш ұйымдастырылады. Сонда жол-жөнекей қоңырат, дулаттың атақты адамдары:

— Жолбарыс та ит қой, тегіне тартпас деймісің. Қызылға айналып біздің елде қалар, қан жоса қып мал сойып тастандар, — деп төрт түлік мал сойып, Сарыекеңнің қаралы көшін қарсы алады.

— Біз батырларымыздан айырылған қаралы көшпіз, қонақ болып дәм татар уақытымыз жоқ. Сұраншы батырды жерге бермейінше ат үстінен түспейміз, — деп Сареекеш ешкімге пейілін бермей, бөрілі байрағына жылқының құйрығын байлап, Сұраншының Ақтұяқ тұлпарын жал-құйрығын күзеп, ертоқымын теріс ерттеп, суыт аттанып кете беріпті. Елсіз жерге келгенде ғана аялдап, өздерімен бірге алып шыққан малды сойыс жасап, сонымен ғана тамақтаныпты. Тоқтамай, күн-түн демей еліне келіпті.

Киелі қызыл жолбарыс содан Сарыбай биге ауысып, Қыдыр босағасына келісімен-ақ Сарыекеңнің абырой-даңқы аспандап жүріп беріпті. Шапыраштының бас биі болып сайланыпты. Оң жақ тізесіне бүкіл қазаққа аты шыққан ақындары, сол жақ тізесіне дуылғалы батырлары отырған Жетісу елінің қадірлі сөз ұстары атаныпты.

Сарыбай би қайтыс боларда Жамбылды шақырып алып, ақ батасын беріп былай деген екен: «Айналайын, Жамбылжан, жасыңда есті тентек едің, ел таныған ақиық ақын болдың, маған өте жақын болдың. Жас кезінде ел тірлігі бұзылмасын, жаңа ұйыған ел ірімесін деп, Бұрым сұлуыңды алып қашып келгенде, ашығыңнан айырып, саған қиянат жасап едім. Сонда да сыртқа кетпедің, ақ батамды саған бердім. Тек, әттең, басыңа бақ кештеу қонады екен», — деген екен би.

## 184. [Сарыбай мен Сыздық төре]

Кенесары ханның баласы Сыздық төре кейін арада талай жыл өткен соң, Алатауға Сарыбайды іздеп келеді. «Сарыеке, қасыңызға біреп адамды ертіп, мені қырғыздарға апарыңыз, әкемнің өлген жеріне құран оқиын, бір бас құрбандық шалайын», — деп қолқа салады.

Сыздық сұлтанды Сарыбай би ерекше сыйлап күтеді де, қырғыздарға хабар береді. Қырғыз манаптары қатты әбіржіп, бұл жайға ерекше сасады. «Сұлтан келіп хан атасының ескі кегін

аламын деп жаугершіліктен әбден қажыған елді дүрліктіре ме?» — деп бар жақсылары кеңес құрады. Алыстан шолғыншы қойып, «қанша қолмен, қалай келе жатыр?» — деп іштей білдірмей әзірленеді. Сөйтсе, Сыздық сұлтан қасына Сарыбай биді, Жамбыл ақынды ертіп, өзінің ат ұстайтын екі сарбазымен күнгей асып, Шу өрлеп, Тоқпақтың жанында ақ шағаладай киіз үйлер тігіп күтіп отырған қырғыз айылдарына барады. Кекілікті сайы он бір жыра екен. Сол жерге барып жетектеп келген ақ боз биені шалып, құран оқиды. Бүкіл қырғыз біткен тік тұрып ыммен ғана қызмет көрсетіп, бәйек болады. Атасының қаны тамған жерге бір түнеп, ертеңіне қайтпақ болғанда, қырғыз манабы сөз бастайды:

— Сыздық төре, алты атаңнан бері хан тұқымысың, қырғыз-қазақ бір туған емес пе еді. Айтуға тіл кесіліп тұр, мына бір керуен түйелерді ал, үстіндегі жүгімен саған тартқан тартуымыз, оған қоса мың сөйгүлік және бір қызымызды жасауымен бермекшіміз. Бұл берер сыйымыздың басы ғана деп білерсің, — деп кешірім сұрауға батпай, астындағы арғымағын ортаға тартыпты. Сонда Сыздық сұлтан:

— Мен сендерден ештеңке сұрап келгенім жоқ, әкемнің көзі боларлық ер-тоқымын беріңдер. Ал, мына арғымағыңды бауыздап, елге таратып жібер, — депті қабағын ашпай.

Кенесарының ер-тоқымы рабайсыз үлкен әрі ауыр екен, ерттеген жылқының үстін алып түсетіндіктен бір сиыршы өгізге ерттеп жүр екен, соны әкеп беріпті. Баяғы күміс үзеңгі, сыртқы ашамай өрнектерін жұлып тастапты. Әбден тозған ерді құшақтап артына өңгеріп Сыздық сұлтан жөнөп беріпті.

Алатаудың теріскейіне ауып, бір бұлақтың басына келгенде, аттан түсіп, сыздап түнеріп келген сұлтан қасындағы серіктерін ұзатып жіберіп, ақын мен биді қасына алып қалып, қалмақ бас ерді құшақтап өкіріп жылаған екен. «Мынау найзаның басын тіреп қоятын қасы, мұны төріме іліп қоямын, ұрпағымнан ұрпағыма қалсын», — деп қасын шауып алып қоржынына салады да, ерді жармалап бөлсе, ағашының ішіне құйма алтынды толтырып тастаған екен. Соны алып:

— Мә, қанша аласыңдар, берейін? — дегенде Сарыекең:

— Сыздық, айналайын, сен алтынның сынығысың, пейіліңе рахмет! Сендердің еліңде біраз екей бар, әсіресе батырлықпен барып қалып қойған Әлти, Қосай, Жолашарларды еліне қай-

тар. Қайтарында Түркістанда өлгендерге арнап мал сойып, құран оқытсын, осы саған аманат! — депті.

Сыздық сұлтан екейлерді іздестіріп, өзбек, қоқан, түркімен жерлерінен кері қайтарыпты, қастарына адам қосып, жеткізіп тастапты. Төрт құбыласына түгел сөзін өткізетін дәрежеге келген Сарыбай би тоз-тоз болып кеткен елін жинаған жұртының басын қосқан көсем.

### 185. [Сарыбай мен Жамбыл]

Сарыбайдың үлкен кемеңгерлігі — Жамбылды ақын етіп тәрбиелеуі. Жамбыл жасында өлең-жырға, домбыраға үйір болып, ақындыққа бейімделіп жүргенін әкесі Жапа жақтырмайды. Жапа ол кезде баласын: «Ақын мен бақсының түбі — қайыршылық пен жын. Ел кезіп, дуана болып кеткенше, қайратты ерлік жолын қуып, мал бақ, дәулет жина», — дейді.

Жамбыл Сарыбайға келіп, әкесінің беті қайтса, тек осы кісіден қайтарын біліп, бата сұрайды. Жас баланың сонда айтқан өлеңіне риза болған Сарыбай Жамбылға ақ батасын беріпті. Оның талабын мақұлдап, Жапаны шақырып алып: «Баланың бұдан кейін бетін қайырма, бұл үлкен ақын болады екен», — деген екен. Міне, Сүйінбай мен Сарыбайдан бата алған Жамбылдың ақындық әлемі, ақындық құдіреті күллі дүниеге таңдай қақтырды.

### 186. [Сарыбай мен Шәбден]

Сарыекең дауда сүрінбеген би, әйгілі шешен. Бидің шешендігін сынайыншы деп Шәбден манап бірде қырғыз-қазақ бас қосқан бір жиында төтеден сұрақ қойыпты:

— Қартайған адамның неше түрі болады? — депті.

— Қартайған адам үш түрлі болады. Не дана, не бала, не шала болады адам қартайғанда, — депті Сарыбай.

— Осыны тарқатып айтып бере аласыз ба? Сарыеке, — депті Шәбден. Сонда Сарыбай былай депті:

— Еліңе қадыры асса, дана демей немене, Өсек пенен сөз тасыса, шала демей немене, алжып елден қашса, бала демей немене, — деген екен.



## 187. Жанқожаның жауабы

«Жау жақынымнан шықты. Енді бұлардың көзіне түспей-ақ қояйын», — деп Жанқожа ағайын-тумаларына өкпелеп Бұқара тауына көшеді. Онда Ерлер тауына барып, оның басына шығады. Бұқар әмірінің қабылдауында болып, оның құрметті қонағы ретінде сый-сияпатын көреді. Одан соң Хорезмнің орталығы — Үргеніште болып біраз аялдайды. Кейін Хиуаға көшіп барады. Хиуаның ханымен ашық сөйлеседі. Ол Жанқожаның барлық өтінішін орындауға келісім береді. Бірақ батыр ол жердегі халықтың шықай киген ізін көріп: «Бүрік табан екен. Шаңдағы шыққан лай топырақта шіркіннің ілгері бара жатқаны мен кейін кеткенін білу қиын болар. Адамдарының уәдесі жоқ шығар. Бұдан көмек алып болмас», — деп кейін қайтады.

Сол қайтып келе жатқан сапарында жолда бір үйге соғып, «хабарлас» деп дауыстайды. Үйден он алты-он жеті жасар қыз шығып:

— Ата, үйге түсіңіз, дәм ауыз тиіп шығыңыз, қуыс үйден құр шықпа деген, — деп ишарат жасайды. Батыр атынан түсіп, үйге кіргенде, қыз да шайын дайындап, дастарханын жая бастайды. Шайын құйып отырып қыз батырға көзінің қиығымен қарап, миығын тартып күледі. Оны аңғарып қалған батыр:

— Шырағым, неге күлдің? Күлетіндей оғаш ісіміз болды ма? — дейді. Қыз сонда тұрып:

— Жоқ, ата, біздің ауылда ас, той болады. Ондай сіздің елде де болатын шығар. Сол ас пен тойға ауылдың адамдары ат жаратады. Жаратқан аттардың құйрық-жалын өріп, үкілейді, қызыл, сары және көк шүберек тағып ажарлайды. Сосын жүйрігін бәйгеге қосады. Сол сияқты сізде сақалыңызды өріп шүберек тағып қойыпсыз. Соған күліп едім, ата, — дейді. Сонда Жәкең қызға қарап:

— Әй, шырағым, біз де уақытысында алдына жан салмаған жүйрік едік. Қазірде мұқалып тұрған жеріміз жоқ. Алға деп аттың басын жіберсек, иншалла, бірінші болып келсек керек, — дейді.

Былай шыққан соң Жәкең жолдастарына:

— Япырай, сырт жерде адамның қадірі болмайды екен-ау. Кішкентай баласына дейін күлкі болдық. Қой, елге қайтайық, — дейді.

Жанқожа ұзын сақалын сыртқа шыққанда өзіне ықшам және жеңіл болсын деп шүберекпен өріп қояды екен. Соны тосын көрген қыз сақалын әлеміштеп қойғанын ерсі санап, батырға күлген екен.

Батыр кеткен соң үйдің әкесі келіп қызынан: «Кім келді?» — деп сұрайды. Оған қызы: «Кім екенін білмеймін, сақалын шүберек қосып өріп қойған үлкен кісі келді», — дейді. Сонда әкесі қызына: «Қап, өттеген-ай! Ол Кіші жүздің батыры Жанқожа болды ғой. Есімі әйгілі адам еді. Қондырып, сыйлап жіберген жөн еді. Қате болған екен», — деп өкініпті.

### 188. Жанқожаның кемеңгерлігі

Нысана көздеуден жеңіліп, ұтылып қалған төлеңгіттер қайтсек те кек қайтарамыз деген есеппен батырға екінші рет келіп: «Енді жырау айтып тамашалайық», — деп өтініш айтады. Оған батыр:

— Ханыңа барып айт, құтырмасын. Еріккенді қойсын. Жыраудың басы — дау, аяғы — жау деген. Екі жырау айтысса, екі елдің айыбы мен мінін айтады. Сонда жау болмағанда несі қалады, сондықтан жырауды қойсын! — дейді.

Бірақ қашаннан кек сақтап қатып қалатын төлеңгіттер кешегі қол оғының кегін қайтару үшін ақыры екі жырауды айтысуға шығарады. Батыр өзінің жырауы Төремұратты оңаша шығарып алып:

— Айтысқан кезінде анау хан еді ғой деп айтатын сөзіңді тынып айтпай қалып жүрме. Егер өйтсең, сені ханнан бұрын өзім өлтіремін, білдің бе?! Мырзалыққа келсе, ол менің жарамазаншыма ат бергенде, мен оныкіне түйе бердім. Батырлыққа келсе, Созақты айт. Оны алған мен. Асырып айттың деп Кенесары мен тұрғанда сенің басыңды алмайды, — дейді.

Төремұратқа осыны айтып болды да, батыр алпыс адамымен Ордаға кірді. Соңын ала кірген Төремұрат та тиісті орнына отырып, домбырасының құлағын келтірді.

«Тәуекел, не де болса бұрын сөйлеп жүрегімді басып алайын», — деп Төремұрат өлеңді ағызып кеп жібереді. Қашаннан өлең десе ұйқысын қоятын өлеңқұмар қазақ сілтідей тынып, Төремұратқа қарап қалады. Төкең өлеңді былайша бастайды:

— Қауық Алла, Қауық ақ,  
Алла да ақ, мен де ақ.  
Көтере гөр дүйім ақ,  
Көтермесең, халым шақ.  
Анау — Орта жүздің жырауы,  
Мен — Кіші жүздің жырауы.  
Екеуміз де ат қостық,  
Шабамыз енді шынымен-ақ.

Бір киіздің үстінде  
Біз Құдайды жағалап,  
Екі жүздің адамы  
Бірімен бірі жанасса,  
Екі батыр бас қосып,  
Арлы жерде таласса,  
Жеңбей қоймас біздің бақ!

Аты — Сайын атанған,  
Сенің атың — Доғалақ!  
Ханды жүрсің сағалап,  
Құдай ондай бақ берсе,  
Кетемін сені қуалап, —

деп Төкең тоқтаған соң, кезекті Доғалақ алып екі жырау алма-кезек айтыса береді. Екі жақтың кемшілігі мен міні қалмастан айтылады.

Айтыс ұзаған сайын жарауы түскен жүйріктей Төремұрат үздік алда келеді. Әрі-беріден соң Доғалақ не айтарын білмей сасып, мүдіріп қала береді. Сол кезде терісіне сыймай отырған Кене хан Доғалақты Ордадан қуып жібереді де, айтысты тоқтатады.

Кегі ішінде қалған төрелер өз-өздері ойласып, қонақтарды ертеңіне қайтаратын болады. Осыны байқаған Жанқожа батырларына былай деп ескертеді: «Ертең Кенесары бізге қайтуға ұлықсатын береді. Хан тұқымына сенім жоқ. Оның елдігінен жаулығы басым. Ханнан ұлықсат алып шыққан соң бұлар да барлық әскерімен бізге құрмет көрсеткен болып түстік жерге дейін шығарып салады. Сонда бұлар бізді батыс бетке алып, өздері шығыс бетпен жүрер. Нағыз айырылысар жерге келген соң, олар келген іздерімен қайтса ел болғаны. Ал, егер бірінің

бас киімін бірі алып, алдымызды орай бірін-бірі қуып қайтса, онда жау болғаны. Артыңнан келіп тиеді. Қолынан келсе, аямайды. Соған қарсы сендер де дайындалып жүріңдер», — дейді.

Ертеңіне Кене хан қонақтарына райлы түрде рұқсатын берді. Бұлар ауылдан аттанып шыға бергенде, олар да барлық әскерімен бұлардың соңын ала шығыс бетімен аттанады. Жанқожа бастаған алты жүз әскер, Кенехан бастаған мың әскер жер бетін ақ шаңға айналдырады.

«Өздерің тиіссеңдер, ондырмаймыз» дегендей Жанқожалар жалтақтамай тура тартты. Ал, хан қайымын тауып қақтығысудың ретін таппай, ренжіп келеді.

### 189. Раманқұл мен Жанқожа батыр

Хиуадан жіберілген Аллақұлы (Бабажанға) Сыр бойының қазақтары үй басына алым-салықтан басқа, аптасына бір қыз және күн тимеген қара қозы беріп тұруға міндетті болған. Ханның бұл әмірін орындап тұратын сенімді көмекшісі Майданның Таттыбай аталығынан шыққан Раманқұл екен. Бір Раманқұл осы жарлықты орындап келуді інісіне тапсырады. Ол бір шаруаның қызын еріксіз тартып алып кетпекші болып жатқанда, Жанқожа батырдың баласы Итжемес келіп қалады. Дау-жанжал болады. Жанжалдың аяғы Итжеместің Раманқұлдың інісін өлтіруімен тынады.

Енді Раманқұл Жанқожадан күн төлеуді талап етеді. Бірақ бір адамның құнына келіспейді. Ол:

— Менің інім жазықсыз. Ханның әмірін орындаймын деп өлді. Сонда төрт адамның құнын төлейсің, — деп қасарысады.

Екеуінің арасына төрелік айтуға Нұрыбай бидің немересі Амандықтың баласы Бекарыстан батыр шақырылады. Бұл мәселені бір ауыз сөзбен шешеді.

— Ей, Раманқұл, сен інің өлгенде молдаларға бір намаз шығарттың ба, әлде төрт намаз шығарттың ба? — дейді Бекарыстан.

— Жоқ, бір намаз шығарттым, — депті Раманқұл.

— Олай болса бір намазға бір күн төленеді.

Раманқұл да, халық та осыған тоқтапты. Бірақ оның бір бау жантағы ішінде кетіпті. Енді Жанқожаның көзін жою Бабажанның негізгі мақсатының бірі болып, ізіне адам салады. Ақмырзаның мойнына тас байлап, Хиуа жендеттерінің суға лақтыруының бір себебі осы екен.

## 190. Жанқожаның Созақ қамалын алуы

Қоқан әміршісіне арқа сүйеген Созақ ханы халыққа тізесін батырып, ойына келгенін істеді. Зәбір көрсетеді. Бұған шыдамаған халық көтеріліс жасап, Кенесары мен Жанқожа батырдан көмек сұрап кісі жібереді. Хабарды алысымен Кене хан да, Жанқожа да белгілеген жерге әскерлерімен барады. Жанқожаның бес жүз адамын азсынып, өзінің үш мың адамына кеулі толған Кене хан Жанқожаға қарап:

— Жауды көп қашырады, атағы Бараққа қалады дегендей адамың аз екен, ә, — дейді. Сонда Жанқожа таңғалған пішінмен:

— Ау, Кене хан! Көзің көптен қорқып қалған ба қалай? Көптің де көбі бар, аздың да азы бар. Мен аз едім, анау көп екен деп қолыңдағы мал-жаныңды тегін бересің бе? Көптің де, аздың да Құдайы бар емес пе? — дейді.

Созаққа жақын барып, ертең қалаға қарай соғыс ашу керектігін бұлар ойласқанда, Кене хан:

— Біз үш жүздің баласымыз. Соғысты әр жүз ретімен жүргізсін. Соғыс мерзімі әр жүзге үш күннен берілсін. Егер осы тоғыз күннің ішінде бірде-бір жүз соғысып, Созақты ала алмаса, үш жүз бірігіп соғысатын боламыз. Ертең ертемен Ұлы жүз Созаққа аттансын! — дейді.

— Ал қалған екі жүздің адамдары не істейді? — деп сұрақ қояды Жанқожа. Сонда хан:

— Алыстан арып-шаршап келген адамдар кезекті күнге дейін аттарын тынықтырып, өздері демалып жата берсін, — дейді.

Ертеңіне Ұлы жүздің адамдары Созаққа аттанғанда, Жанқожа өзінің батырларымен ойласып:

— Қазіргі мына жүріп жатқан соғыстан еш нәтиже шықпайды. Өйткені Созақ ханы екі жылдың ішінде мұндай соғыс әдісіне үйреніскен. Соғыстың әдіс-айласын өзгертпесе, босқа арамтер болады, шығын да шығады. Оның үстіне Қоқан жағынан әскер келіп қалса, онда Созақты алу былай тұрсын, өзіміздің аман құтылуымыз екіталай. Бұл жағын Кенесарының ойлауы керек еді. Менің айтарым — мейлі, олар өз қалауынша соғыса берсін. Біз кезегіміз келгенше Қоқанның жолын күзетіп қайтайық. Құр мұнда босқа жатқаннан ештеңе шықпайды, — дейді.

Олар түнімен жүріп Қоқанның жолындағы бір бұлаққа батырып қонады. Әр бағытқа бірнеше шолғыншы жібереді. Қоқан-

ның ханы жағдайды естіп, жедел түрде Созақ ханына көмекке сегіз жүз адамға бас етіп Тоған батырды жіберген екен.

Тоған батыр бастаған сегіз жүз әскер Жанқожа батырдың жасағы жатқан екінші күні жақындап келіп қалады. Батыр өз жасағын тездетіп сапқа тұрғызып, Қоқан әскерінің алдынан қарсы шығады. Қоқандықтар да бұларды көріп кім екенін білу үшін жаушы жібереді. Келген жаушы Кіші жүздің атақты батыры Жанқожа екенін Тоғанға айтып барады. Мұны естіген Тоған:

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! — деп ат ойнатып ортаға шығады. Дәрменқұлдан ұлықсат алып, Тоғанға қарсы Жанқожа да ортаға қарай жүреді. Тұрпаты үйген төбедей, қолы келсаптай, саны бөренедей, ала көз о жар қара Тоған найзасын батырға безеніп тұрды. Жанқожа да сабырлы кейіппен көзінен от шаша, екі қабағының арасы тастай түйіліп, найзасын оңтайлы ұстап қарсы жүрді.

Найзаларын енді салады-ау дегенде жерді қара түнек тұман басып, көзге түртсе көргісіз қараңғы болады да қалады. Екі батырдың не істеп жатқанын әскерлер білмеді. Тұман ашылғанда жұрт Тоғанның қолы артына байланып, Жанқожаның алдында жаяу келе жатқанын көреді. Сосын соғысқа екі жақ кірісіп кетеді де, көп ұзамай қоқандықтар жеңіліс табады.

Тұтқындарды жаяу айдаған Жанқожа Созақты қоршап жатқан Кенесарыға келеді. Жанқожа Қоқан жаққа кеткен күні Кенесары: «Бес жүз адаммен менің қолымнан не келуші еді деп, Жанқожа бастаған Кіші жүздің әскері қашып кетті», — деп сыртынан даттаған болатын. Сондықтан Кене хан Жанқожаның келгенін жақтырмады, не бітіргенін білгісі де келмеді.

Келесі күні Жанқожа тұтқындарымен Тоғанды Кене ханға апарып, болған оқиғаны баяндайды. Кенесары:

— Тоған, сені Жанқожа қалай байлап алды, — деп сұрады. Сонда ол:

— Қалай байланғанымды өзім де білмеймін. Мен ортаға шығып Жанқожаны жекеге шақырғанымда, күн ашық еді, ол маған туралап найза салым жерге келгенде, тұман түсіп, тас қараңғы болды да қалды. Үстімді қара зіл басып, екі қылыш қимылдамай есімнен танып қалдым. Есім кіріп көзімді ашып қарасам, екі қолым байланып, Жанқожаның алдында айдалып келе жатқанымды көрдім, — деді.

Ертеңіне Кіші жүздің кезегі келіп Жанқожаның жасағы Созаққа шабуылға көтерілді. Батыр қаланы айналып шығып сарбаздарына мынаны айтты:

— Біз елден шыққанда Созақтың қамалын бұзып, Қоқанды ол маңайдан қуып, Ұлы жүзге бостандық алып береміз деп шықтық қой. Үш мың әскермен қамалды бұза алмай, Кенесары кезекті бізге берді. Біз бес жүз-ақ адамбыз. Көп әскермен олар қамалды неге бұза алмады? Біз шағын адаммен қамалды қалай аламыз? Дарбазаны қалай бұзамыз? Осыны айтыңдар? — деді сұраулы жүзбен. Бұған ешкім жауап бере алмады. Батыр тағы да:

— Олардың қамалды бұза алмаған себебі — арынан жаны қадірлі болды. Ары үшін жанын қимады. Ал біз ар үшін жанды қисақ, аз болсақ та қамалды бұзып, Созақты аламыз. Қанекей, ар үшін жанды қиямыз ба? Бұған не дейсіңдер? — дегенде, бәрі де бір адамдай дауыстап:

— Арымыз үшін жанымызды қидық! — деді. Батыр риза болып ақ батасын беріп:

— Енді соғыс тәртібі былай болсын, — деді. Үш жүз адам осы жерде қалсын. Сауыт, дулыға кигендер алдында, кимегені соңында жүріп, екі жүз қадамдай жер қалатын етіп қамалға жақын барамыз. Жау да қарап қалмай, оқ атады. Мақсат — қалай да қорғанның түбіне жету. Қорғанның түбіне жетсеңдер, оқтың атылуы тоқтайды. Сол жерге жеткен соң, қорғанның іргесімен жағалап дарбазаға жетіп, қақпаны салмағы ауыр балтамен шабу керек. Бірақ мына нәрсе ұмытылмасын, дарбазаны бұзып жатқан адамға іштен күрекпен шоққөз тасталады. Сол кезде кейінірек тұрған біздің отыз-қырық мергеніміз қабырғаға атылған шоққөз тастайтындарды атып құлатып тұруы керек. Қақпа ашылды дегенде, кейін тұрған үш жүз атты әскер құйындатып көзді ашып-жұмғанша дарбазаның үстімен ішке өтуі керек. Міне, осылай еткенде ғана Созақты аламыз, — деді батыр.

Дәрменкүл мен Жанқожа екеуі бастап қорғанға қарай жаяу жүгірді. Бораған оққа қарамай, бұлар қорғанға аман жетті. Қатты қарсылық көрсеткен қамалды қорғаушылар жанқиярлықпен шайқасқан батырдың жасағына төтеп бере алмай, Созақ алынды. Созақтың ханы бедеу атымен қорғанның құпия есігінен қашып кеткенін Наурызбай батыр байқап қалып, қуып жетіп айдап келеді.

Созақты Жанқожа батыр алып, көңілі жайланған соң, Қоқанның тұтқындарының тағдыры қаралды. Жанқожа батыр жеңістің сағасы өзінде болғандықтан алғашқы сөзді өзі алып:

«Тұтқындарды не істейміз», — деп ойын ортаға салды. Оған Кенесары:

— Бастығы Тоған батыр етіп қоқандықтардың бәрін қыру керек. Сонда Жанқожа:

— Ау, Кенехан, әлі де ойланайық. Бұлар бес-алты жүз бір тайпа халық емес пе. Түгелдей қырып тастап, қанын мойнына жүктеймісің? Бұларды өлтіргенмен қара жер тоймайды. Бірін қалдырмай қырып тастағанмен, қоқандықтар таусылмайды. Соғыстық, жеңдік. Елімізді, жерімізді жаудан құтқардық. Кегімізді алдық. Дұшпанның соғыста өлгені өлді, тірісін өлтірмейік. Еліне қайтамын дегені қайтсын. Осында қаламын дегені қалсын, — деді батыр. Кенесары сонда батырға:

— Осының билігі өзінде болсын. Не істесең де, өзің біл, — деп келісті. Жанқожа:

— Созақтың ханын қарттың билігіне берейік. Баласының кегі үшін ол не істесе, соны істесін, — деп үкім шығарады.

Тоған еліне қайтарылып, қалғандары тұтқыннан босатылды. Тоған кетерінде:

— Мен тірі тұрғанда енді қазаққа Қоқаннан жау келмесіне ант етемін, — деп уәдесін беріп кетеді.

Жанқожа батырдың Созақты алу жөніндегі оқиғасы осындай.

## 191. Бекбауыл бидің айтқаны

Батбаның дауымен Кене ханға барып келгенін және одан не бітіріп қайтқанын Жанқожа батыр ешкімге тіс жарып айтқан жоқ. Бұл оның бала күннен бергі бойына сіңген әдет еді. Ол келген бойында өз шаруасымен айналысып жүре береді. Ал ауыл адамдары болса батырдың барып келген сапарының нәтижесін білгісі келеді. Бірақ батырдан тікелей сұраудан айбынып, жиналып келіп анығын Бекбауыл биден сұрайды. Оларға Бекбауыл би былай деп жауап береді:

— Біздер алты жүз адам болып Кенесары ханға бардық. Кене хан да Жанқожаның даңқынан сескенді ме, болмаса күйеу екенін ескеріп атасын сыйлайын деді ме, әйтеуір «батыр келе жатыр» дегенді естіп ерекше дайындалған екен. Қара жермен жүрмесін деп Ордадан бастап ұзындығы бір шақырым жерге дейін кілем жайып тастапты. Бұл сыйлы қонақтарына



көрсеткен құрметінің бір түрі болса керек. Бірақ Жанқожа кілемнің басында күтіп тұрған төлеңгіттерге тоқтамай, атынан да түспей, серіктерін ертіп, кілемді атқа бастырып жүре беріп тікесінен ордаға келіп тоқтады. Мұнда да күтіп тұрған төлеңгіттер қонақтарды арнап тігілген он бес шатырға орналас-тырды, бәйек болып қызмет көрсетті.

Бұрыннан келе жатқан хан тәртібі бойынша, Ордаға келген қонақтар кім болса, о болсын ханға барып сәлем беруге міндетті. Ал Жанқожа олай істемеді. «Мен оның атасымын, ол қызымды алған күйеу балам. Оның хан екенінің керегі жоқ, өзі келіп маған сәлем берсін» деп ізгілік көрсетіп жата берді.

Жанқожаның күтіп тұрған төлеңгіттерге де қарамай, құрмет үшін төсеген кілемді де ат тұяғына бастырып, тікелей көлікпен ордаға келуі ханның өкпесін атпен бастырғаннан кем көрінбеді. Сондай-ақ Ордаға келген соң да ханға барып сәлемдеспеуі ханның да, басқаның да зығырданын қайнатты. Солай болса да Кене хан батырға қаһар көрсете алмады. Тек батырдың Ордаға келуін күтіп отырды. Осыны сезген бір ақылды батыр араға мәміле айтып, хан мен Жанқожаны қауыштырды.

Сырттан ішке кірген Жанқожаға тақта отырған Кене хан екі қолын ұсынып батырға қарсы жүргенде, хан — қарағай, Жанқожа аңға түскен қыран бүркіттей болып көрінді. Кене хан батырды қолтықтап төрге отырғызып, шешіліп тұрып амандық сұрады. Сонда қасында отырған біздер әншейінде ауылда жүргенде бірге ойнап, бірге өскесін және туысқан болғасын:

— Әй, қойшы осының бізден несі артық, өзіміздей бір Киикбайдың тұқымы ғой, — деп мән бермей қарайтын едік. Онымыз құр күншілдік пен бақталастық екен. «Ер қадірін ер біледі» дегендей батырдың артықшылығы сырт жерде айқын көрінеді. Оның үстіне батырдың айбаты мен әруағының басым екенін Кене хан мен оның бетпе-бет кездескенінде көрдік. Жек көрсе де, Кене хан батыр не айтса да, «мақұл», «жарайды», «дұрыс» деумен болды. Жанқожаның мынадай басымдылық көрсеткеніне төлеңгіттер наразы болды. Бірақ Кене ханнан асып кете алмай амалы құрыды.

Кене де Жанқожаға іштей ықылассыз болғанымен, ашық жаулық көрсете алмады. Сонымен Кене хан батырдың келу мақсатын жүрерінен бұрын сұрады. Батыр жұмысының бағдарын қысқаша түсіндіріп: «Жазықсыз кесілген Батбаның

бұрымы мен танауына құн бересің», — деп ашық айтты. Бұған Кенесары наразылық білдіріп еді, батыр тіктеліп:

— Егер бұған сен қайлы болмасаң, онда өз Тәукенің шығарған «Жеті жарғы» заңында көрсетілген теңдікті аламын, — деп турасына көшті.

Кене хан қарыштай алмай батырдың дегеніне амалсыз көнді. Сонда біздер батырдың жанында отырып, осының арты үлкен дауға айналып, соғысып қалмасақ жарар еді деп уайымдаумен болдық. Ал батыр болса саспай табандап отырып теңдігін алды. Сонда біздердің ойымызға келгені мынау болды: артық қай жерде де артықтығын көрсетеді екен ғой. Абылай тұқымынан теңдік алу оңай ма, оны тек Жанқожа ғана алып отыр. «Бұдан былай батырмен таласқанымызды қояйық» деп пәтуаға келдік, — деп Бекбауыл би ауыл адамдарына батырдың мықтылығын мақтанышпен айтыпты.

## 192. Жанқожаның тапқырлығы

Раманқұл мен оның отыз жігітін бейкүнә өлтірген Қарақұлды Әзберген мен Есет мақұл көрмеді. Бір ғана бұлар емес, тілеу-қабақ түгелімен теріс қарады. Тіпті Әзберген мен Есет Қарақұлды, оның рулас ағайындарын ел ішіне жуытпады. Мұның үстіне «жығылғанға жұдырық» дегендей, патша әскері бері қарай тілеу-қабақтың үстімен жүре бастаған еді. Осы кезде ел ығысып, бірін-бірі қысты. Әсіресе Қарақұлдың руы нағыз қыспақтың ортасында қалды. Не істеу керек? Ақыры бір тоқтамға келген Қарақұл ағайындарын жинап алып былай дейді:

— Біз жазықты болсақ Жанқожаға ғана жазықтымыз. Өйткені оның адамын өлтірдік. Ал Есет пен Әзбергеннің толысын төгіп, ортасын шайқаған жоқпыз. Олардың өкпесіне түсінбедім. Біз не де болса Жанқожаға барайық. Адам өлтіруге оның жаны қашаннан қас еді.

Сөйтіп қасына он жеті адам алып Қарақұл Жанқожаға жүріп кетеді. Келе жатып Қарақұл ағасына:

— Жанқожа қалай дегенмен ашулы адам ғой. Бізбен сөйлесе қояр дейсің бе? Егер көп кідіріп қалсақ, сен ағайынның татуласып кеткенін айтарсың, — дейді. Қарақұлдың адамдары екеу-екеуден бөлініп бірнеше күн жол жүріп батырдың ауылына жетеді. Бөтен кісілерді көрген батырдың адамы Жәкеңе келіп:

— Батыр аға, үйдің сыртындағы шұқырға он сегіз адам аттарын байлап, өздері осында келе жатыр. Меніңше тілеу-қабаққа ұқсайды. Түсі бөтен адамдар, — дейді.

— Кім де болса қонақ қой, — деп батыр төсек салдырады. Қарақұл бастаған топ сәлем беріп үйге кіреді. Жанқожа оларға назарын аудармайды, сәлемін де алмайды. Қонақтар батырдың түрін көріп қасына жақындай алмайды. Бәрі де тым-тырыс күйде ұзақ отырады. Бір кезде босағада отырған Қарақұл өз ағаларына тесіле қарап:

— Ау, сендерді не албасты басты? Он сегізіңнің де тілдерің неден байланып отыр. Өздеріңнің іздеп келгендерің осы Жанқожа ағам емес пе? — дейді. Сонда Жанқожа мыналарға мойынын бұрып:

— Шырақтарым, амансыңдар ма? — деп бәрімен сәлемдеседі. Содан соң:

— Мына бала қай бала? — деп Қарақұлды нұсқайды.

— Бұл бір ағаның баласы, аты — Қарақұл, — дейді біреуі тұрып.

Сол кезде батыр төсегінің астында жатқан балтасын алып, оны бүлдіргесінен саусағына іліп былғап-былғап ысқырғанда көзі оттай жайнап қызарады. Отырғандардан Жанқожа:

— Мырза Қарақұл, батыр Қарақұл, би Қарақұл, молда Қарақұл, — дейді жұрт. Сол айтылып жүрген Қарақұлдарың бір адам ба, әлде бөлек пе, — деп сұрайды. Сонда босағада отырған Қарақұл орнынан ұшып тұрып, екі қолын қусырып:

— Құдай берсе, жігіт бай болады, алмай берсе, мырза болады, әкесі молдаға берсе, молда болады, көп ішінде тауып сөйлесе, шешен болады, қорықпай шанышса, батыр болады. Сол атақтардың бәріне бірдей ие болып жүрген Қарақұл деген інің мен, — дейді.

Жанқожаның бір әдеті тайсалмай сөйлеген кісіні жақсы көретін және оның қандай күнәсі болса да кешіретін еді. Сол дағдысына басып Қарақұлдың батылдығын ұнатып қалған батыр оған:

— Мына жерге отыр, — деп оң қапталынан орын береді. Мұнда не жайлы келгенін сұрап, батыр шешімін сөйлейді. Қарақұл да ойындағысын бүкпесіз ашық айтады. Бір кезде батыр:

— Пәтуаларың дұрыс екен. Бірақ сендерге бір сұрақ бар. Раманқұл шын би туған адам ба еді, әлде би емес пе? — дейді Қарақұлға қарап.

Қонақтар да Раманқұлдың билігіне қазақ баласының таласы жоқ деп батырдың сөзін қуаттай сөйлейді.

— Ендеше Раманқұлдың басына бір құн, билігіне бір құн — екі құн берілуі керек емес пе еді? — дейді батыр.

Жанқожаның бұл шартына қонақтар да қуана келісіп, Қыр шектісі, Сыр шектісіне екі құн, ал Сыр шектісі Қыр шектісіне бір құн төлейтін болып тарасып, екі жағы да татуласып кеткен екен.

### 193. Ақтан батыр

Ол бала кезінде үй шаруасына икемсіздеу болса керек. Әкесі Ақай: «Үй жұмысына қарамайсың, икемсізсің», — деп еншісіне бір ат беріп, «өз күніңді өзің көр», — деп үйден шығарып жіберіпті. Жалғыз атпен құладүзді кезіп жүріп, айдалада оңаша тігілген қараша үйге кезігіп кірсе, керегеде бір адам байлаулы тұрады. Оны есі ауысқандықтан осылай еткен екен. Ақтан келісімен жаңағы адамның есі кіріп, аурудан айыға бастайды. Бара-бара құлан таза жазылып кетеді.

Бұл әңгіме жұртшылыққа тарап, абыройын арттырып, ел құрметіне бөлейді. Ақтанның шешесінің жүкті кезінде шырақ жағып жүргенін көрген атасы әруақты Ақпан батыр: «Мына іштегі тегін бала емес, киелі бала екен. Әулиелік кереметі бір бөлек. Бүкіл әлім руының намысын қорғайтын батыр болар, бірақ мен бұл баланы көре алмаспын. Әруақ қолдасын, менің жолымды берсін!» — деп батасын берген болатын қартайған шағында. Сөйтіп, мінген атының ерінің үстіндегі боз көпшігін «балаға табыс етерсіңдер», — деп қалдырған екен. Әкесі осы бала дүниеге келгенде «атасының батасы дарысын» деген оймен азан шақырып Ақтан деп ат қойған еді.

Ақай халықты жинап, ата-бабаларына құран оқытып, Ақтанға үлкендердің батасын алып беріп, көпшіліктің алдында Ақпан атасының боз көпшігін табыс етеді. Сонымен есімі бүкіл қаракесек руына ұран болған әулие Ақпан батырдың батасы дарыған Ақтанға қысылған сәттерде ойнақшып шыға келетін киелі бұлты осы атасынан қоныпты.

Ақтан батырдың кескін-кейпі қыр мұрынды, қалың қабақты, өткір көзді, бидай өңді, жуан мойын, жаурынды, бура сан, бойы ортадан жоғары, айбатты адам екен. Мінезі: досына

мейірімді, дұшпанына қатал, халқына адал, еліне сыйлы адам болған. Қайраты: мұз бел, білекті, қарсыласына дес бермейтін, қара күшке де мықты болған. Кереметі: жауға шапқанда бет-әлпеті сұстанып, көзі қызарып, жауына таудай болып көрініп, қарсыласының зөре-құты қалмай қаша бастайды екен. Оның үстіне Ақтанның төбесінде қазандай бұлт ойнап, жауына жақындағанда жаңбыр жауып, жауын састырады. Жауын жеңіп қайтқанда, ақ бұлт жоғалып көрінбей кетеді. Мұны халық көріп сенген. Ел аузында әлі бүгінге дейін «Ақтанның бұлты» аңыз-әңгімеге айналған.

Ақтан батыр қоқан, хиуа хандарының қазақ халқына жасаған озбырлығына, зорлық-зомбылығына қарсы күрескен. Жанқожа батыр ел басына қиыншылық келіп, халқы ақырет азар көргенде, амалсыздан атқа қонып, жауға шабар күн туғанда, алғашқыларының бірі етіп Ақтанға хабар беретін болған. Ақтан батыр келісімен Жанқожа:

«Ақтан келді қасыма, ақ күн туды басыма», — дейді екен. Сөйтіп, жауына аттана беретін болған. Созақ қамалын, Қожанияз бекінісін аларда, Ақсуат шайқасында Ақтан батыр ерекше ерлік көрсеткен екен.

## 194. Медетбек батыр

Сыпатай мен Медетбектің жастау кездерінде қырғыздар мен қазақтардың арасында болған шайқаста қырғыздар Сыпатайды қолға түсіріп, байлап әкеткен. Медетбек оның Саурық батырдың баласы екенін білдірмей, жоғалған мал іздеген болып, соңынан қалмай бірге жүріп отырған, айласын тауып, босатып алуды көздеген. Қырғыздар Сыпатайды Орта Азияға құлдыққа сату үшін шет жаққа алып кетеді. Медетбек табандылықпен есебін тауып, қырғыз ауылының бірінде бие сауғызып жүрген Сыпатаймен кездесіп, қашып кету амалын үйретіп, өз тосатын жерін белгілейді.

Сыпатай ебін тауып, желі басындағы бір жүйрік атпен келіскен жерде Медетбекпен қосылады. Артынан қуып келген екі қырғызды ұрып жығып, аттарын алып, төрт атпен түнде жүріп, күндіз тасаланып, он бес күн дегенде аман-есен еліне келеді. Тағы да бірде қырғыздар барымташыларының қазақтарға тұтқиылдан шапқыншылығы кезінде Медетбек

батыр байқаусызда қолға түседі. Бұл Медетбек батыр екенін білмеген қырғыздар денесінің алыптығына қарап, «бір батырды қолға түсірдік» деп мақтанады. Оны Ош қаласына бір манапқа апарып береді. Медетбек сол күннен бастап мақау болып, беті-қолын жумай, қол-аяғының тырнағын алмай, айтқанға көнбейді. Қырғыздар мақауды ымдап отын алғызады, су құйғызады. Осылайша бірнеше ай өтеді.

Артындағы елі өзі айласын тауып құтылатынына сеніп, атын қырғыздарға білдірмейді. Бір күні манаптың үйіне алыстан қонақтар келеді. Манаптың үй-іші қонақтарды күтіп, абыр-сабыр болып жатқанда, Медетбек екі жүйрік атты ерттеп қойып, басқа аттарды босатып, терең сайға айдап жіберіп, манаптар қонақ асын ала бергенде, батыр атының бірін мініп, бірін жетектеп, есік алдына келіп: «Ей, манаптар! Мен мақау емеспін, қазақтың Медетбек деген батырымын, ал, енді, қош болыңдар, мен еліме кеттім!» — деп айқай салып жүріп кеткен екен. Қараңғыда қырғыздар улап-шулап қала берген.

Саурық батыр жау қолынан қаза болғаннан кейін, қырғыздар өздерінше күшейіп, қазақтардан жер даулай бастады.

Бірде ел көктеуде отырғанда қырғыздың ханы Андас датқаға: «Қазақтар Алатауды, Күртінің өзеніне дейінгі жерді қырғызға босатып берсін, әйтпесе өзім соғысып тартып аламын» деп елші жібереді. Андас датқа Ыстамбекұлы екі-үш рет халықтың басын қосып ақылдасып, бір тоқтамға келе алмайды. Медетбек пен Сыпатай: «Бұл дауды біз шешейік, бізге рұқсат беріңіз», — деп Андас датқадан сұрайды. Андас: «Бұл күрделі дауды сендер қалай шешесіңдер?» — деп екі рет келісім бермейді. Бірақ үшінші жолы: «Жарайды, жіберіп көрелік, ол үшін сендерге не қажет?» — деп сұрайды. Олар: «Екеумізге екі жақсы ат, екі атқосшы беріңіз», — дейді. Андас датқа олардың айтқандарын орындап, оларды жолға шығарып салады.

Сыпатай мен Медетбек сал-серілерше киініп, байдың мырза балалары болып, қырғыз ханының ауылына барады. Қырғыздар: «Қазақтың мырзалары келді», — деп сыйлап, қонақ етеді. Жастар жиналып ойын-сауық құрады. Қырғыз ханының жалғыз ұлы бар екен. Медетбек сол баланы айландырып: «Біз мына жотадан (қырғыз бен қазақ елінің арасындағы шекара жота, қырғыз ауылынан көрініп тұрады) келдік. Онда ауылымыз бар, қыз-жігіттер ойын-сауық құрып тамашалап жатырмыз, бізбен бірге жүріп қонақ болып қайт», — деген сөзіне сеніп, әкесінен

рұқсат алып, атқосшымен екі жас батырға ілесіп, жайлаудың жотасына шығады. Медетбек ханның баласын атқосшымен бірге байлап-матап Андас датқаға әкеліп: «Міні, дауды осылар шешеді», — дейді. Енді датқа қырғыз ханына: «Балаң менің қолымда, жер жөнінде маған қойған талабыңнан қайтпасаң, балаңның басын алып, қырғызға шабуыл жасаймыз», — деп елші жібереді.

Орман хан: «Баламды өлтірмесін, жайлаудағы екі ел аралығындағы Көктөбеде кездесіп, келісімге келейік», — деп жауабын береді. Осы келісім бойынша Көктөбеде қазақ пен қырғыз басшылары бас қосып, Алатаудың күнгеіінде, Шудың шығыс жағасында көшіп-қонып жүрген шапыраштыларды Алатаудың теріскейіне көшіріп, қырғыздарға Кіші Кемін, Үлкен Кемін, Ақтүзді босатып берген. Шекара Шу өзеніне дейін емес, Алатаудың жотасындағы жолға дейінгі жер қырғыз елінікі деп белгіленді. Екі ел келісімге келіп, баласын аман қайырғаны үшін Орман хан Андасқа сыйға тоғыз айғыр қысырақтың үйірін беріп, қазақ пен қырғыз татуласады. Осылайша, ел арасындағы қиын даудың соғыссыз бітімге келуіне үлкен үлес қосқаны үшін Медетбек пен Сыпатай нағыз ержүрек батыр азаматтар екенін көрсеткен.

Енді қоқандықтар Күрті өзенінен өтіп дулаттарды шетінен жаулап, Еспе, Жартасты өздерінің байымен Қопа, Қара бастау ауылына дейінгі жерді басып алды. Малын тартып алып, қыз-келіншектерін күндікке, ұлдарын құлдыққа салып, жер байлығын олжаламақ болды. Дулаттан шыққан Орақ батыр, Саурық батырға: «Біздің жерді ойламаған жерден қоқандықтар басып алды, қол үшін бермес пе екенсіздер?» — деп сөлем жолдайды. Саурық батыр Андас датқамен ақылдасып, шұғыл түрде жүзге жуық қазақтың басын қосып, қашып келіп шапыраштыны паналап жүрген орыстың алты жауынгерін, төрт түрікпенді ертіп, дулаттарға көмекке барады. Ішінде Медетбек пен Сыпатай да бар (жас кездері).

Саурық батыр: «Екеуің әлі жассың, менің айтқанымнан шықпайсыңдар», — деп ертіп алған. Саурықтың жіберген елшісі қоқандықтарға келіп:

— Шапырашты елінен Саурық батыр келе жатыр, қасында Медетбек, Сыпатай деген жас батырлар бар, қарамағында мыңнан астам қазақ қолы, алшыс орыс, қырықтан астам түрікпен жауынгерлері бар, — деп ескертеді. Мұны естіген қоқандықтардың басшысы:

— Мынау не деп тұр? қазақтар орыстар мен түрікпендерді және сонша қолды қайдан жинасын, өтірік, әкетіндер, басынан атып тастандар, — дейді ашуланып.

Қоқандықтардың оты өшіп тегіс жатқанда, «аттан, Саурық батыр, аттан!» деп ұрандап, бір жағынан мылтықтар атылып, бір жағынан от қойып, керней тартылып, бір жағынан қазақтар шабуыл жасағанда, қоқандықтар бытырай шашылып қашады. Саурық қашқандардың артынан Сыпатай мен Медетбектерді жібереді. Олар қоқандықтарды ел шетінен шығара қуып, жеңіске жетіп, қолға түскен адамдар мен малды құтқарып қалады.

Сыпатай Саурықұлы мен Медетбек батырлар Сұраншының сарбаздарын жинап, олардың бастарын біріктіруде, жауынгерлерге азық-түлік ұйымдастыруда айырықша еңбек сіңірген. Медетбек пен Сыпатай Сұраншының әрдайым жанында болып, қатерлі жағдайларда батыр ағаларын қорғап қалған.

Әулиеатадан өткенде Сұраншыны бір атақты адам қонаққа шақырған. Оған баруға Сыпатай қарсы болған. Сұраншы: «Бізді құрметтеп жатыр ғой», — деп көнбей, жанына Сарыбайды, Сүттібайды, Диханбайды ертіп шақырған жерге қонаққа барады. Сыпатай, Медетбек, Бірімқұл (Дәу Сыпатай баласы) жүз шақты жігіттерді ұйымдастырып, олардың соңынан келіп, бай ауылының сыртына барлаушы жіберіп, өздері бақылап тұрады. Сол күні ай жарық екен. Бір мезгілде барлаушылар белгі береді. Сөйтсе, байдың жасырып, дайындап қойған жасақтары келіп қалған. Сол арада айқас басталып жау жағы жапырылып, өлгені өліп, қалғаны мыт-тырақай қашады. Сөйтіп, қазақтың бас батыры Сұраншы бостан-босқа жазым болып қала жаздаған. Сонда Сұраншы: «Мына інілерімнің тапқырлығы болмаса, мүрдем кетіп қалмағымыз хақ еді», — деп Сыпатай, Медетбек, Бірімқұлдарға ризашылығын білдірген.

## 195. Қойсары батыр

Таздардан шыққан Қойсары, Таңқыбай, Тайлақ батырлар Ақтөбе облысындағы Жем өзенінің бойында Есет батыр бастаған көтерілісшілер қатарында жүріп, әскери қимылдар біршама бәсеңсіген мезгілде Сыр бойындағы елдеріне барып келмек-



ші болып жолға шығады. Олар жолшыбай патша әскерлерінің мініс аттарын бағып жүрген бір топ солдаттарға кезігеді. Күтпеген жерде болған шайқаста екі солдатты өлтіріп, олардың бағып жүрген аттарын айдап әкетеді. Елге келген соң олжаға келген аттарды ауылдағы ағайындарына үлестіріп береді. Сол жолғы сапарда тағы бір есте қалатын жайт — ол Тайлақ мініп келе жатқан ат ұзақ жүрістен болдырып қалғандықтан, алдарында айдап келе жатқан аттардың жарамдырақ біреуіне ауысып міну керек болған сәтте, Қойсарының қара күштің иесі екендігін көрсетуі еді. Тапал бойлы Тайлақ ірікті атқа міне алмай біраз әуре болады. Сонда Қойсары батыр атымен жақындап келіп, жерде тұрған Тайлақты найзаның ұшыменен іліп алып, әлгі аттың үстіне апарып оп-оңай отырғыза салыпты.

Қазіргі Сырдария ауданы Мыңшоқы деген жердегі Далакөл көлі ол заманда суы мол, балыққа бай болыпты. Бір күні Ақмешіттен бір топ балықшы орыстар келіп ау құрып, көп балық ұстапты. Аулаған балықтарын түйе жеккен арбаларына тиеп алып, қалаға жүріп кеткелі жатыпты. Мыңшоқылықтарға соқыр шабақ та қалдырмапты. «Көл біздікі, ал балығы неге орыстардікі болуы керек» деп ренжіп тұрған жұрт ақыр соңында Қойсарыға барып мұңын шағады. Ол көл жағалауына келіп, арбаға тиеген балықтарды орыстардан күшпен тартып алып, ауылдастарына таратып береді. Қыңқ етуге дәрмендері келмеген балықшыларды батыр қалаға дейін жаяу айдап барыпты.

Табыннан шыққан Бұқарбай батырдың жасы ұлғайып, бойындағы күш-қуатының азайған шағында Қоқан хандығынан келген барымташылар ауылының көп жылқысын қуып әкетеді. Жылқымен бірге ауылдың жас қыз-келіншектерін де алып кетеді. Алайда қоқандықтарды қууға Бұқарбай батыр жалғыз бара алмайды. Оған көрілікпен қатар, науқас та себеп болады. Ол ат үстінде ұзақ уақыт отыруға жарамайтын ауру екен. Қоқандықтардың жасаған қиянатына қарсы тұруға қауһары қалмаған Бұқарбай батыр Қойсарыны шақыртып алады. Оған сауыты мен найзасын беріп, «енді жауды екеулеп қуайық» дейді. Қойсары сауытты да, найзаны да алмайды, өз найзасының өзіне жарайтындығын және сауытты кимей-ақ соғысуға әзір екендігін айтады. Сөйтіп, екі батыр жауды екі күн бойы қуса да, жете алмапты. Оның себебі — Бұқарбай батыр ат үстінде суыт жүріске жарамайды. Сонда Қойсары: «Жауды

бір өзім қуамын, ал сіз асықпай келе жатарсыз», — депті. Өйткені, енді кешігуге уақыт тар, ал қоқандықтар өз елінің ішіне кіріп кетуге жақын. Еліне енген жауды алу мүмкін еместігін айтады.

Құйындата шапқан Қойсары батыр көп ұзамай бір төбеге көтеріле бере қоқандықтардың қарасын көріп ұрандап, қатты айқайлапты. Адамның жүрегін ұшыратын айқайынан батырды бірден таныған қоқандықтар Қойсарыны жеңу мүмкін еместігін мойындап, жан сауғалап қаша жөнеліпті. Жаулар қуып кеткен жылқылар, алып қашқан қыз-келіншектер бір төбенің бөктерінде иіріліп тұр екен. Олардың барлығын аман есен Бұқарбай батырға табыс етіпті.

## 196. [Қойсары батыр мен Алмат батыр]

Кіші жүзде Алмат, Самұрат деген ағайынды кісілер болыпты. Солардың Алмат батыр аузы дуалы, көріпкел адам екен. Алайда оның бір жаман әдеті — жайлауда отырған жерінің үстімен біреу-міреу мал айдап өтетін болса, ол дереу жігіттерін жіберіп, әлгі адамның малдарын тартып алып, оңайлықпен қайтарып бермейді екен.

Сол Алматты сынап көрейін деп бір күні Қойсары батыр оның ауылының үстінен бір үйір жылқысын айдап өтеді де, бірақ алысқа ұзамай екі-үш шақырым жерге барып қос тігіп, қоныстас болатын ыңғай білдіріпті. Сәлден соң Алматтың жортуылшы жігіттері келіп, әй-шәйсіз жатқан жылқыларды қуып әкетеді.

Осыны күтіп жатқан батыр атына мініп Алматтың үйіне келеді. Киіз үйдің белдеуіне атын байлап, найзасын есік алдына шәншіп қойып, Қойсары батыр айылын жимай үйге кіріп келеді. Сонда Алмат Қойсарыны тікесінен тік тұрып қарсы алыпты. Екеуі қол алысып амандасқанда, Алматтың қолын қатты қысып, сүйектерін сықырлатып жіберіпті. Өңгімені Алмат бастап:

— Сен Сырды шулатып, енді қырға келдің бе? — дейді.

— Сырды шулатсам, Есет ағама сенгенім болар, ал қырды шулатқалы келсем, Алмат ағама сенетін шығармын! — депті Қойсары. Өзінің ұрыны кінәлаудың орнына, ұрлатқанды кі-

нөламақшы болғанын тез түсінген Алмат жігіттерін шақырып қонаққа мал сойып «күтіндер» деп тапсырма береді. «Иесі келсе, биесін бер» демекші, батырдың жылқыларын түгелімен өзіне қайтарып беріп, дау-дамайсыз жолға шығарып салыпты. Қойсары кетісімен жігіттері Алматты қаумалап тұрып:

— Сіз ешкімді орныңыздан тік тұрып қарсы алмаушы едіңіз, менің иығымда арыстаным бар деуші едіңіз, ал жаңағы жалғыз аттыға ерекше құрмет көрсетуіңіздің себебі неде? — деп сұрапты.

— Әй, менің арыстаным ұрғашы екен де, Қойсарының арыстаны арланы болып шықты. Батырдың сұсын көргенде, менің арыстаным жүкааяқтың астына кіріп кетті ғой, — деп жауап беріпті Алмат. Сөйтіп, ол сол жолы қорыққанын сыйлайтын жаманның кебін киіпті.

### **197. [Қойсары батырдың жолбарыс соғуы]**

Қойсарының Сатан деген туған інісі бір күні ағасына бір құлынды жолбарыстың жеп кеткендігін айтады. Келесі күні Сатан тағы бір биені жолбарыс жарып өлтіргендігін хабарлайды. Сонда ғана Қойсары батыр: «Әй, сендер бір мысықтан өлердей қорқып болдыңдар-ау!» — депті де, иығына шапанын жамылып өлгі бие өлген жерге қарай жүріп кетіпті. Сәл уақыттан соң Сатан жаңағы ағасы кеткен жаққа барса, батыр жолбарыстың жағын қарыс айырып өлтіріп тастапты. «Күш атасын танымас» деген осы шығар.

### **198. [Қойсары батырдың атын жоғалтуы]**

Қойсары батыр жалғыз өзі жолаушылап келе жатып, жолшыбай керейт руының ауылына тап болыпты. Сусын ішкісі келіп, бір үйдің қасына атын байлап, үйге кіреді. Сусын ішіп болып сыртқа шықса, жаңа өзі байлап кеткен аты орнында жоқ болып шығыпты. Өлгі үйдің ұрынарға дау таппай, ұрысарға жау таппай жалаңдап отырған екі жігіттен атының қайда кеткенін сұраса, олар: «Әй, шал, сен не деп тұрсың? Біз атты көрген жоқпыз, бізге пәле жапқың келіп тұр ма?» — деп айқайлапты.

Батыр оларға: «Мен сендердің ойнайтын адамдарың емеспін, тез атымды тауып беріңдер» десе, олар: «Жаның тірі қалсын десең, аман тұрғаныңда еліңе қайт!» — дейді. «Саған еліңе жететін бір ат берейік» деп бір мәстекті әкеліп беріпті. «Жарайды, мен кетейін, бірақ бір жылдан кейін келемін, соған дейін атты тауып қойыңдар?» деп үш рет ескертіпті Қойсары.

Бір жылдан кейін Қойсары батыр ауыл-аймағын жинап, болған уақиғаның мән-жайын айтып: «Енді керейттер ауылына барып келуге кім маған серік болады?» — десе, ешкім үндемейді. Сонда Қойсары батыр жиырма жасар, арқасы жерге тимеген палуан Пұсырманды атқосшы етіп алып жолға шығады. Неге екені белгісіз батыр ешқандай қару-жарақ алмапты. Екеуі керейттердің ауылына жақындағанда, ауыл маңына жайылып жүрген қалың жылқыны аралап өтеді. Былтырғы аты жоғалатын жерге, екі ағайынды керейттер үйінің алдына келіп тоқтайды. «Ал, Пұсырман, сен аттарға ие бол, айырылып қалма», — деп қатаң тапсырып, батыр ішке енеді. Үйдегілермен амандасып болған соң жігіттерден: «Былтырғы менің атымды таптыңдар ма?» — деп сұрайды. Ешкімге теңдік бермейтін бәлеқор ұрылар батырға тарпа бас салады. Айқай-шу шығарады. «Әй, балалар байқандар, мен сендердің ойнайтын адамдарың емеспін», — деп сыртқа шығып, атына мініп жүріп кетеді. Жаңа ғана ауылға келерде өздері аралап көрген жылқылар жатқан жерге соғады. «Ал, Пұсырман, мына жылқылардан он бір тұяқ жылқыны бөліп алып ауылға айдап кетейік», — дейді. Екеуі он бір тұяқ жылқыны үйірден бөліп алып, алдарына салып айдап бара жатқанда, олардың арттарынан он-он бес атты адамдардың қиқулап қуып келе жатқаны көрінеді. «Сен жылқыларды айдап кете бер, мен оларды тосып алайын», — деп батыр атының жүрісін баяулатады. Пұсырман жылқылармен бір төбенің басына көтерілген сәтте, арт жақта не болып жатқанын көргісі келіп кідіріседі. Сөйтсе, аты жүйрік бір қуғыншы батырға жетіп келіп найзасын Қойсарының арқасына сілтейді. Сонда батыр найзаны қолымен ұстап алып, атын тебініп қалғанда, қуғыншының найзасы қарсыластың қолында кетеді. Батыр атының басын кілт бұрып, қуғыншыны найзамен шаншып өлтіреді де, Пұсырманға қарай жүре береді. Ал арт жақтан келіп жеткен қуғыншылар жерде өліп жатқан қандастырын қаумалап тұрып қалады. Бірақ ешқайсысы Қойсарыға қарай беттеуге бата алмайды.

## 199. [Қойсары батырдың байға өкіл бала болуы]

Күтпеген жерден Қойсары батыр ауылының жылқыларын бөтен бір елдің барымташылары қапысын тауып қуып кетеді. Сол жылқыны қайтарыңдар деген батырдың ауызекі өтініші орындалмайды. Бұл әрекетінен ештеңе шықпайды. Сол үшін батыр барымтаға қарымтаны қарсы қоюға бел буып, қасына Таңқыбай мен Тайлақты ертіп, жылқысын ұрлаған ауылға тал түсте барады. Келе сала желідегі құлындарды босатады. Сөйтіп, жылқыларды қиқулап қуа жөнеледі. Бұлардың соңынан отыз-қырық шамалас атқа мінген қуғыншылар да жақындап қалады. Жүйрік атқа мінген бір жас жігіт Қойсарыны қуып жетіп, батырды найзасымен шанышпақшы болады. Батыр әлгі жастың найзасын қағып жерге ұшырып жібереді де, найзаның ұшымен оның көйлегінен іліп алып жерге түсіреді. «Әй, сен жас бала екенсің, босқа өліп кетерсің, қоя ғой қарсыласуды», — дейді. Бірақ әлгі жігіт өзінің қарсыласын өлтірмей қоймайтынын айтып, атына міне сала қайта ұмтылады. Бұл жолы да жаңағы жағдай қайталанады. Ал үшінші рет ұмтылғанда, Қойсары оны найзамен шаншып өлтіреді. Қалған қуғыншылар батырға қарсы келуге бата алмайды. Бірақ олар Таңқыбай мен Тайлақты байлап алып кетеді.

Қаруластарын құтқару үшін Қойсары батыр барымташылар ауылының басшысы, билік айтатын байдың үйіне бір өзі барып қолға түскен екі бауырласын босатуын, олардың орнына өзінің қолын кісендеуін өтінеді. Бірақта ол қол-аяғына салған кісендерді бұрап-бұрап үзіп тастайды. «Маған мұнан гөрі, мықтырақ кісен салыңдар депті», — батыр. Ондай кісен ауылда жоқ екен. Ал батырды өлтіруге ешқайсысының батылы бармапты.

Өлген жігіт осы байдың тоқалынан туған жалғыз ұл екен. Тоқал баласын жоқтап былай деген көрінеді:

— Қойсары болсын төсегің,  
Тайлақ болсын көсеуің.  
Зар жылатып біздерді,  
Бір Алла берсін есебін.

Ақыр соңында барымтаны жанжалсыз шешуге келіскен екі жақтың шешімімен Қойсары баласын өлтірген байға өкіл бала болады. Сөйтіп, байды басқа барымташылар мен жауларынан қорғап жүреді.

## 200. Мәнжі батыр

Жиырма шақты түтінді шағын ауылдың бір пысығында қолтығының желі бар, бұт артар жалғыз қылқұйрығы болады екен. Күндердің күнінде бай мырзасының көзі соған түсіпті дейді. Мырза араға кісі салып, жіңішкертіп қана ат майын сұрайды. «Жазған құлда жазық бар ма», бейшара ойы онға, санасы санға бөлініп тыпыршиды кеп. Берейін десе, жүрегі күпті, бермейін десе, бай баласының айбыны мықты. Қойшы, сонымен бопсалауға шыдай алмай, ақыры дегеніне көнеді. Арада біраз күндер өткенде мал иесі шыдамы түгесіп, мырзаға шет жағалап сұрау салмай ма?! Сол-ақ екен қасқыр тартып кететін сырты түк, іші бірдеңе жабағыны сөз еткені үшін бай баласы тас-талқан болып ашуланады. Ақыры адал малының қолынан сусып шығып бара жатқан соң сорлы кедей мырзаның аяғына бас ұрып, зар илейді. Бірақ бұл төңіректе оның зарына құлақ асатын ешкім болмайды...

Бір қауым уақыт өткенде мырзаның иек қағуымен қызметшілері оны үйден шығарып жібереді. Өкесінің көлеңкеде шиге арқасын сүйеп отырып, әлдекімге шағынғандай: «Кісіден иман қашқан ғой. Бөтен емес, бөгде емес, өзіңнен қорлық көргенің сірә да естен кетер ме?» деп түңіле айтқан әңгімесін естігенде, Мәнжі іштен атып шығып, белдеудегі торысына ұмтылады. Ызаға булыққан жас өрен жайдақ атқа қарғып мініп, бай ауылына бір-ақ маңдай тірейді. Бұл кезде мырза бірнеше жандайшабымен әлдеқайда жүргелі тұр екен. Астында әлгі ағайынының дәмелі жүйрігі.

Бірді-екілі жиын-тойларда күреске түсіп, тапқан олжасы мен несібесін айырып жүрген Күржікейдің қарғадай баласының мына мінезі бәріне ұнамайды.

— Жау қуғандай немене сонша, атыңды ойнақтатып! Көзіңді аш! Пәле шақырма басыңа! — дейді осы кезде бірі көлденеңдеп қамшы үйіріп. Өзгелері де аттарын тебініп, омыраулай қалған екен. Бала жігіт тізгін тарта беріп, өрекіпген төртеуін қоғадай жапырып, үстіндегі бір киер шапанын «қызылдап» ат баурына түсіреді.

— Ұмытпа, бөле басы сен, — дейді енді мырзаның тізгініне жармасып.

— Түс аттан, әйтпесе осы жерде қан жұтқызамын!

Жігіттің қаһарлы үні мырзаны қатты ықтырады. Енді жаны қаншалық қорланса да, аттан түсіп, алды-артына қарамай жөнін табады...

Мына оқиға Күржікей ауылын қатты дүрліктіреді. Бірақ, қалай болғанда да, мырза қарсы қимыл жасамайды.

Осы кезден бастап қиянатшыл күштің қолын қағып, бетін қайтарған Мәнжі есімі елге тарай бастайды. Ауылдың дуалы ауыз қариялары: «Түбінде ел қорғайтын батырымыз осы болар!» — деп үлкен пәтуа жасап, шеберге торғай көз сауыт, қалқан мен дуылға, қылыш соқтырып, найза жасатып, оны мұздай ғып қаруландырады, өзіне жараулы ат мінгізеді...

## 201. [Мәнжінің мыңбасы атағын алуы]

Тілеміс пен Мәнжі Кенесарының оң жағында, Ағыбай батырмен қатарлас бұғып жатқан еді. Екеуі де жағдайды анық аңғарлайды. Бұл қалыпта қамалдың алына қоюы екіталай. Тәуекел!.. олар Ағыбайға да, басқаларға да айтпастан кейін жылжып, жалғыз бөлініп шықты. Жеке қимылдағаннан төтесі жоқ. Оң қолдарына қылышын, ал сол қолдарына шолақ найзасын ыңғайлап ұстайды. Ербиген баялыш бұталарын, құрай-құрайды паналай, жау назарына шалынбастан қамалға жетті-ау ақыры. Ішке қарғып түсті. Қоян-қолтыққа келгенсінақ Құдайдың бергені. Қылыш пен найза екі қолымен бірдей сермейді...

Тілеміс пен Мәнжінің даусын жазбай таныған, күні бойы дымы құрып, ызаға булығып жатқан Кенесары сарбаздары қос батырдың соңынан бекініске лап береді. Олар қамалға жеткен бойда қарғып-қарғып ішке дік-дік түсіп жатты. Енді мылтық атуға мұршалары келмей, бар артықшылығынан айырылып қалған солдаттармен мидай араласып кетті. Көк сүңгі мен қайқы қылыштың құдіреті басым шықты. Наурызбай, Ағыбай, Бұқарбай, Жанайдар батырлар ақыра тиіп, жауды жапырып, олайғысын олай, былайғысын былай жайпап береді...

Ұрыс тынды. Жау жайрап жатты. Қыруар азық-түлік, қару-жарақ қолға түсті. Кенесары ойы орындалды. Аталары Абылай атасына адал қызмет еткен, ал өзі өзіне адал қызмет етіп келе жатқан Тілемісті Кенесары бұрыннан жанына жақын тартып,

үзеңгілес серігінің бірі еткені белгілі. Мына жолғы ерлігі оны тіптен сүйіндіріп, тәнті етіп жіберген еді.

«Бұл жеке шауып қамал бұзды... Бұдан былай мұның аты Тілеміс емес, Жеке батыр болсын! — деді масаттанып. Ал оған ерген жиырма үш жасар Мәнжі батыр енді мыңбасы атағына ие болсын!» — деп ұйғарды Кенесары сұлтан.

## 202. Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған жазасынан құтылуы

— Мұса Тайжанды атты, Сейтенді он сегіз жыл катрге айдатты, өзіне он сегіз жыл катрге айдалуға кесім болды дегенді естіп, Мұса қашып жасырынып, жыл жарым қарауыл Тоқтамыстың қолында болыпты.

Поштай Тұрсынбайқали сол уақытта дуанбасы екен. Поштайдың Омбыға келген хабарын естіп, Поштай князға өте қадірлі екен. Мұса Тоқтамыс екеуі ақылдасып, орысқа көрінбекші болады. Мұса Тоқтамыс Омбыға келіп, Мұса Поштайға қағаз тастайды: «Мен Шорманұлы он сегіз жыл катрге айдалуға өкім етілген кісі едім, қашып көрінбей жүруімді жолсыз көріп, кесімді жазамды атқаруға келдім. Мені Поштай Тұрсынбай үйінен табасыз», — деп адресін көрсетіпті. Онысын Поштайға айтпайды. Барып Поштайдың пәтеріне түсіп, амандық білісіп, бір күн өткеннен кейін үш салдат Мұсаның хабарландыруымен Поштайдың пәтеріне келіп, үшеуінің қайсысы екенін айыра алмай: «Мұса Шорманұлы қайыссыңыз?» — деп сұрапты. «Мұса, менмін!» — деп үшеуі түргеліпті. Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған қағазын көрсетіп, Мұсаны алып кетпек болады. Поштай салдаттардан ертең тапсыруға кепілге сұрап алып қалады.

Поштай ертең тұрысымен Мұсаның шаруасын қасында жүріп, жолығатын лайықты адамдарына жолығып, үш күнде Мұсаның жұмысын шешіп бермек болады. Поштайдың айтуымен үш күн ішінде Мұсаның жұмысын қарастырып, жазасына кешірім беріп, жеріне қайтуға рұқсат қағазын алып береді.

Үш күн ішінде «О, менің жұмысым қалай болатын болды?» — деп Мұса Поштайға айтпапты. «Сенің жұмысыңды қарастырып жатырмын», — деп Поштай айтпаған. Шорманның Мұсасы



Никалайдың әкесінің жігіт күнінде Омбыда жолығып, дос болып, Мұса айтты: «Әкеңе айтып, жеке кароль болуына бұйрық алып бер», — депті. «Жарайды», — деп патшаның баласы уәде қылып, мөлшерлі күнінде Мұса Омбыға келіп, патша баласына телеграф арқылы хабар алып, Мәскеуге патша баласы келер ме, Мұса бармақ болыпты.

Байлаулы күнінде Мұса Омбыға барып, патша баласына телеграмма беріп: «Келме, әкем тілегіңді орындайтын болды», — деп жауап қайырыпты.

Омбыда Мұсаның патшаға барып, қазақ атына каролдық алады дегенді орыстың министрі естіп: «Мұса қандай кісі? Көрейін», — деп Мұсаның пәтеріне келіп, Мұсамен көрісіп, екі сағат сөйлесіпті. Министр Мұсамен сөйлесіп қайтқаннан кейін, шығысымен патшаға телеграмм жазыпты:

«Мұса Шорманұлы қазақ атына каролдық алады дегенді естіп, көрейін деп екі сағат пәтеріне барып сөйлесіп едім, білдірмей екі жерден алдады. Егер қазақ халқына каролдық беріп, Мұса карол болатын болса, өзінің көңілдегісі болмаса, ол шамасында өзіңізге оқ атып, қылыш суыруға білімі жарайтын кісі екен, ендігісін өзіңіз білесіз», — депті. Патша мына телеграмды көрісімен, қазаққа каролдық бермейтін болып, баласына ұрсыпты. Патша баласы Мұсаға телеграмм беріпті: «Әкем уәдесінен бұзылып каролдық бермейтін болды, министрдің телеграмы арқылы «білімі бар» деп біреуі жазатайым басыңызға қастық жіберсе, обалыңызға мен қалғандай болармын, аманыңызда үйіңізге қайтыңыз», — депті. Мұса Мәскеуге бара алмай, Омбыдан қайтқан.

### 203. [Иман мен Қошқар батыр]

Аманкелді әкесі Иман мен Үдербайдың әкесі Қошқар батыр күздің бір салқын күнінде айдалада келе жатып тоңады. От жағып жылынбақ болады. Айналада отын жоқ болған соң Қошқарға Үдербай айтады: «Бейіттің ағашын жағайық», — дейді. Ондағы ойы Қошқар батырды қорқытпақ екен. Қошқарға көрінбей бір молаға кіріп жатады. Айқайлап, ысқырып, дауыс шығарады. Сонда Қошқар батыр:

— Тиыш жат! Өлген сен үшін тірі біз өле алмаймыз! — депті.

## 204. Қоқан хандығы кезі туралы

Жаппас деген елдің көпшілігі көшпелі, жаз жайлауы Сарыарқа, қыстауы Сыр өзенінің бойы еді. Көше алмаған кедейлері Сыр өзенін жағалай отырып, егін егіп, балық аулап күнелтті. Хандардың билеп-төстеуіне көнбей өмірі соғысумен шынығып өтті. Сондықтан болса да жаппастан батыр көп шықты.

Жаппас Қоқан хандығының адам айтқысыз қысымынан орыс халқының күшті, өнерлі көмегі арқасында құтылды. Ақмешітті орыс алған соң, жаппастың теңдігі күшейіп, шаруасы тыншыды. Орыспен достасып, орыстың мәдениетіне ынтығып, балаларын орысша оқытып, киім-салымын, үй абройын сыпайылап, таза тұрып, таза іше бастады. Мұны көре алмаған көршілес елдер жаппас жайлы мысқыл шайырғал сөздер айтып жүрді:

«Жаппастың итін ұрсаң, орысшалап қыңсылайды». Жаппас Көтібар деген ақсақалының Әли деген баласы орысша оқу бітіріп, орыс қызына үйленген екен. Бір күні Көтібар қаладағы баласы Әлидің үйіне келсе, орыс келіні: «Көтібар Итаякович здрасти» деп сәлемдесіпті. Сонда Көтібар: «Мына атаңа нәлет өз атымды қойып, әкемнің атын да атап жіберді-ау», — деп отырмай шығып кетіпті.

«Жаппастар орыспенен құда болды,  
Балалары орысша оқып, иығы шенге толды.  
Қоқанның көгенінде қор боп еді,  
Орыспенен туысты да жұмысы оңды.  
Жаппастар орыспенен қыз алысты,  
Үйреніп «здрастиді» қол қағысты.  
Орыспенен елден бұрын қоныстасып,  
Көтібар шашын қойып, тез толысты.  
Дөңгелек болыс болды жаппас елі,  
Ақмешіт айналасын мекендеді.  
Көтібар ақсақалы көп жаппастың  
Көп боса орыс боп-ақ кетем деді».

Соңғы үш шумақ өлеңді «Будабай ақынның сөзі» деді.

## 205. Қонақбай батыр

Ыстықкөл қырғыздарының атақты бір бай адамы Батырқан қажы қыз ұзатпақшы болып үлкен той жасайды. Жалсарлас жақын тұрғандықтан бұл тойға Албан елінің бірқанша атақтылары да шақырылады. Ауыл-аймағына жаңадан көрініп, таныла бастаған Қонақбайдың жас кезі екен, ол да бірге келіпті. Әрине, дүбірлі той болған соң неше түрлі ойын-сауық қоса көрсетілмек. Балуан күрестіру басталар шақта той иесі: «жыққан бас балуанға жиырма тайлық бөйгесі бар» деп жұртқа жар салады. Әр ру-ұлыстың балуандары өзара күш сынасады. Соңына таман қырғыздар өздерінің жардай биік дәу балуанын жетелеп әкеп ортаға шығады да:

— Кәне, Албан ағайындар, сендерден ешкім күреске шықпады. Біз сендерді қымыз ішіп, ет жесін деп шақырғанымыз жоқ, мына балуанға жігітіңді шығар!— дейді. Алғаш бұған ешкім батына алмай, аңырып тұрып қалғанда:

— Шық ортаға Қонақбай, біз сені ұл ғып тудық. Албан атаның әруағы жар болсын!— деп, топ ішінен бір адам айғай салыпты. Екеуі сүзісетін бұқалардай күжірейіп келіп ұстаса кеткені де сол екен, сондай жылдамдықпен қырғызды жерге бір-ақ ұрып жығады да, жүре берген дейді. Содан бастап «Қонақбай балуан» деген аты шығады.

## 206. [Қонақбайдың батыр атануы]

Ол уақытта, әсіресе ауыл жылқыларын мықтап күзетпесе, айырылып қалады. Айнала түгел жау. Қонақбайдың қасына Бабай дейтін құрдасы бар, екеуі түнгі жылқы күзетінде жүреді. Ат үстінен түспей күздің суық аязы мен ұзақ сары таңына қалай шыдасын, жылқыларды иіріп, жусаған шақта екеуі бір ықтасынға келіп, көз шырымын алады. Бір кезде жылқылардың дүр етіп үріккен дыбысынан Қонақбай ояна кетсе, қараңғыда кім екені белгісіз, бас жағында әждаһай қасқа атты біреу аңдып қарап тұр. Қолында ұзын, жуан ақ сойыл. Қараса, қасындағы тұсап қойған аттары жоқ, оған қоса ойпаңдағы топ жылқыларды біреулер қаумалап қуып айдап бара жатыр. Әлгі адам егер ояна қалса, екеуін екі ұрып жығып, жаяу тастап кетпек, ал оянбаса, біраз күтіп, серіктерін қуып жетпекші болған сыңайлы.

Қимылдаса, қиын жағдай болатынын біліп, Қонақбай мынандай ақыл тауыпты. Қасындағы қатты ұйықтап жатқан Бабайдың сан етін қатты бұрап, шымшып қалғанда, ол ойбай салып атып түрегеледі. Аңдып тұрған жау аясын ба, Бабайды құлаштап кеп енді ұра бергенде, Қонақбай да ұмтылып барып сойылға жармасады. Екеуінің қолында сойылдың екі басы, бірі ат үстінде екіншісі жерде тұрып тартысса да, жібергісі жоқ. Осы кезде Бабай да көмекке келіп, әлгі адамды өрең дегенде аттан аударып алса, құшақ толмайтын алып бір қалмақ. Қимылы баяу болғанымен қолдары қарулы, күші мығым. Екеуі ұрып-жығып, астына басады. Мініп келген атының қайыс шылбырымен қол-аяғын мықтап байлаған соң Бабайға табыстап:

— Мынаған ие бол, мен жылқыға кеттім, — деп, Қонақбай қалмақтың атын мінеді де, сойылды қолына ұстап, жалғыз өзі жауға аттанады. Жылқыларды қуып жетсе, айдап бара жатқан — үш кісі. Алғаш олар қолындағы ақ сойыл мен қасқа атты танып онша мән бермесе керек, жақындай беріп біреуін ұрып аттан құлатқан. Қалған екеуі екі жағынан, олар да шоқпар сілтеп, Қонақбайды қысымға алыпты. Ол болса ортаға түспей, қаша ұрыс сала жүріп, тағы біреуін аттан домалатады. Үшіншісі жан сауғалап басы ауған жаққа қашады. Жылқы біткенді жаудан айырып, ана екеуін жаяу айдап, күн шыға ауылға келеді. Сөйтіп, бір түнде қалмақтардың үшеуі бірдей тұтқынға түскен. Алғашқы дәу атақты Жошы деген қалмақ нояны көрінеді, сол айтыпты дейді:

— Өмірімде қолға түскенім осы. Қонақбайға жолықтыр, атшапан айыбымды тартайын, тағы менен не тілейді екен, бізді босатсын — депті. Бұрын балуан атанып келсе, енді «Қонақбай батыр» деген атаққа ие болыпты.

## 207. [Қонақбайдың аңшылықты тастауы]

Қонақбай аңшылықпен де айналысатын өнері бар, өте мерген, сондай-ақ, ит жүгіртіп, құс салатын саяткер құсбегі кісі екен. Әйгілі «Ақиық» атты қыран бүркіті болған. Өзі көпшіл, сауыққой болғандықтан, көбіне жора-жолдастарымен бірге аңға шығып жүреді. Бірде жол-жөнекей қалың жыныстан қабан шошқа қарғып шығып, адамдарға состиып қарап тұрады да, қаймығып өз жөнімен кете беріпті. Еті жарамсыз, харам

болғандықтан, олар да қызықпайды. Ақиық құс қабанды көріп қанша ұмтылып талпынса да, иесі жібермеген. Онысы өзінен әлдеқайда үлкен жыртқыш қабан бір жазым ете ме деген қауіп болса керек. Қайта-қайта қанатын қағып, шаңқылдап болмаған соң, Қонақбай қолындағы қамшымен бүркіттің тұмсығынан нұқып «әй, тыныш» деген көрінеді. Бұрын мұндайды көрмеген өр мінез кекшіл қыран соған-ақ өкпелеп қайтып тым-тырыс болады. Және бір қыратты асқанда алдарынан сыландап бір түлкі қашып бара жатады. Енді түлкіге жібереді. Ақиық оған түспей, өзінше биіктеп ұшып алыс тауларға қарай бағыт алып тартып отырады. Ақыры көзден таса болған. Барлығы аң-таң болып, қасындағы қарап тұрғандарға Қонақбай:

«Не білдіңдер, Ақиық жаңағы тұмсығына түрткенімді кек санап, маған өкпелеп кетті. Қайтып оралмауы да мүмкін. Сонда да болса бүркітті күтейік. Кек қайыру үшін маған келіп түссе, онда жақсы болар еді», — дейді.

Қонақбай атынан түсіп, өзгелерден оқшау отырады. Бірталай уақыттан кейін айтқанындай-ақ Ақиық қайта оралып, зулаған бойда адамдарға қарай ағылады. Сол кезде Қонақбай ақ киізден жасалған кебентайды басына бүркеп отыра қалады. Шынында, бүркіт жалп етіп иесінің үстіне келіп қонған. Ызалы бүркітті бірден киізбен орап, қымтап ала қояды. Иесіне ашу шақырып қанша шаңқылдаса да, жібермей ұстап «Ақиығым, Ақиығым!» деп аймалап, жалынып жатып өзер жұбатады. Саятшылар аңға шыққанда өзімен бірге бүркітке де азық ала жүретін әдеті. Бір кесек ет беріп ол жей бастағанда, киізден сонда ғана босатыпты. Бұл айбынды қыранның ашуы қайтып, арыны басылды деген сөз. Ол күні ештеңе ілдірместен ауылға құры қол қайтыпты.

Араға біраз уақыт өткізіп барып бір қар жауғанда қайта аңға шығады. Ана жолғы қабанды және жолықтырған. Бүркіт көріп тағы да талпынып болмайды. Қонақбайдың өзіне салса жібергісі жоқ, бірақ бүркіттің өткендегісін көргендер «Тәуекел, жібер енді, жібер, десін қайырма» дегенді айтады.

Ақиық аспанға біраз қалықтап жүріп, бір кезде шошқаның жон арқасына қонғанда әккі қабан алып қашып, қалың ағаш ну қарағай ішіне қарай заулайды. Ақиық болса қос қанатты жалпылдап орманға бірге кіреді. Артындағы аңшылар да айғайлап қуа шабады. Бір жерге келсе, Ақиықтың жұлынған бір аяғы қарағайға жабысып қалған, ақ қарға қаны сорғалап, буы бүрқырап тұр. Болат темір тұяқтар ағашқа дендеп кіріп

қадалған күйде қалыпты. Бүркіт бір аяғымен арқадан бүріп, екінші аяғымен ағаштан ұстап тоқтатпақ болса керек. Оған тоқтасын ба, қабан жойқын қара күшпен сүйрей тартқанда, бүркіттің бір аяғы түп санынан үзіліп қарағайда қалып қойған. Өзі қабан үстінде бірге кетіпті. Қабанның ізін қуып бірталай жер тағы жүргенде барып әпшақ қарда тыпырлап Ақиық қансырап жатыр екен. Мұны көрген Қонақбай аттан құлай түсіп, өлігін құшақтап үстіне төніп түседі. Қараса, айналасы түгел қып-қызыл қан...

Өзінен әлдеқайда үлкен қабанға қалай түсті десек, осыдан бірер жыл бұрын қасқырға түсіп бір саусағын шайнатса керек. Содан бері ызалы көрінеді, қасқыр-қабанға деген өшпенділігі есінде шығар. Алайда қыранға тән ерлік мінез танытып Ақиық осылайша қапияда мерт болыпты. Қонақбай өксіп жылап отырып алғанда, басқалары басу айтып: «Қайтесің, құс емес ажалы жетсе, адам да өледі, өзің аман бол!» деп жұбатқан екен. Осыдан кейін аңшылықты мүлде тастаған дейді.

## 208. [Қонақбайдың елге қамқорлығы]

Бір жылы қыс қатты болып малдың алды жұтай бастайды. Қолдағы азын-аулақ шаруа мал түгел арық, жеуге жарамсыз. Көктем шыға ел қатты қысыла бастаған. Қонақбай енді халықтың қамын ойлап, жұт болмаған алыс аймақтардан мал ұрлап әкелуге аттанбақ болады. Неге екенін кім білсін, Қонақбай батыр сыртқа шығарда «аман жолыңды бере көр!» деудің орнына, «Иә, Құдай, қызыл қырғын, сары сүргіннің үстінен түсір!» деп тілек тілейді екен. Ол уақытта біреуді біреу жөні келсе, өлтіріп кете беретін, бір жағы барымта, ұрлық-қарлық үдеп тұрған жаугершілік заман.

Қытай жерінде Жұлдызға асатын тік биік асу — Ақбайтал деп аталады. Жұлдыздың жері қуатты. Қысы-жазы малы семіз көрінеді. Онда торғауыт қалмақтары тұрады. Жұлдызда қалмақтардың «Сары ноқталы» дейтін топ-топ жылқысы мыңғырып жатады екен. Кілең жорға мен жүйріктерден құралған сәйгүліктер болғандықтан солай деп атаса керек-ті. Осыған бару үшін Қонақбай батыр қасына он бір адам ертіп қаруланып, жолға шығады. Мақсаты — сол жақтан жылқы ұрлап әкелу. Күн суық, жол алыс. Өлденеше күн түнімен суыт

жүріп отырып, Ақбайталдың асуына жеткенде, қалың қар басып қалады. Қашан жол ашылғанша еріксіз елсіз тауда жатуға тура келіпті. Азық-түлік таусылған. Қашанғы қарап аш жатады, жақын маңдағы біреулердің бір биесін әкеледі де, соны жеп аужал етеді.

Бір күндері асудың ар жағынан кезең асып салт атты бір адам шығады. «Ананы алып келіңдер, кім де болса жөн сұрайық», — дейді Қонақбай. Ертіп келуге белді екі жігіт кетеді. Барған екі жігіт жақындап барады да, кейін қарай шегінгенін бұлар алыстан көріп бақылап тұрады. Тағы үш жігіт жібереді. Неге екені олар да жалғыз кісіге бата алмай, бесеуі бір төбеде ұйлығып тұр. Бұлар не болды екен деп Қонақбай бастаған адамдар түгел келеді. Келсе, бет-аузы бұжыр-бұжыр, сұмдық қорқынышты, басы бақырдай, өзі қап-қара дәу бір қалмақ бұларға қаһарланып тұр. Астында есік пен төрдей ұзын өзіне лайық үлкен сары аты бар. Қазақша біршама біледі екен, жөн сұраса, қырсығып жөнді жауап бермейді. «Кетіңдер, кетіңдер!» деп боқтайды. Айтқанға көнетін не қорқатын емес. Біраз кергілесіп тұрады. Одан соң Қонақбай екеуі ат үстінде әжептәуір жұлқысып күш байқасады. Қонақбайдың аты омбы қардан сүрініп, жығыла беріпті. Әбден қалжырағанда, екеуі екі жерге шаршап отыра кетіпті. Жігіттер өлтіріп кетейік десе, Қонақбай керегі жоқ дейтін көрінеді. Қалмақ үндемесе, онда ештеңе жоқ, екеуі екі айырылып кете бергендей екен. Қонақбай атына мінген кезде, қалмақ айтады: «Әй, тоқта, маған пар келетін Матайда біреу бар, сен сол боларсың (Матай — Найман елінің бір руы). Мені өлтірсең де, өлтірмесең де бәрібір сенің тұқымыңды құртамын» деп сонша адамнан имену қорқу жоқ, Қонақбайға ызғар шашып, аузы-басы көбіктеніп отыр. Тәкаппар кекшіл қалмақтың қалай атып салғанын өзі де байқамай қалыпты. Отырған орнында өкірген бойы етпеттен жерге жығылады. Атын жетелеп қосқа келеді. Ертесі тағы қар жауып басып қалған, енді Ақбайталдан асу қайда, тіпті қиын. Оған қоса мына жағдай, қат-қабат келіп отыр. «Қой, ат-лауымыз аманында елге жетейік» деп, жүргіншілер келген ізімен кері қайтады.

Кейін Қонақбай өзі отырған жерінде есіне түсіріп, осы әңгімені көпшілікке айтып отырады екен. Сөзінің соңында:

— Сөйтп, күнәсіз бір адамды бір сөзіне бола босқа атып тастадым. Өлгі қалмақ «Менің ажалым жетсе, Матайдың батырынан болады» деп қасындағыларға айтатын көрінеді. Сол үшін

қалмақтар Матай елін екі рет келіп шауып қырған. Қаншама қазақтың қаны төгілді, соның бәрі — менің мойнымда. Әй, оңдыра қоймас, артым қалай болар екен осы?! Менен бір үлкен күнә өтті ғой, Құдай өзі кешірсін!

Сөйткен Қонақбай батырдың балалары өле-өле, артында ұрпақ қалмаған, өмірден тұлдыр өтіпті.

## 209. Жартыбай батыр

Баяғыда алты алашқа белгілі Албан елінің жартысы арғы бетте отырады екен. Арғы бет деген Алатаудың Іле өзеніне дейінгі кең жазық, үлкен аңғары болса керек. Атап айтқанда, қазір сол жерлерде Шошанай, Сарыбұлақ, Сүмбе, Ақсу, Пияздық, Кетпен, Қалжат деп аталатын ауылдар бар. Мұның бәрі кейін қойылған ат емес, әрине. Қазақ пен қалмақтың талай жылғы қырғын соғысынан қалған ескерткіш сияқты. Өйткені Қалжат, Сүмбе дегендеріңіз — сол қалмақтың сөзі емес пе?

Қазақтың жауы көп болған ғой. Бір жағынан қалмақтар қырып кетсе, екінші жағынан қырғыздар келіп шауып кетеді. Шапқан жау малын ғана өкетуші ме еді, онымен қоса үйін өртеп, әйелін қинап, қыздарын да олжалап кетеді екен.

Сол заманда қырғыздан шыққан Тоқтарбай батыр, Теке батыр дегендер жылда шауып, қазаққа тыныштық бермей қойыпты. Албанның Айт деген руынан шыққан Мұсылманбай деген батыр болыпты сол тұста. Әбден басынып, титығына жеткен қырғыздарға осы кісі қайрат жасамақ болып, қол жинайды. Өйткені қырғыздардың басынғаны сонша — жылда келіп шауып, малын олжалап, қыздарын бөктеріп: «Келесі жылы осы уақытта тағы келеміз, оған дейін малдарыңды көбейтіп, қыздарыңды өсіріп қойыңдар», — деп намысқа тиеді. Осындай қорлыққа шыдамаған Мұсылманбай батыр бүкіл Албан елінен қол жинамай ма.

Сол кезде Жартыбай қабырғасы қатпаған, бұғанасы бекімеген бала екен. Мұсылманбай батырға ол да келіп:

— Қолыңызға мені де қосыңыз, жауға мен де бірге шабайын, — деп өтініш айтады.

— Балам-ау, сен әлі жассың ғой, босқа мерт боларсың, сенің жауға қайрат қылар кезің әлі алда. Әзірге қабырғаң қатсын, бұғанаң бекісін, — депті оған Мұсылманбай батыр.



Бұған Жартыбай көнбейді. Бала да болса қайратының үлкендерден кем емес екенін айтады. Содан соң Мұсылманбай батыр жинаған қолына келіп:

— Мына Жартыбай бізбен бірге жауға шаппақ, қой десем қоймай тұр, ертеміз бе баланы, ертпейміз бе? — депті көпке қарап. Сол кезде Жартыбай он үш-он төрттегі бала екен. Бірақ дене бітімі ірі, батыр тұлғалы кесек жігіт қазан аттың үстінде қасқайып отырады. Бұл кезде сол қырғыздың Тоқтарбай мен Теке батырларының қазақты қайта шабуға келетін кезінің таяп қалған шағы екен. Мұсылманбай батыр қол Шилі өзеке деген жерге әкеліп, мықтап бекіндіреді. Олар осы жерде қырғыздардың қолын тосады. Тау асып келген қырғыздар да осы жерге келіп бір тынығып, ертеңіне қазақ ауылына тұтқиылдан тиісер еді. Осы әдетті білетін Мұсылманбай батыр әскери әдіске көшеді.

Қырғыздар Шилі өзекеке жақын келіп, сайдың аузына тоқтайды. Сол жерде аттарының белін босатып, ауыздығын алып, отқа жібереді. Өздері қойларын сойып, тамақтарын ішіп, шабуыл алдында көз шырындарын алады. Бірнеше адамын жота-жотаға күзетке қояды. Мұсылманбай батырдың жігіттері осының бәрін аңдып жатады. Жаудың аттары жайылып, жігіттері ұйқыға кеткен кезде, бұлар аңдып келіп, күзетшілерді бас салады да, ауыздарына шүберек тығып байлап тастайды. Содан соң беймарал ұйқыда жатқан жауға лап қояды. Аттандап келген албанның жігіттері тұс-тұстан қылыш сермеп, жайды жайпайды. Осы айқаста қырғыздың Тоқтарбай батыры қолға түседі. Ал Теке батыр аз ғана қолмен Тоқтарбайдың атына мініп қашыпты деседі.

Албанның жігіттері қырғыздың қолын өлтіргенін өлтіріп, тірі қалғанын байлап алады. Сонда Тоқтарбай батыр:

— Мені өлтірмеңдер, Мұсылманбай батырмен сөйлестіріңдер, — деп жалбарыныпты дейді. Ол кезде Мұсылманбай батыр бір топ адамдармен, ішінде Жартыбай да бар көрінеді, Теке батырдың қолын қуып кетсе керек. Бірақ жігіттер: «Бұл қырғыз қулық жасап отырған шығар, батырымызға зияны тиер», — деп Тоқтарбайды өлтіріп тастайды.

Қазақтың қолы қашқан қырғыздарды Кеген өзенінің бойындағы Саз деген жерде қуып жетеді. Осы соғыста уыздай бала Жартыбай Теке батырмен айқасады. Бала да болса аты шулы әйгілі Теке батырды Жартыбай найзалап өлтіреді. Сазда болған қанды айқаста қырғыздар оңбай жеңіледі. Өлгені өліп, тірісі

тағы қолға түсті. Осы соғыста бала батыр Жартыбай елден ерекше ерлік көрсетеді. Сол үшін Мұсылманбай батыр оның бетінен сүйіп, бауырына басып, бүкіл елдің алдында Жартыбайды батыр деп жариялайды. Содан бастап Жартыбай атамыз батыр атанса керек. Қырғыз бен қалмақ ол кезде Жартыбайдың атынан сескенеді екен. Бір жерде қазаққа қалмақ тиіпті десе, Жартыбай батыр қолын ертіп елге тиген қалмақты шетінен қуып тастайтын болған.

Сол кезде Жартыбаймен қатарлас Бөден батыр өтіпті. Бөден батыр Албанның ішіндегі қоңырбөрік руының Құртқамай деген атасынан. Екі батыр дос болыпты деседі. Жорыққа бірге шығып, жауға бірге аттанады екен.

Бірде екеуі қазақтың шетінен келіп, тиіскен қалмақтарға қарсы аттанып кеткенде, бұлардың жоқтығын пайдаланып, елін қырғыз барымталап кетеді. Малымен қоса Жартыбай батырдың төрт жастағы Саурық дейтін ұлын да ала кетіпті.

Жаугершіліктен қайтып келсе ауылы азып, мұң мен шер басып кетіпті. Бірақ баланы қырғыздың қайсысы әкеткенін білмей, дал болады. Бұл қайғыға шыдай алмай, Жартыбай батыр жатып қалыпты. Жартыбай батыр ақылды кісі болса керек, өзі тиіскен жауды аямаса да, елдің бірлігін, тыныштықты қалайды екен. Ары ойлап, бері ойлап, ашуын ақылға жеңгізеді. Бейбіт жатқан қырғызды шабуға қолы бармайды. Сөйтеді де қырғыз, қазаққа жар салады.

«Кімде-кім баламды тауып берсе, сол елмен құда болам, туыс болам, бой жетіп отырған екі қарындасым бар. Қалағанына құда түссін, құшағымды жайып, қарсы аламын», — дейді.

Содан қырғыздың бір жігіті келіп: «Балаңды тауып берем», — деп Жартыбайдың бір қарындасына үйленеді. Кейін Шапырашты елінен Алакүдік деген батыр келіп, уәде беріп, бір қарындасын ол да алады. Арада төрт жыл өткенде қырғыз-күйеу баланың табылғаны жөнінде хабар жіберіпті. Ол кезде Саурық сегіз жаста екен. Қырғыз-күйеу Жартыбай батырды қырғыздың бір байының ауылының сыртына алып келеді. Он екі қанат ақ үйден шеткерек бірнеше бала ойнап жүреді, біреуі ұл екен.

«Анау ұл бала сенің балаң», — дейді қырғыз-күйеу. Бұл байдың ұлы жоқ, сегіз қызы бар. Сондықтан сенің балаңды асырап алыпты. Ал енді не істесең де өзің біл, мен кеттім, біліп қойса, бұлар мені құртады, — деп, күйеу баласы кетіп қалады. Жартыбай ойнап жүрген балаларға жақындап келіп «Саурық!»

деп дауыстайды. Арада төрт жыл өтіп, қырғыздар басқа ат қойса да, бала өзінің азан айтып қойған атын ұмытпапты. Аты аталғанда, жалт қарап әкесіне қарай тұра жүгіреді. Жартыбай батыр аттан түсіп, баласына ұмтылады. Саурық жүгіріп келіп, әкесінің мойынына асылады. Әкесі баласын бауырына басып, бетінен сүйіп, ұзақ отырып жылайды. Содан соң баласын көтеріп, жаңағы үйге келеді, өзінің кім екенін айтады. Қайтсе де өз баласын алып кететінін сездіреді әңгіме үстінде.

Кім біледі батырдың қаһарынан сескенді ме, адамгершілігіне сүйсінді ме, ол жағы бізге белгісіз. Бірақ Саурықты әкесіне береді. Олар Саурыққа, Саурық оларға әбден бауыр басып алған екен, бір-бірімен қимай жылап, ажырасады.

Кейін қырғыз бен қазақтың осы екі ауылы жауласқанды қойып, құда-жекжат болып, ынтымақтасып кетіпті. Бір-біріне қыз беріп, бір-бірінен қыз алып, құдаласып кетіпті дейді.

Әңгіменің басында Жартыбай батыр мен Бөден батыр дос болған демеп пе едік. Бертін келе екеуі құда болыпты. Бөден өзінің қарындасын Жартыбайдың баласы Саурыққа береді. Ол қайтыс болғанда, Саурыққа кіші қызы Шитраны береді. Шитра шешейден бес ұл болған. Олар: Мұстафа, одан кейін Жақып, Жапарқұл, Мұратәлі, Ыбырайым.

Жартыбай анасынан шала туса керек. Жеті айлық шала туған баланы тұмаққа салып қоятын қазақтың ескі әдеті бар емес пе? Шала туған соң атын Жартыбай қойыпты да, тұмаққа салып, тоғыз ай толғанша керегеге іліп қойыпты. Бірақ сол шала туған Жартыбай бабамыз айы-күніне жеткен соң, дене бітімі жағынан да, ақыл-ойы жағынан да тең құрбысынан көп озып кетсе керек. Тоғыз-онға келгенде асау тайдың үстіне құлағынан бұрап, қарғып мінеді екен. Қанша мөңкісе де, жалынына жабысып үйретіп алатын көрінеді. Өзінің құрбыластары тұрмақ, үлкен жігіттерді де күресте допша домалатыпты.

Қартая келе ол кісі үлкен бай болған. Жартыбайға бес жүз құла жылқы біткен. Малының басы қасқыр алған құла айғыр дейді. Жартыбай батыр шала туса да, жүз жасқа келіп өлген. Өлерінде ол кісі ағайын-туғандарын шақырып алып: «Мен өлгенде ат қойып, дауыс салып келмеңдер, жай ғана келіп көңіл айтып, ниеттеріңді білдірсеңдер болады. Хабар бергенде алыстағы ағайынның бәріне осыны түсіндіріңдер. Өйткені менің өмірім айғай-шумен, аттанмен өтті. Сүйегіме жұрт аттандап келсе, молам опырылып түседі», — деген екен. Бірақ

қазақтың ежелгі салты емес пе? Кім тыңдасын. Жартыбай жүз жасап қайтыс болғанда, алыс-жақын ағайындары алыстан ат қойып, улап-шулап «атамдап» келсе керек. Сонда Жартыбайдың топырағы кеппеген моласының ақымы опырылып түсіп кетіпті.

Жартыбай дәуірінің бар кезінде көбіне жорықта жүрген. Бірде қалмақты қуып Қытайға барады. Сонда Қызай деген елдің бір қызына үйленеді. Жақсы кісі болса керек, аты Жібек екен. Сол Жібек апа үш ұл туған. Үлкені — Жақай, ортаншысы — Бақай, ең кішісі — Тоқсанбай еді.

## 210. Көтбай мерген

Есім төре бай адам болған. Оның жылқысының түсі бірдей кілең теңбіл шұбар болған. Ал мыңғырған мына жылқылар оның бәйбіше әйелінің төркінінен келген бір буаз байталдан тарапты дейді. Бұның қаншалықты шындыққа жанасатынын кім білсін. Әйтеуір төренің маңындағы адамдардан қорқып, ешкімнің де оның жылқысын барымталауға батылы жетпеген сияқты. Төре солардың ішінде әсіресе Көтбай мергенге қатты сенген. Көтбай мергендік өнерді табиғат бойына ерекше дарытқан адам болса керек.

Жасынан мергендігімен көзге түскен оны Есім төре өз маңына шақырып алып, өмірінің соңына дейін бірге болыпты. Көтбайды кезінде көргендер де немесе ол туралы естіп білгендер де оның мергендігінде ерекше қасиет ерекше қасиет бар еді деп айтады. Ол жатса да, тұрса да, қайда жүрсе де мылтығын тастамаған. Оның бір ерекшелігі — қарауылға алған нәрсесін көздеп жатпай, қолындағы мылтығын жалма-жан шешіп ала салып, қолын көтере бере атып қалады екен. Атқан оғы ешқашан мүлт кетпеген. Қалаған жеріне дәл тигізген.

Бірде Есімнің бір топ жылқысын белгісіз біреулер айдап кетеді. Қолды болған жылқының қарасы көп болса керек. Есім төре Көтбайды шақырып алып, өзіне керек еткен жігіттерін ертіп барып малын қайтарып әкелуді тапсырады. Ұрланған жылқының ізі де, құмалақшының сөзі де шығысқа Қытайдағы қызай еліне айдап бара жатқанын көрсетеді. Көтбай қасына көп қуғыншы алмай, Есімнен тек Ыбырайым молданы ғана қосып беруді сұрайды.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Көтбайлар бір қырқаға жақындап қалған жылқыларды байқайды. Сол кезде Көтбай атының басын тартып, жанындағы жолдасына қарап:

— Ал, Ыбырайым, ұрланған малдың қарасы көрінді. Менің болжауымша, ана кетіп бара жатқандар осы барымташы топтың басшылары. Біз алдымен соларды тоқтатуымыз керек. Ол үшін әуелі жылқыны айдап бара жатқандарға жетіп, өзіміздің кім екенімізді айтайық. Менің атымды естіген қуғыншылар ары қарай жылжи қоймас. Осы сәтті пайдаланып қырқаның тасалау жерімен арғы бетіне өтейік те, жасырынып жатып топ басшыларының көзін құртайық. Оларды атуын мен атайын, сен маған мылтықты оқтап беріп тұр, — дейді.

Өзара осылай келіскен олар алға ұмтылып, жылқы айдағандарды қуып жетеді де, Көтбай оларға: «Ей, азаматтар, жылқыны қуғанды тоқтатыңдар, мен — Көтбай мергенмін», — деп айқай салады. Оның атын естіген барымташылар не істерін білмей, сасып қалады. Мергеннің аты оларға расында бұрыннан таныс болса керек. Осыны пайдаланып Көтбай мен Ыбырайым қырқаның екінші жағымен ары асып түсіп, қалың бүргеннің ішіне жасырынып үлгереді. Бұларды байқап қалған барымташылардың басшылары да қасындағы жігіттерімен бірге қырқаның үстіне шыға келеді. Міне, осы сәтті күтіп тұрған Көтбай мен Ыбырайым «дәуде болса, басшысы сен боларсың?» деп ортадағы жуан сарыны оққа байлайды. Ежелгі әдеті бойынша Көтбай оны көздеп жатпай-ақ атып салады. Ол өкіре барып ат үстінен құлап түседі.

Басшысынан айырылған барымташылар артық әрекетке бармайды. Жылқыларды тастап, өліктерін артқа өңгеріп еліне қайтады. Ал Көтбай мен Ыбырайым молда қолды болған жылқыны айдап, ауылға оралады. Алайда іс мұнымен бітпейді. Қазақта ердің құнын даулау деген дәстүр бар. Қызайлықтар да сол дәстүр бойынша оққа ұшқан азаматына құн сұрайды. Сөйтіп, екі ел арасында құн дауы басталады. Ол баяғы қуғыншылардың басшысы оққа ұшатын қырқаның үстінде өтеді. Дауға екі жақтан да сөзге шешен билер және көптеген адамдар қатысады.

Сол дауға Есім ауылының азаматтары Көтбайды босқа басын қатерге тікпесін деп жібергісі келмейді. Оның орнына мергеннің киімдерін кигізіп, бір қойшы жігітті әкеледі. Бірақ басқа біреудің өзі үшін жазықсыз жапа шекпеуін ойлап, бұл дауға Көтбай да қатысады.

Дау басталар кезде қаза тапқан жігіттің елінен келген қызайлықтар да төбенің басынан орын алады. Солардың ортасын ала қолында ұзын сапысы бар етжеңді, толық келген бір қара әйел де «уһ» деп сапысын таянып отыра бергенде, оның темір жүзі сабына дейін түгел жерге кіріп кетіпті.

Дау басталды. Сол кезде әлгі қара әйел көпшілікке қарап:

— Уа, құрметті жамағат, аузы дуалы билер! Мен оққа ұшып өлген азаматтың анасымын, дау басталар алдында менің сіздерге айтар бір өтінішім бар, менің баламды атып өлтірген адамды алдыма әкеліп бір көрсетіңдерші, қандай кісі екенін көрейін? — депті. Сонда Есім төре жағы әдейі дайындап қойған қойшыны көрсетіпті. Оған риза болмаған ана:

— Жоқ, мынаның қолынан менің баламды атып өлтіру келмейді. Бұл ол емес. Маған нағыз өлтірушіні көрсетіңдер? — дейді қызынып. Сол кезде Көтбай мойнына асынған мылтығымен көптің арасынан шыға келіп, ананың қарсысына тұрып:

— Балаңызды атып өлтірген мына менмін, атым — Көтбай, кәсібім — мергендік, — деген екен. Көтбайдың бет-жүзін көрген ана оған тесіле қарап:

— Қарағым, көзің қанталаған қып-қызыл екен, баламды өлтірген сен болсаң, боларсың, айбынды жүзің, асынған қаруың, жүректілігің мен батылдығың қорықпайтын ер екенді байқатып тұр. Мен баламды қайдағы бір ездің қолынан қаза тапқан екен деп едім, жоқ, өзі теңді ердің қолынан өлген екен. Барымташы болып барып, малын қайтаруды ниет еткен қуғыншының қолынан мерт болудың еш сөгеттігі жоқ. Анау үйірінен бөлініп, қуғынға түскен көп жылқы қаранікі ме, әлде төренікі ме, маған бәрібір, әйтеуір мал иесі сендерсіңдер ғой. Айдап қуа шапқан біздердікі тентектік пе, ол жағының төрелігін осы тұрған көпшіліктің өзі айтар. Мен мына алдымда тұрған жігіттің күнәсін кештім. Оның ешбір жазығы жоқ. Одан сұрар құным да, даулар дауым да болмақ емес. Осымен дау бітсін, өлер адам өлді, енді саған қара таңба баспай, ана ретінде шын пейіліммен бетіңнен сүйейін. Осы тұрған көпшілік нақ жүрегіммен шыққан ақ ниетімнің, адал сөзімнің куәсі болсын, — деп жігіттің бетінен сүйіп, арқасынан қағып, баурына басты. Оған қоса:

— Балам, артың құл болмаса да, жүн болар. Өйткені етігіңнің қонышы тар екен. Келешек өміріңде үш қатерге кездесерсің, әрқашанда сақ бол. Егер солардан сүрінбей өтсең, армансыз өмір сүрерсің, — деген екен.

Дау осымен бітіп, тарасқан соң өлген жігіттің ағасы өзі тіккен қазақ үйден дәм татып кетуге шақырады. Оның тілегін Көтбай қабыл алады. Сәлем беріп үйге кіріп келген Көтбайға үй иесі жанынан орын ұсынады. Сол жерге отыра берген мергенді әлгі жігіт сол қолымен періп жібергенде, ол есеңгіреп қалады. Бірақ есін тез жинап үлгірген Көтбай үй иесін оң қолмен соғып қалғанда, оның басы керегені тесіп, сыртқа шығып кетіпті. Көтбай оған қоса мойнындағы мылтығын жұлып алып, жігітті атпақ болып ұмтылғанда, ел араша түсіп, оны өзер дегенде аман алып қалады. Осыдан кейін өлген жігіттің ағасы Көтбайдың ерлігіне риза болып, онымен құшақтасып, достасады. Алайда, ол Көтбайдың мергендігін өз көзімен көрмек болып, ертеңінде топ алдында бір қойшының бөркін атып түсіруді өтінеді. Мерген мойнындағы мылтығын ала сала көздемей атып қалады, қойшы тұрған орнында құлап түседі. Қарап тұрған көпшілік оқ жігітке тиген екен деп ойлайды. Шындығында оқ оның бөркін тесіп өткен екен. Ал өзі қорыққаннан құлапты. Өлген жігіттің ағасы мен Көтбайдың бұл шайқасы оның басына төнген бірінші қатер еді.

Екінші қатерге Көтбай аңда жүргенде тап болады. Ол атын ағашқа байлап, атқан аңын алайын деп сайға түссе, қаптаған шүйебөрі қасқырлар әлгі аңның етін талап жеп жатыр екен. Енді олар жақындап қалған Көтбайға тап береді. Қашып бара жатып мерген өзін қуып жетуге жақындап қалған шиебөрілердің бірнешеуін атып өлтіреді. Ақыры байлауда тұрған атына жетіп, өзер дегенде жан сақтайды.

Үшінші қатері алдағы екеуінен де қиын, өте қауіпті жағдайда өтеді. Тағы да аң аулап жүріп, бір маралды атып алады да, оны сойып, бір жілігін етінен сылып тастап, оны жұдырығымен соғып сындырып, отқа қақтап майын ерітіп ішеді. Одан ары ас дайын болғанша ұйқыға басады. Жанындағы Нүсіп деген жолдасы бақыр асып, ет пісіріп отырады. Сол кезде басы жұдырықтай, ұзындығы құлаштай бір қара жылан оларға жақындап келіп, Нүсіпке тиіспей тура Көтбайға қарай тартады. Оның әуелі сол аяғынан бастап кеудесіне өрмелеп шығады да, одан соң аяғымен төмен түсіп, жорғалап қайтадан көтеріледі. Тура кеуде тұсына жеткенде басын көтеріп алып ысқырады. Содан кейін ашық жатқан Көтбайдың аузына басын сұғады. Нақ осы сәтте мерген оның басын қыршып алып, түкіріп тастайды. Оның бұл қылығынан ат та шошиды, адам да қорқады.

## 211. Есім төре кім?

Есім төре аса бай болыпты. Малы көз ұшы жетпейтін Қайыңды мен Қарқара тауларының етек-баурайларында, сай-салаларында мыңғырып жатқан көрінеді. Сан жоқ сансыз жылқысын ылғи көк ала түстен ұстаған. Өзі отырған жалпақ қоныстан асыра айдап, жиырма-отыз шақырым жердегі Тентек өзеніне суғарады екен. Тентек-бастауын таудан алып, етекке қарай құлдилап ағып, асау толқыны атқылап, жар-құзға соғып, арындап жататын өзен. Жетісудағы өзендердің қай-қайсысынан да артық болмаса, кем түспейтін үлкен су. Жолдағы Көк-жар ауылын асырып, өзенге құлатқанда, жондары жалт-жұлт етіп күнмен шағылысып, ет-сүйектері бұлт-бұлт ойнап жапырлай түсіп бас қойғанда өзен ақпай тоқтап қалатын көрінеді. Қара-құрым жылқы қаптап, бөгеп тастайды екен.

Қайыңды, Сардоңғал, Сарбиік тауларын асып, Қызылқырқа жотасының үстіне шыққанда, сыңсыған алуан түрлі ағаштың жасыл мұнарына малынып, қазан шұңқырдай боп ерекше көрінетін сұлу жер Шұбарағаш — Ойжайлау деп аталатын. Өткен ғасырдың ішінде сол шет жайлаулы мекенге Ресей патшалығы казак-орыстарды қаптатып, уез ашқан. Ол «Лепсі уезі» деп аталған. Міне, сол жердегі бір мекемеде шаруашылық мәселелерін басқарған Есім төре ел-жұртқа жәрдем беріп отырған. Лепсіде базар жұмыс істеген. Онда Есім сауда-саттық жасау үшін үш дүкен ұстаған.

Әрі бай, әрі сері Есім төре өз жанында неше түрлі өнердің атпал азаматтарын жинаған: балуан, мерген, шешен, дау шешетін би, сайыскер сияқтылар. Малшылары, жылқышылары сайдың тасындай ер-азаматтар екен. Өз молдасы болған, кілтші ұстаған. Есім қарамағындағы малшылар Боқанды балуан күресіне салса, Көтбай мергенді атыс сайысына қосады екен. Ал Сәрсенбай деген биін дау-шарға түсіреді екен. Өзі жолға шыққанда оларды қасына ертіп, алып жүрген. Ал олар өмірде шын болған адамдар дейді.

Есім төренің бір қасиеті — оның көріпкелдігі. Ол отырған қоныс орынның батысындағы әудем жерде Қарауыл төбе бар. Оның төбесінен арғы жағы, бергі жағы жақсы көрінеді. Міне, соның төбесіне шығып Есім төре айналасын шолып, табиғат көркін тамашалап, саф ауадан тыныстайды екен әркез. Кейде тұңғиық ой кешеді. Қарауыл төбе үстінде отырып келгеннен



кейін «ертең бөлен деген адам келеді екен» дейді екен. Сондай көріпкел, көрегендігі шынға айналып жүріпті. Бірде төбеден келгенде «қара шегіртке қаптайды» депті. Айтқанындай болыпты.

Есім төре Лепсі уезінде Фугасов деген орыс байының приказшігімен жақсы таныс болған. Фугасов Лепсіде ғана емес, Алматыда да, Талғарда да спирт зауыттарын ұстаған. Сандаған дүкендері өз алдына. Кезіндегі асқан ірі бай. Оның приказшігімен бөстесіпті, кімнің байлығы артық екенін көрсетпек болған. Алдымен ол қонаққа шақырады Есімді. Ол келгенде әудем жерден бастап приказшік күміс ақшаларын аяғының астына шашады, кілемдер төсеп солардың үстімен жүргізеді. Кезек Есімге келгенде, оны қонаққа шақырып, сый жасағанда самауырға қағаз ақша салып жағып, шай қайнатып берген екен. Сонда приказшік: «Есім, сен ақылсыздық жасадың, ақшаң жанып кетті де түк қалған жоқ, желге ұшып кетті, ал мен сенің басып, былғап, балшық қып кеткен күміс ақшаларымды, төсеген кілемдерімді жинап, тазалап алдым, байлығыңды текке шаштың», — деп мақтаныпты.

Есім төренің суын ішіп тұратын тұмасы болған. «Төре тұмасы» деп аталады дейді. Қарауыл төбе қоныстың батысында болса, Тұма шығысында жүз метрдей жерде. Төре сияқты тұманы да жұрт қасиетті, емдік шипасы бар деп есептейді.

Ол бұрын ешбір өлікке бармаған. Бірде сыйлы адам қайтыс болғанда, оның қоюына қатысыпты. Дүние салған адамды біреулер Майлышат өңірін жайлаған Қоңыр төре, енді бір кісілер Ойжайлауда тұрған Шәрәпи қажы дейді. Қалайда төре бір өлген кісіні жерлеуге қатысыпты. Мәйітті ақ матаға орап, қазылған жерге түсіргенде, Есім:

— Неге жақсылап киіндіріп, астына кілем төсеп, басына жастық салып жатқызбайсыңдар? — дейді.

— Құран, шарифат бойынша олай істеуге болмайды. Алладан өлікке бұйырылған осы ғана, — деген жауап естиді. Сонда Есім төре «байлықты, малды текке жинаппын ғой» деп өкініш білдіріпті. Бұл күйінішке оның артын жалғастыратын, дәулетіне ие болатын балаларының жоқтығы қосылған. «Ұрпақсыз әке — тұл» дегеннің кебін киген. Неше әйел алса да, бала сүймеген. Қайғылы ойға, шерлі күйге түскен Есім төре арақ ішуге салыныпты. Денесі уланып, о дүниеге сапар шеккен. Тірі кезінде ол кедейлерге байлығын үлестіріп, малын таратқан.

Ал өлген кезде ел-жұртқа көп үлес тиген. Ол қайтыс болғанда, балалардың өзі бір-бір тай мініп қайтты деген сөз әлі ел аузында.

## 212. Шоқан өмірінен

Демалысқа аулына келген Шоқанға оңаша ақ үй тігіледі екен. Шоқанның әдеті елден ерек ертемен тұрып, өз жұмысымен айналысады екен. Сол дағдысымен ол бір күні ерте тұрып, кітап оқып отырып, қотан жақтан у-шу дауысты естиді. Сыртқа шыға келсе, көп адам әлденені тамашалап тұр екен. Шоқан олардың қасына келеді. Топтың ортасында қара өгізге теріс қаратып мінгестірген еркек пен әйел, беттері қара күйе.

— Бұл не масқара? — дейді Шоқан ызаланып.

— Мына екеуі шарифат жолын аттаған жүзіқаралар, бұл сол үшін оларға берген атаңыздың жазасы.

Шоқан жәбірленген екеуді дереу босаттырып жіберіп, әкесіне келеді де:

— Ата, әлсізге әңгір таяқ ойнатқаныңыз не? Егер шарифат жолы десеңіз, осындай қылығы үшін өз ұлыңыз Жақыпқа неге жаза қолданылмай жүр? — депті. Шыңғыс тіл қата алмай, тұнжырап отырып қалыпты.

\*\*\*

Жолтабар баласы Мұқан деген жігіт Омбыда оқып жүргенде сағат тауып алып, не істерін білмей, Шоқанға келіпті. Шоқан оған: «Қазір базарға барайық, топ ортасында тұр да: «Алтын сағат таптым, алтын сағат таптым», деп жар сал», — дейді. Базарға келісімен-ақ Мұқан дегбірсізденіп, әрі қасындағы Шоқаннан қысылып: «таптым, таптым» — деп дауыстайды да, «алтын сағат» деген жеріне келгенде күмілжи беріпті. Сонда Шоқан:

— Әй, Мұқан-ай, арамдыққа көңілің ауып кетіп тұр-ау, айғайды «алтын сағаттан» бастасаңшы, — депті.

\*\*\*

Әубәкір деген имам мешітке кешігіп келетін Шыңғысты тоспай төрт-бес рет жамиғат намазын оқып қойыпты. Шыңғыс бұған қатты ашуланып, имамды шақыртады. Шоқанның Сырымбетте демалып жатқан кезі екен.

— Ата, сіз Әбубәкірді неге шақырттыңыз? — депті. Шоқан.

— Төрт-бес рет намаз менсіз оқылып қойыпты. Сол үшін ол имамның әкесін көзіне көрсетейін деп шақыртып отырмын, — дейді Шыңғыс.

Сонда Шоқан:

— Е, ол бишара Құдайдың әмірін орындай ма, әлде сіздің әміріңізді орындай ма? — депті.

\*\*\*

Шыңғыстың жақсы көретін Әділбек деген құрдасы бар екен. Өзі шешен, өзі батыр адам болса керек. «Шоқан қайтыс болған соң, Шыңғыс жер бауырлап жатып алыпты», — деген хабарын естіп, сол Әділбек сауыт-сайманын асынып, атқа мініп, іздеп келеді. Аттан түсе құрдасының қасына жетіп барады да, қылышын қынабынан суырып алып:

— Таудан биік алтын ай,  
Қайғысыз дүние бір Құдай.  
Сен Құдай болайын деген екенсің,  
Басыңды шауып тастармын, тұр былай! —

деп ақырады. Сонда Шыңғыс:

— Әй, Әділбек-ай, мен жатайын деп жатыр дейсің бе? Маған осындай сөзді айтатын кісі табылар ма екен деп жатырмын ғой, — деп, басын көтерген екен.

\*\*\*

Шыңғыстың атқұмар Жақып дейтін баласы Ақан аулына қайта-қайта келіп, Құлагерді сұрай беріпті. Ол тіпті мазалап болмаған соң, Ақан:

— Ақындықпен Орынбайдың даңқы шықты. Жүйріктікпен Құлагердің даңқы шықты. Осы сөзімді әкеңе барып айт. Содан соң Құлагерді ала ғой, — депті.

Жақып қуанып әкесіне келіп, Ақанның сөзін айтады.

— Ой, ақылсыз балам-ай, бұл Ақанның: «Құлагер мал да болса, аға сұлтан әкеңмен бара-бар», — дегені ғой. Біреу әкеңді сұраса, берер ме едің? — депті Шыңғыс.

Содан кеін Жақып Ақан аулының маңайына жоламайтын болыпты.

### 213. Шоқанның қазасын естірту

Қазақтың атақты ғалымы, белгілі ағартушы, әрі саяхатшы Шоқан Уәлиханов қайтыс болғанда, Тезек төре оны Шыңғыс сұлтанға елдің басты адамдары арқылы естіртеді...

Тезектің суыт хабарлауы бойынша, Атығай Келдібек би мен Әділбек батыр көп нөкер ертіп Шыңғыс сұлтанның үйіне келіп түседі. Келсе, сұлтан іштей сескеніп отыр екен. Келдібек би ойлы пішінмен жадырай сөйлеп:

— Төре, дүниеде не қымбат? — дейді.

— Адам қымбат, — депті Шыңғыс.

— Адамға не қымбат?

— Бала қымбат, егер сүйеніш болар перзент туса...

— Жансызда не қымбат екен?

— Жансызда қымбат гауһар деуші еді...

— Теңіздің тұңғиық жатқан сол гауһардың да иесі бола ма?

— Е, иесіз дүние бар дейсің бе, әр нәрсенің екі иесі бар ғой.

— Егер осы жанды-жансыз ең қымбаттыға сол екі иесі таласса, қайсысы алар еді, — дегенде, Шыңғыс төре: «ең күштісі, күштісі алады» деп өз санын бір соғыпты да, «менің гауһарым Мұхаммед Қанапияға Төңірдің оғы тиген екен ғой», — деп өкіре жылап, жер бауырлап жатып апты.

Келдібек би тоқтау айтып:

— Уа, Сұлтан, бала сіздікі еді, бақыты халықтікі еді. Пұлсыз берді, құнсыз алды, не шара! — деп кемсеңдеп, төңірегіне көз тастағанда, үйдегілердің бәрі еңірепті.

### 214. Жанақ пен Рүстем

Жанақ ақын ел аралап, өлең айтып жүргенде, «Балқаштың арғы бетінде Рүстем деген төре бар, өзі салтанатты, жомарт» деп естіген соң жанына бір жолдас алып, Рүстемнің еліне барады. Сұрастырып отырып, төренің ауылына келсе, маңайында мал дегеннен тышқақ лақ жоқ, жанында қара лашығы бар бір үлкен ақбоз үй тұр.

Ақын ойланып: «Апырым-ау, бұл қалай? Елдегілер бірдеме жетпей айтпаса игі еді», — деп жан-жағына қарайды. Дауыс жететін жерде тағы бір ақбоз үй көрінеді. «Көшуге әзірленіп

жатқан үй екен ғой», — деп ойлады Жанақ ақын. Бірақ көшіп жатыр деуге келмейді, маңайдағы көгалдың қыры да сынбаған. Енді келіп жаңадан қонып жатыр дейін десе, оған да ұйғара алмайды. Не келіп жатқан жүк жоқ, не қылса да сұрап білмесе болмас деп дауыстайды. Бір жігіт шығып сәлем беріп, жөн сұрайды.

Жанақ тұрып:

— Арқа бойындағы Орта жүздің ішінде Жанақ дейтін ақынмын, Іле бойында Рүстем деген төре бар деп естіген соң, көрейін деп іздеп шығып едім, үйін білемісің? — деді. Жігіт:

— Төренің үйі осы болады... Жанақ:

— Тегі бұл құдыққа жаңадан қонып жатқандарыңыз ғой?

— Қонғалы көп болған.

— Әлде көшіп жатырсыздар ма?

— Әзір көшетін ойымыз жоқ. Жанақ көзі бақырайып:

— Апыр-ау, төренің ауылы мен малы жоқ болушы ма еді? — деп сұрайды.

— Бар. Бірақ олар басқа жерде отырады. Мұнда нөкерлерімен өзі ғана тұрады.

— Төренің өзі үйде ме?

— Үйде жоқ, кешке таман келеді, — деді. Сонан кейін Жанақ:

— Ендеше түсейік, — деп ыңғайлана бастайды.

Жігіт: «Анау қонақ үйге түсіңіздер», — деп бағанағы оңаша тұрған боз үйді көрсетеді. Бұлар барып аттарын матастырып, қонақ үйге кіріп отырады. Әлі отыр, бері отыр... не бұлардың жанына келген кісі жоқ, не ішкен тамақ жоқ. Сонымен кеш те жетті.

Қонақтар іштері пысып далаға шықса, күнбатыс жақтан мінгендері ыңғай жирен, қылыш-найзалары жарқырап, бір топ кісі саусылдап келе жатыр. Санап тұрса, он бестен қақ жарылған отыз жігіт. Орталарында жирен жорғалы, толықтау, сақалды біреу бар. Тура барып бағанағы үлкен үйдің сыртына сау етіп түсе-түсе қалысып, аттарын екі жерге үйістіріп тастап, үйге кіріп жатыр.

Олар кіріп болғаннан кейін қонақтар да өз үйлеріне кіріп отырады. Әрі-беріден соң бір жігіт есіктен сәлем келді де: «Сіздерді төре шақырады, қобызыңызды ала жүріңіз», — дейді. Бұлар жігітке еріп төренің үйіне келді. Есіктен: «Ассалаумағалайкум, алдияр!» — деп кіргеннен жан-жаққа қараса, керегенің басын-

да саусылдап ілулі тұрған қылыш, найза, үйдің екі жағында жүгініп отырған жігіттер. Төрге таман аяғын көсіле салып, түсі суық біреу (Рүстем төре) отыр. Берген сәлемді құрмет алған кісі болмады. Тек жігіттердің кейбіреулері ғана игені болмаса, төренің өзі түзу де қараған жоқ.

Сол секілді салтанат пен айбарды көргеннен кейін Жанақтың бір жағынан есі шығып, бір жағынан қорқу түсіп, не төрге шығарын білмей, қалтылдап тұрды да қалды.

Сөйтіп тұрғанда, бағанағы ертіп келген жігіт төрге қарай иек қаққан соң, қобызын ақырын ғана босағаға сүйеп қойып, жаңа аяқтанған бұзаудай тәлтіректеп төрге барып отырды. Әріберіден соң төре Жанаққа қарамастан:

— Қай жердікісің? — деді. Жанақ қибыжықтап қозғалып:

— Алдияр, Ален бойынікі боламыз, алыстан сіздің атағыңызды естіп, сәлем беріп қайтайын деп шығып едім, — дейді. Төре оған дөнеңе деген жоқ. Үндемей тағы біраз отырғаннан кейін:

— Сені ақын дейді ғой, өлең айтшы? — дейді. Жанақ босағадағы қобызға қарап, не барып аларын білмей, не әпер деп айта алмай қипақтайды. Сонымен әлі отыр, әлі отыр. Бір мезгілде төре:

— Енді қашан айтады? — дейді. Бір жігіт түрегеліп (Жанақтың қимылын байқап отырса керек):

— Алдияр, ақынның жолдасы босағада қалды, соған қарайлап отыр-ау деймін, — деген соң, төре:

— Е, ол ағашта не тұр екен? Әпер ендеше, — дейді. Жігіт тұрып қобызды алып береді. Жанақ қобызды қолына алып, құлағын олай бұрады, бұлай бұрады, келтіре алмайды. Айтпай қоюға жол жоқ. Ақырында буыны қалтырап, жүрегі дірілдеп өлеңді бастайды. Айтқан өлеңі — белгілі баяғы ақындардың өлеңі. Төренің затын мақтайды, өткен-кеткенін қозғайды. Өзінің кім екенін әм келген жәйін баяндайды. Әйткенмен Жанақта бұрынғы екпін, баяғы айғай жоқ. Не айтып не қойғанын да білмейді. Тек даңғыл көкірекпен соғып отыр. Бір мезгілде төре отырып:

— Жә, болар енді. Құлағым ауырды, — дейді. Жанақ төбеге ұрғандай тоқтады.

Біраз отырғаннан кейін төре: «Мына қонаққа мал әкеліңдер», — деді. Бір-екі жігіт тұра жөнеліп, әлден уақытта мойнына шылбыр салған бір кісіні есіктен біреуі итеріп, біреуі

жетектеп кіргізіп келе жатыр. Қараса, сақалы беліне түскен, жылаудан көзі қып-қызыл боп кеткен, бурыл басты еңгезердей бір сарт.

Жігіттің біреуі Жанаққа қарап, «Иләһи әмин!» деп қолын жайып, жүресінен отыра қалды. Онсызда сартты көріп, жаны мұрнының ұшына келіп отырған Жанақ қолын жайып дүрсе қоя берген соң зәре-құты онан жаман қалмады. Не айтарын білмей қалтырап біраз отырғаннан кейін, әйтеуір, төре тұқымы мен сарттың өш екенін есіне түсіреді. Сондықтан Құдай аузына салып: «Төренің мерейін үстем, сарттікін төмен қыл, аллауәкбар!» деп бата қылды.

Есікті қайырып ашып қойды. Сартты сүйретіп далаға шығарып алып соғып, қол-аяғын байлап, есік алдындағы жер ошаққа қорқыратып бауыздап жатыр. Бауыздап болғаннан кейін есік жабылды. «Мені де сондай қылады ғой» деп ойлаған Жанақта үрей жоқ. Әйткенмен өзін оған көңіл аударған адам да жоқ.

Бір мезгілде төрт табақ ет әкелді. Бір табағын төренің алдына, бір табағын Жанақ пен жолдасының алдына, екі табақты екі жақтағы жігіттердің алдына тартты. Төренің етін бір жігіт жүгініп отырып турап берді. Өзге жігіттер жапырласып жеп жатыр. Қонақтар сорлы қорқумен, қысылумен не жеп, не қойғанын да білмейді. Ет жеген жоқ, дерт жеді.

Төре өзі болғаннан кейін табақты қолымен ақырын ғана ысырып қойды. Әлгі ет тураған жігіт төренің табағын алды да, анадай жерге барып өзі жеді. Сонымен ет желініп, сорпа ішілгеннен кейін қонақтарға жатуға рұқсат берілді. «Құдай-ау, рұқсат деген сөзді құлағымызбен еститін күн болар ма екен», — деп әрең отырған қонақтар, жығыла-сүріне шыға жөнелді. Шыға бергенде, төре бұларға: «Таңертең күн шыға, анау асудан асындар. Егер түнде қашып кетсеңдер, өкпелемендер!» — деді. Қонақтар шығып қонақ үйге келді.

Жатайын десе, жата алмайды. Ұйқы келу қайда? Қашып кетуге әлгі сөз бар. Амалдары құриды. Арыздасып, жыласып, имандарын айтып, «таң ата өлуіміз хақ» деп отырып таңды атырды. Таң атқан соң аттарына мініп алып, айтылған асуға қарай жөнелді. Асудан бұлар да асты, шашырап күнде шықты. Асудың ар жағына түсе бергенде, алдарынан өңшең қара ат мінген, кешегі отыз жігіт қасында, астында қара жорғасы бар Рүстем төре сап ете түсті. Енді бұларда өлмедік деген ой

жоқ. «Осы арада бізді өлтіргелі тосып жүр екен ғой», — деп жандарынан күдер үзіп, сұп-сұр болып, күбірлеп имандарын айта бастайды. Жолыққан жерде дауыстары қалтырап, әзер дегенде шығып, төреге: «Ассалаумағалейкум, алдияр!» — деп сәлем берді. Төре: «Уағалейкуммәсалам, бәрекелді қашып кетпей, айтқанды оңына келтірген жақсы қонақ екенсіңдер, жүріндер», — деп, қара жорғаны борбайға бір тартып, жосытып ала жөнелді. Артынан өз жігіттері де, қонақтары да бірге еріп келеді. Бұлар жарты дөң аспай-ақ бір сайға келді. Қараса, сайдың іші толған жайылып жүрген түйе, тігулі тұрған қос, шашылып жатқан тоғанақ, өліп жатқан сарттар. Бір сарт қостың ішінде өліп жатыр, біреуі тысында, кейбіреулерінің басы кесілген. Кейбіреуі бауыздалған, қайсы бірінің ішек-қарны ақтарылып жатыр. Құдай салмасын, баяғы қорқу ма? Жанақтың жаны жаңа көзіне көрінді. «Құдай енді бізге ақ иманды бере көр, жұмысымыздың біткен жері осы екен ғой», — деп ішінен еңіреп келеді.

Төре бұларды ерткен бойымен қостарды аралап болған соң, бағанағы шашылған тоғанақтардың жанына келіп тұрып Жанақты «Бері кел, ақыным!» деп шақырып алды да: «Мынау тоғанақтардан таңдап екеуін ал! Жерің алыс қой? Бір түйе жеткізе алмас? Екі түйеге артасың, мен саған кешеден бері ілтипат қылып, сыйлық көрсеттім, онымның мәнісі — түсін бояп, орыс жақтан келген бір тыңшы ма дегендік еді. Тыңшы болсаң, Құдайыңа тапсырдым, бола бер, Құдайсыз орыс маған не қылады, мен оған не қыламын? Егерде шын Жанақ болсаң, ренішіңді кешу қыларсың, көңіліңде кетпесін. Мынау оқиғаның жайын айтайын, біздің ата-бабамыздың ежелден сартпен өштігін еститін шығарсың. Оның бер жағында кеше Саржан мен Есенгелдіні өлтіргенде бектер бегінің ақылшыларынан болған кешегі көз алдында бауыздалған сарт көптен қолға түспей жүруші еді. Құдай мынау он бес қос керуенмен сайда кез қылып, біреуін аман жіберместен түгел қырып, арманыма жетіп тұрмын», — деді. Сол орыннан бір жігіт жіберіп, түйе алғызып, тоғанақтап арттырып беріп, қош айтысарға келгенде: «Қане, ақыным, өлгенше құлағымда жүрсін, бір ауыз өлең айтшы», — деді. Жанақ сонда қобызын алып, айғайлап мынау өлеңді айтыпты:



— Болғанда қырғыз қырда, орыс ойда,  
Бек-сұлтан бұлғаңдайды жиын-тойда.  
Бір сайда он бес сартты бірдей қырған  
Жауынгер Рүстемдей төре қайда?!

Сонда Рүстем төре шаттанып, күліп келіп: «Жарайсың, ақыным!» — деп жаурынға қақты. Жанақ ақын Рүстем төремен қоштасып, берген сыйын алып, аман-есен еліне қайтқан екен.

## 215. Ыбырай мен байлар

Қасында жастау жігіт, жалғыз жолдасы бар Ыбырай бір байдың үйіне келіп түсіпті. Сый-құрмет, қонақасы үстінде әлгі бай Ыбырайға қарап:

— Ыбырай-ау, атақ-даңқың жер-көкке тарады. Бар ел сені ардақтайды. Осыған орай қасыңа қалың жұрттан таңдап, балуан жігіт, сері өнерпаз, әнші-күйші топ ертіп жүру басыңа лайықты еді ғой, мұның қалай, жалғыз бала ертіп, салтаң жүргенің? — депті.

Сонда Ыбырай:

— Байеке, жүздің ісін бір адам тындырса, амалымыз қайсы? Сіз айтып отырған қасиеттер осы баладан табылмасына кім кепіл. Тегінде, өнер егіз туа берсе керек, ел туғыза берсе керек, — депті.

Бұл сөзге бай қайтып жауап қатпапты.

Сондағы еріп келген бала қазақтың белгілі ақыны болған Нұржан Наушабаев екен. Нұржан ақындығының үстіне әрі домбырашы, әрі балуан, сері болған кісі екен.

Ыбырай Алтынсарин халық мектебін ашуға елден қаражат жинап жүрген кезінде бір мақтаншақ байдың үйіне кірмей, өтіп кетеді. Бай оның артынан қуып жетіп:

— Шырақ, біздің үйге неге кірмедің? Немене, мені он бес тиын бермейді деп ойлайсың ба? — дейді.

Сонда Ыбырай:

— Сіздің бүгін он бес тиын беріп, ертең мен жоқ жерде он бес сом бердім деп халыққа өтірік айтып, мақтанатын әдетіңізден қорқып, кірмей кеттім, — деп жүре беріпті.

## 216. [Шернияз ақын]

Бұрынырақ табын Шоңқара деген адам заманында бақ қонып, байып қатарынан асқан көрінеді. Соған өте зорайып жаман мінез қолданып, ағайын-тума, жақын-жаранын жинап отырып, қасындағы көрші елдердің семіз ат, айғырын, атан, нарын, өгіздерін ұрлатып әкеліп сойып, иесі келсе теңдік бермей, сөйлеспей қайыратын көрінеді. Ақ үйде крабатта жатады, қыста қонақ үйінде жатады. Кісі келсе, әңгімелеспейді. Себебі нелер жоқ. «Сөйлесем, бәлкі, сөзден ұтылып, теңдік берермін», — деп сақтанып, сөйлеспейді екен. Күндерде бір күн шектес отырған кете халқының бір өгізін ұрлатып сойып алған екен. Артынан қуған кісілер келсе, басқалары «біз білмейміз» деген соң, Шоңқараға келсе, тарс үндемей, теріс қарап жатып сөйлеспеген, олар теңдік ала алмай қайтқан. Амал жоқ Шоңқараға қарсы баруға, олар елге келген соң кете Шернияз ақын он төрт жастағы бала екен, «Маған ат пен киім тауып беріңізші, мен барып қарайын», — дейді. «Жарайды, бала, жолың болсын!», — деп киім мен ат беріп жіберген.

Шернияз тура Шоңқараның үйіне келіп түсіп, кіріп келсе, баяғыдай анау келген адамның бір нәрсе айтарын біліп сөйлеспей теріс қарап крабатта жатыр екен. Сондағы Шоңқараның қасына келіп Шернияздың айтқаны:

— Ассалаумағалайкум, Шоңқара, теріс қарама, бері оң қара. Тура бидің туғаны жоқ, туралығы жоқтың иманы жоқ деген, батар жерің жалғыз ошақ, қорқыныш бар құшақ. Иманыңнан айрылма, бер малымды ағайыныңмен Шоңқара, — деген. Сонда Шоңқара басын көтеріп:

— Малың өнер, бір ит білмей әкелген ғой. Мына баланың малын өндіріп бер, — деп адамдарына айтып, өзін қонақ етіп қайырған. Шернияз аты содан бастап шыққан дейді.

## 217. [Шернияз ақын]

Шернияз бір жаққа бара жатып, елсіз далада Махамбетпен кездескен. Бірін-бірі танымайды екен. Махамбеттің жасы үлкен болса керек, кім болдыңыз дей сұрағанда, Шернияз өзін былай деп таныстырыпты:

— Қыс қыстауы сұрасаң,  
Шыңырлаудың саласы.  
Жаз жайлауым сұрасаң,  
Текелі көлдің жағасы.  
Руымды сұрасаң,  
Майлы кете боламын.  
Шернияз ақын мен болам,  
Жарылғап бидің баласы», — депті.

## 218. Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар

Аронның он шақты ғана қойы бар екен. Қозысын қасқырдан қорқып үйіне көгендейді екен. Сүйімбай бала жігіт, үйінде ұйықтап жатса, түсінде бір кісі келіп: «Балам, көген аласың ба, өлең аласың ба?» — депті. Бала: «Өлең аламын», — депті. Орнынан бастырлығып, тілі күрмеліп оянып, ұшып түре келіпті. Әкесі мен шешесі шошып, бір тоқтысын басына әкеліп бауыздап, қанымен ұшықтап құрмалдық етіпті. Сонан барып тілі шығып, құлағын бұрап өлең айтқан екен. Сүйімбайдың кейіннен өлең айтқанда құлағын ұстап айтатыны осыдан қалған әдеті екен дейді.

## 219. Естай

Естай әнші қартайғанда жолы түсіп Маралды жағына барады. Естай келіпті дегенді естіген ел әдеттегідей жиналып отырып, одан ән айтуды өтінеді. Естай жайлап «Жай қоңырдан» бастап бірнеше әнін орындап береді.

— «Қорлан» деген әніңіз айтылмады ғой, — дейді таяу отырған ақсақалдың бірі.

Естай қомданып, орнынан қозғалып, қайта отырып, домбыраның құлағын сәл көтеріп, халық қалаған әнді шырқап жөнеледі. Ән аяқтала бергенде, отырғандардың ішінен бір әйелдің шығып бара жатқанын байқайды.

Бұл жайды барлап қалған қарияның бірі Естайға шығып кеткен Қорлан екенін айтады. Оны ала көлеңкеде көп ішінен байқамағанына қатты қысылған әнші сол қалпында үнсіз оты-

рып қалған екен. «Қартайғанда бір ұялғаным-ай» деп кейін өзі өкініп айтып жүріпті.

## 220. [Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны]

Ақан бір жылы Арықбалық базарына барса, бір үйдің іші-сырты толған халық, үйдің киізін жыртып, сығалап әуре боп жүргенін көріп:

— Бұл үйде не бар? — депті. Жұрт:

— Науан қазірет жұртты жинап алып, «мұсылмандарға базарға келу арам» деп шариғат айтып отыр, соған жиналып жатыр, — дейді. Ақан:

— Е, әлде қайда бір болған базарға келмей, шариғат деп жұрт өле ме? — дейді. Мұны қазірет естіп қалып Ақанды шақырып ұрсады. Сонда Ақан: «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе» деген осы-ау!

— Жаман болса базарың,  
Неге салдың назарың?  
Білмейтін бе ең мал десе,  
Періштенің азарын.  
Мал алудың қамы ғой  
Осы айтқан азаның, —

деп шығып кетіпті.

## 221. [Ақанның әйелге берген бағасы]

Ақан өзі Науан қазіретке жақын ағайын болу керек. Бірақ Ақан оны жек көреді, сондықтан «Безгек» деп атайды екен.

Қазірет мың тоғыз жүз бесінші жылдар кезі Көкшетаудың уездной начальнигі Коноваловпен мұсылман діні туралы айтысып отырып, начальникті боқтайды. Сол үшін начальник оны жер аударған екен.

Сол кезде Ақан сері Науан қазіретті «Науанның безгегіне осы Коноваловтың соты ем болмаса, киік өті ем болмас» деп өлең айтыпты.

Науан қазірет жер ауып, үш жыл жүріп келіпті. Қазіреттің сол күндегі әйелі Фахрутден Муфтахутденов деген (татар және қазақ тілінде өлеңдер шығаратын) татардың қызы Хұснылбанат деген екен.

Фахрутден отыз бес жыл салдат болған кедей адам екен. Әйелі әрі кедей қызы, әрі татар қызы болған соң қазірет оны үнемі «Көксақал салдаттың қызы, таңдайына ас тимеген татардың қызы» деп қорлай береді екен.

Қазірет жер ауғанда осы әйелі оны жалғыз жіберуге қимай, ізденіп жер ауған жеріне бірге барыпты. Сол уақытта Ақан: «Әйелді ұлтына, тұрмысына қарап бағалама, ақыл, сана, ой тұрысына қарап бағала» деген екен.

## 222. [Ақан сері мен Ақтоқты]

Ақан Ақтоқтыны бір көргеннен-ақ ғашық болып, ғашықтық өлеңдерінің көбін соған арнайды.

Ақтоқты ұзатылғанда, ішінде Ақаннан бала кетіпті. Сол туралы барған жерінде елінен де, күйеуінен де сөз естиді. Баласы да қағу көп көреді. Осының қайғысынан Ақтоқты құса деген аурудан өледі. Баласының аты — Тоқан. Ол Қызылағаш колхозында, Көкшетау елінде тұрады.

## 223. Ақан серінің сөзі

Арғын алтай-қарпық деген елде Ақан деген жігіт болыпты. Ақан өзі ақын, өзі мырза, өзі серілікпен жүргендіктен «Ақан сері» атанып кеткен екен. Сол елде алты ағайынды жігіт бар екен. Ердалы, Сердалы дегендер Ақан серімен бақталас болып жүрген. Сол алты ағайынды жігіттің жалғыз қарындасы бар. Ешкім батып аулына бара алмайды, сырттан көрген бозбала бәрі де құмар болады. Сол қызбен Ақан сері жақын болат.

Ақан сері бір жақтан келе жатса, басқа бір ағасының үйіне қонақ боп отырғанын Ақан білмей, сонда қонғалы келіп қараса, қыз сонда отыр. Ақан ойлады: «Қызды артынан қуа келген кісідей болмайын», — деп, басқа бір үйге барып қонады. Қыз жеңгесі Ақанды көріп: «Осы Құдай атқыр Ақан қызға жақын

деп естіп едім, түнде кеп ағасының бәрін де ұятқа қалдырады-ау! — деп, есікті мықтап байлап қояды. Ақан сері түнде келсе, есік берік, есікті аша алмай қайтып кетіп, ертемен қыз ағасы малына кеткенде, қыз жеңгесі үйде қалат. Ақан кеп отауға отырғанда, жеңгесі түндегісі ойында боп, Ақанға түлкі бөстек салат. Ақан сері бөстекті лақтырып жіберіп, сонда жеңгесіне айтқан сөзі:

— Тарт ары, отырмаймын, бөстегіңді,  
Келіншек, білемісің кештегіңді.  
Бұл қызға зауықыменен келгенімде,  
Есікке байлап қойдың кескегіңді.

Құланның қырда жүрген қағын қорып,  
Түлкінің жататұғын рабын қорып.  
Ақиық қыран құстар ілетұғын,  
Алдында жортып жүрген аңын қорып.

Қай мейман осыныңды дұрыс дейді?  
Жігіттің келіп тұрған санын қорып.  
Сен оған көже құйып ішпек пе едің?  
Біреудің қылышы мен сабын қорып, —

деп тоқтағанда, қыз келіп:

— Ақан айып бізден, — деп үстіндегі мөуіті камзолын Ақанға жауыпты. Ақан сері риза болып қолтыққа қысып, мешпетті алып кете беріпті.



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР







## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Тарихи тұлғаларға байланысты аңыздардың алғашқы үлгілерінен бастап ауызша тарап, бүгінгі ұрпаққа араға ғасырлар салып барып фольклортану заңдылықтарына сәйкес түрлі нұсқаларда, версияларда, әрқилы көлемде, стилде жеткендіктен, оларды жинау, жүйелеу, жариялау үрдісінде күрделі мәселелер аз кездеспейді. Біріншіден, Ел тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі кезеңдерде саяси шектеулердің салдарынан тарихи аңыздардың жеке ғылыми басылымы жарық көрмеді және арнайы зерттелген емес. Сонымен бірге шағатай, қадім, төте араб әліпбилері қолданыстан ерте шығып қалғандықтан, кейінгі ұрпақ, әсіресе ғылыми ортаның аңыз мәтіндерінің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясын құрастырушылар осы жанрды қолға алып, баспаға дайындай бастағанға дейін еліміздің Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорларындағы аңыздардың саны, жалпы көлемінің мөлшері белгісіз болып келді.

Екіншіден, XIX ғасырлардағы орыс басылымдарында, әсіресе тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көптеген шежірелік, тарихи жинақтарда жарияланған туындылардың мәлімет-деректері де ешкімді қызықтырған емес. Бұған Қытай, Монғолия, Таяу Шығыс мемлекеттерінің, Орта Азия елдері мен Татарстан, Әзербайжан, Башқортстан сияқты туысқан халықтардың қорларындағы ұлтымыздың тарихына қатысты шығармаларды қоссақ, ұшан-теңіз байлыққа кенелеріміз анық. Алайда, бұл қазынаны толық игеруге уақыт, қаржы, мамандар сұранысы аса қажет болғандықтан, құрастырушылар қолда бар мүмкіндіктерді ғана пайдалануға талпыныс жасады.

Олар ең алдымен, ӘӨИ мен ОҒК-нің сирек қорларындағы тарихи аңыздарды анықтау, жинастыру, жүйелеу, бүгінгі жазуға көшіру, текстологиялық тұрғыда сараптау, баспаға дайындау жұмыстарына жұмылдырылды. Соның негізінде туындылардың нұсқалары мен версиялары анықталып, өзара айырмашылықтар болған жағдайда топтаманың ғылыми ұстанымына сәйкес мәтіндер қатар жіберілді. Келешектегі арнайы зерттеулер үшін ғылыми түсініктемеде мәтіндердің қысқаша жиналу тарихы көрсетілді. Түпнұсқадан өзгеріссіз дайындалған бұл аңыздар мен олардың нұсқалары ғылыми-зерттеу нысанасы ретінде маңызды. Сол себепті де томның басылымы тарихшы, этнограф, деректанушы, тілтанушы ғалымдардың іргелі ізденістеріне, фольклортанушы, мәтінтанушы мамандардың болашақ зерттеулеріне зор мүмкіндіктер туғызады. Мысалы, осы томда «Сырым батыр мен Нұралы хан» туралы аңыздың алты нұсқасы, «Жалбыр батырдың» үш нұсқасы қамтылған.

Келесі кезекте кейінгі жылдары жарық көрген жинақтар мен басылымдарда жарияланған аңыздар іздестірілді. Табылған туындылардың біразы жеке туынды ретінде, кейбіреуі қолжазбалардың нұсқалары есебінде томға енегізілді. Өкінішке орай, олардың біршамасының түпнұсқалары болмағандықтан, текстологиялық сараптаулар жүргізуге мүмкіндіктер болмады. Бұл тұрғыда тарихи аңыздардың алғаш, арнайы топтама ретінде басылым көріп жатқандығы және зерттеу нысанасы ретіндегі қажеттілігі ескерілді.

Айта кетерлік тағы бір жайт — осы томға енген аңыздардағы кейбір ауыспалы мотивтер, эпизодтар, оқиғалар алдыңғы томдардағы мәтіндерде де кездесуі әбден мүмкін екендігі. Мысалы, Кенесарының айдаладағы ағаш молаға алдын ала (аруақ есебінде) кісі жасырып, кейін оны бұзып әкелуге Үйсін Бөлтірік батырды жіберіп, жүректілігін сынау сюжеті Шақшақ Жәнібекке, Балтакерей Тұрсынбайға т.б. кейіпкерлерге байланысты оқиғаларда кездеседі. Бұл әдіс фольклордың қалыптасқан заңдылықтарынан тысқары болмағандықтан, томдарға осы сюжеттес аңыздардың барлығы да жіберілді.

Және бір түйіткіл нәрсе — томдарға аңыздардың толық қамтылуына байланысты мәселе. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген қорлардағы туындылардың қолжазба нұсқалары түгел қарастырылғанмен, түрлі басылымдар мен жинақтарда жарияланған мәтіндерді іздестіруде айтарлықтай қиындық-

тар туындайтынын атап өткен жөн. Әсіресе аудандық, облыстық, аймақтық басылымдар мен сол аумақтарда жарық көрген жинақтардың таралымы аз болғандықтан және олардың көпшілігі жеке қаржымен шығатындықтан, меншік иелері орталық кітапханаларға жіберіп отыруға міндетті емес. Сондықтан құрастырушылардың назарына ілікпеген кейбір тарихи тұлғаларға қатысты аңыздар томға енбей қалуы мүмкін екендігін айта кеткіміз келеді.

Еліміздің сирек қорларында үш жүздің барлық хан-сұлтандарына, батырлары мен би-шешендеріне қатысты аңыздар біркелкі, толық сақталмаған. Мысалы, бір атақты батырға байланысты аңыз аз, тіпті жиналмай қалуы да кәдік, керісінше, белгісіз тұлға туралы мол мұра сақталуы да мүмкін. Сол себепті қандай да бір тарихи тұлғаға саналы тұрғыда басымдық берілмеді. Аңыздар ғылыми басылымының ұстанымдарына сәйкес жүйеленіп, мүмкіндігінше көркемдік сипатына қарай, түпнұсқа негізінде дайындалды.

Кейде аңыз айтушылар мейлінше өз руының, аймағының батырларына кеңінен тоқталуға бейім болатыны байқалады. Тіпті, рулардың, одан бөлінетін аталардың атауларын, тарихи тұлғалардың есімдерін қате көрсету, тіпті қарсылас руларды саналы түрде кемсіту сияқты жат үрдіске бой алдырады. Бірақ бұл оққылықтарды қазақ халқының болмыс-бітіміне, тұрмыс-салты мен этникалық табиғатына байланысты кемшіліктер деуге негіз бар. Томға ұсынылып отырған аңыздар хатқа түскен мәтіндердің негізінде дайындалғандықтан, сондай-ақ «Бабалар сөзі» сериясының жалпы ұстанымдарына байланысты шежірелер түзетілмей, түпнұсқа бойынша жіберілді.

## СЫРЫМ БАТЫР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

**1. Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры?** Аңыз мәтінін Б.Адамбаевтің жеке мұрағатынан алып, қорға тапсырған — Бекхожина Талиға. Қорға 1988 жылы түскен. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 1010, 7-дөп.) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (4-б.) негізінде дайындалды.

**2. [Сырымға анасының айтқаны] (I нұсқа).** Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Айтушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (1-б.) алынды.

**3. Сырымға анасының айтқаны (II нұсқа).** Мәтін Балтабай Адамбаевтың 2008 жылы шығарған «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» атты жинағында (193-194-бб.) жарық көрген.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақ (207-б.) бойынша дайындалды.

**4. Сырымның анасының неге жерік болғаны жөнінде (III нұсқа).** Мәтін дәптер қағаздарына көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.190, 2-дөп.) сақтаулы. Қорға тапсырған — Мұхам Сарымсақов. Айтушысы белгісіз.

Мазмұны «Сырымға анасының айтқаны» атты аңыздармен ұқсас болғанымен, көлемдік, стильдік және көркемдік жағынан назар аударарлық тұстары бар.

Томға мәтін аталған қолжазба (111-112-бб.) негізінде дайындалды.

**5. [Сырым батыр].** Аңызды қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/2) сақтаулы. Қорға 1984 жылдары түскен. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (210-б.) бойынша дайындалды.

**6. Сырым батыр.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/4) сақтаулы. Жинаушысы — Мәтжан Тілеужанов. Айтушысы белгісіз. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (162-б.) алынды.

**7. Тапқыр бала (I нұсқа).** Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Мәтін бұрын басылым көрмеген. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Б. Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазба (70-73-бб.) негізінде әзірленді.

**8. Бұл—Мезгілбайдың ауылы (II нұсқа).** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (10-11- бб.) бойынша әзірленді.

**9. Сырымның Түркімен ханына барғаны (III нұсқа).** Аңызды айтушы — Батыс Қазақстан өлкесінің тұрғыны Хайроллаұлы Мүтиден. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы.

Аталған аңыздың «Тапқыр бала», «Бұл — Мезгілбайдың ауылы» атты аңыздармен ұқсас тұстары (Сырымның ханның тазыларын атып тастауы, ханға берген жауабы) болғанымен, стильдік, тілдік, көлемдік жағынан айырмашылықтары бар.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (294-б.) алынды.

**10. [Сырымның айтқаны].** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — М.Тілеужанов.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (26-б.) дайындалды.

**11. Сырымның жерге айтқан сыны.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім.) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған, жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (45-б.) әзірленді.

**12. Байбақты Датұлы Сырым жайлы (I нұсқа).** Аңызды ел арасынан жинап, 1984 жылы қорға тапсырған — М.Тілеужанов.

Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/4) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (161-б.) дайындалды.

**13. [Сырым батыр мен Нұралы хан] (II нұсқа).** Мәтін Б.Адамбаев, Т.Жарқымбекова құрастырған «Ел аузынан» (Алматы, 1989. 56-58-бб.) атты жинақта жарық көрген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған жинақтан алынды.

**14. [Сырым мен Нұралы хан] (III нұсқа).** Шығарма Б.Адамбаев құрастырған «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008. 199-200-бб.) атты жинақта басылым көрген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан алынды.

**15. Ақмоншақ ат (IV нұсқа).** Аңызды жинаған — Б.Адамбаев. Қорға 1987 жылы түскен қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Мәтін бұрын еш жерде жарық көрмеген.

Аңыз мазмұны 12, 13, 14 нөмірлі нұсқалармен ұқсас болғанымен, көлемдік, стильдік, тілдік жағынан назар аударатын тұстары бар.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (17-20-бб.) әзірленді.

**16. Бақай қарт пен Сырым.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (15-16-бб.) алынды.

**17. Бұрын туғаннан ақыл сұра.** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (67-б.) бойынша әзірленді.

**18. [Нұралы мен Сырым].** Мәтін «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008) атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған жинақтан (203-204-бб.) алынды.

**19. Сырым батыр мен Нұралы хан.** Аңыз мәтіні басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 1-тізім) сақтаулы. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Шығарма кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (5-б.) дайындалды.

**20. Сырым батыр мен Нұралы.** Аңыз мәтінін Ғылжас Көшербайұлының айтуынан 1947 жылдары жазып алып, қорға тапсырған — Темірғали Күнтуғанов. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 4-дөп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған түпнұсқа негізінде (5-б.) дайындалды.

**21. Нұралы хан мен Сырым батыр.** Аңыздың түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дөп.) сақтаулы. Аңызды ел арасынан жинап, жазып алған — Сәлімгерей Ғайнидинұлы. Қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Шығарма ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

16, 17, 18, 19, 20, 21 нөмірлі аңыздардың мазмұны әртүрлі болғанымен, Нұралы ханның құсбегі, билері, аңшыларымен сейіл құратын, Сырым мен Нұралының құда болатын тұстарын т.б. суреттейтін эпизодтары ұқсас болып келеді.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа негізінде (230-234-бб.) негізінде әзірленді.

**22. Нұралы ханның Сырымды қонаққа шақыруы (I нұсқа).** Аңыздың айтушысы белгісіз. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Кирилл әрпінде машинкаға басылған мәтін бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (105-б.) негізінде әзірленді.

**23. [Сырым мен Тұрмамбет би] (II нұсқа).** Мәтін «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008) деп аталатын жинақта басылым көрген.

№22 аңызбен кейбір эпизодтары ұқсас (Сырымның уәзірлерге қоятын сауалдары мен жауаптары) болғанымен, аңыз мазмұндары әртүрлі болып келеді.

Томға еніп отырған мәтін аталған жинақтан (205-206-бб.) алынды.

**24. Нұралы мен Сырымның құдалығы.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар (Ш.990, 3-тізім) қорында сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылып, қорға 1987 жылы Б.Адамбаев тапсырған.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (35-36-бб.) дайындалды.

**25. Ақмола (I нұсқа).** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға терілген. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (48-б.) әзірленді.

**26. [Сырым мен Саржала би] (II нұсқа).** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — М.Тілеужанов.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (106-б.) алынды.

**27. [Сырым мен Алдар] (III нұсқа).** Мәтін «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008.) атты кітапта жарық көрген.

25, 26 нөмірлі аңыздармен көлемдік, стильдік, тілдік жағынан айырмашылық болғанымен, мазмұнында ұқсас болып келетін көріністер де бар. Ол — Саржаланың «Дат моласын» бұзып, Сырыммен араздасатынын көрсететін тұсы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (207-208-бб.) алынды.



**28. Сырым батыр мен Байсал би.** Аңызды ел арасынан жинаған — Б.Адамбаев. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға мәтін аталған қолжазба (24-26-бб.) бойынша дайындалды.

**29. Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 2-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (22-б.) алынды.

**30. Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? (I нұсқа).** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Мәтін томға аталған қолжазбадан (41-42-бб.) алынды.

**31. [Сырымның Нұралы ханды шабуы] (II нұсқа).** Аңыз «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008) атты кітапта жарияланған.

Томға мәтін аталған кітап бойынша (209-210-бб.) дайындалды.

**32. Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны (III нұсқа).** Аңыздың қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш.990) сақтаулы. Қолжазба кирилл әрпінде машинкаға басылған. Аңыз мәтіні бұрын жарияланбаған. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні қолжазба (38-б.) негізінде дайындалды.

**33. Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы (IV нұсқа).** Аңызды ел арасынан жинаған — С.Ғайнидинұлы. Қорға 1954 жылы тапсырған — М.Тілеужанов. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (298-б.) бойынша әзірленді.

**34. Сырым батырдың ханды шабуы. (V нұсқа).** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

30, 31, 32, 33, 34 нөмірлі аңыздардың мазмұндары әртүрлі болып келгенімен, Сырымның Нұралы ханды шабатын эпизоды ұқсас.

Томға мәтін аталған қолжазба (43-44-бб.) негізінде әзірленді.

**35. Бөкен қарттың Сырымға берген батасы.** Мәтін ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (15-б.) дайындалды.

**36. Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі.** Аңыз мәтінін 1957 жылы Гурьев қаласында жазып алған — Фарит Гатауов. Өкінішке орай, жинаушы аңызды айтып берген кісі туралы мәлімет келтірмеген. Мәтін оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.241, 12-дәп.) сақтаулы.

Томға ұқсынылып отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (1-2-бб.) әзірленді.

**37. [Сырым мен Мөңке би].** Аңызды 1957 жылы Есқожа Бержановтың айтуынан жазып алған — Әнуар Омаров. Мәтін тор көзді дәптер қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.137, 6-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба негізінде әзірленді.

**38. Жақынды жаралама, алысты қаралама.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған мәтін қолжазба (5-6-бб.) негізінде әзірленді.

**39. Тұлпардың дыбысы шығады (I нұсқа).** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (14-б.) дайындалды.

**40. Ескі әңгіме (II нұсқа).** Аңыз түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дөп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — С.Ғайнидинұлы. Айтушысы белгісіз. 1954 жылы институт қорына тапсырған — М.Тілеужанов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқадан (224-б.) алынды.

**41. Сырым батырдың тама руы Есет батырға бата алуға барғанынан (III нұсқа).** Аңыздың айтушысы белгісіз. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.920/2) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

39, 40, 41 нөмірлі аңыздардың мазмұны ұқсас болғанымен, стильдік, тілдік, көлемдік жағынан назар аударарлық тұстары бар.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (152-б.) алынды.

**42. [Сырым мен Губернатор] (I нұсқа).** Мәтін «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» атты жинақта (Алматы, 2008) жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақ бойынша (213-214-бб.) дайындалды.

**43. Менің губернаторда жұмысым жоқ (II нұсқа).** Аңыз мәтіні бұрын жарияланбаған. Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

42, 43 нөмірлі аңыздардың мазмұны ұқсас болғанымен, төмендегідей айырмашылығы бар: бірінші аңызда губернатордың шақыруына Сырым бара алмаса, екінші нұсқада Сырымның

орнына Малайсары барады. Патша Малайсарыға сый-құрмет көрсетеді.

Томға мәтін аталған қолжазба (70-б.) бойынша дайындалды.

**44. [Сырым мен Перовский].** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (81-б.) алынды.

**45. Сырымның Мөңкені жеңуі (I нұсқа).** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген. 1987 жылы қорға тапсырған — Б. Адамбаев.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (14-б.) бойынша дайындалды.

**46. Сырымның үш қасиеті (II нұсқа).** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім.) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (29-б.) алынды.

**47. Сырымның әйелге қамқорлығы (III нұсқа).** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (52-53-бб.) бойынша әзірленді.

**48. [Сырымның әйелге қамқорлығы] (IV нұсқа).** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — М.Тілеужанов.

45, 46, 47, 48 нөмірлі аңыздардың мазмұны ұқсас болғанымен, стильдік, тілдік, көлемдік жағынан назар аударатын тұстары бар. Сонымен қатар Сырымның алғашқы жүгінетін биі III нұсқада Мөңке би болса, II нұсқада белгісіз ақсақал болып келеді, III нұсқада Сырымды ерекше үш қасиеті арқылы

таниды. Сырым қызға өкіл әке болып қызды ұзатып, өз теңіне қосады.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (105-б.) дайындалды.

**49. Сырым батыр мен Ақсуат би.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 2-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (30-31-бб.) бойынша әзірленді

**50. Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы (I нұсқа).** Б.Адамбаев жинаған аңыз мәтіні қорға 1987 жылы түскен. Туынды бұрын басылым көрмеген. Кирилл әрпінде машинкаға басылған қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (49-б.) негізінде дайындалды.

**51. Хиуа ханы мен Сырым (II нұсқа).** Мәтін ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Қорға 1987 жылы түскен мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (50-51-бб.) алынды.

**52. [Сырымның Хиуа ханына баруы] (IV нұсқа).** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Жинаушысы — М.Тілеужанов.

50, 51, 52, 53 нөмірлі аңыздардың мазмұны салыстырылғанда, ханның Сырымды сөзден тоқтату мақсатымен берген сұрақтары мен Сырымның жауап қайтаратын және Сырымды улап өлтіретін эпизодтар ұқсас болып келгенмен, жалпы мазмұны, стильдік, көлемдік жағынан айырмашылықтары бар екені анықталды.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (48-б.) дайындалды.

**53. Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі (III нұсқа).** Аңыз мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім)

сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (74-б.) дайындалды.

**54. Қайғысыз хан семіз (I нұсқа).** Қорға 1987 жылы түскен қолжазба ӘӨИ-дің қорында (Ш.990-бумада) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба (34-б.) бойынша әзірленді.

**55. Руы адай Атақозының бір әңгімесі (II нұсқа).** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 910/2) сақтаулы. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

54, 55 нөмірлі аңыздар мазмұны жағынан ұқсас болғанымен, кейіпкерлері өзгеше болып келеді. Бірінші аңызда Сырым мен Нұралы хан болса, екінші аңызда Баймағанбет хан мен Атақозы би сияқты кейіпкерлер әңгімеленеді.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (153-б.) әзірленді.

**56. Сырым мен ишан.** Аңызды жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба негізінде (58-б.) дайындалды.

**57. Сырымның аманаты.** Аңыздың айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990, 3-тізім) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазба негізіндн (91-б.) ұсынылды.

**58. [Сырымның қыз іздеуі].** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (104-б.) алынды.

**59. [Жаман жолдас жауға алдырар] (I нұсқа).** Мәтін «Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер» (Алматы, 2008) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған жинақ бойынша (218-219-бб.) дайындалды.

**60. Сырым батырдың қайтыс болуы (II нұсқа).** Аңызды ел арасынан жинап, 1987 жылы қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.990,3-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (68-69-бб.) ұсынылды.

**61. [Сырымның қаза болуы] (III нұсқа).** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — М.Тілеужанов.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (287-б.) алынды.

**62. [Сырымның қазасы] (IV нұсқа).** Айтушысы — Қ.Бісмайлов. Жазып алушы — Г.Бегеева. Қорға тапсырушы — М.Тілеужанов. Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/4) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

59, 60, 61, 62 нөмірлі аңыздардың көлемдік, стильдік, тілдік, мазмұндық жағынан айырмашылықтар болғанымен, кейбір эпизодтар (Сырымды улап өлтіруі) ұқсас болып келеді.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (201-б.) алынды.

**63. [Сырымның қазасын естірту].** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 990, 3-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (66-67-бб.) дайындалды.

**64. [Мұхтар мен Қайырлы би].** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1010,

7-дөп.) сақтаулы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде түсірілген, жинаушысы — М.Тілеужанов.

Томға мәтін аталған түпнұсқа (14-б.) негізінде дайындалды.

### **БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ АҢЫЗДАР**

**65. Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы.** Аңыздың түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 3-дөп.) сақтаулы. Мәтін кеңсе журналының қағаздарына көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — С.Ғайнединұлы, тапсырушы — М.Тілеужанов. Қолжазба қорға 1954 жылы түскен және бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (122-б.) бойынша әзірленді.

**66. Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дөп.) сақтаулы. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Қорға 1954 жылы түскен шығарма кеңсе журналы беттеріне қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (251-б.) дайындалды.

**67. Жәңгір тойында.** Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Айтушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (1-3-бб.) алынды.

**68. [Жәңгір ханның тойы].** Аңыз мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.354, 1-дөп.) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы, айтушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (19-20-бб.) әзірленді.

**69. Қызығұрт Жантөре би мен Шомбал би.** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы. Жинаушысы — Б.Адамбаев. Мәтін бұрын жарық көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба (1-2-бб.) бойынша дайындалды.



**70. Шомбал биді жеңген Жұмат.** Аңызды Досалыұлының айтуынан жазып алған — Темірғали Күнтуғанов. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған және бұрын жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 4-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (10-б.) дайындалды.

**71. Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі.** Аңызды ел арасынан жинап қорға тапсырған — Т.Күнтуғанов. Мәтін араб әрпінде жазылған және бұрын еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 4-дәп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған түпнұсқа негізінде (12-б.) әзірленді.

**72. Үкі би.** Аңызды Құрманбай қарттың айтуынан жазып алған — жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы Еркін Құлсариев. Мәтін 1939 жылы ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған және түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.64, 13-дәп.) сақтаулы. Қорға тапсырған — Т.Күнтуғанов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан алынды.

**73. Байғана мен Төлеген би.** Мәтін бұрын жарияланбаған. Жинаушысы — Сәлімгерей Ғайнединұлы. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дәп.) сақтаулы. Мәтін қара сиямен араб әрпінде жазылған. 1954 жылы институт қорына тапсырған — М.Тілеужанов.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (286-б.) дайындалды.

**74. Махамбеттің әкесі Өтеміс би.** Аңыз мәтіні 1957 жылғы Гурьев облысы экспедициясы кезінде жазылып алынған. Жазып алушы — экспедиция мүшесі Б.Адамбаев. Айтушысы — Өтеміс Изболатов. Мәтін бір жолды қағазға қарындашпен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 2-дәп.) сақтаулы. Шығарма бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа бойынша әзірленді.

**75. Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан Жәңгірден жер сұрауы.** Туынды бұрын жарияланбаған. Аңызды айтушы — Абдрахманов Ғаббас. Мәтінді 1957 жылғы Гурьев облысы экспедициясы кезінде жазып алған — экспедиция мүшесі Ө.Омаров. Бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған аңыз ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 4-дөп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба бойынша дайындалды.

**76. [Махамбет пен Жәңгір хан].** Аңызды айтушы — Т.Мырзалиев болса, жинаушысы — Т.Сәрсенғалиев. Мәтін 1957 жылы бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 5-дөп.) сақтаулы және бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (5-6-бб.) алынды.

**77. [Исатай-Махамбет].** Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/4) сақтаулы. Жинаушысы — М.Тілеужанов. Айтушысы белгісіз. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (258-259-бб.) дайындалды.

**78. Исатай батыр.** Шығарма мәтіні ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.916/1) сақтаулы. Жинаушысы — Ермақан Нығметов. Айтушысы белгісіз. Мәтін кеңсе қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылып, қорға 1988 жылы түскен. Шығарма соңында «13.10. 1926 жылғы «Ауыл тілі» газетінен көшірілді» деген жазу бар.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (155-159-бб.) алынды.

**79. Исатай сөздерінен.** Аңыз бұрын жарияланбаған. Қолжазба ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.916/1) сақтаулы. Жинаушысы — Е.Нығметов. Өкінішке орай, бұл аңызды 1979 жылы кімнен жазып алғаны туралы мәлімет көрсетпеген. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (150-154-бб.) бойынша өзірленді.

**80. Тайман мен Бөкей.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Айтушысы белгісіз. Мәтін кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкаға басылған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/2) сақтаулы.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (174-175-бб.) алынды.

**81. Исатай батырдың араша түсуі.** Мәтін «Ел аузынан» (Алматы, 1989) атты жинақта жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақ бойынша (345-346-бб.) дайындалды.

**82. [Батырдың сауыт-сайманы].** Мәтін «Ел аузынан» (Алматы, 1989) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтың негізінде (347-348-бб.) дайындалды.

**83. Исатай—Жәңгірдің жер таласы жайлы біраз сөз.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (3-4-бб.) алынды.

**84. Исатай мен Жәңгір ханның қарсы болуы.** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы және бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (11-12-бб.) дайындалды.

**85. [Исатай мен Жәңгір хан].** Аңыз бұрын еш жерде жарияланбаған және қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 5-дөп.) сақтаулы. Айтушысы — Тұраш Мырзалиев. Жинаушысы — Талап Сәрсенғалиев. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түскен.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (3-4-бб.) ұсынылды.

**86. Исатайдың Жәңгір ханға қарсылық себебі.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқа ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтінді қағазға түсірген — С.Ғайнединұлы. Айтушысы белгісіз. Қолжазбаны 1954 жылы қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Шығарма мәтіні бір жолды дәптер беттеріне қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (34-42-бб.) алынды.

**87. [Махамбет пен Баймағамбет].** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген және ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 13-дәп.) сақтаулы. Жинаушысы — Е.Құлсариев. Қорға 1939 жылы түскен туынды араб әрпінде жазылған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (4-5-бб.) негізінде әзірленді.

**88. [Махамбет пен Жәңгір хан].** Аңызды ел арасынан жинаған — Б.Адамбаев. Мәтін ақ қағазға кирилл әрпінде машинкаға басылған. Айтушысы белгісіз. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы және бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға мәтін аталған түпнұсқа негізінде (5-6-бб.) дайындалды.

**89. Исатайдың түсі жайлы.** Аңыз мәтінін қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген.

Жинаққа мәтін аталған қолжазба негізінде (6-7-бб.) дайындалды.

**90. [Исатай мен Шығай].** Аңыздың түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 5-дәп.) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген. Мәтінді 1957 жылғы 21 қазанда Батыс Қазақстан облысы, Жаңа қала ауданы, XX партсъезд атындағы колхоздың мүшесі Тұраш Мырзалиевтің айтуы бойынша жазып алған — Т.Сәрсенғалиев. Шығарма бір жолды дәптер қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (1-2-бб.) негізінде дайындалды.

**91. Исатайдың тапқырлық сөздері.** Аңыз 1957 жылғы Гурьев облысы экспедицисы кезінде жазылған. Айтушысы — Изболатов Өтеміс. Жинаушылар: Б.Адамбаев және Ә.Омаров. Мәтін бір жолды журнал беттеріне қарындашпен кирилл әрпінде жазылған. Шығарма бұрын еш жерде жарияланбаған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.406, 1-дәп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған түпнұсқа (3-4-бб.) негізінде дайындалды.

**92. Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны.** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (5-6-бб.) алынды.

**93. Шыманның кек алуы.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154, 1-тізім) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (4-5-бб.) дайындалды.

**94. Науша батыр туралы.** Аңыз мәтіні бұрын жарияланбаған, түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 5-дәп.) сақтаулы. Шығарма мәтіні кеңсе қағазына қарындашпен жазылған. Аңызды ел арасынан жинап, 1959 жылы қорға тапсырған — Әбдрахман Мырзағалиев.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (55-58-бб.) дайындалды.

**95. [Науша мен айдаһар].** Аңызды ел арасынан жинап, жазып алған — Ә.Мырзағалиев. Мәтін кеңсе қағаздарына қарындашпен жазылған және бұрын басылым көрмеген. Айтушысы белгісіз. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 5-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (56-б.) әзірленді.

**96. Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен.** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.910/3) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған және бұрын басылым көрмеген. Қорға 1984 жылы тапсырған — М.Тілеужанов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (210-б.) алынды.

**97. Исатай батыры Науша туралы.** Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.378) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған және бұрын басылым көрмеген. Айтушысы мен жинаушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (5-б.) дайындалды.

**98. Науша батырдың елге оралуы.** Мәтінді «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000. № 3) газетінде жариялаған — Атырау қаласының тұрғыны Өтепберген Әлімгереев.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (4-б.) алынды.

**99. Науша мен Сыйлыбай.** Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000. № 3) газетінде басылым көрген. Жариялаушы — Ө.Әлімгереев.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

**100. [Науша батыр мен Сыйлыбай].** Аңыздың айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Ө.Мырзағалиев. Мәтін кеңе қағазына қарындашпен жазылған және бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 5-дәп.) сақтаулы.

99, 100 нөмірлі аңыздардың аталуы бірдей болғанымен, мазмұны әртүрлі.

Томға мәтін аталған түпнұсқа бойынша (58-60-66.) дайындалды.

**101. Науша мен Әубәкір.** Аңыз мәтіні «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000. №3) газетінде жарық көрген. Жариялаушы — Ө.Әлімгереев.

Томға еніп отырған мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

**102. Жалбыр батыр (I нұсқа).** Аңыз мәтінін 1959 жылы Қызылорда қаласының тұрғыны Ақайдар қарттың айтуы бойынша жазып алған — Бекмұхаммед Құрманбаев. Мәтін бір жолды журнал беттеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 1-дәп.) сақтаулы. Қорға тапсырған — Итен Қарымсақов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (15-16-бб.) негізінде әзірленді.

**103. Жалбыр батыр (II нұсқа).** Аңызды айтушы — Қызылорда қаласының тұрғыны Бекберген ақсақал. Жазып алушы — Бекмұхаммед Құрманбаев. Қорға тапсырған — И.Қарымсақов. Мәтін бір жолды журнал беттеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 1-дәп.) сақтаулы және бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (16-19-бб.) дайындалды.

**104. Жалбыр батыр (III нұсқа).** Аңызды 1959 жылдары Қара деген қарттың айтуы бойынша жазып алған — Б.Құрманбаев. Мәтін бұрын басылым көрмеген, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 1-дәп.) сақтаулы.

102, 103, 104 нөмірлі аңыздардың аталуы бір болғанмен, мазмұндары бір-біріне ұқсамайды.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (22-24-бб.) бойынша дайындалды.

**105. Үбі батыр туралы.** Аңызды ел аузынан жазып алған — Орал облысы, Қаратөбе ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Б.Тналиев (қолжазбада жинаушының есімі жазылмаған). Мәтін 1940 жылы он алтыншы шілдеде тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.836, 1-дәп.) сақтаулы. Шығарма бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа (6-8-бб.) негізінде дайындалды.

## **КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ МЕН КӨТЕРІЛІСШІ БАТЫРЛАР ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР**

**106. [Саржан төренің құда түсуге баруы].** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1178) сақтаулы. Жинаушысы — М.Ж.Көпеев. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (199-204-бб.) алынды.

**107. Наурызбай туралы.** Аңыздың қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.836, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Жинаушысы — Орал облысының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнеткер Б.Тналиев. Қолжазба 1940 жылы шілде айында Орал облысы, Қаратөбе ауылында жазылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсырнылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (9-10-бб.) алынды.

**108. Кенесары.** Аңызды ел аузынан жинап, қорға тапсырған — Мұқаш Мәжікеев. Мәтін қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.828, 3-дәп.) сақтаулы. Шығарма бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (55-63-бб.) негізінде әзірленді.

**109. [Кенесары].** Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Қ.Айнабеков.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні түпнұсқа (6-б.) негізінде әзірленді.

**110. Кенесары туралы.** Аңызды 1951 жылы хатқа түсіруші — Қарағанды облысы, Нұра ауданының тұрғыны Шүйен Бұйрабеков. Жинаушысы — Дәкен Шалабеков. Шығарма оқушы дәптерінің сыртқы тысына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.339, 2-дәп.) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (1-б.) бойынша дайындалды.

**111. Кенесары туралы.** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Қолжазбада аңызды айтушы, жинаушы туралы дерек келтірілмеген. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (6-б.) дайындалды.

**112. [Кенесары].** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы.



Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған. Айтушысы, жинаушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (316-317-бб.) дайындалды.

**113. Кенесарының қалмақтан жаралғаны.** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338, 17-дөп.) сақтаулы. Шығарма ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген. Аңызды ел аузынан жинап, 1946 жылы қорға тапсырған — Ермахан Бекмаханов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (3-4-бб.) алынды.

**114. Кенесары—Наурызбай.** Аңыз бұрын жарияланбаған, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338, 6-дөп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — Күміспек Есіркепов. Қорға 1941 жылы түскен.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба бойынша дайындалды.

**115. Соңғы ханның құпиясы.** Аңызды ел арасынан жинап «Қазақ батырлары» (2004, тамыз. № 8) газетінде жариялаған — Қарлығаш қажы Мұқышқызы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

**116. [Кенесары мен Омар].** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.339,1-дөп.) сақтаулы. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түскен.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (3-б.) дайындалды.

**117. Кенесарының Дулатқа келуі.** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Туынды кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (329-330 бб.) бойынша дайындалды.

**118. Хан Кене дулат елінде.** Аңыз мәтінін ел аузынан жинап «Қазақ батырлары» (Алматы, 1999. № 11) газетінде жа-

риялаған — Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылының тұрғыны, республикалық дәрежедегі жеке зейнеткер Уәш (Әбдүәли) Асатұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (11-б.) алынды.

**119. Дулаттың Кенені тастап кетуі.** Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Айтушысы белгісіз. Жинаушысы — Қ.Айнабеков. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған нұсқа бойынша (22-б.) дайындалды.

**120. Кенесары мен Отыншы.** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Айтушысы — Қалқаман Әжібай батырдың белбаласы Арыстан. Жинаушысы — Қ.Айнабеков. Қолжазба ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде хатқа түскен.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа (1-24-бб.) негізінде дайындалды.

**121. Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі.** Аңызды жинаушы — Бекқожа Бәбенов. Қолжазба 1935 жылдары жазылған, айтушысы белгісіз. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін жоғарыда аталған қолжазба (5-бб.) бойынша әзірленді.

**122. Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен.** Жинаушысы — Қайып Айнабеков, айтушысы белгісіз. Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (4-б.) бойынша әзірленді

**123. [Кене әскерінің Ақмолаға ойысуы].** Аңыз мәтіні ОҒК-ның қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген. Мәтін кирилл әріпінде машинкаға терілген.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (347-350-бб.) дайындалды.

**124. Кенесарының қырғызға ақырғы аттанғаны.** Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы. Жинаушысы — Түллүк Титақұлы. Айтушысы — Шыңбай Мыңбайұлы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (18-22-бб.) алынды.

**125. [Кенесарының қырғыздармен соғысуы].** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, айтушысы — Доскей Әлімбаев. Жинаушысы — Пазыл Маханов. Кирилл әрпінде машинкаға басылған қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (350-353 бб.) бойынша дайындалды.

**126. [Кенесарының қырғызға елші жіберуі].** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (338-339-бб.) дайындалды.

**127. Кенесарының жеңілу себебі.** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Жинаушысы — Қ.Айнабеков. Қолжазба ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (5-б.) дайындалды.

**128. Кенесары әм Наурызбай Қасым ұлдары.** Аңызды 90 жастағы Бектемір молланың айтуынан жазып алған — Т.Титақұлы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген, бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (4-12-бб.) алынды.

**129. Кенесары, Наурызбай туралы.** Аңыз мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.339, 1-дәп.) сақтаулы. 1953 жылы тор

көзді дәптерге қарындашпен жазылған қолжазбаны Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданы, Қаратөбе аудандық советіне қарасты Ворошилов колхозында тұратын Әміров Ақ-қошқардан алып, 1953 жылы қорға тапсырған—Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Сейтғапарова Зүбайра. Туынды бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған түпнұсқа (2-б.) негізінде әзірленді.

**130. [Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі].** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған, бұрын басылым көрмеген. Айтушысы — Д.Әлімбаев, жинаушысы — П.Маханов.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (353-355-бб.) дайындалды.

**131. Кенесары—Наурызбай хақындағы аңыз.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Шығарма мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған, жинаушысы мен айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (311-315-бб.) алынды.

**132. Кенесары-Нарызбай соғысы туралы.** Аңыздың қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген. Мәтінді 1940 жылдары Қарағанды облысында Доскей Әлімбаевтың айтуынан жазып алған — П.Маханов. Қорға тапсырған — Құлбаев (қолжазбада тапсырушының есімі жазылмаған). Мәтін алғашында латын әрпінде машинкаға басылып, кейін кирилл әрпіне түсірілген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (338-341-бб.) бойынша әзірленді.

**133. [Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы].** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Қолжазба кирилл әрпінде машинкаға басылған. Айтушысы — Д.Әлімбаев, жинаушысы — П.Маханов. Тапсырушысы — Құлбаев (есімі көрсетілмеген).

Томға мәтін аталған қолжазбадан (341-347-бб.) алынды.

**134. Наурызбай батыр.** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (321-б.) дайындалды.

**135. Наурызбай туралы.** Аңыз мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (322-б.) дайындалды.

**136. [Наурызбайдың қарындасы].** Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (25-б.) дайындалды.

**137. [Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі].** Аңыз мәтіні кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (333-б.) бойынша әзірленді.

**138. [Құрманқұлдың Наурызбайдың ерлігіне риза болуы].** Аңыздың мәтіні бұрын басылым көрмеген қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Кирилл әрпінде машинкаға басылған, шығарманы айтушы, жинаушы жөнінде мәліметтер көрсетілмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (334-335-бб.) бойынша дайындалды.

**139. [Наурызбай].** Аңыздың қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға терілген, бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (336-б.) дайындалды.

**140. [Наурызбай мен Бұқарбай].** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба (336-б) бойынша дайындалды.

**141. [Наурызбайдың келбеті].** Аңыздың қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1331) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған, бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (336-б.) дайындалды.

**142. [Науан мен Қойшыбай].** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1331) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған.

Томға ұсынылып отырған мәтін қолжазба (336-337-бб.) негізінде дайындалды.

**143. Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1338) сақтаулы. Жинаушысы — Қайып Айнабеков. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, қорға қай жылы түскені белгісіз.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазбадан (5-б.) алынды.

**144. Дос болсаң, тама Танашпен дос бол!** Аңыз түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалбар қорында (Ш.1177) сақтаулы. Жинаушысы — М.Ж.Көпеев. Аталған мәтін «Мәшһүр-Жүсіп (Қазақ фольклоры үлгілері). Шығармалары» (Алматы: Ел шежіре, 2009. 9-том.) атты жинақта басылым көрген. Басылым мен түпнұсқа салыстырылғанда, айырмашылық кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (6-б.) негізінде әзірленді.

**145. [Тыналы болыс].** Жинаушысы — М.Ж.Көпеев. Айтушысы белгісіз. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1177) сақтаулы. Аңыз мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға мәтін аталған түпнұсқа (9-б.) бойынша дайындалды.

**146. Қойлыбай қырғыны.** Аңызды ел аузынан жинап, қорға тапсырған — Ақтөбе облысы, Бірғыз ауданының тұрғыны Мәлік Әлмұратов. Мәтін 1959 жылы тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген, бұрын басылым көрмеген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.339, 4-дәп.) сақтаулы.

Томға еніп отырған мәтін аталған түпнұсқадан алынды.

**147. Батырлыққа сын.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосының тұрғыны Еркін Құлпейісов. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1122, 26-дәп.) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа негізінде дайындалды.

**148. [Бөлтірік шешеннің батыр атануы].** Мәтін Сапарғали Бегалиннің «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» (Алматы, 1996. 33-б.) атты кітабында жарияланған. Аңыз түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.644.) сақтаулы. Басылым мен түпнұсқаны салыстырғанда, елеулі айырмашылық кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні түпнұсқа (Ш.644) бойынша дайындалды.

**149. Үйсін Бөлтірік батыр.** Аңыз қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы. Мәтін араб әрпіне жазылған, бұрын басылым көрмеген. Айтушысы — Бектемір молла. Жинаушысы — Т.Титақұлы.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (14-18-бб.) дайындалды.

**150. [Ағыбай батыр].** Аңыз түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1064, 13-дәп.) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген. Мәтін 1948 жылы дәптер бетіне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Жинаушысы — Карл Қаңтарбаев.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (5-б.) бойынша дайындалды.

**151. Ағыбай батыр.** Аңызды 1991 жылы Қарағанды облысының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Доман Жүнісовтың айтуынан жазып алған — Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Меруерт Қанжанова. Мәтін тор көзді оқушы дәптерлерінің бетіне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.955.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (17-18-бб.) дайындалды.

**152. Ағыбай Олжабайұлы туралы.** Аңызды жинап, қорға тапсырған — К.Қаңтарбаев. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 13-дәп.) сақтаулы. Мәтіннің соңында «Кенесары деласынан көшіріліп алынды. № 55. 1947 жыл» деген жазу бар.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа бойынша (6-7-бб.) дайындалды.

**153. Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 13-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Жинаушысы — К.Қаңтарбаев.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (7-б.) дайындалды.

**154. Кенженің Ағыбай асына баруы.** Аңызды Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тұрғыны Тәттібек Омаровтың айтуы бойынша жазып алған — Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті М.Төлегенова. Мәтін бір жолды қағаздарға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш. 935) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (38-б.) негізінде дайындалды.

**155. Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Б.Адамбаев. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға басылған, бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1154) сақтаулы.



Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (61-б.) дайындалды.

**156. Ағыбай мен Құнанбай (I нұсқа).** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1154) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — Б.Адамбаев.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (9-б.) дайындалды.

**157. Ағыбай мен Құнанбай (II нұсқа).** Аңыз мәтіні «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинағында (Алматы, 2002) жарияланған. Мәтінді баспаға дайындаған — Пазыл Бейсенбаев. 157, 158 нөмірлі аңыздардың аталуы бірдей болғанымен, мазмұны ертүрлі.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған жинақ бойынша (173-174-бб.) дайындалды.

**158. Ағыбай мен Наурызбай.** Бұл мәтін алғаш рет «Халық кеңесі» газетінің 1992 жылдың 11 маусымындағы санында жарияланған. Әңгімені баспаға ұсынған — филология ғылымдарының кандидаты Марат Әбсемет. Осы нұсқа 2002 жылы Алматыда шыққан «Ақжолтай Ағыбай батыр» (163-167-бб.) атты жинақта жарияланды. Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісмақова мен филология ғылымдарының кандидаты Сейілбек Сәкенов.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні 2002 жылғы жинақ бойынша дайындалды.

**159. Ағыбай батырдың бір жорығы.** Мәтін «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Алматы, 2002. 167-171-бб.) атты жинақта жарияланған. Аңыздың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.140 Д.) сақтаулы. Басылым мен түпнұсқаны салыстырғанда, елеулі айырмашылықтар кездескен жоқ.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (Ш.140 Д.) негізінде өзірленді.

**160. Көтібар батырдың асы.** Мәтін «Сарыарқа» газетінің 1992 жылғы 10 шілдедегі санында және «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Алматы, 2002.173-174-бб.) атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні «Ақжолтай Ағыбай батыр» (2002) атты жинақтың негізінде (174-б.) дайындалды.

**161. Балта ақынның Ағыбайды жұбатқаны.** Аңыз мәтіні Қарағанды облысы, Жәйрем қаласының тұрғыны Тарғын Өскенбекұлының айтуы бойынша қағазға түсірілген. Серік Ісмақұлының жеке мұрағатынан алынып, алғаш рет «Ақжолтай Ағыбай батыр» (Алматы, 2002) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтың негізінде (174-175-бб.) дайындалды.

**162. Ағыбай батырдың айтқаны.** Бұл аңызды Б.Адамбаев ел арасынан жазып алып, «Ел аузынан» (Алматы, 1989.108-б.) атты жинаққа енгізген. Осы нұсқа 2002 жылы шыққан «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты кітапта қайта басылды.

Томға мәтін 2002 жылғы басылым бойынша (176-б.) дайындалды.

**163. Ағыбай батырдың айтқаны.** Мәтін «Ел аузынан» (Алматы, 1989) атты жинақта жарық көрген.

Ұсынылған 163, 164 нөмірлі аңыздардың тақырыбы бірдей болғанымен, мазмұны әртүрлі.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (221-б.) алынды.

**164. Әлиханнның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы.** Мәтін «Сарыарқа» газетінің 1992 жылғы шілдесіндегі санында және «Ақжолтай Ағыбай батыр» (2002) атты жинақта жарияланған. Түпнұсқа ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1295) сақтаулы. Басылым мен түпнұсқа арасында айтарлықтай айырмашылықтар кездеспейді.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні түпнұсқа (Ш.1295) негізінде әзірленді.

**165. [Ағыбай мен сарышымшық торғай].** Аңыз мәтінін жинаған — Түллүк Титақұлы. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дөп.) сақтаулы. Мәтін араб әрпінде жазылған және бұрын басылым көрмеген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа бойынша (30-б.) дайындалды.

**166. Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр.** Аңызды ел аузынан жинап жазып алған — Қанен Қоржынов. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.884/1, 3-дәп.) сақтаулы. Қорға 1982 жылы түскен.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қожазба (9-14-бб.) бойынша дайындалды.

**167. Қасым Абылайұлы.** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1337, 9-дәп.) сақтаулы. Шығарма ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Айтушысы — Шыңбай Мыңбайұлы. Жинаушысы — Түллүк Титақұлы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба негізінде (3-б.) дайындалды.

**168. Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы.** Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Т.Титақұлы. Айтушысы — Ш.Мыңбайұлы. Мәтін ақ қағазға араб әрпінде жазылған, бұрын еш жерде жарық көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (12-б.) дайындалды.

**169. Бала бақсы.** Аңызды елаузынан жинаған — Т.Титақұлы. Айтушысы — Бектемір молла. Мәтін араб әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазба негізінде (25-б.) дайындалды.

**170. Күзеулі кер.** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы. Шығарма араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — Т.Титақұлы. Айтушысы — Ш.Мыңбайұлы.

Томға еніп отырған мәтін аталған қолжазба бойынша (25-б.) әзірленді.

**171. Көтен балуан.** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1337, 9-дәп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (30-б.) дайындалды.

**172. Сыздық төре туралы.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1339, 3-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға латын әрпінде машинкаға басылған. Жинаушысы — П.Мақанов. Айтушысы — Д.Әлімбаев.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (5-б.) алынды.

**173. Сұлтан Сыдық төренің тарихы.** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1338, 18-дәп.) сақтаулы. Шығарма ақ қағазға араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — Ахметұлы Әзмұқан Кенесарин. Айтушысы белгісіз.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (2-б.) негізінде дайындалды.

**174. Ысты Бұғыбай.** Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 2001. № 8) атты газетте жарияланған. Жариялаушы — Алма Күзембайқызы Мұратбек.

Томға мәтін аталған газеттен (11-б.) алынды.

**175. Байсейіт.** Аңыз мәтіні «Қазақ батырлары» (Алматы, 2001. № 8) атты газетте жарияланған. Мәтінді дайындап, жариялаған — Әшімкүл Ақпейілов.

Томға мәтін аталған газеттен (11-б.) алынды.

**176. Биназар батыр.** Мәтін «Қазақ батырлары» (2004. наурыз. № 3 (68) 5-б.) газетінде жарияланған. Жариялаушы — Берікбай Қадықов.

Томға мәтін аталған газеттен (5-б.) алынды.

**177. Жоламан батыр.** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш.1019, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға терілген, айтушысы мен жинаушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (3-б.) дайындалды.

**178. Есенгелді.** Мәтін бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.1064, 4-дәп.) сақтаулы. Айтушысы — Терлікбайұлы (қолжазбада айтушының есімі жазылмаған). Жинаушысы — Т.Күнтуғанов. Қорға 1947 жылы түскен.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (15-б.) дайындалды.

**179. Панаш батыр.** Аңыз мәтінін Қарағанды облысының тұрғыны Исатай Бимендиннің айтуынан жазып алған — Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Жанат Исатаева. Мәтін бір жолды журнал қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған, түпнұсқасы ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.936.) сақтаулы. Қорға 1991 жылы түскен.

Томға мәтін аталған түпнұсқадан (Ш.936) дайындалды.

**180. Саурық баба аңызы.** Аңызды еларасынан жинап, «Қазақ батырлары» (Алматы, 2000. № 3) газетінде жариялаған — Әли Асатұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (12-б.) алынды.

**181. Ботантай батыр.** Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 1999. № 2) газетінде басылым көрген. Жариялаушы — Қарағанды облысының тұрғыны Тайтөлеу Жылқыбайұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (13-б.) алынды.

## **XIX ҒАСЫРДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ АҢЫЗДАР**

**182. Нар тұлғалы Нарынбай.** Аңыз мәтінін «Қазақ батырлары» (Алматы, 2001. № 8) атты газетке дайындаған — Атырау қаласының тұрғыны Аманғали Әміржанұлы.

Томға еніп отырған мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

**183. Қызыл жолбарысты Сарыбай би.** Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 2001. №9 (38), тамыз) атты газетте басылым көрген. Жариялаушы — Нағашыбек Қапалбекұлы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (12-б.) алынды.

**184. [Сарыбай мен Сыздық төре].** Аңызды ел арасынан жинап «Қазақ батырлары» (2001. №9 (38), тамыз) атты газетте жариялаған — Н.Қапалбекұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (12-б.) алынды.

**185. [Сарыбай мен Жамбыл].** Мәтін «Қазақ батырлары» атты газеттің 2001 жылғы тамыз айының №9 санында жарияланған. Жариялаушы — Н.Қапалбекұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (12-б.) алынды.

**186. [Сарыбай мен Шәбден].** Мәтін «Қазақ батырлары» (2001. №9) атты газетте жарық көрген. Мәтінді баспаға әзірлеген — Н.Қапалбекұлы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (12-б.) алынды.

**187. Жанқожаның жауабы.** Аңызды ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Еркін Құлпейісов. Айтушысы белгісіз. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1123) сақтаулы.

Томға мәтін түпнұсқа (18-20-бб.) негізінде дайындалды.

**188. Жанқожаның кемеңгерлігі.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Е.Құлпейісов. Шығарма бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпіне жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1122, 36-дәп.) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (9-10-бб.) бойынша дайындалды.

**189. Раманқұл мен Жанқожа батыр.** Аңыз мәтінін 1971 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Ө. Әметова фольклорлық практика кезінде Сәду Тасмағанбетов деген кісінің айтуынан жазып алған. Мәтін бір жолды журнал қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.935) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (42-43-бб.) негізінде әзірленді.

**190. Жанқожаның Созақ қамалын алуы.** Аңызды ел арасынан жинаған — Е.Құлпейісов. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Айтушысы белгісіз. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1122, 37-дәп.) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (1-7-бб.) бойынша дайындалды.

**191. Бекбауыл бидің айтқаны.** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1122, 37-дәп.) сақтаулы. Жинаушысы — Е.Құлпейісов. Айтушысы белгісіз. Шығарма оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (7-11-бб.) алынды.

**192. Жанқожаның тапқырлығы.** Аңыз қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.1122, 37-дәп.) сақтаулы. Мәтін дәптерге кирилл әрпінде жазылған, бұрын басылым көрмеген. Жинаушысы — Е.Құлпейісов.

Томға мәтін аталған қолжазба негізінде (11-17-бб.) дайындалды.

**193. Ақтан батыр.** Аңызды Киікбай Таңатаровтың айтуынан жазып алып «Қазақ батырлары» (2007. №2) атты газетте жариялаған — Айбол Әбдімәжитұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (4-б.) алынды.

**194. Медетбек батыр.** Аңызды Бердібаев Әбдісағи Қойшыбайұлының айтуынан жазып алып «Қазақ батырлары» газетінде (Алматы, 2003. №9) жариялаған — Бәкір Хафиза Ілебайқызы.

Жинаққа ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (5-б.) алынды.

**195. Қойсары батыр.** Аңызды ел арасынан жинаған — Қызылорда қаласының тұрғыны, зейнеткер Төребек Тәуекелұлы. Мәтінді баспаға әзірлеп, «Қазақ батырлары» (2007. №3 (104), наурыз) атты газетте жариялаған — Алматы қаласының тұрғыны Қылышбек Шадықұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

**196. [Қойсары батыр мен Алмат батыр].** Мәтінді «Қазақ батырлары» (2007. № 3) газетінде жарияланған — Қ.Шадықұлы. Жинаушысы — Қызылорда қаласының тұрғыны, зейнеткер Төребек Тәуекелұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

**197. [Қойсары батырдың жолбарыс соғуы].** Аңыз мәтінін ел арасынан жинаған — Т.Тәуекелұлы. «Қазақ батырлары» (2007. №3 (104) газетіне жариялаған — Қ.Шадықұлы.

Томға еніп отырған аңыз аталған газеттен (6-б.) алынды.

**198. [Қойсары батырдың атын жоғалтуы].** Мәтінді ел арасынан жинаған — Т.Тәуекелұлы. «Қазақ батырлары» (2007. № 3 (104) газетінде жариялаған — Қ.Шадықұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

**199. [Қойсары батырдың байға өкіл бала болуы].** Мәтін «Қазақ батырлары» (2007. №3 (104) газетінде басылым көрген. Бастырушы — Қ.Шадықұлы. Жинаушысы — Т.Тәуекелұлы.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

**200. Мәнжі батыр.** Мәтінді «Қазақ батырлары» (2005. № 4-5 (81-82) газетінде жариялаған — Рашит Каренов.

Томға еніп отырған мәтін аталған газеттен (10-б.) алынды.

**201. [Мәнжінің мыңбасы атағын алуы].** Мәтінді «Қазақ батырлары» (2005. № 4-5 (81-82) газетінде жариялаған — Р.Каренов.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған газеттен (10-11-бб.) алынды.

**202. Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған жазасынан құтылуы.** Мәтін бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш. 1338, 22-дөп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жинаушысы — Қ.Айнабеков.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған түпнұсқа (2-б.) негізінде дайындалды.



**203. [Иман мен Қошқар батыр].** Аңыз мәтіні 1965 жылғы Қостанай, Орынбор экспедициясы кезінде жазылған. Жинаушысы — Талиға Бекхожина. Айтушысы белгісіз. Мәтін кирилл әріпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (Ш.1010, 5-дәп.) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба бойынша (12-б.) дайындалды.

**204. Қоқан хандығы кезі туралы.** Аңызды айтушы — Есмағанбет Көлдейұлы. Жинаушысы — Б. Құрманбаев. Қорға тапсырған — И.Қарымсақов. Мәтін бір жолды журналға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.142, 1-дәп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (29-30-бб.) дайындалды.

**205. Қонақбай батыр.** Аңыз мәтіні «Қожбанбет руы» (Алматы: «Атамекен-құт мекен» ЖШС, 2007) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (238-б.) алынды.

**206. [Қонақбайдың батыр атануы].** Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні «Қожбанбет руы» (Алматы, 2007) атты жинақтан алынды.

**207. [Қонақбайдың аңшылықты тастауы].** Аңыз мәтіні «Қожбанбет руы» (Алматы, 2007) аты жинақта жарияланған.

Томға мәтін аталған жинақтан (238-239-бб.) алынды.

**208. [Қонақбайдың елге қамқорлығы].** Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні «Қожбанбет руы» атты жинақтан (239-240-бб.) алынды.

**209. Жартыбай батыр.** Аңыз мәтіні «Қожбанбет батыр» (Алматы, 2007) атты жинақта басылым көрген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған жинақтан (240-241-бб.) алынды.

**210. Көтбай мерген.** Мәтін «Қазақ батырлары» (Алматы, 1999. № 12) газетінде жарияланған. Жариялаушы — Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласының тұрғыны Мәкетай Жақыпбекұлы.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (13-б.) алынды.

**211. Есім төре кім?** Аңызды Алматы облысының тұрғыны Мұратқан Мереевтің айтуы бойынша жазып алып, «Қазақ батырлары» (1999. №1 (6) газетінде жариялаған — Тоқтар Бейсқұлов.

Томға мәтін аталған газеттен (6-б.) алынды.

**212. Шоқан өмірінен.** Аңыз мәтіндері филология ғылымдарының кандидаты Көбей Сейдаханов құрастырған «Өлген қазан» (Алматы, 1985. 301-303-бб.) атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіндері аталған жинақтан алынды.

**213. Шоқанның қазасын естірту.** Аңыз «Өлген қазан» (Алматы, 1985) атты жинақта жарық көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (303-б.) алынды.

**214. Жанақ пен Рүстем.** Аңыз мәтіні алғаш рет «Абай» журналында (1918 жыл. № 6) жарияланған. Жариялаушы — Сәбит Дөнентаев. Осы нұсқа кейін «Қазақ батырлары» (Алматы, 1999. № 10) газетінде басылым көрді. Кім жариялағаны көрсетілмеген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған газеттен (15-б.) алынды.

**215. Ыбырай мен байлар.** Мәтін «Өлген қазан» (Алматы, 1983) жинағында басылым көрген.

Томға мәтін аталған жинақтан (301-304-бб.) алынды.

**216. [Шернияз ақын].** Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Шығарманы ел арасынан жинаған — С.Ғайнединұлы. 1954 жылы қорға тапсырған — М.Тілеужанов. Шығарма ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (Ш.464, 5-дөп.) сақтаулы.

Томға енген аңыз мәтіні аталған қолжазба негізінде (122-б.) дайындалды.

**217. [Шернияз ақын].** Аңыз мәтінін Б.Адамбаевтың жеке мұрағатынан алып, 1988 жылы қорға тапсырған — Т.Бекхожина. Мәтін кирилл әрпінде машинкаға терілген. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1010, 7-дөп.) сақтаулы.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (4-б.) алынды.

**218. Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар.** Аңыз түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.644) сақтаулы. Мәтін С.Бегалиннің «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» атты кітабында басылым көрген. Басылым мен түпнұсқа арасында ерекше айырмашылықтар кездеспейді.

Томға мәтін аталған түпнұсқадан (Ш.644) алынды.

**219. Естай.** Мәтін ақ қағазға латын әрінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.338) сақтаулы. Айтушысы мен жинаушысы белгісіз.

Томға мәтін аталған түпнұсқадан (338-б.) алынды.

**220. Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны.** Аңыз мәтіні бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.339, 9-дөп.) сақтаулы. Шығарма ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Айтушысы — Қанипа (қолжазбада айтушының фамилиясы жазылмаған). Қорға 1947 жылы тапсырған — Ғазиза Нұртазина.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (1-б.) алынды.

**221. [Ақан серінің әйелге берген бағасы].** Аңыз мәтіні қорға 1947 жылы түскен. Жинаушысы — Ғ.Нұртазина. Мәтін ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.339, 9-дөп.) сақтаулы.

Томға мәтін аталған қолжазба бойынша (1-б.) дайындалды.

**222. [Ақан сері мен Ақтоқты].** Аңызды айтушы — Бұрынғы Көкшетау облысы, Ленин колхозының мүшесі Қылышбай Жаңабегенов. Жинаушысы — Ғ.Нұртазина. Мәтін ақ қағазға қара сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.339, 9-дәп.) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға еніп отырған аңыз мәтіні аталған қолжазбадан (2-б.) алынды.

**223. Ақан серінің сөзі.** Аңыз мәтінін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Е.Құлсариев. Мәтін 1939 жылы ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш.339, 15-дәп.) сақтаулы, бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған аңыз мәтіні аталған қолжазба (1-4-бб.) негізінде дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ, ДІНИ ЕСІМДЕР

*Алла (Аллаһ)* — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі. Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»\*. Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)\*\* — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті. Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар. Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б. Алланың атын зікір ету рәсімі

---

\* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

\*\* (с.а.с.) — салла Аллаху аләйһи уассалам /а / — Алланың оған жақсылығы мен жарылқауы болсын.

Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сүбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

**Мұхаммед** — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла\* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған. Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды. Мұхаммед (с.а.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды. Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

**Абылайхан** (1711-1781) — аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат, қазақ халқының ханы. Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы, төре. Абылай хан, әкесі Көркем Уәли Түркістанға сұлтан болып тұрған кезде дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты — Әбілмансұр. Сабалақ — Төле бидің қойған есімі. Жауға «Абылайлап» шапқандықтан, Абылай атанған. Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды. 1771 жылы Түркістан қаласында хан болып сайланады. Ел тұтастығы үшін аянбай күрес жүргізіп, сыртқы басқыншыларға қарсы табанды түрде тойтарыс беріп отырады. Шет елдермен (Ресей, Жоңғария, Қытай) дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысады. Өмір жолы ат үстінде жорықтарда өткізіп, Арыс жағасында қайтыс болады. Сүйегі Түркістан қаласын-

\* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

дағы атақты Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген.

*Айшуақ* — Әбілқайыр баласы, Кіші жүздің ханы (1798 — 1801).

*Айшуақов Баймағамбет* — сұлтан (правитель). Ресей патшасын жақтап, Ресей патшалығына қарсы шыққан Қайыпқали Ешімовтың, Жоламан Тіленшиннің, Исатай — Махамбеттің, Кенесары — Наурызбайдың, Жанқожаның көтерілісін басуға патша өкіметіне белсене көмек беріп, ерекше рөл атқарған. Патша өкіметі Баймағамбеттің сондай істері үшін оған генерал шенін берген.

*Ақан сері Қорамсаұлы* (Ақжігіт) (1843-1913) — ақын, әнші, композитор. Бұрынғы Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдің маңында дүниеге келген. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанады. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молдадан оқыған. Ақан сері шығармашылығында махаббат толғауларымен («Ақкөйлек», «Алтыбасар», «Ғашық жарға», «Аужар» т.б.) қатар, айтыстары, арнаулары сақталған. Ел Ақан өмірін аңызға айналдырған. Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де өн шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып, ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің жақын достары болған.

*Аққошқар Кішкентайұлы* — арғын ішіндегі алтай руынан шыққан атақты би, рубасы. Аққошқар және оның туысы Сайдалы Кенесарыға көп уақыт күш-көмек көрсетіп отырған. Аққошқар кейін патша өкіметі жағына шығып кеткен. Соның негізінде тұқымы кейін патшадан шен-шекпен алған.

*Ақтан Ақайұлы* (1770-1854) — халық батыры. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Арықбалық ауылына қарасты Түлкіқашқан қонысында өмірге келген. Руы — қаракесек. Жанқожа батырдың үзеңгілес серігі, оның Хиуа, Қоқан бекіністеріне жасаған жорықтарына қатысқан. 1842 жылдың қазан айында Хиуа хандығының Сыр бойы қазақтарынан ұшыр, зекет жинауға қойылған Бабажан сарттың көне Жанкент шаһарының

маңындағы бекінісі Бесқаланы аларда ерлік көрсеткен. Ақтан батыр бастаған қазақ сарбаздары қамалды қоршауға алып, Бабажанды қолға түсіріп, Жанқожа батырдың үкімімен жазалаған.

*Алдажұман* — Орта жүз, алтай руынан шыққан тарихи тұлға. Кенесарыға ерген. Кенесары маңындағы Тәті батырдың әкесі.

*Алтыбай Көбеков* — Алтын-Жаппастың аты шулы биі. Ресей және Қоқан патшалығының отарлау саясатын жақтап, Кенесарыға қарсы күрескен адам. Кенесарыға қарсы күрескендігі үшін патша өкіметі Алтыбайға 1843 жылы хорунжи шенін, Қоқан хандығы датқалық шенін берген. Осындай пенқұмарлық және жансыздық істері үшін Кенесарының бұйрығы бойынша 1843 жылы Алтыбайды Наурызбай шауып өлтірген. Алтыбайдың жұрағаттары да Кенесарыға қас болды. Сол Алтыбайдың бір ұрпағы Жанқабыл Төлегенұлы Кенесарының 90 жігітін қапылыста өлтіріп, олардың бастарын Қоқан хандығына сыйға тартқан.

*Алшынбай Тіленшіұлы* (1784-ХІХ ғ. 2-жартысы) — қоғам қайраткері, би, шешен. Арғы атасы — Қаз дауысты Қазыбек би. Алшынбай би ұзақ жылдар Қарқаралы округіндегі Айбике — Шаншар болысын басқарып, Ресей өкіметінің поручик шенін алған. Алшынбай би елінен шашау шығармай, уысында ұстаған. Сол кездегі билердің игі жақсылары Құнанбай, Шалғынбай, Тілеуберді, Қисық от ауызды, орақ тілді Шөже, Балта, Жанақ ақындарымен сөз қағыстыру арқылы тарихта қалды. Алшынбай бидің қызы Ділдә — Абайдың зайыбы. Өз кезінде Алшынбай би ел ішіндегі жер, жесір дауын, екі ел арасындағы түйінді қиын мәселелерді әділ шешіп отырған.

*Аманжол* — Ағыбай батырдың баласы.

*Андас* — Ұлы жүз шапыраштыдан шыққан батыр, Сыпатайдың ағасы. Жер дауы үшін қырғыздармен көп соғысқан. Қырғыз манаптары ескі кегі үшін Андастың моласын бұздырған.

*Арық* — Абылайдың баласы. Қожа тұқымынан алған әйелінен туған.

*Ахмет Кенесарыұлы* (1842-1888) — Кенесары өлгенде бес жасында қалады. Кейін Түркістанда тәрбиеленген. Ол кезде Кенесарының қалған балаларын, ауыл-аймағын басқарушы Көшек төре болады. Ахмет кішкентайынан соғыс өнерін үй-



ренеді. Кенесарының балалары Ахмет, Тайшық, Сыздық соғыс өнерін үйренуде ерекшелік көрсеткені үшін Қоқан ханы оларға әскербасылық шендерін береді. 1865 жылы Орта Азияны Ресей жаулап алғаннан кейін патша өкіметі Ахметке өз адамымыз деп марапаттап отырады.

**Әбілқайыр хан** (1693-1748)— қазақ ханы, қолбасшы. Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны— Өсектің ұрпағы, Қажы сұлтанның ұлы. Тарихи жырларда өз-Тәукенің баласы деп көрсетілген. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, Кіші жүздің ханы болған. Қазақ-қалмақ қарым-қатынасы шиеленісіп кеткендіктен Ресей империясынан көмек сұрап Сібір губернаторы М.П.Гагаринге хат жазған. 1726 жылғы Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланады. Қазақ хандары мен сұлтандары арасында алауыздық артып, сыртқы жаулардың қауіпі артқан кезде Әбілқайыр орыс билеушілеріне арқа сүйеуді ойлап, 1731 жылы қазан айында Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант береді. 1748 жылы Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайыр ханды Орта жүздің сұлтаны Барақ өлтіреді. Сүйегі Қабырға өзенінің Ұлқұяққа құятын тұсында жерленген.

**Әйтеке би Байбекұлы** (1644-1700)— қазақтың атақты үш биінің бірі. Кіші жүз Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Тәуке хан құрған «Хан кеңесіне» Кіші жүз жұртының атынан мүше болып сайланған, «Жеті жарғының» өмірге келуіне айрықша еңбек сіңірді. Халық биді «айыр тілді Әйтеке» деп те атаған.

**Әліке** — Арғын-қуандықтың белгілі байы, Байдалы бидің інісі, атақты Аққошқар Сайдалының атасы.

**Базар** — Кіші жүз, алаша-беріш руынан шыққан белгілі батыр. Кенесарының қырғызбен соғысына қатысып, үлкен ерлік көрсеткен.

**Байгозы** — тарақты руының өкілі, Кенесары маңындағы әйгілі батырлардың бірі.

**Байдалы** — Орта жүздің атақты биі. Сүйіндік Аққошқар, Сайдалының атасы.

**Байсейіт Тойшыбекұлы** (1831-1867)— Қоқан басқыншыларына қарсы күрескен батырлардың бірі. Ұлы жүздегі Дулат тайпасының Ботпай руынан шыққан. 1864 жылы орыс әскерлерімен бірге Қоқан хандығына қарсы күрескен Сұраншы

батырға қосылып, Қоқандарға қарсы бірнеше ұрысқа қатысқан. Байсейіт Жамбыл ауданындағы Ақ сеңгір ауылында жерленген.

**Байұзақ Мәмбетұлы** — Ұлы жүз, шымыр руынан шыққан батыр. Кенесары Арқадан келгенде, Кенесарыға дулат руларынан көп әскер жинап берген. Кенесарының қырғызбен соғысында айрықша жауынгерлік танытқан және халықты Кенесарының көтерілісіне жұмылдырған. Кенесары өлгеннен кейін қырғызбен, Қоқанмен жауласқан. Сыздық көтерілісі тұсында қоқандықтармен жақындасып, Ресей шабуылына қарсы күреске қатысқан. Байұзақ 1860 жылы Әлімқұлдың әмірі бойынша зеңбіректің аузына таңылып өлтірілген.

**Басықара** — батыр, руы — қыпшақ. Ахмет Жантөриннен қысым көріп Кенесарыға келіп қосылған. 1838 жылы Кенесары Ақмола қорғанына шабуыл жасағанда, Басықара үлкен ерлік көрсетеді және сол жолы оққа ұшады.

**Баубек** — Кенесарының жауынгері, баршысы болған. Кенесары көтерілісі басылғаннан кейін патша өкіметі Баубекті жер аударған.

**Бәсенұлы Көтібар** — шекті руынан шыққан атақты батыр. 1806-1825 жылдары Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы жауынгерлік күрес ашқан. Белгілі Бекет, Есет батырлардың әкесі.

**Бижан** — Кенесарыға ерген батыр.

**Биназар** (1802-1860) — Ұлы жүздің дулат тайпасының шымыр руынан шыққан батыр. Қоқан хандығына қарсы күресте Сыпатай батырдың сенімді серігінің бірі болған. Жасы ұлғайған шағында Шу өзеніне тоған салып, ауылын егіншілікпен айналысуға баулыған. Биназар батырдың бейіті Хан тауы қыратының «Сұңқар» деген шоқтығына орналасқан.

**Бопай** (т. ө. ж. б.) — Кенесары Қасымұлы көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі, Кенесарының қарындасы. Көкшетауда дүниеге келген. Қасым төренің Саржан, Есенгелді, Ағатай, Көшек, Кенесары және Наурызбай атты алты ұлының арасындағы жалғыз қызы.

**Бопы** — Қасымның баласы, Кенесарының ағасы. Кенесары қозғалысына қатысқан.

**Бөкей хан** (туылған жылы белгісіз-1815) — Бөкей ордасының ханы, Нуралының баласы. Ол 1801 жылы Ресей өкіметінен рұқсат алып, Кіші жүз қазақтарының бір бөлігін Жайық

пен Еділ аралығындағы ноғайлы қазақтардың ескі жұртына қоныстандырды. 1812-1815 жылдары Бөкей ордасының тағына отырды. Бейіті Еділдің оң жағасындағы Сейіт баба зиратында (қазіргі Астрахань обл. Краснояр ауд.).

**Бөкиев Жамантай** — Қарқаралының аға сұлтаны. Ресей саясатын жақтап, Кенесарыға қарсы шыққан.

**Бөлтірік Әлменұлы** (1771-1854) — шешен, батыр. Жастайынан ақындық, батырлық жолын қуып, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, жесір дауларына әділ төрелік айтқан. Бөлтіріктің «Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді», «Ұры-қары деген атақ қалыпты», «Төре баласы мен түйе ботасы», «Хан баласына бата», «Қырғыз-қазақтың байлық айтысқаны», «Даудың түбін қыз бекітеді» секілді сөздері аз сөзбен көп мағына берудің үлгісі болып табылады.

**Бұғыбай** (т.ж.б.—1847) — батыр, қолбасшы. Ұлы жүздегі шапырашты тайпасының ысты руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күреске белсенді түрде қатысып, ерлігімен көзге түскен. 1847 жылы жазда қырғыздарға жасалған жорық кезінде қоршауда қалып, ерлікпен қаза тапқан. Бұғыбайдың ерлігін Нысанбай жырау «Кенесары — Наурызбай» дастанында жырға қосқан.

**Бұқарбай** — Кіші жүз, табын руынан шыққан батыр, Кенесарының бас батырларының бірі. Бұқарбай кейін Сыздық көтерілісіне де қатысқан. Ол 1880 жылы 90 жасында дүниеден қайтқан.

**Геке** — Ресей полковнигі. 1838 жылы Исатай көтерілісін басуға шыққан отрядты басқарған. Исатай сол Гекемен соғысқанда қаза тапқан. Геке Кенесары көтерілісін басуға да қатысқан.

**Ғұбайдолла, Абайдылда** — Уәли сұлтанның баласы, Абылайдың немересі. Уәли өлгеннен кейін 1821 жылы Орта жүзге хан болған, бірақ оны патша өкіметі хан етіп бекітпеген. Орыс патшасына бағынуға қарсы болып, әуелі Есенкелді, Саржанға, Кенесарыға қосылғаны үшін орыс әскерлері Ғұбайдолланы ұстап әкетіп, 1839 жылы Сібірге біржола жер аударған. Ғұбайдолланы кейбіреулер қайтып келді деседі, кейбір мәліметтерге қарағанда, ол айдауда жүріп өлсе керек.

**Досбол, Бала би** — Сыр бойындағы қыпшақтардың рубасысы, белгілі шешен би, Кенесарыны жақтаған адам.

**Ержан** — Саржанның баласы, Кенесарының туысы. Кенесары қозғалысында ерекше орны бар батырдың бірі. Қырғыз

соғысында қолға түсіп, Кенесары, Наурызбаймен бірге ма-наптардың қолынан қаза тапқан.

**Есенгелді** — Қасым баласы, Кенесарының ағасы. 1822-1836 жылдардағы патша өкіметіне қарсы көтерілісті басқарған. Інісі Саржан екеуі жауынгерлік шабуылдар жасап, Омбы маңындағы орыс бекіністеріне тиіскен. Есенгелді мен Саржан патша өкіметінің әскерінің қуғынына ұшырап, Сыр бойына қарай ығысқан. Есенгелді, Саржанның Ақмешітте тұрған жерінде Қоқанның Бегілербегі Сыр бойының қазақтарын Есенгелділер өзіне қаратып әкетеді деп, қастықпен бауыздап өлтірген.

**Есет Көтібарұлы** (1807-1888) — батыр, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы. 1838 жылы Жоламан батырмен бірге көтеріліске шығып, Елек қорғанына шабуыл жасады. 1847-1878 ж. Жаңқожа батырмен бірге Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы шықты. 1841-1858 ж. Есет Арал теңізінің батыс жағалауын, үлкен және кіші Борсық құмдары мен Мұғалжар тауларын, Жем, Сағыз, Ырғыз, Елек, Ойыл, Қиыл өзендерінің бойын жайлаған қазақтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске басшылық жасады.

**Есқожа** — қырғыздың манабы. Жауласып жүргенде Кенесарылар моласын бұзған.

**Жаманқара** — қырғыз манабы. Жеке батырдың кегі үшін елшілікке келген кезінде Кенесарылар өлтірген.

**Жанайдар Орынбайұлы** (шамамен 1818-ХІХ ғ. 70 жж.) — батыр, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. 1837 жылы Ақмола дуанына қарайтын Арғын тайпасының қуандық, сүйіндік, төртуыл, қойлыбай, қалқаман, темеш, тінәлі руларының жасақшыларын бастап Кенесары әскеріне келіп қосылады. Кенесары Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдында Жанайдарды бас етіп бекіністі барлауға шолғыншылар жібереді. Шабуыл кезінде ерлігімен, мергендігімен көзге түскен. Жанайдар ханның сенімді серігі, қол бастаушы батырларының біріне айналады. Кенесары мен Наурызбай қолға түсіп, көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң, Жанайдар амалсыздан Арқадағы еліне қайтады. Жанайдар батыр елге келген соң да игі жақсылармен бірге болып, ел ісіне араласып кетеді. Жанайдар туралы ақын-жыраулар оның байлығын, парасаттылығын тілге тиек етеді.

**Жанақ ақын** (1770-1856). Бүкіл өмірін өнер сапарында ел аралаумен өткізіп және өз заманының ең атақты ақындарының бірі ретінде бүкіл қазақ еліне танылған. Жанақ Түбекпен, Орынбаймен және басқа да көптеген ақындармен айтысқан суыршсалма ақын болумен қатар, қазақтың батырлық жырларын, әсіресе ғашықтық дастандарын сақтап, дамытушы ірі эпик ақын болғаны белгілі. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының ең таңдаулы нұсқасы Жанақ есімімен байланысты.

**Жанғабыл Төлегенұлы** — Алшын-жаппастың рубасы, атқа мінері. Ресей және Қоқан өкіметіне тыңшы болып, Кенесарының соңына түскен. Наурызбай бастаған 90 жігіт Жанғабылдың ауылынан зекет жинай барғанда, Жанғабыл айла жасап, 90 жігітті бір түнде бауыздап тастаған. Олардың басын Қоқан ханына сыйлаған. Сол үшін Қоқан хандығы Жанғабылға датқалық шен берген.

**Жанқожа** (1774-1860) — батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. 17 жасында Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының жергілікті тұрғындары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығында елеусіз болып барған Жанқожа қарақалпақтың Тыхы батырын жекпе-жекте өлтіріп, батыр атанады. Жанқожа Нұрмұхамедұлы Үш жүзге даңқы жайылған, әрі есімі Шекті руларына ұран болған ең соңғы батыр. Ол әділдігімен, халыққа жанашырлығымен және тақуалығымен ерекше қасиетке ие болған.

**Жанмұрзин Сайдалы** — қуандық ішіндегі алтай руының атақты шонжары. Кенесарыны алғашқы кезде біраз жақтап, артынан патша өкіметі жағына шығып кеткен.

**Жәнібек хан** (туған, өлген жылдары белгісіз) — Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, Барақ ханның баласы. XV ғ. өмір сүрген. Керей ханмен бірге Өзбек ұлысынан Моғолстанға қоныс аударған. Екеуінің соңынан ерген халық қазақтар аталған (көне түркі тілінде «қазақ» сөзі «азат, ерікті, тәуелсіз» мағынасын берген. Қазіргі башқұрт, ноғай, құмық тілдерінде «қазақ» әлі де сол мағынада қолданылады) кейін бүкіл хандыққа телінеді.

**Жәңгір** (1801-1845) — Бөкей ордасының ханы, Бөкей ханның баласы. Бөкей қайтыс болғаннан кейін (1815) хан тағы мұрагерлік жолмен Жәңгірге берілген. Алайда Жәңгір

жас болғандықтан, ол ержеткенге дейін ордадағы билік Бөкей ханның інісі Сығай сұлтанға тапсырылады. Жәңгір 1823 жылға дейін Астрахань губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алды, хандықты әкімшілік жағынан басқару әдісін үйренеді. Жәңгір орыс, татар, неміс тілдерін білген. Жәңгір билік жүргізген уақытта Бөкей ордасында сауда жәрмеңкесі (хан жәрмеңкесі) ұйымдастырылып, дәрігерлік бөлімше, дәріхана, мұрағат ашылды, хандықтың алғашқы картасы жасалды.

**Жеке батыр** — Кенесарының жауынгер батырларының бірі. Руы — арғын. Жеке батырдың шын аты Толыбай деседі. «Жеке батыр» деген атақ Ақтау қамалын бұзарда ерекше ерлік істегені үшін берілсе керек. Жеке батырды елшілікке барған жерінде қырғыз манаптары өлтірген.

**Жоламан Тіленшіұлы** — Кіші жүз, тама руынан шыққан атақты батыр. 1819 жылдан бастап Ресей патшалығының отарлау саясатына қарсы шыққан. Жоламан алғашқы кезде Исатаймен бірігіп, кейін Исатай көтерілісі басылғаннан кейін, Кенесарыға келіп қосылған. Кенесары қозғалысында Жоламан үлкен күш көрсеткен кісі.

**Жолдыаяқ** — Кенесарының батыры. Тама руынан шыққан, тарихтағы Жоламан осы Жолдыаяқ болуы мүмкін.

**Исатай Тайманұлы** (1791-1838) — Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған азаттық көтерілістің басшысы. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Бөкей хан Исатай Тайманұлына ықыласты болып, оны 21 жасында Жайықтағы беріш руына старшын етіп тағайындайды. Бөкей қайтыс болғаннан кейін, ел билігі інісі Сығай Нұралыұлына тигенде, араларында жеке бас араздығы туып, екі арада барымта, ауылды шауып кету оқиғалары орын алады. Жәңгір хан таққа отырған соң да Исатай Бөкей ордасы өмірінде айрықша белсенділік көрсетеді. Ол Жәңгір ханның беделін арттырып, билігін нығайтуға көп күш салады. Кейіннен Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожаға байланысты араларында сызат түсіп, Исатай хан ордасын шаппақ болады. Бірақ ханның алдауына түсіп, отаршылар жағынан көтеріліс жанышталады, Исатай ерлікпен құрбан болады.

**Көбек** — Кенесарыға ерген батыр.

**Көтібар** — жаппастың батыры. Жанғабылдың бұйрығы бойынша Наурызбайдың 90 жігітін өлтіруге қатысқан. Көтібарды жекпе-жек соғысында Наурызбай өлтіріп кеткен.

**Көшек** — Кенесарының туысқаны. Көшек Кенесары қозғалысына белсене қатысқан, Ресеймен байланысуда Кенесарының хаттарын жазып беруші Көшек болған. Кенесары өлгеннен кейін қалған ауыл-аймақты басқарған кісі де осы Көшек екен.

**Көшенов Тұрлыбек** — керейдің атақты шонжары. Советник болған, Кенесарымен жауласушының бірі.

**Күнімжан Тұрсынқызы** — Кенесарының бәйбішесі. 1839 жылы 23 ақпанда Кенесары басқа жақта жүргенде Күнімжанды орыс әскерлері ұстап әкеткен, Күнімжан бір жылдай Сібір генаралының қолында тұтқында болған. Артынан Кенесарының талабы бойынша Сібір генералы Күнімжанды босатып, өзінің поручигі Герн арқылы құрметтеп, үйіне жеткізген.

**Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764)** — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қаракесек тармағынан. Тәуке хан «Жеті жарғыны» шығарарда Төле би, Әйтеке билермен бірге ханға ақыл-кеңесші болды. Жасы ұлғайып, көз жұмған бидің сүйегі Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылды. Халық арасына «Қаз дауысты Қазыбек» есімі кең тараған.

**Қалдан Шерін (1693-1745)** — жоңғар хандығының билеушісі (1727-45), қолбасшы. Әкесі Сыбан Раптан 1723 жылы қазақ жеріне басып кіргенде, Қалдан Шерін 10 мың қолмен Балқаш пен Қаратауды шапқан. Сыбан Раптан өлгеннен кейін таққа отырған.

**Қанай** — қырғыздың манабы. Соғысып жүргенде Кенесарылар моласын бұзған.

**Қарабеков Жантай** — қырғыздың атышулы манабы. Кенесары мен қырғызды жауластырушы және Кенесарыны өлтіргені үшін Ресей өкіметінен шен-шекпен, мадақ алған.

**Қасым сұлтан (т.-ө. ж. б.)** — Орта жүз сұлтаны, Абылай ханның қалмақ әйелінен туған кіші ұлы. Әкесі қайтыс болғаннан кейін ол ағасы Уәли ханның ықпалында болды. Қытайға, Орта Азия хандықтарына барған елшіліктерді басқарды. Уәли хан қайтыс болып, Орта жүзде хандық билік жойылғаннан кейін Қасым сұлтан Ресей өкіметінен округтерді жойып, хандық жүйені қалпына келтіруді талап етті. Абылай өулетінің

өкілі ретінде хандық жүйені сақтап қалуға тырысты. Қасым сұлтан мен оның балалары Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары, Наурызбай 20 жылға жуық Ресей отаршыларына қарсы күрескен.

**Қасымұлы Наурызбай (1822-1847)** — батыр. Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбайдың батырлығы, найзагерлігі, ақындығы туралы жыр, аңыз-өңгімелер сақталған. Көтеріліс кезінде арнайы әскери топты басқарған.

**Қасымұлы Кенесары (1802-1847)** — қазақ жеріндегі 1837-1847 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы, қазақтың соңғы ханы. Абылай ханның немересі Кенесарының негізгі мақсаты Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының территориялық тұтастығын қалпына келтіру еді. 1841 жылы үш жүздің өкілдерінің мақұлдауымен қазақ ханы болып сайланады. Кенесары бастаған әскери қимылдар 1838 жылы Ақмола бекінісін басып алып, өртеп жіберуден басталады. Сондай-ақ Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алады. Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңеді. Ресей империясы Кенесары ханның басы үшін қомақты бөйге тігеді. 1847 жылы қырғыздармен болған шайқаста қаза табады.

**Қоңырқұлжа Құдаймендеұлы** — төре тұқымы. Ақмоланың аға сұлтаны болған. Патша өкіметін жанын сала жақтап, Кенесары қозғалысын басуға белсене араласқан. Кенесары Ақмола қамалына шабуыл жасағанда, патша әскеріне болысып, Кенесарыға қарсы күш көрсеткен.

**Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804-1886)** — би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Бұрынғы Семей облысы, Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауында туған. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне арласты. 1846 ж. генерал Вишневскийдің Ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге



аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі.

Кей деректерде Құнанбай қажыға 1874 ж. барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, Құдайға құлшылық етушілерге арнап төккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын — қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, бір ізге түсірген — М.Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесі кеңестік идеология ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

**Қызыр, Қыдыр баба** — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

**Махамбет Өтемісұлы** (1803-1846) — ақын, күйші, Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің басшысы әрі жалынды жыршысы. Бала кезінен мұсылманша, орысша оқыған. Әкесі Өтемісте елге ықпалды би болған. Махамбет жыраулық поэзиясының көркемдігін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. Махамбеттің бүгінге көптеген жалынды жырлары мен күйлері, сондай-ақ ол туралы ел арасындағы аңыз-әңгімелер жетіп отыр.

**Меңдібай** — Кенесарының жауынгер батыры.

**Николай II** (Николай Александрович Романов) (1868-1918)—Ресейдің соңғы императоры. Александр III-нің үлкен ұлы.

**Нұралы, Нұрмұхамедәли баһадүр** (1704-1790)—Кіші жүз ханы (1748-1786), Әбілқайыр ханның баласы. Оны хан сайлау рәсіміне тек Кіші жүз қазақтары емес, Ұлы және Орта жүз өкілдері де қатысты. II Екатерина 1786 жылы 6 маусымда Нұралыны арнайы жарлығымен тақтан түсірді. Алғашында Жайық бекінісіндегі абақтыға қамалып, кейін Уфаға жер аударылды. 1790 жылы көктемде ол осы қалада дүниеден озды. 1792 жылы хан тағына Нұралының інісі Ералы отырды.

**Нысанбай**—XIX ғасырдағы атақты ақын. Кенесары қозғалысына қатысқан, Кенесарының жорықшыл жыршысы болған.

**Орман хан**—Қырғыздың атышулы манабы. Кенесарыға қарсы соғысты ұйымдастырушылардың бірі және Кенесары мен Наурызбайды өлтірісіп, Ресей патшалығынан шен алған.

**Поштай Тұрсынбайұлы**—Баянауылдың дуанбасы. Патша өкіметін жақтап, тыңшылық қызметін атқарған. Кенесарының үстінен патша өкіметіне мәлімет беріп, қозғалысты басуға қатысқан.

**Рүстем төре, Аспандияров (Әбілпейізөв) Рүстем, Тентек төре** (т.-ө.ж.б.)—қазақ сұлтаны. 1821 жылы Қоқан хандығының езгісіне қарсы Түркістан, Әулиеата, Шымкент және Сайрам қалаларының аумағын қамтыған көтеріліске жетекшілік етті. Рүстем төре Саржан сұлтанмен байланыс орнатып, ол бастаған азаттық күреске қолдау білдіретіндігін танытты. 1832 жылы Ұлы жүз қазақтары арасына көшіп келіп, Түрген өзені бойында бекініс салдырды. Осы жылы өзіне қарасты билермен бірге Құдайберді дуанбегі жіберген 56 адамнан тұратын қоқандық зекетшілерді қырып салып, Қарқара жаққа өтіп кетті. Ш.Уәлихановтың көрсетуінше, ол Құлжа маңын қыстаған. Рүстем төре Кенесары ханның Жетісуға келгенін қолдағанымен, оның қырғыздармен соғысуына қарсы болған.

**Сақау Мәукеұлы** (1798-1875)—ақын. Жасынан ақындығымен, әншілігімен көзге түскен. Өлеңдері негізінен белгілі билер Шоң мен Торайғырға және Саржан төре мен Өтеубай жындыға арнау үлгісінде жеткен. Ақан серімен сөз сайысында қарсыласының сынынан мүдірмей өткен Сақауға сері үкілі

бас кимін тарту еткен. Орынбай ақынмен сөз қағысуында тапқырлығымен елге танылса, Тоғжанмен бірнеше рет айтысқанда көбіне жеңіліп отырған. Соңғы айтысында ғана келін боп босаға аттаған Тоғжанның жеке басының кемшілігін бетіне басу арқылы жеңіске жеткен.

**Сандыбаев Ерден** — Бағаналы найманнан шыққан батыр. Ерден алғашқы кезде Кенесарыны жақтаған, онан кейін орыс өкіметі жағына шығып кеткен. Орыс өкіметі Ерденді Атбасардың дуанбасы етіп сайлаған. Ерден көп уақыт патша өкіметіне болысып, көтеріліс жасаушы елдерді басуға көмектескен. Бірақ Ерден патша өкіметімен де келісе алмаған. Атбасарда дуанбасы болып тұрған кезінде Ерденді патша өкіметінің тыңшысы у беріп өлтірген.

**Саржан Қасымұлы, Саржан сұлтан** (т.ж.б.—1836) — қазақ халқының 1825-1836 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, Абылай ханның немересі. Ол Ресей отаршыларының Орта жүзде хандық билікті жоюына қарсы болып, Ресей өкіметі тарапынан ашылған округтерді жойып, хандық биліктің қайтадан қалпына келуін талап етті. Оның осы мақсаттағы көтерілісі он жылдан астам уақытқа созылды. Ақыры 1836 жылдың жазында Қоқан билеушілері Саржанды інілері Ержан, Есенгелділермен бірге зұлымдықпен өлтірді.

**Сармантай** — Кенесарының батыры.

**Саурық** — шапырашты руынан шыққан батыр. Кенесары қозғалысына қатысып, қырғызбен соғыста ерлік көрсеткен. Саурық Кенесары өлгеннен кейін қырғыз манаптарына бірнеше рет шабуыл жасаған. Артынан Сыздық көтерілісіне қатысып, бірсыпыра жорықтарда болған. Саурықты 1866 жылы 49 жасында қырғыз манаптары өлтірген.

**Сұраншы батыр Ақынбекұлы** (1815-1864) — атақты қазақ батыры. Қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында туған. Аталары Қарасай, Түрікпен, Мырзабек, Кәшке ел арасына атағы шыққан шешен, батыр болған адамдар. Сұраншы бүкіл өмірін ел тыныштығын сақтау мақсатында қырғыз манаптарымен де, Қоқан басқыншыларымен де, тіпті орыс әскерлерімен де күресіп өткізген. Г.А. Колпаковский және қырғыздың манаптары сыртқы, ішкі саясат мәселелерінде Сұраншымен көп санасып отырған. Сайрам қаласын қоқандықтардан азат етіп, сол соғыста шейіт болған.

*Сүйіндікұлы Айдабол би* — би, шешен. Тәшкен қаласы маңында туып-өскен. Оның ғибратқа толы сөздері ел аузында нақыл болып қалған. Әділдігі сондай, бір дауда «Төрелігім дұрыс болмаса, ұлым Тайкелтірді ат құйрығына салып өлтіремін» деп ант ішкені туралы аңыз сақталған. Арғын тайпасының ішіндегі сүйіндік руының бір атасы Айдабол бидің есімімен аталады. Көкшетау өңіріндегі Айдабол көлі, Айдабол кенті т.б. атаулар би есімімен байланысты туған.

*Сыздық* (1837-1910) — XIX ғасырдың 2-жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері. Кенесарының баласы, орыс әдебиетінде Садық, Сыздық деп аталады. Ол Ресейдің отарлау саясатына және жергілікті хандарға, Қытай империясына қарсы халықтың азаттық күресін басқарған көрнекті батыр. Кенесары қаза болғаннан кейін оның бала-шағасы төлеңгіттерімен Түркістан қаласына іргелес Қаратау маңына көшіп барған. Сыздық ауыл молдасынан білім алып, ержеткенде Қоқан ханына әскери қызметке кіреді. Оған панасат басы (бес жүз әскербасы) атағы беріледі. Ол өзінің әскерімен Созақтың әкімі болып тағайындалады. Өмірінің көп бөлігін ұлт-азаттығы жолына арнаған. Сыздық Жамбылмен 1880 жылдары кездескен.

*Сыпатай Әлібекұлы* (1782-1868) — батыр. Ұлы жүз дулат тайпасының ботбай руынан. Жамбыл облысы, Мерке ауданынан. XIX ғасырдың I-жартысында қоқандықтардың елге көрсеткен зорлық-зомбылығынан елін азат етуді өз өмірінің басты мұраты еткен. Атқа мініп, қол жинап, салық жинастырған Қоқан ханының жасауылдарын елден құды. Диқанбай, Тойшыбек батырлармен тығыз байланыста болған. Арқадан ығысқан Кенесары хан Оңтүстікке келіп, қоқан бекіністеріне шабуыл жасағанда ел азаматтарын бастап, Сыпатай Кенесары ханға қосылып, оның сенімді батырларының біріне айналды.

*Сырым Датұлы* (1723-1802) — қолбасшы батыр, би, шешен, 1783-1797 жылдардағы Кіші жүз руларының орыс отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі. Қазіргі Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында дүниеге келген. Сырым Датұлының атасы Шолан байбақты руының белгілі батыры болған. Ол батырлығымен, бірбеткейлігімен дараланып, төрелердің қолынан қаза табады. Сырым Датұлы асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен «Бала би» атанды.

*Тайжан Азынабай ұлы* — батыр. Орыс өкіметіне бағынбаймын деп Кенесары қозғалысына қатысқан. Соның үшін патша өкіметі 1838 жылы Тайжанды ұстап алып, атып өлтірген.

*Тайшық* (1827-1863) — Кенесарының баласы. Тайшық ағасы Сыздықтың пікіріне қарсы шығып, Ресей өкіметіне бағынуды жақтаған және өзі патша өкіметіне қызмет істеп, үлкен шен алған. 1863 жылы орыс әскерлеріне қарсы соғысуға келе жатқан Қоқан әскерлерімен соғысамын деп оққа ұшып өлген.

*Танаиш* — тама руынан шыққан батыр. Кенесарының жауынгері.

*Тезек төре* — Нұралы баласы, Абылайдың ұрпағы. Тезек Ресей өкіметінің полковниктік шенін алған. Сол үшін Тезек қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарып жүрген Сыпатай, Саурық, Сұраншы сияқты батырларға қысым көрсеткен.

*Төле би Әлібекұлы* (1663-1756) — мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі шешен, Тәуке ханның кеңесшісі, «Жеті жарғы» әдет заңы авторларының бірі, Ұлы жүздің төбе биі. Ол жорықтарда, соғыста ерлігімен және елді ұйымдастырғыштық қабілетімен де көзге түседі. Оны Тәуке хан Ұлы жүз ұлысына төбе би етіп тағайындайды. Төле би қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан — Орда қонған деген жерде 93 жасында дүниеден қайтқан, денесі өзі он екі жыл басқарған, көркейткен Ташкент қаласына, даңқты Бабұрдың әкесі Юсуп ханның қатарына қойылған.

*Төлебай* — Кенесарының батыры, руы — қыпшақ. Кенесары қозғалысына белсене қатысып, Кенесары, Наурызбай өлгеннен кейін Төлебай біраз уақыт Түркістанда болған, артынан Қызылжарға барғанда қолға түсіп, патша өкіметі оны Үркітке (Иркутский) жер аударған. Сол айдауда жүріп қаза тапқан.

*Уәли, Уәли хан* (1738/41-821) — Орта жүз ханы. Абылай ханның екінші әйелі қарақалпақ Сайман ханымнан туған үлкен ұлы. Жасынан билікке араласып арғын тайпасының билеушісі болды, бірнеше рет әкесінің тапсырмасымен елшіліктерді басқарды. Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүз өкілдерінің құрылтайында хан сайлау негізінде билікке келген.

*Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия)* (1835-1865) — қазақ ғалымы, ориенталист, тарихшы, этнограф, фольклортанушы, ағартушы. Жеке меншік мектепте оқып, хат таниды. Шығыс тілдерінен араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. Омбы кадет корпусын бітірген. XIX ғасырдың орта шенінде қазақтың өз

ортасынан шығып, халық творчествосын, этнографиясын көптеп жинап, оны баспа жүзіне шығаруда және сол материалдарды зерттеуде үлкен қызмет атқарып, үлес қосқан әйгілі ғалым.

**Шәбден Жантайұлы** — қырғыздың манабы, Кенесарыны өлтірушілердің бірі. Патша өкіметі сол үшін Шәбденге полковник шенін берген.

**Шернияз Жарылғасұлы** (1806-1867) — халық ақыны. Ақтөбе облысының Ойыл ауданында өмірге келген. Кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Шернияз жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алады. Ақын көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның басшысы Исатай мерт болса да, азаттық, бостандық тақырыбын асқақ үнмен жырлайды. Сол арқылы Исатайдың батырлық бейнесін жасаған: «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Ақ алмас алтын сапты, қылышым-ай», «Исатай — ел еркесі, ел серкесі» т.б. жырларын шығарды. Шернияздың «Ай, Қазы би, Қазы би», «Тостағанды қолға алып», «Ай, жігіттер», «Сөз сөйлеймін бөлмелеп» т.б. өлеңдері де өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіздігі, өмірдің өзгермелілігі мен оның мән-мағынасы үлкен ой елегінен өткізіле жырланады.

**Шоң** — сүйіндік руынан шыққан атақты би, кейін Баянауылда аға сұлтан болған.

**Шорман Күшікұлы** — сүйіндіктің атақты биі, ақылгөй шешені. Шорман XIX ғасырдың бас кезінде қайтыс болған. Шорман өлгеннен кейін оның балалары орыс патшасын жақтап кеткен. Шорманның Мұсасы аға сұлтан болып, Кенесарыға қарсы шыққан.

**Шорманов Мұса** (1819-1884) — Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны, би, шешен. Қаржас руынан шыққан атақты би Шорман Күшікұлының үлкен ұлы. Шорманов Мұса өз заманы үшін жеткілікті білімді, көпке танымал және беделді адам болған. Орысша оқыған, 1854 жылдан бастап аға сұлтан болған. Ол Мәскеу мен Петербургте екі рет: 1855 жылы Ресей патшасы Николай I қайтыс болғанда, 1856 жылы Александр II патша таққа отырған салтанатына барған. Қоғамдық істермен белсене араласып, өзінің туған жиені, көрнекті ғалым Ш.Уәлихановпен тығыз байланыста болған.

**Шұбыртпалы Ағыбай батыр** (1802-1885) — Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс басшы-

ларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары Абылай есімімен қатар, Ағыбай батырды да ұранға айналдырған. Он үш жасынан бастап қолына қару алып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. Ағыбай батыр бастаған қол 1826-1849 жылдар аралығында Ресей әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орталықтары — Қарқаралы, Ақтау, Ақмола, Екатеринин бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өзендері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңген. 1847 жылы Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен айқасында Наурызбай батырмен бірге қарсыластар шебін бұзып өткен. Кенесары өлгеннен кейін де Ресей өктемдігіне қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төре қолы құрамында соғыс жүргізген. 1849 жылға дейін Ресей өкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуыл жасаған. Өмірінің соңғы жылдарында егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Дүниеден қайтқан соң Ресей үкіметі оның мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кешеніне жерлеуге рұқсат етпей, Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен Тайатқан-Шұнақ қонысына жерленген. Кенесарының бас батыры Ағыбайдың өмір жолы бірқатар қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған.

*Шыңғыс Уәлиұлы Абылайханов* — Шоқан Уәлихановтың әкесі. Патша өкіметінен полковник шенін алып, Көкшетауда аға сұлтан болған.

*Ыбырай Жайықбайұлы* — қыпшақ руынан шыққан шонжар. Қараөткел (Ақмола) дуанының аға сұлтаны болған, Кенесарыға қарсы шыққан.

## СӨЗДІК

- Ағламнама* — жарлық, жар салу  
*Айыл* — ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс тартпа  
*Ақым* — қабірдің батыс жағынан кеулеп қазылған қуыс  
*Ақыреп, ақырап* /көн./ — қазан айының ескіше аты  
*Алеулам, Ағузу билла* /а/ — Алла қорғай көр  
*Алым, Әлім* /а/ — бәрінен жақсы білуші әрі сезуші, ғалым  
*Архирей* — орыс дінбасы  
*Атвет* /о/ — жауап  
*Атпал* — қажырлы, ширақ, ірік  
*Ауалау* /жер/ — дайындау  
*Ашамай* /көн./ — атқамініп жүре алмайтын жас ербалаларға арналып жасалынған ер сайманның бір түрі  
*Ашық* /а/ — ғашық болу, сүйіктісі; махаббаты  
*Әм* — және, әрі деген мағынадағы жалғаулық шылау  
*Әнәсі* /ж.с./ — анасы деген мағынада  
*Әнтек* — болар-болмас, сәл ғана  
*Әңгі* — 1. Есектің айғыры 2. Есерсоқ, жындыкеш, әңгүдік  
*Әсет* /көн./ — шілде айының арабша атауы.  
*Баласайкасын* /о/ — полицейский  
*Баялыш* — шөлді, құмды жерде тырбиып өсетін бозғылт түсті тікенді өсімдік, бұта  
*Бәлки* — бөлкім  
*Бәрәкатсіздік* — берекетсіздік, қиындық  
*Бөстек* — жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі т.б. терісінен жасалған төсеніш  
*Бұлғары* — былғары  
*Бұлыған* — жалғаған  
*Бұлық* — ердің былғары көпшігі  
*Бұлдірге* — қамшы, шоқпар сабына тағылатын қайыс бау  
*Білем* — тілімдеп кесілген қойдың құйрық майы  
*Біраутіл* /о/ — правитель  
*Датқа* — Қоқан мен Бұқар хандықтарындағы полковник дәрежесіне тең жоғарғы лауазым, атақ  
*Дуал* — биік қорған, бекініс  
*Дуа* /ж.с./ — мәжіліс, жиын  
*Дүпір* /ж.с./ — қамшы



*Дит* — мақсатты ой, пікір

*Екше* — ойлаған нәрсені ой елегінен өткізу, бөлу, тазалау

*Елшігес* — ер емес, әлсіз деген мағынада

*Ерек* — басқаша, бөлек

*Ерекке бер* — сыйға бер деген мағынада

*Еркотицкий* — Иркутск қаласы

*Жабы* — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

*Жамбы* — әртүрлі формада құйылған таза күміс. Ақша, бәйге орнына жүрген

*Жана* — жөне

*Жеделдес* — жетелес, өкшелес

*Жона* /ж.с/ — тоқым мен ердің екі қапталының арасына салатын, сыртын қайыспен қаптаған тоқым

*Жүресінен отыру* — екі тізені бүгіп, тізерлеп отыру

*Закон* /о/ — заң, жарғы

*Заман* /т/ — уақыт

*Зауза* — мамыр айының арабша аты

*Зауық* /а/ — қиындық, кедергі, ынта, көңіл

*Зұлбұһар, Зұлпықар (зұлфықар)* — Мұхаммед пайғамбардың қылышының атауы. Исламға дейінгі арабиядағы атақты қылыштардың бірі. Бадр түбіндегі шайқастан кейін қолға түскен олжаны бөліс кезінде Мұхаммед оны өзі алған. Пайғамбар өлген соң қылыш Әлидің қолына тиді. Қылыштың сиқырлы күші туралы аңыз-әңгімелер көп. Ол қажет жерде ұзарып, қысқара алатын болған деген аңыздар бар

*Кабинет* /о/ — жұмыс бөлмесі

*Каролдық, корольдық* /о/ — патшалық

*Картеш, картель* /о/ — жарылғанда жан-жаққа шашырай атылатын бытыра оқтары бар артиллерия зымыраны

*Катр* /о/ — каторга

*Келеші* /көн./ — бәйгеден келе жатқан аттардың алдынан шығушы

*Кескек* — бұйда есебінде түйенің мұрындығына байлайтын ұзындау жұмыр таяқ

*Кеуіл* — көңіл

*Көтер* /ж.с/ — қайта қарау

*Көтерем* — етінен әбден айырылған, өздігінен тұрудан қалған арық мал (адам)

*Крбат, Крабат, Крауат* /о/ — төсек

*Кузнец* /о/ — ұста

*Күбішек* — ішіне сұйықтық құйылатын ыдыс

*Күрзі* /көн./ — салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар

*Кірепіс* /о/ — бекініс

*Қайлы, қайыл* /а/ — бағыну, сену, мойындау

*Қалы* (қалы кілем) — түрлі түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы кілем

*Қалық келді* — кейін келді, қалып келді

*Қараң* — ауыр, қиын, азапты

*Қарашы* /көн./ — хан ордасындағы ақылшы, кеңесші

*Қас* — ердің алдыңғы басы мен артқы басы

*Қатерінде* — есінде, ойында

*Қаусар* /жер.с/ — ымырт, бейуақ, күн батар кез

*Қауыс* — мерген шоқжұлдызының айналу уақыты — қарашаның екінші жартысы мен желтоқсанның алғашқы жартысы

*Қашыр* — есек айғыры мен биенің шағылысуынан туған будан мал

*Қоңды* — күйлі, семіз, қоңы бар

*Қотан* — қора

*Қылта, қылтан* — қылпық

*Қылтық* — қылтиып көрінген болмашы нәрсе

*Ләшкер* — әскер

*Майдан* — алаң, ашық жер

*Майхана* — шарапхана

*Малтубас, Марту* /а/ — албасты, жын

*Мауыт* — матаның бір түрі

*Мәуіті* — оң жағы майда түкті келген қалың мата

*Мосы* — ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін үш тағанды темір ошақ

*Мүкәм мал* /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық

*Мүрит* — діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт, ізбасар

*Мүрсана, мүрсат* /а/ — мүмкіндік, мерзім

*Напқаландырып* — асырап, жан бақтырып

*Низам* — заң

*Нығметләр* — мәгін бойынша тамақ деген мағына береді

*Оқа* — жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.

*Омақасу* — кенеттен ұшып, мұрттай ұшу

*Өр, аман-сау өрді* — жақсы жатып, жайлы тұрды

*Пәс* — нашар, кем, төмендеу, басыңқы

*Повестъке* /о/ — шақырту

*Пұшайман* /п/ — өкініш, қапа

*Рабы, рабизат, рабизг* /а.п/ — өріс, мекен, адамдар мекен-дейтін жер

*Рагия* /ж.с/ — қол асты, мекен, жер, аумақ

*Ракат* — мезгіл

*Раһласу* — рахаттану

*Салдат* /о/ — солдат

*Сапы* — кішкене өткір пышақ, семсер

*Сардар* /к.с/ — қолбасшы, әскер басы

*Саф* /а/ — таза, тұнық

*Сой* /жер/ — арғы заты, тегі

*Соны* — бұрын таныс емес, жаңа

*Суыртпақ* — мата қиындысынан суырып шығарып алған жіп

*Сүдін* /жер./ — кейіп, ұсқын, түр

*Сүмбіле* — тамыз айының ескіше аты

*Сүһрат (шуһрат)* /а/ — атақ, даңқ, дәреже

*Сілтідей тынды* /жер./ — тып-тыныш болды

*Тарақ балта* /көн./ — шағын, қолайлы өткір балта

*Таһарат* /а/ — дәрет алу, жуыну

*Теңкіл* — теңдік, келісім

*Тиыш* — тыныш

*Тоган* — су жинап алатын бөгет, тоспа

*Тоганақ* — бума, жүк, тең

*Тұма* — жазық жерден шығатын кішірек бастау

*Уада* — уәде

*Уентопка* /о/ — винтовка

*Уру* — ру

*Ұңғы* — мылтықтың оқ шығаратын жері, аузы

*Үке* — жасы кіші еркек адамдарға еркелете айтатын, іні мәніндегі сөз

*Шайырғал* — өсек сөз

*Шарбы* — қарынның сыртындағы жұқа май

*Шарт жүгінді* — тізесімен жер тіреп отырды

*Шәйт, Шаһид, Шейт* /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

*Шоқкөз* /көн./ — жарылғыш (граната)

*Шұқанақ* — шұңқыр, шұқыр

*Шыбар* /ж.с/ — шұбар

*Шыжым* — арқан тәрізді жіңішке етіп есілген мықты жіп

*Шықай, Шоқай* — көн теріден тігілген жеңіл аяқ киім

*Інжіл* — діни кітап, библия. Діни наным бойынша, Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі

## РУ АТАУЛАРЫ

*Адай* — Кіші жүздің он екі ата Байұлының басты рулардың бірі. Қыдырғожа әулетінен тарайтын Байұлыда: Есентемір, Адай, Беріш — үш ру бөлек аталып, өзінше бір топ құрайды. Адай руы Байұлы ішінде халқының саны жағынан да алдыңғы орындардың бірін алады. XIX ғасырдың орта шеніндегі есеп бойынша Адайлар қырық мың түтін болған. Олар негізінен үлкен екі атадан — Құдайке мен Келімбердіден тарайды.

*Албан* — Ұлы жүз құрамына енетін ру. Албан атауы көне жазба тарихи деректерден белгілі. V-VI ғасырларда Албандар Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып, Дулу одағында болған. Қазақ шежіресі бойынша, Бөйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туған Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тарайды. Атамекені — Оңтүстік-Шығыс Жетісу. Кейбір ұрпақтары Қазығұрт тауының (Оңтүстік Қазақстан) бөктерін мекендейді. Ұраны — Бақтияр, тайпалық ұраны — Райымбек, Бөйдібек, таңбасы — дөңгелек.

*Алшын* — қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігі, Кіші жүздегі Байұлы, Жетіру, Әлімұлы сияқты тайпалардың ортақ атауы. Ежелгі мекені — Алтай. X ғасырда Алтай бойынан ойысып, Арал және Каспий теңізі маңындағы ежелгі тайпалармен араласып кеткен. Бір бөлігі қыпшақтармен бірге батысқа қарай жорыққа шығып, Мысырға дейін барған. Алшындар X-XII ғасырларда Қырымда болған. XV-XVI ғасырларда Алшынның кейбір рулары Ноғай ордасының нығаяуы үшін белсене күрескен. Кіші жүз шежірешілері Алшын атын қазақтың алғашқы биі Майқы есімімен де байланыстырады. Алшын ұрпақтары башқұрт, татар және Кіндік Азия халықтарының құрамында да бар.

Антропологиялық жағынан Оңтүстік Сібір (тұран) ауыспалы аралас нәсіліне жатады. Ноғай тілінде сөйлейді. Діні — мұсылман, сүннит. Өдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа өте жақын. Ноғай Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай ұлысының құрамына кірген түркі тілдес қыпшақтармен араласып, олардың тілін қабылдаған түрлі түркі және моңғол тайпаларының ұрпағы.

*Арғын* — қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы — Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтайды. Қазақ шежіресінде Арғындар бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «Бес мейрам» аталып, Қуандық, Сүйіндік, Бегендік (қозған), Шегендік (Қақсал), Қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «Жеті момын» аталып Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ болып жіктеледі.

*Әлімұлы* — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Қаракесек деп те атайды. Әлімнің алты тармағы болғанына қарай, ел ішінде «Алты ата Әлім» деп те аталғаны мәлім. Белгілі ақын Көлдейбекұлы Ерімбет (1850-1911) шежіресінде Әлімұлына жаманақты (шекті), қарамашақты (төртқара), айнықты (қарасақал), ұланақты (қаракесек), тегінболатты (қарасақал), тойқожаны (ақ кете) жатқызады. Мұны тарихшылар С.Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Әлімнің тармағы алтау болғанымен, ұранға шыққаны — төртеу. Олар: жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық.

*Байұлы* — қазақ халқының Кіші жүзі құрамындағы ірі үш рудың бірі. Байұлына байланысты ежелгі Қытай деректері мен кейінгі жазба деректерде бірқатар мәліметтер ұшырасады. Байұлы атауы Орхон-Енесей жазбаларында Байырқу, ал Таң империясының жылнамасыларында Байегу деген атпен кездеседі. Тарихи деректер бойынша, Байұлы алғашында Теле бірлестігінің құрамында болған. Түркі қағандығы оларды

бағындырған соң әуелі Шығыс Түркі қағандығының, кейіннен Батыс Түркі қағандығының құрамына енеді.

**Бәсентин** — қазақ шежіресі бойынша Орта жүздегі Арғын тайпасының «Жеті момын» тармағынан таралатын ата. Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Ақтілес, Күшік, Қарабұжыр, Апай, Бөрі, Сырым аталарына бөлінеді. Ұраны — Барлыбай, таңбасы — ойық, тілік.

**Домалақ ана (Нұрила)** (шамамен VI-VII ғғ.) — тарихи тұлға, халықтық шежіреде Ұлы жүз бірлестігіндегі кейбір рулардың түп анасы, абызы ретінде баяндалады. Аңыздарда Домалақ ана — түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі. Әкесінің есімі — Әли Сылан, анасының есімі — Нұрбике. Бәйдібек биге тұрмысқа шығып, ақылдылығымен, даналығымен, тазалығымен елге аты шығады. Тағы бір аңыз бойынша, түп тегі түрікпен Қара Хайдар Домалақ ананың даналығына тәнті болып, «Диннат мама» (парс. — Әулие ана) деп атапты-мыс. Уақыт өте келе тілдің дыбыстау заңдылығына орай өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Домалақ ана ел арасындағы ушыққан дау, асқынған араздықтың бейбіт шешімін табуға да өз үлесін қосып отырған. Ел билеген азаматтардың өзі кейбір келелі мәселелерді шешерде Домалақ анамен кеңесіп отырған. Домалақ анадан тараған ұрпақтарының бәрі де біліммен, ақылымен көзге түсіп, ел билеген.

**Дулат** — Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ енеден туған баласы. Жарықшақтан тараған тайпа.

**Екей** — Шапырашты руының бір тармағы

**Жағалбайлы** — қазақ халқының құрайтын рулардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамындағы Жетіру бірлестігіне кіреді. Жағалбайлы Лез, Мырза руларына бөлінеді. Тарихи мәліметтер Жағалбайлының көне түркі тайпаларының бірі екендігін көрсетеді. Орта ғасырларда Жағалбайлылар Сырдария — Арал аймағында сыртқы күштер тарапынан талқандалып, жан-жаққа бытырап кеткен. Қазіргі қазақ халқының құрамына енген Жағалбайлы алғашында (б.з. III-XIII ғғ. бас кезі) Оғыз-Қыпшақ тайпалық бірлестіктері құрамында болған, кейіннен Ноғайлы ұлысы құрамына енген.

**Жалайыр** — қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Диқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша, Үйсіннен — Ақ-

сақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан — Жалайыр тарайды. Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал мен Жалайыр бір адам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Жалайыр атанған. Жалайыр сырманақ, шуманақ, бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан — андас, мырза, қарашапан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай аталары тарайды. Сырманақтан: арықтыным-байшегір, балғалы, қайшылы, күшік тарайды. Бірманақтан тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде бірманақтың аты аталмай, сиыршыны сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата Жалайыр атанған.

**Жетіру** — қазақ халқын құраған рулар бірлестігінің бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Тарихшылар Жетірудың арғы тегін ежелгі түркі тайпалары (Төлеу, Рамадан, Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы) бірлестігімен байланыстырады. Қазақ руларының тарихына қатысты зерттеулерде Жетіру Тәуке хан кезінде осындай атпен топтасқан қауымдастық деп түсіндіріледі.

**Керей** — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Шежіре бойынша Орта жүз құрамына енеді. IX-XII ғасырларда Керей тайпасы Керей хандығы аталған мемлекет құрып, Завхан, Тула, Сэлэнгэден Шығыс Моңғол құмына дейінгі даланы қоныс етіп, батысы Найман хандығы, солтүстігінде меркіттер, оңтүстігінде татарлар, шығысында Ся мемлекетімен іргелес жатты. Ол кезде Керей хандығы Керейт, Жиркин, Қонхойт, Сақайт, Тумаут, Албат, Тункайт-Киркун деп аталатын тайпалардан құралатын. Аталған тайпалардың ең ірісі керейлер болғандығы мәлім.

**Кіші жүз** — Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының этникалық құрамына енеді. Шежіре бойынша, Кіші жүз рулық бірлестіктері әлімұлы, байұлы, жетіру тайпаларынан құралады. Қазақ халқы қалыптасқаннан көп бұрын олардың көпшілігі Батыс Қазақстан өңірінде құрылған Ноғайлы хандығының одақтасы болды. Оның құрылуына ішкі себептермен қоса, сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен. Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші жүз бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты

Кіші жүз қазақтары ел арасында «Кіші жүз — Алшын» атанған. Оның құрамына — 12 ата байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, қызылқұрт, шеркеш), жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан), 6 ата әлімұлы (қаракесек, қарасақал, төртқара, кете, шөмекей, шекті) тайпалары енеді.

**Қарақалпақ** — түркі тілді халық. Қарақалпақ халқының этногенезі Сырдарияның сағасы мен Арал жағалауы даласын мекендеген тайпаларға тығыз байланысты. Қарақалпақтардың көпшілігі XVII ғасырда және XVIII ғасырдың орта кезінде Сырдарияның ортаңғы ағысы мен сағасындағы алапты мекендеген. Қарақалпақтар қазақтың Кіші жүз хандарына тәуелді болды. Көрші тайпалардың тынымсыз шабуылына ұшыраған қарақалпақтар 1742 жылы Орынбор мен Петербургке өз өкілдерін жіберіп, Орыс мемлекетінің қарамағына кіруді өтінді. Орыс үкіметі олардың тілегін қабыл алды. Сол үшін 1743 жылы қазақ ханы Әбілхайыр қарақалпаққа жорық жасады. Осының нәтижесінде қарақалпақтардың көпшілігі XVIII ғасырдың 2-жартысына таман Сырдарияны тастап, оның батыс атырауына құятын Жаңа дария бойына қарай ойысты. XVIII ғасырдың аяғында Хиуа хандарының жорықтары күшейді. Олар 1811 жылы Қарақалпақтарды жаулап алып, Амударияның сағасына көшірумен тынды.

**Қарауыл** — Арғынның Момын деген бәйбішесінен: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы; Қарасопыдан: Бәсентиін, Қарауыл, Қарауылдан Түнғатар, Қадды, Бошпан болып тарайды.

**Қоңырат** — Орта жүз құрамындағы ру. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этникалық тарихында Қоңырат руының өзіндік орны бар. Көбінесе, Жиделібайсын, Сыр бойы мен Орта Азия далаларын мекендеген. Өзбекстанда Қоңырат қаласы бар. Алпамыс батыр Осы қоңырат руынан шыққан делінеді.

**Қуандық** — Арғын атадан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Бегендіктен Қозған, Тәңірберді, Сырық деген балалар өрбиді.

**Қызай** — Найманнан өрбіген ру. Қызай Үйсін елінің қызы (есімі — Күнбүбі, кейбір нұсқаларда Қарлығаш дейді). Шежіре бойынша, Бәйдібек байдың ұлы Ілебайдың қызы екен. Ілебай соғыста қаза тауып, Қызайды атасы Бәйдібек бауырына салып



өсіреді. Күнбүбі асқан зерек әрі көрікті болғандықтан «қызай», «қыз-ай!» деген сүйініштен «Қызай» аталып кетеді. Оны Матайдың ұрпағы Шағырай алады. Осы Шағырайдан тараған ұрпақ өсіп-өніп, рулы ел болып ананың атымен «Қызай елі» атанады.

**Қыпшақ** — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша, IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдырағаннан кейін алғашында қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті қыпшақ деп атаған.

**Матай** — Орта жүз Найман руының бір бұтағы. Матай руы өз ішінде Аталық, Қаптағай болып тармаққа бөлінеді.

**Найман** — қазақ халқын құрған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «Сегіз оғыз», кейінірек «Цзбубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде Найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша, Найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: Терістаңбалы (кейде — елата), Сарыжомарт (Ергенекті найман), Төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

**Ноғай** — түркі халықтарының бірі. Негізінен Ресей Федерациясында (Ставрополь аймағы, Дағыстан, Шешенстан т.б.) тұрады. Жалпы саны 75 мыңдай адам (2002). Басты субэтноикалық топтары: қара ноғайлар, ащықұлан-ноғай, ақ ноғай немесе қубандықтар, астрахандық ноғай.

**Орта жүз** — қазақ қоғамындағы үш ірі тайпалық (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) бірлестіктің бірі. Орта жүзге Сарысудан бастап, төменгі Сырдариядан Ертіске, Тобылға, Есілге дейінгі аралықта көшпенді тұрмыс кешкен Арғын, Қоңырат, Уақ, Қыпшақ, Керей, Найман т.б. қазақ рулары кіреді.

**Сүйіндік** — Арғынның Мейрам деген баласынан тарайтын аталық. Сүйіндік өз ішінде: Қаржас, Орманшы, Құлболды, Жанболды, Мәжік секілді тармақтарға бөлінеді.

**Табын** — Жетіру бірлестігінің құрамындағы ру. М.Тынышбаев зерттеуінде Табын, Жаманкерей, Бозым, Бегім, Қайырқожа деген төрт атаға бөлінеді. Енді бір шежіреде Табыннан Шөмішті, Тарақты, Көсеулі тарайды.

**Таз** — Кіші жүздің 12 ата Байұлы тайпасынан тарайтын ру. Байұлының үшінші әйелінен: Беріш, Таз, Есентемір. Таздан: Абдал, Келдібай, Жастабан, Шарғы, Ақсерке, Жантай, Жақабай, Құнбас, Асан, Сырлыбай, Байтемір, Жолым, Жиен деген аталықтар бөлінеді.

**Тарақты** — Орта жүз құрамындағы ру. Тарақты ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында әдебиетте деректер кездеспейді. Оның шығу тегі жөнінде қазақ шежіресінде бірізділік жоқ. Шежіре деректері бойынша, Ақжолдан: Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Тарақты, Уақ. Тарақтыдан: Апай, Тоқтауыл, Қыдыр, Жәші (Жасши), Әлі, Сары, Әйтей, Қосанақ, Алакөз, Шәуке, Әлеуке, Көгедей болып он екі арыс ел тарайды. Басқа шежіре деректерінде Тарақтыны Арғын руына жатқызады. Тарақты Қазан төңкерісіне дейін Орталық Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғарғы Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын мекендеген. Жоғар шапқыншылығына қарсы күресте Тарақтының Наймантай, Байғозы батырларының есімдері аңызға айналған. Ұраны — Жауғашар, Байғозы, тарақ таңбалы.

**Татар** — түркі тілдес халық. Ресей Федерациясының құрамындағы Татарстан Республикасының байырғы тұрғындары. «Татар» этнонимі Байкалдың оңтүстік — шығыс жағын мекендеген көшпелі түркі-моңғол тайпаларының арасында V-IX ғасырларда белгілі болған. XIII ғасырда моңғол шапқыншылығы кезінде татарлар Еуропаға еніп, XIII-XIV ғасырларда олардың шағын тобы Алтын Орда құрамындағы түркі халықтарына сіңіп кетті. XVI-XIX ғасырлардағы орыс жазбаларында Кавказ-

ды, Еділ мен Орал өңірін, Орта Азияны мекендеген түркі тайпалары татар деп жалпылама аталып келген. Ертеректе Еділ бойы татарлары өздерін болгар, қазан кешесе, қазанлы деп әр қалай атаған. Антропологиялық жағынан татар еуропалық нәсілге, Сібір татарлары тұран аралас нәсілге жатады. Ислам дінінің сүннит тармағын, аз бөлігі христиан дінінің православие тармағын ұстанады.

**Тобықты** — Орта жүз арғын тайпасынан тарайтын белді рулардың бірі. Тобықтының үлкен баласы Рыспетектің үш баласы — Мұсабай, Көкше, Дадан және Мұсабайдың үйсінге берген қызынан туған жиені — Қолұқ және жоғарғы Жуантаяқ атанған осы бесеуін бес атаның ұлы Тобықты «Бесжан Мұсабай» дейді. Көкшенің екі баласы — Топыш, Томан. Топыштың екі баласы — Бөши, Шобан. Томанның екі баласы — Қаракөшек, Балтай. Шобанның алты баласы: Надир, Бәрит, Әлім, Жасыбай, Қарабақан, Турабай.

**Төртуыл** — Найман руының бір бұтағы. Найманнан — Төлегетай; Төлегетайдан: Қаракерей, Мұрын, Төртуыл, Матай, Аталық, Кенже, Садыр болып жіктеліп кетеді.

**Уақ** — Орта жүз құрамына кіретін ру. Шежіре деректерінде Уақ аталарының бірі ретінде әйгілі Ер Көкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. Уақтың шығу тегі туралы пікірлер де әр түрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани IX-XIII ғасырларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды Уақ деп есептеген. Ш.Құдайбердіұлы мен А.Левшин оларды қазақ хандығына XIV-XVII ғасырларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Уәлиханов Ер Көкше, Ер Қосай батырлар арқылы уақтар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, Уақ Керей тайпасымен туыстас. Уақтың алғашқы атамекені Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан Уақтар өзінің ата-мекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, Батыста Торғай өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жетті. Ұраны — Жаубасар, Бармақ, таңбасы — П < (босаға, ашамай).

**Үйсін** — қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Ежелгі қытай жазбаларында

Үйсін атауы б.з.б II ғасырдан бастап кездеседі. Ғұндардың күшеюінен қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жібереді. Үйсін тайпалық бірлестігі бұл тұста Қытайдың батысындағы өзге елдермен дәрежесі тең қуатты да, құдіретті мемлекет болды. Үйсіннің шығу тегі, таралуы, қазақ халқының тарихындағы рөлі жайында тарихи-генеалогиялық зерттеулерде талас пікірлер аз емес. Оған себеп — жазба дерек көздері. Атап айтқанда VII ғасырдағы Қытай жазушысы Чингу «Батыс өлкенің өзге шетелдіктерінен Үйсіндердің едәуір айырмашылығы бар, олардың көзі көк, жирен сақалды» деп жазды. Жетісу үйсіндерінің шығу тегін анықтау жолында А.Н.Бернштам, К.А.Ақышев, Г.А.Кушаевтар археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Мәселен, Есік қорғанынан қазып алынған (1969-1970) «алтын адам» «сақ ханзадасы» деп тұжырымдалғанымен, соңғы зерттеулер «Үйсін адамы» деген пікірді алға тартады.

*Шекті* — қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре деректері бойынша Кіші жүз Өлім ұлы бірлестігіне кіреді. Өлімнен алты ата тарайды. Соның үлкені әрі ең өсіп-өнгені осы Шекті. Лақаб аты — Жаманақ. Кейбір шежірелерде «Бес Шекті» аталғанымен, Шектінің шежіреге түскен балалары төртеу: Шыңғыс, Өріс, Баубек, Бөлек.

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

*Ақмешіт* — қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған көне бекініс орны. Ол 1817 жылы салынған. А.И.Добросмысловтың дәлелдеуі бойынша, бекіністі Қоқан ханы Омархан салдырған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған елуге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден «Перовск форты» болып аталған. Қазан төңкерісінен кейін Ақмешіт аты қайта берілді. 1925 жылы оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болып тұрды.

*Ақмола* — Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың ежелгі атауы.

*Ақтөбе облысы* — Қазақстанның солтүстік-батыс өңірінде орналасқан аймақ. Терістігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстанмен, батысында Атырау және Батыс Қазақстан, шығысында Қостанай, оңтүстік-шығысында Қызылорда облыстарымен шектесіп жатыр. Әкімшілік орталығы — Ақтөбе қаласы.

*Алатау* — 1. Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады. 2. Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы.

Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы т.б. жатады.

*Алматы* — Алматы облысының орталығы. Республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

**Арқа** — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақтанды білдіреді. Шындығында, Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

**Арыс өзені** — Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы. Арыс өзенінен тікелей 37 канал бастау алады. Ең ірісі — Арыс-Түркістан каналы.

**Астархан, Астрахань, Қажы Тархан** — көне қала. Қазіргі Ресей Федерациясындағы Астрахань облысының орталығы. Волга өзенінің Каспий теңізіне құяр тұсына орналасқан. Ежелгі орта ғасырда оның орнында хазарлардың астанасы Атель (Өтел, Итиль), одан соң Балангир қаласы болды. XIII ғасырда Шыңғысхан ұрпақтары қала орнына Сыйтархан деген жаңа шаһар тұрғызып, хандықтың астанасы етті. 1459-1556 жылдары Астархан хандығының орталығы болды.

**Атбасар** — іргетасы 1846 жылы қаланған. Астана қаласынан солтүстік-батысқа қарай 232 ш.м. жерде, Жабай өзенінің (Есіл өзенінің бір саласы) оң жағалауына орналасқан.

**Аягөз, Аякөз** — Алматы, Шығыс Қазақстан облысы аумағы арқылы ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солтүстік сілемдерінен бастау алады. Балқаш көлінің солтүстік шығыс бөлігіне құяды.

**Балқаш көлі** — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңізінен кейінгі 3-орында. Ұзындығы — 605 км. Балқаштың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Ақсу, Лепсі және Аягөз өзендері құяды.

**Баянауыл** — Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан аты. Жергілікті қазақтар тауды «Баянаула» деп те атайды, ал оның шығыс биік жотасын «Жаманаула» деп атайды. Атаудың мағынасы «тау қыры көп, таулы жер» дегенді білдіреді.

**Еділ (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил)** — Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы 3530 км, су жиналатын алабы 1360 мың км<sup>2</sup>. Бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока,

Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

**Елек, Елік** — Жайық алабындағы өзен. Ресейдің Орынбор, Қазақстанның Ақтөбе (Алға, Ақтөбе, Мартөк аудандары), Батыс Қазақстан облыстары (Бөрлі ауданы) жерімен ағып өтеді. Ұзындығы — 623 км. Мұғалжар тауының батысындағы Бестөбе сілемінен қос тармақ болып басталады да, Жайыққа сол жағынан құяды.

**Ертіс** — Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обьтың сол саласы. Монғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Жалпы ұзындығы — 4248 км. Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

**Есіл** — Ақмола, Қарағанды облыстарының жерін басып өтетін үлкен өзен. Қостанай облысындағы (бұрынғы Торғай) 1963 жылы салынған аудандық дәрежелі Есіл қаласы атауы да осы өзенмен байланысты.

**Әулиеата** — ежелгі Тараздың орнына XVIII ғасырда салынған қала. 1864 жылға дейін қоқандықтар қоластында болды. 1938 жылы Жамбыл есімі беріліп, 1997 жылы көне атауын қайта иеленді.

**Жайық** — өзеннің аты. Жайық — Орал, Башқұртстан, Челябинск, Орынбор жерімен ағып өтеді. Жалпы ұзындығы — 1084 км. Оңтүстік Оралдан басталып, Атырау қаласы тұсынан Каспий теңізіне құяды.

**Жезқазған** — Орталық Қазақстандағы қала. Жезқазған аймағының аумағында 1500-ден астам тарихи және мәдени ескерткіштер белгілі болған. Әсіресе Сарысу, Сары-Кеңгір, Қара-Кеңгір өзендерінің жағалауында көп кездеседі.

**Жем** — Батыс Қазақстандағы ірі өзен. А.Ю.Якубовский келтірген Ибн Фадлан (930 ж) жазбаларында бұл атау Джам түрінде кезігеді екен.

**Жетісу** — еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Кей деректерде Жетісу құрамына Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендері жатқызылса, танымал зерттеуші Ө. Тұрлыбаев Бүйен, Басқан, Сарқант өзендерінің орнына Аякөзді, Талас пен Шуды кіргізеді. Жетісудың аумағында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 жылы Алматы облысы болып бөлініп шықты.

*Іле өзені* — Қазақстан (Алматы облысы) және Қытай жеріндегі өзен. Шығыс Тянь-Шаньнан басталып, Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Қаш, Қорғас (оң жақ), Шарын, Шелек, Талғар, Қаскелең, Күрті (сол жақ).

*Қара тау* — Қазақстанның оңтүстігіндегі тау жотасы. Сондай-ақ осы аттас тау биіктіктері еліміздің оңтүстік батысында да кездеседі.

*Қашқар, Қашғар* — Қытайдың батысындағы, Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданындағы қала. Қашғар өзенінің бойында, Тянь-Шань тауларының оңтүстік баурайында орналасқан. Қашғар — ертедегі «Ұлы Жібек жолындағы» ірі сауда орталықтарының бірі. Қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов (1858-1859) Қашғарға ғылыми саяхатқа барып қайтқан.

*Қиыл* — Ойыл алабындағы өзен. Ақтөбе облысы, Ойыл, Қобда аудандары жерімен ағады. Қиылдың салалары — Аққұдықсай, Қоңырсай өзендері Қоңызтаудан басталып, Саралжын аралы тұсында Ойылға құяды.

*Қобда* — Ақтөбе облысындағы аудан орталығы. Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда аудан жерлерімен ағады.

*Қоқан* — Шағатай ұлысы ыдырағаннан кейін және Ақсақ Темір үстемдігінен соң бұрынғы бір орталыққа шоғырланған өзбек елі бірнеше хандықтарға бөлініп кетеді. Олардың бастылары деп: Хиуа, Қоқан, Бұқар хандықтарын атауға болады.

Қоқан хандығы XIX ғ. ерекше күшейе бастайды да, маңайындағы елдердің мазасын алып, шапқыншылыққа ұшыратады. XIX ғ. екінші жартысына қарай қазақ жерінің оңтүстік өңірлері (Қазіргі Оңтүстік Қазақстанның Жамбыл, Алматы және Қызылорда облысының бір бөлегі) Қоқан хандығына бағынышты болады. Қоқан билеушілері қазақтардан түрлі салық және зекет жинап отырған.

*Қордай* — тау, асу аты. Жамбыл облысындағы аудан орталығы. Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығысындағы Кіндіктас және Жетіжол жоталары аралығындағы асу.

*Көкшетау* — жақпартасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.

*Қызылжар /Петропаул/* — Солтүстік Қазақстан облысының орталығы. Есіл өзенінің оң жағасында орналасқан. Көне атауы — Қызылжар.



*Лепсі* — Балқаш алабындағы өзен. Алматы облысы, Ақсу, Сарқант аудандары жерімен ағады. Ұзындығы 418 км, су жиналатын алабы 9,4 мың км. Жетісу Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтардан басталып, Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс бөлігіне құяды. Аңғары жоғары бөлігінде тар шатқалды, төменгі ағысында кеңейе түседі. Жер асты, жауын-шашын, мұздық суымен толығады. Жылына су деңгейі 2 рет — көктемде және жазда көтеріледі. Суы лайлы, ағыны қатты. Лепсінің су режимін реттеу үшін Лепсі каналы салынған.

*Мекке* — Әлем мұсылмандарының қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

*Москва, Мәскеу* — Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

*Нарын құмы* — Каспий ойпатының солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан.

*Нұра* — тау және өзен аттары. Бұл атаудың таралу шегі бүкіл Түркістан және Орталық Азия қырларын алып жатыр.

*Ойыл* — Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады. Өзен бойына Миялы, Ойыл т.б. елді мекендер орналасқан.

*Омбы (Омск)* — Орталық Сібір өлкесіндегі Обь өзенінің Ертіске құйылатын тұсында орналасқан Ресейдің Омбы облысының орталығы. Омбы облысы Қазақстан солтүстігінің көп жерімен шектеседі

*Орал* — қала, Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

*Орынбор* — Қазақстанның батыс, солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс иеліктерін отарлау мақсатында 1850 жылы құрылып, 1881 жылға дейін сақталды. 1868 жылы орталығы Орынбор қаласы болған Торғай облысы құрылды.

*Отырар* — Қазақстан мен Орта Азиядағы ең ірі көне қала. Түркістанның оңтүстігінде орналасқан. Отырар аймағында

көне мәдени ескерткіштердің бірі — Арыстан бап әулиенің мазары бар.

**Пеуанда, Ферғана** — Орта Азиядағы Ферғана аңғарында орналасқан тарихи өлке. «Ферғана» тәжік тілінде (Иарғана) «Тау арасындағы аңғар» деген ұғымды білдіреді. Ферғана — қола дәуіріне тән ежелгі отырықшы-егіншілік мәдениеті дамыған аудандардың бірі. Ферғана егіншілері б.з. басталар кезден мақта өсірумен айналыса бастаған. Ферғана жөніндегі ең алғашқы мәлімет Қытай елшісі Чжан Цяньнің (б.з.б. 128 ж.) жазбаларында келтіріледі. Қытайлар мұнда егіншілікпен айналысатын 60 мыңдай отбасының (300 мыңдай адам), 70 елді мекеннің болғанын жазды. XIII-XIV ғасырларда Ферғана өңірі Хорезмшаһтарына, Шыңғыс ханның екінші ұлы құрған Шағатай ұлысына, Әмір Темірге бағынды. XIII ғасырдың соңында Ферғананың астанасы Әндіжан қаласына ауысты.

**Сағыз** — Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау облыстарының жерімен ағады. Қазақтың батырлық эпостарында, Асанқайғы, Махамбет, Мұрат жырларында жиі аталатын тарихи-эпикалық гидроним.

**Самарқан** — Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала. Облыс орталығы.

**Сарыарқа, Арқа** — Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік — шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

**Семей** — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

**Созақ** — аудан аты. (ОҚО) Әуелде Қаратаудың солтүстік бөлігіндегі едәуір биік тау шоқысының аты.

**Сыр, Сырдария** — Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

**Тайсойған** — Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы құм. Ойыл өзенінің төменгі бөлігінің сол жағалауымен жарып шыққан өзенді бойлай созылып жатыр.

**Талас** — Қырғыз Алатауынан бастау алып, Талас жазығы арқылы Мойынқұм құмдарына сіңетін, V ғасырдан белгілі өзен.

Оның бойынан шаһар салынып, қала VI ғасырдан кейін Тараз деген атпен мәшһүр болған. Бұл аттас Талас өзені Алматы облысының Райымбек ауданында да бар.

**Талғар** — Алматы облысындағы қала. Талғар ауданының орталығы. Алматы қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан.

**Торғай** — тарихи қала. XIX ғасырдың I жартысында патшалық Ресей үкіметі қазақ халқының XIX ғасырдың 40-жылдары ұлт-азаттық қозғалысын басу үшін қазақ даласының ең түкпірінен бекініс пунктін салған. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай қала атанды. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде ерекше рөлі болды.

**Түркістан** — қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы — Яссы. Яссы Ұлы Жібек жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда әсіресе Қ.А.Ясауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Ясауи кесенесі — орта ғасырлардың ерекше сәулеті болып табылады. Керемет орналасуы және әдемі мозаика суреттермен қапталған қоршау. 1500 жыл ішінде Түркістан атақты шейх-көріпкел ақын Хазірет-сұлтан аталған Қожа Ахмет Ясауидің арқасында әлемге әйгілі болған. Ол кезде қала атауы — Яссы болатын. XIV ғасыр аяғында Түркістан Ұлы Әмір Темір арқасында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған соң атақты болды.

**Уфа** — қала. Башқұртстан Республикасының астанасы. Ағидель өзенінің бойында орналасқан.

**Ұзынағаш** — Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл.

**Ұлытау** — қыстақ Жезқазған облысындағы Ұлытау ауданының орталығы. Іргесі 1846 жылы қаланған. Төңкеріске дейін Ұлытау Ақмола губерниясының Атбасар уезіне қараған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде үш жүз басшылары осы жерде бас қосып, алқалы жиын өткізгені туралы деректер сақталған.

**Шу** — (Қазақстан аумағында 800 км), Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері: (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Шу Жоғарғы Ортотоқой және Төменгі Ортотоқой шатқалдарын қалыптастырған. Соңғысының тұсына Ортотоқой бөгені салынған. Төменде Шу Ыстықкөл қазаншұңқырына шығады.

## ТОМҒА ЕНГЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДІ АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

*Абдрахманов Ғаббас* (1921-1996)— Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз. Павлодар облысының Ертіс ауданында туып-өскен. Балалық шағы күрделі кезеңге тап келіп, қиыншылықпен өткен. Зерек өскен Ғаббас Абдрахманов ауылдағы мектепте білім алып, сауатын ашады.

Ғаббас Ұлы Отан соғысына қатысқан. «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» Ордені мен «III дәрежелі Даңқ» Орденінің иегері. Бұған қосыла көптеген медальдармен марапатталған. Майданнан аман-есен оралған соң, ұстаздық қызметін қайтадан жалғастырды. Ертіс ауданында 42 жыл бастауыш сыныптың мұғалімі болып жұмыс істеді.

*Адамбаев Балтабай* (1909-1995)— белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-1996 жылдары аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеген. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинаған. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер жанрлары бойынша қазақ фольклортануына арналған ондаған кітаптары жарық көрген.

*Айнабеков Қайып* (1885-1955)— Халық ақыны. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Көбетай ауылында туып-өскен. Бала жасынан жетім қалып, нағашысының қолында тәрбиеленеді. Орталық Қазақстандағы ауылды жаңа шаруашылық саласына жұмылдыру жұмысына белсене қатысып, кеңес, шаруашылық, ағарту саласында қызмет істеген. 1923 жылы Мәскеуде өткен Бү-

кілодақтық этнографиялық көрмеге қатысып, қобызда ойнап, ән айтады. Сол жолы белгілі музыка жинаушы А.В.Затаевич одан «Сұлушаш», «Қоскөтерме», «Әуіпідек», «Назқоңыр», «Жеңеше» сияқты халық әндерін жазып алады. Отан қорғауға шақырған патриоттық жырлар шығарып, қас батырларға арналған «Әбдірдің Нүркені», «Ер Төлеген» толғауларын өмірге әкелді. Өз жанынан эпикалық дастандар да шығарды. Бұрынғы қазақ тұрмыс тіршілігі мен әйел теңдігін баяндайтын «Қолаң», 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған «Амангелді» дастандарын жазды. Өлеңдері, дастандары мен айтыстары халық ақындарының жинақтарында, 1958 жылы Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген қазақ поэзиясының антологиясында жарияланды. Таңдаулы шығармаларының жинағы үш рет жеке жарық көрді.

*Ахметұлы Ғұбайдұлла* (1873-1951) — дін өкілі, әдеби мұраларды хатқа түсіруші. Ішкі Бөкей ордасының Қамыс-Самар мекенінің жанында туып-өскен. Ғұбайдұлла басында ауыл молдасынан оқып, кейін білімін көтеру үшін Вятка губерниясында оқып «Халифа» атанған. Халық аузынан естіген өлең, жырларды қағазға түсіріп, жеке мұрағатында сақтаған. Өмірінің соңына таман қолжазбаларды сенімді адамы Ф.Гатауов арқылы Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорына өткізген.

*Әлімбаев Доскей* (1850-1946) — Ақмола қаласында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдері мен жырларында, айтыстарында көбінесе би-болыстарды сынап, жарлы-жақыбайлардың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап сөйлеген. Халық арасында кең тараған батырлық жырларды, лиро-эпостық дастандарды, Шығыс елдерінен ауысқан ертегі-аңыздарды жаттап алып, домбыраға қосып, ел ішінде айтып жүрген. Көптеген халық ауыз әдебиеті үлгілерін біздің заманымызға жеткізген. Сондай-ақ жас кезінде Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайлармен кездесіп, олардың ақындық, әншілік өнерлерін үйренген. «Кенесары» дастаны — көркемдік қуаты күшті, рухты туынды.

«Қарағанды» (1940), «Жүрегімде жаттаулы» (1941) атты өлеңдері мен толғаулары жарық көрген. 1938-1943 жж. ақындардың облыстық, республикалық слеттері мен айтыстарына белсене қатысып, суырыпсалма түрінде көптеген өлеңдер шығарған.

*Әлімгереев Өтепберген* — 1949 жылы 26 мамырда Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Жиделі елді мекенінде

дүниеге келген. 1972 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының филология факультетін бітірген соң, еңбек жолын Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында мектеп мұғалімі боп бастайды. 1973 жылы «Атырау» (Атырау облыстық) газетіне жұмысқа шақырылған. Алматы Жоғары партия мектебін тамамдаған. 1990 жылдан бері Атырау телерадио компаниясында бас редактор боп жұмыс істейді.

Әдеби туындылары 1966 жылдан бері түрлі газет-журналдарда жарияланған. «Күй — күмбез», «Асау Тұрлан» атты кітаптардың авторы. Махамбет, Асан Қайғы, Жиренше шешен, Мұрат, Бала Ораз, Мақаш әкім туралы зерттеулер жазған.

**Бейісқұлов Тоқтар** — жазушы, филология ғылымдарының кандидаты. 1932 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Үйгентас ауданының Қарлығаш ауылында туып-өскен. 1966 жылы Мәскеу Жоғары партия мектебінің журналистика факультетін тамамдаған соң, еңбек жолын 1943 жылы колхоздың қара жұмысынан бастайды. Партия мектебі, Радио және телевизия секторының меңгерушісі жұмыстарын атқаруымен қатар, 1991 қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі басқарма бастығының орынбасары болып қызмет атқарған.

«Әкелер даңқы жолымен», «Кеудесін оққа тосып», «Б.Майлин — публицист», «Қанатты қаламгер» т.б. деректі-публицистикалық кітаптары жарық көрген.

**Бекқожина Талига** (1919-1995) — музыкатанушы, әнші, фольклор мұраларын жинаушы. Алматы қалалық Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясын тамамдап, ұзақ жылдар бойы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол қазақ халық ауыз әдебиетінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерін айтушылардың өуендеріне мәңгі өмір сыйлайды.

**Бекмаханов Ермұқан** (1915-1966) — ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қаз ССР ҒА-ның корреспондент-мүшесі. 1944 жылы «Қазақ ССР тарихындағы» Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында Кенесары Қасымұлының көтерілісін (1837-1847) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, 1954 жылы ақталып шығады. Қазақстанның XVIII-

XIX ғасырлардағы саяси, әлеуметтік экономика тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

**Гатауов Фарит** (1908-ө.ж.б.)—халық әдебиет үлгілерін жинаушы. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының Тұрылғыл ауылында туып-өскен. Ол Орал қаласындағы педагогикалық техникумды, соңынан пединституттың биология факультетін бітірген. 1926 жылдан бастап Гурьев қаласындағы орта мектепте оқытушы болып жұмыс істеген.

**Каренов Рашид** — Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің менеджмент кафедрасының меңгерушісі. Экономика ғылымдарының докторы, профессор. Информатика халықаралық академиясының академигі.

**Көпеев Мәшһүр Жүсіп** (1857-1931)—ақын, жазушы, әрі кітап бастырушы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен танысқан. Өзі де өлең шығарумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін көп жинаған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі, Орталық кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы.

**Құнтуғанов Темірғали** (1879-1954)—ақын, халық мұраларын жинаушы. Батыс Қазақстан облысында туып-өскен. Ұзақ жылдар орта мектепте мұғалім болған.

**Қадықов Берікбай** — Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

**Қанжанова Меруерт** — Қарағанды облысы, Ақадыр ауданы, Мойынты селосының тұрғыны. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

**Құлпейісов Еркін** — ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай селосында туып-өскен.

**Құлсариев Ертай** (1886-1958)— жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі аулында туып-өскен. 1940 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып қабылданған. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Кұлпан балуан» т.б. дастандар мен «Арқалық батыр», «Олжабай батыр» сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше.

**Құрманбеков Бекмұхаммед** (1892-ө.ж.б.) — халық әдебиеті үлгілерін жинаушы. Қызылорда облысы, Сырдария ауданында туып-өскен. Ұзақ жылдар Қызылорда қаласы мен Алматыда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директоры қызметін атқарған.

**Сарымсақов Мұхаметқали** (1878-1957) — фольклор мұраларын жинаушы. Жасында Баязит деген молданың медресесінде алты жыл оқып, сонан соң ауылда бала оқытады. Алғашқыда өлең, жырды жазып шығарып, кейін жасы егде тартқанда, тосыннан тауып төгілте жырлауға машықтанады.

**Дөнентаев Сәбит** (1894-1933) — ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің тарихында іргелі орны бар ағартушы — демократ ақындарының бірі. Ол — өзінің шығармаларында еңбекші халықтың өмірін және кеңес дәуірінің шындығын социалистік реализм әдісімен жырлаған талантты ақын.

1913 жылы «Айқап» журналында ақынның «Қиялым» деген өлеңі жарияланды. Бұл — ақынның таспа бетін көрген тұңғыш туындысы. Осы кезден бастап өз заманының маңызды мәселесінің бөріне үн қосқан ақын өлеңді үзбей жазады.

1916 жылы патша үкіметінің қазақтарды тылдағы қара жұмыстарға алу жөніндегі жарлығы бойынша Екібастұз шахтасында, кейін Рига маңындағы майдан шебінде окоп жұмыс қазу жұмысында болған.

С. Дөнентаевтың «Қиялым» деген тұңғыш өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналында басылып шықты. 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен шыққан өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді. Ал 1957 жылы шығармаларының академиялық жинағы шықты.

**Сейдеханов Көбей** (1928-1996) — жазушы, аудармашы, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Сейдехановтың — «Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық поэзиясы», «Оқ пен жыр», «Күрес пен жеңіс жырлары» атты монографиялары, «Азатбектің алмасы» әңгімелер жинағы жарық көрген. Өзбек жазушылары А.Қаһардың «Табыттан шыққан күн», С.Ахмадтың «Күйеу» комедияларын аударған. Өзбекстан Жазушылар одағының әдеби сыйлығымен, құрмет белгісі орденімен, бірнеше медалмен марапатталған.

**Тілеужанов Мәтжан** (1927-1995) — ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жыл бойы жинап, Әдебиет



және өнер институтының қолжазба қорына тапсырды. Сондай-ақ республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинады.

*Шалабеков Дәкен* (1922-1958) — ғалым, ауыз әдебиет мұраларын жинаушы. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Захаровка селосында туып-өскен. 1948 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген. Одан кейін Нұра ауданының мектебінде мұғалім боп істеген. 1951-1954 жылдары Тіл және әдебиет институтында аспирант болған. 1955 жылы «Қарағанды қазақ жұмысшыларының өлең-жырлары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Филология ғылымдарының кандидаты. Содан кейін аталған институтта ғылыми қызметкер болып істеген.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

Қ — Қазан қаласы

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дөп — дәптер

а — араб

о — орыс

п — парсы

т — түркі

[...] — құрастырушының жанынан қосылған атау, сөз, буын, әріп

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақжолтай Ағыбай батыр. — Алматы, 2002.
2. *Б. Адамбаев*. Қазақтың шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер. — Алматы, 2008.
3. Ел аузынан. — Алматы, 1989.
4. *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. — Алматы, 1984.
5. «Қазақтың батырлары» газеті. — Алматы, 1999-2007.
6. Қожбанбет руы. — Алматы, 2007.
7. Өлген қазан. — Алматы, 1985.
8. Сәрсен Аманжолов және қазақ фольклоры. — Алматы, 2004.
9. *Ыбыраев Ш., Алысбаева Қ., Өлібек Т.* Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
10. Арабско-русский словарь. Составитель — *Х.К. Баранов*. — Москва, 1968.
11. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
12. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі // Құрастыр.: *Р.Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
13. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
14. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі // Құрастырған — *І.К. Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
15. Персидско-русский словарь // Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — Москва, 1970.
16. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.
17. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БУМАЛАР

1. ӘӨИ. 1010, 7-дәптер
2. ӘӨИ. 990, 3-дәптер
3. ӘӨИ. 190, 2-дәптер
4. ӘӨИ. 910/2
5. ӘӨИ. 910/4
6. ӘӨИ. 910/2
7. ӘӨИ. 910/3
8. ӘӨИ. 464, 5-дәптер
9. ӘӨИ. 242, 12-дәптер
10. ӘӨИ. 137, 6-дәптер
11. ӘӨИ. 920/2
12. ӘӨИ. 1154, 1-дәптер
13. ОҒК. 1338, 3-дәптер
14. ОҒК. 1064, 4-дәптер
15. ОҒК. 828, 2-дәптер
16. ОҒК. 1178
17. ОҒК. 1131
18. ОҒК. 1331
19. ОҒК. 1337, 1-дәптер т.б.

## РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М.О. Ауэзова продолжается научное издание стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Стратегического национального проекта «Культурное наследие». Предыдущие восемьдесят четыре тома серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам, поговоркам и другим малым жанрам, являющимся самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если сказать точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов новеллистических дастанов, семь томов религиозных дастанов, одиннадцать томов романических дастанов, одиннадцать томов исторических поэм, двадцать томов героических эпосов, пять томов пословиц и поговорок, два тома народных песен, четыре тома генеалогических преданий, пять томов сказок, по одному тому загадок, детского фольклора, казахских мифов, «Фольклора казахов Монголии», топонимических преданий, күйских преданий, три тома исторических преданий. В двенадцати томах из этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе — казахов Монголии.

Предлагаемый читателям очередной 87-й том также посвящен одному из древних и многочисленных жанров народного творчества — «Историческим преданиям». Поскольку в предыдущих томах составители подробно изложили причины и обстоятельства, по которым данный жанр народного творчества был предан забвению, и лишь единицы были опубликованы, а в основной своей массе оставались неизученными и были вне поля зрения ученых-фольклористов, то в настоящем томе мы не сочли нужным повторяться. Все же составители хотели бы вкратце ознакомить читателей со структурой и содержанием предыдущих томов серии «Исторические предания».

В первый том, посвященный историческому жанру (85-й том), вошли предания об исторических личностях и батырах, живших в VI-XVI веках, таких как Байдибек би, Домалак ана, Қоркыт ата, Абу-Насыр аль-Фараби, Ибн Сина, Алаша хан, Майкы би, Аяз би, Ходжа Ахмет Ясауи, Хаким ата, Зенги баба, Шопан ата, Узбек хан, Чингис хан, Жошы хан, Аксак Темир, Байшегир баба, Аз-Жанибек, Асанкайгы, Жиренше шешен, Карашаш сулу, Есим хан, Токтамыс хан, Ер Едиге, Ер Таргын, Абат, Шора и др.

Во второй (86-й том) вошли предания, раскрывающие историческую роль в трудный для народа период, когда нависла угроза полного исчезновения нации и решалась судьба казахской государственности — период джунгарских нашествий, знаменитых казахских биев Толе би, Казыбека би, Айтеке би, которые мудрым словом и могучим духом сплотили народ воедино, интересы народа и целостность государства ставили выше всего, вершили справедливый суд и тем самым завоевали всенародную любовь и почтение на века. В издание также вошли предания, посвященные славным подвигам, знаменитым сражениям, историческим победам и личности великого воина, полководца, дипломата и правителя Аблай хана, предания о многочисленных подвигах, славных сражениях и баззаветной любви к своему народу таких народных батыров, как Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Мүйізді Өтеген, Шақшақ Жәнібек, Сүйіндік Олжабай, Малайсары, Балтакерей Тұрсынбай.

И в третьем томе (87-й том) находит продолжение тема борьбы с джунгарскими захватчиками, здесь также собраны предания, посвященные народным батырам, талантливым сардарам, ханам и султанам, в которых народ воспеваает подвиги таких батыров, как Керей Джанибек, Райымбек, Бердикожя, Жанаыдар, Жидебай, Байкозы, и отмечает историческую роль таких биев как Бекболат, Тленши, Досбол, Айту, Санак и др.

Положение казахского общества и исторические события конца XVIII в. и XIX в., борьба ханов и султанов, предводителей родов и батыров с внешними врагами, за сохранение независимости народа, народные восстания и волнения национально-освободительного характера описаны в преданиях, вошедших в очередной, 88-й том.

По своей структуре том состоит из четырех разделов: «Предания об исторических событиях в Букеевской Орде», «Предания о Кенесары-Наурызбае и других батырах-предводителях

восстаний» и «Предания о других исторических личностях XIX в.». В каждом из них произведения сгруппированы по тематике и периодам. А в целом данный том, наряду с вышеназванными историческими событиями, знакомит читателей с преданиями, в которых созданы великолепные образы исторических личностей — деятелей, акынов и батыров, среди которых Нуралы хан, Букей хан, султаны Есим, Баймагамбет, Саржан, Есенкелди, Ахмет, Сыздык, бии-ораторы Мунке, Бокен, Шомбал, Уки, Болтирик, Кунанбай, Сарыбай, батыры Жанкожа, Агыбай, Бугыбай, Бухарбай, Науша, Койсары, Конакбай, Байсеит, Саурык, Иман, акыны Шернияз, Жанак, Суинбай, Ахан сери.

Основную часть текстов, вошедших в том, составляют материалы, собранные в разные годы среди населения и записанные такими известными учеными, как Т.Бекхожин, Б.Адамбаев, М.Тлеужанов, Қ.Саттаров, хранящиеся в редких фондах Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, Центральной научной библиотеки, а также тексты, взятые из рукописного наследия М.Ж.Копеева, Д.Алимбаева, М.Сарымсакова, К.Айнабекова, Г.Кушербайулы, Е.Бержанова, Т.Кунтуганова, С.Гайнединулы, Е.Ныгметова, Б.Курманбаева, Т.Титакулы, Е.Кулпейсова. Также в ходе подготовки тома к изданию были использованы тексты, опубликованные в книгах «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» (1996) Сапаргали Бегалина, «Ақжолтай Ағыбай батыр» (2002), «Ел аузынан» (1992), «Қожбанбет руы» (2007), «Өлген қазан» (1985). Согласно принципам отбора материалов для тома, при обнаружении в редких фондах рукописных вариантов текстов, опубликованных в вышеназванных изданиях, для выявления их подлинности была проведена сравнительно-сопоставительная текстологическая работа, и лишь самый полный и подлинный вариант отбирался для издания.

Согласно принципам составления сборника, тексты снабжены научными приложениями и соответственно пронумерованы. Научные дополнения к тому составляют: сведения о переписчиках, издателях и изданиях текстов, вошедших в него, научные толкования текстов, вошедших в данный том, словарь, географические, именные указатели, сведения о исторических личностях и композиторах-куйши, встречающихся в текстах, список использованной литературы, резюме к тому на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,0 п.л.

## SUMMARY

Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov continues scientific publication of the one hundred volume Collection «Babalar sozy» which is published in the frame of the State program «Cultural Heritage». Previous eighty-four volumes of the series were devoted to the epics, folk songs, tales, riddles, proverbs and other small genres, which are the most numerous and highly artistic genres of national folklore. To be more precise, thirteen volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious dastans, eleven volumes of romantic dastans, eleven volumes of historical poems, twenty volumes of heroic epics, five volumes of proverbs, two volumes of folk songs, four volumes of genealogical legends, five volumes of tales, one volume of riddles, children's folklore, Kazakh myths, «Folklore of Kazakhs of Mongolia», toponymic legends, kyu stories, two volumes of historical legends were published. Twelve volumes of this series include the materials on folk heritage of the Kazakhs of China, and in one volume — the Kazakhs of Mongolia.

Volume 87 is also devoted to one of the oldest and numerous genres of folklore art — «Historical legends». As in previous volumes the compilers have set out the reasons and circumstances due to which the genre of folklore art was forgotten, and only a few have been published, but mostly they were not studied and remained out of the attention of folklorists, and in this volume we have not repeated them. However, the compilers would like to give short information for the readers about the structure and content of the previous volumes of the series «Historical legends».

The first volume which is devoted to the historical genre (85-th volume) includes stories about historical figures and batyrs

who lived in the VI-XVI centuries, such as Baydibek bi, Domalak ana, Korkyt Ata, Abu Nasir al-Farabi, Ibn Sina, Alash Khan, Maiky bi, Ayaz bi, Khoja Ahmed Yasawi, Hakim ata, Zengi baba, Shopan ata, Uzbek Khan, Genghis Khan, Zhoshy Khan, Aksak Temir, Baishegir baba, Az-Zhanibek, Asankaigy, Zhirenshe sheshen, Karashash sulu, Yesim Khan, Toktamys Khan, Er Edige, Er Targyn, Abat, Shora and others.

Second (86-volume) includes legends which reveal the historical role of famous Kazakh biys — Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi who have united the nation by wise word and strong spirit during tragic period when the nation faced the threat of disappearance and the destiny of Kazakh State was in critical point- period of Jungar invasions. These individuals put the interests of the people and the integrity of the State above all, tried by a fair trial, and thus won the national love and respect for ages, also it includes stories devoted to the glorious feats of famous battles, and especially about historic victories of the personality of the great soldier, military leader, diplomat and governor Ablai khan; also it includes numerous stories about heroism, glorious battles and devotion to people of such folk warriors as Karakerey Kabanbay, Kanzhygaly Bogenbai, Muizdi Otegen, Shakshak Zhanibek, Suindik Olzhabay, Malaisary, Baltakerey Tursynbay.

Third volume (87-volume) is continuing the theme of the struggle against Djungar invaders, it also includes legends devoted to folk batyrs, talented sardars, khans and sultans, in which people are glorifying the warriors — Kerei Dzhanibek, Raiymbek, Berdikozha, Zhanaidar, Zhidebay, Baykozy and mark the historical role of such figures as biys — Bekbolat, Tlenshi, Dosbol, Aitu, Sanak, and others.

The position of the Kazakh society and historical events of the late XVIII century and XIX century, struggle of the khans and sultans, leaders of clans and warriors against foreign enemies to preserve the independence of the people, people's uprisings and unrest of national liberation character are described in the legends that are included in the regular 88<sup>th</sup> volume.

In its structure, the volume is divided into four sections: «Legends about the historical events in Bukey Horde», «Legends about Kenessary-Nauryzbay and other uprising batyrs-leaders» and «Legends about other historical figures of XIX century». In each of



these sections the works are grouped according to themes and periods. But in general, this volume together with the above mentioned historical events introduces the legends which tell about great historical figures such as — akyns and warriors — Nuraly Khan, Bukey Khan, Sultans — Yessim, Baimagambet, Sarzhan, Esenkeldi, Ahmed, Syzdyk, biy-speakers — Munke, Boken, Shombal, Uki, Boltirik, Kunanbay, Sarybai, batyrs — Zhankozha, Agybay, Buggybay, Buharbay, Nausha, Koysary, Konakbay, Bayseit, Sauryk, Iman, akins — Sherniyaz, Zhanak, Suinbay, Akhan Seri.

The main part of the texts included in the volume are based on the materials collected at different times from people and recorded by the well-known scientists such as T.Bekhozhin, B.Adambaev, M.Tleuzhanov, K.Sattarov which are stored in the rare collections of the Institute of Literature and Art n.a. M.O.Auezov, Central Scientific Library, as well as texts from manuscripts of M.Zh.Kopeev, D.Alimbaev, M.Sarymsakov, K.Aynabekov, G.Kusherbayuly, E.Berzhanov, T.Kuntuganova, S. Gaynedinuly, E.Nygmetova, B.Kurmanbaev, T.Titakuly, E.Kulpeisov. Also, during the preparation of the volume the texts published in the book «Zhambyl. Omirbayandyk hickayat» (1996) by Sapargali Begalin, « Akzholtay Agybay batyr» (2002), «El auzynan» (1992), «Kozhbanbet ruy» (2007), «Olgen kazan» (1985). According to the principles of compiling the collection, the texts are supplied with scientific annexes and have numbers. Scientific supplements to the volume include the following: information about the copyist, publisher and edition of the texts, scientific interpretation of the texts included in this volume, dictionary, geographic names, information about historical figures and composers-kuyshi mentioned in the texts, a list of used literature, summary in Russian and English languages.

The total size of the volume — 27,0 pp.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан..... 5

### МӘТІНДЕР

#### Сырым батыр туралы аңыздар

1. Байбақты Сырым батырдың әкесінің атын Дат деп қоюдың сыры? .....	11
2. [Сырымға анасының айтқаны] (I нұсқа) .....	11
3. Сырымға анасының айтқаны (II нұсқа) .....	12
4. Сырымның анасының неге жерік болғаны жөнінде (III нұсқа) .....	13
5. [Сырым батыр] .....	14
6. Сырым батыр .....	14
7. Тапқыр бала (I нұсқа) .....	15
8. Бұл — Мезгілбайдың ауылы (II нұсқа) .....	18
9. Сырымның Түркімен ханына барғаны (III нұсқа) .....	20
10. [Сырымның айтқаны] .....	21
11. Сырымның жерге айтқан сыны .....	21
12. Байбақты Датұлы Сырым жайлы (I нұсқа) .....	22
13. [Сырым батыр мен Нұралы хан] (II нұсқа) .....	24
14. [Сырым мен Нұралы хан] (III нұсқа) .....	26
15. Ақмоншақ ат (IV нұсқа) .....	27
16. Бақай қарт пен Сырым .....	30
17. Бұрын туғаннан ақыл сұра .....	31
18. [Нұралы мен Сырым] .....	31
19. Сырым батыр мен Нұралы хан .....	32
20. Сырым батыр мен Нұралы .....	38
21. Нұралы хан мен Сырым батыр .....	44
22. Нұралы ханның Сырымды қонаққа шақыруы (I нұсқа) .....	50
23. [Сырым мен Тұрмамбет би] (II нұсқа) .....	50
24. Нұралы мен Сырымның құдалығы .....	52
25. Ақмола (I нұсқа) .....	52
26. [Сырым мен Саржала би] (II нұсқа) .....	54
27. [Сырым мен Алдар] (III нұсқа) .....	54
28. Сырым батыр мен Байсал би .....	55
29. Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр .....	57
30. Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? (I нұсқа) .....	58
31. [Сырымның Нұралы ханды шабуы] (II нұсқа) .....	59
32. Сырым батырдың Нұралы ханды шапқаны (III нұсқа) .....	60
33. Сырым батырдың Нұралы ханды шабуы (IV нұсқа) .....	60
34. Сырым батырдың ханды шабуы (V нұсқа) .....	62

35. Бөкен қарттың Сырымға берген батасы .....	63
36. Бөкен бидің Сырымнан жеңілуі .....	64
37. [Сырым мен Мөңке би].....	65
38. Жақынды жаралама, алысты қаралама .....	66
39. Тұлпардың дыбысы шығады (I нұсқа) .....	67
40. Ескі әңгіме (II нұсқа) .....	67
41. Сырым батырдың тама руы Есет батырға бата алуға барғанынан (III нұсқа) .....	68
42. [Сырым мен губернатор] (I нұсқа) .....	69
43. Менің губернаторда жұмысым жоқ (II нұсқа).....	70
44. [Сырым мен Перовский].....	71
45. Сырымның Мөңкені жеңуі (I нұсқа) .....	72
46. Сырымның үш қасиеті (II нұсқа) .....	73
47. Сырымның әйелге қамқорлығы (III нұсқа) .....	74
48. [Сырымның әйелге қамқорлығы] (IV нұсқа).....	76
49. Сырым батыр мен Ақсуат би .....	77
50. Хиуа ханы мен Сырымның қағысуы (I нұсқа) .....	78
51. Хиуа ханы мен Сырым (II нұсқа) .....	79
52. [Сырымның Хиуа ханына баруы] (III нұсқа) .....	80
53. Сырымның Хиуа ханына айтқан үш қызметі (IV нұсқа) .....	82
54. Қайғысыз хан семіз (I нұсқа) .....	82
55. Руы адай Атақозының бір әңгімесі (II нұсқа) .....	83
56. Сырым мен ишан .....	84
57. Сырымның аманаты .....	84
58. [Сырымның қыз іздеуі] .....	86
59. [Жаман жолдас жауға алдырар] (I нұсқа) .....	86
60. Сырым батырдың қайтыс болуы (II нұсқа) .....	88
61. [Сырымның қаза болуы] (III нұсқа).....	89
62. [Сырымның қазасы] (IV нұсқа) .....	90
63. [Сырымның қазасын естірту].....	91
64. [Мұхтар мен Қайырлы би].....	92

**Бөкей ордасындағы тарихи оқиғаларға қатысты аңыздар**

65. Жәңгір ханның патшадан жәрмеңке сұрауы.....	93
66. Жәңгір ханның патшаға барып қайтуы.....	94
67. Жәңгір тойында .....	95
68. [Жәңгір ханның тойы].....	97
69. Қызылғұрт Жантөре би мен Шомбал би .....	99
70. Шомбал биді жеңген Жұмат .....	100
71. Жан шақ келмеген ділмар қыздың әңгімесі .....	101
72. Үкі би.....	102
73. Байғана мен Төлеген би.....	104
74. Махамбеттің әкесі Өтеміс би .....	105

75. Махамбет батырдың әкесі Өтемістің хан Жәңгірден жер сұрауы .....	106
76. [Махамбет пен Жәңгір хан] .....	106
77. [Исатай — Махамбет] .....	107
78. Исатай батыр.....	107
79. Исатай сөздерінен... ..	110
80. Тайман мен Бөкей.....	111
81. Исатай батырдың араша түсуі .....	112
82. [Батырдың сауыт-сайманы] .....	114
83. Исатай, Жәңгірдің жер таласы жайлы біраз сөз .....	115
84. Исатай мен Жәңгір ханның қарсы болуы .....	118
85. [Исатай мен Жәңгір хан].....	119
86. Исатайдың Жәңгір ханға қарсылық себебі .....	120
87. [Махамбет пен Баймағамбет] .....	125
88. [Махамбет пен Жәңгір хан] .....	126
89. Исатайдың түсі жайлы .....	127
90. [Исатай мен Шығай ] .....	129
91. Исатайдың тапқырлық сөздері .....	129
92. Исатайдың өлуі мен қайда қалғаны .....	131
93. Шыманның кек алуы .....	133
94. Науша батыр туралы .....	133
95. [Науша мен айдаһар] .....	135
96. Руы байбақты Науша батыр деген кісі өткен .....	136
97. Исатай батыры Науша туралы .....	137
98. Науша батырдың елге оралуы.....	138
99. Науша мен Сыйлыбай.....	139
100. [Науша батыр мен Сыйлыбай] .....	141
101. Науша мен Өубөкір.....	142
102. Жалбыр батыр (I нұсқа) .....	145
103. Жалбыр батыр (II нұсқа) .....	146
104. Жалбыр батыр (III нұсқа) .....	148
105. Үбі батыр туралы .....	149

#### **Кенесары-Наурызбай мен көтерілісші батырлар туралы аңыздар**

106. [Саржан төренің құда түсуге баруы].....	151
107. Наурызбай туралы .....	154
108. Кенесары .....	155
109. [Кенесары] .....	157
110. Кенесары туралы .....	158
111. Кенесары туралы .....	158
112. [Кенесары] .....	159
113. Кенесарының қалмақтан жаралғаны .....	159
114. Кенесары — Наурызбай .....	160

115. Соңғы ханның құпиясы .....	164
116. [Кенесары мен Омар].....	167
117. Кенесарының дулатқа келуі .....	167
118. Хан Кене дулат елінде .....	169
119. Дулаттың Кенені тастап кетуі .....	171
120. Кенесары мен Отыншы .....	171
121. Кенесарының рақымсыздығы мен кеңшілдігі .....	177
122. Кенесарыны өлімнен айырып қалған екен .....	177
123. [Кене әскерінің Ақмолаға ойысуы] .....	178
124. Кенесарының қырғызға ақырғы аттанғаны.....	181
125. [Кенесарының қырғыздармен соғысуы].....	184
126. [Кенесарының қырғызға елші жіберуі].....	186
127. Кенесарының жеңілу себебі .....	187
128. Кенесары әм Наурызбай Қасым ұлдары.....	188
129. Кенесары, Наурызбай туралы .....	194
130. [Кенесары мен Наурызбайдың қырғыз қолына түсуі] .....	195
131. Кенесары — Наурызбай хақындағы аңыздар.....	197
132. Кенесары — Наурызбай соғысы туралы.....	201
133. [Наурызбайдың Ағыбайға риза болуы] .....	203
134. Наурызбай батыр .....	209
135. Наурызбай туралы .....	211
136. [Наурызбайдың қарындасы] .....	212
137. [Наурызбайдың жолбарысты өлтіруі].....	212
138. [Құрманқұлдың Наурызбайдың ерлігіне риза болуы] .....	212
139. [Наурызбай] .....	213
140. [Наурызбай мен Бұқарбай] .....	214
141. [Наурызбайдың келбеті].....	214
142. [Науан мен Қойшыбай] .....	214
143. Қалқаман Әжібай батырдың айтқан сөзінен .....	215
144. Дос болсаң, тама Танашпен дос бол! .....	216
145. [Тыналы болыс] .....	217
146. Қойлыбай қырғыны.....	217
147. Батырлыққа сын .....	220
148. [Бөлтірік шешеннің батыр атануы].....	221
149. Үйсін Бөлтірік батыр .....	221
150. [Ағыбай батыр] .....	224
151. Ағыбай батыр .....	225
152. Ағыбай Олжабайұлы туралы.....	225
153. Сарттардың Қасымның балаларын өлтіруі.....	226
154. Кенженің Ағыбай асына баруы .....	227
155. Дуанбасы Ыбырай мен Ағыбай батыр.....	227
156. Ағыбай мен Құнанбай (I нұсқа) .....	228
157. Ағыбай мен Құнанбай (II нұсқа) .....	229

158. Ағыбай мен Наурызбай .....	230
159. Ағыбай батырдың бір жорығы.....	234
160. Көтібар батырдың асы.....	237
161. Балта ақынның Ағыбайды жұбатқаны .....	238
162. Ағыбай батырдың айтқаны.....	239
163. Ағыбай батырдың айтқаны .....	239
164. Әлиханнның үш сұрағы, Ағыбайдың үш жауабы.....	240
165. [Ағыбай мен сарышымшық торғай] .....	242
166. Шұбыртпалы Ағыбай мен қарт Қожақ баласы Әлібек батыр .....	243
167. Қасым Абылайұлы .....	244
168. Аусар салғырт Шыңбай Мыңбайұлы .....	246
169. Бала бақсы .....	247
170. Күзеулі кер .....	249
171. Көтен балуан .....	249
172. Сыздық төре туралы .....	251
173. Сұлтан Сыдық төренің тарихы. ....	252
174. Ысты Бұғыбай .....	255
175. Байсейіт.....	256
176. Биназар батыр .....	259
177. Жоламан батыр.....	260
178. Есенгелді .....	260
179. Панаш батыр .....	261
180. Саурық баба аңызы.....	262
181. Ботантай батыр.....	264

### **XIX ғасырдағы өзге де тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар**

182. Нар тұлғалы Нарынбай .....	268
183. Қызыл жолбарысты Сарыбай би .....	269
184. [Сарыбай мен Сыздық төре] .....	270
185. [Сарыбай мен Жамбыл].....	272
186. [Сарыбай мен Шәбден] .....	272
187. Жанқожаның жауабы.....	273
188. Жанқожаның кемеңгерлігі.....	274
189. Раманқұл мен Жанқожа батыр.....	276
190. Жанқожаның Созақ қамалын алуы .....	277
191. Бекбауыл бидің айтқаны .....	280
192. Жанқожаның тапқырлығы.....	282
193. Ақтан батыр .....	284
194. Медетбек батыр.....	285
195. Қойсары батыр .....	288
196. [Қойсары батыр мен Алмат батыр].....	290
197. [Қойсары батырдың жолбарыс соғуы] .....	291

198. [Қойсары батырдың атын жоғалтуы].....	291
199. [Қойсары батырдың байға өкіл бала болуы].....	293
200. Мәнжі батыр .....	294
201. [Мәнжінің мыңбасы атағын алуы] .....	295
202. Мұсаның он сегіз жыл катрге бұйырылған жазасынан құтылуы .....	296
203. [Иман мен Қошқар батыр] .....	297
204. Қоқан хандығы кезі туралы .....	298
205. Қонақбай батыр .....	299
206. [Қонақбайдың батыр атануы].....	299
207. [Қонақбайдың аңшылықты тастауы] .....	300
208. [Қонақбайдың елге қамқорлығы] .....	302
209. Жартыбай батыр .....	304
210. Көтбай мерген.....	308
211. Есім төре кім?.....	312
212. Шоқан өмірінен .....	314
213. Шоқанның қазасын естірту .....	316
214. Жанақ пен Рүстем .....	316
215. Ыбырай мен байлар .....	321
216. [Шернияз ақын].....	322
217. [Шернияз ақын].....	322
218. Сүйімбай туралы ел аузында мынадай аңыз бар.....	323
219. Естай.....	323
220. [Ақан серінің Науан қазіретке айтқаны].....	324
221. [Ақанның әйелге берген бағасы].....	324
222. [Ақан сері мен Ақтоқты] .....	325
223. Ақан серінің сөзі .....	325

## ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	329
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер .....	373
Сөздік .....	392
Ру атаулары .....	396
Жер-су атаулары .....	405
Томға енген фольклорлық үлгілерді айтушы һәм жинаушылар туралы мәліметтер .....	412
Пайдаланылған әдебиеттер .....	418
Пайдаланылған бумалар .....	419
Резюме .....	420
Summary.....	423

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

88 том

ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ

(XIX век)

*(на казахском языке)*

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова

Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*

Компьютерге тергендер: *Г. Көбеева*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы

ИБ № 2661

Теруге 01.07.12 жіберілді. Басуға 18.08.12 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 27,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №156.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-604-0



9 786012 926040